

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ
БАСҚАРМАСЫ**

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ

**«БІЛІМДІ ҰЛТ— ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕШІ»
ТАМЫЗ КЕҢЕСІНІҢ СЕКЦИЯЛЫҚ ОТЫРЫСТАРЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ**

Түркістан, 2021ж

ӘОЖ 060.68:370
КБЖ 74.2 (5 Қаз)
Б 94

Материалдар Түркістан облысының әдістемелік орталығының сараптау кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылған, №3 хаттама 21.08.2020ж.

«БІЛІМДІ ҰЛТ— ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ»

Тамыз кеңесінің секциялық отырыстарының материалдары, 2021ж – 735 бет

«Білімді ұлт— тұрақты даму кепілі» жинағында Тамыз конференциясы аясында секциялық отырыстардың: қашықтықтан оқыту жағдайында проблемалар, оларды шешу жолдары мен оқыту барысындағы жаңа тәсілдер туралы, сондай-ақ білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында өзекті мәселелерді шешу, тәжірибе алмасу, білім беру ұйымдарының жұмыс тәжірибесін тарату, инновациялық әзірлемелер мен технологияларды қолдау бойынша материалдар ұсынылды.

ӘОЖ 060.68:370
КБЖ 74.2 (5 Қаз)
Б 94

Түркістан облысының әдістемелік орталығы, 2021
«Шың» Баспаханасы, 2021

Мазмұны

1.«ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУ».....	9
2.ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ САРАЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	13
3.МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ.....	16
4.ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДАҒЫ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР МЕН ӘДІСТЕР.....	19
5.МАСТЕР-КЛАСС ПО ЛОЗОПЛЕТЕНИЮ ДЛЯ ВОСПИТАТЕЛЕЙ ДОУ.....	22
6.КЮИЗЕНЕР ТАЯҚШАЛАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ.....	26
7.ИНТЕЛЛЕКТ-КАРТА КАК СПОСОБ АКТИВАЦИИ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА.....	29
8.МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУ.....	32
9.МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ТАБЫСТЫ ЖОСПАРЛАУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ.....	36
10.ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ.....	39
11.МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	43
12.ЖАҒАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ОЙЫНДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ.....	50
13.ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ.....	54
14.«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «ОҚУШЫЛАР БОЙЫНДА АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ».....	60
15.КІТАПТЫ ОҚУДЫ МЕҢГЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	63
16.«КІТАП ОҚУ - КЕЛЕШЕГІ НҰРЛЫ ҰЛТТЫҢ АЙҚЫН КЕПІЛІ».....	67
17.«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ».....	70
18.«ТӨРТ ТАҒАНДЫ ТАҒЫЛЫМ СТРАТЕГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ЖЕТЕКШІ МЕКТЕП ЖҰМЫСЫН ЖОСПАРЛАУ».....	73
19.САРЫАҒАШ АУДАНЫ АДАМИ ӘЛЕУЕТТІ ДАМУ БӨЛІМІ.....	77
20.АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ АЛШАҚТЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ.....	80
21.ҚАШЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ӨРКЕНДЕТУДІҢ БАСТЫ МАҚСАТТАРЫНЫҢ БІРІ - ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚЫП,БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА ЖАҒДАЙ ТУҒЫЗУ ЖӘНЕ БІЛІМ САПАСЫНЫҢ ҚҰЛДЫРАУЫНА ЖОЛ БЕРМЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ.....	84
22.«СЫНДАРЛЫ ОҚЫТУДА ЖАС МАМАНДАРҒА САНДЫҚ ПЛАТФОРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫН ҮЙРЕТУ».....	90
23.ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ: ҚИЫНДЫҚТАР МЕН ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР.....	93
24.МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС: ЖАҢА ТАЛАП, ЖАҢА МАЗМҰН, ЖАҢА КӨЗҚАРАС.....	95
25.ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЕМАЛАР, ҰСЫНЫСТАР.....	100
26.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ ЖӘНЕ ОНЫ ІСКЕ АСЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	106
27.МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ МЕКТЕПТІ БАСҚАРУ ПРИНЦИПТЕРІ.....	110
28.МЕКТЕПТЕРДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ПӘНДЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҰЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ДАМУ.....	114
29.«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚӨЛӨНЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМУ.....	117
30.«КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ - САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ».....	121
31.«ЭСТЕТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕГІ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ».....	125
32.РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚӨЛӨНЕРГЕ БАУЛУ.....	128
33.2021-2022 ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫРУ.....	132
34.ОРГАНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ ПО УЧЕБНОМУ ПРЕДМЕТУ «БИОЛОГИЯ».....	140
35.БИОЛОГИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУ КЕЗІНДЕ ОРЫН АЛҒАН ОҚЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ.....	145
36.БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ	

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ.....	147
37.ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ ӘДІСІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ.....	152
38.2021-2022 ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫРУ.....	157
39.РУТНОН ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІНДЕ ЦИКЛ ЖӘНЕ МАССИВ ШЕБЕР СЫНЫП.....	161
40.ҚАЗІРГІ ТАҢДАҒЫ ҚИЫН БАҒДАРЛАМАЛАРДЫ ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕДЕ ИНФОРМАТИКА САБАҒЫН ТЕРЕҢІРЕК ҮЙРЕТУ ҮШІН ҮЙІРМЕ, ҚОСЫМША САФАТТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	166
41.МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ТАРИХ ПӘНІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ КЕДЕРГІЛЕРДІ ЖОЮ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ.....	168
42.ҚҰҚЫҚ ПӘНІ ОҚЫТЫЛУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ.....	174
43.ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІРІ.....	179
44.ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ.....	184
45.ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	189
46.ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	195
47.ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМЫТУ ЖОЛДАРЫ.....	198
48.ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ.....	202
49.ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР.....	205
50.ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР.....	212
51.«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ».....	216
52.ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМЫТУ.....	224
53.ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ.....	231
54.ХИМИЯ ПӘНІНЕН КҮРДЕЛІЛІГІ ЖОҒАРЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМЫТУ.....	233
55.РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХИМИИ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ.....	235
56.ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ МАТЕМАТИКАСЫН ОҚЫТУ – ҰЛТЖАНДЫ ЖЕКЕ ТҮЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ КЕПІЛІ.....	242
57.ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ.....	248
58.ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ.....	253
59.МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ.....	258
60.МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ.....	263
61.ФИЗИКА САБАҒЫНДА КҮРДЕЛІЛІГІ ЖОҒАРЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ОҚУШЫЛАРҒА МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ.....	268
62.МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ.....	271
63. «БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ЖЕТІЛДІРУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР».....	276
64.АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ.....	280
65.ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ.....	283
66.ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ АЯСЫНДА ҚИЫН ОҚУШЫЛАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ ТҮРЛЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	288
67. «ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ИНКЛЮЗИВТІ ҚОЛДАНУ КАБИНЕТІ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУДІ ҚАЖЕТ ЕТЕТІН БАЛАЛАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТЕНУІ».....	292
68.ЗЕРДЕ БҰЗЫЛЫСТАРЫ БАР БАЛАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ТҮЗЕТУ-ДАМЫТУ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ.....	298
69.«АРНАУЛЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕ ДЕФЕКТОЛОГ МАМАНДАРЫН ӘДІСТЕМЕЛІК СҮЙЕМЕЛДЕУ».....	302
70.ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ АРНАЙЫ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ.....	306

71.ЗЕЙІН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ МЕН ГИПЕРБЕЛСЕНДІЛІК СИНДРОМЫ БАР ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ІС-ҚИМЫЛ ЖАТТЫҒУЛАРЫ.....	310
72.ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЭМОЦИЈАЛЫҚ ЗИЯТЫН ДАМУЫДА: ДИАГНОСТИКА, АЛДЫН АЛУ, АҒАРТУ, ТҮЗЕТУ-ДАМУЫ, КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ.....	314
73.«ФОТО ТЕРАПИЈАСЫ АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЈАЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ».....	318
74.МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ.....	322
75.БОЛАШАҚ КӘСІБИ МУЗЫКА МАМАНДАРЫН ДАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	327
76.ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ.....	332
77.ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҮЙІРМЕШІЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ.....	337
78.«ҮЙІРМЕ САБАҒЫНДА ОҚУШЫНЫ МӘНЕРЛЕП ОҚУ ШЕБЕРЛІГІНЕ БАУЛУ».....	341
79.«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» БАҒДАРЛАМАСЫ – ҮЗДІКСІЗ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ.....	350
80.«ӨЗІН –ӨЗІ ТАҢУ ПӘНІ»-БАЛАНЫҢ РУХАНИ ӘЛЕМІН БАЙЫТУ КӨЗІ.....	355
81.ӨЗІН ӨЗІ ТАҢУ-БҰЛ МЕКТЕБІМІЗДІҢ ҚУАНЫШЫ.....	359
82.ЖАЛПЫ АДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРІП ТӘРБИЕЛЕУ ЗАМАН ТАЛАБЫ.....	362
83.МҰҒАЛІМ СЫЙЫ – ӨҢГІМЕЛЕУ.....	366
84.БІЛІМДІ ҰЛТ - ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ.....	371
85.«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» САБАҒЫН ӨТКІЗУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ЖАҒЫМДЫ КӨҢІЛ-КҮЙДІ ӨТКІЗУ БОЙЫНША ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР.....	374
86.БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУДАН ТЫС ІС-ӘРЕКЕТІН ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ ИНТЕГРАЦИЯЛАУ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	377
87.ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫҢ РӨЛІ.....	381
88.«ӨЗІН-ӨЗІ ТАҢУ» САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР ҚАШЫҚТАН ОҚИТУ РЕЖИМІНДЕ ОҚУШЫЛАРМЕН ТӘРБИЕЛІК-ПАТРИОТТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖҮРГІЗУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ.....	389
89.ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ДАМУЫДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН- ӨЗІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ.....	392
90.ПАНДЕМИЈА КЕЗІНДЕ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ СЫНЫП ЖЕТЕКШІНІҢ РӨЛІ.....	397
91.ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚИТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ.....	402
92.«БҮГІНГІНІҢ КІШІСІ-ЕРТЕНГІНІҢ КІСІСІ» ОТБАСЫНДАҒЫ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕДЕН БАСТАЛАДЫ.....	407
93.ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІН СЫНЫПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САНАСЫНА ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	412
94.БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ АТА-АНА ЖАУАПКЕРШІЛІГІНІҢ ҮЛЕСІН АРТТЫРУДАҒЫ БІРЛЕСКЕН ЖҰМЫСТАРДЫ ДАМУЫДЫҢ ӘДІС ТӘСІЛДЕРІ.....	415
95.ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	421
96.ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ҰЙЫМДАСТЫРУДАҒЫ МҰҒАЛІМ МЕН АТА- АНАНЫҢ БАЙЛАНЫСЫН ЖЕТІЛДІРУ.....	427
97.ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ДАМУЫДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ.....	430
98.ҚҰҚЫҚ БҮЗУШЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ МАҚСАТЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ «ТӘРБИЕГЕ ҚИЫНДЫҚ КЕЛТІРЕТІН ОҚУШЫЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ЖҰМЫСТАРДЫҢ БАҒЫТЫ.....	433
99.ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҮЙЕСІНДЕ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ.....	436
100.МЕКТЕП ПЕН АТА-АНА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ ҚАТЫНАС ОҚИТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ АТА-АНАНЫҢ РӨЛІ.....	440
101.МЕКТЕПТЕГІ ҚЫЗДАР ТӘРБИЕСІНІҢ ҚАЗІРГІ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕСІН АНЫҚТАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ САЛДАРЫМЕН КҮРЕСУ.....	442
102.ӨМІРДІҢ ҚИЫН ЖАҒДАЙЫНА ТАП БОЛҒАН ОТБАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРЫМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУ ЖӘНЕ ОТБАСЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ.....	449
103.БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЈАЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ.....	457
104.«ЖАС-МАМАН» ЖОБАСЫ- КӘСІБИ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ КЕПІЛІ.....	461
105.WORLD SKILLS ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША ДЕМОНСТРАЦИЈАЛЫҚ ЕМТИХАН - ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛКІТІЛГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ.....	464

106.ТЖКБ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ КАДР ҚҰРАМЫНЫҢ САПАСЫ.....	468
107.ТЖКБ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР: ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ, АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІК.....	472
108.«КӘСІБИ СТАНДАРТТАР НЕГІЗІНДЕ ҮОЖ-ДЫ ӨЗЕКТЕНДІРУ».....	475
109«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ – БІЛІКТІ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ МАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ КЕПІЛІ.....	481
110.ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ.....	485
111.БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ.....	490
112.WORLD SKILLS КРИТЕРИЙЛЕРІН АРНАЙЫ ПӘНДЕРДЕ CLIL ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ.....	494
113.ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕ «GOOGLE ФОРМАЛАРЫ МЕН ВЕБ-СЕРВИСТЕРДІҢ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ».....	498
114.ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАН – ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІН ЖАҢА ФОРМАТТА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ.....	502
115.МОНО- И ПОЛИФУНКЦИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА.....	507
116.БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ.....	510
117.БЕЙНЕ САБАҚТАРДЫ MOVAVI БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ДАЙЫНДАУ.....	514
118.ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ ТӨРТШПТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ.....	518
119.ТЖКБ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ.....	523
120.«ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА АРНАЙЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР».....	527
121.IMPROVING THE EFFECTIVENESS OF DISTANCE LEARNING AND TEACHING.....	530
122.HOW TO ENHANCE LEARNER’S MEMORY AND FOCUS?.....	532
123.FLUENT READING FOR YOUR STUDENTS.....	535
124.SOME EFFECTIVE WAYS TO ORALLY SPEAK ENGLISH LANGUAGE.....	540
125.WAYS OF DIFFERENTIATION AS ONE OF THE EFFECTIVE MEANS OF LEARNERS’ INVOLVEMENT.....	547
126.ДЕМОНСТРАЦИЯ РАБОТ ОПЫТНЫХ ПЕДАГОГОВ И ВНЕДРЕНИЕ ИХ РАБОТЫ В СРЕДЕ ШКОЛЬНЫХ УЧИТЕЛЕЙ.....	553
127.ПРОЕКТНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ КАК МЕТОД РАЗВИТИЯ ТВОРЧЕСКИХ И ПОЗНАВАТЕЛЬНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ.....	557
128.THE USE OF AUTHENTIC CARTOONS IN TEACHING ENGLISH LANGUAGE TO YOUNG LEARNERS.....	562
129.ONLINE ENGLISH FOR PRESCHOOLERS.....	569
130.APPLICATION OF MODERN INNOVATION TECHNOLOGIES AT THE ENGLISH LESSONS.....	573
131.ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА ТІЛДІК ДАҒДЫЛАРДЫҢ ҚАМТЫЛУЫ МЕН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ҚОЛДАНУ ЖОЛДАРЫ.....	578
132.БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ.....	588
133.БІЛІМДІ ҰЛТ – ТҰРАҚТЫ ДАМУ КЕПІЛІ.....	593
134.ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР ЖИЫНТЫҒЫ.....	598
135.БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢА ПАРАДИГМАСЫНДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ.....	604
136.ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ: ПЕДАГОГ КӨЗІМЕН.....	607
137.ТАЪЛИМ СИФАТИНИ ОШИРИШДА ЎЗБЕК ТИЛИ ВА АДАБИЁТИ ФАНИ ҰҚИТУВЧИЛАРИНИНГ ФАН ВА ТИЛ КОМПЕТЕНЦИЯСИНИ РИВОЖЛАНТИРИШ.....	611
138.ОМУЗИШИ ФОСИЛАВИИ ФАННИ ЗАБОН ВА АДАБИЁТИ ТОЧИК: ҚАДАМҲОИ АВВАЛ ВА РОҲҲОИ ИСЛОҲНАМОИИ МОНЕАҲО.....	615
139.МАСОФАВИЙ ТАЪЛИМ ДАВРИДА ҚҰЛЛАНИЛҒАН ВИДЕОДАРС ТОПШИРИҚЛАРИДА ТИЛ КҰНИКМАЛАРИНИ РИВОЖЛАНТИРИШ ЙҰЛЛАРИ.....	618
140.ЎҚУВЧИЛАР НУТҚИНИ ЎСТИРИШДА НАЗМИЙ МАТНЛАР БИЛАН ИШЛАШ САМАРАДОРЛИГИ.....	622
141.ЎЗБЕК ТИЛИ ВА АДАБИЁТИ ФАНИНИ ҰҚИТИШДА НУТҚ КҰНИКМАЛАРИНИ ОРТТИРИШДА ИНТЕРФАОЛ УСУЛЛАРДАН САМАРАЛИ ФОЙДАЛАНИШ.....	627
142.МАСОФАВИЙ ҰҚИТИШ ЖАРАЁНИДА ЎЗБЕК ТИЛИ ВА АДАБИЁТИ ФАНИДА ҰҚУВЧИЛАРДА УЧРАҒАН ДАСТЛАБКИ ТҰСИҚЛАР ВА УЛАРНИ БАРТАРАФ ЭТИШ ЙҰЛЛАРИ.....	630

143. ҰҚУВЧИЛАРНИНГ ҰҚИШ ВА ГАПИРИШ КҰНИКМАЛАРИНИ ШАКЛЛАНТИРИШ ОРҚАЛИ УЛАРНИНГ ҲАР ТАРАФЛАМА РИВОЖЛАНИШИГА ИМКОН ЯРАТИШ.....	633
144. ПАНДЕМИЯ ШАРОИТИДА ҰҚИТУВЧИ ВА ҰҚУВЧИЛАРНИНГ ҰЗАРО АЛОҚА КҰНИКМАЛАРИНИ РИВОЖЛАНТИРИШ.....	637
145. МАТН УСТИДА ИШЛАШНИНГ ҰЗИГА ХОСЛИКЛАРИ.....	641
146. «СОВРЕМЕННЫЕ ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ».....	646
147. «ОРГАНИЗАЦИЯ ПОДГОТОВКИ К ИТОГОВОЙ АТТЕСТАЦИИ УЧАЩИХСЯ В 9 КЛАССЕ».....	650
148. КАК РАЗВИВАТЬ НАВЫКИ УЧАЩИХСЯ ПРИ ОРГАНИЗАЦИИ ОБУЧЕНИЯ ПО РУССКОМУ ЯЗЫКУ?.....	652
149. «ПРОБУДИТЬ ИНТЕРЕС К ИЗУЧЕНИЮ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ, ИСПОЛЬЗУЯ ГРАФИЧЕСКУЮ ТЕХНИКУ ВИЗУАЛИЗАЦИИ ИНФОРМАЦИИ».....	664
150. ОРГАНИЗАЦИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ РАБОТЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ В ЦЕЛЯХ ПОВЫШЕНИЯ НАВЫКОВ ПИСЬМЕННОЙ КОММУНИКАЦИИ В КОНТЕКСТЕ КОМПЕТЕНТНОСТНОГО ПОДХОДА.....	668
151. 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	671
152. «ҮЙІРМЕ ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ ӨТКІЗІЛУ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ».....	678
153. ДЕНЕШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ТИІМДІ ЖӘНЕ ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРҒАН ТҮСТАРЫ.....	683
154. «РАЗВИТИЕ ГАНДБОЛА В НАШЕЙ ШКОЛЕ».....	688
155. ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ САБАҒЫНДА ДӘСТҮРЛІ ОҚЫТУ БАРЫСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕҢСАУЛЫҒЫН ҚАЛЫПҚА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ.....	692
156. «АЭТД САБАҚТАРЫНДА АКТ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ҚАШЫҚТЫҚТЫН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА САБАҚТАРҒА БЕЙНЕРОЛИКТЕР ДАЙЫНДАУ».....	697
157. ТИПТІК ОҚУЖОСПАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАУ.....	700
158. «2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ БОЙЫНША КЕЗДЕСКЕН КЕМШІЛІКТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ».....	712
159. МЕКТЕП БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАР ҮЙІРМЕСІ: «АСЫҚ АТУ», «БЕС АСЫҚ» ОЙЫНДАРЫ.....	715
160. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ТАНЫМДЫҚ ПРОЦЕСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ.....	717
161. БАСТАУЫШ СЫНЫП ПӘНДЕРІ БОЙЫНША БАҒАЛАУ ТАПСЫРМАЛАРЫН ӨЗІРЛЕУ ЖОЛДАРЫ.....	720
162.3 СЫНЫП БІЛІМ АЛУШЫЛАРЫНА «МАТЕМАТИКА» ПӘНІНЕН 1-ТОҚСАНҒА АРНАЛҒАН ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУДЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ.....	724
163. ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚЫЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМЫТУ.....	727
164. БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАР АРҚЫЛЫ ДАМЫТУ.....	729
165. ОҚУШЫЛАРДЫҢ МӘТІНДІ ТҮСІНІП ОҚУ ДАҒДЫСЫН АРТТЫРУДАҒЫ БЕЛСЕНДІ ОҚЫТУ ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ.....	733

«ОЙЫН АРҚЫЛЫ БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМУЫ»

Арыс қаласы
«№11 Б.Момышұлы
атындағы
жалпы орта білім мектебі» КММ
Мектепалды даярлық тобының
тәрбиешісі
Игенова Дариха Кулубековна

«Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады».

А.С.Макаренко

Ойын – ойды өсіреді.

Ойын балалардың негізгі іс — әрекеті ретінде психологиялық , анатомиялық — физиологиялық, педагогикалық маңызы зор қызмет атқарады. Ойын баланың даму құралы, таным көзі, тәрбиелік дамытушылық мәнге ие бола отырып, адамның жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Ойынның тәрбиелік маңызын жоғары бағалай келіп, А.С.Макаренко былай деп жазды: «Бала өмірінде ойынның маңызы зор, ересек адам үшін еңбектің, жұмыстың, қызметтің қандай маңызы болса, нақ сондай маңызы бар. Бала ойында қандай болса, өскен соң жұмыста да көп жағынан сондай болады».

Сондықтан келешек қайраткерді тәрбиелеу ең алдымен ойыннан басталады. Ойын – баланың қажетті әрекетінің бірі ойынды кіші жастағы балалардың табиғаты керек етеді. Балалардың еңбегі, оқуы ойыннан басталды. Ойын арқылы оқушы білім алуға, оқуға қызықтыра отырып, тұлғалы дамуын қалыптастыруға болады.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен және түрлі ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.

Сөздік дидактикалық ойындар.

Дидактикалық ойындар үш топқа бөлінеді:

Заттық дидактикалық ойындар – дидактикалық ойыншықтармен ойын материалдарымен ұйымдастырылады.

Үстел үстінде ойналатын дидактикалық ойындар – «Лото», «Домино» және тағы басқа.

Сөздік дидактикалық ойындар.

Жалпы ойынды ұйымдастыру ойынды өткізуге әзірлік, ойынды өткізу, ойынды талдау сияқты үш бағытты қамтиды. Ойынға қажетті құрал, заттарды даярлау ойынды өткізуге әзірлік болып табылады.



Дидактикалық ойын сәбилер тобынан басталады. Мұнда жоғары топтарға қарағанда жеңіл түрлері беріледі, балалар ойланады. Мысалы, бала ойнап отырған машинаның дөңгелегі нешеу, түсі қандай, кубиктерді түсіне қарай топтастыр, қане «сен көк кубиктерді әкелші», «үстелге апарып қойшы» т.б. бұл жерде балалар кеңістікті бағдарлауды үйренеді.

Жалпы және жеке ұғым туралы түсініктерін тереңдету үшін «Жалпы қалай аталады?», «Жалпы атауын бер», «Жеке – жеке атын ата» сияқты дидактикалық ойындар ұйымдастырылады. Мысалы: кесе, қасық, тарелка, шанышқы – «ыдыс- аяқтар», алма, алмұрт, шие- жемістер, қияр, картоп, сәбіз, қызылша- көкөністер т.б.

Мектепке дейінгі балалардың жан-жақты дамуы үшін ойынның ролі ерекше. Ойын - жалпы адамзат мәдениетінің бірегей феномені, оның қайнар көзі мен шыңы. Мәдениет феномені ретінде ойын оқытады, дамытады, тәрбиелейді, әлеуметтендіреді, көңілін көтереді, дем алдырады, сонымен қатар, ол сықақтап, күлдіріп, кез-келген әлеуметтік мәртебенің шартты екендігін көрсетеді.

Мектепке дейінгі мекемелерде адамгершілік тәрбиесі тәрбиелеу және білім беру үрдісінде әр түрлі іс-әрекеттер арқылы жүзеге асырады.

Ұлы педагог В.Сухомлинский «Ойынсыз, музыкасыз, ертегісіз, шығармашылықсыз, қиялсыз толық мәніндегі ақыл-ой тәрбиесі болмайды»

дейді, демек, шәкірттің ақыл-ойы, парасаты ұлттық салт-сананы сіңіру арқылы байи түспек.

Олармен ойынның әр түрін ұйымдастыра отырып, бір-біріне деген қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, достық, жолдастық сезімдерді тәрбиелеуге болады. Ал балаларды қоршаған ортамен таныстыру, тіл дамыту, табиғатпен таныстыру, бейнелеу өнері сабақтарында өлі-тірі табиғатқа деген сүйіспеншілік, үлкендердің еңбегіне қызығу мен сыйластық сияқты адамгершілік сапалары қалыптастырады.

Ойын бала үшін — нағыз өмір. Егер тәрбиеші ойынды ақылмен ұйымдастырса, ол балаларға ықпал жасауға мүмкіндік алады. А.П.Усова былай деп атап көрсетті: «Балалардың өмірі мен іс-әрекетін дұрыс ұйымдастыру — оларды тәрбиелеу деген сөз. Тәрбиенің тиімді процесі ойын және ойынның өзара қарым-қатынастары формаларында жүзеге асырылатын себебі сол, бала мұнда өмір сүруді үйренбейді, өз өмірімен тіршілік етеді». Ойын мектепке дейінгі жастағы балалардың негізгі іс - әрекетінің бір түрі. Ойын барысында баланың жеке басының қасиеттері қалыптасады. Ойын барысында балалар дүниені тани бастайды, өзінің күш-жігерін жұмсап, сезініп білдіруге мүмкіндік алады, адамдармен араласуға үйренеді. Бүгінгі күн талабы – баланың ақыл - ойын парасаттылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру, өзіндік іскерлік қасиеттерін қалыптастыру, заман талабына сай ойы жүйрік етіп тәрбиелеу. Сондықтан да баланың танымын алғашқы күннен бастап дамытудың, бойында оқыту мен тәрбиелеудің негізін қалыптастырудың құралы – ойын әрекеті, яғни, ойын – баланың жетекші әрекеті. Бірақ, ойын тек қана балаларды қызықтырып, уақыт өткізудің құралы болмай, балаға берілетін білім мен тәрбиенің құнды негізі болуы керек. Яғни, оқыту-тәрбиелеу жұмысын бағдарлама талаптарына сәйкес ойын түрінде ұйымдастыра отырып, баланың логикалық ойлау қабілетін арттыруға жағдай жасау мектепке дейінгі мекеме педагогтарының негізгі міндеті

Ойын барысында балалар педагогпен бірлесіп ереже бойынша қызықты тапсырмалар орындап, жағымды қарым – қатынас жасауы балалардың эмоционалды көңіл – күйлерін көтереді, сондықтан да дидактикалық ойынға қажетті құрал – жабдықтар, атрибуттар айшықты, мазмұнды безендірілуі де өте маңызды. Балалардың интеллектуалдық дамуына әсер ететін жаңа ойын технологиялары да біздің балаларға танымал. Мысалы: Логикалық тізбек ойындары. Логикалық ойлау арқылы бала саралау, салыстыру, жинақтау сияқты өз бетімен іс – қимылдар жасауды үйренеді. Баланың логикалық ойлауы өздігінен қалыптаспайды, оның дамуына мақсатты түрде білім беру мамандарының, ата - аналардың, балалардың бірлескен жүйелі жұмысы қажет. Балалар ойыны заттық – қол қимылының (пирамида жинау, текшелерден үй құрау) даму жолынан бастап интеллектуалды даму ойынына дейін жетеді. Логикалық ойлауды дамытудың негізгі рөлі математикалық ойындарға жатады. Бұл ойындар арқылы баланың интеллектуалды дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім-

тәрбиелік іс-әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, шығармашылық қасиеттерінің дамуын қамтиды. Мысалы, «Суреттерді есте сақта», «Керекті фигураны тап», «Қызықты геометрия», «Лабиринт ойындары» және т.б.. «Ойы саяздың, тілі саяз» деген ұлғатты сөз бекер айтылмаған. Ойлау негізі баланың сөйлеу тілін де қалыптастырады.

Қорытып айтқанда, балаларды интеллектуалды дамыту тәрбиесі білімді тереңдетуге, бекітуге, оның тәжірибелік мәнін түсінуге септігін тигізеді. Баланың өмірге қадам басқандағы алғашқы қимыл әрекеті – ойын, сондықтанда оның мәні ерекше. Жас баланың өмірді тану, еңбекке танысы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын түрінде қалыптасады. Мектеп жасына дейінгі балалардың қоғамдық құбылыстарды, қоғамдағы ересек адамдардың іс - әрекетін өз түсінігінше әрекеті арқылы бейнелеуі ойын болып саналады. Ойынның шығу тарихына шолу жасауда көңіл аударатынымыз ол еңбекпен, өнермен, қоршаған ортамен тығыз байланыста дамыған, яғни ойынды өмірден ажыратып қарай алмаймыз балалар тек ойнап қана қоймайды, сонымен бірге ойлайды, аңғарады көп нәрсені білуге, зерттеуге талпынады. Олар бірдеңе жасап қана қоймайды, сондай - ақ заман ағымына да белсене қатысады. Балабақшаларда оқыту – тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын молайту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, одан әрі күнделікті іс - әрекет кезіндегі тілдік қарым - қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.

Қорыта айтқанда, баланың сөздік қорын дамытумен қатар, тілін дамыту да ойын арқылы жүзеге асады.

Ұсынылып отырған дидактикалық ойындардың мақсатына сәйкес шарты нақты көрсетіледі. Бұл ойындарды оқу іс-әрекетінде және оқу іс-әрекетінен тыс уақытта пайдалану арқылы баланың тілін дамытумен қатар ойында өз шығармашылығымен жалғастыруға, ойын шартын дұрыс орындауға, белгілі бір нәтижеге жетуге, ұжымдық мақсатқа бағынуға, үлкендер мен балалар арасында ынтымақтастық қарым – қатынас орнатуға болады. Сонымен балалардың сөздік қорларын дамытуда ойындарды, тапсырма-жаттығуларды қолдану үлкен нәтиже береді. Ойын арқылы балалардың сөздік қоры дамып, ауызша сөйлеу машығын игереді, таным белсенділіктері қалыптаса түсіп, ақыл-ойы өсіп жетіледі, әрі адамгершілік қасиеттер бойына сіңіреді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Отбасы және балабақша» 2002 ж №5. (6-8 бет)
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А., 1991.
3. Бала тәрбиесі № 2 2006 ж.
- 4 «Казахские детские игры» кітабы авторы: Молдагаринов Аскар Алма-Ата Жалын» 1987 г.

ОҚУ МАҚСАТЫНА ЖЕТУДЕ САРАЛАУ СТРАТЕГИЯЛАРЫН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Бейсебаева Улжамал Жаксылыковна
Тренер, Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы,
Шымкент қаласы
Сапарбаева Замира Абдикадировна
Тренер, Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы,
Шымкент қаласы

Әрбір педагог балалардың ұқсамайтынын біледі. Олар дайындықтың әртүрлі деңгейлеріне, әртүрлі оқу стильдері мен қызығушылықтарына сәйкес балаларды дамыту керектігін біледі. Сізде әріптерді танып оқи алатын немесе мүлдем қолына қағаз және қалам ұстамаған бала отыруы мүмкін. Сізге әр баламен жеке жұмыс істейтін уақыт берілмеген. Осы аталған жайтты қалай шешудесіз?

Соңғы онжылдықта көпшілігіміз саралауды 25 түрлі баланы 25 түрлі қабілеттер мен міндеттер жиынтығымен қамтудың бір тәсілі ретінде қабылдадық. Шынында да, саралау күшейе түсті, өйткені мектептер балаларды деңгей бойынша мамандандырылған сыныптарға бөлуді тоқтатты. Енді бір сыныпта әртүрлі деңгейдегі балалар оқуда. Барлық балаларды орта білімді толыққанды аяқтатып шығару міндеті бар. Алайда, кейбір педагогтерге саралау жұмысын жасау үшін уақыт пен қолдау қажет. Саралау стратегияларын оқу мақсатына жетуде бала қажеттілігін ескере қолдану үшін, педагог үдеріс барысын бақылай алу керек. Оңтайлы саралау стратегияны анықтап жүргізу баланы ілгерілетудің кепілі болып табылады [3].

Педагог тәжірибесінде саралауды жүргізу жылдан жылға өзгереді, себебі әртүрлі қажеттіліктің нені қалайтынын, не алға жылжытатынын айқындайды. Оқушылардың алдыңғы білімі мен тәжірибесін анықтап, оны қолданудың жолдарын жақсартуда сұрақтарды қою шеберлігі артады. Ол оқушыларыңыздың қай деңгейде екенін түсінуге көмектеседі. Ал, бұл өз кезегінде оқушыларға сабақ тақырыбын олардың осы уақытқа дейінгі жинақтаған білімімен байланыстыруға көмектеседі. Бұл оқушыларға сабақтың басынан бастап өздерін жақсы, ыңғайлы сезінуге ықпал етеді. Жаңа тақырыпты таныстырып жатқан кезде де оқушылардың алдыңғы білімін анықтаған тиімді, себебі бұл әрекет оқушыларға жаңа мәліметті тұжырымдауын жеңілдетеді. Жай ғана, оқу мақсатына қатысты тақырыпты қарапайым тілде ұғындырудың өзі саралаудың бір тәсіліне жатады [1].

Сонымен, саралау - оқушылардың «қабілеті, қызығушылығы мен бейімділігі ескерілетін оқытуды ұйымдастыру формасы. Белгілі бір әрекетке арналып іске асырылған әртүрлі жұмыста нәтиже саралау стратегиясы орын алады. Мысалы, Әлеумет білім беру саласы.

«Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған оқу қызметіндегі «Көлік және арнайы көлік түрлері туралы айтады» оқу мақсатына жету үшін бір бала икемділігіне қарай нақты бір арнайы көліктің құрылысы мен қызметін айтып берсе, суретті жақсы салатын бала оның суретін салады, үшінші бала арнайы көлік туралы ән айтуы мүмкін. Табиғатты қорғау туралы көбірек білетін бала осы көліктердің зиянын айтуы мүмкін. Аталған әрекет нәтиже саралау стратегиясы аясында іске асады. Мектеп жасына дейінгі балаларды марапаттап, қызығушылықтарын пайдалану арқылы да сараланады. Әрбір бала әрекеті кері байланыс бойынша марапатталады. Тәрбиеші баланың жеке даму қарқынына сәйкес тапсырманы орындау жылдамдығын ескеруі де бір стратегия болып табылады. Мұнда қарқынына қарай әрекет ету бала үшін үлкен мәнге ие. Барлық 8 саралау стратегиялары бала қажеттілігін ескеруге бағытталған. Ол оқу мақсатына барлық баланың жылдам игеруінің көзі.

Балалардың жеке ерекшеліктерінде ақпаратты қабылдауы әрқалай болады. Осы жайтты оқу үдерісінде ескергенде бала ақпаратты өз қалауынша игере алады[2].

Сонымен, аудиалды қалай анықтауға болады?

- Өз сөзінде үнемі "тыңдаймын", "айттым", "дыбыстаңыз", "не айтасыз?", "талқылайық", "естіп тұрсыз ба?" және т. б. көп қолданады
- Әңгімелесушінің шешендік қабілеттерін жоғары бағалайды.
- "Белсенді тыңдаушы": нақтылайтын сұрақтар қояды, жазбалар жасайды.
- Түсіндіруді ұнатады және қажет кезде бірнеше рет қайталай алады.
- Кез-келген әңгімені сөзбе-сөз қайталай алады.
- Радиодан жаңалықтарды тыңдағанды жөн көреді, теледидар қарау кезінде ол үшін дыбыс суреттен гөрі маңызды[4].

Ал, визуалды қалай анықтауға болады?

Сөйлеуде "менің көзқарасымды айтсам", "сөзсіз", "әлі күнге дейін көз алдында тұр", "әдемі", "ұсқынсыз" және т. б. сөз тіркестерін қолданады.

Сыртқы келбетіне көп көңіл бөледі.

"Киіміне қарай қарсы алады".

Қимылдары мен тұрысы өте эмоциялы: ол әңгімеде қимыл жасайды және қолдарымен заттарды суреттеуге тырысады.

Оның фотографиялық жады бар, ұсақ бөлшектерге назар аударады.

Бағдарлануы жақсы[4].

Кинестетикті қалай анықтауға болады?

Әңгімеде ол өзінің сезімдерін "жағымды", "ыңғайлы", "жұмсақ", "қобалжулымын", "қызықты", "мен сезінемін" және т. б. сөздермен жиі сипаттайды.

Сезіміне сүйеніп шешім қабылдайды.

Ол ыңғайлы киім киеді: егер ол ыңғайсыз болса, ол шалбарды сатып алмайды.

Күшті бұлшықет және тактильді жад: есте сақтау үшін жазып алады.

Терең тыныс алып сөйлейді, дауысы жиі төмен болады, баяу және үзілістермен сөйлейді.

Қарым-қатынас кезінде кинестетик өзінің жеке кеңістігін минимумға дейін азайтады, көбінесе сұхбаттасушыны жеңімен, "құшақтап" немесе иығына шапалақтайды. Бұл жағдайда таныстық деңгейі маңызды емес. Ол белгілі бір нәрсе туралы оны қолында ұстағаннан кейін ғана сенімді сөйлей алады[4].

Дигиталдың сипаттамасына келер болсақ:

"Логикаға саяды", "Мен білемін", "Мен түсінемін", "функционалдылық" және т. б. сөздерді жиі қолданады.

Ол үшін функционалдылық дизайннан гөрі маңызды, мазмұны сыртынан гөрі маңызды.

Тікелей поза (жиі қысылған), қимылдың болмауы, монотонды дауыс.

Ол үшін аналитика өз аймағы

Ақпаратты құрылымдайды, ретімен қояды

Бірден көптеген ақпаратты қабылдай алады.

Ол бірден шешім қабылдамайды-ойлануға уақыт қажет.

Тамаша стратег, бірде-бір жайтты жіберіп алмайды[4].

Шынында да, қызығушылықтарды саралау дайындық пен оқыту стиліне реакциядан гөрі тиімді. Балаларға еркіндік беретін таңдау және Томлинсон (2005) айтқан сыныпта өз бала үнін білдіру тәсілі болуы мүмкін. Оқытуда саралау стратегиялары маңызды және ықпалды. Алайда, таңдау жасау әрдайым сапалы стратегия бола бермейді, өйткені педагогтер балалар кейде достық немесе ыңғайлылық критерийлері бойынша сабақ алатындығын атап өтті. Саралау оқу мақсатына жетудегі маңызды қадам.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Купешова А.Ж., Сапарбаева З. А. Саралау – тиімді оқыту кепілі.- Нұрсұлтан, 2018
2. Мартин Лейвиц, НЛБ. 50 мықты әдістеме.-М.,2015
3. Саралау: сіз әр баланы үдеріске қамти аласыз
<https://www.scholastic.com/teachers/articles/teaching-content/differentiation-you-can-reach-every-child/>
4. Аудио, көрнекі, кинестетикалық, сандық: оқуда қабылдау түрін қалай қолдануға болады? <https://prodasch.ru/blog/idealnii-otdel-prodazh/tip-vospriyatiya-v-prodazhakh/>

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Түлкібас ауданы
МКҚК "Қарлығаш" бала бақшасы,
I-санатты тәрбиеші, Бурлибаева Акмарал Талғатқызы**

Соңғы жылдары мектепке дейінгі білім беру саласында тың өзгерістер орын алды. Елімізде ғана емес, әлемдік деңгейде орын алып отырған төтенше жағдай барлық қызмет орындарының уақытша тоқтауына себеп болды. Осыған орай білім беру мекемелері қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Бұл мәселе мектепке дейінгі ұйымға да қажеттілік болып табылды.

Мектепке дейінгі педагогика тарихында бұрын-соңды қашықтықтан оқыту болмаған. Біздің қоғамымызда қашықтықтан оқыту мәселесі ересектерге, оқушылар мен студенттерге кәсіби білім беруге қатысты қарастырылған болатын, бірақ бүгінге дейін мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту мәселесі қозғалмағаны анық. Өйткені мектепке дейінгі ұйымдарда қашықтықтан оқыту қажеттілігі туындаған жоқ.

Мектепке дейінгі ұйымдарда мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту жүйесі – жауапты жұмыс. Балаларға үздіксіз тәрбие мен білім беру, келешек ұрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына тікелей әсер ететін балабақша мен тәрбиешілер. Сондықтан балабақшаның әкімшілік қызметкерлерінің, тәрбиешілер мен ата-аналардың ұйымшылдықпен бірлесе отырып, ұйымдастырылуы тиіс.

Қашықтықтан оқыту – оқу процесін ұйымдастырудың бір формасы. Оқытудың бұл формасы білім беру барысында қолданылатын әдіс-тәсілдерді түрлендіруді, білім алушының талабына қарай бейімделуді, көптеген «құралдарды» қолдануды талап етеді [1].

Мектепке дейінгі білім беру жүйесінде қашықтықтан оқыту жүйесін қолданудың мақсаты – мектеп жасына дейінгі балаларды оларға жайлы тұрғылықты мекен жайында және ыңғайлы уақытында үлгілік бағдарлама бойынша оқыту мүмкіндігін ұсыну. Бұл жерде педагогикалық жүйенің ешбір мәні өзгермейді. Тек айырмашылық – тәрбиеші мен баланың арасындағы алшақтық. Бұл жүйеде басқа білім беру жүйесіндегі сияқты барлық компоненттер қарастырылады (мақсат, тапсырмалар, мазмұны, әдісі, оқыту құралдары), бірақ олар арнайы интернет-технология құралдары арқылы жүзеге асады.

Сонымен, мектепке дейінгі білім беру саласында қашықтықтан оқыту дәстүрлі оқыту формасына қарағанда қоғамның жаңа әлеуметтік тапсырысын орындауға мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуды жүзеге асыру үшін тәрбиешілер тер төгеді: видео материал әзірлейді, тақырыпқа сәйкес видео болған жағдайда, интернеттен алып, оны жөндеу керек, аудиожазба жасайды, әр тақырыпты бекіту үшін көрнекіліктер іріктейді, ашық сұрақтар әзірлеу, талқылауға сұрақтар дайындап, оны онлайн форум арқылы өткізу, балалардың белсенділігін бақылау, бағалау және тағы басқа толып жатқан жұмыстар.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияның қиындығы сол – әр тәрбиеші әлеуметтік желіден ақпараттарды іздеп, қарап қана қоймай, аудиожазба, видео материал әзірлеп үйрену керек. Онлайн сабақ жүргізу құралдарын да жетік меңгеруі керек. Қашықтықтан оқыту барысында тәрбиеші екі түрлі міндетті назарға алуы тиіс: біріншіден, үлгілік бағдарлама мазмұнын жақсы меңгеру; екіншіден, қашықтықтан оқыту материалдарын әзірлеп, балаға (тыңдаушыға) жеткізе білу (технологияларды пайдалану арқылы).

Бүгінде ақпараттық технологияның оқу процесіне ықпалы зор екенін кез келген тәрбиеші біледі. Технология интернет арқылы жеткізіледі. Сондықтан интернеттің рөлі өте зор. Интернет сабақ беру мен білім алудағы революция. Интернет арқылы оқыту мен білім алу (оқу) барысын тиімді басқаруға болады [2].

Мектепке дейінгі ұйымның педагог-тәрбиешілері қашықтықтан оқыту жағдайына көшуіне байланысты ақпараттық құралдармен жұмыс жасайды, сан алуан танымдық материалдар дайындайды.

Балабақша тәрбиешілері қашықтықтан оқыту жағдайына көшуіне байланысты ақпараттық құралдармен жұмыс жасай отырып, түрлі танымдық материалдар дайындады. Оның ішінде берілген оқу қызметі кестесі бойынша қажетті презентациялар мен бейне-роликтер ұсынды. Осы материалдарды дайындаудың да өзіндік талаптары бар [3]. Мәселен, бейне-ролик дайындауда бейнені түсіру және дыбыс сапасына назар аудару қажет. Оқу қызметінің нақты құрылымы, жүру барысы қарастырылады. Ұсынылатын көрнекіліктердің де сапалы болуы негізгі талаптардың бірі. Оқу қызметі ойын формасында ұйымдастырылды. Балалармен және ата-аналармен байланысқа Zoom (онлайн сабақ) платформасының көмегімен және WhatsApp мобилді қосымшасымен қосылу арқылы байланыс орнады. Ересек және мектепалды дайындық топ балаларына интерактивті тапсырмалар мен ойындар ұсынылды.

Мектепке дейінгі ұйымда қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың ерекшелігі сол, баланың жас ерекшелігі, цифрлық технология арқылы ақпараттарды қабылдау мүмкіндігі ескеріле отырып, ересек және мектепалды даярлық топтарында оқу жүктемесі, сағат саны қысқартылған оқу кестесі бойынша жұмыстар қарастырылды. Сонымен қатар МҰ –ның шешімімен басқа да жас ерекшелік топтарында балалармен және олардың ата-аналарымен онлайн байланыс орнатылды. Мектеп жүйесімен салыстырғанда

мектепке дейінгі ұйымдағы барлық жас ерекшелік топтары бірден қашықтықтан оқытуға енгізілмеді, әдістемелік негізі дайын болмады, яғни ересек және мектепалды даярлық топтары ғана нысанаға алынды. Кейінірек мектепке дейінгі ұйым әкімшілігінің, педагогикалық ұжымның ұйғарымымен басқа топтарда қашықтықтан байланыс орнатуға көшті. Кей жағдайда ересек және мектепалды даярлық топтағы балалармен бір мезгілде жұмыс жүргізу мүмкін болмаған сәттер болды. Өйткені отбасындағы мектеп оқушыларының сабақ кестесі мен техникалық құралдың жеткіліксіздігі мектеп жасына дейінгі балалармен онлайн жұмысты кейінге шегеруге ықпал етті.

Десек те, мектепке дейінгі ұйымдарда қашықтықтан оқытуды енгізу тәжірибесі бірқатар қиындықтармен қатар жүреді. Атап айтсақ: қашықтықтан оқыту технологиясын жүзеге асыру процесінің дидактикалық және әдістемелік құралдармен, оның ішінде жалпы қолданысқа арналған материалдар мен дидактикалық ойындарды дайындауды қоса алғанда, сондай-ақ мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін, есін, зейінін, моторикасын дамыту мақсатында презентациялық, анимациялық графикалық бағдарламалармен қамсыздандырылмағаны біраз қиындықтар туғызады [4]. Білім беру бағдарламасын жүзеге асыру барысында мектеп жасына дейінгі балалармен жүргізілетін жұмыстарды ұйымдастыруға арналған қашықтықтан оқыту технологиясына қойылатын талаптар кешені жасақталмаған.

Мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту жүйесін дамыту білім беру қызметкерлері, әдіскерлер мен ғалымдар және де тәрбиешілер тарапынан әлі де зерттеуді қажет етеді. Осы орайда мектеп жасына дейінгі балаларды қашықтықтан оқыту технологиясының нормативтік-құқықтық базасын жасақтауға, МҰ-ның материалдық-техникалық базасын жетілдіруге, педагогтарға арналған әдістемелік ұсынымдар дайындауға күш жұмсалуды қажет. Осы бағыттағы жұмыс, егер қашықтықтан оқытуды кезекті сәнге айналған инновация емес, нақты ақырғы нәтижеге жету, яғни білім сапасын арттыру және мектеп жасына дейінгі балаларға қолжетімді қызметі ретінде қарастырсақ нәтижелі болады.

Әдебиеттер:

1. Абилова О.А., Мукушова.Р.Н. Мектепке дейінгі ұйымда қашықтан оқыту арқылы ақпараттық мәдениетті қалыптастыру. «Білім және ғылым-2020» атты Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. Нұр-сұлтан қаласы, 2020
2. Захарова И.Г. Информационные технологии в образовании: учебное пособие для вузов. – М.: Издательский центр Академия, 2010. – 184 с.
3. Положенцева И.В. Применение современных методик дистанционного обучения в отечественном образовательном пространстве // Интернет-журнал «Мир науки». – 2016. – Том 4. – № 6 (ноябрь - декабрь). – <https://mir-nauki.com/PDF/33PDMN616.pdf>
4. Комарова Т. С., Комарова И. И., Туликов А. В. Информационно-коммуникационные технологии в дошкольном образовании. – М., 2011

«Ерте жастағы балалармен жұмыс жасаудағы инновациялық технологиялар мен әдістер»

**Түркістан облысы Келес ауданы
МКҚК №3 "Көркем" бөбекжай
бақшасының меңгерушісі
Омарова Урзада Мустахимқызы**

Қазіргі білім беру үрдісі өзгерді, саналы білім беруде жаңа көзқарастар пайда болды және біздің алдымызға жаңа міндеттер жүктеп отыр. Осы міндеттердің бірі – білім берудің әдіс-тәсілдерін түрлендіріп, жетілдіріп отыру және жаңа инновациялық білім технологиясын меңгеру.

Ұрпақ тәрбиесін жаңа құндылықтар негізінде жетілдіру, қоғам алдында тұрған ауқымды істердің бірі, сол себепті де, мектепке дейінгі мекемелерде балалардың ақыл-ойын дамытуды жаңа көзқарастар негізінде талдау – кезек күттірмейтін іс. Мектепке дейінгі білім беру саласына инновациялық технологияларды енгізу арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамыту болып табылады.

Біз мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияларды қолдануды үш даналықты жолмен үйренеміз:

Ойлану - ең ізгі жол;

Еліктеу – ең жеңіл жол;

Тәжірибе жолы – ең ауыр жол.

Бенедикт Спиноза

Қазіргі таңда, мектепке дейінгі білім беруде инновациялық технологияны енгізуге көптеп күш жұмсалады. Сол себепті, мектепке дейінгі ұйымдарда педагогтардың негізгі міндеті: әдіс тәсілдерді дұрыс таңдау, жаңаша педагогикалық технологияларды дұрыс қолдана білу, жеке тұлғаның дұрыс дамып қалыптасуы үшін ыңғайлы жағдай жасау. Мектепке дейінгі білім беру орындарында, педагогикалық технологиялар мектепке дейінгі білім беру стандартын жүзеге асыруға бағытталған.

Ерте жаста бала дамуының ерекшеліктері:

- ерте жаста ағзаның тез дамуы байқалады;
- баланың денсаулығы, физикалық және жүйке психикалық дамуы өзара тығыз байланыста және өзара тәуелді;
- сенсомоторлық дамуы жоғары қозғалыс белсенділігіне әкеледі, бұл ақыл – ой дамуына ықпал етеді;
- жағымды көңіл – күйді қалыптастыру, ересектермен, құрдастармен әлеуметтік байланыс орнатады;

Ерте жас — баланың танымдық және сөйлеу қабілеттерінің қарқынды даму кезеңі. Дұрыс сөйлей білуі оның дамуына, қоршаған орта мен өзін-өзі

тануына әсер етеді. Сондықтан, қазіргі таңда, балаларды ерте жастан дамытуда біз М.Монтессори педагогикасы, Step by Step, Тэй-Тэй технологиясы, ТРИЗ технологиясы, Н. Зайцев, М. Воскобович, Б.Никитин әдістері бойынша балабақшамызда элементтерін пайдаланып жүрміз. Педагогикалық технологияда ең маңызды жағы білім беру мен тәрбие жүйесінде ересектер мен балалардың қарым - қатынасы болып табылады.

Ерте жастағы балалардың әлеуметтік дағдылары мен өзін-өзі үйрету дағдыларын табысты қалыптастыру үшін заттық-кеңістіктік дамытушы ортаны қамтамасыз ету қажет. Ерте жаста, бала өзі көрген және өз бетінше іске асырғысы келетін ересектердің таныс қимылдарын қайталайды. Сондықтан да, біздің балабақшада бала үшін қолайлы жағдай жасалынып, ой өрісін дамытатын түрлі сюжетті ойындар мен оларға қажетті тұрмыстық атрибуттар: ыдыстар, жиһаздар, киімдер, «Дүкен», «Емхана» жиынтығымен қамтылған.

Ерте жастағы бала қоршаған ортаны тануда: әртүрлі тәсілдермен заттарды зерттейді (яғни лақтырады, шашады, басың әрекетін бақылайды).

Құрастыру дағдылары: әрекеттерді орындаудың түрлі тәсілдерін жасауға тырысады. Сондықтан біз ЖЕКЕ ТҮЛҒАҒА БАҒЫТТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН іске асырамыз. Жеке тұлғаға бағытталған технология аясында, біз педагогикалық тәжірибемізде, ерте жастағы балалармен жұмыс жасауда келесі әдістерді пайдаланамыз:

Мысалы: Сенсорлық қорап, бұл танымдық процестердің дамуын ынталандыратын, баланың сенсорлық тәжірибесін байытатын және ұсақ моториканың дамуына ықпал ететін ерте жастағы балалардың сенсорлық дамуына арналған.

Сенсорлық қораптардың тақырыбы әр түрлі болуы мүмкін. Мысалы, бұршақпен толтырылған қарапайым сенсорлық қорап балаға өзінің тактильді тәжірибесін кеңейтуге мүмкіндік береді. Яғни, қол тигізуге, құюға, зерттеуге, көмуге, қазып алуға және жай ойнауға мүмкіндік береді.

«Қақпақтардан мозаика». Түймелерден немесе бөтелке қақпақтарын қолданып суреттер салу: көбелек, аққала, доп, моншақтар және т.б.

Осы ойын арқылы сенсорлық эталон – түс, ал түймелерді қолданғанда пішін (дөңгелек, төртбұрыш, сопақша) туралы ұғымдарды бекітуге болады.

Балаларға кеңістіктік белгілерді ескере отырып, бөлшектерді түзу сызық бойына орналастырып, ұқыпты біріктіру туралы дағдыларын қалыптастыру (мысалы, баллармен бірлесе кірпіштерден қоршау салу).

Қолмен ұстап сезінуді дамыту

«Ғажайып қоржын» Қалтаға әр түрлі көлемдегі, пішіндегі заттар салынады (ойыншықтар, геометриялық пішіндер және т.б.). Бала қалтаны ұстап көріп, қолымен сипап, қажет затты табуы керек.

Құрғақ бассейн

Мақсаты: есте сақтауды, ойлау, қиял қабілетін дамыту, мазасыздығын азайту, ұсақ қол моторикасын дамыту. Құрғақ бассейнге (қорап, ыдыс) әр түрлі ұсақ

заттарды салуға болады: түймелер, кішкентай доптар, дәндер, қақпақтар, киндер қорапшалары және т.б.

Әрине осы ойындар арқылы біз балаларды дамыту үшін:

- ұсақ қол моторикасын дамыту үшін дидактикалық ойындарда және тұрмыста балалардың сенсомоторлық «көз-қол» үйлесімділігін қалыптастырамыз;

-естуді дамыту үшін түрлі дыбыс шығаратын заттармен (қоңыраулар, аспалы металл таяқшалар, шиқылдайтын ойыншықтар, музыкалық ойыншықтар) таныстырамыз;

-қабылдауды дамыту үшін бір мезгілде екі қасиетті: түс пен өлшемді, пішін мен өлшемді, пішін мен түсті, негізгі төрт түсті (қызыл, көк, сары, жасыл) ажыратуды үйретеміз;

-логиканы дамыту үшін пішіні, түсі, көлемі бойынша бір-біріне ұқсас заттарды сәйкестендіру мен топтастыруды қалыптастырамыз.

Ойын-тәжірибелер: Тәрбиешілер балалармен тәжірибе ойындарын жүргізеді – әр түрлі ыдыстарға суды құю, құмды алақанға салу, моншақтарды жіпке өткізу және т.б. ойындардан балалар заттардың қасиеттерімен таныса отырып, көңіл-күйлері артады, қызығушылықтары артады, ұсақ қол моторикасы дамиды. Әрине мұндай ойын-тәжірибелерді балалар жақсы көреді.

Дәстүрден тыс сурет салуға келетін болсақ:

Ерте жастағы балалар саусақтарымен сурет салуды қызық көреді. Яғни, олар саусақтарымен қағаз бетіне әртүрлі тәсілдермен жұлдыздарды, гүлдерді, күнді салады. Келесі, «Алақанмен» сурет салу. Бұл әдіс кіші топтағы балаларға өте ұнайды. Себебі, балалар бояуды көріп қана қоймай, оны сезінеді және сурет салады.

Осылайша, тұлғаға бағытталған технологиялар ерте жастағы баланың жеке басының дамуына жағдай жасайды, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйене отырып, ерте жастағы баланың жеке танымдық қабілеттерін барынша дамытады.

Құрметті әріптестер, қорытындылай келе, бұл семинар-практикум болғандықтан мен ерте жастағы балаларды дамытудағы практикалық тұрғыдан қарастырған әдіс тәсілдерге тоқталып өттім. Мектепке дейінгі балалардың есте сақтау қабілеті әлсіз, қабылдау процестері тұрақсыз келеді, олар затты қолмен ұстап, көзімен көргенді ұнатады, сондықтан балабақшада, балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, оқу іс-әрекеттеріне көрнекілік, ойын технологиясы мен жеке тұлғаға бағытталған технологияны кеңінен қолданып жүрміз. Алуан түрлі әдістер бала жұмысының мазмұнын ашуға өз септігін тигізеді, әр қимыл сәтті шыққан сайын бала өз жеңісінің жемісін өзгелерге көрсету үшін оны сан рет қайталап көрсетуден жалықпайды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Игры с детьми раннего возраста. // Методические рекомендации. Приложение к журналу «Воспитатель ДОУ». – М: - Сфера. Творческий центр 2008. – с.4,13,16.
2. Королева Л. Ранний возраст – раннее развитие// Воспитатель ДОУ-2011. - №2 – с.68.
3. Қазақстан Республикасында ерте жастағы балалар дамуының тұжырымдамалық негіздері .
4. Ерте жастағы балаларда әлеуметтік дағдылар мен өзбетінше үйрену дағдысын дамытатын бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық.

Мастер-класс по лозоплетению для воспитателей ДОУ

город Кентау

**Ясли-сад «Алмагул» Воспитатель,
педагог-модератор,**

Абдурасулова Дильрабо Искендировна

Лозоплетение: мастер-класс для педагогов ДОУ «Оберег из бумажной лозы «Домик», «Домик фоторамка». Обучение основам правильного изготовления изделий из бумажной лозы.

Цель: изготовление оберега из бумажной лозы «Домик», «Домик фоторамка».

Задачи:

1. Познакомить педагогов с технологией изготовления различных изделий из бумажной лозы и богатым разнообразием видов готовых изделий.
2. Обучить основам изготовления изделий из бумажной лозы. Изготовить оберег из бумажной лозы «Домик »и «Домик фоторамка».
3. Формировать интерес к плетению изделий из бумажной лозы.

Материалы и оборудование:

- бумажная лоза (газетные трубочки);
- квадратный каркас (кубик в нашем случае);
- клей ПВА (лучше в бутылочке с острым концом);
- клеевой пистолет;
- стержни для пистолета;
- ножницы;
- краска в баллончиках;
- кружева для шторок;
- декор новогодний и летний (снежинки из гирлянд, серебристые блесстки, не крупные цветы, бусины и т. д.).


Наглядные материалы: работы автора данной технике.



Лозоплетение одно из самых древних умений, которыми овладел человек.

Лозоплетение (корзиноплетение) — ремесло изготовления плетёных изделий из лозы — домашней утвари и ёмкостей различного назначения, таких как: короба, корзины, вазы, мебели (столы, стулья, сундуки, колыбели). Под лозой подразумевают любой природный материал

растительного происхождения, способный при определённой обработке с лёгкостью гнуться, а в обычных условиях держать форму. Слово «лоза» произошло от виноградной лозы, из которой плели корзины. Часто материалом для плетения служит ивовый прут, который используют для плетения как в Европе, так и в Азии, кроме того, в Азии плетут из такого материала, как ротанг и бамбук. Техника плетения из лозы^[2] может быть самой разнообразной. На Руси почти каждый дом мог похвалиться своим мастером плетения. Для комфортного быта требовалось множество самых разнообразных корзин и корзинок: просто корзина и коробка для хранения, лукошки за грибами сходить, люлька для ребенка, а лапти для всего семейства, ну куда без них. Изделия из бумажной лозы могут и сегодня украсить любой интерьер, применяются в быту, и становятся любимыми аксессуарами в гардеробе современных модниц.



Лозоплетение у женщин

Не у всех есть возможность плести из древесной лозы, поэтому можно сначала освоить плетение из газет. Эта техника была до недавнего времени мало известна в нашей стране, но в последние годы набирает все большую популярность. Между тем во многих зарубежных странах этот вид рукоделия давно практикуется, продвинутые мастера успешно продвигают свои изделия на рынке.

Я надеюсь, что создание красивых, необычных и очень уютных вещей из газетных трубочек, без сомнения, увлечет вас, как и меня несколько лет назад.

Теоретическая часть

Давайте рассмотрим теоритические основы плетения из бумажной лозы.

С чего начинается плетение? С заготовки газетных трубочек.

Чтобы начать плести из газет нам понадобится минимум материалов и инструментов:


- газеты;
- спица, шпажка или иной тонкий предмет (в зависимости от желаемой толщины трубочки 1-2,5 мм), на что будут накручиваться газетная полоса для придания им формы трубочек;
- клей (ПВА, лучше «Столяр») для сращивания трубочек;
- ножницы;
- кисти для клея и красок;
- морилки, лак по дереву, (лучше аквалак) для покрытия им готовых изделий с целью придания оттенка и прочности;
- краски подходящие для покраски бумажных трубочек.

Существует множество техник плетения самих изделий и вариантов окончания плетеного изделия, так называемых загибок. И каждая мастерица вносит в это искусство свой вклад. Процесс создания плетеных изделий, их декорирование, чаще всего, совмещает сразу несколько техник: канзаши, декупаж, работа с тканью, шпагатом, фетром, пластикой, природными материалами. Если вы решите научиться этому мастерству, то можно познакомиться с основами лозоплетения в дополнительной литературе, а также посмотреть фото и видеомастер – классы по данному виду рукоделия.

Практическая часть

В нашем мастер-классе мы научимся делать домик из бумажной лозы. Так как мастер-класс ограничен во времени обыкновенную технологию изготовления изделий мы немного изменим. Для ускорения процесса вместо поэтапного использования грунтовки, покраски изделия и его лакировки (по затратам времени 1-2 суток) мы покроем сплетенные домики краской из баллончиков. Такая краска сохнет относительно быстро и можно будет через 5-10 мин перейти к этапу декорирования изделия.

Изготовление оберега из бумажной лозы «Домик » состоит из нескольких





этапов:

Заготавливаем бумажные трубочки. На небольшой домик потребуется 12 – 18 трубочек.

На твердом каркасе заготавливаем квадрат, для жесткости промазываем клеем и даем высохнуть.

И начинаем оплетать углы квадрата.



Выплетаем углы до желаемого размера. Если Вы планируете вставить фото в окошко, оплетаем всего 2 -3 раза через все углы. Если будете делать окошко со шторками и рамой можно сделать размер окошка как на фото.

Теперь формируем крышу домика. Оплетаем её также как и основание домика



В итоге мы получаем заготовку домика под покраску.

Окрашиваем домики в желаемый цвет.

Теперь осталось самое приятное — декорирование наших домиков. Можно сделать летний и новогодний вариант декорирования, а может домик станет оригинальной фоторамкой в подарок вашим близким. Здесь все зависит от Ваших желаний и полета фантазии!



Мастер-класс по лозоплетению «Домик фоторамка»

Желаю всем участникам нашего мастер-класса творческих успехов и новых идей! Пробуйте плести, делайте подарки на радость своим близким и друзьям! И возможно этот вид творчества станет Вашим новым увлечением.

Творите от души и для души! Удачи!

Интернет ресурсы

1. Плетение из газетных трубочек для начинающих пошагово.
2. Секреты техники плетения из газетных трубочек и идеи для

- вдохновения.
3. Мастер-классы по теме Плетение из газет и бумаги.
 4. Плетение из газет. Плетем из газетных трубочек. Техники плетения.
 5. Пошаговая инструкция плетения корзинки из газет.
 6. Плетение из газетных трубочек для начинающих: фото, заготовки, способы плетения.
 7. Плетение из газетных трубочек для начинающих: фото и видео обзор с описанием.

Кюизенер таяқшалары арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту

Жиенбаева Матлюба Алидинқызы
Кентау қаласы «Алтын сақа»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі.

2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспарына сәйкес заманауи технологияларды пайдалана отырып бөбекжай-балабақшасында білім беру қызметінің тиімділін арттыру негізінде мектепке дейінгі тәрбиелеу мен білім берудің сапасын жоғарылатуды қамтамасыз ету және жағдай жасау. Оқыту мен тәрбиелеуде Кюизенер таяқшалары технологиясын пайдалану арқылы балаларда 4к моделінде берілген көрсеткіштерді дамыту. Әр түрлі жағдайларда білім беру мен тәрбиелеуді қамтамасыз ету. «Кюизенер» таяқшаларының мақсаты: Баланың даму деңгейін, пішін, сан, түс, көлем туралы түсінігін анықтау және логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

1. Таяқшалардың қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту.
2. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.
3. Ойын арқылы балалардың қызығушылықтарын арттыру.
4. Қарым-қатынас дағдысын қалыптастыру.

Кюизенер таяқшалары бүкіл әлемге танымал дидактикалық құрал. Оны Бельгиялық математик Х.Кюизенер жасаған. Кюизенер таяқшаларын педагогтер балалармен қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру кезінде қолданған. Бұл таяқшаларды сәбилер тобынан бастап, ересек топтарға дейін қолдануға болады. Кюизенер таяқшаларын түрлі-түсті таяқшалар, түрлі-түсті сандар, түрлі-түсті жолақшалар, санамақ таяқшалар депте атайды. Х.Кюизенер таяқшаларын басқа әдістемелік құралдарымен, дидактикалық құралдарымен ұштастыруға болады.

Кюизенер таяқшаларына сипаттама. Жинақ пластмасс призмалардан тұрады, олардың түсі мен формасы әртүрлі. Жинақ құрамында 241 призма бар. Ең кішкене призма 10мм, кубик пішінді. Жинақ құрамына кіреді: ақ – саны 1 – 25 дана, қызғылт – саны 2 – 20 дана, көгілдір – саны 3 – 16 дана, қызыл – саны 4 – 12 дана, сары – саны 5 – 10 дана, күлгін – саны 6 – 9 дана, қара – саны 7 – 8 дана, қою қызыл – саны 8 – 7 дана, көк – саны 9 – 5 дана, тоқсары – саны 10 – 4 дана.

Түстерді таңдау жинақты қолдану мақсатын жеңілдетеді. 2,4,8 таяқшалары қызылдар отбасын құрайды, 3,6,9 таяқшалары көктер отбасын құрайды, сарылар отбасын 5 және 10 құрайды. Таяқшаларды бір отбасына жинау – бұл таяқшалардың көлемдерінің қатынасына байланысты. Мысалы: Қызылдар отбасына екіге бөлінетін, көктер отбасына үшке бөлінетін, сарылар отбасына беске бөлінетін таяқшалар кіреді. Ақ түсті кубик – бұл «ақ түстілер» бүтін сандар отбасына жатады, және кез келген таяқша ұзындығына келеді. Ал 7 саны қара түспен белгіленген ол бөлек отбасын құрайды. Әр жинақтың ережесі болады: неғұрлым ұзын таяқша болса онда оның білдіретін саны да көп. Таяқшалар боялған түстер сандық қатынастарға байланысты, қарапайым натурал қатарын анықтайды. Әрбір таяқша – бұл сан, яғни түспен көлемді білдіреді. Кюизенер таяқшалары орнына қарапайым ағаштан жасалған таяқшаларды қолдануға болады.

Кейбір ата-аналар таяқшаға сандарды жазады ол дұрыс емес. Өйткені бала өзі оны өлшеп білу керек, қай сан екенін және өлшеу арқылы олар өздері санмен танысады Таяқшалардың өздеріне арналған қорапшаларда сақтау керек түстеріне байланысты. Балаларға да ыңғайлы, балалар жұмыс жасап болған соң әр түсті өз орындарына қояды. Балалардың математикалық және шығармашылығын дамыту үшін Кюизенердің таяқшалары қолданады. Кюизенердің әдісі нені көздейді?

Сол таяқшалар арқылы балалардың қол моторикасы дамиды есте сақтау қабілеттерін дамытады, салыстыру ұзын, қысқа және түстерді ажыратады. Таяқшалар бірнеше түстен тұрады әртүрлі түс, әртүрлі ұзындығы, сол арқылы балалар сандарды естеріне сақтайды және есеп шығарады.

Кюизенер таяқшаларымен қалай жұмыс жасауға болады?

Таяқшалармен көп тапсырма орындауға болады.

1. Таяқшалармен танысу

А) мен көрсетіп тұрған таяқшаны көрсет

Б) ең ұзын, ең қысқа таяқшаны көрсет

2. Түстермен танысу

А) қызыл түсті және көк түсті таяқшалардан шаршы жасап бер. Қайсысы үлкен?

Б) бірнеше түсті таяқшаларды алдарына қойыңдар. «Қай түс жоғалды» есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында ойнатуға болады.

3. Өлшеу тапсырма

А) Таяқшалар арқылы балалар карандаш, кітап, қалам өлшеуге болады.

Б) кез келген түсті алып, көктен қысқа, сарыдан ұзын (қандай түс)

В) көздерін жұмып екі бірдей ұзындығы таяқшаны тауып ал.

Г) таяқшадан жол немесе үй құрастыр

2-3 жастағы балаларға жай ғана түстермен таныстыру егер бала түстерді жақсы естеріне сақтаса сонда математика сабағына таяқшаларды қолдануға болады.

“Санды айт”

Тәрбиеші кез-келген санды айтады бала сол санға байланысты таяқшаны көрсетеді. Керісінше, тәрбиеші таяқшаларды көрсетеді, бала санды атап шығады. Бала шатаспау үшін сандарды рет-ретімен айтып шығу керек 1-10 дейін. Содан соң тапсырманы біраз қиындатуға болады. Содан соң есеп шығару. Және ең маңыздысы балаларда 4к моделі дамиды. Оның ішінде топпен жұмыс жасай алады, сыни тұрғысынан ойлау қабілеттері дамиды, өз бетінше жұмыс жасауға дағдыланады. Шығармашылық қабілеттері арта түседі. Қарапайым математикалық ұғымдарды меңгереді. Бір тапсырмадан екінші тапсырмаға тез ауыса алады.

Қорыта келегенде Кюизенер таяқшалары ол тек ғана дидактикалық құрал емес, бұл балалардың оқу-таным құралы және педагогтердің балаларға математикалық білімдерін, сауат ашу бөліміндегі әріптерді меңгерту құралы. Бұл таяқшалармен жұмыс кезінде балалар тек сан мен санауды ғана меңгермейді, сандармен түстердің қатынасын меңгереді. Бұл әдістемелік құралдың маңызы өте зор.

Пайдаланылған әдебиеттер;

1. Валентина Павловна Новикова «Развивающие игры и занятия с палочками Кюизенера»
2. Джордж Кюизенер. «Әдістемелік құралдар жиынтығы».

Интеллект-карта как способ активации познавательной активности детей дошкольного возраста.

**Мақтааральский район п Мырзакент
Методист детский ясли-сад
№7 «Шолпан»
Ибрагимова Альфия Курбановна.**

Цель: повышение уровня профессиональной компетентности педагогов через освоение научно-методических и практических основ применения в образовательной деятельности метода «Интеллект-карт».

Задачи:

1. Познакомить педагогов с методом «Интеллект-карт», рекомендациями по их составлению.
2. Показать возможности применения интеллек- карт в образовательной деятельности с дошкольниками.
3. Отработать методику создания интеллект-карт.

Шагая в ногу со временем новых технологий каждый педагог пытается найти новые идеи, подходы, формы и методы работы в своей педагогической деятельности, которые соответствовали бы возрасту дошкольников, были бы им интересны и наиболее эффективно решали педагогические, образовательные и воспитательные задачи. Такой новой формой работы стал для меня метод интеллект – карт.

Уважаемые коллеги, сегодня я хочу представить вам новую технологию, которую можно применять на любом занятии.

Интеллект- карта : это новые идеи, подходы, формы и методы работы в педагогической деятельности. Методы интеллект- карт.

Интеллект- карта или карты мышления – это отображение на бумаге эффективного способа думать, запоминать, вспоминать, решать творческие задачи, а также возможность представить и наглядно выразить свои внутренние процессы обработки информации, вносить в них изменения, совершенствовать.

Интеллектуальная карта – это графический способ представления информации.

У карты несколько названий «карта ума», «карта памяти», «умная карта», «ментальная карта,» **Mind-maps-интеллектуальная карта»**

Основателем этой технологии является британский психолог Тони Бьюзен, который заметил что когда дети рисуют, выделяют ярким цветом дети лучше запоминают,

Самое главное он доказал что когда мы читаем текст и слушаем, у нас работает одно полушарие головного мозга. А когда мы рисуем интеллект-карту, задействованы оба полушария головного мозга.

Цель создания интеллект - карт с дошкольниками имеют 3 направления.

1 направление: Цель - сбор информации о предмете, объекте.

Задачи: Создавать карту в процессе обсуждения, расширять словарный запас, развивать процессы мышления.

2 направление : Цель - развивать связную речь детей.

Задачи: формировать умение последовательно и самостоятельно излагать свои мысли.

3 направление: Цель – закрепление и обобщение материала.

Задачи: Создать карту как итог работы с детьми по теме.

Развивать у детей умение выделять главную мысль, и активизировать словарь, совершенствовать связную речь детей.

Свойства интеллект – карты: Рассуждать и общаться. Воображать и искать ассоциации. Пересказывать или рассказывать. Выражать эмоции и мысли по теме. Запоминать.

Для того чтоб создать карту используют цветные карандаши, маркеры. Основная идея располагается в центре.

Для изображения центральной идеи можно использовать рисунки, картинки.

Рисунки соединяются стрелками.

В интеллект-карте ключевой идеей является выбранная тема, а ветки являются ее содержанием, которое наполняется в процессе работы с моделью трех вопросов (Что я знаю? Что хочу узнать? Как узнать?). Модель трех вопросов обозначается разными цветами.

Алгоритм создания интеллект-карт. В первую очередь происходит **мозговой штурм.**

Имеет значение **оформление, наполнение лексикой и структурирование.**

Первым делом у нас с вами происходит мозговой штурм.

Уважаемые коллеги перед вами карандаш. какие ассоциации у вас протекают с карандашом?

-Тупой, короткий, деревянный, цветной, острый.

А что с ним можно делать?

-Подчеркивать, раскрашивать, точить, грызть.

Где его можно использовать?

На уроке, дома. При рисовании.

Из чего сделан карандаш?

-Из дерева.

Все что назвали я собрала в следующем слайде, посмотрите ничего не забыли?

Форма, цвет, итак мы с вами прошли **мозговой штурм,**

Мы определили какой может быть карандаш.

Теперь следующий шаг: мы начинаем построение нашей карты.

В центре располагаем сам карандаш. Отвечаем на вопрос Какой бывает?

-Цветной-Красный, Синий, Зеленый,Оранжевый,Голубой.

Где используют?

- Дома, на уроках, в изостудии.

Какой карандаш?

- Длинный, острый, с грифелем.

Что можно делать с карандашом?

- Точить, Рисовать, Подчеркивать, Раскрашивать, Грызть.

Из чего сделан ?

- Из дерева: Сосна,Липа.

По стечению обстоятельств, во время пандемии, наш детский сад работал в режиме онлайн. Мы вели совместную, активную работу с родителями в воспитании и обучении детей.В онлайн режиме с родителями была проведена разъяснительная и обучающая работа в использовании метода интеллект – карт.

Предоставляю вашему вниманию домашнее задание, некоторые работы родителей с детьми, (работы детей на тему: «Фрукты», «Зима», «Осень») В итоге дети осваивали новую тему, расширялся словарный запас, креативное мышление.

В основном работа велась с детьми старшей группы.

С начала этого учебного года мы с педагогами нашего детского сада планируем внедрять методику интеллект-карт с детьми средней группы детского сада.

Я считаю эффективным применять этот метод в работе с родителями, давать задания на дом. Затем вместе с детьми можно будет разобрать.

В итоге у ребенка увеличивается объем запоминания информации.

Применение интеллект-карт также способствует расширению уровня познавательного мышления дошкольников, систематизации знаний.

Готовые интеллект-карты являются продуктом детской деятельности.

В заключении хочу сказать:

Применяя интеллект- карту проводите с детьми беседы.

Задавайте больше вопросов.

Обращайте внимание на то, чтобы дети отвечали полным ответом, составляйте рассказы.

Добавляйте и усложняйте в соответствии с возрастом детей.

Экспериментируйте.

После проведенного мастер класса, я попрошу рассказать столкнулись ли вы с какими то сложностями? Было интересно или было не понятно?

Какие у вас возникли вопросы?

Рефлексия:

Перед вами **чемодан, мясорубка, корзина для мусора.**

Чемодан:- все что пригодится в дальнейшем.

Мясорубка: полученную информацию переработаю.

Корзина: -Абсолютно бесполезная информация.

Выберите свою картинку и положите перед собой. Спасибо за внимание.

Использованная литература:

Педагогический журнал «Современный урок» 2021г
Международный образовательный портал МААМ.RU
Ped-kopilka.ru

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДА МНЕМОТЕХНИКА ӘДІСІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, БАЛАНЫҢ ТІЛІН ДАМЫТУ

**Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,
Ө.Тұрманжанов атындағы жалпы орта мектебі
Мектепалды даярлық сынып педагогы
Сырымбет Жанар Садыққызы**

Мектепке дейінгі жастан бастап баланың болашақ тұлға, өз елінің азаматы ретінде негізі қаланады. Тәрбиешілердің алдында тұрған басты мақсаттардың бірі – Отанға, туған елге, туған жерге, өз халқына деген сүйіспеншілікпен тәрбиелеу.

Біздің ауыл балаларына қазақ тіліндегі сөздерді, сөйлемдерді диалог, монолог үлгілерін механикалық қайталай беру жолымен емес, жалпы ассоциация көз алдына елестету арқылы ұзақ мерзімді жадыға сақтау, мнемотехника әдісін қолдану арқылы үйрету керек екендігін алдыма мақсат етіп қойып, даярлық сыныптарында іске асырудамын.

Балалардың сөздік қорында көптеген мәселелер бар:

- 1.Сөздің дыбыстық құрамын дұрыс айта алмауы;
- 2.Үйренген сөздерді пайдаланып, сөйлемді дұрыс құрастыра алмауы;
3. Төрт- бес сөйлемдік әңгіме құрастыра алмауы;
4. Қазақ ертегілерін, тақпақтарды, жұмбақтарды, жаңалтпаштарды түсініп жатпай алмауы;
5. Өз ойыншықтары, отбасы, киімдері туралы бір-біріне сұрақ қойып, жауап бере білмеуі;
- 6.Өз жұмысымда балалардың тілін дамыту үшін мнемотехника әдісін қолданғанды жөн көрдім.

Мнемотехника дегеніміз не?

“Мнемотехника” грек тілінен аударғанда, “есте сақтау өнері” деп аталады.

Мнемокесте – ол балалардың қоршаған ортадан алған білімдерін тиімді есте сақтауы.

Мнемокестемен жұмыс жасау әдістері. Мнемокестені мына бағыттар үшін қолданамын:

- Сөздік қорларын байыту;
- Сөйлем әңгіме құрастыру;
- Жұмбақтарды жасыру және жауабын табу;
- Тақпақтарды, жаңылтпаштарды жаттау.

***Мнемотехника** - оңай жолдан қиынына қарай құрылады. Жұмысты ең оңай мнемошаршыдан бастап, жай ғана мнеможолдарға өтіп, сосын мнемокестеге өту қажет.*



Мнемокесте бойынша жұмыс жүргізу кезеңдері

1. Кестені құрастыру және бейнеленген суреттерді талқылау.
2. Бейнелерді жаңғырту: үй-шатыр, қоян-ұзын құлақ..
3. Бұл суреттерді салу үшін суретші болу міндет емес.

Дайындық сыныбында схеманы бір түсті етіп жасаған дұрыс өйткені, символикалық бейненің түсіне зейін бөлмеу үшін. Ең бастысы-көрнекілік тірек сызба, бейнеленген суретіміз балаға түсінікті болуды жеткізу керек. Мнемоскесте балалардың тілін дамытудағы дидактикалық құрал.

Мнемокестені қолдану үш кезеңнен тұрады:

1. Кестені қарап, онда не бейнеленгенін бақылау.
2. Мәліметтерді кодтандыру, белгілі бір бейнемен сәйкестендіру.
3. Кодтандырылғаннан кейін әңгіме немесе ертегіні әңгімелеуге көшеді.
4. Код –таңбалау, белгілі бір нәрселердің кескінін жасау.



Мнемотехникалық әдіс балалардың сөз материалынесте сақтауда қалдыру үшін қолайлы. Сызба – схемалар - тақырыптарға байланысты үйренген жеке сөздер мен сөйлем құрастыруға, сөйлемдер мен әңгіме құрастыруға таптырмайтын қазына. Сызбаларға қарап, балалар әңгіме құрастыруды тез

үйренеді. Әсіресе отбасы тақырыбына арналған сызбаны әр сабақта қолдануға болады. Бұл сызбаға қарап, балалар отбасы мүшелерінің атауын тез есте сақтауға, адамдардың әрекеттерін әңгімелеуге үйренеді.

-көкөністерге арналған сызба бойынша балалар олардың түрін, түсін, дәмін, қайда өсетінін сипаттап бере алады.

Мысалы, алманы сипаттау: алманың түсі қызыл, пішіні – домалақ, дәмі – тәтті. Ол ағашта өседі, жеміс. Біз оны жейміз. Ойыншықтарға арналған сызба бойынша балалар олардың түсін, пішінін, мөлшерін атап беруге үйренеді.

Мнемотехника әдісін қолдану нәтижесінде:

-Балалардың ертегіні ретімен әңгімелеп беруіне деген қызығушылығы артады.

-Қоршаған орта жайлы балалардың білімдері кеңейеді.

-Тәрбиеленушілердің сөздік қоры толығып, байланыстыра сөйлеуге үйренеді.

-Балалардың ұялшақтығы жойылады, өзін-өзі ұстауы қалыптасады.

-Балалардың тақпақ, өлең жаттауға деген қызығушылықтары қалыптасады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Большева Т.В. Учимся по сказке «Развитие мышление дошкольников с помощью мнемотехники»
2. Козаренко В.А. Авторлық әдістемелер. «Учебник мнемотехники»
3. Козаренко В.А. «Есте сақтау қабілетін дамыту»
4. Полянская Т.В. «Использование метода мнемотехники в обучении рассказыванию детей дошкольного возраста»

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУДЕ ТАБЫСТЫ ЖОСПАРЛАУДЫҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ

Ордабасы ауданы

**«Аққу» бөбекжай
балабақшасының әдіскері
Бектурганова Райхан Бектыбаевна**

Ой қозғау: Құрметті әріптестер енді біз екі-екіден жұптасамыз. Біздің ортақ белгілерімізге қарай жұптасуымыз керек. Ал, педагогтер сіздер қандай ортақ белгілеріңіз бойынша жұптастыңыздар. Педагогтердің жауаптары тыңдалады. Бұл ойын арқылы педагогтердің сыни ойлау дағдысын артырамын. Келесі сіздерге тапсырма,

«Галереяны шарлау әдісі». Ал, педагогтер енді өз жұптарыңызбен бірлесе отырып, аудитория ішіндегі стикерлерге жазылған сұрақтарды алып келіп жауап бересіздер.

Сұрақтар:

- Балабақшадағы басты тұлға кім?
- Қазақстанда балабақша қай жылы, қай қалада ашылды?
- Перспективалық жоспар дегеніміз не?
- Тәрбиеші деген кім?
- Қазақстандағы мектепке дейінгі педагогиканың негізін қалаушы.

Рахмет құрметті әріптестер, дұрыс айтасыздар балабақшадағы оқыту мен тәрбиелеу барысындағы басты тұлға ол - тәрбиеші. Енді тәрбиеші кім деген сұраққа жауап берер болсақ, тәрбиеші балабақшаның айнасы. Балабақшаның келбеті тәрбиешінің бейнесінен көрінеді, сондықтан тәрбиеші рухани бай, кәсіби тұрғыда өте шебер болуы керек. Тәрбиешінің бойындағы басты құндылықтар балаларға деген сүйіспеншілік өз мамандығына деген адалдық. Ж. Аймауытов «Дәрігерден де тәрбиешінің көп болғаны артық, дәрігер адамның денесін сауықтыратын болса, тәрбиеші адамның ақылын, мінезін, жанын сауықтырады» деп айтқан.

Сонымен қатар тәрбиеші теориялық білімімен практиканы ұштастыра білуі шарт. Нормативтік құжаттармен жұмыс жасау дағдысы дамыған болуы қажет.

Балабақшадағы нормативтік құжаттар

Тәрбиеші қандай нормативті құжаттарды білу керек деген сұрақты қарастыратын болсақ, бүгін мен тәрбие мен оқу процесіне қажетті негізгі үш құжатты атап өтейін, бұл

- Жалпыға міндетті білім беру стандарты
- Үлгілік оқу бағдарламасы
- Үлгілік оқу жоспары

Біздің бүгінгі сіздермен талқылайтын тақырыбымыз «Мектепке дейінгі білім беруде табысты жоспарлаудың шарттары». Мектепке дейінгі мекемеде оқыту мен тәрбиелеу үшін перспективалық жоспардың маңызы

зор. Өз тәжірибемде тәрбиешілер переспективалық жоспар жасауда көптеген қиыншылықтарға кездесетінін анықтадым. Оқу мақсаттары қайдан алу керектігі, балаларға не үйрету керектігін, оқу қызметтерінің тақырыптарын қайдан аламыз деген ой мазалайтынын білдім.

Переспективалық жоспар даярлауда тәрбиеші нені білуі керек?

Әдістемелік ұсынымдарды . ҚР «Мектепке дейінгі балалық шақ»

ғылыми әдістемелік орталығы ұсынған.

Үлгілік оқу бағдарламасының базалық мазмұнын.

Өтпелі тақырыптарды негізге алу

Әдістемелік ұсынымдарға сүйене отырып, переспективалық жоспарды даярлаймыз. Переспективалық жоспар бұл айлық жоспар. Ол тоғыз айға жасалынады. Переспективалық жоспарда оқу қызметінің атауы жазылады. М: Жаратылыстану келесі кезекте тақырыбы, мақсаты жазылады . Енді оқу мақсатын қайдан аламыз деген сұрақ туындайды. Бірінші кезекте үлгілік оқу бағдарламасынан өтпелі тақырыпты негізге ала отырып, оқу мақсатын және тақырыбын анықтаймыз. Мен сіздерге переспективалық жоспардың бір апталық үлгісімен таныстырып өтейін.

----- оқу жылы.

Қыркүйек айы

Өтпелі тақырып: «Балабақша»

Мақсаты: балаларда әлеуметтік дағдылар, мектепке дейінгі ұйымға, топқа, балалар мен ересектерге сүйіспеншілік сезімі қалыптасады. Бірлескен әрекетке қызығушылықтары дамиды.

1-апта.----- «Менің балабақшам.»

Денсаулық. Дене шынықтыру (3)	Қатынас: Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (1) Орыс тілі (0,5)	Таным: Математика негіздері (1 с) Жаратылыстану (1с) Кұрастыру (0,5)	Шығармашылық Сурет салу (1с) Музыка (1,5) Мүсіндеу (0,5) Жапсыру (0,5)	Әлеумет: Қоршаған ортамен танысу (0,5)
Дене шынықтыру пән жетекшісі.	Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: «Менің балабақшам». Мақсаты: заттарды және олардың тұрған орнын анықтай алады. Күтілетін нәтиже: топтың ішіндегі заттардың	Математика негіздері Тақырыбы: «Жиын» Мақсаты: әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсінік алады. Күтілетін нәтиже: әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиынын құрап, атайды.	Сурет салу Тақырыбы: «Менің балабақшам». Мақсаты: әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе алады. Күтілетін нәтиже: әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын	Қоршаған ортамен танысу Тақырыбы: «Балабақша ауласы» Мақсаты: Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай алады. Күтіл

	<p>атауларын, тұрған орындарын анықтайды.</p> <p>Көркем әдебиет Тақырыбы: «Балабақша» Мақсаты: Тақпақ тар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтай алады. Күтілетін нәтиже: Балабақша туралы тақпақтың мағынасын түсініп, жаттайды.</p>	<p>Жаратылыстану Тақырыбы: «Балабақша ауласы» Мақсаты: балабақшаның ауласындағы және маңайдағы өсімдіктерді атай алады. Күтілетін нәтиже: балабақшаның ауласындағы және маңайдағы өсімдіктерді атайды.</p>	<p>жүргізе отырып, балабақшаның суретін салады.</p> <p>Мүсіндеу Тақырыбы: «Менің балабақшам» Мақсаты: түрлі тәсілдерді қолданып бейнелей алады. Күтілетін нәтиже: түрлі тәсілдерді қолданып балабақша бейнесін мүсіндейді. Музыка: Пән мұғалімінің жоспары бойынша</p>	<p>етін нәтиже: балабақша ауласындағы заттарды ажыратып, атайды..</p>
--	--	---	--	--

Сергіту сәті: Ырғақты қимыл А.Жорабаева «Бақытты әйел»

Әріптестер біз біраз сергіп алдық, енді шебер сыныбымыздың практикалық бөліміне өтейік. Алдымен біз бес білім саласы бойынша бес топқа бөлінеміз.

1. Денсаулық білім беру саласы
2. Қатынас білім беру саласы
3. Таным білім беру саласы
4. Шығармашылық білім беру саласы
5. Әлеумет білім беру саласы

Сіздерге берілетін тапсырма, алдарыңыздағы үлгілік оқу бағдарламасына сүйене отырып, айлық тақырып «Балабақша», ал апталық тақырыпша «Менің балабақшам». Бір күндік оқу қызметінің оқу мақсатын жасап шығарыңыз.

Қорыта келе, балабақшадағы оқу тәрбие жұмысының жүйелі және табысты жоспарлануы перспективалық жоспардың дұрыс жасалуына тікелей байланысты екеніне көзіміз бүгін анық жеткен сияқты. Біз бүгінгі шебер сыныптан алған білімімізді кері байланыс арқылы қорытындылайық.

Кері байланыс «551» әдісі. Сіз өз тәжірбиеңізден кездесетін бес кедергіні жазыңыз. Енді осының ішінен екі кедергіні өшіріңіз. Келесі тағы екі кедергіні өшіріңіз. Сізде жалғыз кедергі қалды. Осы жалғыз қалған кедергінің жою жолдарын қарастырыңыз, және сол кедергіні оқып беріп, жойылу жолдарын бірге болашақта қарастырамыз.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Үлгілік оқу бағдарламасы ҚРБҒ №412 бұйрық 2020 ж
2. Ғаламтор желісі «Ұстаз тілегі» сайты
3. Ғаламтор желісі «Мектепке дейінгі педагогика» Аралбаева
4. Отбасы және балабақша журналы №4. 2018ж
5. ҚР Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты ҚРБҒ 2020ж 5 мамыр №182 бұйрығы

ОЙЫН АРҚЫЛЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ОҚУ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТЫНА ЖЕТУ

**Түркістан облысы Шардара қаласы
«Балауса» бөбекжай балабақшасының
әдіскері
Отарова Гульзада Жексенбаевна**

А. С. Макаренко өз еңбектерінде «Баланың ойынға деген құмарлығы бар, сол құмарлықты қанағаттандыра білуіміз керек. Ойнау үшін тек қана уақытты бөліп қана қоймай, сонымен бірге баланың барлық өміріне ойынды бере және сіңіре білуіміз қажет. Оның барлық өмірі ойыннан тұрады» деген пікірін қалдырған.

Ойын – балалар үшін күрделі әрекет, ол білімді, ақылды ұйымдастыруды қажет етеді. Ал білімді бала қайдан алады? Оған бала ойын арқылы өзі үйренеді, үлкендер де үйретуге тиіс. Ойынның өз мақсаты, жоспары, арнайы құралдары т.б. көптеген ерекшеліктері болады.

Ойын – балалардың негізгі іс – әрекетінің бір түрі. Ойын арқылы бала өмірден көптеген мәліметтер алады, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады, яғни ойын арқылы бала білім алады.

Бала зейіні қажет ететін, әдейілеп ұйымдастырылған ойындар оның ақылын, дүниетанымын кеңейтеді, мінез – құлқын, ерік – жігерін қалыптастырады. Аса ірі психологтардың айтуы бойынша, бала ойын үстінде қандай болса, өскенде еңбекте де сондай болады. Ойын – адамның өмір танымының алғашқы қадамы. «Ойын» балалардың назарын аудару, көңілін аулау, қызықтыру үшін жүзеге асырылатын таңдау бойынша іске асыруға болатын әртүрлі іс-әрекет түрлерін қамтиды.

Ең кішкентай балалар, тіпті сәбилер де ойнауға бейім болады, олар дыбыстар мен қарапайым әрекеттерді қызығушылықпен зерделейді, сондай-ақ өздерін қызықтыратын заттарды зерттеуге қызығушылық танытады.

Ойын физикалық тұрғыдан өмірлік маңызы бар негізгі қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін аса қажетті болып табылмайды. Алайда ойын балалардың дамуы барысында оқытудың кең ауқымын қамти отырып, олардың эмоционалдық әл-ахуалын демеп отырады деп есептеледі. Ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде қолдану балалардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мазмұнын жаңарту шеңберінде мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту және тәрбиелеу үдерісін тиімді ұйымдастыруда ойынды қолдану арқылы мақсатқа жетуге болады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық, әлеуметтік мотивтерін жүзеге асыру және оқу-ойын қызметіне қызығушылықтарын, ынтасын дамыту үшін белгілі мақсатқа бағыттталып алынған ойынның маңызы ерекше. Мектепке дейінгі балаларды ойын арқылы оқытуда пәндік-кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру маңызды. Бірқатар зерттеулер педагогтің басты объектісі ретінде баланың өзі емес, оның тұлғалық қасиеттері мен қабілеттері емес, тіпті оның мінез-кұлқы да емес, баланың өмір сүру жағдайы қарастырылуы тиіс екендігін дәйекті түрде әрі жан-жақты дәлелдеген. Бұл жағдайларға төмендегілер жатады:

Жағдайдың ішкі факторлары – өзіне тиесілі, өзінің қатысы бар ортада немесе бөлме ішінде оқыту. Гринманнның тұжырымдауы бойынша үй-жайда немесе бөлме ішінде оқыту ортасы нақты жағдайда дамудың барлық салаларын қамту арқылы тексерілетін мол әлеуметтік, коммуникативтік, сонымен қатар тұрақты әрі үнемі бақылауда болады.

Жағдайдың сыртқы факторлары – яғни, ашық кеңістікте, таза ауада оқыту. Қабырғалармен шектелмеген кеңістік баланың барлық қажеттілігін қамтитын – когнитивті, коммуникативті, эмоционалдық, әлеуметтік және физикалық оқытудың біртұтас ортасы болып табылады.

Жағдайдың эмоционалдық факторлары – жақсы көңіл-күй факторы физикалық кеңістіктен анағұрлым маңыздырақ болып табылады. Ол осы ортадағы адамдардың сезім-күй эмоцияларын қамтиды және «сезінудің» көзге көрінбейтін өлшемі болып табылады.

Глисон және Нарвес: «Балаларды оқыту ортасының әртүрлі аспектісі бойынша дамыту сапалы тәжірибе мен оқу ортасының қалыптасуына ықпал етеді. Мұндай факторларға уақыт, оқытатын орын және қарым-қатынас жатады» деп пайымдайды.

Ойын арқылы оқыту технологиясының негізгі элементтері:

- Ойынның алдына нақты оқу мақсаты қойылады;
- Нақты педагогикалық нәтижеге қол жеткізіледі;
- Оқу қызметі ойын тәртібіне бағынады;
- Оқу материалдары ойын құралдары болып табылады.

Ұжымдасқан қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері балаларға басқалардың пікірімен санасуды, ойын нәтижесін болжауды, өз бетінше белгілі бір іс-әрекеттерді жоспарлауды, мақсатқа жету жолдарын айқындауды үйретеді.

Тәрбиелеу мен оқытуға арналған ойындарды да үш топқа бөліп қарастыруға болады:

- Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын
- Құрылымдалған ойын
- Еркін ойын

Оқу қызметінің мақсатына жету үшін қолданған ойын түрлері:

Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын.

Педагог ойынға қажетті материалдармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді немесе ойынды бағыттау не баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады.

Математика негіздері бөлімінің «Сөредегі ойыншықтар» атты ұйымдастырылған оқу қызметінде «Қай қолымда көп?» ойыны.

Мақсаты: Заттарды сипап сезу арқылы салыстырып, зерттеу іскерліктерін дамыту, мөлшерін анықтау.

Шарты:

Балалардың қолын алға создырып, көздерін орамалмен байлап, алақанындарына екі түрлі мөлшерде ұсақ ойыншықтарды салу. Сипап сезу арқылы, заттарды салыстыру барысында ойыншық мөлшерін анықтап, орамалды шешкеннен соң ойыншықтарды ретімен атай отырып салыстыру. Қай қолында бір, қай қолында көп ойыншық бар екенін анықтайды.

Ойын барысында сыни ойлануы, саралап оқытудың нәтиже мен ресурстар көрініс табады. Ресурстарды тиімді пайдалану оқу мақсатына жетуге ықпал етеді. Ойында тапсырманы орындау барысында балалардың сипап сезу қабілетінің жетіледі, оқу қызметінің мақсатына жету тиімді болады.

Құрылымдалған ойын.

Мектеп жасына дейінгі балаға белгілі бір дағдыларды үйретуге және дамытуға бағытталған ойын түрінде ұйымдастырылатын іс-шара. Құрылымдалған ойынға әртүрлі қимыл-қозғалыс ойындары мен жаттығулар (секіру, өрмелеу), суды, құмды, саз балшықты пайдаланатын ойындар, арт-терапия түріндегі ойындар (саусақпен, қылқаламмен, пастель бояулармен, түрлі түсті қарындаштармен сурет салу) жатады.

Жаратылыстану білім бөлімінің «Ойыншықтар еліне саяхат» атты ұйымдастырылған оқу қызметінде құрылымдалған «Дәнді дақылдар арасынан ойыншықтарды тап» ойыны.

Мақсаты: Балалар дақылдар арасынан тапқан ойыншығын атап, неден жасалғанын айту керек.

Шарты: Балалар дақылдар арасынан ойыншықтарды іздеп, қолына ілінген ойыншықтың қалай аталатынын, неден жасалғанын зерттеп анықтап айтады. Балалар ойыншықтарды іздеу барысында саусақ ұшының сезу

қабілетінің арқасында тауып алған ойыншығын сипаттау барысында қарапайымнан күрделіге көшеді. Осы жерды шиыршық қағидаты, сыни ойлану, саралап оқытудың: нәтиже, ресурстар, диалог орын алады. Ойынның мақсатына жету үшін, қарапайымнан күрделіге өту әдісін пайдалану тиімді. Нақты шекаралары мен ережелері жоқ, бала қалағанын жасайтын еркін ойын. Бұл ойынның маңыздылығы балалардың өзара қарым-қатынасын дамытуымен байланысты. Еркін ойын балалардың талқылау, проблеманы шешу, қақтығыстардың алдын алу, келісімге келу және т.б. Қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады.

Қоршаған ортамен танысу білім бөлімінің «Әйгерімнің жаңа қонысы» атты ұйымдастырылған оқу қызметінде еркін ойыны.

Мақсаты: Ойын барысында балалардың жаңа үйге қажетті бұйымдарды атап, олардың тұрмыстық жағдайда қаншалықты қажет екендігін анықтау. Ойын барысында осы заттарды қажеттілігіне қарай қай мақсатта пайдалана алатындығына бақылау.

Балаларды ойынға қажетті ресурстармен қамтамасыз ету. Еркін ойын барысында балалар дербес әрекет етіп, үйге қажетті бұйымдарға күтім жасаудың қарапайым әдістерін біледі, топтасып ойнайды. Ойын барысында балаларда кретивтілік, командамен жұмыс, коммуникативті даму, сыни ойлау дағдылары қалыптасады. Еркін ойын ұйымдастыру барысында оқытудың түйінді идеяларын қолдану және ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбының мақсатына жетуде тиімді болады. Ойынға жанама бақылау жасау арқылы балалардың іс-әрекетін саралай отырып, балалардың қабілетін анықтауға болады.

Қортындылай келе, ұйымдастырылған оқу қызметінің мақсатына жету үшін, үш ойын түрін қолдануда балалардың жас және жеке ерекшелігін ескеру маңызды. Балалардың танымдық қызығушылықтарын арттыру және өтілген тақырыпты нақтылау үшін ойын түрлерін қолдануда шиыршық қағидатына сүйену тиімді. Апталық ортақ тақырыптың мақсатына қол жеткізу үшін жаңартылған бағдарламаға сүйене отырып, педагог жетекшілігімен, құрылымдалған, еркін ойындарды тиімді қолдану оқу қызметінің мақсатына жетудің бірден бір жолы. Ойында балалардың жас ерекшелігі мен қажеттілігі ескере отырып, бала үнін тыңдап, қажеттілігінше дамыту орталығын ұйымдастыру керек.

Ғұлама ғалым ағартушы Ахмет Байтұрсынов: «Басқадан кем болмас үшін біз білімді, бай һәм күшті болуымыз керек. Күшті болуға бірлік керек. Осы керектердің жолында жұмыс істеу керек» деген екен. Білім беру ісіндегі бүгінгі күннің өзекті мәселесі ел ертеңін ойлайтын білімді де, білікті зейінді де зерделі ұрпақ тәрбиелеу. Балаларды мейірімділікке, әділеттілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
3. Мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА БАЛАЛАРДЫҢ ЛОГИКАЛЫҚ ОЙЛАУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Түлкібас ауданы
«Жансая» санаторийлық балабақшасы
балабақша меңгерушісі
Уристебекова Кумисай Жандаралиевна**

МАҚСАТЫ:

Мектепке дейінгі кезеңдегі балаға алғашқы тәрбие, білім беру жұмыстары барысында түрлі әдіс –тәсілдерді ойын түрінде үйлестіре қолдану, оқыту мазмұнын жаңарту арқылы баланың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

МІНДЕТІ:

- Логикалық есептер шығару
- Мәтіндік логикалық тапсырмаларды шешу
- ҰОҚ әр-түрлі логикалық ойын түрлерін қолдану

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

Баланың ақыл ойының дамуы тек белгілі бір білім көлемін ғана емес, жалпы тәлім –тәрбие іс әрекеттерді игерумен бірге, ойлау, қиялдау, есте сақтау, елестету және т.б. қабілеттерінің; танымдық, іскерлік, тапқырлық логикалық ойлау қабілеттері қалыптасады.

КІРІСПЕ

XXI- ғасыр білімділер ғасыры болғандықтан бүгінгі таңда заманымызға сай зерделі, ой- өрісі жоғары, жан- жақты дамыған ұрпақ қалыптастыру мемлекетіміздің алға қойған аса маңызды міндеті болып тұр.

Тәрбие мен білімнің алғашқы дәні – мектепке дейінгі тәрбие ошағында беріледі. Отбасында ата-ананың ықыласы мен мейірімінен нәр алған бала балабақшада тәрбиешілердің шұғылалы шуағына бөленеді. Баланың бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып , олардың білімді, өнегелі де тәрбиелі болып тәрбиеленуіне тәрбиешілердің маңызы зор.

Мектепке дейінгі мекемелердің басты міндеттерінің бірі бүлдіршіндердің ой-өрісін, іс-қимылын жан-жақты дамыту. Бұл кезең баланың іс әрекетінің қалыптасуымен дамуы қуаттылықпен жүретін ерекше

құнды, қайталанбайтын мезгіл. Бұл мезгілде балаларға берілетін білім ең алдымен тәрбие мазмұны әлеуметтік сұранысқа сай жүзеге асырылуы тиіс.

Таным ең алдымен сезім арқылы қабылдауы, бала өз тәжірибесінен бақылап, көріп тануынан тұрады. Сезіну үдерісі кезінде бала бір нәрсені немесе заттың қасиетін, құрылымын таниды, баланың логикалық ойлау түсінігі ең алдымен оның сезінуімен байланысты. Баланың математикалық түсініктерді дұрыс меңгеруі, баланың дамуы жас ерекшеліктеріне байланысты, бала заттың санын, затты салыстыру (көлемін) теңістіру, орналасуын, саны мен сыңарын белгілеріне қарай табу тәсілдерін меңгереді.

Логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда, мектеп жасына дейінгі балалар кішігірім математикалық терминдер, геометриялық пішіндердің атауларын (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) және олардың элементтері (қыры, бұрышы) болатынын, қосу, алу тең ұғымдарын үйренеді. Сонымен қатар балалардың математикалық білімге деген қызығушылығы артады, берілген есепті шешуге өз күш (ерік), жігерін жұмсайды, Балада алғашқы түсініктер индуктивті және дедуктивті ойлауы қалыптасады.

Бала бір заттың құрылысына, қасиетіне (пішініне, түсі т.б.) қарай талдау, сараптау, салыстыруға, кеңістікті бағдарлап, салыстырмалы түрде ойлай алады.

Мектеп жасына дейінгі мекеме балалары көбінесе оң-сол, жоғары - төмен, алыс- жақын деген негізгі ұғымдарды меңгергенімен алыс- жақын, биік- аласа, көп -аз, үлкен- кіші ұғымдарын шатыстырып, 0- ден 5-ке дейінгі сандарды тура санағанымен кері санау және сандарды таңбасына қарай ажырату қиын болады.

Мектепке дейінгі мекемелерде балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда мына төмендегі әр түрлі тапсырмаларды беріп, оларды орындау барысында:

- заттардың белгілерін сипаттауға;
- берілген белгілері бойынша заттарды тануға;
- заттардың бірдей және әр түрлі қасиеттерін анықтауға;
- заттарды пішініне, түсіне, көлеміне қарай жіктеу дағдыларын қалыптастыруға;
- іс -әрекеттердің бірізділігін анықтауға;
- қарама -қарсы құбылыстар туралы мінеуге;
- кеңістікте, қағаз бетінде бағдарлауға;
- жалпылау, зейінді болуға;
- есте сақтау қабілетін, қолдың кіші моторикасын дамыйды;
- әр түрлі түсініктерге анықтама беруге;
- тапқырлықты және ұғымталдықты дамытуға қабілеттері ашылады. [1]

Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер

Қазіргі мектепалды даярлық топтарында қолданып жүрген балалардың логикалық ойлауын дамыту технологиясының стратегиялары баланың ойлауына, шығармашылық ізденісіне, педагогтың шеберлігіне жол ашты. Логикалық ойлау қабілеттерінің әдістерін қолдануда педагогтар нәтижесінде: баланың ойлауына, бала белсенділігіне, сөздік қорын дамытуға, баланың өзіндік пікірінің қалыптасуына мүмкіндік жасайды

Баланың логикалық ойын дамытып, дәлелдеуге тырысады, ой- өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, бірте - бірте тәрбиешінің түсіндіргеніне қарағанда өз ізденісімен қызығу танытып, шығармашылық қабілеті ұшталады. Оның ішінде ерекше бір жағдай: топта көп сөйлемейтін, логикалық ойлау дәрежелері төмен балалардың да қызығушылығы туып, логикалық ойлау қабілеттері артады. Олардың тырысуы байқалады, сөйтіп логикалық тапсырмаларды қолдану арқылы баланың кішкентай кезінен дүниеге өзіндік көзқарасының қалыптасуына жол ашылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды оқытуда логикалық тапсырмаларды пайдалану қажет. Мектеп жасына дейінгі балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту барысында балалар тілдесу ережелерімен танысады, логикалық ойлау қабілеттері артады, шапшаңдыққа, бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасауға үйренеді.

Мектепке дейінгі мекемеде балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда төмендегі әдіс – тәсілдерді пайдалануға болады;

- берілетін тапсырманың орындалуын білу және ол тапсырмалады

балалардың ұғынуы қажет;

- есеп шығарудың әртүрлі жолдарын, тәсілдерін игеру керек;

- логикалық тапсырмаларды орындауда балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында көптеген ойын түрлерін пайдалану керек.

Осы айтылған әдіс- тәсілдердің бәрін жүзеге асыру оңай шаруа емес. Оған шығармашылық тұрғыдан ізденіс, шыдамдылық, жүйелі жұмыс жасай білу қажет. Мектепке дейінгі мекемелерде баланың логикалық ойлау қабілеттерін дамытудағы тиімді жақтары:

1. Әр бала өздігінен жұмыс істеуге дағдыланады;

2. Баланың жеке логикалық ойлау қабілеті айқындалады;

3. Іштей бір - бірінен қалмауға тырысады;

4. Тапсырманың күрделену деңгейіне сәйкес, баланың логикалық ойлау қабілеті артады;

5. Әр бала өз деңгейіне, қабілетіне қарай бағаланады;

6. Әр түрлі логикалық тапсырмаларды орындай алады.

Балалардың логикалық қабілетін дамыту үшін тәрбиешінің балаға берер әсері болу керек. Мысалы: Логикалық тапсырмаларды орындату барысында балаға сенім қалыптастыру үшін «сен білесің», «сенің қолыңнан келеді»,

« үйренесің» деген сөздер қажет. Баланың өз ойынан шыққан жетістігін жоғары бағалап, мадақтап, көтермелеп отыру керек.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда әр өткізген күнделікті оқу қызметтерін түрлендіріп өткізу қажет.

1. Оқу қызметтерін түрлендіріп өткізу.
2. Басқа ұйымдастырылған оқу қызметтерімен ұштастыру.
3. Жарыс- сайыстар, интеллектуалдық ойын түрлерін өткізу.
4. Көрнекіліктер арқылы логикалық қабілеттерін дамыту.
5. Венн диаграммасы, логикалық ойындар
6. Тірек сигналы
7. Кубизм әдісі

Мектепке дейінгі мекеме балаларына ұйымдастырылған оқу қызметтерін түрлендіріп өткізуде бүгінгі өткізілетін математикалық ұғымдарды немесе санға байланысты тақпақтар, санамақтар, жаңылтпаштарды қолдануға болады. Жұмбақ, ауызша есептер шығарту арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттері артады.

Басқа ұйымдастырылған оқу қызметтерімен ұштастыру қарапайым математика пәнін жапсыру, сурет, дене тәрбиесі, сөйлеуді дамыту пәндерімен байланыстыра өткізсе, балалардың логикалық ойлау қабілеті және білім алуы нәтижелі болады. [2]

Мысалы: дене тәрбиесі, математика негіздері арқылы тепе- теңдікті сақтайды, оңға, солға бұрылу, тақтай бөрене үстімен жүру, жүгіру, бәрі есеппен жүргізіледі. Тек қана математика сабағында емес, тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарында да санамақ, тақпақ, жаңылтпаштарды пайдалануға болады.

Жарыс-сайыс сабақтарды пайдалана отырып, түрлі логикалық ойындар өткізу балалардың ақыл -ой еңбегін ерекше қажет етеді. Математика сабақтарында балаларды екі топқа бөліп, жарыс -сайыс сабақтар өткізу балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыра түседі.

Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуда қолданылатын көрнекіліктер үлкен, әдемі, бояуы қанық, әрі балаға көрінетіндей етіп жасалуы тиіс.

Ұйымдастырылған оқу қызметтерінде, күннің екінші жартысында логикалық ойындарды ойнағанда, балалардың логикалық ойлау қабілеттері арта түседі. Логикалық жаттығуларды орындау баланың ақыл -ойын, қиялын, ой ұшқырлығын дамытады.

Венн диаграммасы. Бір -біріне жуықтау термин сөздерді, ұқсастығы мен айырмашылығын талдау. (ересектер, мектепалды даярлық топта қолданады) Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытуда тірек сызбасын тақтаға іліп талдау жасау арқылы балаларды ойлау қабілетін одан әрі дамытуға болады. Өткен тақырыптарды бүкіл балаға түсінікті болуы, олардың логикалық ойлауын дамытуға, уақытын үнемді пайдалануға мүмкіндік береді. Бұған шығармашылық ізденіс, оқу-тәрбие процесін оптималдандыру нәтижесінде қол жеткізуге болады.

Кубизм әдісі - текшенің алты қыры арқылы термин сөзді талдау, кубиктегі бейнеленген суретке қарап, балалардың логикалық ойлау қабілеттері айқындала түседі. [3]

2.2. Балалардың логикалық ойларын дамытуға арналған ойын түрлері:

1. Логикалық сөз есептері.
2. Санамақтар
3. Воскобобич ойындары.
4. Пифагор басқатырғыш ойындары.
5. Танграм ойын түрлері.
6. Лабиринттер.
7. Вьетнам ойыны.
9. Золтон Дьенеш блоктары.

1. «Хайуанаттар бағында»

Мұрат хайуанаттар бағында бес маймыл, екі аю, зебра, түлкі мен пілді көрді. Мұрат неше аңды көрді? (10 хайуанат)

Ол хайуанаттар бағында қыдырып жүрген кезде, хайуанаттар бағына тағы да бір бизонды, түйе мен ақ аюды әкелді. Хайуанаттар бағындағы жануарлардың саны қанша болды? (13 жануар)

Барлық хайуанаттарды көріп шыққан Мұраттан әкесі: «Бүгін сен неше жануарды көрдің?» - деп сұрады.

2. Санамақтар

Санамақтар арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың қисынды ойлауы мен математикалық логикалық ойлау қабілеті дамиды. Атау ұйқастырып санау арқылы бала санауды үйренеді, әр санға ұқсас заттарды танып біледі.

Санамақтар әртүрлі мағынада болады. Осындай санамақтар арқылы балалардың логикалық ойлау, санау қабілеттері артады. Санамақтағы әрбір сөзді, атауды есінде сақтаса, олар білімді, жеті атасын білетін, болашағынан үміт күттірер азамат болып өседі деп ойлаймын. Саусақ санау ойыны баланы сан үйренуге қызығушылығын арттырады. Осы санамақтарды бос уақытта, күннің екінші жартысында жаттату арқылы мағыналарына түсінік беріледі.

3. Воскобович ойындары. В.Воскобович геометриялық фигураларды құрастыру ойындары. Суретте көрсетілгендей әр-түрлі пішіндерді созылмалы резеңке арқылы құрастыру. Ол үшін тақтайшаға бірнеше шегелер қағылып, әр түсті созылмалы резеңкелерден пішіндер құрап шығуға болады. Мысалы тік төрт бұрыш, ромб, бесбұрыш т.б. Осындай ойын түрі «ГЕОКОНТ» деп аталады. [4]

4. «Пифагор» басқатырғыш ойындары. Берілген тіктөртбұрыштың ішінен әртүрлі пішіндерді құрастыруға болады. Мысалы бірнеше үшбұрыштар, ромб, тіктөртбұрыштар. Бұл ойын баланың логикалық ойлау қабілетін дамытуға өте кең қолданылып жүр.

5. Танграм ойын түрлері. Бұл ойын түрі де «Пифагор» басқатырғышына ұқсайды. Яғни кесілген әр-түрлі пішіндерден, геометриялық фигуралардан

образдық және сюжеттік бейне жасауға арналған ойындар. Балалардың логикалық ойлау қабілетін дамытатын ойындардың бір түрі.

6. Лабиринттер. Бұл ойын түрлері арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеті арта түседі. Бұл ойындарды мектепке дейінгі мекемелерде күннің екінші жартысында қолдануға болады. Балаларға көрсететін лабиринт ойындары эстетикалық талғамға сай, ашық түсті болуы шарт. Лабиринттерді балаларды жеке бөліп те, топпен де ойнатуға болады.

7. «Вьетнам» ойыны. Әр түрлі кесілген пішіндерден бір жануардың немесе құстардың, жәндіктердің бейнесін құрастыру.

8. «Золтон Дьенеш блоктары» Венгрия педагогы. Түрлі-түсті пішіндер арқылы ойын түрлерін көрсетеді. Математика саласында «Дьенеш блоктары» деп аталады. Бұл пішіндерден балалар әр-түрлі математикалық ойындар ойнайды.

Логикалық дамыту ойындарын меңгергеннен кейін, бала зейінді болады, анық ойлай бастайды, керек сәтте проблеманың маңыздылығына шоғырланады, өзінің жөндігін дәлелдейді. [5]

ҚОРЫТЫНДЫ Балабақша балаларының логикалық ойлау қабілетін дамытуда ойын әдісінің маңызы көп. Себебі баланың логикасын дамытуда мектепке дейінгі жастағы баланың ойынға деген құлқы, қарым- қатынасы, мінез- құлық көріністері олар өсіп- есейгенде де жалғасы береді.

Мектепалды даярлық тобы балаларының логикалық ойлау қабілетінің маңызы:

Тәрбиеленуші үшін

1. Ақыл-ойы дамиды, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттеріне қызығушылығы белсенділігі, шығармашылығы артады, тұлғалық қасиеттері қалыптасады.

2. Тәрбиеші үшін:

Балалардың логикалық ойлауын дамытуда, қарапайым математиканы оқытуда жалықтырмайды.

Баланы санай білуге үйрету, есептей білу қабілетін жетілдіріп отыру аса жауапты міндет. Баланы ойын арқылы санай білуге үйретудің маңызы үлкен. Мектеп жасына дейінгі балалардың жан – жақты дамуы үшін логикалық ойындардың рөлі ерекше. Ойын – мектеп жасына дейінгі кезеңнен басталып адам мен өмір бойы ілесіп жүретін ерекше қызмет түрі. Логикалық ойын – балалардың оқуға, еңбекке деген белсенділігін арттырудағы басты құрал. Логикалық ойындар баланың психикасында сапалы өзгерістер тудырады: бала зейінінің, жадының қалаптасуына, ойлау қабілетінің дамуына әсер етеді. Ойлау шығармашылық және таным әрекетінің негізі болып табылады. Логикалық ойлау – адамның интеллектуалды қабілеттерінің негізін құрайды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тұлғалылығын тәрбиелеу үшін, ең алдымен олардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытудың мәні зор.

Әр баланың логикалық ойлау қабілеттері бірдей емес екендігін, топта тәрбиеленіп жатқан балалардың, әрқайсысының әр деңгейде қабілетті

болатындығымен дәлелдеуге болады. Бірі есепке жүйрік болса, екіншісі тілге бай, ал енді біреулері сурет салғанды тәуір көреді. Олардың қабілеттерінің құрлымы да, оны құрайтын компенттер де әр түрлі болады. Мәселен: математикалық қабілеті басым балаларда ойлау операцалары тез, дәл болады да, бейнелеу онеріне қабілетті балаларда нақты заттардың бөліктерінің ара қатынасын жылдам анықтай білу сияқты белгілер басым болады. Музыкаға қабілетті бала есту, ритмді түсіну, сезімталдық сияқты сапаларымен ерекшеленеді. [6]

Тәрбиешінің бала бойындағы логикалық ойлау қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу оның рухани күшін нығайтып, мектепке дайындауда атқаратын рөлі ерекше. Қазақстан Республикасының білім беру стандартында білім берудің басты міндеті логикалық ойлауды дамыту болып табылатындығы атап айтылған.

Қазіргі уақыттың негізгі талаптарының бірі – баланы болашақта білімді, әлемнің бүтіндей бейнесін қабылдай алатын, логикалық ойлауы жаңаша дамыған, тәуелсіз ойлай алатын шығармашыл адамға айналдыру.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Логикалық ойлау қабілетін дамыту №11, 2008, 53-54 бет
2. Вопросы нравственного воспитания школьников. /Сборник статей: Изд-во Ленинградского Университета, 1960.
3. Леушина А.М. Қарапайым математикалық түсініктерді қалыптастыру әдістемесі. –Алматы, 1987.
4. Столяр А.А.Формирование элементарных математических представлений у дошкольников. –М., Просвещение, 1988.
5. Отбасында және балабақшада баланы мектепке дайындау бағдарламасы. Алматы, Шартарап, 2000.
6. Математика. Жикалкина Т.К. Дидактические материалы. 1,2 классы. М.,2000.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ ОЙЫНДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

**Түркістан қаласы
«Ақ желкен» санаторлық
балабақшасының тәрбиешісі
Байзакова Лаура Мейрамбековна**

Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі мақсаты баланың жас ерекшелігіне сай әлеуетті мүмкіндіктерін барынша дамытуға, функционалдық тұрғыдан сауатты, кез келген өмірлік жағдайларда меңгерген білім, білік, дағдыларын тиімді қолдануға қабілетті бірегей тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Бала өзіндік әлеуетін байқауы, өзінің күш-жігеріне сеніп, іс-әрекетте табысқа жетуді үйренуі тиіс. Бұл оның

балабақшадан мектепке көшуін анағұрлым жеңілдетіп, мектепте оқу барысында танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Тәрбиелеу мен оқытуға арналған ойындарды да үш топқа бөліп қарастыруға болады: - педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойын; - құрылымдалған ойын; - еркін ойын.

1. Педагогтің жетекшілігімен жүргізілетін ойында педагог ойынға қажетті материалдармен балаларды қамтамасыз етіп, ойынды бастап береді немесе ойынды бағыттау не баланы бағдарлау үшін ойынға қосылады. Құрылымдалған ойын барысында әдетте балаға қашан және не істеу керектігі жөнінде нұсқаулар беріледі. Құрылымдалған ойынның/тапсырманың нақты аяқталу кезеңі болуы ойын барысында өрбуі мүмкін әртүрлі нұсқалар санын шектейді. Бұл баланың ойынды қабылдауын жеңілдетеді. Сонымен қатар ойынның айқын құрылымы балаға ойынның ақырғы нәтижесіне жету үшін қандай қадамдар мен іс-әрекеттерді орындау қажет екендігін түсінуге мүмкіндік береді. Құрылымдалған ойынның ерекшеліктері балалар үшін алаңсыз ойнауға жағдай жасалған ойын/оқу ортасын қамтамасыз етеді, бала мұндай ортада басқа балалармен өзара қарым-қатынаста ойынға қажет дағдыларын дамыта алады. Бала ойын ережелеріне сәйкес іс-әрекеттерді ұғынып алған соң, ойынды өз бетінше бастап, басқалардың көмегінсіз өзі аяқтай алатын болады.

2. Құрылымдалған ойын – мектеп жасына дейінгі балаға белгілі бір дағдыларды үйретуге және дамытуға бағытталған ойын түрінде ұйымдастырылатын іс-шара. Құрылымдалған ойынға әртүрлі қимыл-қозғалыс ойындары мен жаттығулар (секіру, өрмелеу), суды, құмды, саз балшықты пайдаланатын ойындар, арт-терапия түріндегі ойындар (саусақпен, қылқаламмен, пастель бояулармен, түрлі түсті қарындаштармен сурет салу) жатады. Құрылымдалған ойында қолдануға болатын материалдарға су, құм, саз, ермексаз жатады, бала бұлардың көмегімен өзінің ой-сезімдерін білдіре алады. Бұл материалдар сондай-ақ сублимацияның дамуына ықпал етеді. Атап айтқанда, құрылымдалған материалмен жұмыс істеуге арналған сабақ ойын терапиясының ерте кезеңдерінде, баланың сезімдері әлі қалыптасып және саналы түрде сезінгенге дейін ерекше маңызды. Балалардың сумен, бояулармен, сазбен ойнауы олардың өз сезімдерін білдіруіне және белгілі бір нәтижеге, жетістікке жету сезімін сезінуге мүмкіндік береді.

3. Нақты шекаралары мен ережелері жоқ, бала қалағанын жасайтын еркін ойын. Бұл ойынның маңыздылығы балалардың өзара қарым-қатынасын дамытуымен байланысты. Еркін ойын балалардың талқылау, проблеманы шешу, қақтығыстардың алдын алу, келісімге келу және т.б. қарым-қатынас дағдыларын қалыптастырады. Балалар 2-3 жастан бастап аса белсенді бола бастайды. Олар өз белсенділігін тынымсыз іс-әрекеттері арқылы көрсетеді: ойыншықтарды алып бөлменің бір шетінен екінші шетіне жүгіреді, аласа орындықтарға, дивандарға өрмелеп мінеді және қайта түседі, әрі-бері жүреді

немесе жүгіреді, автомашиналар мен басқа да дөңгелекті ойыншықтарды жүргізеді, допты лақтырады немесе тебеді, т.б. Өз бетінше еркін қимыл қозғалыс жасау бала дамуының маңызды шарттарының бірі болып табылады, сондықтан балабақша тәрбиешісі бөлмеде де, ауладағы алаңда да балалардың қимыл-қозғалысын жетілдіруге қажетті бос орынның, ойыншықтар санының, құрал-жабдықтардың жеткілікті болуын қадағалауы тиіс. Педагог балалардың өз бетінше еркін ойынына жанама түрде жетекшілік жасай білуі керек. Ол ойынды бақылай отырып, кімнің қай ойынды немесе ойыншықты ойнай алмайтынын, кімнің аз қозғалатынын, ал кімнің, керісінше, тынымсыз екенін байқауы тиіс. Балалардың дербес ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, педагог олардың іс-әрекетін мұқият басқарып отырғаны жөн. Ол балалардың біреуіне жаңа ойыншықпен ойнауды үйренуіне көмектеседі, енді біреуіне бірге доп ойнауды ұсынады, ал тағы біреуіне тыныш отырып ойнайтын ойын тауып бере алады. Әдетте кіші жастағы балалар, әсіресе, бірінші кіші жастағылар тобының балалары жеке ойнағанды жақсы көретінін ескере отырып, тәрбиеші олардың жеке ойнауына мүмкіндік беруі тиіс, сонымен қатар балаларды бірлескен ойынға тартуға ұмтылуы керек. Ойын түрлерін оқыту әдісі ретінде пайдалану оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға ықпал етеді. Оқытудағы ойын технологиясының басты элементтері: ойынның алдында нақты оқу мақсаты қойылады, ойын әрекеттері арқылы нақты педагогикалық нәтижеге қол жеткізіледі, оқу қызметі ойын ережелеріне бағынады, оқыту материалдары ойын құралдары болып табылады. Ұжымдық қызмет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері оқушылардың басқа топ мүшелерінің пікірін құрметтеуді, ақырғы нәтижелерді болжауды, өздерінің ойын барысында атқаратын іс-әрекетін өз бетінше жоспарлауды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренуіне ықпал етеді. **Тәжірибеге талдау:** Үлгілік оқу бағдарламасының түйінді идеяларын, оқытудың тиімді тәсілдерін жоспарлай отырып, бағдарламада қарастырылған ойынның үш түрін «Коммуникация» білім саласына енгізуді жоспарладым. Ойынның тиімділігін осы білім саласында көре аламын деп ойлаймын. Сауат ашу оқу мақсатына қол жеткізу үшін *Педагог Жетекшілігімен Жүргізілетін ойын* түрін таңдадым. Себебі, дыбыстарды үйретуде педагог нұсқаулығының орындалуын, баланың білімді меңгеруін бақылау маңызды деп ойлаймын. Ойын «Бастапқы дыбысты тап!» - деп аталады. Ойын арқылы мақсатқа және күтілетін нәтижеге қол жеткізу үшін балаға икемді нұсқау құрастырдым. Нұсқауда балалар сөздерді айта отырып, сөз басында тұрған дыбысты табады, дауысты, дауыссыз дыбыс екенін ажыратады. Құрылымдалған ойын түрін Сөйлеуді дамыту оқу қызметіне енгізсем оқу мақсатын толық орындаймын деген ой болды. «Біздің балабақша» оқу қызметінің тақырыбы. Тыңдауды, айтуды, ана тіліне тән дыбыстарды айта білуді жетілдіру деген оқу мақсаттарын жоспарлап, күтілетін нәтижеге қол жеткіземін. Құрылымдалған ойын: «Естиміз, дыбыстаймыз, бейнелейміз!» деп аталады. Бұл ойынды алу себебім, баланың

тыңдалымын, айту дағдысын жетілдіруге, құммен жұмыс жасауда саусақ моторикасын арттыруға болады деп ойлаймын. Ойын үшін қажетті ресурстарды алдын-ала жинақтап алдым. (құм, геометриялық пішіндер, ютуб желісінен аудио жазба) Оқу мақсатының меңгеруін көру үшін төмендегі нұсқауды құрастырдым. Нұсқау: балалар берілген заттарды қолдана отырып, естіген дыбысты дыбыстайды, ненің дыбысы екенін құмда бейнелейді, атайды. 1- топ геометриялық пішіндерден құрастырса, 2- топ құмда саусақпен бейнелейді. Мен ойын барысында, баланың қызығушылық дағдысын көргім келді. *«Менің тобым»* деп аталатын еркін ойын түрін Көркем әдебиет оқу қызметінде жоспарладым. Оқу қызметінің тақырыбы: *Көркем Балабақша үйіміз»*. Оқу мақсаты ҰОБ-на сәйкес жасалды. Ойын нұсқауы : балалар өздері топтаса отырып бақша туралы ертегі құрастыру. Оқу мақсатына жетуге еркін ойын алуды жөн көрдім. Баланың ойын тыңдап, қарым-қатынас жасауын бақылағым келді. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын екі топта жүрді. Бірінші топқа түрлі суреттер берілді, екінші топта себеттерге салынған жемістер мен көкөністер түрлері берілді. Балалар қолдарына алған заттар атын атап, бастапқы дыбысты тапты. Мысалы: жапырақ- Ж дыбысы, Ағаш- А дыбысы. Әрі қарай дыбыстарды дауысты немесе дауыссыз екенін ажыратып, сөздер құрап айтты. Ойын қиындық тудырмады, барлық бала белсенділік танытты, Менің берген нұсқауымды тура, нақты орындады. Ойын нәтижесінде оқу мақсатына балалардың басым бөлігі қол жеткізе алғандығына қарап осы тәжірибе тиімді деп еспетедім. Біршама қолайсыздықтар да болды, балалар командалық жұмысқа үйренбеген, белсенділігі төмен бала, өзгенің айтқанын қайталаумен болды. Осы нәтижелерді ескере отырып, С есімді бала неге белсенділік таныта алмады деген ой болды. Демек, баланың қызығушылығын арттыруды күшейту ойын нұсқауын жеңілдету қажеттігін түсіндім. *«Естиміз, дыбыстаймыз, бейнелейміз»* құрылымдалған ойынында құм бетінде сурет салу балаларға ұнады. Сурет салуға қызықпайтын баланың бәрі де, құм бетінде саусақпен сурет салғанын көрдім. Ата-ана тарапынан -Сіз қандай ойын ойнадыңыз, балам қандай құммен жұмыс жасады? –деген сауалдар туындады. Демек балаларға құмда сурет салу, қағаз бетіне бейнелеуден қызықтырақ екенін зерделедім. Нұсқауды орындауда балалар зейінді бола түскенін, тыңдалым сәті жақсарғанын байқадым. Себебі, балалар тыныштық күйге еніп, «ненің дыбысы екен?»-деп өздеріне сұрақ қойып, жауап беріп жатты. Балалар дыбыстарды шатаспай тауып отырды. Олардың жауаптарын құм бетіне салған суреттері мен топтық құрастырған жұмыстарынан байқадым. Балалар пікір-талас жүргізіп, сұрақтарға бірлесе жауап іздеді. Бұл ойынның тиімді тұсы болғанын түсіндім. *Ойын өтуде орын алған сәтсіздіктерге келер болсам:* Шыдамсыз балалар анықталып, ережені бұзды, Өзгелерге еліктейтін бала анықталды. Неліктен Ж есімді қыз өз бетінше жұмыс жасай алмай отыр?- деген толғаныс болды. Мүмкін мен ойынның нұсқауын жақсартуым керек шығар деген ой түйдім. Егер мен

барлық баланың тыңдалымын жақсартсам ойын мақсатына жете аламын деп ойлаймын. Бұрын мен ойын барысында баланың тыңдалымын бақыламағанымды түсіндім.

«Балабақша үйіміз!» еркін ойынында балабақша туралы ертегі, шағын әңгіме құрастырды. «Мен апаймын, мен медбикемін»- деп рөлдерге бөлінді. Екі топ құрылып, 1-ші топта балалар әңгіме құрастырды. «балабақшаны ұнатамыз, ойнаймыз, серуендейміз» деп тізбектеп отырды. Бір-бірін тыңдап кезекпен сөйлесті. Ал, екінші топта балалар ойын бұрышында ойнады. Олар қалаған заттарымен ойнады, пікір-талас жасады. Ойын тақырыбы шамалы тыс қалған сияқты. Мен бұны балалардық мамандық туралы әңгімелесіп жатқанынан көрдім. Түсінгенім, Баланың қызығушылығына қарай ойын барысы өзгереді, *диалог, сыни ойлар*, командалық жұмыс қалыптасады. Мен бұны ойынның тиімді тұсы деп есептеймін. Себебі, бала еркіндікке түссе пікір айтуға дағдылана түсетінін көрдім. Ойын сәтінде топты басқару қиындады, балалар шулады, белсенділігі төмен бала ойыннан тыс қалып қойғанын байқап ойынның тиімсіз тұсы деген ой түйдім..

Қорытындылай келе, Ойын- баланың қызығушылығын арттыру арқылы, танымдық қабілеттерін дамытады, 4К моделі , коммуникативтілік дағдыларының жетілетінін байқадым. Болашаққа бағдар ретінде белсенділігі төмен баланы қызықтыру жолдарын қарастырып отырмын. Ол үшін балалармен жеке жұмыстар, дамытушы ойын-жаттығулар жүргізу қажет деп ойлаймын Ойындардың нәтижесі мен барысын бағдарлай келе, оқыту мен тәрбиелеу үрдісіне біршама жоспарлар жасадым:

1. Баланы командалық жұмысқа үйретемін, бақылау формасы-жазбалар жүргіземін.
 2. Ойын ережелерін нақтылай түсемін, бала мүмкіндігін ескеремін.
- Тәжірибедегі өзгерістер менің кәсіби шеберлігімді арттыра түсті. ҮОБ-ның түйінді идеялары мен Оқытудың тиімді әдістерін -дұрыс жоспарлауда, «Тұтас бала» бейнесін қалыптастыруда бірізділік болу қажет деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Бала мен балабақша» Республикалық педагогикалық журнал №5, 2021ж
2. «Педагогикалық шеберлік» Республикалық Ғылыми –Әдістемелік журнал №3,2021
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына нұсқаулық Астана 2019
4. «Тілашар» Республикалық педагогикалық журнал №3, 2021

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ»

Темирбаева Акмарал Мейрбековна
Түркістан облысы әдістемелік орталығы КММ-нің
«Тәрбие және қосымша білім беру бастамаларын дамыту»
бөлімінің кітапхана ісі әдіскері

Құрметті облыстық тамыз конференциясына қатысушы әдіскерлер мен кітапханашылар!

Қадірлі әріптестер! Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі өздеріңізге белгілі, екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Осы орайда, мен өткен 2020-2021 оқу жылына қысқаша тоқталғым келеді, яғни өткен оқу жылы кітапхана саласы бойынша көптеген игі істер атқарылды. Бірінші кезекте «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында облыс көлемінде «Кітапханаға кітап сыйлаймын!» атты акциясы басталып кетті. Білім беру саласының басшыларының бастауымен бітіруші түлектердің қолдауымен аталмыш акция барысында мектеп кітапхана қорлары әр түрлі саладағы әдебиеттерге толықтырылды. Акция барысында жиналған әр түрлі саладағы әдебиеттер мен көркем әдебиеттерді оқырмандарға жеткізе отырып әрбір жас ұрпақтың рухани бай болуына басты себепкер бола алдық. Және де мектеп кітапхана қорын әдебиеттерге толықтырдық. Жалпы акция барысында 18143 дана әдебиеттерге, 4 дана компьютер және 10 дана ноутбукқа толықтырылды оның ішінде 1 дана компьютер Төлеби ауданының Қ.Тыныбеков ЖОМ мектеп кітапханасына тарту етілді. Акция әле де жалғасын таба бермек.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен «Оқуға құштар мектеп» жобасын іске асыру мақсатында Ұлы ғұламалардың мерей тойларын атау барысында көптеген халыққа танымал азамат пен азаматшалармен кездесу кештер, челенждер, оқу марафондары, әр түрлі конкурстар, виртуальді кітап көрмелері, бастауыш сыныптарға арналған онлайн саяхат сабақтар, кітаптың шығу тарихымен таныстыру кітапханалақ сабақтар тағысын тағы игі іс-шаралар жоғары деңгейде атқарылып барша оқырман назарына ұсынылды. Аталмыш жоба аясында аудандық, қалалық білім беру ұйымдарының біршама мектеп кітапханалары ішінен **COWORKING** орталықтары Түлкібас, Мақтаарал, Келес, Шардара, Төлеби, Ордабасы, Отырар, Сайрам аудандарында барша оқырмандар үшін ашылып жұмыс жасады. Сол үшін құрметті әріптестер, облыстық білім басқармасы, әдістемелік орталығы және өз атымнан шынайы алғысымызды білдіреміз.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында облыстық әдістемелік орталығынан жолданған ағартушы Ы.Алтынсариннің 180 жылдығына орай

«Ұлы даланың – ұлы Ұстазы» атты челенждерді әрі қарай жандандырып жалғастырған Қазығұрт, Созақ, Шардара, Сайрам аудандарының кітапхана ісі әдіскерлеріне ерекше алғыс айтамын. Тағы бір жақсы жаңалық, Ордабасы ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімінің кітапхана ісі әдіскері, Г.Сейдуәлі «Төрткүлтөбе» жалпы орта мектебінің кітапханашысы Д.Бибеквалардың құрастыруымен «Мектеп кітапханасында оқырмандар қызығушылығын арттырудағы қолданылатын заманауи әдіс-тәсілдер» атты әдістемелік нұсқаулық Түркістан облысының әдістемелік орталығының кеңесінде қаралып, 18.01.2021жылы №1 хаттамамен бекітіліп, облыс көлемінде таратылу үшін ұсынылды.

Бүгінгі жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Осы орайда, мектеп кітапханасы бүгінгі жаңартылған білім мазмұнының ресурстық орталығы. Мектеп кітапханасының білім сапасына қосатын үлесінің нақты механизмдері, ол - жаңа технологияларды кеңінен қолдану және енгізу. Қазіргі кезде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Сондықтан әрбір маман оқытудың жаңа технологиясын, жаңа әдіс-тәсілдерін өз тәжірибелерінде өткізу тиімді. Іс-шараларда қолданылған жаңа әдіс-тәсілдердің өзі әрбір кітапхана мамандарының шеберлігіне байланысты әрқалай жүзеге асырылады.

Осы орайда, 2021-2022оқу жылында ҚР жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Сіздерді хабардар етемін.

Құрметті әріптестер! Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту деп белгіленген.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жұмыстың **негізгі бағыттары**:

- ✓ қалалық және ауылдық мектептердегі білім берудің сапасы және білім алушылардың білім сапасы арасындағы алшақтықты қысқарту;
- ✓ оқытудың қауіпсіз және жайлы ортасын қамтамасыз ету;
- ✓ үздік практикалар негізінде білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымдарының сапасын бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу;
- ✓ оқытудың сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету;
- ✓ білім алушының зияткерлік, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету;
- ✓ білім беру ұйымдарын цифрлық инфрақұрылыммен және қазіргі заманғы материалдық-техникалық базамен жарақтандыру болып табылады.

Білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыруды нормативтік құқықтық қамтамасыз ету.

Кітапхана ісінің басты негізге алатын бұйрығы, ол «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендерінің, құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштегілердің тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің **2021 жылғы 23 сәуірдегі № 179 бұйрығы** <https://adilet.zan.kz/>. Аталмыш бұйрық негізінде 2021-2022 оқу жылында оқуға рұқсат етілген оқулықтардың тізімі қоса тіркеледі.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 13 тамыздағы «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» **№ 345 бұйрығы** <https://nao.kz/>. Біздер биылғы жаңа оқу жылынан бастап оффлайн форматта оқу ҚР Білім және ғылым министрі тарапынан айтылды. Дегенмен де осы бұйрық негізінде сақтық шараларын ұстану ұсынылды.

2021 - 2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдері Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің бұйрығымен белгіленеді.

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы. Бұл идея былтырғы тамыз конференциясында айтылған болатын ал, бүгінгі таңда жүзеге асырылып отыр. Бүгінгі жас ұрпаққа берілер білім мен тәрбиенің өз мәнінде сапалы болуы бірінші кезекте тұрғаны анық. Биылғы оқу жылында 1-сыныптарға «Цифрлық сауаттылық» пәндерінің енуі, тағы ерекшелік биылғы оқу жылынан бастап француз тілі 1 сыныпқа, неміс тілі 2 сыныпқа еніп отыр және әрбір бүлдіршіндер 100 пайыз аталмыш оқулықтармен қамтамасыз етіледі. Алғашқы қоңырауға арналған «Кел, балалар, оқылық!» салтанатты жиыны 1-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылады және «Әліппе», «Букварь» алғашқы оқулығы салтанатты түрде табыс етіледі. Іс-шараға бірінші сынып оқушылары ата-аналарының біреуіне қатысу ұсынылады. Биылғы оқу жылында еліміздің мектептері ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11-сыныптарда Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында республикалық сынып сағаты, ашық сабақ өтіледі.

«Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру. Биылғы жаңа 2021-2022 оқу жылында да «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында қыруар жұмыстар Жол картасында көрсетілгендей жалғасын тауып атқарылу күтіледі. Атап айтар болсам: кітап оқу күзиреттілігін арттыруға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылу яғни іштен оқуға, мағыналы оқуға, мәтінмен жұмыс істеуге уақыт бөлу, 20 минут, 5 минут дауыстап оқуға уақыт бөлу, әр сабақта бастауыш сыныптарда «Бес минуттық» оқуды өткізу, білім алушылардың тақырыптық конкурстарға, шығармаларға, эссеге қатысуы, ақпаратпен жұмыс істеудің бірыңғай режимін енгізу, «Сыныптың үздік

оқырманы», «Ең көп оқитын сынып», «Мектептегі жыл оқырманы», конкурстары жоспарланып, іске асырылу. Бірыңғай оқырман қауымдастығын қалыптастыру бойынша ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру: «Мектеп–кітапхана-отбасы», «Оқырман ана», «Ең оқырман отбасы», «Оқырман достар», «Оқуға құштар ата-ана – оқуға құштар бала», «Ана қолындағы кітап» конкурстары, «Менің үй кітапханамдағы кітаптар» бұлдіршіндерге балалар кітаптарын таныстыру және «Біздің үй кітапханамыз» буккроссингі, «Менің отбасым оқырман» оқу марафондарын жүзеге асыру. Ата-аналармен мектеп кітапханасының тығыз байланыста болып ынтымақтастық құруы өскелең ұрпақтың өте сауатты болуына үлкен септігін тигізері сөзсіз.

Барлық білім беру ұйымдарының мәдени мекемелермен әлеуметтік серіктестігі;

- Ақын-жазушылардың қатысуымен шығармашылық кездесулер өткізу;
- Біз бір-бірімізге оқимыз: кіші жастағы оқушының үлкен жастағы оқушылармен кездесуі және кітап оқуы;
- Оқу конференцияларын өткізу;
- Интернет технологиясы арқылы оқуды насихаттау; сайттарда оқу мәдениеті мәселелерін талқылауға қолжетімділікті қамтамасыз ету;
- Жазғы оқу залдары;
- «Бірге оқимыз!» атты кітапханаларда жүздесу күнін өткізу.

Мектеп пен отбасында күнделікті «20 минут кітап оқу»-ды ұйымдастыру ұсынылды яғни сыныптарды сабақтан тыс уақытта кітапхана оқу залында (оқу залы жоқ мектеп кітапханалары абонементте) алдын-ала график түзу арқылы оқытуды ұйымдастыру жоспарлану керек. 20 минут кітап оқу арқылы Сіздер баланың ойлау қабілетінің артуына бірден-бір жол аша аласыздар. Кітапхана қорында баланың қызығатын кітабы жоқ болған жағдайда бала өзінің жеке кітапханасындағы қызықты кітаптарын мектепке ала келіп өз достарымен бөлісу мүмкіндігі туылады. Осылайша балалар бір-біріне деген жанашырлық, бауырмалдық қасиеттерін қалыптастырады.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру білім саласының мамандарына үлкен жауапкершілікпен тапсырылып отыр. Жыл сайын жазғы мектеп барлық білім алушылар үшін оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарта отырып жұмыс істейтін болады бұл деген сөз сол уақытта мектеп кітапханашылары да баланың жас ерекшелігін ескере отырып көркем әдебиеттер тізімін анықтап, оқуға ұсынуды жоспарлай аласыздар. Кітапхана жұмысын бір жылға жоспарлағанда міндетті түрде жылдың мерейтой иелерінде қамтитынымыз өздеріңізге белгілі осы орайда, 2021-2022 оқу жылындағы нұсқау хатта **мерейтойлық күнтізбелік** күндерге назар аудару ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – **30** жыл;
- Семей ядролық полигонының жабылуына – **30** жыл;

- Қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі Ыбырай Алтынсариннің туғанына – **180** жыл;
- Қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – **175** жыл;
- Қазақтың әйгілі күйші-композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – **160** жыл;
- Көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, Алаш қозғалысының жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – **155** жыл;
- Қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – **150** жыл;
- Қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – **90** жыл;
- Этнограф, өнертанушы, әдебиетші, журналист, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – **80** жыл және құрметті әріптестер басқа да даталы күндерді жылдағыдай қосымша атап өтуді жоспарлаймыз.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы 2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдарында мынадай жобалар іске асырылатын болады.

Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін арттыру мақсатында білім алушылар арасында **«Оқуға құштар мектеп»** жобасы барлық өңірде біртіндеп енгізіледі. Жобаның негізгі бағыттары өзара қарым-қатынас пен әлеуметтік әріптестік арқылы білім алушылардың оқу құзыреттілігін, оқу мәдениеті мен оқу белсенділігін арттыруды, оқу сауаттылығы бойынша халықаралық зерттеулерге қатысуын жалғастыруды, оқырмандар қауымдастығын қалыптастыруды, іс-шараларға ата-аналарды қатыстыруды көздейді.

Мектеп сайтында үздік балалар әдебиеті мен мектеп әдебиетіне арналған түрлі сервистер оқырмандарға ұсынылуы тиіс. Мектеп холдарында үлкен үзілістерде кітап оқуды ұйымдастыру үшін **«Буккроссинг»** бұрыштарын ұйымдастыру баланың бос уақытының тиімді пайдалануына дағдыланады. Кітаптарды электронды форматта, соның ішінде мобильді құрылғылардың көмегімен оқу мүмкіндіктерін кеңейтетін, балаларға әдебиетті таңдауда дұрыс бағдар алуына көмектесетін, кітап оқуға құмар балалар санын арттыратын жаңа электронды ресурстарды пайдалануға болады.

1 қыркүйекте дәстүрлі форматта білім беру ұйымдарын ашу үшін келесі **санитарлық-эпидемиологиялық** талаптарды сақтау ұсынылады.

Мектепке кіреберісте мұғалімдер мен техникалық қызметкерлерге, балаларды мектепке жеткізетін ата-аналарға **Ashyq** қосымшасын қолдану, білім беру ұйымдарын жеке қорғаныс және залалсыздандыру құралдарымен толық қамтамасыз ету ұсынылады.

Мектеп кітапханаларының қорын толықтыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі М.Әуезов атындағы Әдебиет

және өнер институты әзірлеген көркем әдебиеттер тізбесі ұсынылады. Бұл тізбе Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА-ның www.nao.kz сайтында орналастырылған. Және де оқу сауаттылығын арттыруда мынадай порталдарды жұмыс барысында қолдану мүмкіндіктеріңіз бар: www.BilimLand.kz - электрондық оқулықтар мен қосымша цифрлық білім беру ресурстары орналасқан білім беру порталы және www.imektep.kz - қазақ тілінде оқытатын мектептерге арналған электрондық оқулықтары бар бастауыш мектептің мультимедиалық курсы.

Кітап оқудың ҰЛТ болашағы үшін маңызы зор. Яғни білімсіз қоғам ешқашан да өрге басқан емес.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы»: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 320 б.
2. Кәрішалова К. Кітапхана - жаңа ғасыр мәдениетінде(балалар әдебиеті проблемалары) // Саясат.-№3.-2016ж. 28-29 бет.
3. «Мектептегі кітапханашы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, 2020 ж.,
4. www.egemen.kz сайты <https://egemen.kz/>
5. Қосымша баспасөз материалдары

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында «Оқушылар бойында адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру”

**Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
Ә.Бектаев атындағы жом;
Сабырова Толғанай Бахытқызы,
кітапханашы**

Құрметті кітапханашылар!

Бүгін тағы бір жаңа оқу жылының басталар шағында кездесіп отырмыз. Баршаңызды келе жатқан Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Білім – тамыры терең, танымы мол ерекше ұғым. Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов «Білім – бақтың жібермейтін қазығы»,- деп білім мен бақыттың ажырамайтыны туралы нақыл сөз айтты. Осыған байланысты, білім саласы үнемі жетіліп, жаңарып отыруды қажет етеді. Біз өмір сүріп отырған қазіргі кезең – бұл жаңа дәуір. Жаңа көзқарасты, жаңашылдықты талап ететін кезең.

Бүгінгі таңда қоғамда болып жатқан өзгерістер, қоғамның өркениеттік деңгейге жоғарылауы, ашық ақпараттық кеңістікке өту кітапханалардың жаңа бағытта жұмыс істеуін талап етеді. Мектеп кітапханашысының басты мақсаты заман ағымына сай жаңалықта болуы. Ақпараттық жаңа технологиялар мен интернет жүйесі дамыған уақытта оқырмандарға дәстүрлі қызмет көрсетумен қатар, ақпараттық телекоммуникациялық қызметтің сан алуан жолдары арқылы оқырмандарға қызмет көрсету кітапхана жұмысының күнделікті іс-әрекетіне айналуы тиіс. Яғни, кітапхана маманы жан-жақты кәсіби шебер болуы керек.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырысында электронды дәуірдегі дәстүрлі кітапхананың ағартушылық рөліне тоқталып, мектеп кітапханаларындағы кітап қорына жаңартулар мен толықтырулар енгізудің аса маңызды екенін атап айтқан еді. Осыған орай, мектеп кітапханаларын қайта жаңғырту мен оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатындағы республикалық «Оқуға құштар мектеп» жобасы өз жұмысын бастады. Кітапханалар жұмысын оңтайландыру мен өскелең ұрпақтың кітап оқу сауаттылығын арттыру бойынша көркем әдебиеттің электронды базасын жасау және сандық технологияларды дамыту көзделген. Кітап оқуға қызығушылықты ояту үшін кітапханаларда IT, Coworking, STEM орталықтары ашылады.

Кітап оқымайтын бала болмайды. Қызықтыра алмайтын ата-ана, мұғалімдер, үлкендер болуы әбден мүмкін деуіміз керек. Ол кеше туған баланың ойында кітап туралы ешқандай түсінік жоқ. Егер кітапты сатып әкеліп, «ой қандай тамаша, кел оқиық», - деп уақыт бөліп бірге оқитын болсақ, кез-келген бала қызығады. Бірақ, мұны ертерек бастауымыз керек. Тіпті, бір жастан бастап балаға кітаптың суреттерін көрсетіп еліктіре бастаған дұрыс. Сонда ғана баланы кітап оқуға баурай аламыз.

Бүгінде қазақ тіліндегі балаларға арналған қызықты кітаптар жеткіліксіз. Қазір суреттері әдемі, қағазы сапалы кітаптар баршылық. Бірақ көбінің ішкі мазмұны ойға қона бермейді. Тілі ауыр, оқиғалары мәнсіз екенін байқау қиын емес. Сосын бізде балалардың жүрегін жаулап алған, аузынан түспейтін, кітаптағы кейіпкерлері түстеріне кіретін Қазақстандық балалар жазушылары жоқ. Тіпті, балаларға «қандай балалар жазушыларын білесіңдер?» десең мүдіріп қалады. Сондықтан, бұл ойланатын мәселе... Уақыт өте электронды кітаптар алға шығып, қағаз кітаптар жойылады деген пікірлер болған... Егер кітап рыногын барласақ, мүлде олай емес екен. Қайта қазір дамыған елдерде қағаз кітаптардың жаңа «бумы» басталды деуге болады. Жапония, АҚШ сияқты елдерде кітап өндірісі дамып жатқаныны туралы ақпараттар таралып отыр. Бұл өркениет қанша дамығанмен, адам және оның адами болмысы өзгермейтінін көруге болады. Сондықтан, әр заманда адамға электронды кітап емес, жастанып жатып оқитын қағаз кітап керек. Біз бүгінгі балаларға арналған қандай кітаптар жазылғаны абзал деген тақырыпта көп ойланамыз

Егер әлем елдеріндегі кітап рыноктары туралы ақпараттарды барлап сөйлейтін болсақ, әйгілі тарихи тұлғалардың балалық шақтары туралы көркем туындылар мен фантастикалық кітаптар жақсы өтуде екен. Яғни, бізде балаларымызға Абайдың, Шоқанның балалық кезеңдерін бейнелейтін көркем әдеби кітаптар ұсынайық, өз фантастикамызды жазайық, аударма емес. Түрлі ақпарат беретін энциклопедиялар жақсы, бірақ олар көркем туындының орнын баса алмайды. Онда ішкі рухани әлем жоқ. Сондықтан, балаларымызға көп-көп көркем туындылар керек.

Түрлі зерттеулерді саралай келе, балаға кітап оқытудың бес амалын түйіндедік.

Балаға кітап оқытудың бес амалы:

1. Балаға кітап оқып беруді бір жастан бастау керек.
2. Балаға кітапты анда-санда емес, күнде аздан оқып беруді әдетке айналдыру керек.
3. Бала өз бетінше кітап оқуға әдеттенгенге дейін, ата-ана кітапты бірге оқуы керек.
4. Жақсы кітапты талғап беру керек.
5. Кітап сыйлауды дәстүрге айналдыру керек

Білім беру ұйымдарындағы кітапханашылары оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыру мақсатында атаулы күндерге арналған бейнежазба жұмыстарымен бөліседі, көпшілік арасына таратады. Бейнежазба арқылы оқушылар ақын-жазушылардың өмірбаянымен, шығармашылығымен танысады.

«Okuga kushtar mektep» жобасының негізгі бағыттары:

1. «Оқығаныңды» суретке түсір
2. «Біз оқыған кітап» челленджі
3. «Жас оқырмандар күнделігі» ақынмен жүздесу
4. «Okuga kushtar mektep» кітап көрмесі
5. «Кітапханалық» сағат
6. «Отбасыммен кітап» оқу
7. «Бала тілі – бал» рубрикасы

Жобаның жүзеге асырылуы

1. 2020 жылдың қараша мен желтоқсан аралығында
2. Шығарылған бейне шоулардың саны
3. Қантар – ақпан 2021ж.
4. 100-ден астам оқушы өз пікірлерімен бөлісті
5. Instagram және Facebook желілерінде
6. Жобаны іске асыруға үлес қосқан кітапханашылар саны

Жоба миссиясы: оқушыларға қызмет көрсететін мектеп кітапханаларының еңсесін көтеру, дәстүрімізді сақтай отырып, өскелең ұрпақтың білімін, рухан байлығын арттыру, бейнежазба арқылы тиімді ақпаратпен қамтамасыз ету.

Жоба міндеттері:

1. Көркем әдебиеттерге деген қажеттілікті арттыру;
2. Кітаптардың насихаттаудың түрлі формалары мен әдістерін ұйымдастыру;
3. Ақпараттық коммуникациялық технологиялардың қолданылуын жетілдіру;
4. Бейне жазба арқылы тыңдаушыларды кітап оқуға қызықтыру;

Жобаның өзектілігі: бейнежазбаның көмегімен кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыру, оқу тәжірибесімен алмасу және кітаптардың маңыздылығын түсінуге бағытталған.

Аптаның әр сәрсенбісінде Facebook пен Instagram парақшаларында жоспарға сай атаулы күндерге жасалған бейнежазба жүктеледі. Бейне жазбаларды **QR-** код арқылы көруге болады.

1. М.Әуезовтың өмірбаяны мен шығармашылығы



2. Ө.Тұрманжановтың өмірбаяны мен шығармашылығы



3. Ә. Сәрсенбаевтың өмірі мен шығармашылығы



4. И. Байзақовтың өмірі мен шығармашылығы



5. Ғ. Мұстафиннің “Шығанақ” романына 75 жыл

**Қорытынды**

Оқу мен оның өздігінен кітап оқуына байланысты баланың жалпы дамуы жоғарылайды. Кітаппен жұмыс жасау арқылы оқушының білім сапасы артады. Кітап оқу арқылы оқушылардың сөздік қоры дамиды. Балалар әдебиеті бізге терең өмірлік тәжірибе беріп қана қоймай, жас ұрпақ бойындағы парасатқа дүниетанымдық құштарлық, шындыққа сүйіспеншілік, ақиқатқа іңкәрлік сезімдерін оятып, адамгершілікке тәрбиелейді, келешегіне жол ашып, бағыт сілтейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Мектептегі кітапхана» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, № 2 2016 жыл. 2-3 бет.;
2. Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп кітапханалары ресурстарын дамыту бойынша. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016 21-25 бет.;
3. «Мектеп кітапхана» республикалық ғылыми-әдістемелік - №2 журнал, 2017ж.;
4. Ғаламтор материалдары.

«КІТАПТЫ ОҚУДЫ МЕНГЕРУДІҢ ЗАМАНАУИ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ»

Шеримбетова Жазира Нурлыбаевна
Түркістан облысы, Отырар ауданы,
«С.Сейфуллин атындағы жалпы орта мектеп» КММ.
Кітапхана меңгерушісі

Кітап – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған өсиеті. Адамзат баласының қол жеткізген ұлы игіліктерінің бірі – білім қазынасы. Ал білім сипаты алуан түрлі. Ол ұрпақтан – ұрпаққа ауызша, жазбаша түрде немесе көркем әдебиет арқылы да жеткен. Кітап адам баласының сан ғасырлық ақыл – ойының жемісі, тарихы мен тағылымының алтын сандығы. «Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсақ, ой ойлаудан да тиылар едік» - дейді Ғабит Мүсірепов.

Кітап таңдап талғап оқи білу, оны түсіну мен түйсіну, алған әсерінді өмір қажетіңе жарата білу – әрбір адамның білігі мен білімін, пайымы мен парасатын айқындайтын алғы шарттардың бірі. Міне, осы асыл қазынаны оқу қазіргі таңда төмендеп отыр. «Кітап маған тақтан да қымбат», - деп атап көрсеткен Шекспир.

Өкінішке орай, көркем әдебиетке деген өз бетімен балалардың қызығушылығы азайды. Себебі, әдебиетке деген құлсыздық пайда болды. Оның себептерін күнделікті қолданысқа енген ғаламтор торабы мен компьютер секілді құралдардың әсері деп білеміз. Бала кітап оқып, ойын қорытудың орнына теледидардан дайын өнімдерді көруге бейім. Мұның барлығы балалардың кітап оқуына үлкен кедергі келтіреді. Ал ата–аналар болса бүгінгі таңда тым жұмысбасты. Баланың теледидар қарауын белгілі бір уақытқа ғана шектеп, кітап оқуына арнайы көңіл бөліп, қадағалап отыруға олар уақыт таппайды. Қоғамымыздың рухани әлемін жұтандатып әкетіп бара жатқан осы мәселеге ден қоюымыз да тегін емес.

Кітапхана —мәдени-ағартушылық орталық. Кітапхана баспасөз шығармаларын жинау, сақтау, насихаттаумен, оқырмандарға баспасөз шығармаларын берумен, мәдени-ағарту және ғылыми-көпшілік жұмыстарын ұйымдастырумен шұғылданады. Кітапхана атқаратын міндетіне, кітап қорының құрамына және жұмыс әдісіне қарай екіге бөлінеді: а) көпшілік; ә) ғылыми және арнаулы.

Көпшілік кітапхана — оқырманға қоғамдық-саяси, кәсіптік, жалпы білім беретін басылымдарды ұсынады. Ғылыми және арнаулы кітапханалар, ғылым салалары мен белгілі бір ұйымдарға (мекемелер, оқу орындары, т.б.) қызмет етеді.

Кітапханалар жазба ескерткіштердің қоғамдық қоймасы ретінде ерте заманда пайда болған. Біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырдың ортасында Ассирия патшасы Ашурбанипалдың сарайында қыш тақталарға жазылған жазбалар жинағы сақталған. Көне кітапханалардың ішінде Александрия кітапханасы әлемге әйгілі. IX-XI ғасырларда Бұхара, Самарқанд, Отырар, Үргеніш, Мерв қалалары ғылыми және әдеби кітап қорларымен аты шықты. Ұлы ғұлама әл-Фарабидің туған қаласы Отырарда Александриядан кейінгі әлемдегі екінші ең ірі кітапхана болған деп есептеледі.

Шын мәнінде дүниеде кітап пен кітапхана болмаса, адамдар рухани білімін үнемі жетілдіріп отырмаса, мына өмірде тоғышарлық орнап, адамзаттың сауатсыздануы, адами құлдырауы басталған болар еді. Өйткені кітапхана – мәңгілік парасаттың киелі ғимараты болса, кітапханашы сол ғимараттағы рухани қазынаның шырақшысы әрі- ақыл-ой әлеміне жол сілтеуші іспетті.

Біздің мақсатымыз - оқушылардың кітапқа деген тілегі мен сұранысын қанағаттандыруды күннен-күнге жақсарта беру болмақ.

Кез-келген адам, ақыл иесі ретінде, өмір сүруге және оған қоса өзінің білімін жетілдіріп отыруға міндетті. Сондықтан оқу әр адам үшін қажет, оқусыз өмір мағынасыз өмір болып қалады. Конфуций: «Ойланбай оқу – бекер еңбек; оқымай ойлау – қауіпті», - деген. Ал Сенека: «Қорғанды оқудан ізде, сен өмірдің барлық қайғы-қасіретінен құтыласың. Күндіздің қамы түнде күрсіндіруін қояды, сен өз-өзіңе масыл және басқаларға пайдасыз болмайсың,» - деп жазған.

Дегенмен кез келген адам, әсіресе жастар арасында дұрыс кітап оқуды біле бермейді, оқу мәдениеттілігінің элементтерімен таныс емес. Оқудың қарапайым дағдылары әрине, кез келген сауатты адамға тән, бірақ бұл дағдылар біз оқу ретінде түсінетін өте күрделі шығармашылық процестер үшін тек негіз бола алады. Кейбіреулер оқуды тек көңіл аулау деп түсінеді. Оларды әдетте сюжет бойынша не болып жатқаны немесе не болатыны қызықтырады, бірақ оқиганың қалай суреттелгеніне, автордың қандай ой қозғағаны, суреттеушінің шеберлігіне көңіл аудармайды. Кейбіреулер ғылыми және техникалық әдебиеттерді оқуды және жұмыс істеуді білмейді.

Кітаппен шындап жұмыс істей алмау біреулердің кітапқа деген сүйіспеншілігін мұқалтса, енді біреулерді жүйесіз, ойланбай оқуға әкеліп соқтырады. Сондықтан, басылған шығарманы дұрыс пайдаланып, одан неғұрлым көбірек пайда, сабақ алу үшін бір ғана оқудың техникалық дағдысы жеткіліксіз. Ол үшін оқу мәдениеттілігін игеру керек.

Халықтың осындай жан азығынан, рухани байлықтан қол үзіп бара жатқандықтан, мемлекет тарапынан дабыл қағылып жатыр. Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаев: “Кітап оқу – рухани кемелденудің көзі. Қазіргі уақыт – секунд сайын жаңарған ақпарат заманы. Алтын уақытымызды пайдалы істерге жұмсағанымыз жөн”, – деп әр тұлға оқуға тиіс деп санайтын 30

таңдаулы кітаптың тізімін ұсынған болатын. Қазір осы бағытта маңызды бағдарламалар жасалуда. Адамзат ақыл-ойының жиынтығы кітапта болса, білім – соны сақтайтын қазыналы сандық. Сол сандықтағы байлықты қалай алуға болады? Кітап әлеміне баланы қалай енгізуге болады? Әрине, бұған «Табысты оқу» жобасы көмекке келеді. Жақсы кітап деген не? Кітап оқудың маңызы қандай? Кітап оқудың пайдасы неде? Неге кейбір адамдар оқуды әлі де жалғастыруда, тек демалу немесе бос уақытты өткізу үшін ғана емес шығар? Әрине, кітап оқудың пайдасы зор екендігінде сөз жоқ. Жақсы кітапты оқу арқылы адамның білім көкжиегі кеңейеді, ішкі жан дүниесі байиды, есте сақтау қабілетін арттырады, сөздік қоры көбейеді, өз пікірін еркін жеткізе алады.

Ендеше, қалай көз жеткізуге болады? Мысалы бір классиктің шығармасын оқысаң-ақ болды, бұрын екі сөздің басын құрамайтын адам, өз ойын жеткізе алатындай дәрежеге жететініне күмән жоқ. Сондай-ақ оқу логикалық ойлауды дамытады. Оқығаныңды іштей талдасаң, адам психологиясын жетік түсіне бастайсың. Көңіл-күйің болмаса да кітап оқу бір сәт жабырқаудан арылтады, тіпті уақытша болса да уайымыңды басады және де кітап оқудың тағы бір пайдасы адам ағзасының қартаймауына септігі бар екенін оқымыстылар дәлелдеген.

Баланы кітап оқуға қызықтыру – үлкен шаруа. Себебі барлық бала бірдей кітаппен дос емес. Сондықтан осы үш түрлі тәсіл мен қағида тиімді деп ойлаймын.

1. Кассиль тәсілі

Кассиль тәсілі – баланы кітапқа қызықтырудың танымал әдісі. Бұл оқи алатын, бірақ кітап оқуға құлқы жоқ балаларға арналған. Кассиль тәсілі бойынша, ата-ана кітапты баламен бірге оқып бастап, қызық жеріне келгенде үй шаруасын сылтауратып баланы жалғыз қалдырып кетуі керек. Кітаптың қызығын көрген бала оны соңына дейін оқып бітіретіні анық. Мұндайда ата-ана баланың өз бетімен оқып бітіргенін мақтап, ынталандырып отырғаны жөн.

2. Искра Даунис тәсілі

Психолог Искра Даунистің бұл тәсілін басқаша "сүйікті кейіпкер хаты" деп те аталады. Бала таңертең оянғанда бөлмесіне оның сүйікті мультфильм кейіпкері (мысалы Карлсон) хат қалдырғанын көреді. Хатта Карлсон балаға сыйлығы бар екені және оны қай жерге жасырып қойғаны жазылған. Бала расымен сыйлықты тауып алады және келесі күні де хат тауып алады. Бірақ бұл жолғысы сәл ұзақтау. Карлсон өзінің қызық оқиғаларын, бала өміріндегі маңызды нәрселерді жазады. Күн сайын хат ұзарып, күрделене түседі. Осылайша хатты оқу арқылы баланың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға болады.

3. Белгілі бір кітапты оқуға тыйым салу

Балаға үйде жатқан белгілі бір кітапты оқуға тыйым салу да бір тәсіл. Оның сәл манипуляциялық негізі бар, себебі "оны оқуға сенің жасың әлі жеткен

жоқ" деп алдауға тура келеді. Бірақ бұл – жақсы ниетпен айтылған өтірік және тыйым салынған заттың құны артатыны белгілі.

Баланың әр қатесін айтып, ұрыса берген дұрыс емес. Ол өз мүмкіндігіне қарай оқуға тырысады. Одан да оның әр дұрыс оқып-жазғанын айтып, қолдап отыруымыз керек. Жалпы, оқушылар кітап оқымай ма, әлде мектеп оқушылары қызығып оқитын көркем әдебиеттер жоқ па деген сұрақтың да ойға оралатыны анық. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «**Оқуға құштар мектеп**» жобасын қолға алды. Оқу – біздің балаларымыздың білімін, тәрбиесін және мәдениетін арттырудың маңызды факторы. Ой-өрістің кеңеюіне, жан-жақты дамуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқындағы жағымды тұстарын бойға сіңіруге көмектеседі, адамды тәрбиелейді және рухани байытады. Көркем әдебиеттің электронды нұсқаларын интернет және мобильді қосымшалар арқылы қолжетімді ету - басты міндет.

Мектеп кітапханасында осы бағытта біршама жұмыс атқарылып келеді. «Бір ел – бір кітап» атты акция аясында қазақтың ақиықтары Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Мағжан Жұмабаевтарға арналған әдеби-сазды кештер өтті. Интерактивті тақтаны пайдаланып өткізген «Сөз маржаны» сайысы оқушылардың тіл байлығын дамытуға, сөздік қорын пайдалана білуге, өзін көпшілік алдында ұстауға, сөйлеу мәдениетіне үйретеді. Оқушылар түрлі іс-шараларға көмек көрсетіп, кітапханалық бюллетень шығаруға, кітаптарды өңдеуге қатысады.

«Кітапханашы сабағы», мектеп дәлізінде «Оқы да, басқаға қалдыр!» тақырыбымен «Буккроссинг көрмесі» үздіксіз ұйымдастырылып отырды. Оқушылар, ұстаздар, ата-аналар оқыған кітаптарын осы алаңға өткізіп, қалаған кітаптарын алады, кітап алмасады. Кітапхананы заманауи жабдықтау, демеушілерді тарту, мектеп кітапханасына ағымдағы жұмыстарды жүргізу, заманауи кітапхананы жабдықтау және әдебиеттік кітаптар қорын молайту үшін жұмыстар атқарылды. «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы барысында мектеп түлектері, демеуші ата-аналар қолдауымен алпыстан аса кітап сыйға тартылды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Кәрішалова К. Кітапхана - жаңа ғасыр мәдениетінде(балалар әдебиеті проблемалары) // Саясат.-№3.-2016 28-29 бет
 2. Дүтбаева Н. Кітап неге оқылмайды?: себеп пен салдар// Қазақ әдебиеті.- 2009.- 30 қаңтар.-1-3б
- www.egemen.kz сайты <https://egemen.kz/article/161566-kitapkhana-dgii-keletin-oqushy-ozyq-bolady>
4. Қосымша баспасөз материалдары

«КІТАП ОҚУ - КЕЛЕШЕГІ НҰРЛЫ ҰЛТТЫҢ АЙҚЫН КЕШІЛІ»

Жалалова Озода Эркинбековна
Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының
Сайрам ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
№41 Жамбыл атындағы жалпы орта мектеп
кітапхана меңгерушісі

«Оқуға құштар мектеп» жобасы не үшін бастау алды? Мақсаты мен міндеттері қандай? «Оқуға құштар мектеп» жобасы кітап оқушылардың кітап оқуға ықыласын арттырады. Қазіргі таңда елімізде оқушы жастардың кітап оқымайтыны туралы жиі айтылатыны жасырын емес. Жалпы, оқушылар кітап оқымай ма, әлде мектеп оқушылары қызығып оқитын көркем әдебиеттер жоқ па деген сұрақтың да ойға оралатыны анық. Жас жеткіншектерді «кітап оқымайды» деп бекерге кінәлай бергенше, олар қызығып оқитын кітаптарды көптеп шығарып, алыс ауылдардағы мектептерге таратудың маңызы зор. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды. Бұл жоба 2020-2025 жылдарға жоспарланды. Өткен 2020-2021 оқу жылында осыған орай көптеген іс-шаралар өткізілді. Ең көзге көрінген атқарылған жұмыс: «Мобильді кітапхана» стенді барлық кітапхана бұрыштарынан орын алғаны.

Жоспарға орай әр бір мектеп 2020 жылдың желтоқсан айынан бастап оқырмандарымызды, оқушыларымызды кітап оқуға тарту үшін түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды. Ашық сабақтар, Reader Time, тәрбие сағаттары, семинарлар, тәжірибе алмасу үшін кітапханалық сабақтар, QR-кодты электронды кітаптары бар стендтер т.б. Басынан бастасам, 2014 жылы мемлекеттік грант негізінде М.Әуезов атындағы ОҚМУ-не «Кітапхана ісі» мамандығы бойынша оқуға түстім. Барлығымыздың, яғни біз жастардың санамызда кітапханашы мамандығы айтарлықтай жоғарғы деңгейде қалыптаспағандығы себепті, бұл мамандық бойынша білім алуға құштарлығым соңғы курста Шымкент қаласында орналасқан Отырар кітапханасында іс- тәжірибеден өткен кезде сол сала бойынша жұмыс істеуге қызығушылығым оянды. Мақсат қойдым: мектеп кітапханасында жұмыс істеймін.

Өзімнің ауылымдағы өзім бітірген мектепке кітапханашы болып орналастым, жаңа идеялар, жаңа амбициялар мен жұмысқа деген отты жігермен алғашқы жұмыс күнін бастадым. Бірақ жұмысқа деген ынтам

бірінші күннен бастап сөне бастады. Себебі, көркем әдебиеттің аздығы, кітапханада кітапханаға сай талаптардың тіпті жоқтығы, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы төмендігі көңлімді түңелтіп тастады. Алғашқы жұмысым мектеп оқушыларымен танысу, кітапханашы мамандығы туралы кеңірек түсінік беру болды. Бұған себеп, оқушылардың да, тіпті кейбір мұғалімдердің де алғашқы сұрағы: «Кітапханашы болу үшін де жоғарғы оқу орынын оқу керек пе?» дегені болды. Кітапхана ісі мамандығының әлеуметке қаншалықты маңызды екенін түсіндіруге тырыстым. Кез-келген мектепте оқуға құштар оқырман бар, аз емес. Солардың санын көбейту үшін не істеу керектігін көп ойладым, олар:

- жұмыс қағаз жүзінде қалып кетпеуін қадағалау;
- бастауыш сынып мұғалімдерімен тығыз жұмыс жасау;
- бастауыш сынып оқушылары мен жеке жұмыс жасау;
- жоғарғы сынып оқушыларының сұранысын қамтамасыз ету.

Мектептерімізде электронды кітапхана стенді бұрыштан орын алды дедік, ол тек QR-код негізінде ғана жұмыс жасайды, бірақ бастауыш сынып оқушыларына ұялы телефонды үнемі пайдалануға рұқсат етілмейді ғой, бұл дұрыс та. Жоғарғы сынып оқушыларына келсек, олармен дұрыс жұмыс атқару арқасында оқуға тиіс кітаптың 100-ден 30-ын оқуға қызықтыруға болатындығына өз тәжірибемнен көзім жетті.

Менің арманымдағы кітапхананы елестетейікші! Арманымдағыдай кітапхана болуы үшін не істесек болады?

1. Оқырман залының кең әрі ыңғайлы болуы;
2. Шетел көркем әдебиетінің аудармалары, жас жазушылардың да пайдалы әрі мотивация беретін кітаптары, заманауи жанрдағы кітаптардың болуы; (Президент оқуға ұсынған 100 кітаптың небәрі 10ға ғана ижақынын таба аласыз, басқалары ауыл аймағында тіптен жоқ);
3. Қызықты тесттер, ойындар, психологиялық сұрақтар, түрлі есептері бар кітаптардың болуы;
4. Кітап сөрелерінің оқырманды қызықтыратын стильде болуы. Мұғалімдер кабинетінде де кітап сөресінің болуы;
5. Компьютерлермен барлық мектеп кітапханалардың қамтамасыз етілуі;
6. Электронды кітапхана базасы бойынша жұмыс жасау. Әр мектептің өз қорының электронды кітапханасының болуы. Оқырмандарға электронды қызмет көрсету. Цифрланған заманда барлық мектептерде электронды кітапхана қорының болуы;
7. Мектептің кітапханадан тыс кітап оқу орындары, заманауи, жастарды қызықтыратын бұрыштардың болуы;
8. Бастауыш сынып оқушылары үшін мультфильмдер жазылған дискілердің болуы; (Сынып жетекшілері кітапханаға кіріп, оқушыларына көрсету арқылы оқушының басқа уақытта кітапханаға келуі үшін ынтасы оянады).

9. Ең маңыздысы, мектеп кітапханашыларының оқушылар мен жұмыс жасауы ыңғайлы болуы үшін, кем дегенде аптасына бір рет сыныптарда кітапханалық сабақтың өтілуі;

Барлық пән мұғалімдерінің сабақ жоспарына екі аптада бір рет кітапханаға оқушыларымен кіріп, сабағын өтуі;

10. Кітапханашы мәртебесінің артуы; Елімізде кітапханашы мамандығы қандай маңызды екенін жас пен үлкенге түсіндіру, ұқтыру;

Оқу жылы соңында жазғы оқу бағдарламасымен мектебіміздің кітапханашылары бастауыш сынып оқушыларына аптасына екі рет сабақтарға кіріп, сабақ өтілді. Бұл әрі қызықты әрі пайдалы жұмыс болды. Себебі сол сабақ барысында әрбір оқушының қызығушылығын үйреніп, олардың мақсаттарын, армандарын білдік. Әр түрлі сұрақтар: мектебімізде қандай кітаптар болуын, кітапхананың қандай болуын қалар едіңіз? Педагог-кітапханашы статусын беру жоспары жүзеге асырылған жағдайда, кітапханашылардың мәртебесіде көтеріледі. Мамандығымен мақтан ететін кадр өз жұмысын ұқыпты атқарады. Ол үшін үкімет пен қоса басшылықта кітапханашыларды қолдау керек. Кітап оқу – келешегі нұрлы ұлттың айқын кепілі. Кітапханашы болса, кітапты насихаттаудың ең тиімді құралы. Идея көп, бірақ кітапханашы айлығымен мемлекет қолдауынсыз бұл жұмыстарды атқару мүмкін емес!... Соны мемлекетіміз қолдаса, әрбір кітапханашы жұмысына ұқыпты және жауапкершілікпен қарайтын еді деп ойлаймын.

Көпшілік оқушылар мен сұхбат өткізген кезімде олардың: -Неге кітап оқымайсындар? деген сұрағымға, олар былай жауап берді: -Қызықты кітап аз, бар болса да ескі болып тозып кеткен, кітап оқитын орындары ыңғайсыз, кітапханашылардан кітап сұрап келсек, ондай кітап жоқ деп жауап береді. – дейді көпшілігі. Біз бірінші өзімізден бастауымыз керек. Оларға өзіміз неге өнеге болмасқа. Әрбір бала, әрбір оқырман өзінше бір қырлы тұлға, қызығушылығы талайды таң қалдыруы мүмкін. Инновациялық әдістермен бір қатарда психологиялық әдістерді де пайдаланған тиімді деп ойлаймын.

Әрбіріміз жұмысымызға жауапкершілікпен қарасақ, тиімді тәсілдерді қолдансақ, сонда 5-10 жылдан кейін кітапханаларымызға оқырмандар өздері қызығып ешқандай мәжбүрлеусіз бір аптада бірнеше кітап оқып тастап, жаңа кітап қашан келуін сұрап жатса қандай ғажайып десеңізші!

Пайдалы кітап оқыған перзент дүниеге көз қарасы қандай болуын, олармен келешек қандай өзгеруін елестетіңізші. Бұл менің арманым ғой! Мен өз жұмысымды жақсы көремін. Жұмысымның қоғамға пайдалы болғанын қалаймын. Әлемде біздің саладан керекті мамандық болмаса керек. Себебі біз сананы тәрбиелеу үшін жұмыс жасаймыз ғой. Санасы сау ұлт пен елдің келешегі нұрлы болуы айқын!

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. «Мектеп кітапханасы» журналы,
2. <https://infourok.ru/kitaphana-aibilim-ordasi-maala-1048240.html>

3. https://ust.kz/word/kitaphanasy_ozindik_tulga_maqalasy-63938.html
4. <https://bilimainasy.kz>
5. Сборник методических рекомендаций по работе школьной библиотеки. Москва, 2010г. Шашкова А.В.
6. <https://biblio.kz>

«ОҚУҒА ҚҰШТАР МЕКТЕП» ЖОБАСЫ АЯСЫНДА «БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ КІТАП ОҚУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІ»

Тұрысбаева Гүлжахан Шаймерденовна
Түркістан облысы, Түлкібас ауданы
М.Бағысбаев ШЖЖОМ, кітапханашы

Мемлекет басшысы Қасым –Жомарт Тоқаев ұлттық қоғамдық сенім кеңесі отырысында сөйлеген сөзінде оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту еліміздегі орта білім беру ісінің басым бағытына айналуы тиіс деген болатын.

ҚР білім және ғылым министрі А.Қ.Аймағанбетовтың «Оқуға құштар мектеп - оқуға құштар ұлт» жобасының мақсаты ұрпақтар сабақтастығы, отбасылық оқу, оқырмандарды кітап оқуға бейімдеу. Биыл 2021 жыл балалар оқу жылы деп жарияланды. Баланың оқуға деген қызығушылығы, қоршаған ортаны кітап арқылы тануы мектеп қабырғасында қалыптасуы керек. Ал кітапхана оқушының сол ынтасын оятып, оны қызықты кітап әлеміне жетелеуі қажет, - деген болатын. Осыған орай «Оқуға құштар мектеп» жобасы «Білім беру ұйымдары кітапханаларын перспективалық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған жол картасында» көрсетілетін бес бағыттағы жұмыстар мектеп кітапханалары жұмысына түбегейлі өзгерістер әкеледі деп ойлаймын.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында мектеп кітапханалары қоры мазмұнды толығыды деп үміттенемін. Кітапханалардың материалдық-техникалық базасы заман талабына сай жабдықталып, кітапхана жұмысын автоматтандыру, коворкинг орталықтары – жаңашылдықтың негізі болар еді. Коворкинг орталығы білім алушылардың демалыс, өзара пікір алысу, шахмат-шашка, домино, тоғызқұмалақ ойнау, бір сөзбен айтқанда демалу орталығына айналып оқырмандар үшін қызмет көрсетеді.

2020 жылы білім бөлімінің бастауымен «Мектеп-кітапханасына кітап сыйла» акциясын ұйымдастырдым. Осы акция барысында мұғалімдер және оқушылар мектеп кітапханасына өздерінің оқыған көркем әдеби кітаптарын сыйлады.

Ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы жағдайында кітапхана ісін автоматтандыру кезек күттірмес жұмыс. Кітапханада MARK SQL автоматтандырылған кітапханалық жүйе іске қосылуда кітапхана жұмысын жеңілдететін керемет мүмкіндік. Барлық кітап қоры базаға енгізілуде.

Алайда, тез әрі сауатты жауапты табу үшін кітапханашы болу жеткіліксіз. Ол үшін желіде ақпарат іздеу жолдарын меңгерген маман болуда маңызды.

Білім алушыларды оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту мектеп кітапханасының негізгі міндеттерінің бірі. Дәстүрлі кітаптың қай заманда да өз орны бар. Кітапханашының барлық жұмысы кітапты, кітап оқуды насихаттаудан басталады.

Кітапханадағы кітап қорының дұрыс орналастырылуы оқырманның іздеген кітабын оңай тауып алуына жол ашады. Кітапханалық жіктеу кестесімен, алфавит бойынша жинақы орналастырылған қор оқырманды оқуға шақырып тұрады. Жазушылардың суреті, қысқаша өмірбаяны, шығармалары туралы ақпарат беретін парақтарды кітап арасына орналастыру да насихаттың бір түрі.

Кітапханада кітап оқудың маңызы туралы даналардың айтқан сөздері кітапты қалай оқу керек, нені оқу керек, оқығанда неге мән беру керек деген сұрақтарға жауап берсе оқырманды ойландырады сөзсіз.

2020 жыл еліміздегі елеулі оқиғаларға толы ерекше жыл болды. Қазақстан Конституциясының 25 жылдығы, Әбу-Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Абай Құнанбайұлының 175 жылдығы, сонымен қатар Ұлы Жеңістің 75 жылдығы және де пандемияға байланысты оқу форматының онлайнға көшуімен ерекшеленеді.

Кітапханалық сабақтар – оқу сауаттылығын қалыптастырып, дамытудың тура жолы. «Кітап және аудиокітап», «Сауатты оқырман – сауатты көрермен», «Барлық сұрақтардың алтын кілті» т.б. тақырыптардағы сабақтар маңызды. Пән мұғалімдерімен кіріктірілген сабақтар өткізу кітап оқуды насихаттаудың тиімді жолы. Оқу мәдениетіне баулу, оқу сауаттылығын дамыту мақсатында «Оқитын балалар – ұлтымыздың болашағы» кітапханалық жобасы бойынша жұмыс жасалынды. Жоба қорытындысы бойынша жыл аяғында оқу қортыныдысы жасалынып, ертегілер, классикалық шығармалар, поэзия мен прозалық жанрларды оқыған оқушылар іріктеліп, «Ең үздік оқырман» мақтау қағаздарымен марапатталды және де ең үздік оқыған мұғалімдерге де сыйлықтар табысталды.

«Сен оқитын 100 кітап» жобасы бойынша әр сынып жас ерекшелігіне қарай «Бір сынып - бір ертегі», «Бір сынып - бір әңгіме», «Бір сынып - бір повесть», «Бір сынып - бір роман» бағыттары бойынша оқыған кітаптарын талқылап, оқуға жарнамалады. Үздік оқыған сыныптар марапатталды.

Биыл балаларды кітап оқуға қызықтыру мақсатында, аты әлемге әйгілі Отырардан шыққан ғұлама ғалым, екінші Аристотель атанған әл-Фараби бабамыздан бастап, ұлы Абай атамыз бен қазіргі таңдағы ғалым, ақын-жазушыларымызды таныстыру, насихаттау мақсатында, сынып

жетекшілерімен біріге отырып, бірнеше видеороликтер жасап балаларға жіберіп отырдық.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынған 30 кітапқа виртуалды көрме ұйымдастырылып, өзі бастаған «Сіз қандай кітап оқып жатырсыз» челленджге мұғалімдер мен оқушылар жаппай қатысып, Абай өлеңдерін, Мұқағалидің, Жамбыл Жабаевтың жырларын, жатқа айтып, көптеген ақын-жазушыларымыздың шығармаларын оқығандары туралы ақпаратты жіберіп отырды. Түсінген адамға кітап-баға жетпес байлық. Кітап оқу отбасынан бастау алса деген мақсатпен әлеуметтік желіде «Отбасымен бірге оқимыз» бейнебаяндарының көрсетілімі болды.

«Кітап оқу бастауы - отбасы» тақырыбында мектепшілік жоба қолға алынуда. Бұл кітапханашылар үшін үлкен мүмкіндік.

Ақпараттық қоғам маманы - мектеп кітапханашысы нақты жағдайда туындайтын мәселелерді көре білу, оларды шешу жолдарын іздеп таба білу, оқырман құрамының өзгерісіне байланысты жаңару, үздіксіз білімді көтеру сияқты талаптарға сай болуы қажеттігі туындап тұр.

Кітап бос уақытта оқитын нәрсе емес. Оған уақыт бөлу керек. Кітапханашы, мұғалім, ата-ана кітап оқыса жұмыс өз нәтижесін береді. Сондықтан кітап оқуды насихаттауда отбасылық оқуға, мұғалімдермен жұмыс және білім алушылармен жұмыс бағыттарын ұштастыра жүргізген дұрыс.

«Кітап оқып, жетістікке жет», «Әлем кітаптары» атты челленджі, «Кітап оқитын отбасы», «Сүйікті кітабымен селфи», «Менің сүйікті кейіпкерім» атты сурет, кітап көрмелері кітапхана оқырмандарымен тығыз байланыста өткізілуде. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында өтілген және өтілетін игі іс-шаралар оқушылардың ойлау қабілетін арттырып, өз ойын ортада ашық айта алатын мүмкіндіктер тудырып келеді. Кітап оқып, бай болу арқылы әрбір жас ұрпақтың қоғамда ойып алар орны бары сөзсіз. Жыл аяғына дейін жобалар әлі де жалғасын табатынына сенімдімін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Мектептегі кітапханашы» республикалық ғылыми-әдістемелік журналы, 2021 ж.,
2. Ә.Табылдиев «Халық педагогикасы және тәрбие», Бастауыш мектеп 1990, №12
3. «Бала тәрбиесі», №2.2006ж №4 ,2008ж

“Төрт тағанды тағылым стратегиясы арқылы жетекші мектеп жұмысын жоспарлау”

**Арыс қаласы, М.Шаханов атындағы
жалпы орта білім беретін мектеп
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры Абилова Динара Қасқарбекқызы**

**«Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында,
ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында»
Н.Ә.Назарбаев**

Болашақта еңбек етіп, өмір суретіндер- бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады. Сондықтан да ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр. Мектепті басқару, сапалы білім беруде нәтижеге жету үшін әрбір атқарылар істің жан-жақты ойластырылған, нақтыланған, үйлестірілген, стратегиялық жаңа жұмыс жоспары жасалуы тиіс екендігі белгілі. Басты мәселелерді айқындау, білім беру ісін жоспарлау, келешекті болжау, жұмысты ғылыми тұрғыда ұйымдастыру қажет. Табысты мектеп көрсеткішіне қол жеткізу кездейсоқтық немесе күнделікті күйбең тіршіліктен пайда болмайды. Ең үздік мектеп ата-ана, оқушы және мұғалім мүддесін, құндылығын басқа мектептерден артық ескеретін арнайы жоспар әзірлеп, сол жоспармен жұмыс жасайды. Құрған жоспарыңыз сапалы білім мен саналы тәрбиеге сол сияқты тиімділігі ұзақ мерзімге, жүйелілікке негізделуіне байланысты.

ЖМ стратегиясы оқушыларға берілген білім мен тәрбиенің құндылығын меңгерту әдістерін айқындау арқылы еліміздің дамуындағы стратегиялық міндеттерді шешу үшін маңыздылығын көрсетеді. Осы тұрғыда мен өз мектебімді табысқа жетелеген «ТТТ стратегиясының» маңыздылығына тоқталып кетейін. Мына жоспарға назар аударуларыңызды сұранамын. Сіздің алдыңызда табыс әкелетін мектеп стратегиясы мен табысты мектеп моделі тұр. Сіз қалай пайдаланар едіңіз? Ретін қойып, сәйкестендіріп, жоспарды толықтырып өтіңіз. Өз нұсқаңызды ұсынуға болады.

Табысты мектеп моделі мектеп стратегиясы мен оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру әдісі оқушы үшін құндылықты қалай қалыптастыратынын анықтайды. Сондай –ақ кемшіліктер жойылып, жетістікке бағыт алады. Екі элементке баса назар аударылады:

1. Сапалы білім мен саналы тәрбиеге бағытталған құндылық ұсынысы
2. Жетістік формуласы.

Біз оны қалай жасадық?

«Төрт тағанды тағылым» стратегиялық әдісі деген не?

Мектебімізде әдістемелік бірлестік жұмысын жүргізуде өзгерістер мен жаңашылдықтар енгізілді.

Оқу жылының басында осы онкүндіктер өтілуіндегі жаттандылық пен бірсарындылықтан арылу мақсаты көзделді. Басқаша әдіс- тәсілдер мен ұстаздардың кәсіби шеберлігін дамыта отырып оқушыларды мектеп өміріне етене тартуға, білімге ғылымға қызығушылығын шынайы түрде оята білу жолдарын қарастырылды. Мектеп активтерімен бірлесе «Төрт тағанды тағылым» бұдан былай «ТТТ» стратегиялық әдісі арқылы жұмыс жасау жоспарланды.

«ТТТ» әдісі бойынша пәндерді 4 түрлі-түсті бағыттарға бөле отырып, әр бағыттағы пәндер және ол пәндердің жауапты ұстаздарымен жұмыс жасауды, бағыт-бағдар беруді мектептің 4 тренерлеріне бекітілді.

1. «Қызыл» бағытқа 1-11 сыныптар аралығындағы жалпы тілдер пәні кіреді: қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті және ағылшын тілі;

2. «Жасыл» бағытқа 1-11 сыныптар аралығындағы тану пәндері кіреді: өзіне-өзі тану, дүниетану, жаратылыстану, дінтану, тарих, география;

3. «Сары» бағытқа 1-11 сыныптар аралығындағы төмендегі пәндер кіреді: көркем еңбек, музыка, денешынықтыру, кәсіптік бизнес, АӘД, ЖТК;

4. «Көк» бағытқа 1-11 сыныптар аралығында жаратылыстану бағытындағы пәндер кіреді: математика, физика, информатика, химия, биология;

Осы бағыттағы пән мұғалімдеріне мектеп тренерлері жоспар бойынша жұмыс жасауға басшылық жасайды және оларға әр бірлестік жетекшілері жоспарлауға көмектеседі.

Әр тоқсан сайын өткізілетін «ТТТ» III-тоқсандағы жоспары.

Жоспар мына бағыттарда жүргізіледі.

I. «Сауаттылық сатыларын дамыту»(латын қарпін таныстыру туралы іс -шаралар)

Онкүндіктің бірінші күні ашылу салтанаты өтіледі. Мектеп тренерлері өзіне бекітілген бағыттың жоспарымен таныстырады және сол күні бар сыныппен латын қарпін таныстыру туралы іс –шаралар өткізіледі.

II. «Менің кәсіби шеберлігім» (Әдіс алмасу сабақтары)

Педагогика саласындағы шеберлік үнемі жетіліп отыруды қажет ететін балаларды оқыту мен тәрбиелеу өнері.

Онкүндіктің алғашқы аптасында яғни 1-5-ші күндері әдіс алмасу, кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында ашық сабақтар өту жоспарланады. Әр түстің тренерлері өзінің тобындағы мұғалімдердің сабақ жоспарын жасауға, әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануға бағыт-бағдар беріп отырады Мұғалімдер бір – бірінің сабағына ене отырып сабаққа ену парағын толтырады, кері байланыс жасайды.

III. «Әр бала жұлдыз-жарқырауына үлес қос» (дарынды балалармен жұмыс)

«ТТТ» әдісінің жоспары бойынша онкүндіктің келесі аптасының 1-3 күндері жекелеген пән мұғалімдері әр сыныптар аралығында дарынды балаларды анықтау мақсатында әртүрлі сайыстар өткізуді жоспарлайды.

Сайыстың нәтижесіндегі дарынды бала атанған оқушылар мектеп директорының мақтау қағазымен марапатталады, аудандық сайыстарға қатысуға мүмкіндік алады

ІҮ. «Мен сыры көп сырлы әлемді танимын...» *(Оқушылардың ғылыми жоба қорғауы)*

«ТТТ» әдісінің жоспарына сәйкес мектепішілік оқушылар аралығында «Мен сыры көп сырлы әлемді танимын!» тақырыбында жүргізілген жобаға қатысып, ғылыми жобаларын қорғайды. Жоғары деңгейде қорғалған оқушылар жобасы мектеп директорының марапатымен марапатталып, аудандық жобаларға қатысуға жолданады.

Ү. «Тәрбие-тал бесіктен» *(сыныптан тыс ашық тәрбие сағаттары)*

«ТТТ» стратегиялық әдісі барысында тәрбие саласындағы іс-шаралар да тыс қалмайды. Сыныптан тыс уақытта тәрбие сағаттары, аудандық «Білім бөлімінен» жіберілген іс-шаралар осы онкүндік аясында тақырыпқа байланысты тәрбие сағаттарыда әртүрлі бағыттарда ата-аналарды қатыстыра отырып өтіледі. Тренерлердің бағыт - бағдар беруімен үздік өтілген іш-шаралар марапатталып отырады.

ҮІ. Озық тәжірибе: «Талантты ұстаз-ел мерейі» *(ұстаз тәжірибесін мектепішілік немесе аудан көлемінде тарату)*

«ТТТ» стратегиясының жоспарына сай онкүндік барысында соңғы күні озық тәжірибелі ұстаздар және өзінің кәсіби шеберлігін, әдіс –тәсілдерін, біліктілігін таныта отырып мақсатқа сай өз сабағын жоғары дәрежеде көрсете білген ұстаздардың іс-тәжірибелерін мектепішілік немесе аудан көлеміне таратуға ұсыныс жасалады.

ҮІІ. «Табыс баспалдағы» *(Рефлексия. Онкүндік барысында жасалынған жұмыстарға кері байланыс беру)*

«ТТТ» стратегиялық әдісі арқылы өткізілген онкүндікті саралау, талқылау мақсатында аптаның соңғы күнінде «Дөңгелек стол» немесе коучингтер өткізе отырып әр түстегі тренерлер есеп береді.

-Не білдік?

-Не жасадық?

-Жеткен жетістігіміз қайсы?

Осы сұрақтарға жауап бере отырып кері байланыс жасалады, келесі онкүндік тақырыбы мен барысы жоспарланады.

Мектептің жүзеге асырылған стратегиясы арнайы жоспарланған және жоспарланбаған элементтердің бірігуінен тұрады. Мектептің арнайы стратегиясының кейбір бөліктері тәжірибе барысында сәтсіздікке ұшырап, стратегияның қажетсіз элементіне айналып жататын тұстары да кездесіп жатады. Бұл жағдайда мектеп активтері ойластырылған стратегияның элементтерін ұдайы өзгертіп тұруға міндетті.

ЖМ табысты стратегиясын анықтайтын үш сұрақ? (Гугл формада сауалнама)

1. ТТТ стратегиясы мектептің оқу мен оқыту үдерісіне қаншалықты сәйкес?

2. ТТТ стратегиясы мектептің Табысты мектеп деңгейіне жетуге көмектесе ме?

3. ТТТ стратегиясы тиімді оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыруын қамтамасыз ете ме?

(Шебер сынып тиімділігін гугл формада мониторингпен көрсету)

Қорта айтқанда, стратегия дегеніміз – мақсат етілген көрсеткіштерге қол жеткізуге жұмыс істейтін менеджменттік жоспар. Сондықтан мектептің стратегиясына оқушы мен ата – ананың қызығушылығы мен талап-ықыласын өтеу амалы енеді. Сонымен бірге сауатты әрі табысты іс-әрекетті зерттеу тәжірибесінің сәтті жүргізу әдіс – тәсілдері қамтылады. Стратегияның мәні оқушылар мен мұғалімдерге және ата – анаға табысты мектеп моделінің маңыздылығын дұрыс түсіндіріп ұғындыруда : оқушы үшін жоғары құндылық жасауға және оқушыларға қажет құндылықтармен қамтамасыз ету үшін мектеп өз мүмкіндігі мен ресурстарын қалай пайдалану керек екенін көрсететін тың тәсілдерге кеңінен тоқталады .

Табысты мектеп моделі мен ТТТ стратегиясы тұжырымдамасы тығыз байланысты. Ұтымды ТММ барлық кемшілікті жойып , жетістікке жетелей алатын шамада жұмыс істеуі тиіс.

Мектептің стратегиясы әдетте уақыт өткен сайын дирктор тарапынан белсенді және арнайы іс-әрекеттер жасалған кезде , жоспарланбаған және білім және ғылым саласындағы өзгерістер мен жағдайларға сай келу үшін өзгереді.

Жетекші мектептің жеңімпаз стратегиясы ішкі және сыртқы жағдайға сәйкес келеді. Табысты мектеп моделін қалыптастырып , мектептің оқу және оқыту үдерісін алға жылжытады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Алимов А. «Табысты оқыту» Оқу құралы. Алматы. 2018
2. Дамыта оқыту технологиялары Алматы 2000 Б А Тұрғынбаева
3. «Интерактивті оқыту әдісін қолданып, сабақты жоспарлау және басқару», Ж.А. Жартынова, В.Н. Ким, Н.О. Қойлық, А.Ш. Орақова, 2009 жыл.

Сарыағаш ауданы адами әлеуетті дамыту бөлімі

**Шәкәрім атындағы №27 жалпы
орта мектебінің директоры
Даулетова Бота Ногаевна**

Бүгінгі күнгі еліміздегі өзгерістер, дамудың жаңа стратегиялық бағыты, қарқындылығы, қоғамның ашықтығы, жедел ақпараттануы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі аустырды. Сондықтан да білім беруді

дамытуға байланысты Қазақстан Республикасының әлемдік білім беру кеңестігіне енуі – білім ұйымы басшыларына басқаруды жүзеге асыруда жаңаша көзқарасты және инновациялық қызметті талап етеді.

Басқару үдерісі – бүтіндей жүйені қамтамасыз ететін оны жаңа жағдайға келтіретін, дамытатын, болып жатқан өзгерістерге тиімді ықпал жасайтын үдеріс. Сонымен қатар, ұжымның мақсатын анықтап, оны жүзеге асыру үшін қажетті жоспарлау, ұйымдастыру, ынталандыру, талдау және бақылау – бағалау жұмыстарын жүйелі түрде жүргізіп отыру.

«Ұлы көшбасшы эмоциялар арқылы жұмыс істейді», -деп жазады Дэниэл Гоулман. Яғни, бәрін эмоционалдық үндеуден бастау керек. Тек сонда ғана біз оның қаншалықты ұтымды болғанын және қалайша ұтымды болғанын біле аламыз. Барлығы да көшбасшының жекелеген қасиеттері мен мінез-құлқының ерекшеліктерінен басталды. Біз «Көшбасшылық – тәжірибе моделі» арқылы жұмыс жасап келеміз. Онда жоспарлар және әрекет, сыни шолу, өзгерістерге кері байланыс беру арқылы жүзеге асып отырады. Бұл тәжірибе моделі мектепте жұмыстың нәтижелі болуы жылдық жоспардың терең ойластырылуына, негізді және мақсатты болуына байланысты. Жоспар жасалмас бұрын өткен оқу жылындағы жіберілген олқылықтарға назар аударамыз. «Жоспарлар және әрекет» бөлімшесінде: стратегия әзірлеу, жұмыстарды бөліп алу, жоспарды іске асыру талап етіледі. «Сыни шолу» бөлімшесінде мәліметтер жинақтау, талдау жұмыстарын жүргізу, дұрыс шешім қабылдау жүргізілсе, «Өзгерістерге кері байланыс» бөлімшесінде қажетіне қарай жұмыс ағысын өзгерту, істеп жүрген жұмысымызға қатысты шешім қабылдап, әдіс – тәсілдерді өзгертіп отыру қарастырылады.

Аталмыш модельді жүзеге асыру үшін белгілі бір әдіске сүйенеміз. Әдіс – белгілі бір мақсатқа жету, нақты мәселені шешу тәсілі; шындықты тәжірибелік немесе теориялық игеру (тану) тәсілдерінің немесе операцияларының жиынтығы. Қарапайым сөзбен айтқанда, зерттеу әдісі дегеніміз – белгілі бір мақсатқа жету тәсілі. Бір жағынан дұрыс таңдалған әдіс сізге қажетті шешімді тез табуға мүмкіндік беретінін түсіну маңызды, бірақ әдістің өзі зерттеу нәтижелеріне тікелей әсер ете алатындығын әрдайым есте ұстаған жөн. Мен басқарып отырған ұжым Ж.Қараевтың деңгейлеп оқыту әдісін оқу процесі кезінде қолданады. Деңгейлеп, саралап оқыту – өзгеріс енгізу үдерісінің қозғаушы күші екенін басшылыққа аламыз. Деңгейлік оқытудың ерекшелігі – оқушылардың сабақ барысында бірнеше деңгейде жұмыс жасай алатындығында. Біз бастауыш сынып оқушыларының арасынан 4 сынып шәкірттеріне жыл бойына зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргіземіз. Жұмыс барысы – оқу жылдамдығын тексеру, жазба түрдегі сынақтар, тест алу, ата-аналарды нәтижесімен таныстырып отыру. 5 сыныпқа келген оқушыларды «А,В,С» деңгейлеріне топтастырамыз. Баланың деңгейіне қарай білім беруде әр түрлі тапсырмалар құрастырып, айтылым, жазылым, оқылым, тыңдалым дағдыларын дамыта отырып, білім сапасын көтеруге,

шығармашылық сайыстарға қатыстыруға, жеке тұлғаның бос уақытын тиімді өткізу үшін, түрлі үйірмелер мен секцияларға қатысуына жағдай жасауға басымдық береміз.

Бүгінгі күннің басшылардан сұрап отырған талабының бірі – инновациялық қызмет. Инновациялық қызмет — өндірістің әр түрлі салалары мен қоғамды басқару салаларына жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологиялар мен өнім түрлерін енгізуге бағытталған қызмет, оның нәтижесі [бәсекеге қабілеттілік](#) үшін пайдаланылады. Бәсекелестік белгілі бір мақсатқа жету жолындағы жарыс, тартыс түрінде көрінеді. Бәсекелестік адамның жетістікке жетуіне өз септігін тигізіп, пайдалы қызмет те атқарады. Сондықтан, ұжымда үздіксіз жүйелі жұмыс алып барылады. Жұмыс түрі мынадай: барлық сыныптардың тоқсан сайын негізгі пәндер бойынша SWOT талдауы мен мониторинг жүргізіп отыру (Жауаптылар: мектеп директорының оқу-ісі меңгерушілері, әдістемелік бірлестік жетекшілері); педагогикалық консилиум өткізу (Жауаптылар: мектеп әкімшілігі, мектеп психологы, медбике, әлеуметтік педагог, пән мұғалімі, ата-ана), өзгерістерге қарай әрекет ету: 1) атқарылған жұмыс нәтижесіне қарай шешім қабылдау; 2) әдіс -тәсілдерді өзгерту (Жауаптылар: мектеп әкімшілігі, әдістемелік бірлестік жетекшілері).

Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Тоқаев 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауында «Коронавирус індетінің салдарынан дүниежүзіндегі мектеп оқушылары мен студенттердің басым көпшілігі қашықтан оқуға көшті. Бұл жұмыстың тәсілі мен мазмұнын түбегейлі өзгертуде. Күнделікті мәселелерді шешумен қатар, балалардың бәріне бірдей мүмкіндік туғызу үшін жүйелі шаралар қабылдау қажет. Балаларымыз қай жерде тұрса да, қандай тілде оқыса да сапалы білім алуы керек» деп жалпы карантиндік жағдайдың біздер үшін үлкен бір жаңа ешкім ойламаған сынақтан өтудің кезеңін нұсқады. Жоспарлы жұмысымыздың нәтижелі болуы үшін ата -аналармен тығыз байланыс жүргізіп келеміз. Себебі, үштік одақ мүшесі -ата-ана. Қашықтан оқыту барысында алғашында көптеген сұрақтар туындағаны баршамызға аян. Олармен қалай байланыс жасаймыз? деген сұрақ күн тәртібіндегі ең өзектісі болды.

Ең бірінші ата-аналарға психологиялық кеңестер айтылды. Содан кейін, әлеуметтік жағдайына байланысты смартфон, компьютерлер үлестірілді. Сабақ кестесін де көп балалы отбасының балалары үйіндегі жалғыз телефонды кезекпен пайдалануына ыңғайластырып жасадық. Негізгі пәндер бойынша дәрістерді “Балапан” және “Ел Арна” телеарналарындағы сабақтармен байланыстырып өттік. Олардың және пән мұғалімдерінің түгел қатысуымен онлайн конференциялар өткізілді. Сонымен қатар, тренинг, дебат, коучинг, өзекті тақырыптар төңірегіндегі жеке кездесулер алып барылады сынып жетекшілер тарапынан. Мектеп психологы мен сынып жетекшісі құрастырған сауалнамалар алынады. Дәстүрлі түрде

рубрикалармен таныстырып, талдау жасалады. Мектептің, отбасының, бүкіл халықтың және мемлекеттің негізгі мақсаты - қазіргі заманның талаптарына сай балаларды және жастарды тәрбиелеу, оларды мамандық таңдауға, арнайы орта және жоғары оқу орындарына түсуге халық шаруашылығының салаларында еңбек етуге даярлау. Қай заманда болмасын, заманына қарай жеке тұлғаның болмысын қалыптастыру туралы ойлар мен пікірлер көпшілікті толғандырып келгені рас. Жеке тұлғаны қалыптастырудағы кемелділік, мінсіз адам бейнесі тәрбиенің ең жоғары көрсеткіші ретінде қабылданып, қоғамда жоғары жауапты міндеттерді атқаруға лайық деп танылған. Бүгінгі күнді алып қарасақ, елімізді өркениеттілікке жеткізетін, ел экономикасын дамытатын, сондай – ақ, Қазақстан Республикасын 50 дамыған елдер қатарына қосылуға мүмкіндік жасайтын жастарды тәрбиелеу немесе кемел адамды тәрбиелеу бүгінгі күннің еншісіндегі ұлы міндет болып отыр. «Бәрі бірге болу - ол басы, бәрі бірге қалу - ол үдеріс, бәрі бірге жұмыс істеу - ол табыс»-деген Генри Фордтың сөзін назардан тыс қалдырмаймыз.

Жоғарыда алып барылып жатқан жұмыстардың қабатында, жас мұғалімдерге ерекше көңіл бөліп отырамыз. Соның нәтижесінде білікті маманға айналуға. Талабы зор жас адамның үйренудің қажет екенін сезінуі, өзіне ұстаз табуға тырысуы және оның көмегін абыроймен қабылдауға дайын болуы -ерте есеудің негізгі белгілерінің бірі болып қалыптасады.

Мен өз ұжымымды басқаруда мұғалімдердің біліктілігін арттыру үшін онлайн курстарға үздіксіз қатыстырып отырдым. Әріптестерге көптеген әдістемелік, психологиялық тұрғыдан қолдаулар көрсетілді. Мұғалімдер «ZOOM», «Padlet», «Darun.online», «Bilimland» платформаларында асқан шеберлікпен сабақтар өтті. Биылғы оқу жылындағы қашықтықтан оқыту түріне қарамастан шәкірттеріміздің тынбай түрлі пәндер бойынша байқаулар мен пәндік олимпиадаларға қатысып, ауыз толтырып айтарлық жетістіктерге жетті.

Қорытындылай келе, деңгейлеп, саралап оқытудың нәтижесінде: түрлі шығармашылық байқаулардың жүлделі орын иегерлері -250 (1-11-сынып оқушыларының қатысуымен), «Елбасы» медалінің иегерлері -3 (8-11-сыныптан), «IQanat» республикалық олимпиадасы бойынша -4 (9-10-сыныптан), «Жас қанат»-6 (7-9-сыныптан), кіші ғылыми жобалар сайысының жүлделі орын иегерлері -18 (2-10-сыныптар арасында), пән олимпиадасы бойынша жүлделі орын алғандар -20 (8-11-сынып оқушыларының қатысуымен), «Алтын белгі» иегерлері -8, «Үздік аттестат» алған бітірушілер - 6. Жалпы 2020-2021 оқу жылын 93 оқушы аяқтады. ҰБТ-ге қатысқан оқушылар саны -75, грант иегерлері -28, ол оқушылардың 35-40% құрайды. В.В.Сухамлинскийдің айтуынша «Басқарушылық шеберлік пен басқарушылық өнер – даналықты жүрекпен ұға білу» екенін сезіне білгенде ғана басшылық жүйесіндегі – табысты жұмыс жүзеге аспақ .

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ. Б. Психология негіздері.

2. Тәуірбеков С.Ж.Қазіргі мектепті басқару. Алматы-2018ж.

3. Н.П.Гузик, Ж.Қараев, Г.Ғ.Еркибаева.

«Деңгейлеп оқыту» технологиясы. 25.08.2015ж.

АУЫЛДЫҚ ЖӘНЕ ҚАЛАЛЫҚ МЕКТЕПТЕР АРАСЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ САПАСЫНЫҢ АЛШАҚТЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУДІҢ ЖОЛДАРЫ

Орынбасар Данияр Шәріпұлы
Түркістан облыстық әдістемелік орталығының
«Басқару және білім сапасының менеджменті»
бөлімінің әдіскері

Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына жолдауында қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасы алшақтап барады. Негізгі мәселе – ауылдық жерлердегі білікті педагог кадрлардың тапшылығы деген болатын.

Білім сапасындағы теңсіздікті жоюымыз қажет. Бұл мәселе көптеген дамыған елдер үшін өзекті және тұрғындардың әлеуметтік-экономикалық жағдайымен тығыз байланысты. Елімізде қаладағы һәм ауылдағы балалардың білім деңгейі арасында айырмашылық болмауы тиіс. Білім стандарты біртұтас болуы шарт. Осы мәселе білім бағдарламасына да тікелей қатысты. Барлық балалар тұрғылықты жеріне және ата-аналарының әлеуметтік мәртебесіне қарамай, сапалы білімге қол жеткізулері тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы Тамыз кеңесінде.

Өз кезегінде, Мемлекет басшысы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовке арнайы әлеуметтік бағдарламаны қолданысқа енгізуді тапсырған болатын. Аталған бағдарлама табысы төмен отбасы балаларының немесе қиын әлеуметтік жағдайда төмен көрсеткіш танытып жатқан мектеп оқушыларына бағытталған.

Қазақстан Республикасында 2020-2025 жылдарға арналған білім беру мен ғылымды дамытудың мемлекеттік бағдарламасында ауылдық мектептердің проблемасына ерекше көңіл бөлінді. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында айтылғандай менеджмент, педагогикалық қолдау, оқу-әдістемелік мазмұн және табысты тәжірибені тарату мәселелерінде нәтижелілігі төмен мектептердің үстінен мықты мектептердің «қамқорлығы» мәселесі пысықталатын болады. Облыстық және аудандық/қалалық білім басқармасы әдістемелік кабинет/орталықтары шағын

жинақты мектеп мұғалімдеріне біріктірілген сыныптарда оқушылармен жұмыс жүргізу бойынша әдістемелік қолдауды күшейту қажет делінген.

Аталмыш бағдарламадағы шағын жинақталған мектептерде оқыту сапасын қолдау және арттыру үшін «Мобильді мұғалім» мен «Уақытша отбасы» жобалары маңызды іс-шара болады.

1. «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын енгізу «Мобильді мұғалім» – бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептерінде бірнеше мектеппен қатар жұмыс жасау сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыратын педагог.

«Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің мақсаты – ШЖМ білім алушыларының сапалы білім беру қызметтеріне қол жеткізуін қамтамасыз ету. «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасы қазіргі таңда батыс Қазақстанда облысында іске асырылауда. «Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің негізгі міндеттері:

- 1) шағын жинақты мектеп білім алушыларының сапалы білім алуына қолжетімділік;
 - 2) ауылдық мектептерде білім беру сапасын арттыру;
 - 3) ауыл мектептерін білікті педагогикалық кадрлармен қамтамасыз ету.
- «Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын іске асыру облыстық білім басқармаларының бұйрығы және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген әдістемелік ұсынымдар негізінде инварианттық компоненттің қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттары бойынша сұранысқа ие оқу пәндері бойынша шағын жинақталған мектептер базасында жүзеге асырылады.

«Мобильді мұғалім» пилоттық жобасын жүзеге асыру талаптары:

- 1) ауданның ауыл мектептерін білікті кадрлармен қамтамасыз ету қажеттілігі;
- 2) білім беру ұйымы басшыларының жобаға қатысуға келісімі;
- 3) жобаға қатысуға кемінде үш пән мұғалімінің келісімі;
- 4) бірнеше елдімекендердің шағын жинақты мектептері мен жол жүру сипатындағы педагогикалық қызметті жүзеге асыруға ниет білдірген педагог арасында бір оқу жылына арналған келісімшарттың болуы;
- 5) мұғалімнің денсаулығы туралы анықтамасы.

✓ «Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогке қойылатын талаптар: жоғары педагогикалық білімінің болуы;

✓ педагогикалық еңбек өтілінің он бес жылдан кем болмауы;

✓ біліктілік санатының «педагог-зерттеуші», «педагог-шебер» болуы;

✓ білім алушылардың оқу пәні және сабақтан тыс жұмыстар бойынша оқу жетістіктерінің жоғары нәтижелері.

Жобаға қатысушылардың функциялары:

- 1) «Мобильді мұғалім» жобасына қатысушы педагогтің негізгі қызмет мектебі педагогтің жұмыс кестесін ескере отырып, ыңғайлы кесте жасайды және оның қызметін бақылауды жүзеге асырады;

- 2) «Мобильді мұғалім» жобасына қатысатын педагог жүріп-тұру маршрутын жасайды және мектеп әкімшілігімен келіседі;
- 3) «Мобильді мұғалімді» келісімшарты бойынша қабылдайтын ауыл мектептері сабақ кестесін құрады, сабақтарды кедергісіз өткізуге жағдай жасайды;
- 4) ауыл мектептері қашықтан оқыту қажет болған жағдайда білім алушылар мен мобильді мұғалімді компьютерлермен және әдістемелік материалдармен қамтамасыз етуге ықпал етеді;
- 5) ауылдық мектептер «Мобильді мұғалім» жобасына қатысатын педагогтің қызметін бақылауды жүзеге асырады. Мобильді мұғалімнің жол жүруіне, тұруына және жалақысына ақшалай қаражат төлеуді ауданның/қаланың жергілікті атқарушы органдары жүргізеді.

2. «Уақытша отбасы» жобасын масштабтау (2018-2021 жылдардағы 102 уақытша отбасында шалғайдағы елдімекендерден 106 бала тұратын Солтүстік Қазақстан облысының тәжірибесінен).

«Уақытша отбасы» – шағын елдімекендерден білім беру процесі кезеңіне (бір оқу жылына) мектеп жасындағы балаларды тәрбиелеуге уақытша қабылдайтын отбасы. «Уақытша отбасы» – баланың (балалардың) ата-анасы болып табылмайтын, бірақ ол үшін ата-ана жауапкершілігін мойнына алатын, отбасына орналастырылған балаға (балаларға) олардың жазбаша келісімімен қамқорлық жасайтын және тәрбиелейтін заңды тұлға (тұлғалар).

«Уақытша отбасы» жобасына қатысатын отбасының қызметі облыстардың білім басқармасының бұйрығы және «Уақытша отбасы» жобасын енгізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде жүзеге асырылады (ақпарат nao.kz сайтында қол жетімді). Балаларды уақытша отбасына беру үшін ата-аналар тиісті құжаттарды:

- 1) үміткердің ғана емес, оның ата-анасының да денсаулық жағдайы туралы анықтаманы;
- 2) наркологиалық, психиатриялық, туберкулез, тері-венерологиялық диспансерлерден анықтаманы;
- 3) соттылығының жоқтығы туралы анықтама және т.б. ұсынуы керек. Барлық талаптар сақталған жағдайда шешім қабылданады және баланы (балаларды) «Уақытша отбасына» беру туралы үшжақты келісімшарт жасалады. Келісімшарт «Уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша баланы (балаларды) өз отбасына қабылдауға тілек білдірген адамдар, баланың (балалардың) ата-аналары немесе заңды өкілдері және білім беру ұйымы арасында жасалады. Баланы күтіп-бағуға және жалақыға ақшалай қаражат төлеуді «Уақытша отбасының» тұрғылықты жері бойынша жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

Ауылдық мектептерінің білім сапасын қала мектептерімен теңестіруге, барлық деңгейдегі нәтижелілігі төмен мектептерге мықты мектептердің «қамқорлығы» мәселесі Қарағанды облысындағы жоба ретінде іске асырылуда.

Үлгерімі төмен мектептерге «мықты мектептердің» қамқорлығының негізгі міндеттері:

- 1) нәтижелілігі төмен ауыл мектептерінің жұмысын жетілдіру және оларды сүйемелдеу;
- 2) ауыл мектептері педагогтерінің білім алушылардың оқу уәждемесін және кәсіби құзыреттілігін арттыру;
- 3) қала және ауыл педагогтері мен білім алушылар арасындағы ынтымақтастықты дамыту;
- 4) қала және ауыл мектептерінің тиімді өзара іс-қимыл жүйесін құру болып табылады.

Ауыл мұғалімдеріне, оқушылары мен түлектеріне көңіл бөлінуі – елдегі жалпы білім сапасының артуына жасалған қадам. Қаладағы мұғалімдермен қатар, ауылдағы мұғалімдер де еңбек етеді. Оларды ізденбей, талпынбай жатыр деуге болмайды. Біліктілікті арттыру курстарына қатысып, шеберлігін шындайды. Десек те, білім деңгейі сапалы болуы үшін мемлекет тарапынан көңіл бөлінуі қажеттігі – айтпаса да белгілі жайт.

Пайдаланылған материалдар:

1. Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына жолдауы;
2. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
3. <https://24.kz/ru/zha-aly-tar/bilim-zh-ne-ylym/item/309929-ua-ytsha-otbasy-zhobasy-andaj-ma-satty-k-zdejdi>

Қашықтан білім беру жүйесін өркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың оқу бағдарламалары бойынша оқып,білім алушыларға жағдай туғызуы және білім сапасының құлдырауына жол бермеу әрекеттері

Түркістан облысы. Кентау қ.
Әлия Молдағұлова атындағы
№19 ақпараттық технология
директорының оқу-тәрбие
ісі жөніндегі орынбасары
Ибрагимова Дана Амангелдиевна

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатты мен міндеттерін басымдыққа ала отырып тәрбиелеу және оқыту негізделген. Жалпы, жаңа Мемлекеттік бағдарлама жобасында 5 бағыт, 2 мақсат, 11

міндет, 8 индикатор, 39 көрсеткіш қарастырылған. Жаңа мемлекеттік бағдарламаға сәйкес негізгі міндеттер айқындалды:

Қазақстандық білім және ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.

Ғылымның ел экономикасына қосар үлесінің артуы.

Бірінші орын – педагог мәртебесі. Осындай мәртебеге ие бола тұрып, білім беру аясында аянбай еңбек етуі табандылық деп ескерілді. Қандай жағдай болмасын мұғалімдер еңбек етуін тоқтатпаған.

Бүгінгі таңға дейін елімізге тосыннан келген індетке байланысты қашықтан оқыту ұйымдастырылды. Осы төтенше жағдайға байланысты білім министрінің шұғыл қабылданған шешімі болатын. Әрине бұл шешімді қабылдау да оңай болған жоқ. Білім және ғылым министрі А.Аймағанбетовтың тікелей басшылығымен жедел жұмыс топтары құрылды. Олар көршілес елдермен халықаралық тәжірибеге сүйеніп, аз уақыт ішінде алдағы жасалатын жұмыстардың жоспарын жасап шықты.

Қашықтықтан оқыту – бұл оқу үдерісінің оқушы мен мұғалімдер арасында ақпараттық-коммуникативті технологияларды пайдалану арқылы оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі екенін көрсетті.

Қашықтан оқыту – бұл ғаламторды пайдалана отырып, жүзеге асырылатын оқыту. ҚО оқушыларды дайындау үшін оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына сәйкес, мектебімізде төмендегі тәртіп бойынша жұмыс түрлері қарастырылды: ең бірінші кезекте жұмысты ата аналармен бірлесе ұйымдастырудан бастадық. Осынау қиын шақта үштік одақ өз жұмысының нәтижесін көрсетті.

Мектеп әкімшілігі санитарлық эпидемиологиялық ахуалдық санитарлық нормаларын сақтай отырып ата аналарға, оқушыларға арнайы ақпараттық кеңес ұйымдастырдық. Яғни ата аналар арасында мүлдем компьютер, смартфон және интернет желісімен жұмыс жасай алмайтындарды анықтап алып(сынып жетекшілер арқылы) оларға ZOOM, Whats App, интернет желісін, электронды поштаны пайдалану сияқты оқытудың желілік - технологияларымен ақпараттандырып сауаттандыру жұмыстары жүргізілді. Әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларына спонсорлардың көмегімен смартфондар, планшеттер, ноутбуктер алынып интернет желісіне қосылып табысталды. Бұл іс әрекеттің барлығы ҚО дейінгі ұйымдастыру шаралары еді. Ата аналар да балалардың білім алуына қолдарынан келгенше жағдай жасады. Алғашқы күндері біршама кедергілерге тап болдық, бұл заңдылық дер едім. Біз осындай қиындықтарды жүйелі жұмысымызбен өзімізді сабырға шақыра отырып жеңе білдік.

Қашықтан білім беру технологияларын пайдалану арқылы оқу процесін ұйымдастыруда білім алушыларға оқу жылына жоспарланған жоспарға сәйес, білім беру бағдарламаларын академиялық күнтізбелікке сәйкес

менгеруі, мемлекеттік стандарттың жүз пайыз орындалуы жүзеге асырылды. Қашықтан білім беру технологиясын пайдалана отырып, оқу процесін жоспарлау мен ұйымдастыруда оқу түрлері бойынша уақыт нормаларына сай ыңғайлы кесте түзіліді. ҚБТ-ны іске асыру теледидарлық, яғни «Балапан» арнасы бойынша, желілік және кейс-технология бойынша, соның ішінде Zoom–бейнеконференциялар мен онлайн-кездесулер өткізулер, Bilimland білім порталы, Google Classroom платформасы арқылы тапсырмалар мен кері байланыстар, DirectPoll – бұл серверде санаулы секундта сауалнама жасап, оқушылардан кері байланыс алу үшін және де WhatsApp мессенджерін пайдаланып жатыр. Міне тура осындай іс әрекеттер орын алып жатқан тұста, мектептің ата аналар чатында түрлі ұсыныс пікірлер айтылды. Көпшілік ата ананың сұранысы, әрбір сыныптың, әрбір пән мұғалімі тура теледидардағыдай өздері қарапайым түрде түсірген бейнесабақтарының болуын сұранды. Қорыта келе, әрбір мұғалім қарапайым түрде смартфонның видеосына өзінің мектептегідей қарапайым тілімен жаңа сабақты түсіндірген бейнесабақтарын жасады. Мектеп әкімшілігі ата ананың сұраныстарын қанағаттандыру мақсатында мектеп мұғалімдеріне өз үйлерінде міндетті түрде бір бөлменің сабақ өтуге жабдықталуын міндеттеді. Яғни мұғалім жаңа тақырыптарын тақта және бор арқылы түсіндіруін (жаратылыстану пәндері, бастауыш сыныптар) талап етті. Өйткені камераның арғы жағындағы бала өз мұғалімін ғана мойындайтынын байқадық. Иә, Әрине телесабақтардың, білім платформаларының дайын видеосабақтарының пайдасы орасан зор. Алайда біз сол барлық дайын дүниелерді қосымша әдістемелік құрал ретінде пайдаланғанды жөн көрдік. Егерде тек біржақтама дайын сабақтарға сүйенсек білім алушылардың өз мұғалімдері екінші тұста қалып қоятыны ескерілді. Өйткені баланы бағалайтын өз мұғалімі, яғни барынша тер төгетін де өз мұғалімі болу керек екендігі байқалды. Сонда ғана баланың тура дәстүрлі білім алып жүрген кездегідей, жауапкершілікте болатынын аңғардық. Сонымен, оқушы үшін ең басты пайдалы ресурс ол өзінің пән мұғалімі екеніне көз жеткіздік. Мектеп мұғалімдері санитарлық талаптарды сақтай отырып кез келген уақытта мектептің мультимедиалық кабинетін өз пайдаларына қолданып бейне сабақтар жасап жүрді. Осы тұста мұғалімдердің жұмыстары екі үш есеге ұлғайды десек те шатаспаймыз. Мектеп әкімшілігі күнде мектеп чатында мұғалімдердің қай жерде қандай кедергілерге тап болғанын немесе қандай оң нәтижелерге қол жеткізе алғандығын ортаға салып отырдық. Дәстүрлі оқыту кезіндегі тоқсанына бір рет, жылына бес немесе алты рет болатын әдістемелік кеңестің күнде кешке болатынын айтқым келеді. Мұғалімдер де қай тұста ақсағанын, тіптен кейбір мұғалімдер көмекке мұқтаж екендерін ескертіп отырды. Іс тәжірибеде жаратылыстану пәндерінің оқу мақсаттарына жету үшін қандай тәсілдерді қолданса дұрыс болатынын, гуманитарлық пәндерге тиімді немесе тиімсіз жақтары ашық түрде ортада айтылып оң шешімдер қабылданып жатты. Мысалы гуманитарлық пәндердің оқытылуында мұғалім өз сабағын “Padlet”

виртуальді тақтасын сабақ үдерісінде пайдаланып, оның тиімділігі расталып тәжірибеге енді.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер ең бірінші кезекте жаңа сабаққа керек дүние ол; тақта және бор екендігін айтты. Қалған барлық дайын дүниелер мұғалімнің берген білімін ары қарай дамытып, оқушының түсінбей қалған тұстарын толықтыруға маңыздылығының зор екені ескерілді. Осындай жан жақты толықтыру іс әрекеттерінің арқасында оқушылардың пәнге деген қызығушылығы жойылмай, керісінше артты десек артық емес. Тіптен сыныпта сөйлеуге немесе ортаға шығуға қымсынатын балалардың барынша ашылғанын байқадық. Оқушыларға мынадай ұсыныстар берілді; мұғалімдермен тығыз байланыста болу, қол жетімді байланыс құралдары арқылы тақырыптармен, мазмұнымен танысып отыру, мектеп әкімшілігі белгілеген қолжетімді байланыс құралдары арқылы тапсырмаларды өз бетінше уақытылы орындап, орындалған тапсырмаларды педагогке қолжетімді байланыс құралдары арқылы уақытында жіберу, қол жетімді электронды ресурстарды пайдалану міндеттелді. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына қосымша 2019-2020 оқу жылын аяқтау және білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы, ҚР 2020 жылы 3 сәуірдегі №129 бұйрығы негізінде, қорытынды аттестаттауды тоғыз және он бірінші сыныптардың білім алушылары тапсырмайды, аттестат ағымдағы оқу жылының жылдық бағалары негізінде берілді. Бұл білім сапаның түсіп кетуіне ықпал етеді ме деген қорқыныштардың болғаны рас. Алайда БЖБ,ТЖБ жұмыстарының дер кезінде үлкен жауапкершілікпен орындалуын, БЖБ минут ішінде мұғалімге тапсырылуын, ТЖБ толық минутта жиналатынын қатаң түрде ескертіп, жұмыстар google формада жасалып, жинақталып дер кезінде тексеріліп нәтижелері Kundekik.kz бағдарламасына қойылып отырды. Осы тұста айтып кететін жағдай, БЖБ ТЖБ жұмыстарының жинақталуы қандай жағдайда болмақ? Осы мәселе ұжымда қаралып, әдістемелік кеңесте барлық негізгі пәндерден БЖБ ТЖБ жұмыстары google формада жасалып, электронды формада жинақталып мектеп әкімшілігіне тапсыратыны ескертілді. Өйткені бұл қатаң есептегі құжат, бір жыл сақталуға тиісті болып есептеледі. Google формада БЖБ,ТЖБ алу өте шынайы және тиімді болды, уақытта ұтымды болатыны байқалды. Білім алушының білім дәрежесін бақылау жауапкершілігі БЖБ,ТЖБ кездерінде сыналмақ, онлайн оқуды себепке алып, ережелер сақталмаса білім сапаның төмендеуі бірден бір анық құбылыс. Оқушының дәстүрлі оқу кезіндегі жауапкершілігінің сақталуы үнемі назарда ұсталды. Оқушылардың білім дәрежесі кері байланыстар арқылы дер кезінде анықталып, Kundelik.kz ке қалыптастырушы бағалар (фб) түсіріліп, ата ана мен баланы ақпараттандырып отырды.

Білім берудегі тағы бір үлкен жұмыс барысы ол- ҰБТ-ке оқушыларды дайындау. 2019-2020 оқу жылында 20 бітірушінің 80 пайызы мемлекеттік грант иегері болды, 3 оқушы “Алтын белгі” белгісімен бітіріп, 115-125 балл аралығында жинап, грант ұтты. 2020-2021 оқу жылында 22 бітірушінің жүз пайыз ҰБТке ниет білдіріп, ҰБТны онлайн электронды форматта тапсырды. Бұл жаңалық ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының орындалып отқанының дәлелі. Биылғы оқу жылында 22 оқушының 17сі ,яғни 80 пайызы ЖОО грант иегері болды. Осы нәтижеге қалай қол жеткіздік және қалай дайындалды? Біріншіден әрбір пән мұғалімі оқушының тапсырған байқау тестінен соң нәтижесіне қарай, элементтік анализ жасап(онлайн түрде жеке-жеке) қатемен жұмыстар жасалды. Оқушылардың аптасына кем дегенге екі рет Ұлттық тест орталығының тесттеріне қатысып байқау тест тапсырылуы қадағаланды. Көрсеткен нәтижелері “ҰБТке жауапты мұғалімдер” чатына жіберіліп жеке жұмыстар жүргізілуі талап етілді. Жұмыс барысы бұрынғы дәстүрлі форматтағыдай өрбіді, оқушының еркінсіп кетуіне жол берілмеді. Оқушылардың қосымша білім платформаларынан сабақ алуы қадағаланды. Түрлі тесттер жинағымен жұмыстар жүргізілді. 2021-2022 оқу жылында бір сыныптың өзінен “Алтын белгіге” үміткер 8 оқушының бар екенін, онлайн оқу үдерісінде ешбірінің білім сапасының түспегені бізді қуантты. Қашықтықтан оқыту орта білім беру ұйымдарында мұғалімдердің тәжірибесінің болмауы, өткізу барысындағы түрлі кемшіліктерінің Мектебімізде қашықтықтан оқытуды жүйелі жүзеге асыру бойынша оқу процесіне қатысушылардың функционалдық міндеттері қарастырылып, жұмыстар жүктелді. ҚО бойынша оқу процесін ұйымдастыру барысында басшы, Оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, мұғалімдер міндеттерді басшылыққа алып, жұмыс жасап жатыр.

Жұмыстардың күтілетін нәтижелерін назарларыңызға ұсынамыз:

Қашықтықтан оқу арқылы – ақпаратты өңдеп, ойлана алатын, алған білімін өмірде қолдана алатын, жан-жақты, бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптасады

Қашықтықтан оқыту технологияларын жетік меңгерген, шығармашыл, жан-жақты (креативті) мұғалімдер саны арта түсті

Күшті жақтары	Әлсіз жақтары
1). Білім беру жүйесіндегі қашықтықтан оқыту білім саласындағы жаңашылдық; 2) Мұғалімнің де, білім алушының да уақыты мен орнын тиімді таңдай білуі;	1 Ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән берілмеуі; 2. Электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендірудің

<p>3). Білімнің тиянақтылығы;</p> <p>4). Мұғалім мен білім алушының арасындағы қарым-қатынастың қажеттілігінше қол жетімді болуы;</p> <p>5). Білім берудің дифференциациясы мен индивидуализациясы;</p> <p>6). Уақыт пен қаржының үнемділігі;</p> <p>7). Ата-ана бақылауы (ата-аналардың білім беру үрдісін және мұғалімдермен қарым-қатынасын бақылау мүмкіндігі).</p>	<p>жеткіліксіздігі;</p> <p>3. Ата-аналар мен мұғалімдердің жеткілікті түрде интернетке шығу мүмкіндігінің шектеулілігі;</p> <p>4. Қашықтықтан оқыту орта білім беру ұйымдарында мұғалімдердің тәжірибесінің болмауы, өткізу барысындағы түрлі кемшіліктерінің болуы;</p> <p>5. Ата-аналардың балаларына оқуға қол жетімді құралдармен қамтамасыз ете алмауы;</p>
Мүмкіндіктері	Қауіпті жақтары
<p>1) Қашықтықтан оқу технологиясының оқу үрдісін басқаруда пайдаланылатын ақпараттық технологиялардың дамуы;</p> <p>2) Қашықтықтан оқытуды пайдаланушылардың әлеуметтік-мәдени және психологиялық жас ерекшелігін ескере отырып, теориялық, ғылыми-психологиялық арнайы әдістемелер құрастырылуы;</p> <p>3) Қашықтан білім беру жүйесін еркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызуы;</p> <p>4) Компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асырылуы;</p> <p>5) Мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен</p>	<p>1. Оқушылардың компьютерге, планшетке тәуелділігі;</p> <p>2. Теориялық білімді жеткілікті түрде ала алмағандықтан практикада дұрыс қолдана алмауы;</p> <p>3. Пән мұғалімдерінің оқушылардың білімін жеткілікті түрде сабаққа қатысуын басқару күзiреттiлiгiнiң төмендеу қаупі;</p> <p>4. Қашықтықтан оқуға ата-аналардың түсінігінің болмауынан оқушыларға кері әсер етіп, білім сапасының жоғарламауы мүмкін;</p>

<p>үйлесімді лігі;</p> <p>5) қашықтықтан оқыту арқылы оқу мен білім технологиясын қаржыландыру, нарықты өркендету жолында күресудің тиімді құралына айналуы.</p>	
--	--

Қорыта айтқанда, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі, бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік **алады**.

“Сындарлы оқытуда жас мамандарға сандық платформаларды қолданудың артықшылықтарын үйрету”

**Түркістан облысы
Сайрам ауданы, Қарасу ауылы
№74 жалпы орта мектебінің директоры
Игенбаева Динара Маратовна**

Мектепті сыйлағандықтан, мамандығын жан-тәнімен сүйгендіктен мұғалім ең алдымен өзінің интелектісін көтеруі керек, дүниеге деген көзқарастарын биіктетуі керек.

Әбділда Тәжібаев.

Ұстаз болып мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап өмір бойы білім алу, өмір бойы үйрену жауапкершілігі бұрынғыдан артпаса, кемімейді. Соның ішінде әріптестеріңнен үйрену, тәжірибе арқылы үйрену мықты құралың болады. Жоғарыда Әбділда Тәжібаевтың айтқанындай мамандығын құлай сүйген жас маман болып мектебімізге келген мұғалімдерімізге педагогикалық та, психологиялық та, әдістемелік те қолдау көрсету сол ұжымның ішіндегі тәжірибелі ұстаздарға жүктелген аса жауапты міндет.

Соның ішінде еліміздің білім саласындағы реформалардың жемісі болып табылатын кәсіби желілік қауымдастық, ресурстық тірек мектептері, лессон стади, мектеп көшбасшылары, жаңа форматтағы педагогтер белсенді, жан-жақты, білімді беруші ғана емес дамытушы, жаңа технологияны жақсы меңгерген тұлға ретінде жас мамандарды үйретуде ашықтық принципін ұстанады. Қазіргі таңда мектепке келген жас мамандар жаңа технологияны жақсы меңгергенімен, теориялық білімі жақсы болғанымен әдістемелік және психологиялық жағынан қолдауды қажет етеді. Жас мамандардың мектепке келгені оқушылар үшін де ұжым мен мектеп басшылары үшін де үлкен қуаныш. Әсіресе ауыл мектептеріне сауатты жас мамандардың келуі тек мұғалімдердің емес, ауыл тұрғындары үшін де жауаптылық. Олай дейтінім, ауыл тұрғындары жас мамандарға сеніммен қарауы, қолдауы көп нәрсені түсіндіре алады, яғни мұғалімнің ауыл мектебінде тұрақты қалуына әсер етеді.

Мектеп басшысы жас мамандардың кәсіби өсуі үшін жағдай туғызу, бейімделуге кері әсер ететін проблемаларды жою, жас маманның кәсіби қызметіне табысты енуіне қолдау көрсетіп отыруы қажет. Жас маманның педагогикалық процестерге қатысты көзқарастарын анықтау үшін сұхбаттасу мен сауалнама алып, әрі қарай кәсіби дамытуға және оның кәсіби күзіреттілігін арттыруға ықпал ететін нысандар мен әдістерді тиімді пайдалануға тырыстым.

Елімізде 2020 жылдың наурыз айынан бастап, карантиндік тәртіп орын алғалы бері, білім саласында да біраз өзгерістер мен қиындықтар туындады. Өзім қызмет атқарып отырған Сайрам аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің №74 жалпы орта мектебінде қашықтан оқыту кезеңінде білім саласындағы оқшылықтарды жою мақсатында мектепшілік жоспар құрылып, сол жоспар негізінде жұмыстар атқарылды. Мектебіміздің ашылғанына 3 жыл уақыт болды. Осы уақыт аралығында 33 жас маман жұмысқа қабылданды. Әлемдік пандемияға байланысты ұжымымыздағы барлық жас мамандарға кәсіби қолдау көрсету мақсатында «Инстаграм» әлеуметтік желісіндегі арнайы парақшамды ашып, менің тәлімгер тренерім, Қарағанды қаласы Педагогикалық шеберлік орталығының директоры Егізбаев Аят

Жақсыбекұлымен бірлескен “Дамы, Өркенде, Шыңдала түс – Жас маман!” атты 3 күндік онлайн марафон ұйымдастырдық. Марафонға қатысушылар үшін арнайы ватсап тобы ашылып, тренерім екеуміз барлық қажетті ресурстар қорын арнайы дайындап, мотивациялық кітаптар сілтемелеріне дейін беріп, қатысушы жас мамандардан кері байланыстар алып отырдық. Жас мамандарды онлайн режимі кезінде сабақ өту барысындағы кездескен қиындықтарына байланысты, олқылықтардың орнын толтыру мақсатында оқытудың сандық платформаларын онлайн сабақта қолданып, оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын, белсенділіктерін арттыру жолдарын үйреттік. Платформалар геймификация және бағалау түрлеріне қарай бөлінді.

Геймификация түбірі ағылшын тілінің «game» сөзінен шыққан, аудармасы ойын деген мағынаны білдіреді. Яғни ойын арқылы сабақты оқушыларға түсіндіру. Геймификация әдісіне H5P, Jamboard, Mindmeister, LearningApps платформалары жатады.

Бағалау әдісіне SurveyMonkey, Quizizz, Google forms, Padlet тақтасы, Kahoot, Liveworksheets платформалары таныстырылып, сабақтарда қолданылды.

Онлайн режимде жұмыс жасау мұғалімдерге де оңай болмады, себебі платформаларды үйренгеннен кейін оқушылармен күнделікті сабақта қолдану қиындықтар туғызды. Мысалы, платформаға барлық оқушы бір уақытта кірген кезде ғаламтор желісі жылдамдығының төмендігінен жұмыс жасамай қалды. Біз олқылықты жою үшін оқушыларға бір күн бұрын ертеңгі сабақтың арнайы платформаларды қолдану арқылы өтетіндігі ескертіп отыруды, сілтеме (ссылка) жіберілгенде барлығы бір уақытта емес, бір-бірін күтіп отырып кіру қажеттігі айтылды. Оқушылар қолдарында смартфонның жоқтығын алға тартты, бірақ бұл мәселе де өз шешімін тапты. Аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінен планшет, компьютер және интернет желісіне кіруге арналған номерлер таратылды. Платформаларды күнде және барлық сабақтар бір күнде қолдана алмады, себебі онлайн жүйеде істейтін кейбір платформалар интернет желісінің жоғары жылдамдығын талап ететін. Платформалардың тиімді тұсы оқушыларды күнделікті BilimLand, Darun Online білім беру ресурстарын ғана қолданып қоймай, өзге де ресурстарды қолданып, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыруға ықпал ете отырып түсіндіру.

Онлайн режимде қолданылған платформаларды оқушылар оффлайн режимге шыққанда да ұстаздарымыз үзбей қолданды. Платформаларды жеке жұмыс және топтық жұмыстарда да қолдануға болады. Сабақ барысында, үй

тапсырмасы орындатуға және БЖБ, ТЖБ алуға өте тиімді болды. Платформалар баллдық жүйемен және уақытпен қамтамасыз етілгендіктен бір мезгілде бүкіл оқушыларды жылдам бағалау мүмкіндігі мұғалімдер үшін өте тиімді екендігін байқадық. Тәжірибе көрсеткендей оқушылардан, ата-аналар тарапынан сандық платформаларды тиімді қолданып өтілген сабақтарға жағымды кері байланыстар беріле бастады. Сабақтағы бір сарындылықтан жалыққан оқушыларға соңғы онлайн платформалардың түрлі ойын түрімен ұштасқан тапсырмалары арқылы өзара топтық жұмыстар мен жеке тапсырмаларды қызыға және жарыса орындайтын жауапкершілік сезімінің оянуына түрткі болған ұстаздар қауымы өздері жасаған тапсырмаларды дамытуға кірісе бастады. Тәрбиеші тренер іс-әрекет стиліндегі әріптесіне ұқсас болған жағдайда айтарлықтай табысқа жетеді. Мектебіміздің белсенді оқушылары биылғы оқу жылында да түрлі мектепішілік, аудандық, облыстық, республикалық байқауларына қатынасып, жүлделі орындарды иеленді. Мұғалімдеріміздің іс-тәжірибе таратулары да биылғы оқу жылында назардан тыс қалмады. Үздік деп танылған сабақтары түрлі республикалық сайттардан, төл басылымдарынан жарық көріп жатты. Мұғалімнің барлық жұмысын бір жүйеге біріктіретін, тәжірибелік іс-әрекет нәтижелерін көрсетуге, өзінің кәсіби құзырлығын бағалауға және өз жұмысына салыстырмалы талдау жасауға мүмкіндік беретін тренингтерді жоспарлап, тиімді кері байланыс орнату арқылы жас мамандар өзін өзге қырынан танытатындай ресурстар қорын жасақтап, шығармашылық жұмыстарының дамуына дайындық жасауға мүмкіндік алды.

Қашықтықтан оқыту: қиындықтар мен жаңа мүмкіндіктер

**Түркістан облысы Келес ауданы
№10 «Игілік» жалпы орта білім
беретін мектебінің директоры
Полатов Кайыржан Медетұлы**

Елімізде болып жатқан төтенше жағдайға байланысты білім беру саласында үлкен өзгерістер орын алуда. Осыған орай, дәстүрлі білім беру жүйесінен жаңа форматта жұмыс жасауға көшу қажеттілігі туындады. Барша ұстаздар қауымының алдына жаңа мақсат-міндеттер қойылды.

Білім беру ұйымдары қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, оқытуды сапалы ұйымдастыру жолдарын іздестірді. Қашықтықтан білім беру форматына көшуге шешім қабылдаған уақыттан бастап мектебіміздің қызметкерлері де жоспарлы жұмыс жүргізуге кірісті. Ең

алдымен, мектептегі оқушылар мен педагогтердің дербес ақпараттық техникамен қаншалықты қамтамасыз етілгендігі, интернет жүйесіне қосылу мүмкіндіктері туралы ақпарат жинақтаудан бастадық.

Барлық жауапты қызметкерлердің жүйелі жұмысы нәтижесінде мектебімізге қарасты 42 отбасы компьютерлік техника, планшеттер және роутерлермен қамтамасыз етілді. Сондай-ақ, 20 мұғалімге дербес компьютер берілді. Осылайша, ұстаздарымыздың барлығы сапалы білім беру үшін дербес ақпараттық техникалармен жабдықталды.

Қашықтықтан оқытуды жүйелі ұйымдастыру және қолдау көрсету мақсатында педагогтерге, оқушыларға, ата-аналарға арналған нұсқаулықтар мектеп сайтында, Kundelik.kz платформасында орнатылды.

Мектеп әкімшілігі жұмыс жоспарын қайта қарастырып, түзетулер енгізді.

Білім беру ұйымы құрылымындағы әр сала қашықтан оқыту режимінде нәтижелі де, сапалы жұмыс жүргізуі үшін арнайы циклограмма жасалды. Сонымен қатар, ата-аналар, оқушылар, мұғалімдер тарапынан кездескен қиындықтарды дер кезінде шешу үшін жұмыс құрамы құрылды.

Ең алдымен, мұғалімдердің ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту үшін «Өрлеу» БАҰО» АҚФ Түркістан облысы және Шымкент қаласы бойынша ПҚБАИ ұйымдастыруымен өткізілген онлайн курстар, вебинарлар, семинарлар, конференцияларға қатыстырып, тәжірибе алмасуға, кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға үлкен мүмкіндік болды. Педагогтерге өз пәні бойынша білім контентін жасауда үнемі әдістемелік нұсқаулықтар, ұсыныстар, кері байланыс беріліп келеді.

Әдістемелік өзара көмек көрсету барысында мектебіміздегі көшбасшы мұғалімдерден құрылған команданың жұмысы айтулы үлес қосты. Барлық пән мұғалімдері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тарапынан келіп отырған нормативтік құқықтық актілермен уақтылы таныстырылып, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мектептің корпоративті жұмыс платформасы аясында «Қашықтықтан оқыту: сұрақтар мен жауаптар» (сауалнама жүзінде) атты айдар тұрақты жүргізілуде. Мысалы, қашықтықтан оқыту кезінде оқу тапсырмаларының көлемі жағынан бірқатар мәселелер туындаған болатын. Алайда, оқу тапсырмаларының көлемі министрліктің 2020-2021 жылғы бекітілген нұсқаулық бойынша реттелді.

Қашықтан оқыту Kundelik.kz, BilimLand, Өрлеу» БАҰО» АҚ ПҚБАИ дайындаған видео сабақтары және WhatsApp желісі арқылы жүзеге асырылуда. Сонымен қатар, «Балапан» арнасындағы ТВ-сабақтар арқылы да балалар білім алуда.

Оқушылардың қажеттілігіне және мүмкіндіктеріне қарай ZOOM платформасы арқылы онлайн сабақтар да жүргізілуде. Бір отбасында бірнеше оқушы бар екені ескеріліп, икемді сабақ кестесі жасалды. Әр бала оқумен қамтамасыз етілді. Басқа аймақтарда жүрген оқушыларымыздың да

мүмкіндіктері назарға алынды. Осылайша, бірде-бір оқушымыз оқыту үрдісінен тыс қалған жоқ.

Жоспарланған жұмыстарға сай әр аптада мұғалімдермен, оқушылармен, ата-аналармен мектеп әкімшілігі ашық диалог жүргізіп отырдық. Соның нәтижесінде мәселелер анықталып, дер кезінде шешімдер қабылдап отырмыз. Мысалы, мектеп басшысы «Оқушы пікірі» жобасы аясында барлық сынып оқушыларымен онлайн форматта білім алу барысы қалай ұйымдастырылып отырғандығы туралы рефлексивті ашық диалог жүргіздік. Сонымен қатар, проблемаларды анықтау мақсатында әртүрлі формада сауалнамалар алып, мониторинг жасадық. Нәтижесінде, анықталған мәселелер бойынша оқушыларға, ата-аналарға, мұғалімдерге қолдау көрсету жолдары қарастырылады.

Мектебіміздің педагогикалық-психологиялық қызметі де мұғалім, оқушы, ата-анаға қолдау көрсету мақсатында жеке кеңестер, онлайн тренингтер өткізілді. Осындай игі шаралар жүйелі жұмыстар жасауға мүмкіндік беруде. «Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына – 30 кітап» рухани-мәдени акциясы – ұлттық әдебиетіміздегі ең үздік деген туындыны оқу және насихаттау, оқу ісін ілгерілету, рухани мұрамызды сақтау, сондай-ақ жастарды отаншылдыққа әрі өнегелікке тәрбиелеу мақсатында оқушыларымыздың үйдегі бос уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік беретін іс-шара ұйымдастырдық. Үй жағдайында оқыған кітаптары туралы онлайн кездесулер, пікірталастар жүргізе отырып, жақсы нәтижеге қол жеткіздік.

Әр әдістемелік бірлестік мұғалімдері бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып, бір-біріне қолдау көрсетіп отырды. Атап айтсам, мұғалімде, оқушыда, ата-анада кері байланыстың маңыздылығын түсіне бастады. Әрбір кездескен кедергіні шешу жолында бірлесе жұмыс жасау арқылы оң нәтижеге қол жеткізудеміз. Қашықтықтан оқыту кезеңіндегі өзекті мәселелерді шешуде үнемі білім алушының, ата-ананың, пән мұғалімінің пікірі басшылыққа алынады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 26.05.2021 жылғы №240 бұйрығын негізге ала отырып, білім сапасын арттыру мақсатында пандемия және шектеу шаралары кезінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында мектебімізде «Жазғы мектеп» жұмысы атқарылды. Жұмыс барысында мектебімізде бірнеше сыныптарда дөңгелек үстелдер, ашық сабақтар, оқуға құштар жобасы және спорттық жарыстар ұйымдастырылды. Осындай жемісті жұмыстың нәтижесінен мектеп қызметкерлері АЛҒЫС хаттармен марапатталды.

Осындай жұмыстар атқару барысында қашықтықтан оқытудың қиындықтарын жоя отырып жаңа мүмкіндіктерге қол жеткізе алдық.

Жаңа заманауи технологиялардың дамыған уақытында өзгеріске тез икемделген жаңа тұлға қалыптасуда. Білім алушыларымыз көп оқу, іздену қажеттілігін түсініп, ХХІ ғасырда қажет дағдылардың маңыздылығына көз жеткізуде.

МЕКТЕПТЕГІ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖҰМЫС: ЖАҢА ТАЛАП, ЖАҢА МАЗМҰН, ЖАҢА КӨЗҚАРАС

Есімханова Райхан Құдиярқызы
Ордабасы ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің әдіскері

Мектептегі әдістемелік жұмыстың басты міндеті – мұғалімдердің кәсіби деңгейін арттыру және қазіргі өмірдің қажеттіліктеріне сәйкес келетін педагогикалық ұжымды қалыптастыру. Бүгінгі әлемде әлеуметтендірілген тұлғаны тәрбиелеуге қабілетті, жоғары білікті, шығармашылықпен жұмыс істейтін, әлеуметтік белсенді және бәсекеге қабілетті мұғалімге сұраныс артты.

Білім берудің жаңа кезеңіне көшу жағдайында білім беру мекемелеріндегі әдістемелік жұмыста көптеген өзгерістерді енгізу қажет. Білім беру ұйымдарында өткізілетін әдістемелік жұмысқа дәстүрлі іс шаралармен қатар әдістемелік жұмыстың жаңа формаларын ендіру – білім сапасын көтерудің кепілі.

Мектептің әдістемелік тақырыбы бойынша жұмыс

1. Жалпымектептік әдістемелік тақырып бойынша жұмыс мерзімі: 3-5 жыл.
2. Әдістемелік бірлестіктер тақырыбы мектептің әдістемелік бірлестіктер тақырыбымен ұштасуы тиіс
3. Жұмыс ерекшеліктері: оны жасақтауға бүкіл мектеп әкімшілігі қатысады, ол оқу және оқудан тыс жұмысты қамтиды
4. Мектептің әдістемелік тақырыбын таңдау, бекіту
5. Мектептің әдістемелік тақырыбын жүзеге асыру бағдарламасын әзірлеу
6. Әдістемелік тақырып бойынша жұмыс жоспарын әзірлеу
7. Мектептің әдістемелік тақырыбын әдістемелік кеңесте бекіту

Мектептің әдістемелік тақырыбы бойынша міндетті түрде бағдарлама құрылады

Тақырыбы:

Бағдарлама мақсаты:

Бағдарлама міндеттері:

Күтілетін нәтижелер:

Бағдарлама міндеттерін жүзеге асыру бойынша жұмыс формалары:

- 1) ұжымдық жұмыс: тақырыптық педкеңестер, семинарлар, пікірталастар, практикумдар, дөңгелек үстелдер, байқаулар, іскерлік ойындар, т.с.с.;
- 2) топтық жұмыс: шығармашылық топ отырыстары, коучингтер, өзара сабаққа ену, ашық сабақтар, lesson-study, т.с.с.;
- 3) жеке жұмыс: біліктілікті арттыру курстарына қатысу, тақырып бойынша әдебиетпен жұмыс, кеңес беру.

Бағдарламаны жүзеге асыру кезеңдері

1. *Ұйымдастырушылық кезеңі:*
2. *Жаңа идеяларды ендіру кезеңі:*
3. *Ақпаратты жинау және өңдеу кезеңі:*
4. *Ақпаратты жинақтау және нәтижелерді бағалау кезеңі:*
5. *Талдау және болжамдау кезеңі:*

Бес кезеңді 3-5 жылға бөлу қажет.

Әдістемелік бірлестіктің жылдық жұмыс жоспары

1. Әдістемелік жұмыс
2. Сыныптан тыс жұмыс
3. Пән бойынша білім стандартын орындау
4. Мұғалімнің біліктілігін көтеру
5. Мектеп құжаттамасымен жұмыс
6. Оқу кабинеттерінің материалдық базасын нығайту жұмыстары

Әдістемелік бірлестіктің айлық жұмыс жоспары

Авторлық бағдарлама

Авторлық бағдарлама – бұл бір автор немесе авторлық ұжым әзірлеген, қазіргі уақытта оқу жоспарының жаңа бағытын және (немесе) жаңа мазмұнын қамтыған бағдарлама. Авторлық бағдарлама – бұл өзектілігі, өзіндік ерекшелігі және міндетті түрде жаңалығы бар бағдарлама. Авторлық бағдарлама мектептегі білімді жаңартуға және белгілі бір (жоғары) нәтижелерге қол жеткізуге бағытталады.

Авторлық бағдарламалар құрылымы

1. Титул парағы:

- білім беру ұйымының атауы;
- бағдарламаның атауы;
- бағдарлама бағытталған балалардың жасы;
- елді мекен атауы;
- бағдарламаны әзірлеу жылы.

Ақпараттық парақ:

- бағдарламаны қайда, қашан және кім бекіткені туралы мәліметтер;
- бағдарлама авторының (авторлар ұжымының) аты-жөні, лауазымы;
- рецензенттер аты-жөні, лауазымы;
- бағдарламаның толық атауы; білім беру ұйымының атауы; беттер саны.
- аннотация;
- елді мекен атауы;
- бағдарламаны әзірлеу жылы.

2. Түсінік хат:

- бағдарламаның бағыттылығы: ұйым түрі (мектепке дейінгі, жалпы білім беретін, арнайы ұйым және т. б.);
- бағдарлама бойынша балалар саны, олардың жасы, жалпы сағат саны, іске асыру мерзімі туралы қысқаша мәліметтер;

- бағдарламаның тұжырымдамасы (негізгі идеясы): мақсаттары, міндеттері, болжанатын нәтижелері;
- негіздемесі (өзектілігі, жаңалығы, маңыздылығы);
- оқыту әдістері, формалары және сабақ режимі;
- бағдарламаның қоғам үшін маңыздылығы; әлеуметтік мәртебесі, нысаналы топтардың мүдделері, қажеттіліктері және т. б.;
- материалды іріктеудің негізгі принциптері және бағдарлама құрылымының логикасын қысқаша түсіндіру;
- оқушылардың жетістіктерін бағалау жүйесі;
- курстың оқытудағы орны мен рөлі.

3. Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырыптар / бөлімдер	Сағат саны	Сабақ түрі	Қызмет түрі	Түпкі нәтиже

1. Әдістемелік нұсқаулар.

Оқыту формалары мен әдістерінің қысқаша сипаттамасы.

5. Ақпараттық қамтамасыз ету: әдебиет.

6. Қосымшалар:

- бағдарламаның негізгі ұғымдары;
- жоба тақырыптары;
- сабақтардың, шығармашылық әзірлемелердің, ойындардың конспектілері;
- курстық және шығармашылық жұмыстардың тақырыптары;
- тест тапсырмалары, карточкалар және т. б.;
- жұмыс үлгілері және т.б.;
- білім мониторингінің материалдары;
- баланың жеке дамуын бағалау қорытындылары;
- фото-және бейнематериалдар және т.б.

Сабаққа ену

Оқыту процесінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылауды күшейту қажет.

Сабақтарға қатысу алдын ала дайындалған, білім беру ұйымының басшысы бекіткен жоспар және міндетті түрде ақпарат тақтасына

орналастырылған кесте бойынша жүзеге асырылады. Сабаққа жоспардан тыс қатысуға жол берілмейді.

Білім беру ұйымы әкімшілігінің сабаққа қатысу нәтижелері бақылау парақтарында, сабаққа қатысу журналында тіркеледі.

Сабаққа ену дәптерінің үлгісі

Кіріспе беттері

- сабақтың негізгі кезеңдері
- сабақ түрлері
- түріне қарай сабақтың негізгі құрылымдық элементтері
- сабаққа қатысуға дайындық
- тексерушінің сабақты талдауға дайындығы
- мұғаліммен сабағына қатысқаннан кейін жүргізілетін әңгіменің шамалас сұрақтар тізімі қатысқан сабақты жалпы бағалау

Сабақты талдау картасы

Жалпы ақпарат (сабаққа дейін толтырылады)

- Пәні, сыныбы _____
- Мұғалімнің аты-жөні, санаты _____
- Сабаққа ену мақсаты _____
- Сабақ жоспары (бар/жоқ; электронды/қағаз нұсқа) _____
- Сабақ түрі _____
- Сабаққа ену күні _____

Сабақ барысы (сабақ барысында толтырылады)

- Сабақ тақырыбы _____
- Сабақ мақсаты _____
- Сабақ формасы (дәстүрлі, сайыс, ертегі, ойын, семинар, сынақ, т.с.с.) _____

Сабақты бағалау критерийлері:

1. Сабақ құрылымы
 - Сабақ түріне сәйкес – 2 ұпай
 - Сәйкессіздіктер бар – 1 ұпай
 - Сәйкес емес – 0 ұпай
2. Қолданылған әдіс-тәсілдер
3. Бақылау формалары
4. Жұмыс формалары
5. Өзіндік жұмысты ұйымдастыру
6. Өзіндік жұмысты орындау деңгейі
7. Үлгерімі төмен оқушымен жұмыс
8. Дарынды баламен жұмыс
9. АКТ қолдану
10. Көрнекілік пайдалану
11. Сабақты өту қарқындылығы
12. Сабақ тығыздығы
13. Психологиялық ахуал
14. Оқушылардың белсенділігі

15. Сабақтың тәрбиелік мәні
16. Кері байланыс
17. Қалыптастырушы бағалау
18. Критериалды бағалау
19. Үй тапсырмасы
20. Сабақ мақсаты
21. Сабақтың аяқталуы

Әр критерий бойынша тиісті ұпай қойылады

- «Педагог-шебер» санатына сәйкес: 35-30 ұпай
- «Педагог-зерттеуші» санатына сәйкес: 29-25 ұпай
- «Педагог-сарапшы» санатына сәйкес: 24-20 ұпай
- «Педагог-модератор» санатына сәйкес: 19-15 ұпай
- Әдістемелік көмек қажет: 14-0 балл

**ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН
ҰЙЫМДАСТЫРУ: ТӘЖІРИБЕ, ПРОБЕМАЛАР, ҰСЫНЫСТАР**

**Отырар ауданы Ғ.Мұратбаев атындағы шағын
жинақты жалпы орта мектебі директорының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
Бугенбаев Ербол Нуржигитович**

«Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпы адамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту қажеттігі тұжырымдалғаны тегін емес. Қазіргі заманғы білім беру жүйесіне оқытудың инновациялық әдістерін енгізу, экономика мен әлеуметтік саланы дамытуда маңызды рөл атқарады. Демек, осы бағдарламаны іске асыру нәтижесінде елімізде білім алушылар үшін баршаға бірдей сапалы білімге, үздік білім беру ресурстары мен технологияларына қол жеткізуге кеңінен жол ашылып, коммуникативтік және кәсіптік құзыреттілікті дамыту мүмкін болмақ.

Жаңашыл ұстаз – таудан арқырай аққан тау өзені секілді, айналасына қуат беріп, жолында кездескендерді суымен нәрлендіріп, таудай қиындықтарды тастай домалатып, білімнің сар даласында тыныштық тауып дамылдайды.

Білімді адам деп – қабілеті өте жоғары дамыған көп жағдайларды түсінетін кей кезде оқығанын қолдана білетін білімді дұрыс ойлай алатын жоғарғы қасиетті адам. Көріп отырғанымыздай білім беру ұғымы тек қана оқытудың нәтижесі білім, іскерлік және дағды ғана емес, сын көзбен қарап ойлай білетін айналадағы құбылыстарды адамгершілік тұрғысынан бағалай білетін адамның өзіне деген қарым-қатынас іс-әрекетін шексіз өрістетеді.

Қазіргі білім беру жүйесіндегі мақсаттардың бірі – жастарды сапалы біліммен, халықаралық рейтингілердегі білім көрсеткішінің жақсаруы мен Қазақстандық білім беру жүйесінің тартымдылығын арттыру үшін, ең алдымен, педагог кадрлардың мәртебесін арттыру, олардың бүкіл қызметі бойына мансаптық өсуі, оқытылуы және кәсіби біліктілігін дамытуды қамтамасыз ету, педагогтердің еңбегін мемлекеттік қолдау мен ынталандыруды арттыру. Осыған байланысты қазіргі таңда еліміздің білім беру жүйесіндегі реформалар мен сындарлы саясаттар, өзгерістер мен жаңалықтар әрбір педагог өкілінің ойлауына, өткені мен бүгіні, келешегі мен болашағы жайлы толғануына, жаңа идеялармен жаңа жүйелермен жұмыс жасауына негіз болары анық.

Мұғалімнің мақсаты: Білім, ғылымның даму қарқыны, өндірістің үнемі жаңа құралдармен жабдықталуы, заман талабына сай жаңалықтар ашу, бізге өмір бойы оқып – үйренуді талап етеді. Осыған орай, қазіргі кезде білімді үздіксіз жетілдіріп, «өмір бойы оқу» қажеттігі туындап отыр. Бұл ретте мемлекет тарапынан өмір бойы білім алу жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оған жағдай жасауы қарастырылған. Басты мақсат – адамдардың білім алуға деген қажеттілігін қанағаттандыру, мемлекеттік саясатты қолдау.

Міндеті: Білім беру адамның дүниені тану процесін қалыптастыру арқылы жүйелі біліммен іс-әрекет тәсілдерін игеру, дағды, іскерлік, сезім және ақылын дамыту жеке тұлғаны қалыптастыру.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін – білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесі зерттеліп, мектеп өміріне енуде.

Мұғалімнің кәсіптік қызметінің құрамдас бөліктері

Бүгінгі қоғам – үздіксіз өзгеріс үстіндегі қоғам. Ақпараттың маңызы өскен сайын ол тез ескіретін болуы да заңды құбылыс. Қоғам мен мемлекет өмірінің барлық саласын қамтып отырған ақпараттық – технологиялық инновациялар ел дамуына шешуші рөл атқаратын маңызды факторлардың біріне айналып отыр.

Мұғалімнің кәсіптік қызметінің құрамдас бөліктері:

- Кәсіптік жаңашылдық қызметі;
- Біліктілігін көтеру;
- Кәсіптік тұлғасы;
- Әдістемелік жұмыстар;
- Сыныптан тыс жұмыстар;

- Педагогикалық қоғамдық қызметі.
- Цифрлық сауаттылықты дамыту

Мұғалімнің біліктілігін жетілдіру екі бағытта жүргізілуі тиіс:

1. Мұғалімнің кәсіптік жұмысының мәнін үйлесімді өзгерту, яғни басты қызметтік нұсқауды орындау емес, күтетін нәтиже үшін оқу үрдісін шығармашылықпен үйлестіру;

2. Білім беру барысында мұғалімнің зерттеушілік бағыттағы қызметін күшейтуге байланысты мұғалімнен кәсіптілікті кеңейтуді талап ету.

Мұғалімнің кәсіби деңгейін дамыту бүгінгі таңда әдістемелік жұмысының жүйелі, жаңаша бағыт негізінде ұйымдастыруды көздейді.

Осы бағытта қазіргі таңда мұғалімдерге мынадай әдістемелік талаптар қойылады: педагогикалық – психологиялық деңгейін көтеру;

оқыту мен тәрбиелеудің жаңа технологияларын, әдістемелер мен тәсілдерді зерттеп, меңгеру және оны өзінің кәсіптік жұмысына қолдана білу;

өз білімін көтеруге, шығармашылық жұмыс атқаруға ынталандыру, қажетті жағдайлар туғызу, педагогтарды ақпараттық жағынан қамтамасыз ету;

авторлық бағдарламалар, курстар, дидактикалық құралдар, мақалалар ізденістер жасауға ұмтылдыру, қызықтыру, ынталандыру және ондай мұғалімдерге қолдау көрсету;

Педагогтардың жұмысында еңбекті ғылыми ұйымдастыруда әр мұғалімнің күнделікті ісіне енгізу.

Мұғалімнің кәсіби өсуінің өзекті мәселелері: кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту; біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың формалары мен әдістерінің түрлерін өзгерту;

Қазіргі заман техникасы мен технологиясын жоғары деңгейде қолдана білу. Мұғалім жауапкершілігін арттырып, кәсіптік мәдениетін көтеруде әрбір ұстаз өз пәнінің аясында қалып қоймай қандай да бір дәрежеде шығармашылықпен еңбекете білуге баулуда білім қызметкерлерінің атқаратын жұмысы аз болмайды.



Мұғалімнің кәсіби ізденісі қазіргі қоғам алдында тұрған өзекті мәселе. Бұл-әржақты дамыған, көпмәдениетті, шығармашыл, әлеуметтік бейімделген тұлға қалыптастыру. Оқушы қабілеттерін жан – жақты дамытып, шығармашылығын

ұштай білу үшін ұстаз өзі шығармашыл тұлға болуы тиіс. Ол шығармашыл, жанашыл, озық ойлы, кәсіби шебер маман болуы қажет.

Тәрбие бағытында өз кәсіби біліктерін арттыруға педагогтар кеңінен пайдаланылып жүрген СТО, АКТ, жобалау, дебат технологиялары, тәрбиенің интерактивті әдістері, соның ішінде тренингтер, топпен жұмыс, т.б. жоғарыда аталған технологияларды да тереңірек зерттеп, өз жұмыстарына шығармашылықпен пайдалану – әр педагогтың кәсіби деңгейінің жоғарылауына апаратын бірден-бір төте жол дер едім. Қай технологияны пайдалансақ та, қанша жерден жаңашыл педагог атансақ та ұлттық тәрбиені, халық педагогикасын жадымыздан шығармайық, яғни өз тамырымыздың үзілмеуіне күш салғанымыз абзал.

Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының «Бала оқытуды жақсы білейін деген адам әуелі балаларға үйрететін нәрселерін өзі жақсы білуі керек»-деген тұжырымында «Шығармашыл ұстаз-шығармашыл шәкірт тағайындайды» деген оймен, мектебімізде «Шамшырақ», «Парасат», «Асыл мұра», «Зерде», «Шежіре», «Мирас» пән әдіс бірлестіктері жұмыс жасайды, жыл қорытындысы мониторингі бойынша үздік танылған «Шежіре» пән әдіс бірлестігінің жұмысымен қорытындыласам.

Шежіре пән әдіс бірлестігінің құрамында 6 мұғалім жұмыс жасайды. 2 мұғалім - I санатты, 1 мұғалім- педагог-зерттеуші, 1 мұғалім-педагог-сарапшы, 2 мұғалім- жай санатты. Тарих, адам және қоғам, дінтану, география, өзін-өзі тану пәндері қамтылған.

ШЕЖІРЕ бірлестігінің мүшелері



Алипбеков
Кембай
Мектеп
директоры



Донбаев
Нурланат
Тарих пәнінің
мұғалімі



Арын Қаржау
мұражай
жетекшісі



Кадирова
Гулбану
Тарих, өзін-
өзі тану
пәнінің
мұғалімі



Мұхидин
Оразгелді
құқықтану
үйірме
жетекшісі



Жұмабек
Ғалия
География
пәнінің
мұғалімі

Шежіре бірлестігінің жұмыс тақырыбы: Жаңа технологияларды қолдана отырып, оқытудың тиімді әдістерін пайдалануда нәтижеге қол жеткізу

ШЕЖІРЕ БІРЛЕСТІГІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚҰРАМЫ

№	Аты-жөні	Білімі	Туған жылы	Пед өтілі	Диплом бойынша мамандығы	Курстан өгуі	Бітірген оқу орны, жылы	Аттестацияға қай жылы түсті	Санаты өткен мерзімі, куәлік берген мекеме	Саб беретін сыныбы	Жүктемесі

1	К.Алипбек ов	жоғары	1970ж	25,8	тарих	2017ж	АГУ 1994ж	2016ж	I санат	10	1
2	Н.Донбаев	жоғары	1983ж	15	Тарих география	2017ж	ХҚТУ 2005ж	2019ж	Педагог- зерттеуші 2018ж 25 желтоқса н №1, ТОББ	5-11	18
3	Ғ.Жұмабек	жоғары	1976ж	21,9	Тарих география	2018ж	ОҚПУ 2006ж	2017ж	I санат 2017ж 26 маусым №1, АББ	5,7- 11	14
4	Қ.Арын	жоғары	1965ж	12,5	Тарих география	2018ж	ОҚПУ 2006ж	-	-	5	0,5 ш
5	Г.Кадирова	жоғары	1983ж	14,6	Тарих география өзін-өзі тану	2018ж	ОҚМУ 2005ж	2018ж	Педагог сарапшы 2018ж 17 тамыз №1 АББ	1-4, 5,8- 11	18
6	О.Мухидин	жоғары	1982ж	3	Тарих, құқық және экономика негіздері	-	ОҚМУ 2006ж	-	-	8-11	1ш

ІЗДЕНГЕН ЖЕТЕР МҰРАТҚА

Оқу жылы барысында тамыз айында бірлестік мүшесі Құқықтану үйірмесінің жетекшісі О.Мұхидин ҚР-сының Конституциясының 25 жыл толуына орай ұстаздар арасында «Ата-заңымыз-Конституцияға 25 жыл» тақырыбында баяндама оқып, аудандық Отырар өркениеті газетінің 2020 жыл 2 қыркүйек күнгі №35(263) санында «Ата-заңымыз – Конституцияға 25 жыл» атты мақаласы жарық көрді.

28.10.2020 жылы мектебімізде мектепшілік оқушылардың пәндік олимпиадасы өткізіліп, бірлестігіміздегі пәндерден тарих пәнінен 9-11 сынып оқушылары арасында оқушылар қатыстырылып, 9 сынып оқушысы Д.Сейіл, 10 сынып оқушысы А.Темірхан, 11 сынып оқушысы Қ.Байден аймақтық іріктеу олимпиадасына жолдама алды.

2-12.12.2020 жыл мерзім аралығында «Тәуелсіздіктің ақ таңы» атты онкүндік ұйымдастырылып, 5-7 сынып оқушыларынан «Менің Тұңғыш Президентім», «ҚР-сының тәуелсіздігіне -29жыл», «Әл-Фарабиге – 1150жыл» толуына орай эссе жаздыру, 8-11 сынып оқушыларынан жоғарыда аталған тақырыптар бойынша тест материалдарын дайындау тапсырмаларын орындалып, үздік оқушылар марапатталды.

Оқушылардың аудандық олимпиадасына өзін-өзі тану пәнінен 9 сынып оқушысы Д.Сейіл қатысып, I орын иеленіп, облыстық олимпиадаға жолдама алып, жүлделі II орынмен марапатталып, пән мұғалімі Г.Кадироваға алғыс жарияланды.

«ЭКОСТАН-ға саяхат» экологиялық конкурсында «Eco-AZAR» біздің қасымыздағы экологиялық проблема бағыты бойынша 9 сынып оқушысы Н.Марат қатысып, жүлделі II орынмен марапатталды, жетекшісі Ғ.Жұмабек.

Аудандық оқушылардың пәндік олимпиадасына география пәнінен 10 сынып оқушысы Ж.Құрман қатысып, II орын иеленді, пән мұғалімі Ғ.Жұмабек.

2021 жылы 30 сәуір күні аудандық мұғалімдердің пәндік олимпиадасына тарих пәнінен Г.Кадирова қатысып, жүлделі II орын иеленсе, сол күні география пәнінен мұғалімдердің аудандық олимпиадасына Ғ.Жұмабек қатысып II орынмен марапатталды.



2020-2021 оқу жылында I өтілген сабақтарынан көр



рамындағы мұғалімдердің



Пән мұғалімі Г.Кадированың «Көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуы» тақырыбындағы сабақ түсіндіру сәті



Пән мұғалімі Н.Донбаевтың қалыптастырушы бағалауды жүргізуі



Пән мұғалімі Г.Кадированың оқушылармен диалогтік қарым-қатынасы



Пән мұғалімі Н.Донбаевтың оқушылармен топтық жұмыс жасауда

Сыныптан тыс іс-шаралар:

22.05.2020 жылы күні Мұражай үйірмесінің жетекшісі Қ.Арынның ұйымдастырумен жергілікті жер-су аттарын танып білу және оны насихаттау барысында «Туған тарих-тұнған шежіре» тақырыбында 5 сынып оқушылары, сынып жетекшісі А.Асановамен Оқсыз қаласына тарихи экскурсияға шығып, оқушыларымыз құнды деректермен танысып қайтты.



Мұражай жетекшісі Қ.Арынның жергілікті жер-су аттарын танып білу мақсатында оқушылармен бірге «Оқсыз» қалашығына саяхат сабағынан көріністер

2020-2021 оқу жылының қорытындысына келсем, мектеп бойынша 2-11 сыныптарда 138 оқушы болса оның, 38-үздік, 45-екпінді, 55–орта, үлгерімі-100%, **білім сапасы-60,1%** орташа балы-3,8 деген көрсеткішпен аяқтап отырмыз, бірақ бізде проблема білім алушылардың бәсекеге түсе алмауы, яғни білім алушының саны, шағын жинақты мектептерде аз, көшбасшылыққа таласу жоқ... Тәжірибеде саннан сапа шығаруға болады, ал аз санның нәтижесіде аз. Сонымен қатар ауылдық мектептерде қосымша ресурстарға қол жеткізе алмауы, интернет желісінің әлсіздігі, байланыс құралдарының тапшылығы, арнайы ІТ сыныптардың оқытылмауы. Сондықтан аз оқушымен аянбай, қажырлы еңбектің арқасында бітіруші 11 сынып түлектердің **78%** мемлекеттік грант иегері атанды.

№	Оқушының аты-жөні	Жоғарғы оқу орны атауы	Мамандығы	Грант/ақылы
1	Байден Қайрат	С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті	В051-Қоршаған орта	Грант
2	Ережеп Балнұр «Алтын белгі» иегері	Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті	В018-Шет тілі мұғалімдерін даярлау	Грант
3	Жұмаділла Ақерке	Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	В009-Математика мұғалімдерін даярлау	Грант
4	Зейіл Ақбота	С.Аманжолов университеті Өскемен қаласы	В079-Орман шаруашылығы	Грант серпін
5	Нысанбай Шұғыла	Е.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті	В003-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Грант
6	Махсұтхан Жандос	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	В054-Физика	Грант
7	Стамқұл Шұғыла	С.Аманжолов университеті Өскемен қаласы	В079-Орман шаруашылығы	Грант серпін
8	Нартай Аяулым	Шымкент университеті	В003-Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	Ақылы
9	Сәрсенбек Дәуренбек	М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті	В005-Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	Ақылы

Жоғарыдағы аталған кемшіліктерді түзеу, қалпына келтіру мақсатында мынандай ұсыныстарға тоқталсам.

- Жоғары оқу орындары мамандарымен әріптестік қарым-қатынас және дарын зияткерлік мектептері мен байланыс орнату;
- Ауыл мектептеріндегі оқушы қатысымына ата-ананың жауапкершілігін күшейту;
- Мұғалім мәртебесін көтеру мақсатында жыл қорытындысы бойынша үздік көрсеткіш көрсеткен педагог кадрларды жоғары марапатқа ұсыну;
- Мектептің материалдық-техникалық базасын толықтырып, жаңа технологиялармен жабдықтап, көрнекі құралдарын жаңарту;

Осы аталған ұсыныстар шағын жинақты мектептердің білім сапасын арттыруға көмегін тигізеді деген ойдамын.

Біз Ұлы дала өркениетін құрған текті халықтың ұрпағымыз! Ал, осы Ұлы дала өркениетінің ажырамас құрамдас бөлігі білімді ұстаз бен шәкірт екені ақиқат. Алға қойған ең басты мақсатым Тәуелсіз тұғырлы мемлекетіміздің өсіп-өркендеу жолында бәсекеге қабілетті шәкірт тәрбиелеу және аянбай еңбек ету.

Педагогикалық менеджмент және оны іске асыру жолдары

Түркістан облыстық әдістемелік орталығы, «Басқару және білім сапасының менеджменті» бөлімінің басшысы Ауешова Гаухар Абдирахманқызы

Менеджмент (ағылшын тілінен аударғанда, to manage, management – басқару, manager- басқарушы, басшы,латын тілінен аударғанда manus-қол). Менеджментке байланысты пікірлердің негізінде ұғымға анықтама беруге болады.

Менеджмент ұғымын ғылыми тұрғыдан тұжырымдайтын болсақ: басқару туралы ғылым; адамдардың қызметіне кәсіби басшылық жасау түрі; басқару еңбегімен айналысатын адамдар тобы;

- зияткерлік, материалдық, қаржылық ресурстар жүзеге асыратын ғылым, өнер, іс әрекет;

- басқаруды жүзеге асыратын білім саласы; қазіргі қоғамың саясатына, өмір сүру салтына, кәсіпкерлікке ықпал ететін әлеуметтік- экономикалық институт; басқару саласының ұйымдастыру, әлеуметтік-техникалық аспектілерін оқытатын ғылыми пән;

- адамдардың еңбегін, зияткерлік дағдыларын, ынталарын қолдана отырып, белгіленген мақсатқа жету іскерлігі;

- ұйымды әлеуметтік басқару; ұйым деңгейінде басшылықтың қызметкерлерді басқаруынан тұратын қызмет түрі мен функциялары; адамдармен қарым-қатынасқа түсу тәсілдері мен өнерін меңгеру, ерекше әкімшілік дағды мен іскерліктер жүйесі;

- адамдар еңбегін жеделдету;

- адамдармен қызметте нәзік (филигранды жұмыс) басқару;

- басқарудың адамға бағытталуы;

- басқарудағы көшбасшылық.

Білім беру ұйымдарында білім сапасын дамытуды, мектеп басшылары мен педагогтардың сыни ойлау деңгейі мен педагогикалық көзқарастарының күтілетін нәтижеге бағытталған–жаңа өзгерістерге сай болуын қажет етеді. Оны қамтамасыз ету мектептанудың төмендегі бағыттарын:

- мектеп басқарудың дәстүрлі сипатын, құрылымы мен мазмұнын жаңарту;

- нәтижеге бағытталған білім беру мақсатына сай басқаруды ресурстық, әдістемелік, технологиялық қамтамасыз ету үшін мектеп басшыларының заманауи құзыреттіліктерін дамыту;

- оқытудың субъектаралық, коллобративтік, бірлесе оқыту түрлеріне сәйкес басқаруды корпоративтік, нәтижеге бағытталу түрінде ұйымдастыру; - оқыту бағдарламалары мен әдістемелерінің өзгермелі жағдайында педагогтардың құзыреттілігін көтеру арқылы үнемі кәсіби-әдістемелік дамыту жолдарын қамтамасыз етуді айқындайды.

Мектеп басшылары өзгерістердің нәтижесінен қажет екенін түсінуі үшін, біріншіден, білім берудің құндылықтары мен күтілетін нәтижелерін терең зерделей білуі тиіс, екіншіден, сол құндылықтар мен нәтижелерді қамтамасыз ету үшін мектепте нені өзгерту керек, ол үшін қандай әрекеттер мен жобаларды іске асыруға болатынын, үшіншіден, өзгерістерді жоспарлау және орындау барысында ол өзгерістер немен өлшенеді, оның тиімділігі қалай бағаланатынын алдын-ала айқындап, оны қадағалай білуі тиіс. Осы жүйелі өзгерістерді түсіну және оны орындау мектеп басшыларының өздерінің кәсіби құзыреттілігін дамытуды, олардың өз ұйымында қызмет ететін педагогтардың кәсіби шеберлігін дамытуға даярлығын талап етеді. Педагогикалық менеджментте басқару неғұрлым сапалы болса, соғұрлым үрдістің сапасы артады.

Менеджменттің ғылым ретінде пайда болуы, дамуы және тарихы. Адамдарды басқару өнері ежелгі заманнан қалыптасып, ғасырлар бойы жетілдіріліп, бүгінде заманауи түрге еніп отыр. Менеджменттің теориясы мен практикасының дамуы бірнеше кезеңдерге бөлінеді: I кезең – ежелгі кезең (б.з.д. 6-9 ғғ.- ХҮІІІ ғ. дейін) Алғашқы қауымдық құрылыста ру басшысының, қауымдық жетекшінің көмегімен, басшылығымен бірігіп тіршілік еткен, кейіннен термешілік пен аң аулаудан өнеркәсіптік өндіріске ауысу менеджменттің қалыптасу бастамасы болды. Біздің заманымызға дейінгі басқару принципінің жан-жақтылығын зерттеп сипаттама берген адам Сократ (470-439 жж.) мемлекеттің билігі «үздіктерге» яғни тәжірибелі, адал, әділетті, ұқыпты, мемлекеттік басқару өнерін меңгерген адамға берілуі керек. Платон (б.з.д 428-348) мемлекеттік басқарудың түрлерін талдаумен бірге басқару органдарының функцияларын анықтаған, «Мінсіз мемлекет» азаматтардың тұрмыс-тіршілігіне қажеттіні жасайтын қолөнершілердің жер өңдеушілердің, қауіпсіздікті сақтайтын әскерилердің және ақылмен, әділетті түрде басқаратын философбасқарушылардың бірлестігі болуы керектігін айтқан, ал Александр Македонский (б.з.д 356-323) әскерді басқарудың теориясы мен практикасын дамытты. Менеджмент туралы сөз болғанда біз ең бірінші Әбу Нәсір ӘлФарабиді (870-950) еске аламыз. Әл-Фараби басқару мен патшалық құруға, жоғары өкіметтің негізі болып табылатын басқару саясатына зор мән берген. Оның ойынша басқару өнерінің басты бір ерекшелігі – адамдар мен әлеуметтік топтардың үйлесімділігіне жету, олардың мұң-мүддесін ескеру. Басқару теориясы жайлы алғашқылардың бірі болып

2,5 мың жылдықта жазған Ежелгі Қытай ойшылы Конфуций болды. Ол адамдарды заң арқылы басқару емес, моралдық қағидалар мен қалыптасқан дәстүрлерге байланысты басқару керектігін және қоғамның дамып, гүлденуі үшін басшының өзі моралдық жағынан көшбасшы- қайырымды, ұқыпты болуын, осы сапаларды басқаларда да дамыту керектігін және мемлекеттік қызметті атқаратын адамдардың сыпайылығы басқарудың негізгі, міндетті элементі болып табылады деген тұжырым айтты. II кезең – индустрияның даму кезеңі (1776-1890 жж.). Өкілдері: А. Смит, Р.Оуэн, Б. Бэббидж, Э. Юр т.б. Бұл кезеңде басқарудың теориялық 10 негіздерін іздеу бағытында өнеркәсіп иелері, ғалымдар түрлі эксперименттік сынамалар жүргізді. Шотланд экономисті Адам Смит (1723-1790 жж) менеджмент әдістерін мемлекеттік басқару саласында қолданып, мемлекет басшысының міндеттеріне анықтама берді және жұмыстың тиімділігі мен оны бақылау теориясының негізін қалады. Менеджменттегі реформаторлық идеялардың авторы Роберт Оуэн (1771 - 1858 жж.) басқа адамдардың еңбегінің көмегіне сүйеніп, ұйым мақсатына жету идеясын жасап, ынталандыру әдістерінің жұмысшылардың еңбек өнімділігін көтеру үшін қажеттілігін дәлелдеді. Басқару саласында алғашқылардың бірі болып басқару бұйрық беру емес, жеке тұлғалардың біріккен іс әрекеті, ұйым мақсатына жету үшін адам және басқа да ресурстарды қолдану екендігін анықтады. Ағылшын математигі, алғаш рет аналитикалық есептеу машинасын ойлап тапқан Чарльз Беббидж (1751-1871 жж) басқару теориясына ауқымды үлес қосқан, ол «Машиналар мен мануфактуралар экономикасы» (1832) еңбегінде еңбекті мамандыққа байланысты ақыл-ой және физикалық еңбек деп бөлу керектігін, жұмысшыға істеген еңбегіне қарай жалақы төлену керектігін айтты. III кезең – басқаруды бір жүйеге (систематизация) келтіру кезеңі (1856-1960 жж.) Бұл кезеңде ғылыми басқару бір жүйеге келтіріліп, басқару мектептері, концепциялары қалыптасты. Ғылыми басқару концепциясы, негізін салушы Ф. Тейлор, оның еңбектері «Ғылыми менеджмент ұстанымдары» (1911), «Фабриканы басқару» (1903). Ол менеджментті нақты заңдары мен ережелері, принциптері, жоспарлауы бар ғылым ретінде қарастырды. Ф. Тейлор еңбектерінің құндылығы сол оның теориясы бойынша өнеркәсіпті кеңейту, жұмысшылардың еңбегін ынталандыруды жетілдіру арқылы еңбек өнімділігін арттыру. Ф. Тейлор және оның қолдаушылары еңбек операцияларына талдау жасай отырып, оны жетілдірудің түрлі әдістерінің негізін қалады. Фредерик Уинслоу Тейлор (1856-1915 жж) - американдық инженер, менеджмент пен еңбекті ұйымдастырудың ғылыми негізін қалаушы, еңбекті ғылыми басқару жүйесі кейіннен Тейлоризм деп аталды. Ф. У. Тейлордың айтуы бойынша: ғылыми басқарудың басты идеясы- әр адамның іс әрекеті ғылыми негізде құрылуы керек, соған сай әр қызметкерді қажетті дағдыларды меңгерту үшін оқыту керектігін айта отырып, ғылыми басқарудың келесі принциптерін ұсынады: орындалған әрбір жұмыс ғылыми тұрғыдан талданса, ондай жұмысты орындаудың ең озық әдісі анықталатын

болады; кез келген жұмысты орындау үшін кәсіби маман керек, ол үшін қызметкерлердің білімін көтеру керек; қызметкер еңбегін ынталандыру арқылы еңбек өнімділігінің артуына, шығармашылықпен еңбек етуге, еңбекке деген құлшынысты, белсенділікті туғызуға жағдай жасалады; менеджерлер жеке адамдармен серіктес болғанда ғана жұмыс ғылыми негізде орындалады; менеджерлер мен қызметкерлердің жауапкершілігі жоғары болуы тиіс. Менеджер жұмыстың күрделі түрін орындайды: жоспарлау және бақылау, ал белгіленген мақсаттың жүзеге асуын қызметкерлер орындайтын болады. 11 Тейлор өз жүйесінің мәнін білім арқылы басқару, еңбектегі үйлесімділік, серіктестік, әр жұмысшының жағдайын жасау екендігін және өнеркәсіптегі билікті сол сала бойынша маманданған адам (менеджер) жүзеге асыру керектігін айтты. Педагогикалық менеджмент білім беру жүйесінің тиімділігін көтеруге бағытталған басқару ұстанымдары, әдістері, ұйымдастыру формалары мен технологиялық тәсілдерінің кешенінен тұрады. Педагогикалық менеджмент мақсаты-басқару ұстанымдары, әдістері мен функцияларына негізделген тиімді (рационалды) басқаруды қамтамасыз ету, ортақ мақсатқа ұжымды жұмылдыру, адами ресурстарды дамыту, еңбек өнімділігін арттыру, педагог қызметкерлердің ынталандыру белсенділігін туғызу, олардың ішкі, сыртқы мүмкіндіктерін еңбек әрекетінде өнімді қолдану, басқарудағы қарама-қайшылықтарды жеңу жолдарын табу, іздеу.

Педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттері: адамдарды ортақ мақсатқа жұмылдыру; педагогикалық ұжымдағы әрбір қызметкердің қажеттіліктерін дамыту және оны мүмкіндігінше қанағаттандыру; адамдардың дамуын жетілдіру; педагог қызметкерлердің коммуникациялық дағдыларын, жеке жауапкершіліктерін дамыту; үрдісті жоспарлау, ресурстармен қамтамасыз ету; педагог қызметкерлердің жоғары ынталандыруын туғызу; үрдісті бақылау және түзету; оқыту үрдісін жетілдіру, оның тиімділігін арттыру; нәтижеге қол жеткізу, тиімді басқару. Бұл міндеттер әр циклде қайталанып отырады. Келесі циклдарда өткен циклда орын алған келеңсіздіктер шешіліп, келесіде ескерілетін болады. Педагогикалық менеджмент міндеттерін жүзеге асыруда келесі шаралар жүзеге асырылады: ұйымдастырушылық, әдістемелік, дидактикалық, тәрбиелік, жоспарлық, қаржылық кадрлық, қамтамасыз ету, ақпараттық, имидждік, бақылау- мониторингтік т.б. Осы іс шаралар кешені білім беру үрдісінің мазмұнын құрайды, оның нәтижелі орындалып, жүзеге асуы дұрыс ұйымдастырылатын басшылыққа, педагогикалық менеджментке байланысты.

Басқарудың негізгі объектісі: педагогтардың іс әрекетін бағдарлау; іс әрекетін белсендіру арқылы ынталандыру ортасын құру. Педагогикалық менеджменттің құрылымдық деңгейлеріне педагогикалық ұжымның қызметін басқару; педагогтың қызметін басқару; оқушылардың қызметін басқару жатады.

Педагогикалық жүйе келесі компоненттерден тұрады: мақсаттың болуы - мазмұнының толықтығы - ұйымдастыру (әдістер, формалар)- ынталандыру

(мотивация)- күтілетін нәтиже. Педагогикалық жүйенің осы құрылымдары басқарудың жеке объектісі болып саналады.

Педагогикалық менеджмент мектеп басшысы мен мұғалімдердің құзырлылық пен белсенділігін және өзін дамыту үшін жағдай туғызудағы дамытушылықты басқару болып табылады.

1. **Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. - А., 1991.**
2. **Жусупова К.А. Менеджмент в сфере высшего образования. – Алматы, 2004.**
3. **Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой. – Алматы: Ғылым, 2005.**
4. **Батурина Г.И. Кузина Т.Ф. Народная педагогика в современном учебно-воспитательном процессе.-М.,2005**

Менеджмент негізінде мектепті басқару принциптері

**Төлеби ауданы №16 Ш.Уәлиханов атындағы
жалпы орта білім беретін мектебінің
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Сахыева Нурайна Сахыевна**

Қазіргі заман талабы - бәсекеге қабілетті, білімді де білікті, рухани бай, ұлттық құндылықтарымызбен сусынданған ұрпақтың тәрбиеленуі.

Жас ұрпаққа білім мен тәрбие беруде негізгі қайнар көз - мектеп болса, ал, А.Байтұрсынов айтқандай, мектептің жаны – ұстаз. Бүгінгі ұстаздар қауымы жаңашылдыққа жаны құмар, ізденімпаз, шығармашыл жандар деп айтсам артық болмас. Елімізде білім беру саласында бірқатар жаңалықтар, өзгерістер болып жатыр. Сол өзгерістердің басы-қасында, әрине, ұстаздар жүр. Ұстаздардың білім беру сапасы, оқушылардың білім сапасы, оқу-тәрбие үдерісінің жүйелі жүргізілуі – бәрі-бәрі тікелей басқару мен басшылыққа қатысты.

Бүгінде бәріміз менеджмент сөзімен жиі тоғысамыз. Менеджмент дегеніміз не? Мектептегі менеджмент ұғымын қалай түсінеміз?

Менеджмент – басқару, меңгеру, ұйымдастыру деген ұғымды білдіреді. Яғни, ұйымда жұмыс істейтін адамдардың еңбегін басқара отырып, алға қойған мақсатқа жетуді ұйымдастыра білу, т.т.

Педагогикалық менеджмент - оқу-тәрбие үрдісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені. [5] Мектепті басқару басшыдан білікті менеджер болуды

талап етеді. Әрбір басшы басқарып отырған ұйымның дамуы мен білім беру үдерісінің нақты алға жылжу бейнесін көргісі келеді. Ол үшін нақты мақсат қою, мақсатқа жету жолдары, бірізді сараптау, проблемаларды анықтау мен жою жолдарын қарастыру сынды іс-шаралар жүзеге асырылуы қажет. Аталаған іс-шараларды жүзеге асыру тек басшының немесе орынбасарларының қатысуымен жүргізілмейтіндігі анық. Білім беру ұйымының жетістікке жетуінде басшылықпен қатар педагог кадрлардың, оқушылардың, ата-аналардың қатысуының маңыздылығы орасан.

Мектепті басқару принциптерінің бірнешеуіне тоқталып өтсек, олар:

- Өзара құрмет және сенім білдіру принципі;
- Әрбір қызметкерге, оқушыға жеке тұлға ретінде қарау принципі;
- Ынтымақтастық принципі;
- Әділеттілік принципі;
- Ынталандыру принципі;
- Мұғалімдердің мектепті басқаруға қатысу принципі немесе ұжымдық шешім қабылдау принципі;
- Тұрақты кәсіби даму принципі;
- Мақсатты үйлестіру принципі. [2]

Мектепті басқарудың ең негізгі, әрі маңызды принциптері осы аталған принциптер деп білемін.

Осы орайда ұйымдасқан басқару бойынша американдық лектор Стивен Ковидің мына сөздерін мысал ретінде келтіргім келеді: «Егер мен, дейді автор, адамдарға ықпал еткім келіп, оларды қалаған нәрсемді істетуге көндіргім келіп, жақсы жұмыс атқаруға, маған және бір-біріне жақсы қарым-қатынас білдірсін деген ойымды жүзеге асырғым келсе, бірақ өзім соншалықты жақсы, шынайы болмасам, екіжүзділігім болса, табысқа ешқашан қол жеткізе алмаймын. Менің екіжүзділігім – алаңдатушылық, сенімсіздік оятады, қаншалықты «адамгершілігі мол» адам сыңайын танытсам да, барлығы айлалы әрекет болып көрінеді. Тек сіздің ниетіңіз түзу болып, жағымды негізге сай іс-әрекет істесеңіз, сіздер қолданатын техника өмірлік болмақ». [4]

Мақсатқа бағытталған жұмыс барысында білікті менеджер әрбір қызметкерге жеке тұлға ретінде қарап, ұжымдық ойлау қызметтерін арттырып, даму құралына айналдыру тиіс.

Білім сапасын басқарудың тиімділігін арттырудың бірден-бір құралы – мектепшілік әкімшілік бақылау.

Мектепшілік бақылаудың мақсаттары:

- білім беру мекемесінің қызметін жетілдіру;
- педагог кадрлардың біліктілігін арттыру;
- білім сапасын арттыру.

Мектепшілік бақылау функциялары:

- ақпараттық және аналитикалық;
- диагностикалық және бақылау;

➤ түзетушілік-реттеушілік.

Мектепшілік бақылау басшылықтың атқаратын күрделі жұмыстарының бірі. Мектепшілік бақылау жүргізілуі мен кезеңділігіне сәйкес әр түрлі болады. Бақылау барысында анықталған шынайы ақпараттарды сараптау, өңдеу, кері байланыс беріп отыру, ұжымды хабардар ету – менеджменттің бір көрінісі.

Мектепшілік бақылау барысында алынған ақпарат - мектепті басқаруда дұрыс шешім қабылдаудың негізі. Басқару механизмінде сарапталады, жетілдіріледі. Бақылау функциясы басқарушылық қызметтің ажырамас бөлігі болып табылады.

Бақылау бірлескен жұмыс аясында жүзеге асқанда ғана нақты, шынайы, дұрыс ақпаратқа ие боламыз. Білікті менеджер басқарудың ықпал ету шеңберін кеңейту арқылы, ынталандыру, бір мақсат аясында үйлестіру арқылы жоғары нәтижеге қол жеткізе алады. Мысалы, «Мынаны былай істеңіз. Мен шештім. Мен білемін» сынды сөздерді қолдану арқылы басқару қызметкерлерді өзіне қарсы қояды, қызметкерлердің өзара талқылаулары мен жүктелген жұмыстың аяқталмай қалуына алып келеді. «Сіздің ойыңыз қалай? Қалай жасасақ дұрыс болады? Не айтар едіңіз?» деп, басқаруға қатыстыру - ұжымның кәсіби дамуына, табысқа жетуіне, ынтымақтастық ортаның қалыптасып, дамуына алып келеді. [4]

Бақылауды ұйымдастыру кезеңінде бірнеше мәселелерді шешу қажет. Олар: бақылауға қатысушыларды анықтау, олармен нұсқаулық өткізу, бақылау бағдарламасын құру, мақсатын, күтілетін нәтижесін таныстыру, қажетті құжаттарды зерделеу, жұмыс орны мен уақытын бөлу, мектепшілік бақылау мен әдістемелік жұмыстың байланысын жоспарлау.

Мектепшілік бақылау кей кездерде қызметкерлердің жағымсыз қарым-қатынасын туындатып жатады. Бұл әрекет бақылаудың диагностикалық функциясының орындалуын едәуір қиындатады. Алайда бақылауды жүргізу білім беру ұйымындағы нақты жағдайды саралауда басшы үшін де, педагог қызметкерлер үшін де қажет. Осы орайда басшы бақылаудың барынша тиімді болуы мен бақылаудың әділдігіне қызметкерлер қызығушылық танытатындай жағдай жасау қажет.

Мектеп мұғалімдерінің білім беру сапасы мен оқушылардың білім сапасын анықтау басшы үшін білім беру сапасын бағалаудың дұрыстығына көз жеткізуінде маңызды.

Мектепшілік бақылауды жүргізу деңгейінің сапасын арттыру арқылы білім беру ұйымындағы кемшіліктер мен талапқа бейсәйкестікті анықтауға, оны дер кезінде жоюға немесе түзетуге, мұғалімдердің құзыреттіліктерін арттыруға ықпал етуге болады. Тұрақты кәсіби даму, әрі мақсатты үйлестіру принципі жүзеге асады.

Мектепті басқару кезінде менеджменттің тиімділігі қамтамасыз етілуі үшін мектептің басқару жүйесі қандай міндеттермен қалай шешілуі керек, оны қалай ұйымдастыру керек деген сұрақтарға жауап беру қажет.

Менеджмент негізінде мектепті басқаруда басқарушылық қабілеттен бөлек көшбасшылық қабілет қажет. Көшбасшы тың идеялар мен оны жүзеге асырудың оңтайлы жолдарын табады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. А.Қ.Құсайынов. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы Алматы, 2013ж.
2. В.Сластенин, И.Исаев и др. Педагогика: учебное пособие
3. С.М.Сантурова. Менеджмент в образовании: теория и практика М., 1993ж.
4. С.Кови. Жоғарғы дәрежелі адамдардың 7 дағдысы
5. <https://kk.m.wikipedia.org/wiki>

МЕКТЕПТЕРДЕГІ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ПӘНДЕР ҚЫЗМЕТІНІҢ ӨЗЕКТІ БАҒЫТТАРЫ: ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН ДАМУ

(2021-2022 жаңа оқу жылында эстетикалық пәндердің оқыту ерекшеліктері).

**Архабаев Нугман Сманұлы,
ТО әдістемелік орталығы,
эстетикалық пәндер әдіскері**

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы. Бұл идея былтырғы тамыз конференциясында айтылған болатын. Бірінші қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табыс етіледі.

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Яғни, білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты.

Биылғы оқу жылында еліміздің мектептері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын, ағартушы-ұстазымыз Ы.Алтынсариннің 180 жылдығын атап өтеді. Сондықтан да көрнекті педагогтің мұралары мен өсиеттерін, шығармаларын күнделікті сабақтарда пайдалану ұсынылады..

Биылғы оқу жылындағы өзгерістер, эстетикалық пәндер бойынша музыка пәндерінде болып отыр. 6-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасына 2021-2022 оқу жылында өзгерістер енгізілді. Білім алушылардың ұлттық аспапта ойнауды үйренуге деген ынтасын ескере отырып, қазақ тілінде оқытатын мектептерде 6-сыныптарында «Музыка» оқу пәнінің шеңберінде «Домбыра» курсы кезең-кезеңімен енгізіледі. Курста білім алушылар домбырада ойнауды үйреніп қана қоймай, халық композиторларының шығармашылығымен, Қазақ музыкасының тарихымен, Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина Нұрпейісованың салған дәстүрлерімен танысады. Үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқытуды бастау, содан кейін домбырада ойнауды үйретуге көшу (бұйрық шыққаннан кейін) үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компонентінің сағаттары есебінен барлық кейінгі сыныптарда «Домбыра» курсы өткізу ұсынылады. Бұл курсты өткізу мүмкіндігі болмаған жағдайда, басқа музыкалық аспапта ойнауды үйретуге болады.

Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде білім алушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Пәнді оқытудың міндеттері: өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру болып табылады.

«Музыка» пәні бойынша жиынтық бағалау өткізілмейді. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдыққа және оқу жылының соңында «есептелінді» («есептелінген жоқ») деген белгі жазылады. «Музыка» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2021-2022 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады.

Көркем еңбек пәні

Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

5, 6, 7, 8, 9-сыныптарға арналған «Көркем еңбек» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің бағдарламасы: қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға; Қазақстан және

әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге; өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға; зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып жұмысын өз бетінше жоспарлай алуға; оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

6-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағат;

7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағат;

-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағат;

9-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды 5 ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады: «Визуалды өнер»; «Сәндік-қолданбалы шығармашылық»; «Дизайн және технология»; «Үй мәдениеті»; «Тамақтану мәдениеті». «Визуалды өнер» мен «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімдерінің тақырыптары ер балалар мен қыз балалар үшін бірдей. Былтырғы жылғы әдістемелік нұсқаулыққа сәйкес, ауылдық және қалалық жердегі сынып толымдылығына қарамастан кіріктірілген бағдарламаны шығармашылық топтар мен ассоциация мүшелері арқылы жасап жүзеге асырғанбыз. Биыл да осы үдерісті басшылыққа ала отырып жүзеге асырамыз деген ойдамыз.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні

Оқу пәні жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық бағыттардағы инварианттық компоненттің стандартты деңгейіндегі таңдау пәні болып табылады. «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында оқыту Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген Үлгілік оқу жоспарына сәйкес жүзеге асыралады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні кәсіпкерлік саласының негізгі ұғымдары мен заңдарын зерделеуге, білім алушылардың іскерлік ойлауын қалыптастыруға, белсенді өмірлік ұстанымды таңдауға, қазіргі жағдайда

болашақта өз бетінше өмір сүруге арналған дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

10-11-сыныпта «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі әр бағыт бойынша аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Тоқсандағы бөлімдер бойынша және бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Формативті бағалау пәнді оқу барысында білім алушылардың оқу жетістіктеріне мониторинг жүргізу және оқу үдерісінде оларға қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі. Тоқсан мен оқу жылының соңында «есептелді» («есептелген жоқ») қойылады.

«Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» оқу пәні әртүрлі мамандық дипломы бар мұғалімдер бере алатындай жасалған, бірақ берілген пәнді оқыту үшін «Атамекен» ҚР ҰКП-ның ұйымдастырған арнайы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, қатысты сертификаты бар болуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин ат. ҰБА әдістемелік нұсқау хаты. А, 2021 ж
2. 10-11 сыныптарға арналған «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» пәнін оқыту бойынша әдістемелік нұсқаулық. Астана, «Атамекен» 2020ж
3. Көркем еңбек пәнін оқыту әдістемесі. А, «Көкжиек» баспасы, 2020 ж
**«КӨРКЕМ ЕҢБЕК» ПӘНІ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ
ҚӨЛӨНЕР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ**

**Сәуірбай Ермек Серікқалиұлы
Түлкібас ауданы С. Рахымов атындағы ЖОМ,**

Қазіргі білім берудің басты мақсаты – шығармашыл тұлға қалыптастыру. Егеменді еліміздің ең басты мұраты өркениетті елдер қатарына көтерілу болса, ал өркениетке жетуде жан-жақты дамыған, рухани бай тұлғаның алатын орны ерекше. Осы орайда білім алушының танымдық, шығармашылық қабілетін дамыту-мектеп мұғалімдердің алдында тұрған жауапты міндеттердің бірі. Білім алушының шығармашылық қабілетін ашу, оны алға қарай дамыту үшін жоспарлы істің мақсаты мен міндетін айқындап алу қажет.

Мақсаты – білім алушылардың іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыра отырып, шығармашылық жұмысқа баулу, ой-өрісінің дамуына мүмкіндік тудыру.

Міндеті – білім алушылардың шығармашылық қабілетін дамыту, жан-жақты дамуына көңіл бөлу, ғылыми зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Алға қойған мақсат пен міндетті орындау үшін оқушы жастардың танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға ден қою қажет.

Шығармашылық дегеніміз білім алушының белсенділігі мен дербес іс-әрекетінің ең жоғарғы түрі. Бұл мәселені шешуде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше. Шығармашылық бағыттағы тапсырмалар білім алушылардың білім деңгейін – оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге көтеруге жол ашады. Білім алушының шығармашылық қабілетін дамыту жолдарын үш кезең арқылы жүзеге асыруға болады.

Бірінші кезең – жаңаны, тың нәрсені дамыту, түпкі идеяны табуға ұмтылу.

Екінші кезең – қиял, ұшқыр ой қалыптастыру.

Үшінші кезең – тапқырылық пен шеберлікке шыңдалу кезеңі. Жұмыс барысында білім алушының ізденушілік-зерттеушілік әрекетін ұйымдастыруды басты назарда ұстау керек. Білім алушыларға қол еңбегін үйрету арқылы, олардың пәнге деген қызығушылықтарын шығармашылық еңбекке деген сүйіспеншілігін, эстетикалық тәрбиесін қалыптастыру. Қол икемдігін жаттықтыру. Білім алушылардың белсенділігімен танымдық іс-әрекеттері арқылы шығармашылығын дамыту, қажетті жағдайда айрықша шешім қабылдай алатын жеке тұлғаны дайындау.

Сондай-ақ, ол ұлттық сәндік қолөнерді жасау барысында зейінділік, ұқыптылық, талаптылық, тәртіптілік, белсенділік, еңбексүйгіштік, ұжымдық қызығушылық сияқты адамгершілік сапаларды қалыптастыру мүмкіндіктері негізінде білім алушының шығармашылық белсенділігі дамитындығын көрсеткен. Халық өнерінің шығармашылығын игеру балалардың көркемдік талғамын тәрбиелеп ғана қоймай, олардың саздан бұйымдар жасау, ою-өрнектер түрін құрастыру, өз ойымен өрбіту, ағаш ұқсату мен ою жұмыстарын орындау, тоқыма, кестелеу әдістерін меңгеру сияқты шығармашылық тұрғыдағы жұмыстармен өздігінен айналысуға құштарлықтарын оятады.

Қолөнер–ежелден келе жатқан кәсіп. Ол халықтың өмірімен, тұрмысымен бірге дамып, ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырады. Өнер туындыларының иесін- шебер деп атаған. Қол өнер шеберлері табиғаттың әсем көріністерін қолөнер бұйымдарында жиі қолданған.

Қазақ қол өнерінің өсу жолы, өзіне тән даму тарихы бар. Ол тарих сонау көне замандардан басталады. Оған бұрын Қазақстан жерінде бұрын-соңды жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде анықталған ежелгі мәдениеттің үлгілері дәлел бола алады. Мұның өзі қазақ өнерінің, Республика жерінде мекендеген сақ, үйсін, қаңлы, қыпшақ, ғұн, қарлұқ және тағы да басқа көне түркі тайпаларының мәдениетімен төркіндестігінің айғағы.

Қазақ халқы – кең байтақ Республика жеріндегі ертеден қалыптасқан көне мәдениеттің мұрагерлері және сол дәстүрді дамытушы, жаңғыртып байытушы. Қазақ өнері толассыз дамудың нәтижесінде ХІХ ғасырдың екінші

жартысымен XX ғасырдың басында Қазақ халқының дәстүрлі қолөнері өз дамуында айтарлықтай жоғары деңгейге көтерілді.

Қазақ халқының қолөнері деп қазақ тұрмысында жиі қолданылатын өру, тігу, тоқу, мүсіндеу, құрастыру, бейнелеу сияқты шығармашылық өнер жиынтығын айтамыз. Шын мәнісінде осы аталған қол өнер түрлерінің әр қайсысының талай ғасырлық тарихтары бар.

Қолөнер «ер адамдарға тән іс», «әйел адамдарға тән іс» деп екіге бөлініп келеді.[1]

Қазақтың ерлерінің дәстүрлі қолөнер кәсібінің өзі іс саласына қарай әр түрлі түрге бөлінген. Мәселен, ағаш өңдеу өнеріне байланысты шеберлерді ағаш шеберлері деп аталған. Олардың өзі шеберлердің өндіретін бұйымдарына қарап үйші, ерші, арбашы, ұста (ағаш ұстасы) деп бөлінген. Бұлардың әрқайсысы жеке-жеке өнер түрі болған. Мәселен, киіз үйдің сүйегімен ішіндегі жасау-жиһаздарын (сандық, кебеже, адалбақан, келі-келсап, ыдыс-аяқ) ағаштан жасайтын шеберлер үйші деп аталған. Кейбір қалаға жақын отырықшы жерлерде, әсіресе ағашы мол жерлерде киіз үй сүйегін жасаушылардың өзі керегеші, уықшы, шаңырақшы деп аталатын мамандықтарға бөлінген. Үйшілер ісі ағаш өңдеу өнерінің ішіндегі аса іскерлік пен қыруар еңбекті, талғамды қажет ететін өнер болған.

Ағаш шеберлері ағаштан ойып баланың жатын төсегі бесікті де жасаған.

Бесік – өмірге жаңа келген періште сәбидің ақ отауы, оның ер жеткенде алаңсыз балалық шағын есіне түсіретін ардақ тұтар асыл бұйымы. Қазақтар бесікті қарағайдан, қайыңнан, көбіне талдан жасайды. Бесікті «тал бесік» деп атаудың сыры осында. Бесік көшіп-қонатын қазақ тіршілігіне өте ыңғайлы. Оны түйе үстіне, өзге жүктермен қоса артып жүре береді. Кейде бала бөленген бесікті де осылай алып жүретін болған. Бұл қазақтың «Баланың ұйқысын бұзған періштенің үйін бұзғанмен пара-пар» деген ұғымына толығымен сай келеді. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді.

Аңызға сүйенсек, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың бойын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған.

Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және берік. Ол баланың таза жатуына көмектеседі, өйткені арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың кіші дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына септігін тигізеді. Бұл үй шаруашылығымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде, баланың өзінің де денінің сау болып өсуіне де тиімді. Бесіктің жабдықтары – түбек, шүмек, құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, екі тартпасы.

Бесіктің тал бесіктен басқа «аспалы бесік» деп аталатын түрі де болған. Бесік құрылысы: Арқалық, бөген, жақтау, шабақ, сабау, жорға, сирағы, тақтай, шүмек, түбек.

Бесіктің жабдықтары – түбек, шүмек, құс төсек, жастық, жөргек, қолбау, тізебау, тізе жастық, екі тартпасы. Түбектің түбіне күл салып қоятын болған, оның бір себебі бесікті тербеткенде нәрестенің зәрі шайқатылмау үшін, ал екіншісі оның күлге төгіліп, жылы бу шығарып тұруы үшін. Шүмекті қойдың асықты жілігінен жасаған, ол айрықша аппақ болу үшін сүтке қайнатылған.[4]

Жасалу жолы мен құрылысына зер салып қарасаңыз, ата-бабаларымыз бесікті өте тапқырлықпен, данышпандықпен жасағанын айқын көреміз: ол екі жаққа қарай тербетіліп, тепе-теңдікті сақтап тұратындықтан, сәби есейе келе қаншама бұлқынса да, аударылып кетпейді. Тербеткенде адам қолы шаршамайды, баланың басы ерсілі-қарсылы шайқалмайды.[3]

Бесік жасау үшін негізінен жұмсақ ағаштар қолданылады. Олардың қатарына терек, жөке, жаңғақ ағаштарын жатқызуға болады. Бөліктерді өңдеу барысында токарлық білдекпен жұмыстар жүргізген тиімді. Себебі конус, цилиндр беттерге оюлар түсіру осы білдек көмегімен жүргізеді. Бесік жасау барысында ағаштарды жақсылап кептіру қажет. Су ағаштар кепкен соң формасын өзгертеді, сол себепті ағаштарды жақсылап кептіру қажет. Өлшемдері нақты болу үшін технологиялық картадағы өлшемдерді белгілеп, сол бойынша жұмысты жүргізген дұрыс. Бөліктерді ою үшін ағаш ою пышақтары қолданылады. Сыртқы бөліктеріне ою түсіру үшін ойғыш пышақтармен жұмыстар жүргізіледі. Бесікті жасауда ағашты қолмен және станоктармен өңдеу процестері жүргізіледі. Технологиялық процесс өндірістік процестің бір бөлігі болып табылады. Ол өңделетін шикізат пен материалдардың мөлшерін, түрін немесе қасиетін өзгертумен тікелей байланысты жүргізіледі.[2]

Ағаштан түрлі бұйымдар жасаудың технологиясы бірнеше кезеңге бөлінеді. Олар:

- материалдарды кептіріп-құрғату;
- дайындауға арналған ағаш материалдарын дұрыс үлгімен дәл өлшемдерге келтіру үшін механикалық тәсілмен өңдеу;
- дайындалған құрамдас материалдарын бір-біріне желімдеп жапсыру;
- тазартылған ағаш материалдарын ақтық үлгіге келтіру үшін механикалық тәсілмен өңдеу;
- бөлшектерді біртұтас құрастырылатын бірлік өлшеміне жинақтау;
- оларды механикалық тәсілмен өңдеу;
- бөлшектермен біртұтас құрастырылатын бірлік өлшемдерін немесе дайын болған тұтас бұйымды біржола өңдеп бітіру.

Бесікке қарағай ағашы пайдаланылады. Материал алдын-ала қалыпты жағдайда кептіріп, құрғатады. Технологиялық процестің келесі кезеңдері бойынша дайындауға арналған ағаш материалын өлшеп-кесу, яғни механикалық тәсілмен өңдеу.

Бесіктің белағашы, жалпы айналатын денелер түріндегі бөлшектерді жасау үшін оларды токарь станогында өңделіп, жонып, егейді. Біздің

отандық өнеркәсіптер орталықты, қарама-қарсы және орталықсыз токарь станоктарын шығарады.

Орталықты станоктарда салыстырмалы түрде алғандағы диаметрі онша үлкен емес, ұзынша бөлшектер өңделеді. Бесіктің 80 см-лік белағашы және қазық ағаштары осы станокта өңделеді. Дайындалған ағаш материалдары алдыңғы және артқы қыспақтардың орталығы арасына мықтап бекітіледі. [6]

Бесік үлгісінің жасалу жолдары:

- екі бөгенін сызу, қиып алу;
- астыңғы негігі бөлігін орындау;
- белағашты орындау;
- бөлшектерді біріктіру.

Бөлшектерді біріктіру барысында технологиялық операцияларды қолданады. Бөліктерді бекіткенде ағашты бекітудің біріктіру әдісі, шпон арқылы, желімдеу әдістерін қолдану тиімді. Бесік үнемі қозғалыста болатын болғандықтан біріктіру әдістері ажырамауы қажет. Осы әдістері қозғалыс үшін өте қолайлы. Ағашты желімдеген кезде желімнің ағашқа арналған 840 ПВ столяр желімін қолданылады. Бояу үшін қарапайым майлы бояуларды қолдануға болады.

Бесік қазір ұмытып бара жатқан қазақ тұрмысында ежелде көп қолданылған ерекше қасиетті асыл мұра. Ел болам десең, бесігіңді түзе деген қасиетті сөз осыдан бастау алса керек. Рухани жаңғыру аясында ұлттық болмысты, ұлттық рухты көтеру аясында тарихымызға үніліп болашақ ұрпаққа жойылып бара жатқан мұраны қайта дәріптеу мақсатында бала бойында патриоттық сезімді дамыту үшін киелі бесіктің құрылысын зерттеп заманауи түрін жасау негізгі мақсат болуы тиіс .

Білім алушылар шығармашылық жұмысының мақсаты бесіктің заманауи нұсқада жасалуы, жаңа заманға сай бесіктің түрлерін жасап шығару. Трансформация бойынша жиналмалы бесіктер құрастыру. Ұлттық қолөнерді дамыту мақсатында жас ұрпаққа дәстүрді насихаттау, ұмыт болып бара жатқан салт дәстүрлерді санасына ұғындыру педагог алдына қойған міндеттердің бірі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Х. Арғынбаев Қазақ халқының қолөнері Алматы «Өнер» баспасы 1987ж;
- 2 Ә. Тәжімұратов Шебердің қолы ортақ Алматы «Қазақстан» баспасы 1977ж;
- 3 С. Кенжеахметұлы Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті Алматы кітап 2006ж;
- 4 Мұқанов М.С. Қазақ халқының тұрмысындағы көркемдік кәсіп. Алматы 1979 ж.;
- 5 Әмірғазин Қ. Қазақ қолөнері. Алматы 1996 ж.;
- 6 Ағаш ою Технология. 7-сынып. Алматы 2000 ж.;
- 7 Технология. 8-сынып. Алматы 2000 ж.

«КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ - САПАЛЫ БІЛІМ НЕГІЗІ»

Шорабекова Айнур Дуйсенбековна
Отырар ауданы, Шеңгелді ШЖЖОМ
музыка пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап беретін мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Назарбаев мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.

1960 жылдары оқытудың формативті және сумма - тивті мақсаттары арасындағы айырмашылық белгіленді, бірақ олардың әрқайсысының мағынасы осы уақытқа дейін жеткілікті анықталмаған. «Бағалау» термині «жақын отыру» дегенді білдіретін латын сөзінен шыққандығы кездейсоқ емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін-өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер мен емтихандардан бастап, мұғалімдер сыныптарда күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. **Критериалды бағалау** - оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін білім беру үдерісіне қатысушылардың барлығына алдын ала таныс , ұжым талқысынан өткен , нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс. Критериалды бағалау **қалыптастырушы** және **жиынтық** бағалау арқылы жүзеге асырылады. **Қалыптастырушы бағалау**— оқу үдерісін дер кезінде түзетуге мүмкіндік беретін, білім алушы мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Үздіксіз жүргізілетін бағалаудың түрі. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар күнделікті сабақта орындатуға арналған. Әр тапсырманы орындағаннан кейін мұғалім белгілі бір оқиға немесе әрекетке жауап беру, үн қату, пікір білдіру үшін әр оқушыға кері байланыс жасайды. Қалыптастырушы бағалауда түрлі әдістерді қолдануға болады. **Жиынтық бағалау**— оқу бағдарламасындағы бөлімдер (ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңі (тоқсан/триместр, оқу жылы) аяқталғанда өткізілетін бағалаудың түрі. Білім алушының қабілетін есепке ала отырып, дифференциациялық оқытуды ұйымдастыру үшін қолданылатын күрделілігі түрлі деңгейдегі тапсырмалар орындалады. Бағалау барлық пән бойынша өткізіледі. Бағалау жолдары мазмұны мен

түрлеріне сай әртүрлі болады. Оқу мақсатына жету дәрежелерін анықтау үшін Б.Блумның оқу мақсаттары таксономиясына сәйкес бағалау критерийлері реттеліп қарастырылады. Бағалау критерийлері оқу мақсатында не көрсетілсе, тек соны бағалайды. Мұғалім оқушылардың жеке ерекшеліктерін, оқу мазмұнын ескеріп, тапсырма және оның дескрипторын белгілейді. Бір ерекшелігі күнделікті оқушыларға баға қойылмайды. Бағалау критерийіне сүйеніп, білім алушының оқу жетістіктерін бағалайды. Бірыңғай норманы белгілеу үшін мұғалімдер қолданатын тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларына балл қою кестесіне сүйенеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды: — қадағалау; — алынған мәліметтердің интерпретациясы; — бұдан арғы іс-әрекетті анықтауға бағытталған қорытынды; Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, яғни білім алушылардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырма- ны орындап отырған білім алушыларды қадағалау немесе олардың орындаған сынып немесе үй жұмыстарын тексеру бірталай ақпарат беруі мүмкін, бірақ кей жағдайларда қажетті ақпарат ты алудың ерекше ойластырылған тәсілін қолдану керек болуы мүмкін. Интерпретация қызығушылық тудыратын мәселелерге, мысалы, ерекше дағдылар көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе критерий деп атап, оларды оқу мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Мәліметтердің интерпретациясы негізінде қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді.

Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты бағалау критерийлерінің негізінде білім алушы лардың оқу жетістіктері туралы шынайы ақпарат алу және оқу үдерісін жетілдіре түсу үшін оны барлық қатысушыларға ұсыну. Білім алушы жетістіктерін **критериалды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді: Критериалды бағалаудың мұғалім үшін маңыздылығы:** сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге, өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға, білім беру сапасын арттыруға, оқудың сапасын жақсартуға, әр білім алушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескеруге, бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға, оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді.

Музыка сабағында критериалды бағалау

«Музыка» пәні адам өмірінің бөлігі ретінде оқушыларда музыкаға деген құндылықтық қарым-қатынастың қалыптасуына, музыканың базалық білімі, біліктіліктері және музыкалық қызметінің түрлерін меңгеруге, музыкалық қызмет процесінде шығармашылық өз ойын білдіру және коммуникация біліктіліктерін қалыптастыруға, ұлттық және адамзаттық мәдениет құндылықтарына деген көркемдік-эстетикалық қарым-қатынасты тәрбиелеуге, музыкалық және шығармашылық дағдыларды дамытуға бағытталған. Оқу пәнінің мазмұны: «Музыка» пәннің мазмұнын анықтау үшін музыканы оқыту мақсаттарының үш бөлімнен, алты бөлімшеден тұратын жүйесі жасалған. Музыкалық білім берудің мазмұндық бағыты оқыту

мақсаттары жүйесінің үш бөліміне бағынған. Бұл бөлімдер оқушылардың музыкалық сауатын, орындаушылық және шығармашылық қызметін қалыптастыруға бағытталған. Бөлімдер мен бөлімшелер құрылымының логикасы оқушылардың музыкалық шығарма мәнін түсінудің негізі ретінде ақпараттарды қабылдауға негізделген.

Дескриптор — жетістік деңгейінің сипаттамасы .

Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:

— Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді;

Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;

— Ата-аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі ;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасау дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылары.

Жаңартылған білім беру шеңберінде «музыка» пәні бойынша әрбір сабақта критериалды бағалауды пайдалану оқушылардың ынтасын арттырады, өздеріне бағаны шынайы қоюға дағдыландырады.

Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің (Глейзердің енгізген ұғымы, 1963) нақты жиынтығының көмегімен өлшенеді. Бұл бағалау түрі оқушылардың үлгерімі бағаланатын топтың үлгерімімен салыстырмалы түрде бағаланатын нормаға негізделген бағалаудан ерекшеленеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау (ҚБ) және жиынтық бағалау (ЖБ). Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Мұғалімдер оны оқуды өлшеу үшін және алдағы сабақтарын жоспарлау үшін қолданады. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін/ ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі.

Мұғалімдер қалыптастырушы және жиынтық бағалаудың нәтижелерін оқушылармен арадағы кері байланыс үшін және оқу үдерісінің барысында ата-аналарға ақпарат беру үшін пайдаланады.

Тиімді оқыту және оқу мақсатында оқушылардың түсіну деңгейін анықтау мақсатында оқу мақсаттарына жеткендігінің немесе алға ілгерілеуінің деңгейі қадағалануы тиіс.

Нақты бағалау критерийлері болған күннің өзінде де қалыптастырушы бағалау кезінде баға қою әлі де күрделі үдеріс болып табылады және мұғалімдер олар бойынша түсініктеме бере алады. Мұғалімдер оқу мақсаттарына жету үшін оқушыларға үлгерімдерін жақсартуға көмек көрсету мақсатында идеялармен және тәсілдермен алмаса алады. Әріптестермен кәсіби диалог мұғалімдерге музыка пәні аясындағы оқушылардың үлгерімін анық түсінуге мүмкіндік беретіндіктен, модерацияның бағалауға да, оқуға да оң әсер ететіні дәлелденді. Қорыта айтқанда, критериалды бағалау сабақ беру, бағалау және оқытудың өзара байланыс принциптері негізінде дайындалған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Екінші (негізгі) деңгей.
2. Көнеева Қ., Қалықова А. Оқыту үрдісінде педагогикалық технологияны ұтымды пайдалану. Педагогикалық зерттеулер: тәжірибе және зерттеулер. Алматы, 2011.-22 бет.
3. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // білім- Образовние -2006. №6
4. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы «Бағдарлама» Үшінші (негізгі) деңгей
5. <http://moodle.nis.edu.kz>
6. Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы

«ЭСТЕТИКАЛЫҚ ПӘНДЕРДЕГІ ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР – ТҰЛҒАНЫ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІККЕ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ»

**Сеитбекова Мулдир Сеитхановна
Түркістан қаласы Ж.Ташенов атындағы
№23 ІТ-мектеп-лицейі музыка пәні мұғалімі**

«Балаңды өз тәрбиенмен тәрбиелеме,
өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле»

Халық даналығы

Қазақтың бір туар ақын, ағартушы, философ, композитор, аудармашы Абай Құнанбаевтің өзі қазақ мәдениетіндегі рухани-адамгершілік білім «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда бөлек боласың елден бөлек» деп айтқан.

Грузия, Россия педагогы Ш.А. Амонашвили былай деген «Әрбір бала- бұл біздің өміріміздегі құбылыс. Ешбір бала кездейсоқ дүниеге келген жоқ...

Әрбір баланың өз міндеті, өз жолы бар. Әрбір бала шексіз рух энергиясын иеленген».

Мектеп- бұл Мұғалім Рухы мен Оқушының өрлеу баспалдағы. Бұл баспалдақ - Мұғалімнің ішкі әлемінде орналасқан.

«Мектеп - адамгершілік, ізгіліктің шеберханасы» - Я.А.Коменский айтқандай. Әрқайсысымыздың жолымыз, өмірлік міндетіміз бар, бірақ бәрімізге ортақ міндет – жан дүниеміздегі махаббаттың сөнбейтін шырағын жаға отырып, Адам боп қалу!» деп адамшылықты бірінші орынға қояды. Бүгінгі таңдағы жас ұрпаққа беріліп жатқан тәрбиенің түрлерін алып қарайтын болсақ, ақыл - ой тәрбиесін математика сабағы, дене тәрбиесін дене шынықтыру сабағы дамытатын болса, патриоттық тәрбиені тарих сабағында, эстетикалық тәрбие музыка, әдеп сабақтарында беріледі. Ал адамгершілік тәрбиесі тек сынып сағатымен шектеліп қалды. Аптасына бір рет болатын сынып сағатында шешімін таппай жүрген түйінді мәселелердің көп екенін ескерсек, тәрбие бағытына уақыттың қалмайтыны да белгілі. Ал, түсінген кісіге жас ұрпақ тәрбиесі үшін, жалпыадамзат үшін «Музыка» пәнінің алатын орны ерекше. Рухани құндылықтар қоғам талабына сай өзгерістерге ұшырап жаңа нарықтық қоғам салты пайда болды. Бұл жағдайлар адамдардың арасында ізгілік, әділдік, өзара көмек, төзімділік сияқты қарым-қатынастар орнатуына ықпал ететін құндылықтар мен әр жеке тұлғаның шығармашылық мүмкіндіктерінің ашылуы мен оларды жүзеге асыруға түрткі болатын құндылықтарды зерттеу қажеттіліктерін туғызды. Осындай жағдайларда қоғамдық мұраттар мен адамдардың тәлімдік үдерістері өзгерді, сондықтан да білім мазмұнын түбегейлі жаңғырту, әдістерді жаңарту және жастарды оқыту мен тәрбие беру технологияларын жетілдіру қажеттілігі туындады.

Тұлға құндылықтарының иерархиясына келетін болсақ Дұрыс әрекет – жүректен шығып, сосын сөз ретінде бейнеленетін және іс жүзінде қолданылатын құндылық.

Аксиология (грекше $\acute{\alpha}\xi\iota\alpha$ – құндылық және $\lambda\acute{o}\gamma\omicron\varsigma$ – ілім) – «құндылық» категориясын зерттейтін философия саласы.

Адам үшін аса маңызды заттар, құбылыстар, қасиеттер, жай-күйлерді құндылықтар деп аталынады.

Т.И. Петракова ұсынған құндылықтар жүйесінің жіктемесі оларды үш түрге бөліп қарастыруды көздейді: табиғи, жүре пайда болған және абсолюттік.

Табиғи құндылықтар – бұл адамның табиғи күші мен жан-дүниесінің қабілетілігі құндылықтары: яғни ақыл-ой, сезім, күш-жігер (ақылдың айқындығы, ойдың ұшқырлығы, сезімнің тазалығы, естің сенімділігі, күш-жігердің қайраттылығы).

Жүре пайда болған құндылықтар – бұл адамның интеллектуалды және адамгершілік тұрғыдан дамуы барысында меңгерген құндылықтар (әдептілік,

сыпайылық, сыйластық, жанашырлық, кеңпейілділік, ақкөңілділік, сабарлылық және т.б.)

Абсолюттік жалпыадамзаттық құндылықтар – ол уақытқа бағынбайтын, ешқандай ортамен, қоғаммен шектелмейтін, бүкіл адамзат үшін маңызы зор құндылықтар.

«Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» деген халқымыз,

Тарихы терең дәстүр сабақтастығы ұлттық тәрбие арқылы беріледі.

Мағжан Жұмабаевтың сөзімен айтқанда «Педагогика» еңбегінде: «Әрбір тәрбиеші баланы ұлт дәстүрімен тәрбиелеуге міндетті» дейді.

Ұлттық құндылыққа қанығып өскен өреннің тамыры терең, ділі берік болады.

Біздің қазақ халқының ұлттық құндылықтарының бірі – Домбыра. Домбыра әр қазақтың үйінің төрінде тұруы керек, мемлекетіміздің ұлттық құндылықтарымыздың бірі болуы керек. Ұлттық құндылықтарымыз біздің басты байлығымыз. Елбасының жарлығымен ұлттық аспабымыздың бірі-домбыраны кеңінен насихаттау мақсатында шілденің бірі күні Ұлттық домбыра күні болып бекітілді. Қазақта «Нағыз қазақ-қазақ емес, нағыз қазақ - домбыра!» деген мақал бар. Осылайша әр қазақтың домбыра шерте білуінің маңыздылығына және осы бір қасиетті аспапқа деген ерекше құрметі мен махаббатына аса мән берілген. Мақсатымыз - қазақтың өнерін, музыкасын, музыкалық аспаптарын әлемдік деңгейге шығарып әр қазақтың бойына домбыра аспабымыз арқылы ұлттық құндылықтарымызды дәріптеу. Сонау көне тарихтың күмбірін бүгінгі күнге жеткізген киелі де қасиетті домбыра ұлттық аспабымызды өркениетті заманға сай жаңғырта білсек, келешек жастарға ұлттық тәрбие беретін өнеге бастауы әрі рухани қазынасы болары шындық.

Ата - бабалар аманат еткен ұлан - ғайыр даланы аман сақтау, ең алдымен, жас буынға артылатын зор үміт. Кейінгі ұрпақ тәуелсіздігіміздің туын әрқашан жоғары ұстауы тиіс. Біздердің бүгінгі шәкірттеріміз - Қазақстанның жарқын болашағы. Сапалы білім - жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы. «Жеті түрлі ілім білетін» ұрпақ тәрбиелеу- бүгінгі күннің негізгі міндеті.

Қай қоғамда, қай мемлекетте болсын, қарым – қатынас адами құндылықтар, оның ішінде адамгершілік құндылықтар қалыптастыру кез – келген білім ордасының міндеті болса, баланың өзін тануына, басқаны тануына, баланың болашақ дамуына эстетикалық пәндер соның ішінде «Музыка, Көркем еңбек» пәні зор ықпал етеді. Еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, адамгершілігі жоғары ұрпақ тәрбиелеу біздің алдымыздағы ең басты міндет.

Қазіргі мектептердің міндеттерінің бірі - кез келген жасөспірімге білімді меңгерту ғана емес, оның рухани - адамгершілік қасиеттерін танып, ішкі жан-дүниесіне әсер ету арқылы жас ұрпақтың өзін - өзі дамытуына жол көрсету. Рухани - адамгершілік тәрбие- дұрыс дағдылар мен әртүрлі жағдайларда өзін

- өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым - қатынас мәдениетінің тұрақтылығы.

Рухани - адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - оқушы өміріндегі орнын, жауапкершілігін түсініп, өзін- өзі жетілдіріп, айнала қоршаған адамдар мен кез келген затқа, жан - жануарларға және экологияға жақсылық тілеп, қайырымдылық жасауға тәрбиелеу. Әбу Насыр Әл-Фараби Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби (870-950ж. ш.) - әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абай терең бойлап барған. Абай: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деу арқылы тіліне, дініне, діліне, нәсіліне қарамай әлемдегі барлық адамдарға ізгі ниетпен, ақ көңілмен, жақсылық жаса деп айтқысы келген. Әбу Насыр Әл- Фараби – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алу шарт дейді:

1. Баланың ішкі ынта-ықыласы, құмарлығы;
2. Ұстаздың шеберлігі, ар тазалығы;
3. Сабақ процесінің алатын орны.

Ғұламаның философиялық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі. Ол, адам баласы, жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қорытындының басты түйіні — білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. “Психология “ энциклопедиялық сөздік Қ.Жарықбаев, О.Саңғылбаев Алматы 2011ж-560 б
2. Қазақ энциклопедиясы Бас редактор Б.Ө.Жақып-332б
3. Мукажанова Р.А., Омарова Г.А. ”Жалпыадамзаттық құндылықтар” мұғалімдерге арналған әдістемелік Алматы “Бөбек” 2013 ж 5-6 б
4. Мукажанова Р.А., Сакенова Е.Н., Исмаилова О.Г., Абулхасанова Г.Е. Организация внеклассной работы в пилотных школах с интеграцией программы нравственно-духовного образования «Самопознание» в единое образовательное пространство. Методическое пособие для учителей/ «Алматы, ННПООЦ «Бөбек», 2014.
5. Философия науки / Под ред. Лебедева С.А.: Учеб. пос. для вузов – М., Академический проект, 2006 – 736 с.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ АЯСЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫ ҰЛТТЫҚ ҚОЛӨНЕРГЕ БАУЛУ

**Үмбет Сымбат Мұратбайқызы
Ордабасы ауданы, Қ.Бектаев атындағы ЖОМ
Көркем еңбек пәні мұғалімі**

Бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді көздейді. Бұл білім беру жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді. Сондықтан бүгінгі күні еліміздің білім жүйесінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнын қамтамасыз ету міндеті тұр. Ақпараттық және педагогикалық технологиялар негізінде мұғалімнің рөлін түбегейлі өзгертуге мүмкіндік туды, мұғалім тек қана білімді беруші ғана емес, сонымен қатар оқушының шығармашылық жұмысының жетекшісі және бағыт берушісі болып анықталды. Оқушының өз бетімен жұмыс жүргізуі - шығармашылық қабілетті дамытудың басты жолы. Бұл ізденіс, ойлау әрекетімен тікелей байланысты. Ол үшін балаға берілетін білім сабақтастықты қажет етеді. Бұл мектеп оқушыларын өнер саласына баулыған кезде нақты іске асырылады. Дәл осы шығармашылық үдерісте және өз ойын білдіру кезінде оқушының «Мен» деген өзіндік бейнесі біртіндеп қалыптасады. Технология, өнер және білім беру саласы бойынша музыка және көркем еңбек пәндерінің негізгі мақсаты оқушыларды суретші немесе сәулетші ретінде дайындау емес, шығармашылық арқылы өздерін көрсете білу. Мектеп оқушыларын шығармашылық әлеуетін толыққанды іске асыруға мүмкіндік беретін орта қалыптастыру қажет. Осы мақсатты іске асыру үшін жаңа кіріктірілген «Көркем еңбек» пәні құрастырылды. Көркем еңбек: бейнелеу өнері мен еңбекке баулу пәндерін кіріктіруге негізделген.

Көркем еңбек пәнінің оқу мақсаттарының жүйесі үш бөлімнен тұрады. Олар: шығармашылық іс-әрекет барысында көркемдік технологиялық білімді және шығармашылық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған, оқушылар осы бөлімді оқу барысында әртүрлі заттарды, материалдарды, қоршаған ортаны және құбылыстарды зерттейді.

Қазақ халқының немесе басқа да халықтардың дәстүрлерімен және мәдениеттерімен танысады. Меңгерген білімдер негізінде өздерінің шығармашылық идеяларын ұсынады. Пәнде оқу үрдісінді оқушылар түрлі материалдармен тәжірибие жасап, қол еңбек практикалық дағдыларын дамыталды. Сонымен қатар түрлі жұмыс техникаларын меңгереді және өздерінің іс-әрекетін жоспарлауға үйренеді.

Мектеп оқушыларын еңбекке тәрбиелеу үшін балалардың жеке еңбек қызметі, ересектер еңбегімен таныстыру, көркемдік құралдар, көркем әдебиет, музыка, бейнелеу өнері пәндерінің маңызы өте зор. Мектеп

оқушыларын тәрбиелеу төмендегідей құралдардың көмегімен жүзеге асырылады:

- Көркемдік құрал;
- Ересектердің еңбегімен танысу;
- Балалардың жеке еңбек қызметі.

Балалардың жеке еңбек қызметі – еңбек тәрбиесінің қажетті құралы болып табылады. Бұл, әрине дұрыс. Ештеңе істемей, бірдеңе үйрену мүмкін емес.

«Күллі жер жүзі біздің көз алдымызда өзгеруде. Әлемде бағыты әлі бұлыңғыр, жаңа тарих кезең басталды. Күн санап өзгеріп жатқан дүрбелең дүниеде сана-сезіміміз бен дүниетанымымызға әлі сіңіп қалған таптаурын қағидалардан арылмасақ, көш басындағы елдермен тереземізді теңеп, иық түйістіру мүмкін емес. Өзгеру үшін өзімізді мықтап қолға алып, заман ағымына икемдеу арқылы жаңа дәуірдің жағымды жақтарын бойға сіңіру керек» - деп тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бойынша нақты бағыт берді. *Әрбір халықтың өзінің бойында атадан балаға ұласып келе жатқан, күні бүгінге дейін маңызын жоймаған, күнделікті тыныс-тіршілікте қоғамның дамуында айқын көрініс беріп келе жатқан, тек сол ұлттың өзіне ғана тән ұлттық құндылықтары болады. Осы ұлттық құндылығымызды жас ұрпақтың бойына сіңіруде көркем еңбек пәнінің атқарар рөлі өте зор. Мен өзім дайындаған баяндамада көркем еңбек сабағы арқылы оқушыларды рухани жаңғырту аясында оқушыларды ұлттық қолөнерге баулу жолдарын қарастыруды мақсат етіп алдым.*

«Өнерлінің өрісі кең» деген халқымыздың нақыл сөздері бекер айтылмаған. Біз жас ұрпақты өнерге жастайынан баулуымыз қажет. Сондай ұлттық өнеріміздің бір қазақ халқының ою-өрнегі.

Табиғаттың сұлулығымен астасқан ұлы өнер қазақтың ою-өрнек өнер деуге негіз бар. Себебі қазақтың ою-өрнегі қай жағынан келсең де табиғатқа иек артып жатыр. Көшпенділерді қоршаған табиғи орта мал шаруашылығы, сондай-ақ даланың гүл бәйшешегі мен қызғалдақтар, жайлаудың үстінде жайқатылған мыңдаған гүл, шөптер шеберлердің дүниетанымын байытып, дала шеберлеріне көз тындырар небір тамаша дүниелер жасатты. Қазақ халқы ою-өрнектің түрлі нұсқалары арқылы қазақ сахарасының көшпелі тұрмысын, әдет-салтын, көркем табиғатын, өз келбетімен нұсқалады.

Қазақтың ою-өрнектері көптігімен таңдай қақтырады. Ою-өрнектің 500 таяу түрі бар болса, қазіргі уақытта оның 230 түрін атап айтуға болады. Халқымыздың ою-өрнек өнері киіз басу, киіз ою, кілем тоқу, зергерлік, сәулет өнері сияқты қолөнер түрлерін қазіргі уақытта қайта жаңғырту арқылы біз болашақ ұрпағымыздың рухани санасыз қалыптастырып, рухани жаңғыртамыз. Себебі ою-өрнекті қазақ даласында оқу, сызу пайда болмай тұрып дүниеге келген жазуы, хаты деуге болады. Қазақ халқының қолөнерінің сала-саласында кең қолданып келген өнердің өте көне әрі күрделі түрі ою-өрнек өнері.

Ұлттық қолөнер – ұлт қазынасы деп бекер айтылмаса керек. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында ұлттық қолөнерімізді дамыту басты мақсат. осы мақсатқа сәйкес ұмытылып бара жатқан қолөнер бұйымдарын қазіргі заман таласына сай дайындап қолдануды балалар бойына дарыту. Сондай-ақ киім, күнделікті тұрмыста қолданылатын қажетті тұрмыстық заттар мен бұйымдар жасалу техникаларымен таныстыра отырып олардың пайдалы жақтарын көрсетуіміз керек.

Қазақ халқы төрт түліктің өнімін тұрмыста ұтымды пайдалана білген, әсіресе қой жүнін өңдеп киіз басып, жіп иіріп, киімдер тоқыған. Аталған өнер бұйымдары қазіргі қолданыста сирек кездеседі. Сондықтан оларды жаңартып, жаңғыртып заманауи үлгіден дүниелерді дайындауға болады. біз өз сабағымыздар қыздар тобымен ұлттық қолөнер түрлері бойынша практикалық жұмыстарды жүзеге асырып отырамыз. Оның бастысы ою-өрнек түрінмен танысу ою оюу техникаларын, киімге ою салу үлгілерін тоқу түрлері мен техникаларын өру түрлері мен техникаларын және сәндік бұйымдар түрлері.

Әрбір азаматтың ата-тегін, елінің тарихын, ана тілін білуі, ұлтын сүюі қасиетті парызы, ал ұлтының әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, мәдениетін, өнерін өмір бойы сақтап, ұстануы, дамытуы ата-баба рухы алдындағы мәңгілік борышы мен міндеті.

«Қолөнер – мол өнер» демейме халқымыз. Қазіргі жас шеберлерінің өздерінің жұмыстарына жаңа түр, жаңа үйлесім тауып, олардың идеялық мазмұндарын байыта түсуде. Мұнын өзі де оқушылардың басым көпшілігінің жан-жақты салауатты, білімді, өнердің түрлі салаларымен таныс болғанын көрсетеді.

Халықтық педагогикада жас ұрпақты ерте бастан еңбекке, ұлттық қолөнерге жас ерекшелігіне қарай баулыған. Қай халықтың өнеріне, бейнелеу мәдениетіне зер сала қарасақ, сол халықтың әсемдік талғамы мен танымына, эстетикалық көзқарасына орай белгілі бір өнер түрінің басым дамып отырғанына көз жеткіземіз.

Өткен ғасырда өмір сүрген қазақ ұсталары мен зергерлерінің мұраларын іздеп табу, оны келер ұрпаққа жеткізу, насихаттау, табылған жәдігерлерден көрмелер жабдықтау жұмыстары жүзеге асырылып, ел назарына ұсынылуда. Болда болса «Рухани жаңғыру» бағдарламасының келер ұрпаққа тигізер пайдасының мол екенінің бір дәлелі. Яғни адам мәдени даму үшін ең алдымен өзінің халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарымен сусындап өсуі керек. Сонда ғана дамыған елдің жан-жақты дамыған, мәдени рухани бай тұлғасын тәрбиелеп шығарымыз сөзсіз.

Келешекте көркем еңбек пәні арқылы егеменді елімізді көркейтер білімді де, саналы азаматтар тәрбиелеп шығатынына қосар үлесі зор екеніне сеніміміз мол.

Қорыта келгенде бүгінгі күні елімізде білім беру жүйесінің түбегейлі өзгеріске ұшырауы анықталғаны баршамызға аян. Оның негізгі факторы

жаһандану үрдісіндегі білім беру саласында жаңа модельдердің дүниеге келуі, білім беру үрдісінің ақпараттандырылуы болып табылады. Прогрессивті концепциялардың пайда болуы, білім беру үрдісінде алға кеткен мемлекеттердің тәжірибесімен танысу және соның нәтижесінде ұлттық білім беру моделін құрастыру бүгінгі күні өте өзекті мәселе болып табылады, өйткені нарықтық экономикаға негізделген мемлекетіміздің келешегіне мамандар қажеттігінен туындайды. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту, ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

XXI ғасыр мұғалімі жан - жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу қазіргі заман мұғаліміне талап етілетін басты мәселе. Сондықтан атақты педагог К.Д.Ушинскийдің «Оқыту – тәрбиелеудің қуатты органы, бұл органды пайдалана білмеген тәрбиеші шәкірттерге әсер етудің ең басты және қажетті құралынан айрылады» деген сөзін үнемі жадымызда сақтайық.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қасиманов С. Қазақхалқыныңқолөнері. Алматы 1995 ж.
2. Н.А. ЯкуповаР.Ш.Алимсаева Технология 12 жылдық 7 сынып Алматы мектеп 2009 ж.
3. <https://stud.kz/referat/show/72665>
4. <https://infourok.ru/aza-halini-olneri-turali-tsinik-2622252.html>
5. <https://baribar.kz/student/1221/ulttyq-qoloenerdinh-negizgi-salalaryn/>
6. https://infourok.ru/tmar_zhasau_tehnologiyasy_bayandama-333210.htm

2021-2022 ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА БИОЛОГИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫМЕН ТАНЫСТЫРУ.

**Тәжібаева Қарлығаш Жетпісбайқызы
Түркістан облысы әдістемелік орталығы ж.ғ.м.,
биология пәні әдіскері**

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Әрбір педагогке шәкірттерінің білімін толықтыру бойынша арнайы жұмысты ойластыру және тиімді жүргізу қажет болып отыр.

✓ 2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

✓ Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.

✓ Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

✓ Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.

✓ Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша мектеп жұмысы алгоритмінің үлгісі ұсынылады (www.nao.kz)

Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты. Өткен оқу жылында оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарларымен республикамызда жеті жүз мектеп жұмыс жүргізіп, тәжірибе жинақтады. Осылайша мектептердің академиялық таңдау еркіндігі артты.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген).

Таңдау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген үлгілік оқу жоспарлары ұсынылады (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

"Биология" оқу пәні бойынша оқытуды ұйымдастыру. «Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен)	
Жаңартылған мазмұн бойынша 2021 жылға арналған үлгілік оқу жоспары **** (сағат саны)	Үлгілік оқу жоспарының сағат саны (оқу жүктемесін қысқарта отырып)

			(ҚР БҒМ 2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрығы)	
Сынып	Апталық	Жылдық	Апталық	Жылдық
7-9	2	68	1	34
ЖМБ 10-11	2	68	3	102
ҚГБ 10-11	1	34	2	68
Оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген білім берудің барлық деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес Үлгілік оқу бағдарламалары ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген (өзгерістермен және толықтырулармен)				
Сынып	Жаңартылған мазмұнның типтік бағдарламасы	Үлгілік оқу бағдарламасы (оқу жүктемесін қысқарта отырып)		
7-9	ҚР БҒМ 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықтың 14-қосымшасы	2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа 622-қосымша ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығының 23-қосымшасы		
10-11 ЖМБ	Бұйрық №*** 2021 ж. * * тамыз ҚР БҒМ	2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа 633-қосымша 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрыққа 34-қосымша		
10-11 ҚГБ	Бұйрық №*** 2021 ж. * * тамыз ҚР БҒМ	ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 Бұйрығының 198-қосымшасы		

2021-2022 оқу жылында мектептердің дайындығына (кадрлық, ресурстық және т.б.) байланысты вариативтік компонент сағаттарының есебінен «Жаһандық құзыреттіліктер» курсын таңдауға немесе басқа да элективті курстарды өткізуге болады. Аталған курс білім алушылардың 21 ғасыр дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.

«Жаһандық құзыреттіліктер» (аптасына 1 сағат) курсына:

- 5-сыныпта «Парасаттылық және әдеп»;
- 6-сыныпта «Экология»;
- 7-сыныпта «Эмоционалды интеллект және сыни ойлау»;
- 8-сыныпта «Медиасауаттылық»;
- 9-сыныпта «Зайырлылық және дінтану негіздері»;
- 10-11-сыныптарда «Кәсіпкерлік және бизнес негіздері» жатады.

«Экология» курсы білім алушыларды экологияның негізгі заңдылықтарымен таныстырады, өз денсаулығына, айналасындағы адамдарға және табиғатқа позитивті, ұқыпты қарауды үйретеді.

«Жаһандық құзыреттіліктер» курсы «Биология», «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақ әдебиеті», «Орыс әдебиеті» пәндерінің мұғалімдері мен біліктілікті арттыру курстарынан өткен, сертификаттары бар басқа да мұғалімдер, әлеуметтік педагогтер, психологтар жүргізе алады.

✓ Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар басқа күндерге ауыстырылады. Осы жағдайда сабақтардың тақырыптары/оқу мақсаттары оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес кіріктірілуі қажет.

✓ Бұл ретте қосымша сағаттар бөлінбейді. Сабақтардың кіріктірілген тақырыбы журналдың бір жолына жазылады.

✓ Білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде бұл өзгерістер электрондық журналда көрсетіледі.

✓ Электрондық журналдар мен күнделіктерді толықтыру бойынша техникалық қолдау кол-центр, қолдау қызметі арқылы көрсетіледі.

Білім сапасы педагогтің кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Педагог – кәсіби, толерантты және жоғары мәдениетті, парасатты болуы тиіс. Ол білім алушылармен, ата-аналармен, әріптестерімен сыпайы қарым-қатынас стилін, сөйлеу мәдениеті мен кәсібиіскерлік, педагогикалық әдеп ережелерін сақтайды.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;
- 2) оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар;
- 3) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 4) эмоционалды қолайсыздық.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында: *педагогке:*

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады.

Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;
- пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдарын жаңа оқу жылының барлық кезеңіне бөлу;
- жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау;
- білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу;

- өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар ұйымдастыру;
- каникулдық сабақтарды және жазғы мектепті ұйымдастыру;
- формативті бағалауда өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасы бойынша тапсырмалар әзірлеу және енгізу;
- өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын пайдалану;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін барынша пайдалану;
- білім беру платформаларын қолдану.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бағытындағы іс әрекеттерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар:

1-тоқсанда:

5-сынып пен 6-сынып арасындағы сабақтастықты сақтау;

4-сыныптан келген баланың жеке ерекшеліктерін ескеру.

7-сыныпта білім алушының «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінде 6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнымен сабақтастығын және алған білім деңгейін ескеру.

1-ұсыныс:

1) 5-сыныпқа келген білім алушыларға арнайы фокус-жоспар құру;

2) бастауыш сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен алған білімдеріне талдау жасау;

3) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің жоспарына сәйкес 6-сыныптағы мазмұнмен сабақтастықты сақтай отырып, жоспар жасау.

2-ұсыныс:

1) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің әдістемелік бірлестігі оқушылардың біліктілігін анықтау жұмыстарын жүргізуі тиіс

Олқылықтардың орнын толықтырудың кезеңдері:

1-қадам. Олқылықтарды анықтау. Диагностика жүргізу. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтармен жұмыс: мысалы, заттар және олардың қасиеттері, периодтық заң, энергия түрлерін т.б. білулері керек. Мектепте, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қолданылады, сондықтан оларды бірінші кезекте меңгерту ұсынылады.

2-қадам. Уақытты белгілеу. Анықталған олқылықтардың деңгейіне қарай оған жұмсалатын уақытты жоспарлау. Бір тақырыпқа бірнеше сағат бөлу не керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін. Мысалы, 6-сыныпта алдыңғы тақырыптардың мазмұнына назар аударатырып, қайталамау жағын қарастыру.

3-қадам. Оқыту әдісін таңдау. Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты:

- өткізілетін материалдың көлемі;
- жоспарланған уақыт мөлшері;
- баланың жас және жеке ерекшеліктері.

Білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарының формалары:

1. Өзіндік жұмыстар Тақырыпты және тапсырманы түсіндіре отырып, өз бетінше ізденуге тапсырма беру;
2. Нақты мақсатқа бағытталған әрекеттер жасау.

Егер жекелеген оқушы немесе сыныптағы шағын топ қолдауды қажет етсе, нақты мақсатқа бағытталған қысқа сессиялар ұйымдастыру қажет.

3. Сыныпты толық оқыту

Егер бүкіл сыныптың қажеттіліктері немесе олқылықтары шамалас болса, бұл көп уақытты қажет етеді, бірақ білім алушылардың басым бөлігін қамтиды.

2021/2022 оқу жылында «Биология» оқу пәні бойынша оқу процесін ұйымдастыруда келесі оқу бағдарламалары қолданылады:

1. ҚР БҒМ міндетін атқарушының **2017 жылғы «25» қазандағы № 545** бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы (15-қосымша);

2. ҚР БҒМ **2020 жылғы «27» қарашадағы № 496** бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Биология» пәнінен оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасы (23-қосымша).

7-9-сыныптарға арналған «Биология» оқу пәнінің оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында қаралатын пән мазмұны, барлық бөлімдер сақталған, тек зертханалық жұмыстар, модельдеу және оқу мақсаттарының санында **айырмашылықтар бар.**

Оқу пәнінің мазмұны 4 бөлімді қамтиды:

- 1) тірі ағзалардың көптүрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- 2) көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік. Эволюциялық даму;
- 3) ағза мен қоршаған орта;
- 4) қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

«Биология» пәнінде негізінен практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерін қолданған дұрыс.

7-сыныпта 14 зертханалық жұмыс, 4 модельдеу қарастырылған

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	3	1	-
2-тоқсан	4	1	-
3-тоқсан	2	-	-
4-тоқсан	5	2	-
Барлығы	14	4	-

8-сыныпта 14 зертханалық жұмыс, 2 модельдеу, 2 демонстративтік жұмыс қарастырылған, оның ішінде қолданыстағы бағдарламада 8-сыныптан – 3 жұмыс алынған. 11 зертханалық жұмыс жаңадан қосылған. 8-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны төменде 51-кестеде көрсетілген.

8-сыныпта өткізілген зертханалық жұмыстар саны.

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	5	1	1
2-тоқсан	3	-	-
3-тоқсан	6		1
4-тоқсан	-	1	
Барлығы	14	2	2

9-сыныпта 8 зертханалық жұмыс, 1 модельдеу, 7 демонстративтік жұмыс қарастырылған.

	Зертханалық жұмыстар	Модельдеу	Демонстрация
1-тоқсан	5	1	
2-тоқсан	1	2	
3-тоқсан	2	3	1
4-тоқсан	-	1	
Барлығы	8	7	

Оқу бағдарламасы бойынша 7-9-сыныптарда қарастырылатын зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары міндетті түрде жүргізілуі тиіс. Себебі қарастырылатын зертханалық жұмыстар мен модельдеу жұмыстары білім алушының ізденіс қабілеттерін арттыруға мүмкіндік жасайды. Модельдеу жұмыстары білім алушының өзіндік ғылыми ізденіс жұмысына бағытталған болғандықтан тоқсанның басында беріледі, оны орындау үшін нақты уақыты айқындалады.

«Биология» пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар:

2021-2022 оқу жылында «Биология» пәні бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру және жаңа оқу жылының оқу бағдарламасын меңгерту бағытында мақсатты шараларды жыл бойы жүргізу ұсынылады. Аталған шараларды келесі кезеңдер бойынша жүргізу ұсынылады:

Диагностикалық жұмыс:

- пәннің оқу бағдарламасы мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);
- тақырыптар бойынша білімдегі олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың және оқу мақсаттарының қиындық ретін анықтау;

Жоспарлау жұмысы:

- пәннің оқу бағдарламасы бойынша өткен оқу жылдарының оқу мақсаттарына жаңа оқу жылындағы сәйкесті оқу мақсаттарын анықтау;
- сәйкесті оқу мақсаттары анықталған сабақтардың қысқа мерзімді жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып дайындау;
- пәннің оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша олқылықтары анықталған оқушылардың топтарымен өткізілетін кеңестер кестесін жасау.

Жүзеге асыру және талдау жұмысы:

- пән бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспар негізіндегі сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарын меңгерту;
- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;
- білім алушылардың қажеттілігіне қарай және ата-аналардың келісімімен білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында, жеке консультациялар, қосымша сабақтар («демалыс мектептері», «каникулдық мектептер», «жазғы мектептер» ұйымдастыру) өткізуде пән бойынша күрделі тақырыптарды меңгерту;
- білім алушылардың білім сапасына жүргізілген жүйелі мониторинг жұмысының нәтижесін талдау және әдістемелік бірлестікте талқылау ұсынылады.

«Биология» пәндері бойынша шектеу шаралары кезіндегі оқу жылдарында жіберілген білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды ауызша сұрақ қою, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу арқылы жүргізу ұсынылады.

Пән бойынша анықталған қателер мен олқылықтарды 4 блокқа топтастыру ұсынылады:

- тірі организмдердің көп түрлілігі, құрылымы мен қызметтері;
- көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік, эволюциялық даму;
- ағза мен қоршаған орта; - қолданбалы кіріктірілген ғылымдар.

Осылайша пән мазмұнының жүйесіне қарай топтастыру олқылықтың орнын толықтыруда реттілікті қамтамасыз етеді, зерттелетін тақырыптарды анықтау және қосымша білім беруді жоспарлау кезінде оқу мақсаттары арасындағы жүйелілікті сақтаған дұрыс.

7-сыныпта 1-тоқсанда «Экожүйелер» бөлімін бастағанда 6-сыныптың «Жаратылыстану» пәнінен 4-тоқсанда өткен «Экология және тұрақты даму» бөлімін естеріне түсіріп, ондағы олқылықтарды жоюға болады.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін біріктіруге болатын оқу мақсаттары мысал ретінде ұсынылады:

«Экожүйелер» бөлімінде:

7-сыныптағы:

7.3.1.1 жергілікті жер экожүйесі қоршаған орта факторларының тірі ағзалардың тіршілік әрекеті мен таралуына әсерін зерттеу; 7.3.2.1 адам мен экожүйе арасындағы қарым-қатынастарды сипаттау; 7.3.2.2 экожүйеге жағымсыз әсер ететін адам тіршілігінің салаларына мысалдар келтіру оқу мақсаттарын

6-сыныптағы: 6.6.1.1 экожүйе құрамдас бөліктерінің өзара байланысын график түрінде көрсету және түсіндіру; 6.6.1.2 экожүйе ауысымдарының себептерін түсіндіру; 6.6.3.1 өзінің аймағындағы кейбір экологиялық мәселелердің себептерін талдау; 6.6.3.2 экологиялық мәселелерді шешу жолдарын ұсыну оқу мақсаттарымен;

«Тірі ағзалардың көптүрлілігі» бөлімінде:

8-сыныптағы: 8.1.1.4 буынаяқтылар мен хордалы жануарлар кластарын ерекше белгілері бойынша тану оқу мақсатын

7-сыныптағы: 7.1.1.3 омыртқасыз және омыртқалы жануарлардың құрылысының айырмашылық белгілерін сипаттау;

«Биология» пәнін оқытуда ең басты мақсат білім алушылардың функционалдық білім мен практикалық дағдыларын қалыптастыру болуы керек. Мысалы биологиялық білімнің нәтижесінде денсаулықты сақтау, нығайту, әртүрлі жұқпалы аурулардан қалай қорғану, алғашқы жәрдем көрсете білу, дұрыс тамақтану, тағам құрамындағы дәрумендердің түрлерін біліп, соған қарай тамақтану рационын құру, ауру туғызатын бактериялар мен вирустан сақтану, үнемі иммунитетті көтеріп жүру сынды өмір бойы өзіне қажетті білімді алуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат

2. ҚР БҒМ 2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықтың 14-қосымшасы 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрыққа 622-қосымша

3. ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы №496 бұйрығының 23-қосымшасы

4. ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрыққа 34-қосымша

5. ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 шілдедегі №352 Бұйрығының 198-қосымшасы

6. Оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен

ОРГАНИЗАЦИЯ ОБУЧЕНИЯ ПО УЧЕБНОМУ ПРЕДМЕТУ «БИОЛОГИЯ»

Карипжанова Алмагуль Закеновна
г. Нур-Султан учитель биологии школы-гимназии №30

Учебный процесс в общеобразовательных школах республики будет осуществляться согласно приказу МОН РК от 26 марта 2021 года № 125 «О внесении изменений и дополнений в приказ МОН РК от 8 ноября 2012 года № 500 «Об утверждении типовых учебных планов начального, основного среднего, общего среднего образования РК». В частности, Типовые учебные планы обновленного содержания и Типовые учебные планы со сниженной учебной нагрузкой.

В соответствии с приказом МОН РК от 30 октября 2018 года № 595 «Об утверждении Типовых правил деятельности организаций образования (начального, основного среднего и общего среднего)» организации образования независимо от вида и форм собственности самостоятельно выбирают Типовые учебные планы, в том числе с сокращенной учебной нагрузкой, по которым осуществляется процесс обучения.

В организации учебного процесса по учебному предмету «Биология» в 2021/2022 учебном году используются следующие учебные программы:

- 1) Типовая учебная программа по учебному предмету «Биология» для 7-9 классов уровня основного среднего образования по обновленному содержанию, утвержденная приказом МОН РК от 25 октября 2017 года № 545 (приложение 15).
- 2) Типовая учебная программа (с сокращением учебной нагрузки) по учебному предмету «Биология» для 7-9 классов, утвержденная приказом МОН РК от 27 ноября 2020 года № 496 (приложение 23).

Типовые учебные планы утверждены **приказом МОН РК от 8 ноября 2012 года № 500** (с изменениями и дополнениями)

Типовой учебный план на 2021 год по обновленному содержанию **** (количество часов)			Количество часов Типового учебного плана (с сокращением учебной нагрузки) (приказ МОН РК от 26 марта 2021 г №125)	
Класс	Недельная	Годовая	Недельная	Годовая
7-9	2	68	1	34
ЕМН 10-11	2	68	3	102
ОГН 10-11	1	34	2	68

Учебная программа утверждена Приказом МОН РК от 31 октября 2018 г №604 в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом образования всех уровней образования Типовые учебные программы утверждены Приказом МОН РК от 3 апреля 2013 г. №115 (с изменениями и дополнениями)		
Класс	Типовая программа обновленного содержания	Типовая учебная программа (с сокращением учебной нагрузки)
7-9	Приложение 14 Приказа №545 от 25 октября 2017 г МОН РК	Приложение 622 Приказа № 115 от 3 апреля 2013 г Приложение 23 Приказа №496 от 27 ноября 2020 г МОН РК
10-11 ЕМН	Приказ №*** от ** августа 2021 г. МОН РК	Приложение 633 Приказа № 115 от 3 апреля 2013 г Приложение 34 Приказа № 496 от 27 ноября 2020 г
10-11 ОГН	Приказ №*** от ** августа 2021 г. МОН РК	Приложение 198 Приказа № 352 от 27 июля 2017 г МОН РК

Лабораторные работы и моделирование, рассматриваемые в учебных программах 7-9 классов, должны проводиться обязательно, так как данная деятельность способствует повышению поисковой способности обучающихся. Моделирование проводится в начале четверти, так как оно направлено на самостоятельную научную, исследовательскую работу ученика, для выполнения которой определяется конкретное время.

Количество лабораторных работ и моделирования по предмету «Биология»

Класс	Количество целей обучения		Количество лабораторных работ		Количество моделирования	
	Учебные программы по обновленному содержанию	Учебные программы с сокращенной нагрузкой	Учебные программы по обновленному содержанию	Учебные программы с сокращенной нагрузкой	Учебные программы по обновленному содержанию	Учебные программы с сокращенной нагрузкой
7	67	46	14	12	4	3
8	73	49	14	9	2	2
9	71	45	8	5	7	3

Суммативное оценивание по предмету предполагает проведение суммативных оцениваний за раздел (СОР).

В соответствии с Типовым учебным планом с сокращением учебной нагрузки недельная нагрузка предмета «Биология» в 7-9 классах составляет 1 час, поэтому по предмету «Биология» суммативное оценивание за четверть не проводится, итоговая оценка выставляется за полугодие.

Количество процедур суммативного оценивания за раздел				
По Типовому учебному плану обновленного содержания				
Классы	1-четверть	2-четверть	3-четверть	4-четверть
7	3	3	3	3
8	3	2	3	3
9	3	3	3	3
10 ЕМН	2	3	3	3
10 ОГН	1	1	1	1
11 ЕМН	2	3	3	3
11 ОГН	1	1	1	1
С сокращением учебной нагрузки				
Классы	1-четверть	2-четверть	3-четверть	4-четверть
7-9	1	1	1	1
10 ЕМН	3	3	3	3
10 ОГН	2	3	3	3
11 ЕМН	3	3	3	2
11 ОГН	2	3	3	3

В 2021-2022 учебном году в учебных планах 10-11 классов имеется существенная специфика. В 10-11 классах общеобразовательных организаций предметы естественно-математического и общественно-гуманитарного направления были включены в инвариантную часть не по выбору, а как обязательный предмет.

Типовые учебные планы утверждены <i>приказом МОН РК от 8 ноября 2012 года № 500 (с изменениями и дополнениями)</i>	
Типовой учебный план на 2021 год по обновленному содержанию **** (количество часов)	Количество часов Типового учебного плана (с сокращением учебной нагрузки) (приказ МОН РК от 26 марта 2021 г №125)

Класс	Недельная	Годовая	Недельная	Годовая
7-9	2	68	1	34
ЕМН 10-11	2	68	3	102
ОГН 10-11	1	34	2	68
Учебная программа утверждена Приказом МОН РК от 31 октября 2018 г №604 в соответствии с Государственным общеобязательным стандартом образования всех уровней образования				
Типовые учебные программы утверждены Приказом МОН РК от 3 апреля 2013 г. №115 (с изменениями и дополнениями)				
Класс	Типовая программа обновленного содержания		Типовая учебная программа (с сокращением учебной нагрузки)	
7-9	Приложение 14 Приказа №545 от 25 октября 2017 г МОН РК		Приложение 622 Приказа № 115 от 3 апреля 2013 г Приложение 23 Приказа №496 от 27 ноября 2020 г МОН РК	
10-11 ЕМН	Приказ №*** от ** августа 2021 г. МОН РК		Приложение 633 Приказа № 115 от 3 апреля 2013 г Приложение 34 Приказа № 496 от 27 ноября 2020 г	
10-11 ОГН	Приказ №*** от ** августа 2021 г. МОН РК		Приложение 198 Приказа № 352 от 27 июля 2017 г МОН РК	

В Типовой учебной программе с сокращением учебной нагрузкой полностью сохранены разделы, рассматриваемые в Типовой учебной программе учебного предмета «Биология» обновленного содержания в 10-11 классах, разница только в количествах целей обучения, лабораторных работ и демонстрации. Ниже представляется сравнительная таблица количеств целей обучения, лабораторных и практических работ.

Количество лабораторных работ и моделирования по предмету «Биология»

Класс	Количество лабораторных работ		Количество моделирования	
	Учебные программы по обновленному содержанию	Учебные программы с сокращенной нагрузкой	Учебные программы по обновленному содержанию	Учебные программы с сокращенной нагрузкой
10 ЕМН	5	4	2	2
10 ОГН	3	4	2	2
11 ЕМН	7	4	2	2

11 ОГН	4	4	2	2
--------	---	---	---	---

Количество процедур суммативного оценивания за раздел				
По Типовому учебному плану обновленного содержания				
Классы	1-четверть	2-четверть	3-четверть	4-четверть
7	3	3	3	3
8	3	2	3	3
9	3	3	3	3
10 ЕМН	2	3	3	3
10 ОГН	1	1	1	1
11 ЕМН	2	3	3	3
11 ОГН	1	1	1	1
С сокращением учебной нагрузки				
Классы	1-четверть	2-четверть	3-четверть	4-четверть
7-9	1	1	1	1
10 ЕМН	3	3	3	3
10 ОГН	2	3	3	3
11 ЕМН	3	3	3	2
11 ОГН	2	3	3	3

Согласно Типовым учебным планам обновленного содержания недельная нагрузка предмета «Биология» в общественно-гуманитарном направлении 10-11 классах составляет 1 час, поэтому по предмету «Биология» суммативное оценивание за четверть не проводится, итоговая оценка выставляется за полугодие.

Среднесрочные планы по учебным предметам для 1-11 классов размещены на сайте АО «АОО НИШ» в блоге «Системно-методический комплекс».

<http://out.easycounter.com/external/smk.edu.kz>.

БИОЛОГИЯ ПӘНІН ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУ КЕЗІНДЕ ОРЫН АЛҒАН ОҚЫЛЫҚТАРДЫ ЖОЮ АРҚЫЛЫ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ

Байжанысов Айдос Әлібекұлы
Түлкібас ауданы, Түлкібас ауданының үш тілде
оқытатан мамандандырылған мектеп-интернаты.
Биология-химия пәнінің мұғалімі

Қазіргі таңда әлемде болып жатқан індеттің таралуына байланысты еліміздегі мектептер Covid-19-дың таралу қаупіне байланысты өз жұмыстарын тоқтатып, оқушыларды қашықтықтан оқытқан болатын. Ал қашықтықтан оқыту босаңсуға жол бермейді, өйткені қазіргі заманғы технологиялар оқу үрдісінің барлық кезеңдерін қашықтық форматқа көшіруге толығымен мүмкіндік береді. Ең бастысы – қашықтықтан оқытуда кеткен оқылықтарды дер кезінде анықтап, дұрыс жағынан пайдаланып, қиындыққа мойымай, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, бірге әрекет жасасақ, бағындырар биігіміз бен алынбайтын қамалымыз болмасына ешкім күмән келтіре алмас. Қай кезеңде болмасын жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру қоғам алдындағы ең маңызды, жауапты іс. Қашықтықтан оқыту кезінде биология сабағында кеткен кемшіліктерді мен өз сабақтарымда қалай анықтадым, олардың шешу жолдарын әріптестермен ақылдаса отырып жұмыстар жүргіздім. Қолданылған әдіс-тәсілдер өз жемісін берді. Сол жасалған тәжірибемді сіздермен бөліскім келіп отыр. Мүмкін біреулеріңізге көмегі тиер деген үміттемін.

Ең алдымыен биология сабағында қашықтан оқытуда кеткен оқылықтарды анықтадым.

Олар;

- Эмоционалды шығармашылық атмосфераны құру қиындығы;- Оқушылардың ұсынылған тапсырмаларды орындағанына сенімді болу мүмкін емес;

- Тұрақты бақылау / қадағалаудың болмауы оқушыны ынталандырудың болмауына әкеледі;

- Оқушылар арасында компьютерлік сауаттылықтың болмауы интернет ресурстарын пайдалануды шектейді;

- Қашықтықтан оқыту сабақтары мен тапсырмаларын әзірлеудің өте жоғары күрделілігі;

- Зертханалық сабақтардың практикалық түрде орындалмауы;

- Мұғалім мен оқушының оқу мақсатына толық қанды жете алмауы;

- Оқушылардың тапсырманы орындауында академиялық шанайылылықтың болмауы;

Осы анықталған қиындықтарды анықтау үшін маған тиімді оқытуды қолдайтын орта құрдым. Ол үшін мынадай бағыттарда жұмыс жүргіздім

- Оқушылардың қажеттіліктерін анықтау;

- Оқушыны оқуға ынталандыратын жеке хабарламалар жіберу

- Саулнама жүргізу;

- Оқушылардан алынған сауалнамаға кері байланыс беру;

Осы бағыта жұмыс жүргізгеннен кейін қашықтықтан оқыту барысында кеткен оқылықтарды жөю барысында мынадай әдіс-тәсілдерді пайдаландым және ол өз жемісін берді.

- Оқушыларға қол жетімді оқулықтардың мүмкіндігін пайдаландым;

- Оқушының қажеттіліктеріне сәйкес онлайн сабақтар өткіздім;
- Зертханалық сабақтардың практикалық түрде орындау барысында түрлі видеороликтерді пайдаландым.

Үнемі оқушылардың жасаған жұмыстарына кері байланыс жасап отырдым. Сілтеме берілген зертханалық жұмыстардың видеороликтерінің дыбысын өшіре отырып өз сөзіммен түсіндіріп отырдым. Оқушыларға сабақтан тыстапсырмалар бере отырып, ата-аналармен байланыс жасап отырдым. Зертханалық жұмыстарды жүргізу барысында видеороликтерді пайдалана отырып, «ROQED» платформасын пайдаландым.

Жобаның мақсаты:

- Жаратылыстану бағытындағы мұғалімдерді даярлауда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолданудың теориялық және әдістемелік негіздерін саралау.
- Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда Roqed бағдарламасымен білім беруді енгізу арқылы оқушылар мен пән мұғалімдерінің құзыреттілігін арттыру.

Жобаның міндеттері:

- Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстарды құрудың өлшемдерін анықтау;
- Жаратылыстану бағытындағы пәндерді оқытуда виртуалды зертханалық жұмыстарды құру мен қолдану әдістемесін ұсынып, білім сапасының артуына тиімділігін тәжірибеден өткізу.

Жалпы бұл бағдарлама оқушыларға өте тиімді. Себебе виртуалды көріп отырып жасау оқушыларға тиімді болды және оқушылардың білім сапасына әсер етті.

Жаңа оқу жынынан бастап офлайн оқу барысында жасалған жұмыстарға қосымша қашықтықтан оқыту барысында кеткен оқылықтардың орнын жою үшін мынадай тәсілдерді пайдалансам деп отырмын:

- 8-9; 10-11 – сыныптардағы мазмұндас тақырыптарды біріктіру;
- Вариативті, таңдау курстарын, факультатив сағаттарының мазмұнын
- 10-11 – сыныптарының мазмұнына бағыттап жасау;

Осы қадамдарды іске асыра отырып қашықтықтан оқыту барысында кеткен оқылықтарды жоямын деп отырмын.

Мұғалім оқушының ішкі жан – дүниесінің сырын ашып, оның симпатикалық ынтасының дамуына жағдай тудырып отырады. Қазіргі заманда білім жүйесінің заман талабына, уақыттың сұранысына қарай ғарыштап дамуы, әрбір педагогтан сабақты ғылыми жобада жасауын талап етеді. Сабақты ғылыми жобада жасай білген мұғалім оқушы жүрегіне жол тауып, оның сабаққа деген қызығушылығын арттырып, мұғалім мен оқушы арасында түсінушілік пайда болады. Менің ойымша, әр шәкірттің сабақты жан-жақты меңгеріп, өз ойын жеткізе білуі ұстазға байланысты.

Жай мұғалім хабарлайды,
Жақсы мұғалім түсіндіреді,

Керемет мұғалім көрсетеді.

Ұлы мұғалім шабыттандырады. (Александр Македонский)

БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ҚАШЫҚТЫҚТАН ЗЕРТХАНАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аянасова Лаура Аянасовна
Нұр-Сұлтан қаласының Халықаралық мектебі
биология пәні мұғалімі

2020 жылы әлемдегі пандемия жағдайына байланысты орын алған қашықтан оқыту әлемнің білім беру келбетін өзгерте отырып, білім беру мен ақпараттық мәдениеттің ғаламдық құбылысына айналды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (1-т., 1-бап) қашықтан оқыту технологиялары - ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және телекоммуникация құралдары негізінде қашықтықта өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырылатын оқытуды айтады [1].

Қашықтан оқыту - бұл оқушының өз бетімен білім алу принципіне негізделген білім беру процесінің жаңа түрі. Оқу ортасы оқушылардың мұғалімнен қашық болатындығымен сипатталады. Қашықтан оқыту мұғалім мен оқушы арасында түрлі цифрлық дидактикалық материалдар, телекоммуникациялар және кеңістік пен уақыт негізінде диалог жүргізу арқылы қарым-қатынас орнайтын оқыту технологиясы [2].

2020-2021 оқу жылында Республикамыздың 3 миллион 400 мың, яғни 77% -ы білім алушылары мектеп қабырғасында қашықтан оқыту форматында, ал 800 мың оқушы дәстүрлі форматта білім алған болатын.

COVID-19 коронавирусы жұқпалы инфекцияның таралу қаупін азайту үшін, шұғыл түрде білім беру саласында, яғни мектептердегі оқу үдерісін электрондық оқыту технологияларын қолдана отырып, қашықтан оқыту форматына жедел ауыстыру шешімі қабылданды. Жалпы, қашықтан оқыту форматы бірнеше бағытқа сәйкес теледидар сабақтары, интернет-платформалар «ZOOM» және «TEAMS», тіпті «WATS UP» қосымшалары арқылы жүзеге асырылып келеді. Желідегі платформаларда «Online-Мектеп», «Хабар», «Ел арна» және «Балапан» телеарналарында үздіксіз сабақтар өткізіліп, күніне 70-80 миллион қаралым жинаса, аптасына 12 миллион қолданушы білім беру платформаларын пайдаланып, күніне орта есеппен 2 миллион астам сабақ өтті. «Күнделікте» күн сайын 700 мыңға жуық баға қойылып, сабақта берілетін тапсырмалар саны 1 миллионға жеткен еді [3].

2020 жылдың 6 - 9 қазан аралығында еліміздің он төрт облысы мен Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларынан 1 мыңнан астам еріктілерден екі тілде қалалық нөмірлерге қоңырау соғу арқылы, сауалнама алынған

болатын. Сауалнама нәтижелерінің көрсеткіші бойынша 42% азамат онлайн-оқытудың тиімділігін «ортадан төмен» деп бағаласа, 41% азамат қашықтан оқытуды «орташа тиімді» деп, ал қалған 12% азаматтар оқытудың жаңа түрін жоғары бағалаған болатын [4]. Білім берудегі жаңа өзгерістер және әлеуметтік сауалнама нәтижесі мұғалімдердің кәсіби шеберлігін сынаумен қатар, жаңа АКТ мүмкіндіктерін ізденуге, сыныптағы 25 оқушының назарын сабаққа аударып, пәнге деген қызығушылықтарын арттыруға, түрлі белсенді әдіс-тәсілдермен қатар интербелсенді әдістердің жаңа түрлерін анықтауға, электронды дидактикалық материалдар жиынтығын құруға және сапалы виртуалды зертханаларды пайдалануға ықпал етті.


Қашықтан оқыту оқушылардың білім алуында және мұғалімдердің сабақтарды сапалы жүргізуінде көптеген қиындықтар мен мәселелер туындатты. Оқушылардың білім алу барысында пайдаланылатын виртуалдық материалдардың қолжетімсіздігі де белең алды.

Жалпы білім беретін мектептердегі оқушылар мен мұғалімдер арасында жүргізілген сауалнама жауаптарын талдайтын болсақ, зертханалық жұмыстарды орындауда қиындықтар туындайтыны анықталды. Мысалы: оқушылардан «Қашықтан өтетін сабақтарда зертханалық жұмыстарды орындайысыздар ма?» деген сұраққа 93% оқушы «жоқ», ал 5% оқушы «ия» деп жауап қайырған. Ал мұғалімдер «Қашықтан өтетін сабақтарда оқушылар зертханалық жұмыстарды қалай орындайды?» сұрағының жауаптарын (Кесете 1) көруге болады.

Кесете 1

Қашықтан өтетін сабақтарда оқушылардың зертханалық жұмыстарды орындауы

Жауаптар тізімі	%
Сценарий (сұрақ-жауап)	48%
Талдау (сандық мәліметтерді талдау, графиктерге анализ жасау)	31%
Анимация (бейнебаяндар)	78%
Симуляциялар	26%
Виртуалды зертханалар	15%



Сур.1 Қашықтан өтетін сабақтарда оқушылардың зертханалық жұмыстарды орындауы

Статистикамен жұмыс, графиктердегі сандық мәліметтерді талдау, симуляциялар мен виртуалды зертханалық жұмыстарды орындауда төмен көрсеткіштерге ие. Интернет желісінде барлық анимациялар, симуляциялар, виртуалды зертханалар ағылшын тілінде берілген және де барлық тақырыптарды қамти алмайды. Сол себепті зертханалық жұмыстардың тізімін мүмкіндігінше тауып, әріптестеріммен бөлісіп, кәсіби тәжірибелік білімімді үнемі ізденіс арқылы дамытып отырамын.

Қашықтан тәжірибелік, модельдеу жұмыстарын жүргізу мүмкін болғанымен, зертханалық жұмыстарды орындау қиынға соғады. Себебі биология пәні бойынша қажетті құрал-жабдықтар мен ресурстар жоқ, әрі арнайы бөлмелер жабдықталмаған. Мұндай ситуацияларда тек симуляциялар көмекке келеді. Мұғалімдер интернет желісі арқылы, ақылы немесе ақысыз симуляциялардың жиынтығын табуға мәжбүр. Бірақ мұғалімдер үшін шабыттанытын жағдай, яғни биология пән мұғалімдері мен информатика пәндері бойынша кіріктірілген жобаларды ұйымдастырып, оқу бағдарламасындағы көрсетілген зертханалық жұмыстардың орыс және қазақ тіліндегі симуляцияларын даярлауға мүмкіндіктер бар. Осы мәселелер жас маман ретінде шешуге тырысу мақсатында интернет желісі арқылы, іздену жұмыстарын жүргіздім.

Арнайы пәндер бойынша сыныптағы виртуалдық зертханалар көрнекі құралдардың бір түрі болып табылады. Оны қолдану оқушылардың жана материалды өз бетімен игеруге, білім алу белсенділігін арттыруға, оқу уақытын үнемдеуге, танымдық іс-әрекетін арттыруға және қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

Биология пәні бойыша оқушылар жиі модельдеу арқылы практикалық білімдерін бекітіп, теориялық ақпараттың жете меңгеруіне мүмкіндік алып жатады. Модельдеу кезінде оқушылардың пәнаралық дағдылары ұштасып, инженерлік, математикалық, жобалау дағдылары дамиды. Мысалы төмендегі сілтемелер негіз болады:

-Learn Genetics (<https://learn.genetics.utah.edu/>) Генетиканы үйренуге арналған әр түрлі имитациялар, анимациялар және практикалық интерактивті ойындар бар.

-ROQED SCIENCE - виртуалды 3D моделді оқыту презентацияларына негізделген қосымша. Аталған қосымшада жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша ресурстар жүктелген. Биология пәні бойынша бұл қосымшада оқыту процесіне қажетті анатомия, ботаника, зоология, микробиология және палеонтология салалары негізінде оқу материалдарының мол қоры бар. Ресурстарды ашып, олардың көлденең қимасын, құрылысын, құрамбөліктерін ажыратып, қайта жинақтап, атын жазуға, негізгі өлшемдерін көруге мүмкіндік те бар. 3D моделдің көмегімен оқушылар тірі ағзалар, олардың қауымдастығының құрылымы мен қызметін, пайда болуы мен дамуын, өзара және табиғатпен байланысын шынайы нұсқада көре отырып, визуалды түрде үдерістерді түсініп, есте сақтайды. Сонымен қатар тапсырмалар құрастыру, презентация жасау сияқты функцияларымен де қамтамасыз етілген. Бұл қосымшадағы презентацияның басқа бағдарламалардан ерекшелігі модельдің анимация түрінде көрсетілуі. Оқыту барысында мұғалімнің шеберлігіне байланысты жаңа сабақта болсын, қайталау сабағы болсын **ROQED SCIENCE** қосымшасын қолдануға мүмкіндік бар.

-ROQED SCIENCE қосымшасы – жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша сабақтар өткізуде визуалды ойлауды дамытатын құрал. Сабақта виртуалды шындық мүмкіндіктерін пайдаланудың нәтижесінде оқушыларды білімді қызыға қабылдауға, компьютерлік сауаттылық деңгейін жоғарылатуға және де шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды орындауда креативті ойлау қабілеттерін дамытады. Демек, Блум таксономиясы бойынша оқушы, тірі ағзалардың құрылысын 3D форматта көріп, білу, түсіну дағдыларын дамытады. Қосымшада төрт түрлі тапсырма құрастыруға болады. Олар атаулары бойынша сәйкестендіру, нысандарды реті бойынша орналастыру, қызметі бойынша нысананы анықтау, тест тапсырмаларын құрастыру. Осы тапсырмаларды орындай отырып оқушылар қолдану, талдау дағдыларын қалыптастыра алады.

-Leopoly бағдарламасы арқылы 3D мүсіндер жасап, 3D принтер арқылы басып шығару мүмкіндіктері де бар. Бағдарламада тірі ағзалардың морфологиялық құрылыс ерекшелігі негізінде мүсін құрастыруға болады. Ол өз кезегінде бастауыш, орта буын сыныптарында дүниетану, жаратылыстану пәндерін оқыту барысында өз тиімділігін көрсетті.

-Zspace ноутбуктері 3D экранымен, стилуспен және нысандарды үш өлшемді форматта көруге арналған көзілдірік жиынтығымен бірге жүреді. Балалар көзілдірік арқылы виртуалды шындық әлеміне кіріп физика, химия, биология, география т.б. пәндер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Стилус көмегімен экранда заттарды таңдауға және үш өлшемді кеңістікте оларды табиғи түрде жылжытуға мүмкіндік бар. Бұл екі элемент ноутбук трекинг датчиктері арқылы бас және қол қозғалысын бақылауға мүмкіндік береді.

Қашықтан зертханалық және тәжірибелік жұмыстарды ұйымдастыру біраз қиындықтар тудырды: мұғалімнің зерттеуді бақылау, нұсқау беру; құрал-жабдықтардың үй жағдайында болмауы; оқушының өздігінен зертханалық жұмысты орындау дағдыларының төмендігі; т.с.с. Сондықтан виртуалды зертханалар, симуляциялар және анимациялар қолданылады:

-PhET (<https://phet.colorado.edu/>) Жаратылыстану ғылымдарын оқытуға және оқуға арналған зерттеуге негізделген интерактивті компьютерлік модельдеу және симуляциялау жиынтығы.

-Bilimland.kz (<https://bilimland.kz/ru>) Заманауи электронды жаттықтырғыштар мен симуляторлардың бірегей топтамасы жаратылыстану пәндерін қызықты өткізуге көмектеседі. Виртуалды зертхана симуляторлары – күрделі ғылыми құбылыстар мен заңдылықтарды түсіндіруде онтайлы құрал

-Gizmos (<https://clck.ru/UBFq7>) Жаратылыстану ғылымдары бойынша интерактивті модельдеу. Концептуалды түсінуді қалыптастырудың жоғары тиімді әдісі ретінде кең зерттеулермен расталған оқытуға сұранысқа негізделген әдісті қолданады.

-Animation Kscience (http://www.kscience.co.uk/animations/anim_1.htm) Жаратылыстану ғылымы пәдері бойынша интерактивті модельдер жинақталған білім беру қосымшасы. Аталған қосымшада жаратылыстану-математикалық пәндер бойынша ресурстар жүктелген. Биология пәні бойынша бұл қосымшада оқыту процесіне қажетті анатомия, ботаника, зоология, микробиология және палеонтология салалары негізінде оқу материалдарының мол қоры бар.

Қашықтан оқыту форматында биология пәні бойынша виртуалды зертханалардың мүмкіндіктері анықталды, оқушылардың білім сапасы мен оқу үрдісіндегі виртуалды зертханалардың тиімділігі бағаланды және педагогикалық мамандардың кәсіби құзыреттілік деңгейінің артуына ықпал етті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы 2007 ж
2. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінде оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы Әдістемелік нұсқау хат, 2020. – 256

3. Барсай Б., Таубаева Ш.Т. Мұғалімнің педагогикалық жаңалықтарын ұйымдастыру - Алматы, 2007

4. Аналитикалық шолу ақпараттық қоғам үшін қашықтан білім беру: саясат, педагогика және кәсіби даму. Москва 2013, - 86 б., Білім берудегі ақпараттық технологиялар жөніндегі ЮНЕСКО институты. 3-6 б

«ТӨҢКЕРІЛГЕН ОҚЫТУ» ӘДІСІН ОҚЫТУ ҮДЕРІСІНДЕ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

Ережепова Сауле Альжановна
Сарыағаш ауданы, №74 ЖОМ

биология пәнінің мұғалімі

Ибраимова Матлюба Асановна

Сарыағаш ауданы, №53 М.Ғабдуллин атындағы
ЖОМ биология пәнінің мұғалімі

Сабақ – үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер. Ж.Аймауытов

«Білім ол – бостандықтың алтын есігінің құлпын ашатын кілт» - деп Аристотель айтпақшы білім беру барысында әдістерді жаңартып отырғанымыз абзал. Балалардың жаңа нәрсеге ұмтылғыш келетіні сөзсіз, сондықтан білім беру үдерісінде тиімді әдістерді қолданып, түрлендіріп отыру педагогтың ең жақсы қасиеті болып саналады.

«Білім - әлемді өзгертетін ең күшті қару» (Н.Мандела) Осы қанатты сөздің астарында педагогтарға үлкен жүк артылғанын, баланың бойына білімді сіңіруде ұстаздың міндеті ауыр екендігін аңғару керекпіз. Яғни, әлемді өзгерту үшін білім берудің сапасын арттыруымыз қажет.

Бүгінгі конференцияда «Төңкерілген сабақ» әдісіне тоқталмақпыз. «Төңкерілген сабақ» дегеніміз не?» деген сұраққа жауап іздесек, мына жәйтке назар аударайық: әдетте біз аралас сабақта жаңа тақырыптың теориясын сыныпта талқылаймыз (өзіміз түсіндіреміз, оқулықты оқытамыз, т.б.), ал үйге практикалық тапсырма береміз (жаттығуларды орындау немесе есептерді шығару, т.б.). Теория – сыныпта, практика – үйде. Ал төңкерілген сабақта бұл оқу әрекеттері керісінше, «төңкерілген» болады: теория үйге өздігімен қарастырылуға беріліп, сыныпта практикалық тапсырмаларды орындау ұсынылады. Теория – үйде, практика – сабақта.

Төңкерілген сабақтың ауқымында қарастырылатын тақырып оқушыларға үйге өздігімен зерттеуге беріледі.

Тапсырманың екі нысанда болғаны дұрыс;

-біріншісі-ауызша: «Мына параграфты оқып, мына сұрақтарға жауап беріңіз немесе мына мәселелерді шешудің 3 жолын көрсетіңіз » деген сияқты ;

-екіншісі-жазбаша: Мәсәлен, «Осы параграф бойынша кесте немесе диаграмма, гистограмма, кластер, ментальды карта, т.б»

Сабақта оқушылардың үйге берілген тапсырманы қандай деңгейде ұғынып, орындағанын анықтау үшін мұғалім оларға практикалық тапсырма ұсынады, яғни оқушыларға өз үйренгендерін дәлелдеу үшін бір нәрсе жасатады. Мысалы; презентация жасау, постер дайындау, бірін-бірі үйрету, жаттығулар орындау, т.б. Осы секілді әрекеттерді орындау, жасату арқылы мұғалім оқушылардың үйрену деңгейін анықтайды, оларға өз білімдерінің қай жағын қандай бағытта дамыту керектігін айқындап, өз ұсыныстарын оқушыларға кері байланыс арқылы жеткізеді. Оқушылардың өз қолымен жасағандарын сыныпқа жариялап, олардың жұмыстары талқыланып, талданып, оларға кері байланыс берілгеннен кейін оқушылардың рефлексиясы ұйымдастырылып, олар алдымен топ ішінде, содан кейін сыныппен жасағандарының, түсінгендерінің, білгендерінің, ұсынғандарының ішінен ненің және неліктен жақсы болғанын (шыққанын), ал нені және қалай жақсарту керектігін талқылайды, сабақ мақсатына жеткен-жетпегендерін талдап-тұжырымдап, қорытындылайды. Қажет болған жағдайда мұғалім оқушылардың топ жұмысына қосқан жеке үлесін анықтау үшін немесе әр оқушының тақырыпты игеру деңгейін нақтылау және бағалау мақсатында мынандай жеке жазу жұмыстарының бірін орындауды ұсынуына болады: эссе, хат жазу, өлең, есеп беру, есеп шығару, жаттығуды орындау, тестілеу, шығармашылықпен құрастыру: критерийлер, тест сұрақтары, кесте, есеп, ереже, анықтама, нұсқаулық, алгоритм, менталды карта, диаграмма, семантикалық карта, т.б. Жалпылама алғанда, төңкерілген сабақ осы айтқанымның аржақ-бержағындағыдай ұйымдастырылады. Байқап отырғанымыздай, бұл сабақта оқушыға үлкен сенім жүктеледі.

Әрине, оқушының сеніп тапсырған жұмысты асқан жауапкершілікпен орындауы үшін мұғалімнің шәкірт алдындағы беделі өте жоғары болуы шарт. Өйткені оқушы тек өзіне ұнайтын, өзі сыйлайтын мұғалімнің сөзін екі етпей, ыждахатпен бұлжытпай орындайды, шығармашылық танытып, тапсырманы түрлендіреді, оған жаңа мазмұн мен леп қосады.

Бүгінде төңкерілген сабақ ХХІ ғасыр білім беру жүйесінің негізгі ұстанымдарының бірі ретінде танылады. «Болмасаң да, ұқсап бақ!» дегендей, оқушыларды өздігімен жұмыс жасауға, теорияны өздігімен игеруге дағдыландырып, икемдеп, ынталандырып, ақырындап төңкерілген сабақтарға бет бұра бастағанымыз жөн болар. Біздің қолданысымыздағы «төңкерілген оқыту» – интернетті қолдана отырып, сабақты видео түрінде көрсетуге негізделген педагогикалық әдіс .

Мұғалімнің сабақтағы уақыты санаулы болғандықтан, ол барлық оқушыларға тиісті деңгейде көңіл бөле алмайды. Осы мәселені шешуде «төңкерілген оқыту» әдістемесімен танысып, өз тәжірибемде жүзеге асырып көру жөн көрді. Сонымен, «төңкерілген оқыту» қандай болмақ? Бұл – сабақтарды бейнетүсірілім арқылы көрсетіп, оқушылардың білу, түсіну дағдыларын

дамыту мақсатында үй тапсырмасы ретінде ұсынылатын педагогикалық әдіс түрі.

Онлайн оқыту кезінде, өз тәжірибемде «төңкерілген оқыту» әдісін қолданудың себептері көп болғанымен, олардың ішіндегі ең бастысы – білім алушылардың ұялы телефонды қолдануға ұмтылысын оңтайлы пайдалану арқылы биология пәнін тиімді оқытуға болатынына көз жеткіздім. Оқушылар онлайн немесе ұялы телефондары арқылы WhatsApp және Telegram желісін пайдаланып, өз ойлары мен идеяларымен бөлісе алды. Оқушылар ақпаратты қабылдау және меңгеру жылдамдығының әркелкілігімен ерекшеленеді.

Сабақтың тақырыбы: Қартаю. Организмнің қартаю процесі туралы теориялар

Сабақтың мақсаты: 10.2.2.3 қартаю процесін түсіндіру

Бұл оқу мақсатына қол жеткізу үшін үйге оқулықтағы 66 параграфты оқу беріледі және ютуб желісінен төмендегі сілтеме бойынша сабақты қарап шығуын сұранамын. (<https://youtu.be/yR3Jcf59j-M>)

1. Миға шабуыл. Сіз білесіз бе?

- ❖ Күн сайын жер ғаламшарында 100 мың адам қартаю салдарынан көз жұмады.
- ❖ Қартаю процесі түрлі емделмейтін аурулар туғызады, әлі күнге дейін олармен күресу жолдары табылған жоқ.
- ❖ Қарттық адамдарға ауру мен қиындықтар әкеледі.
- ❖ Қарттық адамдарға өмірлік жұмыстарын аяқтауға мүмкіндік бермейді.
- ❖ Қарттық жалғыздық пен қажетсіз сезіну сезімін туғызады.
- ❖ Қарттық үмітсіздікке әкеліп, өлімге бір қадам жақындатады.

Сұрақ: Қалай, не үшін қартаямыз?

Қартаюды тежеуге, тоқтатуға бола ма?

2-тапсырма. Оқушылардан жазба жұмысын алу. (әр жауап 1 балмен есептеледі)

ОМ: Қартаю процесін түсіндіру

Оқушының аты-жөні:

1. Қартаю дегеніміз не?

.....

.....

2. Қартаю түрлерін атаңыз (кемінде 3)

.....

.....

3. Қартаюдың алдын – алу шаралары (кемінде 3)

.....

.....

4. Қартаюдың алғашқы белгілерін сипаттаңыз

.....

.....

5. Қартаю ауруларының атың атаңыз (кемінде екі)

3-тапсырма. Жұптық жұмыс. Қартаю теорияларын қарастыру.

- 1 жұп – Теломерлік қартаю
- 2 жұп – Хейфлик шегі теориясы
- 3 жұп – Эволюциялық теория
- 4 жұп – Қуат көзінің азаю теориясы
- 5 жұп – Эндокриндік теория
- 6 жұп – Ағзаның тозу теориясы
- 7 жұп – Бос радикалдар теориясы
- 8 жұп – Апоптоз теориясы
- 9 жұп – Улану теориясы
- 10 жұп – ДНК-ның зақымдану теориясы

Оқушылар **дескриптор** құрастырады, (тақтаға жазу)

мысалы:

- Теорияның негізін қалаушы,
- Теорияның мағынасы
- Теорияның дұрыстығының дәлелдері
- Теорияның кемшіліктері

Сонымен қоса кесте ұсынуға болады

Теория атауы	Теорияның мағынасы	Теорияның негізін қалаушы	Теорияның дұрыстығының дәлелдері	Теорияның «+» «-»

Дескриптор бойынша өзара бағалау.

Мұғалімнің кері байланысы

4-тапсырма. (<https://youtu.be/Kz8cepObZqw>)сілтемесі бойынша бейнематериал қарап, ерте қартаюдың себептерін анықтау.

T-кестесін толтыру.

Адамның өмір сүру ұзақтығын қысқартатын факторлар

адамның өмір сүру ұзақтығын ұзартатын факторлар

Бағалау критерийлері:

1. Адамның жасына әсер ететін факторларды қарастыру;
2. Өмір жасын қысқартатын факторларды жіктеу;
3. Адамның жасын жасартатын факторларды қарастыру;
4. Факторларды жіктеу;

Сабақты бекіту. «Биологиялық пульс» атты графикалық диктантты орындайық.

Егерде тұжырыммен келіссеңіз +, келіспесеңіз – қойыңыз

1. Ұзақ өмір сүру жасы – 70 жас
2. Ұзақ өмір ұзақтығының гені бар
3. Гендік инженерия өмір сүру ұзақтығын ұзарта алатын жасанды әдіс
4. Хлормен зарарсыздандырылған су денсаулық үшін пайдалы.
5. Нитраттар мутагенді әсер етеді
6. Емдік ашығу – ағзаны тазартудың бр жолы
7. Геронтология – ағзаның қартаюын зерттейтін ғылымның саласы

Қорытынды.

Сабақтың тиімділігі туралы ойымды қорытындылай келе, осы әдістің ыңғайлы екенін байқадым. Оқушылардың топпен бірге, өз бетінше, практикалық жұмыс жасауда сабақтан алары көп болды. Өйткені, өздері білетін мәліметпен шапшаң жұмыс жасап, көптеген тапсырмаларды орындап үлгерді. Сабақта видео көрсетілді, бұнда оқушылар өз пікірін айтуға өте белсенді болды. Білім алушыларға жаңа әдістерді қолданып, сабақты түрлендірген сайын оқуға деген қызығушылығы арта түсетінін байқадым. Сабақ мақсатына жету, критерийлерді толығымен орындап шығу, мұғалім мен оқушының түсінісуі жеңіл болғандығы қуантарлық жағдай деп айтар едім. Төңкерілген сабақ оқушылар үшін қызықты болды және қолданған тәсілдерді жеңіл орындап жаңа білімді қолданып, талдап, баға беріп өтті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асхат Әлімов. «Интербелсенді әдістемені ЖОО-да қолдану мәселелері»- Алматы, 2013.
2. Қазақ ұстазы. Республикалық журнал №1-2. Алматы, 2019
3. Әбдіғалиев Қ. Осы заманғы педагогикалық технология./ Қазақстан мектебі, 2001, №2, 8-13б
4. Бұзаубақова К.Ж. Инновациялық технология. -Алматы, 2009.
5. Дьяченко В.К. Новая дидактика. -М. : Народное образование, 2001.

**2021-2022 ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНДА ИНФОРМАТИКА ПӘНІН
ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫМЕН
ТАНЫСТЫРУ.**

Саипов Динмухамет Абибуллаұлы
Түркістан облысы әдістемелік орталығы
информатика пәні әдіскері

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Әрбір педагогке шәкірттерінің білімін толықтыру бойынша арнайы жұмысты ойластыру және тиімді жүргізу қажет болып отыр.

✓ 2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

✓ Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.

✓ Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.

✓ Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.

✓ Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша мектеп жұмысы алгоритмінің үлгісі ұсынылады (www.nao.kz)

Мұғалімнің жүктемесі **18-ден 16** сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы **45 минутқа** қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты. Өткен оқу жылында оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарларымен республикамызда жеті жүз мектеп жұмыс жүргізіп, тәжірибе жинақтады. Осылайша мектептердің академиялық таңдау еркіндігі артты.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

Үлгілік оқу жоспарлары ҚР БҒМ **2012 жылғы 8 қарашадағы № 500** бұйрығымен бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) **2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441** бұйрығына сәйкес бекітілген).

Таңдау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген үлгілік оқу жоспарлары ұсынылады (ҚР БҒМ **2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы** (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

**"Информатика" оқу пәні бойынша оқытуды ұйымдастыру.
«Информатика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:**

«Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілді).		
Сынып	Апталық	Жылдық
1	0,5	17
3	1	34
4	1	34
2021-2022 оқу жылында 5-9 сыныптарда «Информатика» пәнін оқыту ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптарына арналған Информатика пәнінен жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасы» (№9 қосымша) бойынша жүзеге асырылады.		
5	1	34
6	1	34
7	1	34
8	1	34
9	1	34
2021-2022 оқу жылында 10-11 сыныптарда «Информатика» оқу пәні Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасымен қоғамдық-гуманитарлық бағытта 15-қосымшаға және жаратылыстану-математикалық бағытта 14-қосымшаға сәйкес оқытылады.		
ЖМБ 10-11	2	68
ҚГБ 10-11	1	34

Информатика пәні бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жөнінде ұсынымдар:

- 1) диагностикалық жұмыс;
- 2) жоспарлау жұмысы;
- 3) жүзеге асыру және талдау;

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында:
педагогке:

- пәннің оқу бағдарламасының мазмұны бойынша диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (өткен оқу жылындағы күрделі тақырыптар, оқу мақсаттары);
- білім алушыларға қиындықтар тудырған және білімінде олқылықтары бар тақырыптарды және оқу мақсаттарын анықтау;
- бөлімдер/бөлімшелер/тақырыптар бойынша білімдегі олқылықтарды ескере отырып, күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды қайта қарау (оқу тоқсаны ішінде сағаттарды қайта бөлу);
- өткен оқу жылында игерілмеген күрделі тақырыптарды, оқу мақсаттарын анықтау, қайталау, жаңа оқу жылында оқыту;
- меңгерілмеген оқу мақсаттары мен тақырыптарын ескере отырып, қысқа мерзімді жоспарлар құру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толтыру бойынша білім алушының жеке жұмыс жоспарларын әзірлеу;
- өтілген оқу материалдары бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді жоспардың негізінде сабақты ұйымдастыру;
- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары, пән тақырыптары бойынша білім алушылар үшін қосымша оқу материалдарын дайындау;
- меңгерілмеген және қиындық тудыратын оқу мақсаттары мен тақырыптары бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толтыру үшін жеке кеңестер, қосымша сабақтар өткізу;
- оқушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізу және мектеп әдістемелік бірлестігінде нәтижелерді талқылау;
- мониторинг қорытындысы бойынша ұсыныстар дайындау.

Шектеу шаралары кезінде білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды анықтауды ауызша сұрақ қою, қарапайым практикалық тапсырмалар, өзара бақылау, жазбаша жұмыстар, тестілеу арқылы жүргізу ұсынылады.

1-тоқсанда:

- 5-сынып пен 6-сынып арасындағы сабақтастықты сақтау;
- 4-сыныптан келген баланың жеке ерекшеліктерін ескеру.
- 7-сыныпта білім алушының «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінде 6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнымен сабақтастығын және алған білім деңгейін ескеру.

Білімдегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарының формалары:

- ақпарат, ақпараттық процестер (ақпаратты ұсыну және өлшеу);
- қолданбалы программалар (компьютерлік графика, 3D – баспа, мәтіндік құжатпен жұмыс, электронды кестемен жұмыс, деректер базасы);
- программалау (робототехника, алгоритмдеу, Python тілінде программалау);
- компьютерлік жүйелер, желілер және қауіпсіздік (компьютер мен желінің техникалық сипаттамалары, компьютер таңдау);

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін біріктіруге болатын оқу мақсаттары мысал ретінде ұсынылады:

6-сыныпта - 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру оқу мақсаты мен 5.1.1.1 ақпараттың цифрлық тасымалдау құралдарын сипаттау оқу мақсатын;

7-сыныпта - 7.1.1.1 компьютердің жады түрлерінің мақсаттарын сипаттау (жедел есте сақтау құрылғысы, тұрақты есте сақтау құрылғысы, сыртқы жады, кеш-жады) оқу мақсаты мен 6.1.1.2 компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттесуін түсіндіру оқу мақсатын;

8-сыныпта - 8.1.3.1 желінің өткізу қабілетін анықтау оқу мақсаты мен 7.1.3.1 компьютерлік желілерді жіктеу оқу мақсатын;

9-сыныпта - 9.1.1.1 мақсатына байланысты компьютердің конфигурациясын таңдау оқу мақсатын меңгертуде 8.1.1.1 процессордың функцияларын және оның негізгі сипаттамаларын қарапайым деңгейде түсіндіру оқу мақсатын;

9.2.2.1 «дерекқор, жазба, өріс» терминдерін түсіндіру; 9.2.2.2 электрондық кестеде деректер базасын жасау оқу мақсаттарын меңгертуде электрондық кестенің элементтерін пішімдеуді қайталап оқыту ұсынылады.

10-сыныпта - 10.3.1.1 "реляциондық деректер қоры" ұғымын түсіндіру;

10.3.1.2 жол, жазба, индекс терминдерінің анықтамасын құрастыру оқу мақсаттары мен 9.2.2.1 "дерекқор, жазба, өріс" терминдерін түсіндіру, 9.2.2.2 электрондық кестеде деректер базасын жасау оқу мақсаттарын;

11-сыныпта - 11.3.4.3 дайын алгоритмдермен математикалық модельдеудің электрондық кестелеріндегі/ бағдарламаларындағы нейрондық желілерді жобалау оқу мақсатын жүзеге асыруда электрондық кестелерді қолдану арқылы есептерді шешу үшін кірістірілген функцияларды пайдалануды қайталау.

Бөлімдер бойынша жиынтық бағалау саны

Сынып	Тоқсандар бойынша жиынтық бағалау саны			
	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
5 сынып	1	1	1	1
6 сынып	1	1	2	1
7 сынып	2	1	2	1
8 сынып	1	1	2	1
9 сынып	2	1	2	1
10 сынып ҚГБ	2	1	1	1
11 сынып ҚГБ	1	1	2	1
10 сынып ЖМБ	2	1	1	1
11 сынып ЖМБ	1	2	2	1

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат
2. ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 бұйрықтың 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрыққа 4-қосымша
3. ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығының 9-қосымшасы
4. ҚР БҒМ 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығымен бекітілген жаңартылған мазмұн бойынша үлгілік оқу бағдарламасымен қоғамдық-гуманитарлық бағытта 15-қосымшаға және жаратылыстану-математикалық бағытта 14-қосымша
5. ҚР БҒМ 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына (2019 жылғы 26 қарашада № 509 өзгерістер мен толықтырулар)
6. Оқу бағдарламасы ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен

PYTHON ПРОГРАММАЛАУ ТІЛІНДЕ ЦИКЛ ЖӘНЕ МАССИВ ШЕБЕР СЫНЫП

Сейдахметова Гулшарат Махсүтовна
Сарыағаш ауданы, №75 Ж. Жабаев атындағы ЖОМ

XXI ғасыр – жаһандану, жаңа технологиялар мен инновациялар ғасыры, жаңаша ойлау, білім берудегі жаңа үрдістер мен жаңашыл бағыттар ғасыры. Зерттеушілер білім беруде келесі басым бағыттарды, трендтерді атап көрсетеді:



Мақсаты: PYTHON тілінде программалауды оқытуда «Информатика» пәні бойынша оқу мақсаттарын жоспарлауды іске асыру барысында әдістемелік көмек көрсету.

Бірге талдайық!



Магистратураға түсу үшін талапкер 50 балдан жоғары жинаса, ақылы оқу орындарына түседі. Егер 75 балдан жоғары жинаса, грантқа үміткер бола алады.

Ағылшын тілі 25 балл

Оқу дайындығын анықтайтын тест 7 балл

Бағдарламалау 7 балл

Информатиканы оқыту әдістемесі 7 балдан кем болмауы қажет. Осы шектік балдарды ескере отырып, үміткердің грант иегері болуы немесе болмауына көмектесетін бағдарлама құрыңыз.

```
talapker=int(input())
```

```
anglish, oku, bagdarlamalau, informatika=map(int,input().split())
```

```
if (anglish>=25) and (oku>=7) and (bagdarlamalau>=7) and (informatika>=7):
```

```
    print('Okuga tuse alady')
```

```
    if talapker>50:
```

```
        print('akyly oku ornyna tuse alady')
```

```
    elif talapker>75:
```

```
        print('grantka umitker bola alady')
```

```
else:
```

```
    print('Okuga tuse almaidy')
```

ШАРТТЫ ОПЕРАТОР

Шартты оператор , гер қандай да бір шарт дқыс болса ғана және бағдарламаның бір бөлігін орындау қажет болғанда қолданылады. Шартты операторды жазу үшін if және else («егер», «онда») кілт сөздерін, қос нүктені және төрт бос орын шегінісін қолданамыз.

```
if шарт:
```

```
    шарт орындалған жағдайдағы әрекет/амалдар
```

```
else:
```

Берілген екі санның үлкенін табу программасын құрыңыз

1-әдіс

```
a=int(input())
```

```
b=int(input())
```

2- әдіс

```
a,b=map(int,input()).split()
```

```
if a>b:
```

```
    print(a)
```

```
else:
```

```
    print(b)
```

```

if a>b:
    print(a)
else:
    print(b)

```

Берілген санның тақ немесе жұп екенін анықтау программасын жазыңыз

```

n=int(input())
if n%2==1:
    print('tak')
else:
    print('jup')

```

Нәтиже:

5 tak

6 jup

Шартты мәліметтер IF /ELIF/ ELSE (шартты операторлар) Conditional statements IF/ ELIF/ ELSE

Python тілінде шартты операторлар
if else elif болып табылады.

IF –егер
ELIF - алайда, әзірде
Else – әйтпесе

Кез келген үш санның үлкенін табу программасын python программалау тілінде құрастырыңыз

```
a,b,c=map(int,input().split())
```

```
max=a
```

```
if max<b:
```

```
    print ('max b sani-',b)
```

elif max<c:

print ('max c sani-', c)

else:

print ('max a sani-',max)

7 9 5

max b sani- 9

For операторының қолданылуының екі түрі бар

i=s=0

for i in range (1,101):

s+=i

print (s) #сумма 1-100

for i in range (10, 0, -1):

print (i, end=' ')

1-20 дейінгі сандардың ішіндегі тақ сандарды баспаға шығар

for i in range(1,20):

if i%2==1:

print(i, end=' ')

1 3 5 7 9 11 13 15 17 19

While Циклі

№28 1-ден 10-ға тең элементтерді баспаға шығар.

i = 1

while i <= 10:

print(i, end=' ')

i += 1

1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Массивтер

Массив — бір атаумен біріктірілген, бір типтегі деректерден тұратын айнымалылардың жиынтығы. Әрбір алынған жеке айнымалы массив элементі деп аталады. Массив элементтері индекстер арқылы белгіленеді, индекстер тік жақшаның ішінде жазылады және олар нөлден бастап нөмірленеді.

Берілген массивті программалық кодта жариялау:

`from array import array`

`A=array('i', [10,12,0,15,5])`


Берілген n сандардың орта мәнін есептеу бағдарламасын жазыңыз

```
n=int(input())
arr=[float(x) for x in input().split()]
s=0
for i in range(0,n):
s+=arr[i]
orta=s/n
print(orta)
```

Кездейсоқ 2,20 сандарды баспаға шығарыңыз

```
for i in range(2,20):
import random
a=random.randint(2,20)
print(a)
```

Бір өлшемді массивтер элементтерінің ішінде бірнеше max элемент болса, санын есептеу бағдарламасын жазыңыз



```
n=int(input())
arr=[int(x) for x in input().split()]
k=0
b=max(arr)
for i in arr:
if i==b:
k+=1
print('max=',b)
print('maxtar sani-',k)
```

Пайдалынған әдебиеттер: **Интернет ресурстары**

Қазіргі таңдағы қиын бағдарламаларды оқытудың тиімді әдістері және информатика сабағын тереңірек үйрету үшін үйірме, қосымша сағаттардың маңызы.

**Нурмахамбетов Даулетбек Ахметжанович
Мақтаарал ауданы, №1 «Мырзакент» мектеп-гимназиясы**

- Жалпы білім алушылар үшін бағдарламалау жүйелерін жеңіл түрде үйрету.
- Информатика сабағын оқытуда қарапайым ойындар арқылы баланы қызықтыру.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында жаңа білім беру жүйесінің қалыптасуы жүріп жатыр. Осыған орай, алдыңғы қатарлы идеялар мен педагогикалық технологияларды практикалық тұрғыдан жаңарту және оларды ғылыми тұрғыда негіздеу бағытындағы жұмыстар жүргізілуде.

Программалау тілдері функционалдық мәніне байланысты 4 үлкен классқа бөлінеді:

1. программалауға үйретуші;
2. жалпы мәнді;
3. проблемалық-бағытталған;
4. параллель программалаушы.

- Программалауға үйретуші тілдер қатарына жататын жоғарғы деңгейлі тілдердің негізгілері Logo, Pascal, python

- Жалпы мәнді жоғары деңгейлі тілдер қатарына әр түрлі класс есептерін тиімді программалауға бағытталған тілдер жатады. Мысалы: C, Modula, Ada.

- Проблемалық-бағытталған жоғары деңгейлі тілдер деп нақты пәндік облыс есептерінің мәселесін түгел қамтитын тілдерді атаймыз. Мысалы: Fortran.

- Параллель программалау тілдерінің негізі – параллель есептеулерді программалау процесін ықшамдау, параллель архитектуралы есептеу машиналарына арналған параллель программалық жүйелердің тиімдісін алу.

[1]

Қазіргі заманғы бағдарламалық жасақтама жасаушылар арасында келесі негізгі бағдарламалау тілдері танымал.

1. Java.
2. HTML.
3. Python
4. C++
5. Visual Basic.
6. Дельфи. [2]

Міне осындай бағдарламаларды оқыту технологияларына байланысты, білім алушыға ыңғайлы түрде оқыту үшін қолайлы әдістерді ойлап табу керек. Әрине, бұл әдістерді баланың жас ерекшеліктеріне бөлу міндетті болады деп ойлаймын. Яғни, бізде ол ерекшелік сыныптармен ерекшеленіп қойылған.

Ендігі мәселе, білім алушының қызығушылығында және оның шығармашылық қабілетінде болып табылады. Білім алушының қай деңгейде немесе қай сыныпта болғанына қарамастан (әрине төменгі бастауыш сыныптан) баланың қызығушылығын арттыру ең алғашқы орында деп ойлаймын. Ол үшін оқытушыға берілген 30-40 минутта сабақ мақсатынан бөлек оның жеке қызығушылығына көңіл бөліп үлгеру керек. Әрине ол оңай шаруа емес. Бірақ біз ұстаздарда (менің пікірім бойынша) ОЙЫН ойнату (компьютерде) және сол ойынның қалай жасалғаны, қандай технологиялармен жасалғаны, қандай бағдарламалау тілдері, жүйелері қолданылғаны туралы қысқаша ақпараттар беріп отыру керек. Немесе түрлі әдістер. Мысалы: балаға өз жақсы көретін ойындары туралы ақпарат жинап келуге үйге тапсырма беру. [2]

Ойын ойнату және сол ойынға қолданылған бағдарламалау жүйесін түсіндіру арқылы баланың қызығушылығын арттыру керек деп ойлаймын. Әрине әр бала әр түрлі мінезбен ойға ие болғандықтан, арасында оның ойын ойнау үшін сіз, біз талап еткен ақпараттарды міндетті түрде жасауын қадағалап тұру керек, мысалы: «Ендігіде ойын ойнамайсың, компьютерге отырмайсың» деген стандартты сөздер арқылы)). Әрине бұл жүйені қолданып жүргендер қаншама, бірақ нақты солай жасау керек деген міндетті ой болмағансоң, көбінесе уақыттың барлығы негізгі мақсатқа жұмылады. Сол уақыттың азғана 4/1 бөлігін ойын ойнатуға нақтыласақ, білім алушы яғни бала бағдарламалау тілдеріне деген құрметі мен қызығушылығы артады ма деген ойым бар. Оның үстіне бала азмаз осындай әдіске немесе осындай жүйеге ыңғайласып алғаннан соң, жәймен өзіміздің мақсатымыз, яғни бағдарламалау тілдерін оңай үйрету, балаға жеңіл түрде санасына жеткізу жолдарына көшсек болады. Бала осыған саналы түрде көшкеннен соң, сынып ішінде, сыныптар арасында, егерде дамып бара жатса мектептер арасында бағдарламалау тілдерінен сайыстар, шығармашылық жұмыстар байқауларын ұйымдастырып ары қарай баланың қызығушылығын арттырамыз деген ойдамын. Әрине мұндай сайыс-байқауларға жету үшін білім алушының қандай бағдарламалау тіліне ыңғайлы әрі қызығушылығы бар екенін нақты айқындап алу керек. Ол қиын емес деп ойлаймын. Келе-келе балаға нақты арнайы кітапханалар, сілтемелер беру арқылы оның қосымша дамуына нұсқаулықтар беру керек. Өздігінен қосымша оқыту, бұлда оңай емес, ол үшін бала саналы түрде сол жүйені таңдаған сәтін күту керек. Мұндай әдістермен баланың барлығын бағдарламалаушы жасау мүмкін емес, бірақ мейлінше көбейтуге болады деген ойдамын. [2], [3]

Жалпы балаға бағдарламалауды үйрету осындай визуалды көріністер арқылы, көзбен көріп нәтижеге жете алауына мүмкіндік беру болып табылады. Жалпы бағдарламалау тілдерін үйрету, санасына жеткізу үшін алгоритмге кішігірім қарсы тұрсақ), тілді басынан емес соңынан бастасақ яғни нәтижесін көрсету арқылы қызығушылықты арттырып кейіннен ішіне, ірге тасына үңілсек деген ойым.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Педагогикалық әдіс – тәсілдер журналдары.
2. Интернет ресурстары(<http://webirbis.kgmu.kz>., <https://ust.kz>., <https://stud.baribar.kz>.,)
3. Балаларды ойынға баулы журналдары. (<https://zharar.kz/>.,)

**МҰҒАЛІМНІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ ТАРИХ
ПӘНІНДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ КЕЗІНДЕГІ КЕДЕРГІЛЕРДІ
ЖОЮ ЖӘНЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУ**

Пазылбекова Светлана
Сарыағаш ауданы Сарыағаш қаласы
№ 6 Ж. Аймауытов атындағы жалпы білім беретін мектеп
КММ тарих пәні мұғалімі

Бүгінгі таңда еліміздің білім беру саласында бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу үшін маңызды міндеттерді шешуге бағытталған күрделі бетбұрыс жасалуда. Жалпы мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы профессионалдық қабілетіне, іздініс пен күнделікті тәжірибеге байланысты. Бұл талпыныс мұғалімнің құзыреттілігін арттырады.

Өзімізге аян, қазіргі таңда білім саласында көптеген өзгерістер болып жатыр, соның бірі «құзыреттілік» деген формула аясында жұмыс жасау, сапалы жұмыс көрсету! Себебі, мұғалім құзыреттілігі қаншалықты жоғары болса, сонша сабақ тиімді, оқушы білімді болады.

«Тарих пәнінде мұғалім құзыреттілігін арттыру арқылы сабақты тиімді құрастыру» бөлімінде өзекті мәселенің бірі қалай сабақты тиімді құрастыруға болады? Мұнда сабақты сапалы құрастыру үшін, мұғалімнің қандай да бір құзыреттілігін арттыратын критерийлер ұсынылады. Сонымен қатар, сабақ тиімді болу үшін, алдымен кедергілермен жұмыс жасау керек, оны жою жолдарын қарастыру қажет. Міне, осы тұрғыдан ала отырып біз мұғалімнің құзыреттілігіне сүйенеміз.

Тарих пәнінде мұғалім құзыреттілігін арттыру арқылы сабақты тиімді құрастыру

Мұғалімнің құзыреттілігін қалыптастыру–бүгінгі білім жүйесіндегі алға басудың негізгі факторы. Осы тұрғыда мұғалім өз құзыреттілігін арттыру барысында теориялық білім мен тәжірибені үнемі жетілдіргені абзал. Мұғалімнің мақсаты, оқушыларға сапалы білім беру, осы мақсат аясында

мұғалім ізденіс үстінде, әртүрлі әдіс-тәсілдерді зерттеуде, тиімді жолдарды қарастыру арқылы сабақты тиімді құрастыра алады. Бұл нәтижесіз қалмайды.

Мұғалім құзыреттілігі дегенді қалай түсінеміз? Осы сұраққа жауап берсек:

- Құзыреттілік – жеке тұлғаның теориялық білімі мен практикалық тәжірибесін белгілі бір міндеттерді орындауға даярлығы мен қабілеті.
- Құзыреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығы емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды.
- Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі деп педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімнің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады.

Мұғалім қазіргі таңда әртүрлі сыңға түсіп жатыр. Оның бірі қашықтықтан оқыту. Бұл бағытта тарих пәні мұғалімдері қандай нәтиже көрсете алады? Сабақты қалай құрып жатыр? Әрине жолдары көп. Соның бірі, бейнесабақтарды құрастыру арқылы оқушыға барынша тиімді, сапалы сабақты ұсыну болып табылады. Біз сабақты қалай тиімді құрастырамыз? Осы орайда мына бірнеше критерийлерге жүгінген дұрыс. Тарих пәнінде қашықтықтан оқыту барысында сабақты тиімді құрастыру үшін берілген кестеге назар аударайық. (кесте 1)

ОҚУ МАҚСАТЫ:


5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету



БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙІ

Орта ғасырдың басында Қазақстан жерінде мекендеген тайпалық одақтардың территориясын анықтайды;

Мұнда 5 сынып оқушыларына арналған тақырып бойынша мақсат берілген. Картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету. Бізде мақсат нақты, ал енді осы мақсат төңірегінде жұмыс жасап, әдістерді кіріктіріп, нәтижеге жету үшін бағалау критерийін анықтап алайық. Себебі, нақты қойылған бағалау критерийі нәтиже береді. Бұл қағиданы мынандай схемада көруге болады. Мысалы:



Осы мақсатқа дұрыс критерий қойылса, сонымен қатар, әдіс-тәсілдер дұрыс тандалса немесе құрастырылса, онда оқушы бұл тақырыпты меңгереді. *«Орта ғасырдың басында Қазақстан жерінде мекендеген тайпалық одақтардың территориясын анықтайды»* мұнда оқушы картамен жұмыс жасау арқылы, белгілеп көрсетеді, демек, оқушы анықтап алады. Ол өз қоржынына тайпалардың қайда мекендейтінін білетін болады. Сонымен қатар картаменде жұмыс жасау сауаттылығы артады. *«5.3.1.1 картадан тайпалық одақтардың орналасуын көрсету»* салыстырып көрейік, оқу мақсатында картадан тайпаларды көрсету қажет. Демек, бағалау критерий дұрыс қойылған.

Келесі кезекте оқушыға ұсынатын теориялық білім мен оны меңгеру үшін берілетін тапсырма түрлері. Ал тапсырма түрлері тиімді әдістермен кіріктіріледі.

Педагог – үйретуші моделі ретінде, педагогтар оқушылар мен білімді қабылдаушылар арасында жетекші роль атқарады. Әрдайым оқушыларды үйрету мен тәжірибелерін тарату барысында эксперименттік жұмыстарды жүргізумен және инновациялық жұмыстарды енгізумен айналысады. Инновациялық жұмыстарды тереңдетіп меңгеру мен тәжірибеде кіріктіру, қашықтықтан оқыту форматы мүмкіндік беріп тұр. Бұл арқылы мұғалім өз құзыреттілігін шымдай түседі. Егерде біз сабақ барысында оның педагогикалық саласын қарастырып, оқу мақсаты, бағалау, тапсырма түрлерін ұйымдастырған болсақ, бұл саламен қоса параллельді инновациялық саланы меңгеру жүзеге асырылады. Мұғалім қашықтықтан оқуға тиімді сабақтарды құрастыру мәртебесіне ие болады.

Қашықтықтан оқыту барысында кездесетін кедергілерді жою

Мұғалім қай түрде сабақ өтседе ол әрқашан дайын болу қажет. Сонымен қатар, әртүрлі жағдайларға байланысты ситуациядан шыға білу керек.

Сабақты өту барысында немесе сабақты құрылымдау барысында жіберген қателіктер, мұғалімнің жеке-дара танымдық дамуына кедергі болады. Мұғалім үшін кедергі болып не табылады? Қандай факторлар мұғалімнің сабақ өтуіне кері әсерін тигізеді? Осы бойынша талдау жасап көрсек, қашықтықтан оқыту барысында кездесетін кедергілерді анықтасақ, олар:

1. Сабақтың дұрыс жоспарланбауы – мұғалімнің тақырып пен оқу мақсатына сәйкес қойылмаған бағалау критерийлері.
2. Оқушының жас ерекшелігі ескерілмесе – оқушының жас ерекшелігіне қарай тапсырма түрлерінің ұсынылмауы.
3. Оқушыға ұсынылған мәлімет, ақпараттың тиімсізділігі- тақырыпқа сай нақты, қажетті ақпаратты ұсына алмауы.

Бұл жай ғана қарапайым қателіктер мұғалімнің сабақты жоғары деңгейде өтуіне кедергі болады.

Мысалға осы кедергілерді жіктеп, анализ жасайық. Оқушы тақырыпты жақсы меңгеру үшін, зерттеушілік сұрақты дұрыс қойю және теориялық білімін арттыру үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз ету.

(3 кесте)

Қашықтықтан оқыту барысында теориялық білімді қалай кіріктіреміз?




Оқушыға сабақтың тақырыбына сай сұрақ берілді. «Қандай тарихи дереккөздер сақтар туралы мәлімет береді?» мұғалім тарапынан бағыттаушы іс-әрекет, тарихи деректерді ұсынады. Грек, Рим, Парсы жазбалары деректері бар, жарайды оқушы бұл деректерді кім жазғанын білді. Бірақ келесі қадам, кім не жазды, қашан жазды, не туралы айтылады, неліктен жазды тб көптеген ашық сұрақтар қою арқылы оқушының ыңтасын арттыра аламыз. Бұл көрініс өз деңгейінде моншақ тәрізді кезекпен «алгоритмді» орындап, мақсатқа жетеді. Яғни, дұрыс ақпарат беру арқылы біз бір кедергіні жоямыз. Тапсырма түрін талдасақ, мысалға оқушының шындалып, білімді терең алатын кезеңі бұл тәжірибе барысында орындаған тапсырмаларына байланысты. Төменде берілген кестеге назар аударсақ: (4 кесте)

Тапсырма №1 . « Суреттер сөйлейді» әдісі бойынша берілген суретке қарап, сақтар жайында қандай деректер екенін анықтаңыз.



Тақырып: « Сақтар туралы тарихи мәліметтер»



Бұл кестеде берілген тапсырма түрі қаншалықты дұрыс. Тақырыбызға және оқу мақсатына сай ма? Бізге нақты оқу мақсаты берілген, ал мына тапсырма түрі оқу мақсатынан ауытқып жатыр. Себебі, деректерді пайдалана отырып, сақтардың орналасқан жерін көрсетуіміз қажет. Демек, дұрыс кіріктірілмеген тапсырма да кедергі болып табылады. Енді оқушыға аталған кедергілерді жойып, тиімді әдіске салып, тапсырманы орындап көрсек. (5 кесте)

тапсырма №1 . Кестемен жұмыс бойынша берілген мәліметті пайдалана отырып, өз жауаптарыңызды жазыңыз.

Сақтар	Мургаб аңғарында	Арал теңізінің маңында	Сырдарияның орта ағысында
Сак - парадарайа			
Сак - тиграхауда			
Сак - хаумаварга			

тапсырма №2. Кескін картамен жұмыс.
Берілген мәліметті пайдалана отырып, тайпалардың территориясын көрсетіңіз.



1-ші тапсырмада оқушы кестемен жұмыс жасау арқылы сақтардың орналасуын анықтайды, жазады. Мұнда жоғарыда жоспарланған теориялық

білімді кіріктіру барысындағы берілген ақпараттар, деректер өз ролін ойнап шығады. Келесі, 2-ші тапсырма, картамен жұмыс, оқушы алдыңғы тапсырмада орындаған жұмысын еске түсіре отырып, картадан тайпалардың орналасқан жерін көрсетеді, белгілейді. Демек, бұл тапсырма да оқушы сақтардың территориясын анықтады.

Бұл әдістер мен тапсырмалар қашықтықтан оқыту барысында уақыты үнемдеу арқылы сапалы ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады. Сонда ғана сабақ өз дәрежесінде болады. Мұғалім құзыреттілігі көптеген факторларға байланысты екені де осы бір сабақты құрылымдаудан анықтауға болады.

Мұғалімнің кәсіби мүмкіндігі оның бойындағы өзін-өзі дамытып отыру дайындығына тікелей байланысты. Бұл мәселеге әлеуметтік-педагогикалық тұрғыдан келу үшін мұғалімнің субъект ретіндегі алдына қойған міндеттерін орындауға деген әзірлік деңгейіне көз жеткізу қажет. Әрине, оның кәсіби өсуі жеке тұлға ретіндегі ерекшелігіне әбден қатысты. Сондықтан бұл жерде даралық-тұлғалық қалыптасу, іскерлік-әдістемелік жетілдіру, кәсіптік – пәндік білімін толықтыру компоненттерінен өз қажеттілігін тани алу мүмкіндігі тауады. Бұл жердегі өз қажеттілігін сезіну, кәсіби қызметтің негізі. Өйткені, ол өзінің әлеуметтік бар мүмкіндігін дамытудың жолдарын білу деген сөз. Ал өз мүмкіндіктерін дамыта білу бұл – мұғалімнің құзыреттілігінің артуы болып табылады.

Қорытындыдай келе, мұғалім құзыреттілігін арттыру үшін оның теориялық, практикалық, психологиялық-педагогикалық танымдық қасиеттері қалыптасуы қажет. Бұл үлкен ізденіс пен шығармашылық жұмысты талап етеді. Шындалған, шығармашыл, талантты, заман талабына сай ұстаз өңделген гаухар тастай болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әлмұханова Х., Бейсебаева П. «Құзыреттілік-кәсіби маман даярлаудың басты сапасы» // http://www.rusnauka.com/15_APSN_2011/Pedagog
2. Алмешова Ж. «Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың ғылыми-педагогикалық негіздері». Молодой ученый. - 2014.-№4,1(63,1).-С.31-33-URL

ҚҰҚЫҚ ПӘНІ ОҚЫТЫЛУЫНЫҢ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Алденева Дина Оразбаевна
Шардара ауданы,
«Қоссейіт» жалпы орта мектебінің
құқық негіздері пәні мұғалімі

Карантин нәтижесінде, коронавирус пандемиясының пайда болуына байланысты Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесі елеулі өзгерістерге ұшырауда. Қазақстанда цифрлық трансформация Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Нұрсұлтан Назарбаевтың «Ақпараттық Қазақстан – 2020» мемлекеттік бағдарламасын бекіткеннен кейін 2013 жылдан басталды, қалыптасқан жағдайларға байланысты бұл жүргізіліп жатқан бағдарлама сапаға елеулі тексеруді бастан кешуде. Жалпы, қашықтықтан оқыту форматын бірнеше бағытқа сәйкес өткізу жоспарланған: теледидар сабақтары, интернет-платформалар. Цифрлық білім беру ортасы оқушылар мен ата-аналардың дербестігі мен жауапкершілігін тәрбиелейді және дамытады. Ақпараттың үлкен көлемін шарлау-бұл қазіргі жұмыс берушілер қол астындағылардан талап ететін сапа. Қашықтықтан оқыту-бұл қазіргі заманғы ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды пайдалануға негізделген оқу процесін ұйымдастыру тәсілі, ол мұғалім мен оқушылар арасындағы қашықтықта оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Қашықтықтан оқытудың міндеті-материалды ассимиляциялауды оқыту және бақылау тікелей интернет компьютерлік желісінің көмегімен жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқытуды енгізудің мақсаты тұрғылықты жеріне, әлеуметтік жағдайына және денсаулық жағдайына қарамастан білім алушылар үшін сапалы білімге қолжетімділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Бүгінгі таңда бұл форма коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты өзекті. Нәтижесінде адамдар өмір салтын өзгертті және қашықтықтан оқыту түрі қайта құрылды. Әрине, мұғалімдер әдеттегі сабақтардың форматын толығымен өзгертуге, көптеген адамдар жаңа технологияларды игеруге мәжбүр болды. Бірақ бүгінгі күні мұның бәрі өмірге келді деп айта аламыз және барлық қиындықтарға қарамастан, жағымды жақтарды атап өтуге болады:

- ата-аналар мен балалар үшін оқу материалын игеру деңгейін үнемі бақылауды қамтамасыз ету;
- оқушылардың өз бетінше оқу білігін дамыту;
- пән бойынша жеке құрылған курс мүмкіндігімен икемді оқытуды қамтамасыз ету;
- оқушыларға мектеп курсының жекелеген тақырыптарын немесе бөлімдерін өз бетінше игеруге көмек көрсету;

- оқушыларды қызықтыратын пәндерді бейіндік зерделеу бойынша көмек көрсету;
- сырттай оқу нысаны кезінде;
- жобалар мен зерттеу жұмыстарының орындалуын ұйымдастыру.

Қашықтықтан оқытудың оқушыға нақты білім жиынтығын беруі тек артықшылығы ғана емес, кемшілігі де бар деп санауға болады. Қашықтықтан оқу академиялық білімнің көптеген жанама әсерлерінен ажыратады. Мысалы, конспект жаздыру процесі жазу жылдамдығын жаттықтырады, механикалық есте сақтауды дамытады, ақпарат ағынынан ең маңызды фрагментті қалай тарату керектігін үйретеді. Бұл дағдылардың барлығы күнделікті өмірде өте пайдалы, бірақ қашықтықтан оқыту оларға мүмкіндік бермейді.

Күтпеген жағдайлар

Қашықтықтан оқу процесінде оқушыларға кедергі болатын күтпеген жайлар орын алады. Мысалы, маңызды онлайн- семинар кезінде компьютер істен шығуы мүмкін, не болмаса жарық сөніп интернет істемей қалуы мүмкін. Осындай күтпеген жағдайлар орын алғанда оқушы ештеңе істей алмай қалады, ол тек техникалық құралдарға тәуелді болады.

Міне, көріп отырғанымыздай қашықтықтан оқытудың көптеген артықшылықтары мен кемшіліктері бар екен. Егер бала өздігінен білім алатын болса, сондай-ақ мектептегі сабаққа қатысуға мүмкіндігі болмаса, бұл форманы қолдануға болады. Қашықтықтан оқыту үдерісі дұрыс ұйымдастырылып, оқушы бұл жекпе-жекке дайын болмаса, ол өзінің жалқаулығымен ең қатал қарсыласымен күресу керек. Егер ол өзінің қабілетіне сенімді болса және қашықтықтан оқуға берік болса оған кәсіби және жеке дамудың түрлі мүмкіндіктерін ұсынатын білім беру керекпіз деп ойлаймын.

Менің құқық негіздері пәнін оқытуда озық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты – қашықтықтан оқыту барысында жетістіктерге қол жеткізе отырып кемшіліктермен жұмыс істеуде оқушыларға білім беру процесінде көмектесу. Оған: оқыту бағдарламалары, оқытуда қолдануға арналған электрондық оқулықтар, тексеру бағдарламалары мен тестік, өзіндік жұмыстар ерекше орын алады. Оның мақсаты: жаңа ақпараттық дамыған қоғамда оқушыларды белсенді шығармашылық іс-әрекетке дайындау. Бұл мақсатқа жету үшін жаңа технологияларды сабақ беру процесіне енгізу болып отыр. Сабақта жаңа технологияларды тиімді пайдалану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады. Педагогикалық ізденіс барысында оқушыларды тәрбиелеу мен оқытуда жаңа әдістемелерді қолдануды оқу үрдісіне енгізудің маңызы ерекше.

Сабақтың тиімділігін оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру үшін тақырып материалдарын оқып үйренуде, олардың әртүрлі ізденушілік бағыттағы тапсырмаларды орындауларынан байқауға болады.

Оқытудың осындай жаңа әдіс-тәсілдерін пайдалануда мұғалімде, оқушыда табысқа жетіп, білімін шындай түседі. Жас ұрпақтың жаңаша ойлануына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуында әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселе. Бүгінгі орта білім беру ісіне қойылар талаптар қай кездегіден де күрделі маңызды. Өйткені бізді дамудың жаңа кезеңі күтіп тұр. Сол кезеңге лайық ұлттық санасы жаңғырған жаңа ұрпақ тәрбиелеу міндеті мойнымызда. Барлық кедергілерді жеңу табысқа талпыну өз қолымызда деп білемін. «Оқусыз – білім жоқ, білімсіз күнің жоқ» деген халық даналығы ешқашан мәнін жоғалтпайды.

Бұл технологияның өзектілігі қоғамның ақпараттандыру жылдамдығының артуымен сипатталады. Әр түрлі пән сабақтарында жаңа технологияны пайдалану білім мазмұнын жаңартумен, ақпараттық ортаны қалыптастыруымен, сондай-ақ сапалы білім беру мүмкіндігінің жоғары болуымен ерекшеленеді. Соңғы кезеңде қазіргі заманғы педагогикалық ғылым мен практика түбегейлі өзгерістерге ұшырауда. Соның ішінде оқыту үрдісі ақпараттық – коммуникациялық жағдайларда жаңа көрініс алу жолында басқаша жаңалаған жолмен ХХІ ғасыр талаптарына сай білгір, уақытты үнемдей алатын тұлғаны қалыптастыруға бағытталады.

Жаңа әдіс- тәсілдерді қолдану барысында мен құқық негіздері сабағымда диалогтік оқыту тәсілі бір қарағанда жеңіл және қиындық тудырмайтын тәсіл болып көрінеді. Бірақ әлі де бүгінгі күннің басты назарында тұрғандығын сабақ барысында кей оқушылардың сөйлеу тіліне келгенде қиналатындықтарын, диалогқа аз түсетіндіктерін, мұғалімнің берген сұрағына жауаптардың қысқа болатынын, өз ойларын ашық жеткізудегі тосқауылдардан көруге болады. Әрине, ашық диалогқа түспеген жағдайда оқушының тілдік дағдысы, сөйлеу мәдениеті дамымайтындығы да шындық.

Диалог – екі жақтың сөз арқылы немесе жазбаша қарым-қатынасы болып табылады. Ең бастысы сындарлы (конструктивті) ұсыныс бере отырып, өз пікірін дәлелдей алуы. Ал диалогтік оқыту- мұғалімнің оқу материалын меңгерту мақсатында оқу материалын дайындаудың және баяндаушы әңгіме жүргізудің нақты реттеуші ережелерін ескере отырып құрылған оқыту мен оқу тәсілі болып табылады. Оқушыларды мәселені анықтап, оны шешуге итермелейді және олардың оқудағы іс – әрекеттерін белсенді етуді көздейді.

Диалогтық оқытуды көптеген отандық және шетелдік ғалымдар кеңінен зерттеген. Қазақтың ағартушысы А. Байтұсыновтың «Әліпби», «Тіл жұмсар» т.б. еңбектері осының дәлелі. Шетелдік ғалымдар Мерсер мен Литлтон (2007) өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылықтарын арттырумен қатар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсеткен. Ал Вькотскийдің пікірінше оқыту моделінде оқушы диалог құру нәтижесінде білім алады. Барнс (1971) сыныпта тіл

қаншалықты қолданылса, оқушылардың білім алуына соншалықты әсер ететіндігін айтады. Барнс «оқытудың мұғалімді селсоқ тыңдағанда ғана емес, вербальды құралдарды қолдану нәтижесінде, яғни сөйлесу, талдау және дәлелдеу барысында жүзеге асады» екендігіне іс тәжірибесінде тиімді болатынын көз жеткізуге болады. Бір сөзбен айтқанда нағыз сабақ- ол әрқашан диалог, ізденуге, дайындалуға, үйренуге, шәкірттер болашағын ойлауға бағытталған еңбек пен тәжірибенің бірлігі.

Диалогқа деген қажеттіліктің қашан және қалайша туындайтынына келер болсақ келесі шарттарын қарастыруға болады:

1. Танымдық ұстаным. «Жаңа түсінік (білім) бірлескен жұмыс нәтижесінде ғана қалыптасады» деген қағиданы ұстанса, өзінің идеялары мен туындаған сұрақтарын басқаға жеткізіп, оларды талқылауға болады.
2. Психологиялық алаңдамаушылық. Диалогта білім алушы өзінің құқықтарын сақтап, ойлары мен идеяларының, пікірлері мен көзқарасының мұқият тыңдалып, өзінің сенімсіздік пен күлкіден қорғалатындығын білсе, онда ол өзін қарым- қатынастың тең дәрежелі субъектісі ретінде қарастырады.
3. Қызығу. Монологқа қарағанда диалогтың қызық екендігін түсініп, оқушы оның ұтымды жақтарына назар аударады. Көздеген мақсатқа жетуде ұсынылып отырған заманауи оқытудағы әдістер ролі оқыту процесінде қойылған мақсатты іс-әрекетпен сәйкестендіруде өте маңызды және өзекті болып табылады.

Сабақ барысында диалогты қолдау арқылы оқушылардың ойын дамыта отырып еркін жеткізуге, ашық сөйлесуге, тілдесім қабілетін арттыруға мүмкіндік береді. Қазіргі таңда педагогикалық жаңаша үрдістерде білім берудегі ізгілендіру, жариялылық, педагогикалық ынтымақтастық, ғылыми-әдістемелік тың ізденістерге сүйене отырып, жаңашылдыққа талпыну қажет екендігі айқын.

Сонымен қатар оқушылардың ойлау қабілетін жоғары деңгейде дамыту, диалогқа түсіру үшін дайын сұрақты берудің орнына, оқушылардың өздерін сұрақ құрастыруға үйреткенде дұрыс. Біріншіден бұл тәсіл оқушылардың мәтінімен жұмыс істеу деңгейін арттырса, екіншіден түрлі ойлау қабілеттерін дамытуға ықпалын тигізеді. Ең бастысы іс-әрекетке оқушы тікелей араласады. Оқушының қызығушылығын арттыру үшін «ең үздік сұрақ», «ең ұтымды сұрақ» секілді байқау түрінде өткізу тәсілі орынды. Диалог көп жағдайда жұптық, топтық жұмыс жасағанда тиімді болмақ. Өйткені деңгейлері әр түрлі оқушылар бір жұпқа немесе топқа түскенде барлығы да ой-пікірлерін айтуға ұмтылады. Не болмаса ол алғашында қиналса, кейіннен дағдылана бастайды.

Құқық негіздері сабағында жаңа технологияларды қолдану нәтижесінде- ойлай алу, сөйлей алу дағдылары, эмоционалдық ерік-жігер, шығармашыл әрекет ету дағдылары қалыптасады, дами түседі. Осылайша білім алу нәтижесінде оқушы талдауға, жинақтауға, білімді жүйелеуге,

бақылауға, қорытынды жасауға, нәтижені тексеруге үйренеді және осы білік-дағдыларын шыңдайды. Тәжірибе нәтижесінде осындай салаларды қалыптастыруға болатындығына көз жеткіздік. Бұның айғағы ретінде келесідей жағымды өзгерістер динамикасын атай аламыз.

1. Оқушылар тапсырмаларды жүйелі орындауға үйренеді;
2. Біртіндеп күрделендірілген тапсырмаларды орындауға дағдыланады. Демек, өмірде кездескен танымдық тосқауылдарды, қиындықтарды жеңуге үйренеді;
3. Олар жоспар құрып, қорытынды шығарып, негізгі ойды бөліп алуға тырысатын болады;
4. Оқытуда пайдаланылатын проблемалық сұрақтар өмірден алынатындықтан, осындай мәліметтерді тәжірибеде қолдану дағдылары қалыптасады;
5. Оқушылар өз білімдерін өздері бағалап, өз деңгейлерін анықтауға мүмкіндік алатындықтан, білім алуға деген жауапкершілікті сезінеді;
6. Әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеу дағдылары қалыптасады;
7. Айтылғанның барлығы оқушыларды өзіндік ой қорытуға, ойын жүйелеуге, нәтижесін шығарып, сыни бағалауға үйретеді.

Қазіргі оқыту үрдісіне жаңа педагогикалық технологиялар кеңінен енуде. Оқушыны пәнге қызықтырумен қатар, саналы ойлауға тәрбиелейтін, қоғамдық көзқарастарын қалыптастыра алатын, өзіндік пікірі бар, қоғамдағы болып жатқан түрлі қарама-қайшылықтарды түсіне білетін, еркін сөйлеп, өз пікірін ашық айта алатын ойлы ұрпақ тәрбиелеуде сабақтың маңызы зор. Сол сабақ атты театрдағы басты кейіпкеріміз – оқушы болса, онда барлығымыздың бағытымыз бір, бағдарымыз байсалды болмақ. Әр мұғалім оқушыға көпқырлы сабақ беретін болған соң, қазіргі жаһандану саясатына сәйкес жаңа технологияны өз ыңғайына, пәніне лайықтап пайдалануы тиіс. Мұғалім шеберлігі – ізденіс нәтижесі. Сондықтан, орыстың ұлы педагог-ғалымы К.Д. Ушинскийдің «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады»-деген. Сабақты тартымды өткізіп, оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін әр сабағымызды түрлендіріп отыру шарт. Ол үшін тек бір технологиямен шектеліп қалмай, әртүрлі технологияның элементтерін пайдалану қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы. 2007 ж.
2. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін педагогтардың біліктілігін арттыру курсының мұғалімдеріне арналған нұсқаулығы. Астана, 2012 ж.
3. Ж.Б. Қоянбаев Педагогика. Алматы 2002 ж.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ – БІЛІМ БЕРУДЕГІ ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІРІ

Арынбеков Марат Турганбекович
Бәйдібек ауданы Қ. Сыпатаев атындағы жалпы орта мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
тарих пәні мұғалімі

Қашықтықтан оқыту – ол оқу процесі кезінде осы замандық компьютерлерге және телекоммуникациялық технологияларға негізделіп дәстүрлі және инновациялық оқыту әдістерді қолданып, сырттай және күндізгі білім түрлер қатарлы білікті білім алудың ең негізгі түрі.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ – бұл тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-біріне кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тар мағынадағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу.

Айта кету керек, қашықтықтан білім берудің дәл қазіргі уақытта маңызы өте жоғары. Ақпараттық, сандық технологиясы дамыған елдерде бұндай білім берудің формасы әлдеқашан бірізділікке түскен.

Қазіргі мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Ал бұл мұғалімнен жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылық қабілеттілікті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыттарын талап етеді.

Инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Компьютердің көмегімен тек белгілі бір аудиторияларда ғана емес, сонымен бірге қашықтықтан оқыту үрдісі де дамып келе жатыр. Қашықтықтан оқыту кезінде тапсырманы және онымен бірге ұсынылған оқулықтарды қарап отырып білім алғысы келетін адам өзі ізденіп, жауаптарын салып жібереді. Немесе бірлескен телеконференцияларға қатысады. Оқытудың бұл түрі анағұрлым арзан, әрі қалаған уақытында оқуыңа, тапсырмаларды орындауына мүмкіндік береді.

Қашықтықтан оқытуда сапалы білім берудегі мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі

Қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеру.

Сонымен қатар әлемдік ақпарат кеңістігіне жол ашып, оқушылардың ғылыми және шығармашылық ізденістерін арттырып, білікті маман дайындап, оны өз игілігімізге жарата білсек, ұтар тұсымыз да сол болмақ. Бүгінде, информация өңдеу мен халықаралық деңгейде еңбек түрлерін бөлу әлемдік экономиканың ең негізгі ерекшеліктері болып отырған кезде, білім алу кез келген маманның жеке және кәсіби табысының негізгі көзі болып қала береді. Білімнің адамның жұмысқа тұру мен өмір сүру деңгейіне тигізетін әсері бұрынғыға қарағанда анағұрлым күшейе бастады. Әрине, білімге қойылатын талаптар да өзгеріске ұшырады: әрбір жанның негізгі білімі мен оның тұрақты жаңарып отыруымен қатар қазіргі маман информациялық қорларды табысты пайдаланып, заң және экономика негіздерін де игеруі тиіс. Қазіргі мамандардан шығармашылық тұрғыдан ойлай білуі, соның негізінде шешім қабылдауы және өмір бойы оқып үйренуі талап етіледі.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:



Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Білім алушылардың білімдерін бақылау. Білім беруде оқушылар үшін оқу-әдістемелік және оқу-әкімшілік ақпараттарынан тұратын беттері бар білім беру интернет-порталының;

- телекоммуникациялық желіге шығатын (интернет) жабдықтардың;
- әртүрлі терминалдары, қашықтықтан оқытудың дидактикалық құралдарын әзірлеу.

Ақпараттық-техникалық қамтамасыз ету. Қашықтықтан оқыту оқу сабақтары басталғанға дейін қашықтықтан оқытудың технологиялары және жүйелерімен танысу.

Функциональдық дайындау тұжырымдамасынан жеке тұлғаны дамыту тұжырымдамасына ауысу. Жаңа тұжырымдама әрбір нақты адамның өз

мүмкіндіктерін есепке ала отырып, соны іс жүзінде көрсету мен жетілдіру арқылы білім беруді жекелеп жүргізудің сипат алғанын көрсетеді. Бұл оқушылардың және мұғалімдердің өздерінің әртүрлі жеке мүмкіндіктеріне сәйкес алуан түрлі білім беру бағдарламаларын жасау арқылы іске асырылады. Білім беруді жетілдірудің осы бағытындағы маңызды фактор болып оқушылардың қазіргі және болашақта қолданылатын информациялық коммуникациялық технологияларды (ИКТ) пайдалану арқылы оқуға деген өз ынтасын (мүмкіндігін), өздерінің жеке басының когнитивті іс-әрекет жасауға икемділігін қалыптастыру. Мұғалімдер мен оқушылар жаңа білім игерудің, өзіне қажет әдістердің, жаңа ақпараттық технологиялардың куәгері немесе қатысушысы боларда, дискуссияға қатысарда, тамаша бір әдістеме немесе лабораториялық жұмыс көрерде осы интерактивті теледидардың маңызы зор.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың келесі тәсілі компьютерлік телекоммуникацияны, электрондық почта, телеконференция, аймақтық және интернет желісінің ақпараттық қорларын пайдалануды ұсынады.

Қашықтан оқыту формасы туралы айтқанда құрамына барынша мүмкін болатын ақпараттың электрондық көздері, виртуалды кітапханалар деректер базасы, консультациялық қызметтер, электронды оқу құралдары, киберсыныптар, т.б. кіретін бірыңғай ақпараттық-білім кеңістігін жасау туралы айту керек, ол жүйеде мұғалім, оқушы және оқушы бар деп түсіну керек. Осыдан шығатыны қашықтан оқыту формасын ұйымастыруда ең бастысы электрондық курстар, қашықтан оқытудың дидактикалық жасалымы, педагог-үйлестірушілерді дайындау болып табылады. Қашықтан оқытуды сырттай оқытуға ұқсатудың қажеті жоқ, себебі бұл жерде мұғаліммен және кейбер сыныптағы басқа оқушылармен тұрақты байланыс бар, оқудың барлық жағы, оқудың ерекше формасы ескеріле отырып қамтылған. Бұдан шығатыны, теориялық талдаулар, эксперименттік тексеру, жауапты ғылыми-зерттеу жұмыстары талап етіледі.

Біз үшін қашықтықтан оқытудың маңыздылығы – білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы оқушылардың білім деңгейін көтеру.

Қашықтықтан оқытудың ерекшеліктері:

- икемділік (уақыт, орын, ыңғайлылық);
- өз бетімен жұмыс жасауға дағдыланады;
- оңтайлылық (ыңғайлы кесте);
- жылдам ойлауға машықтанады, білім сапасы артады;
- қамтушылық (білім алушы саны өлшем емес);
- білім алушының жаңа ролі;
- технологиялық сауаттылығы артады.

Қашықтықтан оқуға деген жаңа қызығушылық телекоммуникациялық технологиялардың қарқынды дамуы арқасында туындаған. Оқушыларға оқу материалдарын игеру сапасы жақсы білім мазмұны бар платформаға байланысты. Әрбір оқытушы балалар үшін Интернет-жаттығулар мен оқуға арналған әртүрлі интернет-ресурстарға сілтемелер жасай алады. Сонымен

қатар ашық құжаттарды пайдаланып мәтіндер мен тест формаларын да өзіміз жасауға болады. Алайда, жаңа материалды зерттей отырып, оқытуды неғұрлым жан-жақты жүзеге асыру, оны жинақтау және тестілеу тек білім беру порталының көмегімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Сонымен қатар қашықтықтан оқыту нысанын таңдау керек. Егер балаларды экранға жинай отырып, онлайн режимінде сабақ өткізу керек болса онлайн-веб-жүйелерді пайдаланып, жұмыс үстелін көрсетумен онлайн сабақтар өткізуге болады (оқу платформалары BilimLand; Kyndelik. Kz; Darin online).

Оқытушыларымыз бен білім алушыларымыздың арасындағы байланыс әр түрлі мессенджерлер арқылы жүзеге асырылуда. Атап айтатын болсам: Zoom, Microsoft Teams, Google Classroom, Skype, электронды пошталар білім берудің мүмкіндіктерін арттырды. Аталған бағдарламада (демонстрация экраны) деген батырманы бассаңыз, барлық көрнекілік құралдарыңызбен, презентация, сызба, оқу құралдарын, сонымен қатар сұрақ-жауап алмасып, видеобейнеңізді запись арқылы сақтап алуға мүмкіншілігіңіз бар. Ұжымымыздағы шұғыл және өзекті мәселелерді осы бағдарлама арқылы жүргізуге мүмкіндік туып отыр.

Оқушылар тек тапсырмаларды ғана емес, бейнежазбаларға сілтемені де қоса алады. Ал оқушылар үй тапсырмасын бұрынғы әдетпен дәптерге жазады. Жасаған жұмысын суретке түсіреді де, электронды пошта немесе WhatsApp желісі арқылы жібереді. Бұл тапсырма қағаздарын ата-анасы баласына түсіндіруге көмектесу үшін басып шығаруға да болады. Оқу материалын қашықтан үйрену қаншалықты ыңғайлы болатынын балалардың көбі ойлап жатқан жоқ. Оқушылар қашықтан оқытуды карантин кезіндегі қызықты жаңа тәжірибе ретінде қабылдады.

Қашықтықтан оқыту тиімділігі және қиын тұстары

Қашықтықтан білім беру дәл қазіргі уақытта маңызы өте жоғары. Ақпараттық, сандық технологиясы дамыған елдерде бұндай білім берудің формасы әлдеқашан бірізділікке түскен. Әрине, қашықтықтан оқытудың жақсы жақтары және қиын тұстары бар.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі:

- білім алушыларға кез келген уақытта қарау мүмкіндігі (офлайн режимі);
- оқу материалын өз бетінше оқуға;
- мұғалім және оқушы ақпараттық технология және коммуникация құралдарын білім алу негізінде жұмыс жасап игеруде;
- мұғалімге жүктелген жауапкершіліктің көбі ата-анаға жүктелуде. Ата-ана баласының сабағын бірге қарап, көңіл бөлуде;
- дәстүрлі кездегі сабақ кестесіндегідей 40 минутқа тәуелділік жоқ;
- кері оқушылармен байланыс.

Қашықтықтан оқыту жүйесінің басты артықшылығының бірі – уақытты үнемдей алатын болдым. Осы үнемдеген уақытымды өзімнің кәсіби деңгейім мен шеберлігімді арттыруға жұмсаймын. Сабақтың қызықты болуына көңіл

аударамын. Сабақтың тақырыбына қарай қосымша тың мәліметтерді таныстырып, оқушылардың қызығушылығын оятуға және пікір алмасу, пікірталастар ұйымдастыру арқылы олардың белсенділігін арттыруға тырысамын.

Қашықтықтан оқытудың қиын тұстары:

- оқушылардың техникалық құралдармен жеткілікті қамтылмауы;
- кейбір оқушылар мен ата-аналардың өз жауапкершілігін дұрыс орындамауы;
- табиғи апаттардың кезіндегі немесе электр кернеулерінің үзілісі;
- мұғалім оқушы арасының алшақтығы, бетпе бет болмауы.

Қиын кезең кемел адамдарды қалыптастырады. Әрбір жаңа дүниенің тиімді және тиімсіз тұстары болады. Қашықтықтан оқытуда оқушылардың кең ауқымда жауап беруіне мүмкіндік аз болып тұр. Берілген тапсырманы сыныптағыдай жан-жақты талқылап, сын пікір айтып, ойын жеткілікті деңгейде ашуда қиындық туындап отыр. Алайда, қашықтықтан оқыту – мектеп үшін де тиімді жүйе, ол барлық мұғалімдерге қолайлы. Қашықтықтан оқыту – оқушыдан қашықтықта болу деген емес, оқушыға бұрынғыдан да қатты жақындау. Оқушыға барынша түсінікті болатындай етіп жағдай жасау. Тек бұл жүйеде жақсы жұмыс істеу үшін ғаламтордың озық қосымшасы болу қажет. Алғашқы сабақтан бастап оқушылардың талпынысы, ынтасы одан сайын шабытымызға шабыт қосты, қанаттандырды. Әр сабағымызға бұрынғыдан бетер жауапкершілікпен дайындалып, үлкен ізденіс үстіндеміз. Түрлі білім порталдары арқылы да дайындығымызды пысықтап, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын одан әрі дамыта алдық деп ойлаймын. Оны оқушылардың жасаған кері байланысынан-ақ байқауға болады. Қашықтықтан оқу арқылы біз сақтық шараларын жасап қана қоймай, сонымен қатар өз шеберлігімізді де арттырып жатырмыз.

Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Мұғалімдердің алдын – ала дайындау және ұйымдастыру шаралары жүргізілмесе, технологиялық білімдері жеткілікті болмаса оқушылардың білімі жоғарыламайды. Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің технологиялық білім біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді.

Қашықтан оқыту кезіндегі ата-ананың рөлі аса құнды екеніне назар аударуға болады. Себебі: ата-ана қадағалаушы, қолдаушы және қорғаушы. Қашықтан оқытуда, бала ата-ана мен ұстаздың қолдауына, көмегіне қаншалықты зәру болса, ата-ана мен ұстаздар да бір-бірімен тығыз байланыста болу керектігін көрсетті. Онлайн курста осы мәселелердәі де жауабын тапқандай болдым. Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды

ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педогог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды!

Қорыта келе айтқанда, қашықтықтан оқыту жүйесінің рөлі білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады. Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Оқушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды.

Қашықтан оқыту бұл мұғалімнің технологиялық білім біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға деген көзқарасын өзгертеді. Бұл оқыту жүйесінің рөлі қазіргі таңда білім саласы үшін өте жоғары, себебі бұл жүйе арқылы мұғалімдеріміз бен оқушыларымыз әлемдік ақпараттармен байланысуга, білімдерін онлайн жалғасыруға, ғылыми және шығармашылық жұмыстарын жетілдіруге, әлемдік ақпарат кеңістігінде өздерінің білімдерін шындауға зор мүмкіндік алады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 7. – Б. 41-45.
2. Журнал «Информатика и образование». – 2006. – № 2. – Б. 49-57.
3. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы. – Б. 18-19; 38-39; 118-119; 460-461.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНАН ОҚУШЫЛАРДЫ ҒЫЛЫМИ ЖОБАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН МҮМКІНДІКТЕРІ

Тажимаева Ажар Умирзаковна
Кентау қаласы, Б. Момышұлы атындағы
№ 12 жалпы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі

Жаңалық ашу, іздеу, зерттеу, дизайн – бұл сөздер оқушылардың заманауи сабақта оқу іс-әрекетін ұйымдастыруда басты бағыт болып табылады. Мектептің басты міндеті, мұғалім, ол не нәрсеге үйрете отырып, баланы

оқуға үйрету, тақырыбының тереңдігін көруге көмектесу; оқушыларды түрлі сын-қатерлерді орнату және шешудің шығармашылық процесіне тарту; өзіндік шешеім қабылдай алатындай келешекке перспектива жасау.

Мектептерде айтылған көптеген шындықтар оқушы үшін абстрактты болып қалуы мүмкін, егер ол өзі, оның қиындықтары мен сәтсіздіктері арқылы өз жолымен келмесе.

Бұл іздеу сабақтан басталуы маңызды, егер тақырыпты зерттеген кезде, туындаған мәселелердің шешу жолдарын өздері іздей бастаса, содан кейін пайда болған проблемаларды терең түсіну және білімге деген табиғи қажеттілік туындайды.

Сабақта осы тәсілмен, шығармашылық сипатқа ие болады, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас процесін арттырады, жаңа идеялардың пайда болуына ықпал етеді, оқушылар арасында өзіндік іс-әрекеттерге, өзін-өзі тануға деген қызығушылық танытады.

Мұғалімнің басты міндеті – оқушылардың шығармашылық процесіне қатысуы, ол жерде ол өздігінен өзін-өзі адам ретінде түсінуі керек, қоршаған әлем мен осы қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынасты түсіну керек.

Дж. Брунер, 1950–60 жылдары АҚШ пен Англияда жұмыс істеген танымдық белсенділіктің зерттеушісі нақты тұжырымдады. Ол ғылыми-зерттеудің негізгі ерекшеліктерін бөлді:

1. Шынында да, жетекші ұғымдар мен идеяларды өздері түсінеді және оларды дайын түрінде мұғалімнен алмайды.
2. Оқырман оқушыларға идеялармен танысуға мүмкіндік беретін осындай жағдайларды тудыруы керек, олар идеялармен, тұжырымдамалармен танысу мүмкіндігі, және сонымен бірге оларды өз бетінше орнатуды, ұсынылған мысалдар туралы анықтауға мүмкіндік береді.
3. Тарихи фактілермен кездесу балама көзқарастарды, қолданыстағы түсіндірмелердің кемшіліктерін, қорытынды қорытындылары туралы күмән келтіруі керек.

Қазіргі уақытта біздің мемлекетіміздің тарихы қатыгез қайта қараудан өтті: көптеген фактілер қайта қаралды және басқаша түсіндірілді. Кейбір заманауи ғалымдар тарихи оқиғалар туралы және тіпті тарихтың жаңа хронологиясын ұсынды.

Мұндай жағдайда оқушылар жеткілікті объективті көріністерді ала алмайды, дұрыс қорытынды жасай алмайды.

Сондықтан, тарих пәнінің мұғалімі өздерінің сабақтарында ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыруы керек. Оқушылар нақты түсінуі керек - тарихты оқып шығу тек оқулықта ғана мүмкін емес; кез келген тарихи оқиға жайлы тек бір дерек көзге сүйене отырып бағалау мүмкін еместігін.

Зерттеу дегеніміз не? Белгісіз шешіммен шығармашылық немесе зерттеу тапсырмасын шешуге байланысты іс-шаралар және негізгі кезеңдердің қатысуымен байланысты іс-шаралар, ғылыми саладағы зерттеуге тән:

проблеманы тұжырымдау, теорияны зерттеу, зерттеу әдістерін таңдау, өз материалды, талдау және жалпылау, қорытынды жинау.

Оқуды зерттеу дегеніміз не? Бұл зерттеу, оның мақсаты - зерттеудің функционалды шеберлігінің оқушылардың шындықты игерудің әмбебап әдісі ретінде сатып алу.

Ең бастысы – жинақталған тәжірибе.

Ғылыми зерттеулер дегеніміз не? Бұл объективті жаңа нәтиже, жаңа білім алу болып табылады.

Зерттеуге ықпал етеді:

- жеке тұлғаның ақпараттық мәдениетін қалыптастыру;
- жеке тақырыпты, пәндік аймақты зерттеуге ынталандыруды жетілдіру;
- тәуелсіздік пен белсенділікті дамытады;
- коммуникативті қасиеттерді қалыптастырады;
- шығармашылық қабілеттерін көрсетуге, зерттеуші (әлеуметтену) ретінде әрекет етуге мүмкіндік береді;

Зерттеу жобаларын басқаруда оқушыларды ынталандыру: олардың кәсіби құзыреттілігін арттыруға деген ұмтылыс; Оқушылардың тақырып бойынша білімдерін тереңдету оған оң көзқарас қалыптастыру; мектеп оқушыларына білім беру қызметіне одан әрі зерттеуде жетістіктер негізінде үйрету.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне:

- мәселені анықтау;
- оның өзектілігі;
- мақсат (неге);
- тапсырмалар (не істеу керек);
- зерттеу әдістері (AS);
- нәтиже (не алу керек).

Тақырыпты таңдау ережелері:

Тақырып балаға қызықты болуы керек. Зерттеу жұмысы кез-келген шығармашылық жұмыс сияқты, қол жетімді және тиімді, тек ерікті негізде. Ғылыми ізденіске деген құлшыныс қызығушылық пайда болған кезде жүзеге асады.

Бізге ересектерге қатысты қандай маңызды болып көрінетін тақырып, балаға «жүктелген» тақырып дұрыс нәтиже бермейді, егерде балада қызығушылық болмаса. Әрине, баланың қызығушылығын таңдау үшін сіз оның үрдісін білуіңіз керек. Сіз оқушыны тыңдай, түсіне білу керексіз. Тақырып оқушыға қолжетімді болу керек.

Тақырып түпнұсқа болуы керек, ол таңқаларлық, ерекше жағдайды қажет етеді. Таным таң қалдырудан басталады, ал адамдар күтпеген нәрсеге таң қалады. Балалардың тақырыптары түпнұсқа болуы керек. Бұл жағдайда, түсінікті емес, ерекше, бірақ дәстүрлі, таныс заттар мен құбылыстарды білмеу қабілеті ғана емес, сонымен қатар тақырыпты түсіне білу керек.

Тақырып, жұмысты сапалы әрі жылдам орындайтындай болу керек. Әдетте ұзақ уақыт жұмыс істеу өте қиын, жұмыстың аяқталмай қалуыда

ғажап емес. Балалар табиғатының бұл ерекшелігін ескере отырып, алғашқы зерттеу эксперименттерінің ұзақ уақытқа қажет еместігін қамтамасыз етуге тырысуы керек.

Оқушыға көмектесу, тақырыпты таңдау, өздерін дарынды сезінетін салаға жақындатуға тырысыңыз. Зерттеу жұмысын бала мұғаліммен (психологпен) бірге жасайды, сондықтан тақырып тек студентке ғана емес, сонымен қатар жетекшіде де қызығушылық тудыруы керек. Осы қызығушылыққа назар аудару үшін сіз балаларға қызығушылық танытуға бағыттауға тырысуыңыз керек, сіз өзіңізді түсінетін нәрсеге қызығушылық танытасыз.

Педагогта өзін ғылыми қызметкер ретінде сезінуі керек. Дәстүрлі репродуктивті режимде жұмыс істейтін мұғалім баланы білмейтін нәрсеге үйрету мүмкін емес екендігіне сенімді. Әдетте, бәрібір оның барлығы ғылыми-зерттеу жұмыстарына қарайды. Баламен мәселені зерттеу барысында онымен бірге білім алуға, бір-біріне көмектесуге көмектеседі, біз өзіңіз үшін жаңа тәсілдер аша аламыз. Бұл шығармашылықты үйретудің тиімді әдістерінің бірі.

Сонымен қатар, тақырыпты таңдау барысында нені ескеру керек: **Шешімнің ықтимал деңгейі.** Әрине, мәселе балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі керек. Бұл позиция, әдетте, мәселені оның тамақтану деңгейі ретінде таңдауға, оның тұжырымына жатқызу және шешу үшін берілген материалды таңдау туралы айтады. Дәл осындай мәселені әр түрлі жастағы балалар әртүрлі кезеңдерде, әр түрлі жолмен шешуге болады.

Қалаулар мен мүмкіндіктер. Тақырыпты таңдау барысында материалдың қол жетімділігін ескеру қажет. Қажетті «зерттеу базасы» әдебиеттерінің болмауы, қажетті деректерді жинай алмайтын болса, шығармашылық ойлауды дамытуға айтарлықтай кедергі келтіреді.

Ұсынымдар:

Мен алдымен негізгі бөлімді жазуды ұсынамын, өйткені мәтінді дизайн процесінде, мақсаттар мен міндеттер өзгеруі мүмкін. Содан кейін қорытынды нәтиже және жасалған жұмыстардың қорытындылары, ал соңында кіріспе. Тақырыптың түпкілікті атауы жұмыстың соңында тұжырымдалады. Жетекші бұған жиі көмектеседі, өйткені оқушылардың өздері таңдалған тақырып аясындағы жұмысты толық аяқтай алмайды.

Осылайша, ғылыми-зерттеу жұмыстары кезінде оқушылар көп кедергілерге тап болады:

Тақырыпты және зерттеу мәселелерін анықтау;

- мақсаттар мен міндеттерді белгілеу, әдістерді, объектілерді және тақырыпты анықтау;
- зерттеу әдістерін дұрыс таңдау, қоғамдық пікір мен көздерді зерттеу;
- материалдарды іріктеу және құрылымдау;
- жиналған материалдар мен зерттеу мақсаттарын сәйкестігін сақтау.

Оқушылармен ізденіс жұмысын ұйымдастыруда мұғалімнің мына талаптарды ескеру керек:

- балаға оң көзқарас, адамға құрмет көрсету көрінісі және әрқайсысында өзін-өзі бағалауды сақтау;
- таңдау еркіндігі құқығын қамтамасыз ету;
- бағалау баланың жеке басы емес, оның қызметі, әрекеттері;
- балалардың жеке психологиялық сипаттамаларын есепке алу.

Оқушылар әр зерттеуге қанша күш, білім мен дағдылар инвестицияланғанын түсінуі керек, сондықтан олардың жұмысын әр түрлі деңгейдегі конференцияларда тиісті түрде тапсыруға тырысады.

Ғылыми-зерттеу қызметінің пайдалы артықшылықтары - өндірілетін қабілеттер: олардың жұмысын жоспарлайды; нәтижелерді болжайды; түрлі ақпарат көздерін пайдаланады; өз бетінше таңдап, материалды жинақтайды; талдап, фактілерді салыстырады; пікірталастық көзқарас қалыптасады; өз бетінше шешім қабылдайды; әлеуметтік байланыстар орнататады; өзін-өзі адекватты бағалау дағдысы қалыптасады.

Оқытушы-зерттеушіге арналған кеңестер:

Әр оқушыны қайталанбас адам ретінде қабылдаңыз, оны құрметтеңіз, түсініңіз, оған сеніңіз.

Оқушыны өз дамуы, өзін-өзі тану және өзін-өзі жүзеге асыру кезінде қолдау көрсету.

Сабакқа тақырыппен бармаңыз, шәкірттермен бірге шешуге болатын шұғыл проблемалармен барыңыз; ол белгілі бір тұлғаға бағытталған.

Оқушыға кез-келген бастамасында қолдау көрсетіп, ынталандырып отырыңыз және педагогикалық процесте сыртқы мәжбүрлеуден аулақ болыңыз.

Тек соңғы нәтижені ғана емес, бәрінен бұрын, әр оқушының жекелей белсенділігін бағалаңыз.

Жеке басына, оның ішкі әлеміне қатысты барлық нәрсені зерттеңіз; Алып, тыңдап, оның дауылын жығыңыз.

«Оптимизм, табандылық және сәттілік!» -міне, оқушылармен бірлескен іздеудегі мұғалімнің ұраны.

Ғылыми жетекші алынған нәтижелердің нақтылығы мен мүлтіксіздігіне, жұмыс диплом жұмыстарынан, магистрлық және кандидаттық диссертациялардан, ғылыми ұжымдардың есептерінен көшірілген нәтижелер жоқтығына дербес жауапкершілік алады. Оқушы жаңа білім мен өз бетінше зерттеу қызмет дағдыларын ала отырып өз қолынан келетін жұмысты орындау керек.

Қорытылай келе Білім – ел қазынасы, халқымыздың білімділігі еліміздің байлығының ең маңызды бөлігі десек, білімнің негізі мектепте, яғни бар ғылымның бастауы – мектеп, «Елдің келешегі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп Елбасы бізге үлкен міндет артып отыр. Егемен еліміздің болашағы, оның әлемдік өркениеттегі өз орны,

ең алдымен білім мен тәрбиенің бастауы болатын – ұстаз қолында, сондықтан да біздің басты мақсатымыз – білім сапасын жақсарту.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. ҚР Ғылым туралы заң. 2011 жыл.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2012 жылғы 13 наурызындағы № 99 бұйрығы.
3. ҚР мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. Астана, 9 шілде, 2010 ж.
4. ҚР білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана 2010ж.

**ГЕОГРАФИЯ ПӘНІ БОЙЫНША 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ
ЕРЕКШЕЛІКТЕР**

**Тойшиева Ж.Ы.
ТОӘО география пәнінің әдіскері**

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Әрбір педагогке шәкірттерінің білімін толықтыру бойынша арнайы жұмысты ойластыру және тиімді жүргізу қажет болып отыр.

«География» оқу пәні «География» оқу пәнінің мазмұны мынадай жүйелі-әрекеттік нәтижелерге қол жеткізуді қамтамасыз етуі тиіс:

- функционалдық білім мен дағдыларды, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс дағдыларын қалыптастыру, зерттеу, тәжірибелік-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау;
- табиғатты, экономика мен қоғамды кешенді зерттеу негізінде әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану-ғылыми бейнесінің негізіндегі іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, табиғатты ғылыми танудың әдістерін, адамзаттың жаһандық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдету;
- экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамыту;
- патриоттық сезімге, қоршаған ортаға жауапкершілікпен, ұқыппен қарауға тәрбиелеу;
- жаратылыстану-ғылыми бағыттар бойынша білім алушыларды кәсіптік бағдарлауды жүзеге асыру.

Бағдарламаның спиральді құрылымына байланысты 8-сыныптағы пәннің мазмұнына сай білім алушылардың өткен оқу жылында алған білімі мен дағдыларын дамытады.

«Географиялық зерттеулер әдістері» бөлімі бойынша географиялық ақпаратты визуализациялау, далалық, картографиялық, теориялық әдістерді өз зерттеулерінде қолдану, сандық және сапалық деректерді өңдеу, талдау, иммитациялық, графикалық, мәтіндік, математикалық және өзге де үлгілерді жасау, жұмыс нәтижелерін әртүрлі нысанда ұсыну дағдыларын одан әрі дамытуға назар аудару қажет.

«Картография және географиялық мәліметтер базасы» бөлімі бойынша білім алушыларды тақырыптық карталарды қалай жіктеуге болатынын және оқуға, сондай-ақ оларға қосымша сипаттама элементтерін: профильді, диаграммаларды, графиктерді, кестелерді құруға үйрету қажет.

Білім алушылардың географиялық номенклатура объектілерімен жұмыс істеу дағдыларын одан әрі дамыту қажет. Сөйлеу дағдыларын дамытумен бірге оқушылар картаға географиялық нысандарды сенімді түрде көрсетуді, тиісті түсініктемелермен бірге бере білуді үйренуі керек. Егер осы бөлім бойынша 7-сыныпта географиялық деректердің кесте түріндегі қарапайым базасын құру көзделсе, онда 8-сыныпта оқытудың тиісті мақсаттарына қол жеткізу кезінде АКТ-ны кезең-кезеңімен пайдалану көзделеді.

«Литосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта Жер қыртысының құрылымы, ірі геотектуралар қарастырылды. 8-сыныпта Жер бедерінің, тау жыныстары мен минералдардың, пайдалы қазбалардың таралу заңдылықтарын оқып білу жалғасуда. Бұл бөлімді рельефтің халықтың экономикалық және өмірлік белсенділігіне әсерін бағалау арқылы қорытындылау ұсынылады.

«Атмосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта метеорологиялық құбылыстар, ауа райы және оның элементтері оқылды. 8-сыныпта Жер шарының әртүрлі бөліктеріндегі климаттың ерекшеліктері қарастырылады. Климатты, атмосфераның ғаламдық айналымын қайталау жалғастырылады.

«Гидросфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта әлемдік мұхит және оның бөліктері оқылады. 8-сыныпта бағдарлама бойынша жер беті суларына назар аударады. Осы тақырыпты оқу барысында қазақстандық және өңірлік компоненттерге ерекше назар аудару ұсынылады.

«Биосфера» бөлімі бойынша 7-сыныпта биосфераның, топырақтың құрамы мен құрылымы оқылады. 8-сыныпта табиғи аймақтар мен жердің биіктік белдеулері қарастырылады. Сондай-ақ, оқушылар өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау қажеттілігін дәлелдей және фауна мен флораны сақтау жолдарын ұсына алады.

Өткен оқу жылында «Табиғи-аумақтық кешендер» бөлімі бойынша "табиғи-аумақтық кешен" ұғымы, оның қалыптасу шарттары мен мысалдары, кеңістіктік дәрежелері анықталған болатын.

Жаңа оқу жылында оқушылар географиялық қабықпен планетарлық масштабтағы табиғи-аумақтық кешен ретінде және оның жұмыс істеуі мен даму заңдылықтарымен танысады.

«Халық географиясы» бөлімі бойынша 7-сыныпта адамзаттың нәсілдік және діни құрамы оқылады. 8-сыныпта халық саны мен құрылымының негізгі көрсеткіштерін есептеу негізінде әлемдегі, Қазақстандағы және өз өлкесіндегі демографиялық жағдайды анықтау бойынша жүйелі қарастырылады.

«Табиғи ресурстар» бөлімі бойынша 7-сыныпта білім алушылар «Табиғи ресурстар» ұғымын, оларды жіктеудің негізгі тәсілдерін, шоғырлану орындарын оқып үйренеді. 8-сыныпта білім алушылар табиғи ресурстарға экономикалық және экологиялық баға береді, орталықтармен және оларды өңдеу технологиясымен танысады, әлемнің жекелеген аумақтарының табиғи ресурстық әлеуетін анықтайды.

«Әлеуметтік-экономикалық ресурстар» бөлімі бойынша 7-сыныпта көлік және әлеуметтік инфрақұрылым зерделенді. 8-сыныпта бөлім Сауда және қаржы инфрақұрылымын оқу жалғасады. «Әлемдік шаруашылықтың салалық және аумақтық құрылымы» бөлімі бойынша 7-сыныпта білім алушылар әлемдік шаруашылықты (өнеркәсіп және ауыл шаруашылығы) қарапайым жіктеумен айналысты. 8-сыныпта әлемдік экономиканы өндіруші, өңдеуші секторлар мен қызмет көрсету салаларына неғұрлым егжей-тегжейлі жіктеумен, осы секторлардың қызметін ұйымдастыру нысандарын сипаттаумен, әртүрлі салалардағы кәсіпорындарды орналастыру факторларын талдаумен, жоспар бойынша әлемдік экономиканың негізгі салаларын сипаттаумен айналысу керек.

«Саяси география негіздерімен Елтану» бөлімі бойынша 7-сыныпта білім алушылар әлем елдерінің географиялық және экономикалық-географиялық жағдайын бағалау ерекшеліктерін оқиды. 8-сыныпта әлемнің саяси картасын, оның негізгі объектілері мен олардың ерекшеліктерін, ондағы сандық және сапалық өзгерістерді, әлем елдерінің саяси интеграциясының қажеттілігі мен ерекшеліктерін зерттеуге баса назар аударылады.

Пән бойынша үлгілік оқу бағдарламасында өтпелі тақырыптар, оқыту мақсаттары көзделген. Бағдарламаның бірінші және екінші бөлімдерін оқыту мақсаттары өтпелі болып табылады. Оларды түсініп мен дамыту екі рет жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі: бірінші рет – тәуелсіз тақырыптар және бірінші тоқсандағы сабақтар сериясы ретінде, екінші рет-осы тақырыптар контекстінде барлық кейінгі бөлімдерді зерделеу кезінде оларды тікелей мақсаттар ретінде жүзеге асыру.

Оқу тапсырмаларының белгілі бір үлесі оқу бағдарламасы бөлімдерінің өтпелі мақсаттарын іске асыруды көздейді. «Географиялық зерттеу әдістері», «Картография және географиялық мәліметтер базасы» оқу бағдарламасының әр бөлімінің оқу мақсаттарын зерттелетін тақырып аясында толықтырады.

Зерттеу және картографиялық дағдыларды қалыптастыруға, дамытуға, әр сабақтың тәжірибеге бағдарлануына бағытталған осы мақсаттар бойынша тапсырмаларды әзірлеуді қарастырған жөн.

8-сыныпта материктер табиғатының ерекшеліктерін оқыту қарастырылған. Оқытудың стандартты, ақпараттандыратын тәсілінен айырмашылығы, оқытудың белсенді мақсаттары арқылы жаңартылған мазмұнның Типтік оқу бағдарламасы материктерді көбірек қарастыруды талап етеді. Оқушылар әртүрлі дереккөздерді қолдана отырып, салыстыру, талдау, бағалау және синтездеу арқылы әр материктің бірегейлігін анықтайды.

«Туған жер» бағдарламасын іске асыру мақсатында үлгілік оқу бағдарламасында қазақстандық және өлкетану материалдарын міндетті түрде оқыту көзделген.

9-сыныпта «Қазақстанның географиясы» оқытылады, онда географиялық зерттеу әдістері, Картография және географиялық деректер базасы бөлімдері мен кіші бөлімдері енгізілген. Географиялық карталар, физикалық география. Литосфера. Қазақстан аумағының геологиялық тарихы және тектоникалық құрылымы. Қазақстанның басты орографиялық объектілері. Қазақ оронимдері. Әлеуметтік география. Халық географиясы. Қазақстан халқының ұлттық және діни құрамы, экономикалық географиясы. Табиғи ресурстар. Қазақстанның табиғи-ресурстық әлеуеті қарастырылған.

Педагог білім алушылардың танымдық ерекшеліктеріне сәйкес қызықты пән ретінде шығармашылық тапсырмаларды әзірлеу және таңдау мүмкіндігіне ие.

Оқушылардың географиялық ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру маңызды: қажетті ақпаратты табу, оны талдау және түсіндіру, бағалау және қойылған міндеттерді шешу үшін пайдалану.

Негізгі оқу материалын оқушылар сабақта игеруі керек екеніне назар аударамыз. Қарастырылмаған оқу материалын, оның ішінде географиялық номенклатура объектілерін үйде қарастыруға жол берілмейді. Үй тапсырмасының негізгі функциясы сабақта алынған білім мен дағдыларды бекіту.

«География» оқу пәнінің 7-сыныпқа арналған «Физикалық география» бөліміне өлкетану бойынша екі тақырып енгізілді: «Туған өлкенің флорасы мен фаунасы» және «Менің өлкемнің визит карточкасы: өлкетану деректер базасын әзірлеу». Осы тақырыптарды зерделеу кезінде өсімдіктер мен жануарлардың қай аймаққа тән екенін зерттеу үшін ұжымдық жұмысты ұйымдастыру, оларды қорғау шараларын ұйымдастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып, аймақтың мәліметтер базасын құру ұсынылады. Пән бойынша (БЖБ) үшін жиынтық бағалау жүргізуді көздейді. 57-кестеде бөлім үшін жиынтық бағалау саны көрсетілген.

«География» оқу пәні бойынша білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар

Педагог оқу жылының басында білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін өткен жылы оқу материалы қандай деңгейде меңгерілгенін және оқытудың қандай бөлімдерінде, тақырыптарында/мақсаттарында білім 178 алушылардың біліміндегі олқылықтарға жол берілгенін анықтау, яғни диагностика жүргізу қажет.

Келесі қадамдар – білімді толықтыру бойынша жұмысты жоспарлау және жоспарды іске асыру.

Педагог өз бетінше жұмыс жүргізу нысанын таңдау туралы шешім қабылдайды (өткен кезеңдегі білімдерін толықтыру бойынша тақырыптарды жаңа оқу бағдарламасының мазмұнына интеграциялау, өткен жылғы сабақта тақырыптарды/оқу мақсаттарын алғашқы қайталау, содан кейін жаңа оқу материалын түсіндіру, консультациялар өткізу және т.б.).

Өткен оқу жылындағы оқу материалын қоса отырып, оқу тапсырмаларын әзірлеу, қалыптастырушы бағалау жүргізу процесінде оқыту тақырыптарын /мақсаттарын пайдалану, білім алушылардың білімін толықтыру үшін пән бойынша каникулдық сабақтар өткізу ұсынылады. Бұл ретте оқушылардың оқуға қызығушылықтарын арттыру және олардың білімдерін толықтыруға ынталандыру мақсатында тесттерді, тапсырмаларды, сауалнамаларды, әңгімелесулерді, оқытудың тиімді нысандары мен технологияларын пайдалануға болады.

«География» оқу пәні бойынша білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар:

7-11-сынып аралығындағы «География» пәнінің мазмұны жаңа білімді игеруге және ақыл-ой белсенділігінің жоғары деңгейлерін қалыптастыруға бағытталған қайталанатын тақырыптарды немесе оқу мақсаттарын күрделендіріп, кеңейте отырып, спиральдік принцип бойынша құрылған. Спиральдік принцип өткен кезеңге қайталау немесе бекіту үшін бөлімдердің/кіші бөлімдердің тақырыптарын және оқыту мақсаттарын қосуға және ағымдағы жылдың оқу бағдарламасының мазмұнымен біріктіруге мүмкіндік береді.

Мұғалімдерге диагностика нәтижелері мен әр оқушының жеке қажеттіліктері үшін студенттердің білімін толықтыру бойынша жұмыс жүргізу кезінде ескеру ұсынылады. Картамен жұмысты жиі пайдалану, практикалық жұмыстарды, зерттеулер мен жобаларды жүргізу қажет.

10-11-сыныптарға арналған «География» оқу пәні бойынша оқу процесінде және оқу тапсырмаларында өткен оқу жылында игерілмеген немесе қиындық тудырған келесі оқу мақсаттарын біріктіру ұсынылады. Мысалы, өткен оқу жылының бірінші тоқсанында географиялық зерттеу әдістері жеткілікті егжей-тегжейлі зерттелмеген. Сонымен, тақырыпты қайталау немесе бекіту үшін біріктіру қажет.

Осылайша, келесі мақсаттарды біріктіруге болады:

11.1.1.1-зерттеу тақырыбына сәйкес географиялық сараптама элементтерін қолдану;

11.1.1.2-зерттеу тақырыбына сәйкес сараптамалық бағалау әдістерін қолдану;

11.1.1.3-зерттеу тақырыбына сәйкес модельдеу әдістерін қолдану;

11.1.1.4-зерттеу тақырыбына сәйкес аудандастыру әдістерін қолдану.

11-сыныпта салыстырмалы талдау жүргізу дағдысын қалыптастыру бойынша жұмыс істеу ұсынылады.

«Картография және геоинформатика» бөлімін оқу кезінде бөлімдер мен бөлімшелерді оқыту мақсаттарын топтастыруға болады

«2.1 Картография. Қазіргі картографиялық әдістер» және 2.2 Геоинформатика негіздері. Геоақпараттық жүйелер»:

11.2.2.1 - геоақпараттық әдістер мен геоақпараттық жүйелер технологияларының ерекшеліктерін, басқа ғылымдар мен өндіріс салаларымен байланыстарын түсіндіру. Географиялық деректер базасы;

11.2.2.2 - компьютерлік бағдарламаларды қолдана отырып тақырыпқа сәйкес географиялық деректер базасын құрастыру. Географиялық деректерді визуализациялау;

11.2.2.3 - компьютерлік бағдарламаларды қолданып тақырыптық картасызбалар жасау.

Картография мен Геоинформатика арасында байланыс орнату кезінде оқу мақсатын біріктіру ұсынылады.

3-бөлімді оқып үйренуге. «Табиғатты пайдалану және геоэкология» көптеген сағаттарға бөлінеді, сондықтан бөлімді оқытудың мақсаттарын топтастыруға болады: 3.1 табиғатты пайдалану. Табиғат пайдалануды реттеу:

11.3.1.1 - шаруашылық және тұтыну салалары бойынша табиғатты пайдалануды реттеу механизмін талдау;

11.3.1.2 - табиғатты пайдалану түрлерінің заңнамалық тәртіппен бекітілген нормаларға сәйкестігін анықтау (жергілікті/аймақтық компоненттің негізінде) Табиғатты қорғау шаралары;

11.3.1.3 - табиғатты қорғау шараларының тиімділігіне баға беру (жергілікті/аймақтық компонентті қосымша қамту негізінде) Табиғатты қорғауда жеке тұлғаның рөлі;

11.3.1.4 - жеке тұлғаның табиғатты пайдаланудағы рөлін анықтап, «экологиялық ізін» есептеу;

Геоэкономика, геосаясат, географиядағы елтану бойынша Оқу материалдары көлемі жағынан ықшам. Бұл бөлімдердің мазмұнын қайталау ретінде оқуға болады.

«География» оқу пәні бойынша білім олқылықтарын толықтыру бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде оқытудың интерактивті әдістерін пайдалану қажет. Географиялық деректер базасын пайдалана отырып, Информатика пәні бойынша алынған білім негізінде картографиялық сауаттылықты

арттыру, пікірталастар, сараптамалық жұмыстар жүргізу, қоршаған орта экологиясына назар аудару, қарапайым картографиялық схемаларды жасау кезінде жергілікті жердің компоненттерін кеңінен пайдалану, аймақтарға бөлу, жобалау, нақты жағдайға талдау жүргізу, проблемалық ситуациялық міндеттерді шешу және т.б. маңызды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқутәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

ОҚУШЫЛАРДЫ ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Утебаев Нұрсұлтан Байжанұлы
Шымкент қаласы химия - биология бағытындағы
Назарбаев Зияткерлік мектебінің
география пәні мұғалімі

Бүгінде кез-келген қоғамның жаңашыл дамуы мен оның зияткерлік әлеуеті арасында тікелей байланыс бар. Зияткерлік әлеует мемлекетіміздің стратегиялық дамуының бір бөлшегі. Зияткер, дербес әрі жаңашыл тұлғаны дайындаудың бір жолы пәндік олимпиадалар. Олимпиада - кез-келген мектептің даму жоспарының бір бағыты болып табылады. Жалпы білім беретін пәндер бойынша олимпиада дарынды және талантты оқушылардың арасындағы тартысты бәсекелестік. Ал бұл бәсекелестікте кез-келген оқушы топ жара бермейді, оған тек үздіксіз дайындық пен ізденудің арқасында қол жеткізеді. Олимпиадада жеңіске жету үлкен күш пен төккен тердің жемісі болып табылады. Осы додада оқушыны бағыттап, жеңіске жетелеу барысында талмай еңбек етіп, үздіксіз дайындайтын бірінші тұлға ол мұғалім. Мұғалімнің де пәндік білімі терең, тұлғаны бағыттап алатын, қызығушылығы жоғары деңгейдегі білікті кадр болуы қажет. Осы мақаламда мұғалімнің олимпиадалық бағытта жеңіске жету жолдарын ұсынбақшымын. Олимпиадалық бағытта мұғалімнің жетістікке жетудегі алғы шарттары:

- Оқушыны таңдау; пәнге қызығушылығы жоғары, логикалық ойлау қабілеті терең және ақпартты білуге құштар оқушы болғаны дұрыс.
- Дайындыққа қажетті база; пән бойынша оқулықтар топтамасы, түрлі тақырыптардағы карталар, олимпиадалық жинақтар мен энциклопедиялар.
- Үздіксіз дайындық; белгіленген жоспар бойынша дайындықтың жүріп отыруы.

- Мотивация; оқушыны жасаған жұмысы бойынша қолдап, марапаттау арқылы шабытын арттыра білген жөн.

- Резерв тобы; мүмкін болса бір параллельден үш оқушыдан дайындыққа қатысқаны дұрыс.

Сонымен қатар мынадай бірнеше принциптерді ескерген жөн: оқушыны өз бетінше дайындалуға үйрету, білім күрделілігін қадағалау, қызығушылық бойынша тапсырмалар әзірлеу, бірін-бірі үйрету, өткен олимпиада нәтижелеріне анализ жасау.

География пәнінен олимпиаданың түрлері өте көп, соның ішінде негізгілері:

- Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиада
- Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық Юниорлық олимпиада
- Қ.И.Сәтбаев атындағы халықаралық олимпиада
- Халықаралық олимпиада - *iGeo*
- Халықаралық еуропалық олимпиада - *eGeo*
- Жас Геолог олимпиадасы – *IESO*

География пәнінен олимпиада басқа пәндегілер секілді әр оқу жылы барысында білім басқармасының тиісті органдарымен төрт кезеңде өткізіледі.

- бірінші (мектепшілік) кезең ағымдағы оқу жылының 30 қарашасынан кешіктірілмей өткізіледі;
- екінші (аудандық/қалалық) кезең желтоқсан айында өткізіледі;
- үшінші (облыстық) кезең 2 тоқсанның демалыс күндері өткізіледі;
- төртінші (республикалық) кезең 3 тоқсанның демалыс күндері өткізіледі.

Республикалық кезеңнен жоғары нәтиже көрсеткен оқушылар арасынан ұлттық құрамаға оқушылар іріктеліп, оқу-жаттықтыру жұмыстары нәтижесінен кейін халықаралық олимпиадаларға қатысуға жолдама алады.


География пәнінен сайыстардың этаптары бойынша екінші және үшінші кезеңдер жалпы балл 100 ұпайды құрайтын теориялық және практикалық турлардан тұрады. Бұл кезең тапсырмасында 9-сынып оқушылары бойынша ерекшелік Қазақстан географиясымен қатар физикалық география бөліміне баса назар аударылады. Ал 10-11 сыныптарда әлем географиясы мен елтану бөлімдеріне баса назар аударылады. 1 және 2 – суреттер теориялық және практикалық тапсырмалар үлгілері.

Метрополиа мен оның отары арасындағы сәйкестікті табыңыз: (Әр дұрыс сәйкестікке 1 ұпайдан. Барлығы 10 ұпай).

А. Ұлыбритания	а) Камбоджа
Б. Франция	б) Камерун
В. Германия	в) Гана (Золотой Берег)
Г. Португалия	г) Батыс Сахара
Д. Испания	д) Бразилия
Е. Нидерланды	е) Индонезия
Ж. АҚШ	ж) Палестина аумақтары
З. Жаңа Зеландия	з) Ниуэ
И. Аустралия	и) Пуэрто-Рико
К. Израиль	к) Норфолк

1-сурет

А-В-С-Д әріптерімен белгіленген дөңгешелерге сәйкес келетін елдерді анықтаңыз. Мемлекеттердің атауын, олардың астанасы мен басқару формасын табыңыз.



Бағалау өлшемдері: Әр дұрыс жауапқа – 1 ұпайдан; Барлығы: 12 ұпай.

2-сурет

Төртінші (республикалық) кезең балл бойынша 100 ұпайды құрайтын жазбаша, мультимедиялық және далалық турлардан тұрады. Жазбаша тур 150 минуты құрайтын бірнеше тапсырмалардан тұрады. 3-суретте жазбаша турдың тапсырма үлгісі көрсетілген. Мультимедиялық тур 30 сұрақтан тұрады. 10 сұрағы ағылшын тілінде. Сәйкесінше саныда 30 балл. 1 сұраққа 1,5 минут уақыт беріледі. 4-суретте мультимедиялық турдың тапсырма үлгісі көрсетілген. Мультимедиялық турда әрбір элементке назар аударып, шапшаң ойлана жауап беру қажет болады. Далалық турда оқушыларды олимпиада өтіп жатқан қалада алдын ала таңдалған нысанға (саябақ, алаң, елді-мекен немесе туристік аймақ) алып барып, практикалық тапсырма (жергілікті жердің планы) орындатады. Сол себепті оқушылардың қолында далалық турға қажетті құралдар (негізгілері: тұсбағдар, сызғыш, қарандаш және планшет) болуы тиіс. 5-суретте далалық турдың тапсырма үлгісі көрсетілген.

Төмендегі сурет бойынша Латын Америкасындағы өзеннің атауы мен оның сағаларын анықтаңыз. Сағаларға жақын орналасқан әріптік белгілерге қатысты өзендер мен қалалардың атауын кестеге толтырыңыз (суретте қалалар қара нүктелермен берілген). Келтірілген карта-сұлбалар бірдей масштабта жасалған. Картадағы өзендердің орналасу түрі өзгертілген.

№	Өзен	Саға, қала
A		
B		
C		
D		
E		

Бағалау өлшемдері:
 Әріптік белгілермен өзен атауларын дұрыс сәйкестендіріп көрсеткені үшін - 1 ұпайдан (5 ұпай) және қалаларды сәйкестендіргені үшін - 1 ұпайдан (максимум – 5 ұпай).
 Барлығы – 10 ұпай.

3-сурет

Суретте Джеймс Кэмеронның фильмінде кейбір ландшафтардың түпгүлгасы (прототип) болған тау көрсетілген. Оның атауын жергілікті өкімет өзгерткен және ол «Аллилуйя, Аватар!» деп аталады. Бұл тау қай елде орналасқан?

A) Таиланд
 B) Исландия
 C) Жаңа Зеландия
 D) Канада
 E) Қытай

4-сурет

<p>Тапсырма-1</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Масштабы анықта 2. Тұрғын үй санын анықта 3. Халық санынан анықта 4. Ауданын анықта 5. Халық тығыздығын анықта <p>Тапсырма-2.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жер теліміне орналастыруғы болатын инфрақұрылым түрлері <p>Тапсырма-3.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Қала аумағында қандай өзгерістер орын алған 	
--	---

5-сурет

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Педагогикалық шеберлік орталығының әдістемелік кеңесі.
2. https://egov.kz/cms/kk/articles/2Frepublic_olimp
3. <http://respa.daryn.kz/>
4. <https://cdn.bc-pf.org/olympiads/geography/national/final/2015/geo9-2-tasks.pdf>

**ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫ АЯСЫНДА ГЕОГРАФИЯ
ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТҮЙІНДІ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН
ДАМУ ТУРАЛЫ ЖОЛДАРЫ**

**Нургалиев Сакен Жубанбаевич
Түлкібас ауданы**

Ә.Молдағұлова атындағы жалпы орта мектебі

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында «Жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру» деп көрсетілген. Жеткіншек ұрпақты оқыту мен тәрбиелеудің жаңа құнды бағыты ретінде оқу пәндері мазмұнын қазіргі заман талабына сай өзгертуді, оқушыны оқу үрдісіндегі басты субъект ретінде қарай отырып, оның кең шығармашылықпен ойлауына мүмкіндік туғызып, бүкіл оқу жүйесін, әдістерін өзгерту талап етілуде. Басты мақсаты – өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі кезеңдегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру. Соңғы жылдары Қазақстан

Республикасының білім саласында жаңа, сапалы өзгерістер жүзеге асуда. Жаңартылған білім бағдарламасы – бұл уақыт талап етіп отырған қажеттілік. Білім мазмұнын жаңартудың басты мақсаты – білім сапасын көтеру. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жаңартылған білім беру мазмұнына көшу сатысы біртіндеп басталып, оқушыларды кең ауқымды дағдыларға үйретуге, функционалдық сауаттылықтарын арттыруға, адами құндылықтарын дамытуға көңіл бөліне бастады. Жаңартылған білім беру оқушыға да, мұғалімге де өз мүмкіндігін дамытып, жетілдіруге көмектеседі.

Қазіргі заманғы білім жүйесінің міндеті – интеллектуалды, өмір бойы оқуға дайын, жылдам өзгеретін қоғамға бейім ұрпақты тәрбиелеу.

География пәніндегі жаңартылған білім бағдарламасы пәннің негізгі ерекшеліктеріне байланысты берілген. Егер бұрын география жаңа жерлерді, елдерді, оларды зерттеуге қатысты мәліметтерді оқытса, қазір адамдардың қоршаған ортаны тиімді пайдалануы, экожүйенің тұтастығы, адам әрекетінің қоршаған ортаға тигізетін кері әсерін азайту, пайдалы қазбаларды сақтау жолдарын табу, табиғатта болып жатырған процестерді, әлемдегі саяси, демографиялық, экономикалық өзгерістерді зерттеуге бағытталған. Сонымен, жаңартылған білім жағдайындағы география курсына қандай өзгерістер бар? Егер дәстүрлі география курсына 7 сыныпта материктер, 8 сыныпта Қазақстанның физикалық географиясы оқытылса, қазіргі жаңартылған білім бағдарламасына сай, 7-8 сыныпта ол мынадай бөлімдерді қамтиды:

1. Географиялық зерттеу әдістері
2. Картография және картографиялық деректер базасы
3. Физикалық география
4. Әлеуметтік география
5. Экономикалық география
6. Елтану және саяси география негіздері

Жаңартылған білім беру бағдарламасының ерекшелігі: спиральды түрде берілуі. Спиральды құрылым білім мен дағдылардың сыныптан сыныпқа ілгерлемелі дамуын қамтамасыз етеді. Бұл білімнің қарапайым деңгейден күрделі деңгейге көшуі болып табылады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын қарапайым бақылауға, тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін өмірде қолдана білуіне бағытталған.

Мақсатқа жетудің басты жолы – жеке тұлғаға сапалы білім, саналы тәрбие беру. Сондықтан әр сабақты жаңаша оқытуға негіздеу қажеттілікке айналып отыр.

Құзіреттілік дегеніміз не? «құзыреттілік» және «құзырет» ұғымдарының жалпы қабылданған түсіндірмесі әлі қалыптаспаған, оларға түрліше мағына беріліп жүр.

Психологиялық сөздіктерде бұл ұғымға қатысты «Құзыреттілік – жеке тұлғаның қоршаған ортадағы адамдармен тиімді қарым-қатынас жасай білу

қабілеті» деген түсінік берілген. Оқушылардың құзыреттілігі, ең әуелі, мектепте оқыту үдерісі кезінде қалыптасады. Ол оқу үдерісінің негізгі сапа көрсеткіші болып табылады және қойылған педагогикалық мақсатқа жетуді көздейді.

Ал құзырет ұғымына мынадай анықтама беруге болады: құзырет деп оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік ұшқырлығын анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттіліктерді айтады. Бұдан құзыреттілік пен құзырет ұғымдарының бірін-бірі толықтыратыны және бірімен-бірі байланысты екендігін көруге болады.

Оқушылардың құзыреттілігі – оқушының алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық проблемаларды шешу үшін қолдана алу қабілеттілігі.

Оқу-тәрбие үрдісіне құзыреттілікке бағытталған тәсілдерді енгізу бағдарламасына сәйкес, келесі түйінді құзыреттіліктер анықталды.

1. Танымдық құзыреттілік:

- оқу жетістіктері;
- зияткерлік тапсырмалар;
- оқуға қабілеттілігі және білімін іске жарата білу.

2. Тұлғалық құзыреттілік:

- жеке қабілеттері мен талантын дамыту;
- өзінің мықты және әлсіз тұстарын білу;
- рефлексияға қабілеттілігі;
- динамикалық білім.

3. Өз білімін жетілдіру құзыреттілігі:

- өзін-өзі оқытудың жеке тәсілдерін ұйымдастыру және өздігінен білімденуге қабілеттілігі.;
- өз білімін жетілдіру әрекеті деңгейіне жауапкершілік;
- тез құбылмалы жағдайда білім, білік және дағдыны қолдана алу икемділігі;
- үнемі өз-өзіне талдау жасау, өз әрекетін бақылау.

4. Әлеуметтік құзыреттілік:

- ынтымақтастық, топта жұмыс жасау, коммуникативтік дағдылар;
- өздігінен шешім қабылдай білу, өз қажеттіліктері мен мақсаттарын ұғынуға ұмтыу;
- әлеуметтік тұтастық, қоғамда тұлғалық рөлін анықтай білу қабілеттілігі;
- жеке қасиеттерін дамыту, өзін-өзі реттеу.

География пәні көбіне ауызша жауаптары талап ететін болғандықтан жұптық, топтық, жеке жұмыстар арқылы табиғат құбылыстары мен заңдылықтарын сабақ барысында зерделеуге, зерттеуге жұмысын жүргізуге, болжамдар жасауға, өз пікірін дәлелдеуге, гипотеза ұсынуына, тіпті өзіндік кішігірім жаңалық ашуына мүмкіндіктер береді. География ғылымы - өте қызықты да күрделі ғылым. Жаңартылған білім мазмұнын география пәнінде жүзеге асыру - мұғалімнен үлкен шеберлікті, оған қоса ғылым мен техника

жаңалықтарын, яғни жаңа педагогикалық технологияларды әр сабағында тиімді қолдануды талап етеді.

Құзыреттілік-бағдарлы тапсырмалар

- қысқаша жазба жұмыстары (тезистер, конспектілер, буклеттер, эссе, тарихи шығарма, т.б.);
- тест тапсырмалары (жабық тест, ашық тест, реттік тест, сәйкестендіру тесті, мәтіндік тест, жағдаяттық тапсырма, құрама тест, балама тест, көпжауапты тест);
- шығармашылық жұмыстар (рөлдік ойындарға, сахналық көріністерге дайындық);
- өзара бақылау жұмыстары, әртүрлі атластар, карта, өздік бақылау, қатемен жұмыс, жоба жұмысы.

Міне география пәні басқа пәндермен салыстырғанда, картамен жұмысты талап етеді, оқушылардың деректерді жинауы, оларды сараптау, салыстыру, маңыздылығын бағалау, басқа пәндермен байланыстыру оқушы үшін ерекше қызық. Оқушылар оқулықпен жұмыс істеу барысында географиялық әдебиеттер мен карталар, сызбалар, суреттер, ғаламтор ақпараттарын пайдалану арқылы бір-бірімен білім алмасып бір-бірінің оқуының ілгерлеуіне ықпал етеді.

Күтілетін нәтижелер

Оқушылар:

- өздігінен талдауды
- өз қызметіне мақсат қоюды
- жоспарлау мен жинақтауды
- қорытындылау, салыстыра дәлелдеуді
- сыни тұрғыдан шешім қабылдауды
- өзін-өзі бағалауды
- өзін-өзі реттеуді
- өз әрекетінің әлсіз және күшті жақтарын көрсете білуді
- нені меңгергенін, нені меңгермегенін анықтауды
- өз білімін өзгермелі жағдайларда қолдана білуді үйренеді.

Қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі - өзгермелі әлеуметтік және экономикалық жағдайда өмір сүруге дайын, сонымен қатар айналасындағы шынайы өмірге белсенді қатынасын байқатып, оны жақсартуға ықпал ете алатын, бәсекеге қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Қазіргі кезеңдегі география пәнінің мұғалімінің міндеті – жас буынды жан-жақты дамыту, қиялы жүйрік тұлға ретінде баули отыра оқытудың шығармашылық сипатын күшейту, сөйтіп баланың жеке қабілеті мен әлеуметтік белсенділігінің дамуына жол ашатын шығармашыл тұлға қалыптастыру. География пәнін оқытуда нәтижеге бағытталған іс-әрекетті құзыреттілік тұрғыдан жүзеге асыру – негізгі міндет.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. География 8 сынып Р.Ә. Қаратабанов, Г.А.Қуанышева, Ж.Р.Байметова, К.М.Джаналеева I,II бөлім Алматы Алматы кітап 2018 ж
2. География 8 сынып С.Әбілмәжінова, К.Каймулдинова Алматы Мектеп 2018
3. С.Әбілмәжінова, А.Бикетова География 8сынып Әдістемелік құрал, Алматы «Мектеп» 2018 жыл
4. Мұғалімге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы Педагогикалық шеберлік орталығының Әдістемелік кеңесі.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Турлыбекова Гулжазира Максutowна
Ордабасы ауданы, Б.Кенжебаев ат.ЖОМ**

Қазіргі таңда еліміздің білім беру саласына өзекті құндылықтар мен мақсаттар мектеп оқушыларының жалпы үлгерімін арттыруды, сондай-ақ инновация мен көшбасшылықты енгізу үшін талап етілетін дағдыларды дамытуды, мектеп мәнмәтіні арқылы ұлттық сананы қалыптастырып, іске асыруды және ауқымды халықаралық тәжірибемен өзара әрекеттесуді көздейтін мазмұны жаңартылған бағдарлама енгізілді.

«География» пәні бойынша оқу бағдарламасы осы үдерістің құрамдас бөлігі ретінде оқушылардың әлем туралы білуге құмарлығын арттырып, дүниетанымын кеңейтуге, қоршаған әлемді ғылыми тұрғыдан түсініп, ол туралы біртұтас көзқарас қалыптасуына, бұл әлемді бағалап, сақтай білуіне көмектеседі.

«География» пәні табиғаттағы және қоғамдық құбылыстарды зерттейтін ғылым ретінде, сондай-ақ басқа да жаратылыстану пәндерімен, гуманитарлық бағыттағы және негізгі пәндермен өзара пәнаралық байланыстар жүргізе отырып оқытылатын пән болып табылады, яғни жаратылыстану-ғылыми білімнің құрамдас компоненті ретінде «География» пәні табиғи, қоғамдық, әлеуметтік нысандарды, құбылыстарды, үдерістерді өзара бірлікте қарастыратын маңызды пән болып табылады және оқушыларды түрлі географиялық жағдайларда адамдардың өмір сүру деңгейімен, шаруашылықтың жүргізілуі жайлы деректермен таныстыра

отырып, адамзаттың өмір сүру ортасын кешенді қарастырады, оқушылардың дүниені нақты заңдар бойынша қалыптасатын және дамитын аумақтық табиғи қоғамдық жүйелер түрінде қабылдауын қалыптастырады. Жаратылыстану мен географиядағы зерттеу тәсілдерімен байланысты ақпаратты өңдеуде ақпараттық технологияларды қолданудың маңызы зор [1].

Оқыту үдерісінде белгілі бір нақты пәнді зерттеу маңызды болғанымен, пәнаралық жұмыстарды жүргізу пәнді анағұрлым сапалы меңгеруге оң ықпалын тигізеді. Керри (Kerry, 2007) тұжырымдағандай, пәнаралық байланысты қолдану білімнің өзара тығыз байланыстылығы туралы Джон Дьюидің еңбектеріне негізделеді. Оқыту мен оқудағы бұл бағытты сындарлы оқыту теориясын жақтаушылар қолдайды, оқушылар бірлескен жұмыс барысында пәнаралық проблемаларды талқылап, өзара пікір алмасады. Оқушылар әртүрлі пәндер бойынша оқыту аспектілерін пайдалана алады немесе бір пән басқа пәнді оқытуды жетілдіруге негіз бола алады. Пәндер бойынша білімді ықпалдастыру оқушылар үшін білім беру үдерісінің өзара байланыстылығы мен маңызын арттыруға бағытталған.

География сабағында пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқушылардың пәндерге қызығушылығын арттыруға және білім сапасын арттыруға, оқушылардың ғылыми тұрғыдан ойлау дағдыларын дамытуға, оқу пәндеріне біртұтас жүйелі көзқарас қалыптастыруға, оқушыларды шығармашылығын дамытуға және ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартылуына мүмкіндік береді. Пәнаралық байланыс белгілі бір тақырып бойынша басқа пәндерден алған білімін пайдалану, эксперименттік жұмыс орындау, экскурсиялық сабақ өткізу және көлемді оқу материалын жалпылама қорыту барысында жүзеге асады. Пәндерді мазмұндары бойынша өзара үйлестіре оқыту - оқушылардың білім сапасын арттырып қана қоймай, сонымен бірге алған білімдерін іс жүзінде қолдана білулеріне ықпалын тигізеді, біртұтас әлемдік ой - танымдарының қалыптасуына жол аша отырып, ғылыми дүниетанымын кеңейтеді[2].

Географияны басқа пәндермен байланыстыра оқытудың екі түрлі тиімді жағы бар: біріншіден, география оқушылардың басқа оқу пәндеріне дайындығын күшейтеді, екіншіден, өз кезегінде физика, биология, тарих, қоғамтану пәндеріне қойылатын мәселелерді қатар зерттеуде оқу базасын толықтырады.

«География» пәнінің басқа пәндермен байланысы

<i>Пән (тақырып)</i>	<i>География сабағының тақырыбы</i>
Биология (Химиялық құрам)	Биосфера және оның құрамдас бөліктері

Химия (Көмірсутекті отындар)	Табиғи ресурстар
Дүниежүзі тарихы (Иемденуші және өндіруші шаруашылық түрлері (терімшілік, аңшылық, балық аулау, егіншілік, мал шаруашылығы, металл өңдеу, айырбас сауда)	Дүниежүзінің тарихи-мәдени аймақтары
Жаратылыстану (Энергия түрлері мен көздері)	Табиғи ресурстарды игерумен байланысты проблемалар
Физика (Әртүрлі географиялық ендіктегі аспан шырақтарының көрінерлік қозғалысы, жергілікті, белдеулік және бүкіләлемдік уақыт)	Табиғи-аумақтық кешендердің Қалыптасуы

Сабақты жоспарлау барысында пәнаралық байланысты жүзеге асыру - мұғалім мен оқушылардың бірлесе жұмыс жасауын күшейтеді, сабақ сапасын жақсартады, оның тәрбиелік ролін кеңейтуге мүмкіндік береді. Көптеген пән мұғалімдері жұмысын қиындатқысы келмейді, бірақ бұл сипаттар керісінше - олардың ой шешімін қамтамасыз ете отырып, сабақтың білімдік - тәрбиелік потенциалын күшейту мақсатындағы пәнаралық ынтымақтастықты арттырады.

Оқушылардың физика, химия, биологиядан алған білімдері физикалық география бойынша көптеген мәселелерді тереңірек білуіне септігін тигізеді, себебі өз республикамыздың физикалық географиясымен таныстырып қана қоймай, оқушыларға жаратылыстану ғылымдарының заңдылықтарын үйретеді және оқушылардың географиялық түсініктерін нығайтады, ойлау мен талдау қабілеттерін, іскерлік дағдыларын дамытуға көмектеседі. Осылайша, физикалық географияның бастапқы сатысы үшін жаратылыстану ғылымына тән пәндермен байланыстыра отырып түсіндіру маңыздырақ болмақ.

Экономикалық географияның қазіргі заманғы ерекшеліктерін көп жағдайда сол жердің немесе басқа аумақтың тарихи дамуын еске түсірмей түсіндіру мүмкін емес, сондықтан география сабақтарында ғылыми деңгейді көтеру үшін тарихпен пәнаралық байланыс жүргізудің үлкен маңызы бар. Сол сияқты оқушылардың кескін картамен, статистикалық, картографиялық

материалдармен жұмыс жүргізе білуге үйрету мен қалыптастыру - оқушылардың математикалық дайындығын жетілдіреді [3].

Пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін жаратылыстану саласы пәндері мұғалімдерінің пәндердің оқу бағдарламаларын зерделеу арқылы сабақтағы және сыныптан тыс жұмыстарды бірігіп жоспарлауы тиімді болып табылады.

География пәнінің сабақтарында пәнаралық байланыс әдістерін қолдану, оқушылардың бойында қоршаған ортаның бүтіндігі туралы тұтас ой, олардың көптүрлілігі туралы ой қалыптасады, сөздік қоры молаяды және ой танымы дамиды, қазіргі замандағы өз орындары мен ролдерін білуі, ойлағанына қол жеткізуі жүзеге асырылады. География пәні бойынша көптеген факторлардың әсері басқа пәндермен байланыстыра оқытуда танымдылықты арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Құсайынов А. Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы.- Алматы, 2013.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық. © «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016ж.
3. Мұсабеков Ә. Тұлғаға бағытталған білім.// «Қазақстан мектебі» журналы.-2007.-№1.

ГЕОГРАФИЯ ПӘНІН ОҚЫТУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Мейраш Айгул Кенесқызы
Түркістан облысы, Кентау қаласы
Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейі

Заманауи мектеп білімі саналы түрде таңдау жасап, өз бетінше шешім қабылдай алатын және қоғамдық өмірге жауапкершілікпен қатысуға ынталы тұлғаның қызығушылықтарына бейімделуімен ерекшеленеді.

Бүгінгі таңда педагогтің міндеті оқушыларды білім мөлшерімен жабдықтау емес, білімді өз бетімен алу үшін жағдай жасау болып табылады. Осыған орай, география пәнінің оқытылу сапасын жақсарту, оқыту әдістемесін ғылыми зерттеу нысанына ала отырып, соны ізденістер жасау, оны тікелей іс-тәжірибе арқылы дәлелдеуге қол жеткізу кезек күттірмейтін маңызды мәселеге айналуға.

География ғылымдарының қазіргі замандық деңгейі зерттеу аумақтарының, әсіресе, Қазақстан Республикасының географиялық ерекшеліктерін, теориялық зерттеулер мен ғылыми түсініктер жүйесін теріп алу және дидактикалық өңдеу міндеттерін қойып отыр. Қазіргі заман географиясының даму үрдісі мен оның табиғатты қайта

қалыптастыру мен тиімді пайдаланудағы ролінің өсе түсуін еске ала отырып, географияның барлық курстарында табиғи ресурстарды зерттеуге адам қоғамы мен табиғат арасындағы қарым-қатынас мәселелеріне, табиғат қорғауға, минералды-шикізат ресурстарын тиімді пайдалануға баса көңіл аудару керек. Бұл мәселелер оқу материалының бүкіл мазмұны арқылы өтетін болуы тиіс.

География - жалпыға міндетті білім мен фундаменталдық оқу пәндерінің ішіндегі Жер планетасы туралы толық түсінік беретін, бір мезгілде жаратылыстану және қоғамдық ғылым болып табылатын жалғыз пән.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңына сәйкес, оқушылардың қоршаған әлем туралы білімдерінің толықтығы мен біртұтастығын талап ететін дәстүрлі және қазіргі замандық оқу әдістерінің және Жер туралы ғылымдар жүйесінің білім жинақтау құралдарының көмегімен біздің Планетамыз туралы ғылыми көзқарас қалыптастыру «География» пәнінің оқу функциясының негізгі мазмұны болып табылады.


Осыған сәйкес географиялық білім оқушылардың географиялық заңдар мен заңдылықтардың, үрдістердің, әлемнің түрлі аймақтары мен елдеріндегі қоғам мен табиғаттың өзара қарым-қатынас объектілерін білуге және түсінуді үйретуге қызмет етеді.

География пәнін оқытуда оқушының адамзаттық құндылықтарды игеруі жаратылыстану, табиғат байлықтарын, туған өлкенің байлықтарын түйсінуі арқылы бойына сіңірілмек. Мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі оқушыларға құндылықтар арқылы тәрбие беруді, қалыптастырудағы аймақтық- өлкетану мәліметтерін пайдаланудың ролін арттыру, аймақтық базалық білім берумен байланыстыру, педагогикалық шарттарын айқындау, аймақтық өлкетануға тән ерекшеліктерді анықтау- география пәнінің негізі ретінде саналады.

Оқу үдерісінде өлкетану жұмыстарын жоспарлау мен ұйымдастыру оның деректерін пайдалану әсіресе, тәуелсіздік алған тұстан бері қозғалып келе жатқан мәселе. Осы кезекте назарларыңызға іс- тәжірибемнен өлкетану тақырыбына байланысты құрылған қысқа мерзімді жоспарымды ұсынамын:

3.5 Табиғи-аумақтық кешендер	Ататүрік атындағы №4 мектеп-лицейі		Сыныбы: 7
Оқушы саны:	Қатысқаны:		Қатыспағаны:
Мерзімі:	Мұғалімнің аты-жөні:	Мейраш Айгүл Кеңесқызы	
Тақырып: Туған өлкенің визит карточкасы: өлкетанудың деректер базасын әзірлеу.			
Оқу мақсаты	7.3.5 .2- Туған өлкенің табиғи-аумақтық кешендерін жоспар бойынша сипаттайды және өлкетану деректер базасын әртүрлі формада ұсынады.		
Ойлау дағдыларының	Білу, түсіну жинақтау		

деңгейі		
Сабақтың мақсаты	Туған өлкенің табиғи-аумақтық кешендерін сипаттап, деректер базасын жасау.	
Жетістік критерийлері	Туған өлкенің табиғи-аумақтық кешендері туралы біледі. Өлкенің табиғи-аумақтық кешендерін жоспар бойынша сипаттай алады. Өлкетану деректер базасын жасай алады.	
Тілдік мақсаттар Диалогқа/жазылымға кажетті тіркес	Географиялық орын Флора Фауна Экономика	
Құндылықтарға баулу	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет	
Пәнаралық байланыстар	Тарих, Биология	
АКТ қолданудағылары	Жылжымалы тақта, слайд көрсетілім	
Бастапқы бөлім	Табиғи-аумақтық кешендердің қалыптасуы	
Сабақ барысы		
Сабақтың жоспар ланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет	Дерек көздері Ресурстар
Басы 5 минут	<p>Кім жылдам? Сұрақтары арқылы өткен сабақты пысықтау. 1. Компоненттердің өзара байланысы кезінде не пайда болады? 2. Компоненттердің бірінің қасиеттері өзгерген кезде, кешен қасиеттері қалай өзгеруі мүмкін? 3. Географиялық қабық деп нені атайды? 4. Зоналдық кешендер бір-бірін қалай алмастырады? 5. Жердің жылу белдеулерін қалай сипаттауға болады? 6. Егер тау болмаса, жазықтық аумағындағы табиғат жағдайлары қалай өзгерер еді?</p> <p>Дескриптор: - Компоненттердің өзара байланысын, жылу белдеулерін сипаттай алады - Кешен қасиеттерінің өзгеруін анықтай алады - Географиялық қабық пен зоналдықты баяндайды - Тау болмаған жағдайда жазықтық аумағындағы табиғат жағдайларының өзгеретіндігіне дәлел келтіреді.</p> <p>(Б) I. Қызығушылықты ояту кезеңі. 1) Бастапқы стимул. Суретке қарап тақырыпты анықтайық.</p>	<p>Презентация Power Point</p> <p>Қосымша ресурстары</p> <p>•</p> <p>Презентация Power Point</p>

	 <p>(С) Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарымен, бағалау критерийлерімен таныстыру. (оқушыларды жаңа білімді игеруге ынталандыру)</p>	
<p>2 минут</p> <p>8 минут</p>	<p>2.Мағынаны тану кезеңі. (С)Мұғалім оқушыларға ашық сұрақ қояды.Туған өлке ұғымын қалай түсінесіздер? Оқушылардың пікірін тыңдап, талдау жасау арқылы дұрыс жауапқа бағыттайды. Бағалау: Марапаттаймын және кері байланыс ұсынамын. Мәтінмен жұмыс. Кентау қаласының географиялық орны мен тарихы Кентау қаратау жотасының батыс бөлігінде, теңіз деңгейінен 265 метр биіктікте, 120,9 шаршы километр жерді алып жатқан территорияда орналасқан. Облыс орталығы - Шымкент қаласынан солтүстік-батысқа қарай 195 км-дей жерде. Түркістан қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 30 км-дей жерде, Қаратау жотасының етегінде орналасқан. Кентау қаласы “Қаратау тәжі (корона)” және “Қазақстанның жасыл-желекті қаласы” деген аттарға ие. Кентау қаласы 1955 жылы тамыз айында Оңтүстік Қазақстан облысында құрылды. Қаланың бұрынғы атауы немесе қала құрылардағы елді мекеннің атауы Мырғалымсай болатын. Мырғалымсай деген кен орны да бар. Қазақстанның 59 шағын қалаларының бірі. Кентау қалалық әкімдігінде 4 ауылдық округ (Ащысай, Байылдыр, Хантағы, Қарнақ), 7 елді мекен бар Қала халқының саны (ауылдық округтермен қоса) 86 223 адам. Халықтың ұлттық құрамы: қазақтар 65,7%, өзбектер 25,2%, орыстар 5,4%, басқа ұлттар 3,7%. Қала алғаш құрылған кезде орыстар көптеп көшіп келді. Олардан бөлек, гректер, немістер, корейлер, шешендер де көшіп келді. Олар, негізінен, қуғынға ұшырағандардың туыстары мен арттарында қалған үрім-бұтақтары болатын. Кентау қаласын құрудағы мақсат Ащысай полиметалл кенішін байыту жұмыстары болатын. Климаты климаты континенттік. Қысы қысқа, жұмсақ, қар жамылғысы жұқа, тұрақсыз. Қаңтар айының жылдық орташа температурасы солтүстігінде –7 – 9°С, оңт-нде –2 – 4°С. Жазы ұзақ, ыстық, қуаң және аңызақты. Шілде айының жылдық орташа температурасы 25 – 29°С. Шөлді аймағында жауын-шашынның жылдық орташа</p>	<p>Үлестірме материалдар</p> <p>Презентация Power Point</p>

	<p>мөлшері 100 – 150 мм, тау алдында 300 – 500 мм.Топырағы кәдімгі сұр топырақ.</p> <p>Флорасы Негізінен шөл белдеміне тән өсімдік жамылғысы қалыптасқан. Сексеуіл, жүзгін, жусан, күйреуік, бұйырғын, ши, жантақ, еркекшөп; Қантағы, Байылдыр өзендерінің аңғарларында жиде, жыңғыл, тал; тау етегінде бетегелі-жусанды дала, тауларында жеміс ағаштары, арша, альпілік шалғын өседі.</p> <p>Фаунасы Жануарлардан қасқыр, түлкі, қоян, қарсақ, елік, арқар, таутеке, жабайы шошқа, қоңыр аю, барыс, сусар, борсық, шөлді аймақтарда бауырымен жорғалаушылардың түрлері тіршілік етеді. Құстардан ұлар, кекілік, бүркіт, шіл, торғайдың көптеген түрлері мекендейді. Табиғөсімдіктерджануарлар дүниесін сақтап қалу үшін Кентау қаласынан 17 шақырым жерде мемлекеттік Қаратау қорығы (2004) ұйымдастырылған.</p> <p>Қала экономикасы Қала экономикасындағы ірі кәсіпорындар: «Трансформатор зауыты» ААҚ – еліміздегі трансформатор жасайтын жалғыз зауыт, «Экскаватор» ААҚ – металл өңдеп, машина жасайды. Барит өнімдерін, түсті металл концентраттарын өндіретін «Оңтүстік түстіметалл» ЖАҚ-қа Кентау байыту фабрикасы, Ащысай металлургия цехы, темір жол цехы кіреді. Мақта-мата өнімдерін шығарады. «Табыс» акционерлік қоғамы, «Эластополимет» ЖАҚ резина-техникалық бұйымдарын, «Ердес-нан» ААҚ нан, тоқаш, кондитерлік бұйымдарын шығарады. Жалпы өнім жиынтығында өнеркәсіп үлесі 55%-ды (түсті металлургия – 28,8%, электр қондырғыларын шығару – 28,5%, машина жасау – 11,9%) құрайды.</p> <p>Кентау қалалық әкімдігінің ауыл шаруашылық саласы Барлығы 178 агроқұрылым бар, 2-і ЖШС, 166 шаруа қожалығы. Ауыл шаруашылық жалпы өнімінде: көкөніс дақылдарының (47,4%), <u>картон</u> (14,1%) және <u>ет</u> өндірудің (10,5%) үлес салмағы басым.</p> <p>Мәдениет пен қала көрінісі Білім беру, мәдениет саласында қалада Мәдениет сарайы, саябақ, «Кентау шұғыласы», «Кентау» атты қалалық газеттері, жергілікті «Икар» теле арнасы жұмыс істейді. 22 орта мектеп, балалар шығармашылық үйі, С.Байтереков атындағы музыка мектебі, Балалар көркемсурет мектебі, 7 кітапхана, «Дарын» мектептері, «Білім-инновациялық лицейі», кәсіптік-техникалық колледжі, Кентау көп салалы колледжі, Агроколледжі, Кентау политехникалық колледжі бар. Кентаудан Республикаға танымал өнер қайраткерлері Р.Сейтметов, С.Байтереков, Ә.Сығай, А. Әшімов сынды дара тұлғалар шыққан. Қалада көрнекті мемлекет қайраткерлері Д.А.Қонаевқа, С.Қожановқа, 2-дүниежүзілік</p>	
--	---	--

<p>15 минут</p> <p>5 минут</p> <p>5 минут</p>	<p>соғыста қаза болған жерлестеріне ескерткіш қойылған. Сақ жауынгері бейнеленген «Тәуелсіздік монументі» бар.</p> <p>Тапсырма 1 Мәтінді пайдалана отырып, Кентау қаласының визит Кентау қаласының карточкасын жасау:</p> <p>1- Топ «Атамекен» Кентау қаласының географиялық орны, тарихы және табиғат жағдайы.</p> <p>2- Топ «Туған өлке» Кентау қаласының халқы, әлеуметтік және экономикалық жағдайы.</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кентау қаласының географиялық орны, тарихын біледі; - Табиғат жағдайын сипаттайды; - Халқының ұлттық құрамын ажыратады; - Әлеуметтік- экономикалық жағдайын талқылайды. - Деректер базасын біріктіреді. <p>Бағалау: «Басбармақ» арқылы бағалау. Жоғары- Жарайсың! Көлденең – Жақсырақ Төмен қарай – Саған көмек қажет</p> <p>Тапсырма 2 «Бес жол өлен» Синквейн</p> <p>1.1-ші жол 1 зат есім (Кентау) 2.2-ші жол тақырыпты сипаттайтын 2 сын есім (Шырайлы шуақты) 3.3- ші жол 3 етістік (өседі, көркейеді, дамиды) 4.4- ші жол сезімді білдіретін 4 сөзден құралған 1 сөйлем (Қазақстанның жасыл-желекті қаласы) 5.5- ші жол тақырыптың мәнін ашатын 1 сөзден құралған синоним (Таукен)</p> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Тақырыпқа қатысты зат есімді жазады; - Тақырыпты сипаттайды; - 4 сөзден құралған сөйлем құрастыра алады. <p>Бағалау: Марапаттаймын және кері байланыс ұсынамын.</p> <p>Кері байланыс:</p> <p>1- Баспалдағы. МенБІЛЕМІН 2- Баспалдағы Мен.....ТҮСІНЕМІН 3- Баспалдағы Мен.....ЖАСАЙ АЛАМЫН</p> <p>Үй тапсырмасы: Кентау қаласы туралы қосымша дерек көздерінен хабарлама дайындау.</p>	<p>А3 қағазы</p> <p>А4 қағазы</p> <p>Үлестірме қағаз</p>
---	--	--

		Слайд
	Қосымша ақпарат	
Дифференциациялап оқыту – Оқушыларға көбірек қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндеттер қоюды жоспарлайсыз?	Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-ны қолдану
<p>Қабілеті төмен оқушылар: -Компоненттердің өзара байланысы кезінде не пайда болады? -Географиялық қабық деп нені атайды? -Зоналдық кешендер бір-бірін қалай алмастырады? -Жердің жылу белдеулерін қалай сипаттауға болады? -Кентау қаласының географиялық орны, тарихы.</p> <p>Қабілеті қалыпты оқушылар: -Компоненттердің бірінің қасиеттері өзгерген кезде, кешен қасиеттері қалай өзгеруі мүмкін? -Туған өлке ұғымын қалай түсінесіздер? -Табиғат жағдайын сипаттау; -Халқының ұлттық құрамын ажырату;</p> <p>Қабілеті жоғары оқушылар: -Егер тау болмаса, жазықтық аумағындағы табиғат жағдайлары қалай өзгерер еді? -Әлеуметтік- экономикалық жағдайын талқылау. -Деректер базасын біріктіру.</p>	<p>Кері байланыс</p> <p>«Басбармақ» бағалау әдісі</p> <p>Марапаттау.</p>	<p>Сабақта сергіту жаттығулары мен белсенді жұмыс түрлерін қолданамын. Осы сабақта қолданылатын Қауіпсіздік техникасы ережелерінің тармақтарын басшылыққа аламын.</p>
Сабақ бойынша рефлексия		

Географиялық білім берудегі тәжірибелік бағытты күшейту міндетін шешу – оқытудағы теория мен практиканың бірлігін қамтамасыз ететін, жалпы оқу және зерттеу біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыратын, оқушылардың оқу-зерттеу жұмыстарын мақсатты, жүйелі ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады. Оқыту процесінің нәтижелі болуы қойылған мақсаттың нақтылығынан, оны оқушылардың жете түсінуіне байланысты. Осы ретте география пәніне қызығушылық танытып жүрген шәкіртім 8«А» сынып оқушысы Қасенов Дидарға «Батыс Еуропа- Батыс Қытай автомагистралінің қоршаған ортаға әсері және олардың алдын алу»

тақырыбында ғылыми жоба жазуға жетекшілік жасап жүргенімді айта кеткім келеді.

Зерттеу жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың ой-өрісін дамыта оқыту технологиясын жетілдіріп отыру қажет.

Ұрпақ бойында ғасырдан бергі үздіксіз келе жатқан тәжірибені дамыту, келешекке жеткізу, оқушылардың ортамен қарым-қатынасын дамыту, өзінің қоғамдағы орнын анықтау, өзін және өзгені танып-білудің құралына айналдыру-нәтижеге бағдарланған білім негізінің басты бағыттары болып отыр. Ендеше, география пәнін оқытуда бүгінгі ХХІ ғасыр ұстазы жаңалықтың ішінде болуы заңды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Құдайбергенова. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критерий // «білім сапасын бағалаудың мәселелері: әдіснамалық негізі және практикалық нәтижесі» атты халықаралық ғылыми – практикалық конференцияның материалдары. 2008.
2. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы.
3. Білім айнасы газеті. 2017ж.25 желтоқсан
4. Білімді ел газеті. 2021ж.23 тамыз <https://asu.edu.kz> >интернет желісі

ХИМИЯ ПӘНІ БОЙЫНША 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Керимбекова А.А.
ТОӘО химия пәнінің әдіскері

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Әрбір педагогке шәкірттерінің білімін толықтыру бойынша арнайы жұмысты ойластыру және тиімді жүргізу қажет болып отыр. Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі – А.Байтұрсыновтың әдістемесі негізінде әзірленген «Әліппе» мен «Букварь» пәндерінің қайтарылуы. Бұл идея былтырғы тамыз конференциясында айтылған болатын. Бірінші қыркүйек күні мектеп табалдырығын алғаш аттаған бүлдіршіндерге салтанатты түрде «Әліппе» және «Букварь» оқулықтары табыс етіледі.

Химия – заттар, олардың қасиеттері, құрылымы және олардың бір-біріне айналуы туралы ғылым. Химия органикалық және бейорганикалық

заттардың құрамын, заттардың құрылымын, заттардың өзара әрекеттесу қабілетін зерттейді және химиялық энергияның жылу, электр, жарық тағы басқа энергияларға өту құбылыстарын зерттейді.

7-9-сыныптарда «Химия» оқу пәнінің төмендетілген оқу жүктемесі бойынша әзірленген Үлгілік оқу бағдарламасында жаңартылған мазмұндағы Үлгілік оқу бағдарламасында қарастырылатын бөлімдер толығымен сақталған, тек оқу мақсаттарының, зертханалық жұмыстар мен көрсетілімдердің санында айырмашылықтар бар (54-кесте).

«Химия» пәнін ұйымдастырудағы міндеттердің бірі білім алушылардың оқу пәндері бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану және тәжірибеге бағытталған біліктілігі мен дағдыларын дамыту. Химия сабақтарында жүргізілетін практикалық және зертханалық жұмыстар талдауға, жинақтауға, бағалауға, болжауға, есептеуге, түсіндіруге, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтауға, жобалық тапсырмалар орындауға, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Практикалық және зерттеушілік жұмыстар, зертханалық тәжірибелер орындау, эксперименттер және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен заңдылықтардың мәнін түсіну тереңдетіледі.

Білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарды көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Оқу бағдарламаларында білім алушылардың зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау қарастырылған, мысалы «Тағам құрамындағы қоректік заттарды анықтау» практикалық жұмысы, «Тыныс алу процесін зерттеу» зертханалық тәжірибесі т.б.

Қазақстанның байлығы болып табылатын жанар май қоры мен минералдық ресурстар туралы білім алушыларға «Жаратылыстану» және «География» пәндері курсынан өз білімдерін жинақтап қорытуға мүмкіндіктері бар. Жер қыртысының химиялық құрамы, кендерден металл өндіру негіздері мәселелері қарастырылады. Бұл тақырыпты зерделеу жансыз табиғатта өтіп жатқан процестер туралы білімдерін тереңдетуге, сондай-патриоттық сезімдерін оятуға мүмкіндік береді.

Оқу жылы ішінде химия пәні мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктеріне төмендегідей тақырыптар ұсыныс ретінде беріледі: Химияны оқыту практикасында заманауи дидактикалық тәсілдерді жүзеге асыру. Оқытудағы жүйелік әрекет және тұлғаға бағытталған тәсілдер.

Білім алушылардың оқу-танымдық және ғылыми-зерттеу құзыреттерін дамыту. Пәнішілік және пәнаралық байланысты жүзеге асыру. Белсенді және

интербелсенді оқыту әдістерімен химия сабақтарында білім беру саласындағы ынтымақтастықты ұйымдастыру тәсілдері. Білім мен дағдыларды түзету бойынша іс-шараларды ұйымдастыру, өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту бойынша іс-шаралар ұйымдастыру.

Химия пәні бойынша оқу сабақтарында бақылау-бағалау процесінде білім алушылардың ұйымдастырушылық және білімділік қабілеттерін қалыптастыру. Білім алушылардың бірін-бірі бақылау, бірін-бірі бағалау, өзін-өзі бағалау, кері байланыс тәсілдерін тиімді пайдалану, пәнді оқытуда анықталған кемшіліктерді жою бойынша жүйелі жұмыстарды ұйымдастыру

2021-2022 оқу жылында білім алушылардың өткен оқу жылдарындағы біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру

Өткен оқу жылдарындағы химия оқу бағдарламасының оқу мақсаттары бойынша әкімшілік диагностикалық бақылау жұмысын жүргізу (әртүрлі тест тапсырмалар, графиктер, диаграммалар, есеп шығару, жазбаша тапсырмалар) Тақырыптар бойынша олқылығы бар оқушылардың санына байланысты өткен тақырыптардың ішінен қиындық тудырған тақырыптарды анықтау. Мысалы, қандай да бір тақырыпты меңгермеген оқушылардың саны көп болса, сол тақырып күрделі болып есептеледі. Мысалы, 9-сыныпта оқушы егер «нөлдік қосынды» әдісімен формуланы құрастыра алмаса, салыстырмалы молекулалық/формулалық массаны анықтап алмаса, заттар массасының сақталу заңын қолдана алмаса, қоспамен байланысты есептеуге берілген тапсырманы шығара алмайды.

Білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру бағытындағы іс-әрекеттерді ұйымдастыру бойынша ұсыныстар

1-тоқсанда:

5-сынып пен 6-сынып арасындағы сабақтастықты сақтау;

4-сыныптан келген баланың жеке ерекшеліктерін ескеру.

7-сыныпта білім алушының «Биология», «Химия», «Физика»,

«География» пәндерінде 6-сыныптағы «Жаратылыстану» пәнінің мазмұнымен сабақтастығын және алған білім деңгейін ескеру.

1-ұсыныс:

1) 5-сыныпқа келген білім алушыларға арнайы фокус-жоспар құру;

2) бастауыш сыныпта «Жаратылыстану» пәнінен алған білімдеріне талдау жасау;

3) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің жоспарына сәйкес 6-сыныптағы мазмұнмен сабақтастықты сақтай отырып, жоспар жасау.

2-ұсыныс:

1) «Биология», «Химия», «Физика», «География» пәндерінің әдістемелік бірлестігі оқушылардың біліктілігін анықтау жұмыстарын жүргізуі тиіс.

Олқылықтардың орнын толықтырудың кезеңдері:

1-қадам. Олқылықтарды анықтау. Диагностика жүргізу. Диагностикадан кейін оқушылардың біліміндегі олқылықтарды деңгейіне қарай күрделіден қарапайымға дейін жіктеп, бөлу. Бірінші орында негізгі базалық білімдегі олқылықтармен жұмыс: мысалы, заттар және олардың қасиеттері, периодтық заң, энергия түрлерін т.б. білулері керек. Мектепте, жалпы өмірде бұл ұғымдар үнемі қолданылады, сондықтан оларды бірінші кезекте меңгерту ұсынылады.

2-қадам. Уақытты белгілеу. Анықталған олқылықтардың деңгейіне қарай оған жұмсалатын уақытты жоспарлау. Бір тақырыпқа бірнеше сағат бөлу не керісінше бір сабақтың ішіндегі белгілі бір уақыт жеткілікті болуы мүмкін.

Мысалы, 6-сыныпта алдыңғы тақырыптардың мазмұнына назар аудара отырып, қайталамау жағын қарастыру.

3-қадам. Оқыту әдісін таңдау. Білімдегі олқылықтарды толықтыру бойынша шараларды таңдау үш факторға байланысты:

- өткізілетін материалдың көлемі;
- жоспарланған уақыт мөлшері;
- баланың жас және жеке ерекшеліктері.

Пәннің оқу бағдарламасы бойынша жаңа оқу жылында өтілетін тақырыптар мен оқу мақсаттарына сәйкес келетін өткен оқу жылдарындағы күрделі тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтау. Егер бағдарламада оқу мақсаттары, оқу сағаттарының саны бойынша өзгерістер болса, бұл жағдайды оқушылардың біліміндегі олқылықтарды жою үшін жұмысты жоспарлау кезінде ескеру қажет. Сәйкес келетін тақырыптар мен оқу мақсаттарын анықтағаннан кейін қысқа мерзімді сабақ жоспарларын мақсаттарды үйлестіре, кіріктіре отырып әзірлеу. Жаңа тақырыптар мен оқу мақсаттарын меңгеру үшін өткен оқу жылдарындағы тақырыптар бойынша білімінде олқылығы бар оқушыларға алдын ала дайындалып келуге берілетін тапсырмалар әзірлеу. Шағын жобаларды, презентацияларды, пікірталас түрінде өткізуге, ғылыми эссе жазуға және т. б. қосуға болады. Химия бағдарламасы бойынша оқу мақсаттары кіріктірілген қысқа мерзімді сабақ жоспарымен сабақты ұйымдастыру арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа оқу мақсаттарына қол жеткізу. Жаңа сабақтан бұрын кеңес беру кестесі бойынша сабақ жүргізу арқылы оқушылардың біліміндегі олқылықтарын толықтыра отырып жаңа мақсаттарға қол жеткізу болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

2. «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқутәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы». Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан: Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА, 2021. – 378 б.

«ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУДАҒЫ ПӘНАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Ермашова Айдана Сейфуллақызы
Созақ ауданы, Ғ.Мұратбаев а
тындағы жалпы орта мектебі

Мақсаты:

Қоршаған ортаны түсіне алатын санасы жоғары, белгілі бір құбылысқа деген өзіне тән ғылыми көзқарасы бар шығармашылық тұлға тәрбиелеу. Химияны басқа пәндермен байланыстыра оқытудың ерекшелігін айқындап, әдіс-тәсілдердің тиімділігін анықтау. Химия пәнінің пәнаралық байланысына қысқаша сипаттама бере отырып, мысалдармен көрсету.

Міндеттері:

- Өмірдің барлық саласында белсенді, шығармашылық іс-әрекетіне қабілетті, ойлы ұрпақ қалыптастыру;
- Әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасы мен бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып оқу үрдісін жүргізу;
- Оқушының химиялық білім, білік, дағдыны оқу үрдісінде, өмірде, қоғамға пайдалы еңбекте жүзеге асыра білуге үйрету;
- Оқушының пәнге көзқарасын, икемі мен құштарлығын пәнаралық байланыс негізінде экологиялық білім бере отырып дамыту, болашақ мамандықтарына бағдар беру;

Нәтижесінде:

Оқушылардың білім-біліктілігін, шығармашылық қабілеттерін шыңдауға мүмкіндік беру арқылы үздік көрсеткішке жеткіземіз. Оқушылардың логикалық ойлауын, сана сезімін, дүниетанымын, іскерлігін қалыптастырып, шығармашылығын дамытуға қол жеткіземіз. Оқу мүмкіндігіне қарай білім мазмұнының игерілуі мұғалім мен оқушы арасындағы байланысты нығайтады. Оқушылардың білім алу кеңістігіне толық мүмкіндік беріліп, өзін-өзі басқара отырып, келешек мамандық таңдауда өзі анықтауға икемделеді.

Өзектілігі:

Пәнаралық байланыс – қазіргі кезеңдегі оқытудың ең көп пайдаланылатын үрдістердің бірі болып табылады. Ол пәндер арасындағы заңды байланыстылықтарды реттейді, оқушылардың алған білімдерінің бір-бірімен сабақтастығын және байланыстылығын, біртектілігін бір жүйеге келтіреді. Пәнаралық байланыстың сан алуан мақсаттары бар. Бірі пәнаралық байланыс бойынша білімнің теориялық базаны нығайтуды көздесе, екіншісі, пәнаралық байланыс арқылы оқушылардың дүниетанымын қалыптастыруды, үшінші осы мәселе негізінде оқушылардың практикалық дағдылары, лабораториялық жұмыстарды өздігінен орындауға деген шеберліктерін арттырып және түрлі мақсаттарды алдына қойған.

Сонымен қатар, оқыту процессінде пәнаралық байланыс мәселесін жүзеге асыру арқылы білім беру үрдісінің пәндік құрылымына сүйене отырып, оқушы санасында қоршаған ортадағы нақты құбылыстар жөнінде білім жүйелерін беру, олардың дүниенің біртұтас тығы туралы ұғымын қалыптастыру.

Оқытуда пәнаралық байланыс мәселесін жүзеге асыру арқылы білім беру үрдісінің пәндік құрылымына сүйене отырып, оқушы санасында қоршаған ортадағы нақты құбылыстар жөнінде білім жүйелерін беру, олардың дүниенің біртұтастығы туралы ұғымын қалыптастыру мақсаттары жүзеге асады.

Орта мектептерде пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру оқытушының аса күрделі әдістемелік міндеттерді шешуін талап етеді. Себебі, оқытушы тек бір ғана негізгі пәннің мазмұнын, мақсатын, әдістерін меңгеріп қана қоймай, арнайы пәндердің, мысалы: биология, физика, география пәндерінің мазмұнын, мақсатын және оларды оқытуға қойылатын талаптарды жете білуі қажет. Сондықтан мектептерде химия пәнін оқытуда пәнаралық жұмыстарды жүзеге асыру үшін осы пәндерді оқытатын оқытушылармен бірлесіп жұмыс істегенде ғана жетістікке қол жеткіземіз.

Оқушылардың шығармашылығын, ізденімпаздығын қалыптастыруда сыныптан тыс, жеке, ұжымдық жұмыстар ұйымдастыруда шығармашылық, пәндік апталықтар, жобалар, пәндік үйірмелер мен факультативтік сабақтардың маңызы зор. Сондай-ақ мектептегі пәндік олимпиадалар, сайыстар, түрлі шығармашылық кештер оқушылардың ізденіс қабілетін ұштап, дербес оң нәтижеге жетуге ықпал етеді.

Шығармашылық сабақтардың оқушылар үшін мынадай маңызды жақтары бар:

- Оқушының танымдық ізденімпаздығы қалыптасады;
- Сұрақтарды, мәселелерді терең талдауға үйренеді;
- Шығармашылық ой-өрісі артады;
- Кітаппен жұмыс, көрке және ғылыми әдебиеттер, басқа материалдармен жұмыс істеу біліктерін қалыптастырады;
- Оқушы өз ойын еркін айтуға, сөз мәдениетіне үйренеді;
- Білімін жүйелі түрде толықтырады;
- Өз әрекетіне сын тұрғысынан қарауға;
- Тұжырым жасап қортындылауға үйренеді;
- Оқу міндеттерін тиімді шешу мүмкіндігін тудырады.

Химия пәнін оқытуда – биология, физика, математика пәндерін білмейінше, қазіргі кездегі химия негіздерін меңгеру мүмкін емес, ал жаратылыстану пәндерін химияны білмей, толық түсіне алмайды. Олай болса, химия пәнінен алған сапалы білім, жалпы оқушы көзқарасының қалыптасуына әсері зор. Химия жаратылысты зерттейтін ғылымдардың бірі. Жаратылыс дегеніміз –

бізді айнала қоршаған материалдық дүние. Сондықтан химия жаратылыстану ғылымдарның қатарына жатады.

Пәнаралық байланыстың мақсаты - оқушыларды жаңа сұрақтар мен есептерді шешкенде әр түрлі пәндерден алған білімдерін өздігінен қолдана білуге үйрету. Сабақтарда оқушылардың танымдық қызметін белсендіру үшін келесі әдістемелік жолдарды қолданған маңызды:

- Сабақ басында немесе жаңа материал түсіндіру үрдісінді басқа пәндерден алған білімдерінеке түсіру үшін қайталама әңгімелесулерді өткізу;
- Аралас пәндерден білімін қажет ететін мәселелік сұрақтарды қою және шешу, мәселелік ситуацияларды тудыру;
- Оқулықтан параграфын көрсетіп, басқа пәндерден алған білімдерін қайталап келуге алдын-алауіге тапсырма беру;
- Сыныпта ұжымдық жұмыс жасай отырып, жекелей және топтық тапсырмаларды біріктіру;
- Оқушылардың әртүрлі пәндерден алған білімдерін жинақтайын сыныптан тыс жұмыстарға сүйену.

Оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты жүйелі түрде қолдану оны ұйымдастыру түрлерін жетілдіруді қажет етеді. [Тәжірибе көрсеткендей](#), егер оқытудың ұйымдастыру түрлері ұжымдық сипатқа ие болса, әртүрлі пәндерден алған білімдерін синтездеу және қолдану табысты жүзеге асады.

Әр түрлі пән мұғалімдерінің бірлесе жұмыс істеуі, олардың берген консультациялары басқа пәндерден алған білімдерін қолдануға мүмкіндік береді. Ұжымдық оқу жұмысын ұйымдастыру оқушылардың әрқайсысына өзінің табысы жоғары және ерекше қызығушылығын тудыратын пәндердегі білімдерін белсенді қолдануға көмектеседі. Бұл сынып ұжымын нығайтады және оқушылардың пәнаралық байланысқа қызығушылығын арттырады. Оқыту практикасында пәнаралық байланысты қолдану оны ұйымдастырудың жаңа түрлері: комплексті семинар, комплексті экскурсия, пәнаралық конференция, комплексті факультативтер және т.б. туындауына әкеледі.

Оны әлемнің үздік деген оқу орындары дәйекті түрде жүзеге асырып келеді. Жалпы карантиндік жағдай біз үшін үшін сынақтан өтудің де, әрі осы бағыттағы жетістіктерді көрсетудің де жақсы мүмкіндігі болуға тиіс.

Көрнекті педагог В. Ф. Сухомлинский «Егер мен сабақ беруші ғана болсам, педагогтік деңгейге көтеріле алмас едім, шәкірттерімнің жүрегі мен үшін қақпасын мәңгі ашпас тас қамалдай болып қала берер еді», - деген сөзін өз санамызға сіңіріп, бұл тұжырымға көп мән беруге болады. Мысалы, мектеп оқушыларының көпшілігі химия пәнін меңгеруде көптеген қиыншылықтарға ұшырайды. Әрине, басқа пәндерге қарағанда бұл пәннің қиыншылығы да баршылық, өйткені әр түрлі формулалар, есептер, заңдылықтарды қашықтықтан меңгеру, шығару қиындықтарға әкеп соқтырады. Бірақ кез келген пәнді жақсы меңгеру үшін оқушылардың сол пәнге деген

қызығушылығын арттыру керек. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігіне келіп тіреледі. [Айдосова З. «Дамыта оқыту технологиясының мәселелері» 2004] Жас ұрпаққа жан - жақты білім беру әрбір ұстаздың басты міндеті. Қай әдісті пайдалансақ та алға қойған мақсат біреу. Ол оқу бағдарламасының материалдық мазмұнын оқушы бойына сіңіру.

Оқыту үрдісінде пәнаралық байланысты жүйелі түрде қолдану оны ұйымдастыру түрлерін жетілдіруді қажет етеді. [Тәжірибе көрсеткендей](#), егер оқытудың ұйымдастыру түрлері ұжымдық сипатқа ие болса, әртүрлі пәндерден алған білімдерін синтездеу және қолдану табысты жүзеге асады. Әр түрлі пән мұғалімдерінің бірлесе жұмыс істеуі, олардың берген консультациялары басқа пәндерден алған білімдерін қолдануға мүмкіндік береді. Ұжымдық оқу жұмысын ұйымдастыру оқушылардың әрқайсысына өзінің табысы жоғары және ерекше қызығушылығын тудыратын пәндердегі білімдерін белсенді қолдануға көмектеседі. Бұл сынып ұжымын нығайтады және оқушылардың пәнаралық байланысқа қызығушылығын арттырады.

Оқыту практикасында пәнаралық байланысты қолдану оны ұйымдастырудың жаңа түрлері: комплексті семинар, комплексті экскурсия, пәнаралық конференция, комплексті факультативтер және т.б. туындауына әкеледі.

Пәнаралық байланыс сабаққа басқа пәндерден алған білімдерін қажет ететін, белгілі танымдық есептерді шешетін сабақтың жеке этапы немесе фрагменті түрінде енуі мүмкін.

Сабақтың жеке тақырыптарының оқу материалдары басқа пәннің оқу материалымен тығыз байланысты болғандықтан, пәнаралық байланысты сабақ бойы жүзеге асырады. Негізгі танымдық тапсырмалары басқа пәндерден алған білімін қолдануды талап ететін сабақ *пәнаралық* деп аталады.

Пәнаралық байланысты өткізудің дидактикалық талаптары қандай? Ондай сабақтар қандай жағдайда тиімді болады?

Экспериментті сабақтар анализі, оларды бақылауға алынған сыныптармен салыстыру келесі талаптарды қоюға негіз болды:

- пәнаралық байланысы бар сабақ басқа пәндердегі білімдерін қажет ететін нақты анықталған оқу – танымдық тапсырмалары болуы керек;
- ондай сабақта басқа пәндердегі білімдерін қолданғанда оқушылардың қызығушылығы мен жоғары белсенділігі қамтамасыз етілуі керек;
- пәнаралық байланыстар сыртқы немесе жасанды сипатқа ие болмауы керек, олар оқылатын материалдар мен құбылыстардың негізін оқушылардың түсінігіне бейімдеу керек;
- пәнаралық байланыс негізінде оқушылардың дүние танымдық көзқарасын қалыптастыру керек.

Пәнаралық байланыстың мақсатты - оқушыларды жаңа сұрақтар мен есептерді шешкенде әр түрлі пәндерден алған білімдерін өздігінен қолдана

білуге үйрету. Сабақтарда оқушылардың танымдық қызметін белсендіру үшін келесі әдістемелік жолдарды қолданған маңызды:

- сабақ басында немесе жаңа материалды түсіндіру үрдісінде басқа пәндерден алған білімдерін еске түсіру үшін қайталама әңгімелесулерді өткізу;
- аралас пәндерден білімін қажет ететін мәселелік сұрақтарды қою және шешу, мәселелік ситуацияларды тудыру;
- оқулықтан параграфын көрсетіп, басқа пәндерден алған білімдерін қайталап келуге алдын-ала үйге тапсырма беру;
- сыныпта ұжымдық жұмыс жасай отырып, жекелей және топтық тапсырмаларды (қызығушылығы бойынша, таңдауы бойынша және міндетті түрде) біріктіру;
- оқушылардың әр түрлі пәндерден алған білімдерін жинақтайтын сыныптан жұмыстарға сүйену.

Пәнаралық байланыстың ортақ функцияларын қамтамасыз ету үшін сабақтың мынандай түрлерін ұйымдастыру тиімді: жалпылама-қайталама сабақтар, лекция түріндегі сабақтар, [конференция сабақтар](#), «саяхат»-сабақтар және т.б.

Пәнаралық байланысы бар сабақтардың тиімділігін бағалау мен анализдеу барысында табылған критерийлердің қысқаша тізімі:

I. Пәнаралық байланыс деңгейінде сабақ тапсырмаларын нақтылау.

II. Сабақтағы пән аралық байланыстардың түрлері:

1. Аралас курс материалдарын оқыту уақыты бойынша –
2. Байланыс құрылатын оқу материалының сипаты бойынша – фактылық, түсініктік, теориялық, философиялық, идеологиялық;
3. Жалпы пәндік іскерліктер сипаты бойынша – есептік-өлшегіш, графикалық, эксперименттік-практикалық және т.б.

Пәнаралық байланыстар ғылымның негіздерін тереңінен ұғынудың дидактикалық құралы және шарты болып келеді. Пәнаралық байланыстар оқушылардың білімдерінің ғылыми деңгейін жоғарылатады, қисынды ойлаудың, шығармашылық қабілеттердің дамуына себеп болады, дүниетанымның қалыптасуына жағдай жасайды. Мысалы, химия, физика және информатика пәндерінің арасындағы пәнаралық байланыс келесі бағыттарда іске асырылуы мүмкін:

- жалпы дүниетанымдық түсініктерді қалыптастыру (әлемнің ғылыми көрінісінің бір бөлігі болып келетін әлемнің ақпараттық моделі, жүйе),
- химия, физика және информатика пәндеріне жалпы болып келетін түсініктерді қалыптастыру (модель, ақпарат),
- жалпы заңдарды (ақпаратты тасымалдау және тіркеу) және теорияларды оқу, танымның жалпы әдістерін қолдану.

Химия курсының, оның ішінде электр химиясының сұрақтарын талдау кезінде қарастырылып жатқан құбылыстарды ақпаратты жинау және өңдеу құрылғы-ларында қолдану тұжырымдамаларына сілтеме жасауға болады.

Мысалы, электр химиясын қарастырғанда білім алушылар жартылай өткізгіш құралдары: диодтар және транзисторлардың жұмыстарымен де танысады. Осы кезде оқытушы бұл құрылғылар арқылы әр түрлі электрондық құрылғыларды: ЖӘНЕ, НЕМЕСЕ, ЕМЕС шарттарды орындайтын логикалық элементтерді, тікбұрышты импульстерді шығаратын импульстер генераторын, екі орнықты күйде болатын және 1 бит ақпарат сақтай алатын триггерлерді жасауға болатынын мәліметтерді де айтып өтсе болады. Сонымен қатар электр магниттік толқындар арқылы іске асырылатын радиобайланыс пен ақпаратты тасымалдау, яғни телекоммуникациялық желілер саласындағы жетістіктер, амплитудалық, жиіліктік және фазалық модуляциялар, байланыс желілерінің жиіліктік және уақыттық жіктелуі, сыртқы және ішкі фотоэффект құбылыстарына мысал ретінде лазерлік принтердің, сканердің, фото- және бейнекамералардың жұмысын т.б. келтіруге болады.

Химияны пәнаралық байланыста оқытуды келесі құбылыстарды түсіндіру барысында да іске асыруға болады. Оған мысал ретінде

- идеал газдың молекула-кинетикалық теориясы (сиретілу дәрежесі анықталған техникалық вакуум алу),
- Электрондық шоқтардың магнит және электр өрістеріндегі қозғалысы (дисплей экранындағы бейнені жаймалау, шоқтарды келтіру, бейне геометриясын түзету),
- түстердің араласу заңы және флуоресценция (түрлі түсті бейне алу),
- электромагниттік индукция және өздік индукция, ажырату және тұйықтау экстратоктары, сұйық кристалдар (LCD-мониторының экраны),
- төмен жиілікті газ разряды (плазмалық панельдер),
- Бугер заңы (сәулеленудің әр түрін жұтатын экрандардың қорғағыш беттері),
- заттың магниттік қасиеттері және магнит өрісін басқару ("винчестерлер", дискеталар, ZIP-дисктер),
- лазерлер, дәлдік оптика (CDR, CD RW және DVD) т.б.

Оқыту үдерісінде компьютерлік құралдарды қолдану білім алушылардың білім сапасына, оқу-тәрбие үдерісінің тиімділігіне, білім алушының танымдық әрекетінің белсенділігіне әсер ететін дидактикалық жағдайлардың бірі болып табылады. Соның көмегімен материалдық әлемнің және әсіресе, білім алушының түрлі себептермен өздері бақылай алмайтын құбылыстары мен нысаналары туралы толық және көрнекі түрде ақпарат алуына болады. Біз оқыту үдерісінде техникалық құралдардың статистикалық (мультимедиапроектор, фотоаппарат, цифрлық фотоаппарат, сканер, ксерокс), динамикалық (бейнекамера, цифрлік камера, web камера, кинопроектор, теледидармен немесе мультимедиапроектормен біріктірілген бейне-магнитофон) және интерактивтік (арнайы бағдарламалы компьютер (модем, камера, сканер) түрлерін қолданамыз. Физика жаратылыстану ғылымдарының теориялық жағынан лидері болады, яғни химияда болса да,

кванттық механикада болса да, термодинамикада болса да, биология да болса да құбылыстарды молекула ішілік тұрғыдан түсіндіру керек. Өмір туралы, тірі табиғат туралы, адамдардың тіршілігі туралы түсіндіретін алдыңғы қатардағы ғылым – биология болып табылады. Оқулықтардағы негізгі интеграция олардағы пәнаралық байланыс. Мемлекеттік оқу программасына туыстас пәндердің оқу материалына кіріспе ретінде енді. Химия мұғалімдерінің зерттеу жұмыстарында да пәнаралық байланыс (биология, география және физика) 1980 жылдардың ортасынан бастап қолданылды. Зерттеушілердің зерттеулері және ойлары бойынша оқу процесінде пәнаралық байланыстың маңызы өте зор , ол байланыс білімді толықтырады және растайды, оқушылардың білімін ішкі байланыстарды реттеу арқылы білім мен біліктілікті бекітіп қана қоймай, қоршаған орта туралы түсінік қалыптастырады. Химияны оқыту әдістемесі химия ғылымының барлық салаларының, атап айтқанда, бейорганикалық, органикалық, физикалық химия технология курстары негізінде психология, педагогика, экология – атап өтілген ғылымдармен тығыз байланыста оқытылады. Жаратылыстану ғылымдарының яғни, физика, химия, биология, география ғылымдарының объективті негізі, ол ғылымдардың зерттелуіндегі әртүрлі формада, яғни материя қозғалысы және материалдық ұғым, яғни физикалық, биологиялық, геологиялық зерттелу формасында болуы байқалады. Сондықтан химия, физика, биология ғылымдарының арасында аралық орын алады. Бұл айтқандардан қазіргі химиялық білімнің даму этапы, тек қана химияның дамып жатқанын ғана емес, физика мен биология сияқты аралас экологиялық проблеманы шешудегі химияның рөлі қазіргі этап бойынша:

- Химия ғылымы топырақтағы, құрғақ жерлердегі, атмосферадағы, сулы ортадағы заттардың құрамын, қасиеттерін, құрылыстарын білу арқылы биологиялық тұрғыда өзгерістерді түсіндіреді.
- элементтердің биогехимиялық процестердегі айналым механизімін зерттеу мен оларды өндіріске енгізу арқылы экожүйеге айналдыруларын түсіндіреді.
- Әртүрлі химико-аналитикалық бақылау негізінде қоршаған орта не болмаса дайын өнім туралы мәлімет алып, соған байланысты оның зияны немесе оларды тазалау және қорғау туралы мәлімет береді.

Осындай экологияландырылған химия біздіңше оның табиғаттағы рөлін ерекше аша түседі және табиғатты қорғау, табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыруға, табиғатты қорғауға мүмкіндік береді. Химиялық және экологиялық екі деңгейде қарастырылады, яғни химиялық және экологиялық білім, себебі экологиялық білімнің екі түсінігі бар.

- Табиғатты қорғау білімі – экологияны тірі ағзалардың бір-біріне, табиғатқа және қоршаған ортамен әсері деп түсіну.
- Қоршаған орта туралы білім - адам мен табиғаттың бір-біріне әсері деп түсіну.

Осыған байланысты, яғни жоғарыда айтылып өткен мәліметтерге байланысты химияға экологиялық мазмұндағы түсінік 2 бағытта пайда болады.

Экологиядан – химияға бағыты

Химиядан – экологияға бағыты

Мұнда химия сабағында экологиялық түсінік беру.

Мысалы: Оттегі тақырыбында адамның әсерінен және газ құрамының өзгеруінен ауаның ластануы деген түсінік ұалыптасады. Біздіңше, химиялық – экологиялық білімнің түсінік интеграциясы кең. Себебі, химия заттардың табиғаттағы айналымы туралы, ал экологияда бұл табиғи заңдылық химия мен қатар экологиялық түсінік береді.

Қорыта келе химия пәні жаратылыстану пәндерімен өте тығыз байланыста. Қазіргі кезде білім беру саласына қойылып отырған басты міндет – білім сапасын көтеру. Қазіргі таңда оқытылатын пәндер оқушылардың болашағы таңдайтын мамандығына байланысты бағытталауда, яғни мақсатты білім беру ісіне ерекше мән беріле бастады. Бұл мақсатқа жету үшін оқушының өзіндік ойлау қабілетін дамытады. Оқушы белгілі білім жинақтайды, оны өз тұжырымына салып қорытады, қабылдайды. Ең бастысы ҰБТ таңдауында жоғарғы балл жинауға мүмкіндік алады. «Нені ұғындым, қалай ұғындым?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы өзінің жинақтаған білімін ой елегінен өткізеді. Ендеше сабақтардағы пәнаралық байланыстыра оқыту оқушының шығармашылық қабілетін бүкіл дүниесімен, табиғатпен, қоғаммен қатынас жасауына бағыт болып саналмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. https://ust.kz/word/himiya_panin_oqytydagy_negizgi_problemlar_men_mu_mkindikter-63334.html
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық: «Химия» және «Жаратылыстану» пәндері бойынша педагог кадрлардың біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ ПШО, 2016.
3. Мұғалімге арналған нұсқаулық, Екінші (негізгі) деңгей: Үшінші басылым, 2012. www.cpm.kz.
4. Технология постановки учебных целей. Фестиваль педагогических идей.

ХИМИЯ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ДАҒДЫЛАРЫ МЕН ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН ДАМУ

**Махамбетова Райхан Алмасқызы.
Мақтаарал ауданы, № 9 ЖОМ**

«Бар ғылымның бастауы – мектеп,
сондықтан біздің басты мақсатымыз –
келешек ұрпақты функционалдық
сауаттылығын жақсарту»

Н.Ә.Назарбаев

«Елімізде болып жатқан саяси, әлеуметтік, экономикалық және басқа да өзгерістер білім беру жүйесіне әсер тигізіп жатыр. Бұл өзгерістер еліміздің мектептерінде тек жаңа пәндерді енгізіп қана қоймай, сонымен бірге оқыту әдісін өзгертуді де талап етеді. Еліміз тәуелсіз мемлекет болып даму жолында, қоғамның назарын аудару үшін шешім қабылдау маңызды. Бұл әсіресе сынып жұмысына қатысты: сабақ барысында оқушылар белсенді болулары керек. Сондықтан баланың білім алуға деген құштарлығын ояту үшін қазіргі заманда мұғалім көп ізденіп, сабақтың тиімді өтуіне жұмыс жасауы қажет. Білім сапасы оқушының білімге деген құштарлығымен, қызығушылығына және интеллектуалдық дағдыларына тікелей байланысты.

Біздің ел дамудың демократиялық жол таңдауына байланысты, бүгінгі таңда қоғамда шешім қабылдауға маңызы арта түсті. Осы бағытта оқушылардың белсенділігін арттыруға мүмкіндік беретін әдістемелік тәсілдер интерактивті деп аталып жүр. «Интерактив» ағалшынның «өзара әрекет» деген сөзі. Демек, интерактивті оқыту әдістері тұлғааралық қарым-қатынасқа негізделі отырып, «жеке тұлғаны дамытуға бағытталатын» қазіргі білім беру парадигмасын қанағаттандырады. Сонымен бірге сапалы білім алудың алғы шарттары болып танылатын таным белсенділігі һәм ізденіс дербестігін қалыптастырып қана қоймай, ары қарай дамытады.

Оқушылардың оқуы сонымен білім сапасы оқу барысында оқушының өзі сабаққа тікелей қатысуы, сабақ барысында тек мұғалімнің айтқанын ғана жазып, сызып қоймай өз бетінше білім алуға жағдай жасалғанда ғана оқушы білімге өзі ұмтылатыны және алған білімін одан әрі дамытуға қызығатыны анық. Сабақ барысында оқудың белсенді әрекет әдістерін қолданудың нәтижелілігін осыдан көруге болады.

Оқудың белсенді әдістеріне: диалогтық оқыту түрлері: әңгіме –дебат, топтық әңгіме, зерттеушілік әңгіме, рефлексивтік оқыту негізіндегі кері байланыс, ролдік ойын, сұрақ-жауап, жағдаяттарды талдау, тренингтер, өзін-өзі бағалау, тест құру және бірін –бірін тексеру жатады.

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Бұл бағыт мұғалімнің жұмысын түбегейлі өзгертеді. Жаңа білім алу үрдісі оқытушы мен оқушыға шығармашылықпен жұмыс жасауға итермелейді, себебі оқушы білімді өздігінен іздену арқылы алу керек болса, мұғалім оқушының білім алуына себептер, жағдайлар тудыру керек. Ол үшін мұғалім сабақты жан-жақты дайындауы қажет, сабақ үстінде қандай болмасын оқушы тарапынан әртүрлі сұрақтар туындауы мүмкін, сол жерде мұғалім қажетті бағдар беріп жіберуіне тура келеді. Сонымен қазіргі заман талабына сай мұғалім «білім бұлағы» емес, «білім бұлағына» жеткізуші, яғни білім алу жетекшісі болуы тиіс. Осы кезде мұғалімнің талапқа сай оқушының білім алу белсенділігін жоғарылату мақсатында жаңа технологиялар менгеруі қажеттілігі туындап отыр.

Жоғары технологиялар заманында адамға жан-жақтан түрлі ақпарат келіп түседі, сондықтан қазіргі заман адамы ақпараттармен жұмыс жасай біліп, қажетін алып қолдана алу бейімділігін қажет етеді.

Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыруға бағытталған технологияларға сын тұрғасынан ойлау, жобалау, проблема туғызу, ұжымдық қарым-қатынаста оқыту. Қызығушылық деп оқушының бір нәрсеге зейін қоюға, кейбір заттар мен құбылыстарды танып білуге ұмтылуын айтамыз.

Оқу үрдісінде қолданылатын интербелсенді әдістер:

- Миға шабуыл
- Тренинг
- Кейс-стади
- Іскерлік,
- рольдік ойындар
- ТВЛ
- Тестілеу

Интерактивті технологиялар:

- Түрлі әдістерді пайдалану арқылы сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі
- Оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік туады
- Оқушылардың барлығын бағалауға мүмкіндік аламыз.
- Әр оқушының білім деңгейін анықтауға мүмкіндік береді
- Оқушыларды ізденіске баулып, өз бетінше жұмыс істеуге үйретеді

Сыни ойлау технологиясын қолданумен жүргізілетін сабақтың технологиялық сатылары:

ҰҒЫНУ:

- жаңа ақпаратты алу;
- оқудың алға қойылған мақсаттарын жүзеге асыру

ШАҚЫРУ:

- оқушыларды көкейкестендіру;
- жаңа ақпаратты алуға қызығушылықты ояту;

3 саты

1-саты

2 саты

РЕФЛЕКСИЯ:

ойлану, жаңа білімнің туындауы;

- оқушымен оқудың жаңа мақсатын қою;
- оқушы мен оқудың өз мақсаттарын алға тарту

Сауалнама мен тест жүргізу ерекшеліктері:

- Әдіс
- Қолдану
- Тест
- Тиімділігі
- Сұрақтар тізімін, жауаптарды дәйекті түрде жазу
- Тренинг

- жауап беруден бұрын ойлануға мүмкіндік береді;

Тапсырмалар беріледі

- бірізділік орнайды;
- креативтік-шағармашылық ізденулеріне мүмкіндіктер туындайды

-интербелсенділікті арттырады;

-ойын ашық жеткізуге мүмкіндік береді

Химияда оқушыларды қызықтыратын құбылыстар аз емес. Қызығушылық адамның рухани және дене күшінің дамуының аса маңызды шарттары болып, ой-өрісін кеңейтіп білім алуға итермелейді. Оқушы қызықты сабақты зор ынтамен қабылдайды және жақсы оқиды. Жаңа заманауи технологиялар даму заманында мұғалімнің күнделікті сабақта компьютер, интерактивті тақта қолдануы сабақ кезеңі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Химия пәнінің ерекшелігі сабақ барысында химиялық эксперименттер болуы, бірақ көптеген себептер (реактивтер тапшылығы, кейбір реактивтер белсенділігі, тәжірибе уақыт көп алуы) болғандықтан кейбір зертхана жұмыстары сабақ барысында өткізілмейді. Осындай кездерде электрондық оқулықтар, бейнетәжірибелер қолданылады. Электрондық бейнетәжірибелердің бір тиімділігі тәжірибені қайта көрсетіп қайталау мүмкіндігі, жақсы көрінуі, қауіпсіздігі болып табылады. Сабақта интерактивті тақта қолдану сабақ үрдісін тиімді қолданумен қатар оқушылардың сабақты жақсы меңгеруіне, үнемделген уақыт оқушылардың өз бетінше білім алуына себеп болады.

Сабақты жоспарлау негізі – оқушылардың жұмысын тиімді ұйымдастыру. Дұрыс жоспарланған сабақ барысында мұғалім оқушыға тек тақырыпты түсіндіріп қана қоймайды, олардың игеруге деген ынтасын, танымдық қызығушылығын ұйымдастырады. Сабақ барысында әртүрлі әдіс-

тәсілдерді қолдану кезінде оқушылардың жеке қабілеттерін, білім алу деңгейін тыс қалдырмау қажет. Қиын шығармашылық тапсырмаларды тек қабілеті жоғары оқушыларға беру керек. Шығармашылық деңгейі жоғары тапсырмаларды орта деңгейлі қабілеті бар оқушыларға беру олардың өзі-өзіне деген сенімін түсіріп, келе-келе сабаққа деген ынтасын жоғалтуының себебі болады.

Оқушылар сабақ меңгеру барысында әртүрлі іс-әрекет жасайды: мұғалімді тыңдайды, оқулықты оқып қосымша әдебиетпен жұмыс жасайды, есеп шығарады, зертханалық тапсырмаларды орындайды. Осы әр іс-әрекеттер әр-түрлі психикалық үрдіске жатады: жады, қабылдау, ойлау, ойша бейнелеу. Аталған процестер ішінде ойлау ең негізгі болып табылады. Ойлау мен жады арасында тығыз байланыс бар. Ой елегінен өткен материал жадыда жақсы сақталады. Ойлау басқа да танымдық әрекеттерге әсерін тигізеді. Оқушының танымдық іс-әрекетін белсендіру дегеніміз- ойлау қабілетін белсендіру деп айтуға болады.

Оқушыға оқу барысында тек берілген танымдық тапсырмаларды орындау әдістерін үйрету ғана емес, сол тапсырмаларды өздігінен орындауға ынталандыру қажет.

Химия сабақтарында мен сабақтың тақырыбын айтпас бұрын заттардың күнделікті өмірде және тұрмыста қолданылуы туралы айтып, сүреттерін, материал үлгілерін көрсетемін, мысалы 9 сыныпта «Көмірсутектердің табиғи қорлары» тақырыпты өткенде бензин, мазут үлгілерін әуелі көрсетіп, оның түрін, түсін, иісін қарастырып талдай келе сабақ тақырыбына келтіремін, одан кейін ғана мұнайдың құрамы мен химиялық қасиеттеріне тоқталамын. Мұндай әдіс тақырыпқа деген орнықты немесе терең қызығушылық оятады. Химия – ерекше пән, оны химиялық тілді меңгермей меңгеру мүмкін емес. Оқушылар көбіне ойларын қазақ тілінен химия тіліне аударуда қиындықтармен кездеседі. Сондықтан мен оқушы ойын дұрыс жеткізе білу үшін сабақты түсіндіргенде ойларын бірнеше әдіспен жеткізуіне жағдай жасауға ұмтыламын, мысалы судың сутекпен оттектен тұратынын сызбанұсқа, сүрет түрінде көрсетіп химиялық формуласына көшемін. (М.Ф. Шаталов әдісі)

СУ – сутек + оттегі

↓


Химиялық элементтер — Н + О

↓

Н₂ + О₂ – жай заттар; Н₂О-су

Осындай әдіс қандай болмасын оқушының анықтама жасауына қызығушылығын арттырады сонымен қатар жақсы меңгеруіне де себеп болады. Оқушының есінде қалу үшін М.Ф. Шаталовтың блок -конспектілерін

қолданамын, бұл блок-конспектілер тақырыпты жинақтап көрсетіп оқушының есінде қалады.



Na –e – берген, тотықсыздандырғыш; O +e –сараң, тотықтырғыш.

«Органикалық химия» курсына органикалық заттардың гомологтық қатарын бойынша заттардың формулаларын әр тақырыпты оқу барысында үйренеді. Осы формулаларды тез үйреніп жаттату үшін мен бірінші сабақта оларға кесте толтыруды ұсынамын. Осы қосылыстардың ұқсастығын және айырмашылығын анықтай отырып, органикалық заттардың химиялық құрылысының ерешеліктерін меңгереді.

Атауы	Формуласы	Құрылысы	
Қаныққан көмірсутектер	Метан	CH ₄	$\begin{array}{c} \text{H} \\ \\ \text{H}-\text{C}-\text{H} \\ \\ \text{H} \end{array}$
Қанықпаған көмірсутектер			

Кесте толтыру барысында оқушы ізденеді, салыстырады, білімін талдайды, толықтырады.

Сандық есептер шығару сабақтарында топтастырамын, осындай бөлу оқушылардың қабілетін арттырады және мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасты нығайта түседі. Топпен жұмыс барысында топтың әр оқушысы берілген тапсырмаларды орындау барысында өз үлесін қосуға тырысады және оқушылардың интеллектуалды қабілеттері айқындалады. Топтастырғанда әр оқушының қабілетін еске ұстаған жөн. Бір топқа шығармашылығы жоғары, сын тұрғасынан ойлайтын оқушыларды, ал келесі топқа ойлауы дұрыс, бірақ сенімсіздіктері басымырақ оқушылар, үшінші топ алгоритмдік деңгейлі оқушыларды бөлемін. Мысалы «Бейорганикалық қосылыстардың негізгі кластары» тақырыбын өткенде сыныпты төрт топқа бөліп тапсырмалар беремін.

Мысалы: 1. Қалып кеткен сөзді жазу: 1 моль күкірт қышқылында: ... моль атом S; ... моль атом H; ... моль атом O

2. Үш сынауықта ерітінді берілген, қайсысында қышқыл бар?

3. Лакмусты ерітіндіден қалай «кетіру» керек?

4. Қышқылмен жұмыс жасалғаның дәлелде.

Қайталау сабақтарын эстафета түрінде өткіземін, мысалы жоғарыда аталған тақырыпты өту барысында мен сыныпты үш топқа бөліп әр топқа тапсырмалар жазылған карточкалар үлестіремін: берілген теңдеулерді толықтырып қалпына келтір –

... +... = $ZnCl_2 + 2 H_2O$; ... = $CaO + CO_2$; $HCl + ... = AgCl + ...$;
 $Cu(OH)_2 = ... +$

Бір теңдеуді бір оқушы орындап болған соң, тапсырма парағын келесі оқушыға береді. Жеңімпаз болып ең бірінші болып және дұрыс орындаған топ болады. Эстафета түрінде өткізілгендіктен әр оқушы тапсырманы тезірек, әрі дұрыс орындауға тырысады, оқушы өз тобы үшін жаны ашып, қайтсе де жеңіске жетуге ұмтылады, осындай сабақтар да оқушының сабақ барысында белсенділігін жоғарылатумен қатар білімге, пәнге деген қызығушылығын арттыратыны сөзсіз.

9 сыныпта «Электролиттік диссоциация, электролиттер» тақырыбын оқыған кезде бейнетәжірибе арқылы заттардың электр тоғын өткізуі туралы сабақта тәжірибені дыбыссыз тындап сосын ғана түсініктерін талдау арқылы игергеннен кейін анықтамасын өздері береді. Қолда арнайы құрал бар жағдайда әуелі сынауыққа тұз салып ерітіп тоқ өткізетіне көз жеткізіміз, одан кейін спирттің ерітіндісіне электродты салып тоқ өткізгіштігі қандай екенін байқап, заттардың тоқ өткізетіндері-электролиттер; өткізбейтіндері – бейэлектролиттер деп түсінік қалыптастырамыз. Осыдан «неге?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауап алу үшін, оқушылар заттардың құрылысы мен химиялық байланысын талдап, оның сызбанұсқасын құру арқылы жауабын табады.

Оқушылар сабақтың тақырыбын талдау, туындаған сұрақтарға өз беттерінше жауап іздеу арқылы түсінеді және естерінде сақтайды. Өздігінен ізденіс жұмыстары оқушының оқуға деген ынтасы мен қызығушылығын арттырып білімін тереңдетеді. Күнделікті сабақта үй тапсырмасын тексеруде, жаңа тақырыпты талдауда тест, проблемалық ситуация, ізденіске итермелейтін сұрақтар, деңгейлік тапсырмалар, химиялық диктанттар, оқулықпен жұмыс, есептер шығару арқылы оқушылардың пәнге деген көзқарастарын, қызығушылығын қалыптастырамын. Сонымен бірге оқушылар зертханалық, сарамандық жұмыстарды орындауда белсенділік танытады. Үй тапсырмалары жүйелі түрде жазбаша, ауызша тексеріледі және бағаланады. Оқушыларды жаңа тақырыпты талдауда, өз пікірін айтуға, қосымша материалмен жұмыс жасауда мүмкіндігі мол. Нәтижесінде оқушылардың сабаққа дайындықтары жүйелі түрде қалыптасып, білім сапасының артуына септігін тигізеді.

Сабақ барысында оқушыларды біліммен қаруландырып қоймай оларды қисынды ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту үшін оқушылардың шығармашылық ізденісін, тапқырлығын, зеректігін, ойлауға икемділігін, өмірге ғылыми көзқарасын дамытуға өткізілген сыныптан тыс жұмыстар: «Білгір химик», «Жүзден жүйрік», «Кім жылдам?», сияқты танымдық ойындарын қолданамын. Алынған өзекті тақырыпты басшылыққа ала отыра және істелінген жұмыстарды қорытындылай келе өзін-өзі бағалай білетін, шығармашылық деңгейі жоғары жан-жақты тұлға қалыптастыра отыра, оқушының білім сапасын көтеремін, алған білімдерін өмірмен ұштастыруға

бағыт беріп оқушы құзырлығын дамытамын. Осындай тәжірибем арқылы оқушылардың білімін, дағдыларын, ойлау қабілеттерін, шығармашылық ізденісін бақылау арқылы біршама нәтижеге жеттім. Мысалы: Ақпарат құралдарын пайдаланып деңгейлік тапсырмалар арқылы танымдық қызығушылығын арттыру мақсатында 8 сыныпта өткізілген «Атом құрылысы, Атом ядросының құрамы» сабағында өткен тақырыпты пысықтау, үй тапсырмасын тексеру кезінде пәнге қызығушылығын арттыру үшін тест ретінде үй тапсырмасын сұрадым, жаңа сабақ барысында «миға шабуыл», «кім жылдам?», «білімді байқап көр» ойын элементтерін қолданып, оқушылардың белсенділігін арттырдым. Есте сақтау қабілетін шыңдауға, ғылым мен техника жетістіктеріне, білімге деген қызығушылығын арттыруда сыныптан тыс шаралардың маңызы зор. Оқушылардың химиялық сауаттылығын арттыру, алған білімдерін тиянақты болуын қадағалау үшін сыныптан тыс жұмыстар жүргізіп, оқушыны қызықтыратындай химиялық ойындар викторина шешу, кроссворд құрастыру, логикалық есептер шығарту арқылы ой-өрісін, пәнге қызығушылығын арттырып, пән аралық байланысты нығайту қажет. Әр тарауды өткен соң, химиялық диктант, өздік жұмыс, тақырыптық есеп, бақылау жұмыстары, тестік тапсырмалар өткізу арқылы тақырыпты қаншалықты меңгергенін тексеріп, тақырыпты толық меңгере алмаған оқушылармен қосымша сабақтар, сыныптан тыс жұмыстар жүргіземін. Оқушы білімін бағалауға оқушылардың жауап беру мүмкіндігі мен өз бетінше іздену дағдысын ескеріп, оқушы қабілетіне, қабылдау және меңгеру деңгейіне қарай сараптап тұлғаның психологиялық жас ерекшеліктерін ескеремін. Бағалау парағына әр деңгейлік тапсырманың бағасын қойып, қорытынды бағасын шығарып отырамын. «Азот», «Атом құрылысы», «Хлордың қолданылуы», «Күрделі эфирлер», «Қышқылдар», «Негіздер», тақырыптарына арналған сабақтарымда слайд материалдарын кең қолдандым.

«Армансыз адам қанатсыз құспен тең» демекші, менің ұстаз ретінде де, еліміздің ұлтжанды азаматшасы ретінде де арманым еліміздің әрбір азаматы терең білімді, интеллектуалды, заманауи техникаларды еркін меңгере алатын, әрқайсысы еліміздің дамуына өз үлесін қоса алатын болса деймін. Ол үшін оларға білім беретін ұстаздар өз пәнін жетік меңгерген, теория мен практиканы оқушылар бойына сіңіре алатын шығармашыл, ізденімпаз, ең бастысы еңбекқор болуы қажет.

Интерактивті және белсенді оқыту тенденциялары білім, білік және дағдылар жүйесінде функционалдық сауаттылық пен негізгі құзіреттілікті қалыптастыруға бағытталады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы».
2. «Химик анықтамалығы» журналдары. №1 (15), 2010 жыл, №2 (16), 2010 жыл.

3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы.
4. Құрманова Ж.С. Оқушының шығармашылық іс-әрекетін тиімді ұйымдастыру арқылы жеке тұлға қалыптастыру жолдары, Өскемен 2014 ж
5. Интербелсенді әдіс-тәсілдер Өскемен қаласы, 2014 ж
6. А. Салихова «Оқушылардың шығармашылығын дамыту» Ғылыми-әдістемелік журнал, №5-2009 ж
7. Интернет материалдары №72 «Google» және №65 «Mail.ru» сайттары 2009 ж.

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ВИРТУАЛДЫ ЛАБОРАТОРИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ТИІМДІ ҚОЛДАНУ

**Мугалбекова Айна Толеповна,
Шымкент қаласы ФМБ НЗМ химия пәнінің сарапшы мұғалімі
Сыздықбаева Роза Гайдаровна,
Шымкент қаласы ПШО филиалының аға менеджері**

«Аралас оқыту форматында оқушылардың шығармашылық қабілетін қалай дамытуға болады?» деген мәселенің шешімін қарастырдық. Өткен 2020-2021 оқу жылы толық онлайн форматта өткендіктен аралас оқыту әдісін тереңірек зерттеу қажеттігі туындады.

Неліктен аралас оқыту маңызды? Аралас оқыту маңызды, себебі ол барлық оқушылар үшін жұмыс істемеуі мүмкін дәстүрлі оқыту ережелерін бұзады, ал қазіргі заманғы технологиялар мен ресурстарға қол жеткізе отырып, біз әр оқушыға оқу тәжірибесін бейімдей аламыз. Бірлескен оқыту моделіне сүйенетін білім мекемелері көбейіп келеді. Олардың ойлауы қарапайым: көпарналы оқыту әдісі сыныптағы және интернеттегі оқытудың ең жақсысын бір жерде ұсынады. Әр студенттің әр түрлі күшті жақтары мен талаптары бар және оқытудың аралас әдісі мұғалімдерге мұны мойындауға мүмкіндік береді. Оларға дәстүрлі де, цифрлық та құралдарды қолдану мүмкіндігі берілгенде, мұғалімдер оқушылардың әр түрлі оқу стиліне сәйкес әр түрлі тәсілдермен қажетті ақпаратты ұсына алады.

Қазіргі таңда мектепте ең қиын түйіннің бірі химия секілді экспериментке негізделген жаратылыстану пәндерін оффлайн немесе онлайн форматта болса да сапалы оқыту. Ал экспериментті сауатты ұйымдастыру және сабақтың 45 минутына сыйымды етіп жоспарлау мұғалімнен пәндік біліктілік, яғни пәндік құзіреттілікті талап етеді. Ауыл мектептерінде барлық қажетті құрал-жабдықтар мен реактивтер жиынтығы толық әрі жеткілікті емес екендігі жасырын емес.

Осы мәселелердің бірден – бір шешімі аралас оқыту технологиясын қолдану арқылы табуға болады. Қазіргі таңда ғаламторда қол жетімді виртуалды лабораториялар бар. Енді өз тәжірибемізде қолданып жүрген

бірнеше виртуалды лабораторияларды қолдану тәжірибемізбен бөліссек дейміз.

Мысалы, термохимия тарауын спираль бойымен тақырыптар сабақтастығын сақтай отырып 8 сыныптан 10-11 сыныптар арасындағы тақырыптар бойынша қарапайымнан күрделіге қарай зертханалық жұмыстарын орындау әдістемесін талқылайық.

1. Phetcolorado интерактивті симуляторының мүмкіндігін пайдаланып:

8 сынып

Энергияның сақталу және түрлену заңы

https://phet.colorado.edu/sims/html/energy-forms-and-changes/latest/energy-forms-and-changes_en.html зертханалық жұмысы орындалады.

2. OLABs интерактивті симуляторының мүмкіндігін пайдаланып:

8 сынып

Химиялық реакцияның жылу эффектісі

<http://cdac.olabs.edu.in/?sub=75&brch=12&sim=92&cnt=150> зертханалық жұмысы орындалады.

3. 10 сынып

Термохимия. Калориметрия

https://phet.colorado.edu/sims/html/energy-forms-and-changes/latest/energy-forms-and-changes_en.html

Термохимия - химиялық реакциямен немесе физикалық түрленумен байланысты жылу мен энергияны зерттейтін ғылым. Реакция энергияны сіңіруі немесе босатуы мүмкін. Энергия жылу түрінде сіңетін реакцияны эндотермиялық реакция, ал жылу түрінде энергия бөлетін реакцияны экзотермиялық реакция деп атайды. Жылулық өзгерістер **калориметр** деп аталатын ыдыстарда өлшенеді. Металл калориметрлері термохимиялық өзгерістерді өлшеу үшін қолданылмайды, себебі металдар заттармен әрекеттесе алады. Тот баспайтын болаттан немесе алтын жалатылған мыстан жасалған калориметрлерді қолдануға болады. Сонымен қатар реакцияларды термобағанға, жылу оқшауланған қорапқа немесе полистирол көбік шыныаяққа салынған стақандарда жүргізуге болады. Жылудың өзгеруін өлшеу кезінде калориметр сонымен қатар біршама жылуды сіңіреді; жылу мөлшері де белгілі болуы керек. Бұл калориметрлік тұрақты немесе калориметрдің су эквиваленті деп аталады. Калориметрдің су эквивалентін анықтау үшін бөлме температурасындағы калориметрдің құрамындағы судың белгілі көлеміне берілген температурадағы ыстық судың белгілі көлемі қосылады. Энергия үнемделгендіктен, калориметр мен суық су алатын жылу ыстық судың жылуымен тең болуы керек.

Қорытынды

- Аралас оқыту стратегиясы химияға қызығушылығы жоғары эксперимент жасауға икемді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға тиімді.

- Шығармашыл оқушыларда сыныптағы деңгейі орта және ортадан төмен оқушыларды белсенді оқытуға тарту, ЖАДА ұйымдастыруға қатыстыру барысында көшбасшылық қабілет қалыптасады.
- Сыныпта белсенді оқу ортасы қалыптасып жалпы оқушылардың оқу үлгерімі, білім сапасы артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғаламтор желісі
2. An Introduction to Blended Learning by Carmen D. Rosell, E-learning Specialist | Blog CAE, E-learning

ХИМИЯ ПӘНІНЕН КҮРДЕЛЛІГІ ЖОҒАРЫ ЕСЕПТЕРДІ ШЫҒАРУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТІН ДАМУ

Хасанов Бекжан
Н.Ондасынов атындағы Түркістан
«Дарын» мектеп-интернаты

Химиялық есептерді шығарту – білім алудың негізгі көзі болып саналады. Оқыту процесіне есептерді кіргізу арқылы оқытудың мынадай дидактикалық принциптерін іс жүзіне асыруға болады:

Белсенділік, өзі бетімен жұмыс істеу

Білім мен білік

Өмірмен байланыстыру

Кәсіптік бағдар

Есеп: Сандық және сапалық деп екі топқа біріктіріледі

Сандық:

1. Формула арқылы есеп шығару
2. Реакция теңдеуі арқылы есеп шығару
3. Ерітінділерге арналған есептер.

Сапалық:

1. Заттарды алу;
2. Заттын сапалық құрамын анықтау;
3. Химиялық құбылыстарды бақылау және түсіндіру;
4. Берілген мөлшердегі ерітінділерді даярлау
5. Берілген заттарда қоспаның бар екендігін анықтау және затты қоспадан тазарту.

8 сыныпта өтілетін есептер

Зат мөлшері. Моль. Авагадро саны.	Термохимиялық теңдеулерге есептер шығару
-----------------------------------	--

Мольдік масса	Ерітінділер
Элементтердің массалық үлесін анықтау	Ерігіштік Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептеулер
Зат мөлшері. Моль. Авагадро саны.	Термохимиялық теңдеулерге есептер шығару

8 сынып	9 сынып
Ерітінділер	Ион алмасу реакциялары
Химиялық реакция теңдеулері бойынша есептеулер	Ион алмасу реакциялары
Термохимиялық теңдеулерге есептер шығару	Химиялық тепе-теңдік

1. Барий хлоридінің 240 г 20%-дық ерітіндісіне 245 г 25%-дық күкірт қышқылы ерітіндісін араластырғанда түзілетін тұнбаның массасы
2. $2\text{SO}_3 \rightleftharpoons 2\text{SO}_2 + \text{O}_2 - 198 \text{ КДж}$ термохимиялық теңдеуі бойынша 8 г күкірт (VI) оксиді әрекеттесуі кезіндегі жұмсалған жылу мөлшерін тауып, және температураның артуы реакцияны қай бағытта ығыстырады?

Химиялық реакция жылдамдығы	Химиялық тепе теңдік
Ядролық реакциялар	Құрамында қоспасы бар заттарға есептер шығару
Зат мөлшері. Мольдік масса	Бастапқы заттардың біреуін артық мөлшерде алынғандағы өнімнің массасын есептеу
Молярлық концентрация	Гесс заңы мен оның салдары
Формула табу	Энтопия
Өнімнің шығымы	Гиббс энергиясы
Тотығу тотықсыздану	Акумуляторда жүретін химиялық реакциялар
Электрохимиялық потенциалдар	Электролиз
Гальваникалық элемент	

10 сынып	11 сынып
Гесс заңы мен оның салдары	Бензолдың химиялық қасиеттері
Энтопия	Бензолдың химиялық қасиеттері

Құрамында қоспасы бар заттарға есептер шығару	Карбонилді қосылыстар
Молярлық концентрация	Карбон қышқылдары
Өнімнің шығымы	Альдегидтер
Бастапқы заттардың біреуін артық мөлшерде алынғандағы өнімнің массасын есептеу	Карбон қышқылдары

► Бензолдың жану реакциясының стандартты эндальпиясын есептеңіздер.



Анықтамалық бойынша: $\text{C}_6\text{H}_6(\text{c})$ -82,9 кДж/моль

CO_2 -285,8 кДж/моль

$\text{H}_2\text{O}(\text{c})$ -393,5 кДж/моль

Қорытынды:

- алған теориялық білімді бекіту;
- проблемалық жағдайларда шешім қабылдау;
- жүйелі ойлау;
- химиялық білімді, заңдарды, құбылыстарды тереңірек түсіну;
- қосымша және арнайы әдебиеттерді пайдалануға үйрену;
- өздігінен ізденуге дағдыланады.

РАЗВИТИЕ ПОЗНАВАТЕЛЬНОЙ АКТИВНОСТИ УЧАЩИХСЯ НА УРОКАХ ХИМИИ ЧЕРЕЗ ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ТВОРЧЕСКИХ НАВЫКОВ

Нуржанова Раушан Ергалиевна.
Сайрамский район, ОСШ им Сураншы батыра № 97

«Все решительно, что окружает нас и что сделано рукой человека, весь мир культуры, в отличие от мира природы – все это является продуктом человеческого воображения и творчества, основанном на этом воображении». Выготский Л.С.

Цель : применения активных форм обучения : решение привычного смысла хорошо знакомых задач воспитания и развития , средствами формирования познавательного интереса.

Основная задача внедрения активных форм обучения — воспитание конкурентоспособной, самостоятельной в решении жизненных проблем, творческой личности.

Поиск путей совершенствования процесса обучения:

система совершенствования методов сообщения новых знаний,

совершенствование методики формирования у детей различных умений и навыков.

Степень активности школьников является реакцией на методы и приемы работы учителя. Активными методами обучения следует называть те, которые максимально повышают уровень познавательной активности школьников, побуждают их к старательному учению.

Нестандартные формы и методы позволяют сделать химию более доступной и увлекательной, привлечь интерес учащихся.

Нетрадиционные формы уроков

урок – конференция;

урок – соревнование;

урок – игра;

урок – викторина;

урок – диспут;

урок – конкурс;

урок - аукцион знаний;

урок творчества;

урок – турнир;

урок – спектакль;

смотр знаний;

урок – зачет;

урок – путешествие;

урок – диалог;

урок – интервью;

урок – тренажер;

урок – экскурсия;

мозговая атака;

урок – лекция;

урок – консультация;

уроки взаимообучения;

урок – аукцион;

урок – творческий отчет;

уроки – фантазии;

уроки – суды;

уроки – концерты;

интегральные уроки;

урок-мастерская.

Такие формы и методы повышают эффективность обучения, предполагают творческий подход со стороны учителя и ученика.

Использование творческих заданий с нестандартными формулировками, которые отличаются от общепринятых не только необычным условием, но и нетрадиционными способами решения, способствуют развитию познавательной активности. Особенности таких задач, необычная формулировка, связь с жизнью, межпредметные связи вызывают интерес учащихся, способствуют развитию любознательности, интеграции знаний, побуждают использовать дополнительную литературу, способствуют повышению интереса к учебе в целом.

Роль учителя — в основном сопровождающая, он вооружает учеников технологией деятельности и соответствующими способами работы.

Метод исследовательская работа

Например, при написании исследовательской работы по химии перед учащимися учитель ставит следующие исследовательские задачи.

Изучение свойства воды.

1. Продумайте ход эксперимента, составьте план вашей работы .
2. Распределите обязанности внутри группы (руководитель, лаборанты, младшие научные сотрудники)
3. Составьте список и приготовьте все необходимое оборудование.
4. Заведите лабораторный журнал и заполните
5. Сформулируйте цель вашего эксперимента
6. Оформите отчет
7. Подготовьте сообщение и выступите с ним на итоговой конференции

Задания для 1 группы. «Исследования речной воды, из речки Аксу».

Задания 2 группы. «Исследование воды, взятой из под крана».

Задания для 3 группы «Исследование воды, кипяченой ».

Метод Дискуссии

При изучении химии в 8 классе учащимся предлагается задание:

1. Заполни таблицу

Польза химии	Вред химии
--------------	------------

2. Сделай вывод о значении химии в жизни человека (дискуссия)

Дискуссия на уроке

Плюсы дискуссии:

- ученик вовлекается в активную познавательную деятельность, учится четко формулировать вопрос, ясно выражать свои мысли, защищать свое мнение, выслушивать точки зрения других;
- в процессе взаимодействия происходит интеллектуальное взаимообогащение;
- учащиеся учатся разделять с учителем лидерство в группе и принимать на себя ответственность

Дискуссия, проведенная по определенным правилам, напрямую влияет на уровень активизации обучения и учит ребят учиться.

Метод Деловая игра

Планируемый результат: закрепить знания о свойствах воды, охране окружающей среды, развить творческие способности, практические навыки, формировать исследовательские навыки.

Педагогическая суть деловой игры — активизировать мышление учащихся, повысить самостоятельность будущего специалиста, внести дух творчества в обучение, подготовить к профессиональной практической деятельности.

деловая игра : «Оперативное совещание по загрязнению реки АКСУ»

Проблема: Загрязнение реки Аксу

Найти пути очистки реки.

Дети работают самостоятельно. Показывают знания, могут их применить, что-то дополнить и т.д.

Задания имеющие творческий характер.

Задание 1. Можно ли гашеную известь хранить в незакрытой таре?

Задание 2. Минеральные подкормки содержат кальций — обязательный компонент рациона кур. Но во всех руководствах указано, что птице можно скармливать только старую известь, после гашения которой прошло не менее полгода. Объясните происходящие процессы.

Задание 3. В двух столбцах даны слова. Найди как можно больше вариантов взаимосвязи между ними:

Сода	молекула
Алмаз	атом
Железо	ионы
Вода	твердое вещество
Углекислый газ	газы
Йод	жидкости
Кислород	простое вещество
Золото	сложное вещество

Поваренная соль

Бензин

Сахар

Условия организации:

- проблемность;
- вовлечение обучаемых в постоянную активную деятельность.

Чтобы решить проблему самореализации учеников при изучении химии, необходимо предлагать ученикам задания не только репродуктивного характера, но и продуктивной деятельности. Именно такие задания направлены на приращение личностного опыта и творческую самореализацию учащихся, такие задания не имеют правильных ответов и результат, который получает ученик в ходе их выполнения, является личностно-креативным, поскольку выступает своеобразным продуктом его творческого самовыражения.

Изучение процесса усвоения знаний схематически может быть представлен как путь от восприятия и понимания учебного материала к активной его переработке в сознании учащихся и превращению усвоенных знаний в личное достояние ученика, т.е. убеждения. Благодаря блоку познавательных (когнитивных) способностей ученики смогут выстраивать индивидуальную траекторию в конкретных образовательных областях, в учебных предметах. К познавательным способностям относятся: эмоционально-образные, логические, смысловое видение, способности задавать вопросы, высказывать прогнозы, формулировать гипотезы, конструировать правила.

Усвоение знаний : Восприятие и понимание учебного материала - Активная переработка в сознании учащихся - Личное достояние ученика- убеждение. Например прочитайте отрывок из рассказа Антона Павловича Чехова «Дядя Ваня»:

«Ты можешь топить печи торфом , а сараи строить из камня. Ну, я допускаю, руби леса из нужды, о зачем истреблять их? Русские леса трещат под топором , гибнут миллиарды деревьев, опустошаются жилища зверей и птиц , мелют и сохнут реки , исчезают безвозвратно чудные пейзажи , все оттого, что у ленивого человека не хватает смысла нагнуться и поднять с земли топливо».

Подумайте, что произошло. Составьте прогноз развития ситуации. Предложите способы очистки окружающей среды, способы спасти леса.

Например прочитайте отрывок из рассказа Антона Павловича Чехова «Дядя Ваня»:

«Ты можешь топить печи торфом , а сараи строить из камня. Ну, я допускаю, руби леса из нужды, о зачем истреблять их? Русские леса трещат под топором , гибнут миллиарды деревьев, опустошаются жилища зверей и птиц , мелют и сохнут реки , исчезают безвозвратно чудные пейзажи , все оттого, что у ленивого человека не хватает смысла нагнуться и поднять с земли топливо».

Подумайте, что произошло. Составьте прогноз развития ситуации. Предложите способы очистки окружающей среды, способы спасти леса.

Следовательно, высокая познавательная активность возможна только на интересном для ученика уроке, когда ему интересен предмет изучения. И наоборот, «воспитать у детей глубокий интерес к знаниям и потребность в самообразовании – это означает пробудить познавательную активность и самостоятельность мысли, укрепить веру в свои силы» Любой педагог, пробуждая интерес к своему предмету, не просто осуществляет передачу опыта, но и укрепляет веру в свои силы у каждого ребенка независимо от его способностей. Следует развивать творческие возможности у слабых учеников, не давать остановиться в своем развитии более способным детям, у всех воспитывать силу воли, твердый характер и целеустремленность при решении сложных заданий. Все это и есть воспитание творческой личности в самом широком и глубоком понимании этого слова. Но для создания

глубокого интереса учащихся к предмету, для развития их познавательной активности необходим поиск дополнительных средств, стимулирующих развитие общей активности, самостоятельности, личной инициативы и творчества учащихся.

В основе активных методов лежит активность не только ученика, но и учителя. Готовить на уроке субъекта, творчески активную личность, можно, изменив отношение учителя к смыслу его учебной деятельности, и, соответственно к ученикам, изменив модель деятельности преподавателя от организатора, информатора, консультанта до соорганизатора, партнера, интерпретатора, консультанта. Возникает необходимость отслеживать эффективность образовательного процесса, при этом учителю необходимо учитывать уровни обученности учащихся и уровни сложности заданий.

№	Уровень обученности	Примеры заданий
1	Различение	Сравни, выбери, сопоставь, найди лишнее...
2	Воспроизведение	Воспроизведи, напиши, зарисуй...
3	Понимание	Почему? Зачем? В связи с чем? Установи причинно-следственные связи, выдели единичное, обобщи...
4	Умения и навыки	Выполни по образцу, по формуле, сопоставь, какая видна закономерность, какие свойства...
5	Перенос	Спроектируй, придумай, смоделируй, сделай выводы...

Сформированность умений выполнять различные по уровню сложности эвристические задания и задачи способствует формированию познавательных продуктов личностных умений и умений применять интеллектуальные решения.

1 уровень — начальный

2 уровень — алгоритмический

3 уровень — эвристический, когда ученик, дополнив и уточнив ситуацию, добывает субъективную новую (для себя) информацию о ранее усвоенной ориентировочной основе выполненного действия.

Задание 1 уровня

Что такое озон. Дают определение, могут описать свойства, нахождение в природе,

Задание 2 уровня Находят самостоятельно уточняющую информацию:

Разрушение озоновой дыры, глобальное потепление, парниковый эффект

Здесь уже учащиеся понимают взаимосвязь всех этих понятий, могут описать процессы.

Задание 3 уровня, напишите уравнения реакций протекающих в процессе всех этих природных явлений. Объясните ход процесса. Сделайте вывод.

Задание профессиональной направленности :предложите способы предотвращения этих природных явлений.

1. Репродуктивный уровень знаний — это знание фактов, явлений, действий их воспроизведение без существенных изменений.

2. Конструктивный уровень знаний — это знания, добытые в результате комбинирования, переконструирования знаний первого уровня.

3. Творческий уровень знаний — это знания и умения, которые приобретены в ходе самостоятельной поисковой и творческой деятельности учащихся.

Использование схемы для определения уровня активности учащихся на уроке:

Дает возможность рефлексии учителя, проектирования дальнейшей учебной деятельности, приближающая учителя к созданию условий для самоактуализации учащихся.

Ещё одной, часто применяемой формой зачёта, является тестирование. Оно обеспечивает не только объективную оценку знаний и умений учащихся, но и эффективную обратную связь в учебном процессе, выявляет факт усвоения знаний, что необходимо для получения реальной картины того, что уже сделано в ходе учебного процесса и что предстоит сделать. Естественно, прежде чем применять тесты на уроке, необходимо определиться в целях изучения данной темы и конкретного урока. Анализ подготовки и результатов таких уроков показывает не только упрочение знаний учащихся, совершенствование их умений обобщать и систематизировать материал, но и изменение их отношения к математике. Доминирующими для них становятся сам процесс приобретения знаний и его содержание, а не только оценка.

Оживляют урок различные командные химические соревнования. Кроме активизации работы учащихся, соревнования несут и воспитательную нагрузку: ребята соперничают успехам своих товарищей. Мы часто используем викторины. Викторина - это игра, во время которой учащиеся отвечают на вопросы. Выигрывает тот, кто дает больше правильных ответов. В начале урока викторину можно провести при отработке навыков, в середине урока - при проверке усвоения нового материала, в конце урока - при проверке знаний и умений учащихся.

Такая организация урока, где за основу берется познавательный интерес-это только первое приближение к формированию познавательной активности учащихся. Новые рыночные отношения поставили перед школой задачу: воспитать и вооружить ученика такими знаниями, чтобы он смог занять достойное место в обществе и приносить ему максимальную пользу. Одним из важнейших направлений решения этой проблемы является интенсификация учебного процесса т.е. разработки и внедрение таких форм обучения, которые предусматривали бы целенаправленное развитие у учащихся мыслительных способностей, интереса к учебной работе, творчества, инициативы.

Практика показала, что если использование нестандартных форм уроков носит не случайный, а систематический характер, тесно связанный с изучаемым материалом, то на фоне такой деятельности ученики легче будут понимать теоретический материал, способы решения примеров и задач. Они выполняют познавательные и воспитательные функции. На них ученики применяют приобретенные знания, открывают новые приемы решений и рассуждений, привлекаются к работе слабые школьники. Такая работа способствует развитию логического мышления, тренирует смысловую и образную память, активизирует мыслительную деятельность. Это позволяет разносторонне развиваться личности учащихся, способствует выработке умения аргументировано доказывать свою точку зрения, отстаивать свою позицию, прислушиваться к мнению других, развивает чувства взаимопомощи и взаимоуважения, формирует осознанные нормы поведения, учит внимательности, терпимости и самообладанию сообразительности и скорости мышления. Учащиеся преобразуются на глазах, с огромным удовольствием показывают свои знания и умения.

ҚАЗАҚТЫҢ ХАЛЫҚТЫҚ МАТЕМАТИКАСЫН ОҚИТУ – ҰЛТЖАНДЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ТӘРБИЕЛЕУ КЕШЛІ

**Баяндамашы: Жолдыбайұлы Бердібай
Шымкент қаласы, №89 ІТ мектеп-лицейі,
математика пәнінің мұғалімі**

Ұлттық құндылықтар туралы

Әрбір халықтың тарихи өмірінде қол жеткізген ең құнды дүниелері – рухани және адами қасиеттері, моральдық нормалары, ұлттық құндылықтары бар. Ұлттық құндылықтар – қандай да бір этникалық қауым өкілдерінің өзіндік тарихи көрінісі бар рухани мұраттарының жиынтығы. Ұлттық құндылықтардың әрбір халықтың өмірінде алатын орны өзгеше екені белгілі. Сондықтан да әрбір жаңа ұрпақ үшін мәнді тәрбие – ұлттық тұрғыдағы тәрбие үлгісі болып табылады. Өйткені, мұнда тәрбиенің негізі ғасырлар бойы қалыптасып келген асыл рухани құндылықтар және биік ізеттілік пен моралдық тұрғысындағы ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып жататын, адамның адамдық қасиетін нығайтып әрі асылдандыра түсетін, халықтың даналық өмір-салтынан туындап отыратын бұлжымас ережелер мен қағидалар құрайды. Қазақы дүниетаным, ақыл-ой, тағылымдық ұлағат ғасырлар бойы шындалып қалыптасты. Сол сан ғасырлық ұлттық тәрбиенің негіздерін бір арнаға түсіріп тәрбие мәселесінде пайдалану бүгінгі таңда күн тәртібінде тұрған ең басты қажеттілік деп білемін.

Ұлттық отаншылдықты қалыптастыруда ата-бабаларымыздың ұлағатты ойлары мен тәлімдік тәрбиесінің атқаратын орны ерекше. Осы жерде қазақ

халқының ұлы ақыны, ғалым М. Жұмабаевтың мына сөзі ойға оралады: «Ұлт тәрбиесі – баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Және әр ұлттың баласы өз ұлтының арасында, өз ұлты үшін қызмет қылатын болғандықтан, тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесі мен тәрбие қылуға міндетті». Бала тәрбиесінің ұлттық сипатта болуына ерекше мән беру керектігін атап өтеді. Ал ұлттық сипат – сол ұлт тарихының таңбасы. «Ұлттық мектеп дегеніміз – ұлттық рухта тәрбие беретін орын».

«Ұяда не көрсең, ұшқанда соны аласың» демекші, ата дәстүріміздің қалыптаса беруіне отбасы тәрбиесінің ықпалы зор.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: *«Ұлттық мәдениеттен жәрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».*

Сонымен қорытындылай келе, осындай халқымыздың маңдайына біткен ұлттық құндылықтарымызды, сонау өткен ғасырлардан өшпес мұра болып қалыптасып келе жатқан дархан халқымыздың таратқан үлгі насихаты асыл мұраларымызды мұғалімдердің талмай, қажымай еткен еңбектерінің арқасында дарынды да тәрбиелі оқушылардың бойына сіңіріп, ұлттық мәдениетімізді әлемдік деңгейдегі мәдениетке жеткізіп сақтауға деген патриоттық сезімді қалыптастыруға үлес қосуымыз керек.

Мектеп оқулықтарының мазмұны көбіне жергілікті жердің мәдениетін, тұрмыс-тұрпатын, ұлттық қабылдауларды ескермей, дерексіз сипатта болады. Математика пәнін оқытуда қазақ халқының ұрпақ тәрбиелеудегі өмір тәжірибесінен, салт-дәстүрінен, шаруашылық жүргізу тәсілдерінен көрініс бере отырып оқытқан тиімді.

Ұлттық дәстүрлі мазмұндағы есептер, қазақтың қара есептері, ұмытыла бастаған ұлттық дәстүрлеріміз, сондай-ақ ертегі есептер, ұлттық ойындар, мақал-мәтелдер, қазақтың байырғы өлшем бірліктері, қазақша жыл есептеулер т.с.с оқушылардың ұлттық дүние танымын кеңейтеді. Ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан қазақ халқының ауызша есептері ауыз әдебиетінің бір жанры болып табылады. Логикалық ой қорыту жолымен шығарылатын халықтың байырғы есептері арқылы халық мұрасымен таныса отырып, әр түрлі тәсілмен шешуге болады.

Қазақтың байырғы қара есептері және оны оқытудың әдістемесі

Тәуелсіздік алған жылдардан кейін жинақталып, өңделген басылымдарда жарияланған, кітап болып шыққан қазақтың қара есептері қазақ халқының математикалық білімінің қайнар бастауы. Бұл есептер қазақ халқының да ғасырлардан ғасырларға ауызекі тараған күнделікті өмірдегі практикалық мұқтаждықтарын өтейтін математикасы болғанын көрсетеді. Тіпті бұл есептер қазақтың математикалық білімінің деңгейін танып білуге жәрдемдеседі. Қолда бар халықтық есептерді зерттеп, зерделеп байқасақ, көптеген есептері қазір қосымша білім бағдарламаларына сәйкес зияткерлік олимпиадаларында берілген есептерге мазмұндас, жасөспірімнің логикалық

ойлау қабілетін өсіріп ақыл-ойын, ой-өрісін дамытатын есептер. Сондай-ақ бұл есептер қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрінен, тұрмыс-тіршілігінен, тәрбие тәлімінен көптеген ақпараттар береді. Сондықтан біз бұл есептерді лицей сыныптарындағы математика үйірмесінде «Математика әлемінде» атты курс бойынша оқытуды қолға алдық. Сонымен осы курс барысында халықтық математиканы оқыту жөніндегі өзімнің тәжірибемді назарларыңызға ұсынамын.

«Жорамалдау» «Айырмашылығын айырмашылығына бөлу» (артық кем мәселесі) «Жойылту», (арылту, «Шегіну», «Қуып жету» (Қуып жету мәселесі), «Салыстыру» тәсілдері қазақтың ежелден есептер шығару тәсілдер. Сондықтан бұл есептерді лицей сыныптардағы математика үйірмесінде «Математика» әлемінде атты курс бойынша қосымша оқытуды қолға алдық.

Курстың мақсаты:

а) Қазақтың халықтық математикасын оқушыларға оқытып, оны ұлттық құндылық деп тану және оларды шешу тәсілдерін үйрету. Есептерді шешу икем-дағдыларын қалыптастыру.

ә) Халықтық есептерді математикалық астарларына сәйкес топтап, талдай білу, шешу тәсілдерін таңдай білу, ол тәсілдермен есептерді шеше білу. Оқушының ой-өрісін дамыту.

б) Оқушыларды халықтық есептерді ұлттық құндылықтар деп танып, салт-дәстүрлерді үйреніп, құрметтеуге тәрбиелеу. Ұлтжанды жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ету.

Біз өзіміздің үш жылдық тәжірибіміздің негізінде оқушыларға білім беру үдерісінде халықтық математиканы оқытуға қойылатын негізгі талаптар жөнінде төмендегілерді ұсынамыз:

– Халықтық математикалық білімнің мазмұнын толық түсіну керек. Ол санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, өлең, ертегі желісі не айтыс түрінде ме, ұлттық ойын дұзақ, мақал-мәтел түрінде ме, қара есеп пе, анықтап оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес сабақ процесінде де, тәрбиелік шараларда да қолдануға болады.

– Халықтық есептердің түрліше берілуі пәнаралық байланыста өрістетуге (әсіресе әдебиет, тарих, дүние тану пәндерімен) сұранып тұр.

– Берілетін қара есептердің ретін жеңілден бастап, бірте-бірте қиындата беру (спиральдік қағидат негізінде)

– Қара есептерді әртүрлі жолмен шығарып, соның ішінде ең қолайлы, оңай жолын таңдай білуге үйрету керек.

– Қара есептерді шығаруда, ол есептің қолданыс жағына өмірде қандай мәселені шешуге көмектесетініне, тәрбиелік мәніне назар аудару керек.

– Халықтық есептерді шешкенде, оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға көңіл бөлу керек, есепті шешуде жауабын тауып, тұжырым жасауда, әртүрлі көзқараспен қарап, пікір талас тудыру керек.

– Қара есептерді арнайы курс бойынша өткенде міндетті түрде оларды шешудің «қазақы» тәсілдерін 5-6 сағаттақ жоспар бойынша оқытқан жөн.

– Оқушыларды дайын қара есептерді шығарумен шектемей, жаңадан сол есептердің басқа нұсқаларын ойлап табуды, одан да жоғары шығармашылық істермен айналысуға жетелеу қажет.

– Қазақтың қара есептері ежелден бергі қазақ халқының өмір сүру тарихынан туындағандықтан, оқушыларға жаңа тақырыпты түсіндіргенде тарихқа сүйене отырып, оның мазмұнын тереңірек қамтып отыруға болады. Біз кейбір тақырыптарды өткенде, осы жағдайды тарихи мәлімет, жаңа материалмен үйлесімді баяндауға тырыстық.

- Халықтық есептерді күнделікті математикадан өтілетін тақырыпқа сәйкес материалды іріктеп, тандап оқыту.

Қазақтың байырғы қара есептері қолданыс жақтарына қарай 9 (тоғыз) топқа бөлініп қарастырылды.

1. Баланың зеректігін, логикалық ойлауын жетілдіретін есептер.

2. Ел ішіндегі бірлік пен ағайын арасындағы ынтымақты сақтау туралы есептер.

3. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыпқа байланысты есептер.

4. Шаруашылыққа байланысты есептер.

5. Сауда-саттық, зергерлік, ұсталыққа байланысты есептер.

6. Күнделікті тіршілік және құрылысқа байланысты есептер.

7. Ел ішіндегі дау- дамайды шешу, билік айтуға байланысты есептер.

8. Жолаушы жүру, саятшылық, уақытқа байланысты есептер.

9. Жануарлардың, жәндіктердің іс-әрекеттеріне байланысты және ертегі есептер.

Қазақ халқының математикалық білімінің қолданыс жағы басымдау. Ол осынысымен құнды. Осылай десек те қазақтың білімінің тамыры терең. Олар қазіргі тілмен алғанда санаудың әр түрлі жүйесін үштік, ондық, тоғыздық пайдаланған. Есептері бір, екі, үш, көп белгісізді теңдеулер мен олардың жүйелеріне, арифметикалық және геометриялық прогрессияларға, Бернулли санына, диофант теңдеуіне, графтар әдісіне, тенсіздіктер шешуге, жабулар теориясына, орналастыруға т.б келтіріледі. Және де бұл есептерді қазіргі есептеу құралдарымен де шешуге болады. Қазақтың мұра бөлу есебі *Симплекс* әдісіне келсе, *абжад* есебі тек шығыс халқына тән ерекшелік. Ұлттық салт-дәстүрге сәйкес қисынды ойлау, «қазақы» тәсілдермен шешілетіндері де бар. Мүшел есебі, зекет есебі, бітір есебі, тоғызқұмалақ есебі өз алдына әңгіме, өзіндік шешу тәсілдері бар.

Қазақ педагогикасының математикалық астарлары

Қазақ педагогикасының математикалық астарлары да түрліше. Олар біресе жұмбақ, біресе өлең, біресе қара сөз, біресе ертегі, біресе ілмек, біресе дұзақ, біресе ұйқас табу, біресе мақалдап сөйлеу, біресе ұсақ заттармен өнер көрсету, біресе сиқырлы ой айту, біресе тұрмыс заттарын жасау түрінде кездеседі.

Осыдан да қазақ халқының математикалық білім бастауы жасаған ер-тұрман әбзелдерінде, құрылыс сәулеттерінде, тартқан домбырасында, жан дәруінде, асыраған малында, еккен егінде, зергерлік бұйымдарында, тоқыған алашасы мен кілемінде, қысқартып айтқанда күн көрісінде.

Қазақтың математикалық есептерін жинап, өңдеу қазақтың математикалық білім деңгейін айқындауға жәрдемдеседі.

Қазақтың математикалық білімінің көріністері

Барлық халықтарға тән математиканың бастауы қазақ жерінде де болды. Математикалық білім әр халықтың даму дәрежесіне сай практикалық мазмұнды қажеттіліктерін өтеді. Сондай математикалық білім қазақтың санамақ, жаңылтпаш, жұмбақ, ұлттық ойындары, мақалдары, қара есептерінен байқалады. Қазақтың қара есептері әр ғасырда өмірге келіп, қазақ ауылының тыныс тіршілігін, әл-ауқатын, өмірге араласуын, мақсатқа жету ізін, философиялық күрмеуін, қазақ халқының тәлімінің сыр-сипатын бейнелейді

Қазақтың халықтық математикалық білімінің көріністері, олардың баланың тілі шыға бастағаннан санауды үйреткен санамақтарынан, бала тілін дамытудағы жаңылтпаштарынан, ой түйіндеудегі мақал-мәтелдерінен, баланың ой-өрісін дамытудағы астарлап, сипаттап, бейнелеп, жұмбақтап айтқан жұмбақтарынан байқалады. Ата-бабаларымыз осы мұралар арқылы өз ұрпақтарын тәрбиелеп, ақыл-ойын дамытқан, ой-өрісін кеңейткен, келешек өмірге дайындаған. Мұнан кейінгі қызметті қазақтың байырғы қара есептері атқарған. Қара есептер қазақ қоғамы өмір сүруінің барлық салаларындағы мәселелерді шешуге көмектескен, қызмет еткен.

Ата-бабаларымыз балалары санауды үйренгеннен кейін сан ұғымын кеңейтіп, оларға қолданылатын амалдарды үйрету мақсатында төмендегі сияқты жұмбақ-санамақтарды жаттатқызуды қолға алған.

1. Бір-бірімен жарысқан

2. Түйе, бота маң басқан

Төрт аю, бір арыстан

Төрт аяғын тең басқан

Екі қой мен бір түлкі

Шұнақ құлақ бес ешкі

Бәрі нешеу кім білді ?

Қос лақты қос ешкі

(8)

Төрт қозылы екі қой

Бәрін бірге санап қой

(19)

Халықтық есептердің ой-өрісті, ақыл-ойды дамытудағы, жетілдірудегі маңызы

Есеп мазмұнды жұмбақтар ақыл-ой тәрбиесінің тамаша құралы болып табылады. Қазақ халқы жұмбақтарды басқа да тапқырлық сөздер қатарында

жас жеткіншектің ойын тапқырлыққа баулу мақсатында, сонымен бірге оның сан жөніндегі түсініктерін байытып, онан әрі дамытудың әдістемелік құралы ретінде қолданып отырған. Ата-әжелеріміздің айтуы бойынша бұрындары көрші ауылдың жігіттері келіп, ауылдағы қыздарға жұмбақ-есептер айтып, керісінше қыздар да жігіттерге өлең есептер айтатын болған. Жігіттер жұмбақ есептерін шешсе, ауылға келіп, жауаптарын айтып, дұрыс болса сыйлықтар алған, шеше алмаса ауылға келе алмай жүрген, тіпті қате шешсе жазаланған. Жігіттер үстем болса, қыздардың еркін билеген.

Сандық сипаттама арқылы берілген жұмбақтар

Қазақ жұмбақтарындағы анық байқалатын бір ерекшелік олардың көпшілігі сандармен байланысты болып келеді, оларды қандай да бір затты немесе құбылысты оның сандық сипаттамасын тұспалдай отырып жұмбақтау жиі кездеседі.

1. Қос құлақты 100 тісті

3. 72 мүйізі бар

Жүзінен бірақ іс түсті

Үстінде киізі бар

(Ара)

(Киіз үй)

2. Иір қобыз

4. Бір, үш, бес, он

Екі тұтқыш

Жиырма, елу

Бір қыл жуғыш

Жүз, екі жүз мың бар

(Түйенің мойыны мен басы, екі Әрқайсысының құны бар
өркеш, құйрығы)

(Теңгелер)

Қорытынды:

- Математика элементтерін халықтық салт-дәстүрмен сабақтастыра қолдану ұлтжанды болуға үйретеді.
- Халықтық педагогиканың құрамды бөліктері қазақтың ұлттық ойындары, мақал-мәтелдері, жұмбақтар, ертегі есептер, санамақтар т.б. ерте заманнан бастап, жас өспірімдердің ой-өрісін, зеректігін дамыту, тапқырлығы мен шешендікке тәрбиелейді.
- Ұлттық салт-дәстүр элементтерін математикамен ұштастыру ұлттық сана сезім ояңған, рухани ойлау дәрежесі биік, этикалық талғамы жоғары, ар - ойданы моль болуға жетелейді.
- Салт-дәстүр элементтерін математика сабағында оқыту балалардың ғасырлар бойы емір тәжірбиесінен өткен әдептілік, сыпайылық, қайырымдылық, еңбек сүйгіштік, ілтипаттыққа тәрбиелейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақтың байырғы қара есептері, С.Елубаев Алматы 1996ж.
2. Қазақтың қара есептері, Егемен Қазақстан 2018ж., қазан – 2019ж., наурыз. Ұлы даланың байырғы 100 көне есебі.
3. Математика олимпиадасына дайындық бастамалары 5-8 сынып, Р.Мәуіт. Астана, 2017 ж.
4. Математика олимпиадаға дайындық есептер жинағы Т.А.Алдамұратова, Т.С.Байшоланов, Е.С.Байшоланов. Алматы, «Атамұра» 2018ж.
5. Қызықты математика, логикалық есептер жинағы.Т.Нұрғалиев. Алматы кітап баспасы 2015ж.
6. Математика тарихынан, А.Собалақов. Алматы «Мектеп» баспасы 1966ж.
7. Математика тарихы. М.Абенова, Шымкент-2003ж.
8. Математика тарихы. А. Көбесов, Алматы-1993ж.
9. Ұлттық құндылықтар – жеке тұлғаға бағытталған сабақтың ажырамас бөлігі. (облыстық ғылыми тәжірибелік конференция) Атырау қ. Маусым 2014 ж.

ФИЗИКАЛЫҚ ЭКСПЕРИМЕНТТІ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІКТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ЖОЛДАРЫ

**Жакипова Нургул Арипханқызы
Түлкібас ауданы, А.Асқаров ЖОМ,
физика пәні мұғалімі**

Экспериментті дайындалған жағдайларда, табиғи құбылыстарды зерттеуден тұратын табиғатты тану тәсілі. Табиғаттың математикалық моделін зерттейтін теориялық физикадан айырмашылығы, эксперименталды физика табиғаттың өзін зерттеуге арналған.

Физикалық [теорияның](#) жаңылысуы немесе дәлірек айтқанда, теорияның біздің әлемге қолданылмауы критерийі болып табылатын эксперименттің нәтижесімен келіспеушілік. [Эксперимент](#) келісімі теорияның дұрыстығын (қолданылуын) дәлелдей алмайды. Яғни физикалық теорияның өміршендігінің негізгі өлшемі эксперимент арқылы тексеру болып табылады. Эксперименттің бұл айқын рөлін тек [Галилео Галилей](#) мен кейінірек зерттеушілер жүзеге асырды, олар ерекше жағдайдағы заттардың мінез-құлқын бақылау негізінде, яғни эксперименттер жасай отырып, әлемнің қасиеттері туралы қорытынды жасады. Байқаңыз, бұл ежелгі гректердің көзқарастарына толығымен қарама-қайшы екеніне назар аударыңызшы: әлем құрылымы туралы шынайы білімнің көзі тек ойлауға ұқсады, ал «сенсорлық тәжірибе» көптеген жалғандықтар мен белгісіздіктерге ұшырады және сондықтан шынайы білім болуды талап ете алмады.

Ең дұрысы, эксперименталды физика эксперименттік нәтижелерді ғана сипаттауға тиіс, оларды түсіндіру емес. Алайда іс жүзінде бұл мүмкін емес. Көп немесе аз күрделі эксперименттің нәтижелерін түсіндіру эксперименталды қондырғының барлық элементтері қалай әрекет ететінін түсінуімізге негізделеді. Бұл ұғым, өз кезегінде, кез келген теорияға сене алмайды. Осылайша, қарапайым бөлшектердің үдеткіш физикасы бойынша эксперименттер - барлық эксперименттік физикадағы ең күрделі бірі - элементтер бөлшектердің қасиеттерін нақты детектордың барлық элементтерінің механикалық және серпінді қасиеттерінен кейін ғана, олардың жауап **электр** және **магнит** өрісі, **вакуум** камерасындағы қалдық **газдардың** қасиеттері, пропорционалды камераларда электр өрісі мен иондардың дрейфі, **иондану** үдерістері және т.б.

Физикалық эксперименттерді модельдеу – оқытушыға сабақта физикалық ұғымдардың мағынасын тереңірек ашуға, студенттерді физиканың қазіргі эксперименттік базасымен таныстыруға, физикалық құбылыстармен зерттеу әдістерін толық түсіндіруге мүмкіндік береді.

Шығармашылық қабілеттерін арттыруда эксперименттік тапсырмаларды үйге берудің маңызы ерекше. Экспериментті жүргізудің дидактикалық құрылымы төмендегідей болуы мүмкін: демонстрациялық тәжірибелер, фронтальды зертханалық жұмыстар, физикалық практикум, үй жағдайындағы тәжірибелер. Мұғалімнің үйге эксперименттік тапсырмалар беруі сирек кездеседі.

Үй тапсырмасына эксперименттік тапсырмалар беру оқушының мынадай қабілеттерін және шеберліктерін дамытады:

- Интеллектуалдық (салыстыру қабілеті, негізгіні ажырата білу, зерттеу, эксперимент нәтижелерін жазу және қорытындылау).
- Пәндік (теорияны практикамен ұштастыру шеберлігі, физикалық білімдерін құбылыстарға анализ жасауға қолдану, көптеген үй аспаптары мен құралдарының жұмыс істеу принципін түсіндіру).
- Ұйымдастыру-танымдық (құрал-жабдықтардың функционалдық міндеттерін анықтай білу, техникалық құрылғылармен жұмыс істегенде техника қауіпсіздігі мен пайдалану ережелерін сақтау).

Физикалық эксперименттік тапсырмаларды үйге беру осы пәнге ерекше қызығушылықты тудырады. Өйткені мұнда жергілікті табиғи және тұрмыстық (техникалық) жағдайлар ескеріледі. Үйге берілетін эксперименттік тапсырмалар жүйесі құрылған.

Бұл жүйе төмендегідей бірқатар мәселелерді шешуге бағытталған:

- тәжірибелерді физикалық тұрғыдан қарастыру;
- физикалық шамаларды өлшеу арқылы физикалық заңдар мен заңдылықтардағы функционалдық тәуелділікті анықтау;
- физикалық процестерді тұрмыстық техника көмегімен басқару мүмкіндігін түсіндіру (тігін машинасындағы реостаттың және потенциометр

дыбыс реттегіштің телевизордағы, магнитофондағы, радиоқабылдағыштағы міндетін анықтау);

- тұрмысқа қажетті техникалық құрылғылардың параметрлерін өлшеу және есептеулер жүргізу (электр құрылғыларының үтіктің, электр плитасының қуатын электр энергиясын есептегіш пен секундтық тілі бар сағат арқылы анықтау және оны осы құралдың құжаттық көрсеткіштерімен салыстыру; егер олар сәйкес келмесе себептерін түсіндіру); - техникалық білімдерін күнделікті еңбек тәжірибесінде қолдану.

Эксперименттік есептерді шешу тәсілдері оларды шешудегі эксперименттік жұмыстың қойылуына тәуелді. Мысалы, есепті шешу үшін барлық тексеру қажет болса, онда есептің шешуін нұсқауларға сәйкес жазады.

Эксперименттік есептердің басқа түрлерінде есепті шешу мен баяндау қажет болады. Егер есепті шешу үшін қажетті шамалар тәжірибе нәтижесінде алынса, онда экспериментті қою және өлшеулер жүргізу маңызды.

Есеп түріндегі эксперименттік тапсырмаларды шешу мен жазу келесі элементтерден тұрады: есептің қойылуы, шарттарды анализдеу, өлшеулер жүргізу, есептеулер, тәжірибеден тексеру.

Физиканы оқыту, оның пән ретінде ерекшеліктеріне сай, қазіргі заманғы ақпараттық технологияны қолдануы жайлы сала болып келеді. Физика сабақтарында ақпараттық –технологияны жаңа тақырыпты өткенде, қорытынды – қайталау сабақтарында және т.б сабақ түрлерінде қолдану өте тиімді. Сабақ барысында слайд-фильмдерді пайдалану, дәстүрлі әдістермен салыстырғанда, сабақтың динамикасын, көрнекілігін, ақпараттың өте жоғары деңгейін және көлемін қамтамасыз етеді, сонымен қатар, тақырыпқа және жалпы физика пәніне қызығушылықты арттырады. Сабаққа дайындық барысында электрондық оқулықтар, Интернет желісінің ақпараттары қолданылады және оқытушы мен студенттерге арналған дидактикалық материалдар, оқу-әдістемелік құралдар жасалады.

Физика - эксперименттік ғылым.

Сондықтан, физикадан өткізілетін оқу эксперименті оқушылардың физика бойынша алатын білімдерінің көзі және физикалық құбылыстарды зерттеудің әдісі, физика сабақтарындағы басты көрнекілік болып табылады. 159 Арнаулы құралдардың жәрдемімен физикалық процестерді демонстрациялап көрсету және оқушылардың өздерінің істеп, зерттеп, бақылауы физикалық оқу эксперименті деп аталады. Ол физиканы оқытудағы ең негізгі көрнекі құрал болып саналады, себебі оны пайдаланудың нәтижесінде физикалық ұғымдар (үдеу, өріс, жарық дисперсиясы т.б.) қалыптастырылады, құбылыстар арасындағы өзара байланыстар (күш пен масса, ток күші мен кедергі, жылудың механикалық эквиваленті т.б.) тағайындалады, физикалық заңдар (Ньютон, Ом заңдары т.б.) тексеріледі. Физикалық оқу экспериментінің оқушыларды ұқыптылыққа, төзімділікке, қиыншылықты жеңе білуге, ізденушілікке, бақылай білу ептілігін дамытуға,

политехникалық дағдыларын қалыптастыруға күшті әсер ететіндей тәрбиелік маңызы да зор.

Ұйымдастыру формасына қарай физикадағы оқу экспериментінің жүйесі мынадай 6 түрден құрылады:

- 1) демонстрациялық эксперимент;
- 2) лабораториялық эксперимент;
- 3) физикалық практикум;
- 4) сыныптан және мектептен тыс жүргізілетін эксперимент;
- 5) эксперименттік есептер шығару;
- 6) қолдан физикалық приборлар мен көрнекі құралдар жасау.

Мектепте физикалық экспериментті тиісті дәрежеде өткізудің ең басты шарты - физика кабинетін жабдықтау және оның жұмысын жоспарлы түрде дұрыс жолға қоя білу. Бұл - физика мұғалімінің ынта-жігеріне және іскерлік қабілетіне бірден-бір байланысты жұмыс. Демонстрациялық эксперимент немесе тәжірибелер сабақ үстінде көрсетіледі, сондықтан, ол сабақтың бір бөлігі болып есептелінеді және оқытудың басқа тәсілдерімен (әңгімелеу, дәріс, проблемалық баяндау, т.т.) бірігіп қолданылады. Демек, демонстрациялық тәжірибелер көрсетпейінше физика сабақтарын сапалы өткізуге болмайды. Сабақ үстінде физикалық тәжірибелерді көбінесе мұғалім көрсетеді, кейде оларды оқушылардың өздеріне де жасатуға болады. Физикалық эксперимент – оқытудың ең нәтижелі, әсерлі әдістерінің бірі. Демонстрациялық тәжірибелер көрсетілгенде физика сабағы қызықты өтеді.

Демонстрациялық экспериментке қойылатын талаптар

Физикалық демонстрациялық эксперименттің әдістемелік құндылығы мұғалімнен мынадай шарттарды орындауды талап етеді:

1. Тәжірибе өтіліп жатқан оқу материалымен тікелей органикалық байланыста көрсетілуі керек.
2. Демонстрациялық эксперименттің айқын мақсаты болуы тиіс.
3. Сабақта көрсетілетін физикалық тәжірибе көп уақыт алмауы керек және барлық құралдарды бірден көрсетудің қажеті жоқ. Олардың ең негізгілерін ғана тақырыпты түсіндіруде қолданып, қалғандарын оқушылардың сұрау, қайталау сабақтарында пайдаланған тиімді.
4. Физикалық тәжірибелер негізінен физикалық заңдылықтардың сандық мағынасын дәлелдеуге тиісті.
5. Демонстрациялық эксперименттің эврикалық түрде болғаны жөн, мұндай жағдайда тәжірибенің негізінде оқушылар өздері "жаңалық" ашады немесе тиісті қорытындыға келеді.
6. Тәжірибенің бірнеше нұсқаларынан, жаңа сабақты түсіндіруде олардың ең көрнекісі, әсері (эффektісі) күштісі көрсетілуі керек.
7. Тәжірибені көрсеткенде демонстрациялық үстелде тек керекті құралдар ғана қойылуы тиіс. Оның көрнекілігін күшейту үшін мұғалім түсті қағаздарды, ақ-қара экрандарды, түрлі түсті боялған сұйықтарды пайдаланып, құралдарды жарықтандырғаны жөн.

8. Көрсетілген тәжірибеге қатысты сурет пен сұлбаларды дер кезінде тақтаға сызу қажет. Ең дұрысы - суретті динамикалық түрде салу.

9. Физикалық экспериментті нәтижелі көрсетуде физика мұғалімінің әдістемелік шеберлігі өте-мөте қажет.

Сыныптан тыс эксперименттің маңызы Айналамыздағы бізді қоршап тұрған денелер мен процестер әлемінде тұнып тұрған физикалық сыр-құпия мен таңғаларлық тамаша құбылыстар мол. Тіпті, аяқ бассаң, қозғала кетсең, тамақ пісірсең, ойыншықпен ойнасаң, машинамен жүрсең, сырғанақ тепсең, суда жүзсең, ән салсаң, домбыра тартсаң - бәрі физика екендігін физик-мұғалім ешқашан естен шығармауы тиіс. Мұны оқушыларға ұқтырудың, оған нандырудың ең тиімді жолы - оларға сыныптан тыс уақытта физикалық тәжірибелер мен 165 бақылауларды жасаттыру. Әрине, мұндай сыныптан тыс эксперимент мұғалімнің басшылығымен ғана жүргізіледі.

Сыныптан тыс эксперименттің білімдік және тәрбиелік маңызы күшті: оқушылардың физика мен техникаға қызығушылығын арттырады; оларды өз бетінше тәжірибелер, бақылаулар, өлшеулер жүргізуге баулайды; физикалық теория мен практиканың байланысын терең түсінеді; айналамыздағы физикалық құбылыстардың мән-маңызын ұғады; физика және техника туралы әдебиеттерді оқуға әуестенеді; ол жайындағы кәсіби мамандықтардың ерекшеліктерімен танысады. Мұның бәрі оқушылардың физикалық білімдері мен іскерліктерін қарқынды дамытуға күшті ықпал жасайды, физиканы тереңдетіп және кеңейтіп оқуға ұмтылдырады, физика сабақтарының көрнекілігін күшейтіп молайтады. Оқушылардың физика-техникалық сыныптан тыс тәжірибелері мен бақылауларын ұйымдастыруға бірқатар жеткілікті мүмкіндіктердің бар екендігін аңғару қиын емес (механикалық ойыншықтар, балалардың алып жүретін (портативтік) жеңіл инструменттері, арнаулы конструкторлық приборлар комплектісі, үй-тұрмыстық машиналар мен тетіктер, үйдегі өлшеуіш приборлар, мектеп айналасындағы өндіріс орындары, ұстагершілік үй аспаптары, т.т.). Сыныптан тыс эксперимент үйде, өндіріс объектілерінде экскурсия кезінде, физикалық - кештерде, физика-техникалық үйірмелерде, оқушылар сарайлары мен жас техниктер стансаларындағы секция жұмыстарында, қолдан приборлар жасау кезінде өткізіледі. Оқушыларды ұдайы физика-техникалық өнертапқыштықпен, рационализаторлықпен, техникалық шығармашылықпен әр түрлі жолмен (үйірмеде, сабақта, физикалық кеште, қабырға газеті арқылы, көрмеде, экскурсияда) таныстырып тұру қажет.

Сыныптан тыс уақытта физикалық тәжірибелерді, бақылауларды, өлшеулерді нәтижелі өткізу мұғалімнің мынадай әдістемелік-ұйымдастыру жұмыстарды күні бұрын жасай білу шеберлігіне байланысты:

- 1) оқу материалына сәйкес қосымша әдебиеттерді таңдап алып, онымен оқушыларды таныстыру, олар орындайтын тәжірибелер мен бақылауларды жоспарлау;
- 2) жұмыстарды орындауға тапсырмалар дайындау;

3) оларды орындайтын орынды және қажетті приборларды анықтау. Физика сабақтарында эксперименттік есептер шығару оқушылармен жұмыс жасау барысында әрбір мұғалімнің негізгі әдістемесінің құраушысына айналуы керек. Себебі, қазіргі заман талабына сай, оқушыларды техникалық бағыттағы пәндерге атап айтқанда физика саласына бағыттау ең басты қажеттілік болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

О.Ф.Кабардин. Физикадан эксперименттік тапсырмалар методикасы. Алматы «Мектеп»

М.Құдайқұлов, Қ.Жаңаберженов Орта мектепте физиканы оқыту әдістемесі. Алматы, 1998ж

В.П.Орехов пен А.В.Усова. Физиканы оқыту методикасы 6-7. Алматы 1978ж
Орысша-қазақша түсіндірме сөздік. Физика .Е Арын 2006ж

ФИЗИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Ерсинов Сейтжан Сапарович
Ордабасы ауданы. Мұхаметқұл Исламқұлов атындағы
ЖОМ физика пәні мұғалімі

«Сабақ беру - үйреншікті жай ғана шеберлік емес, ол – жаңадан жаңаны табатын өнер» Жүсіпбек Аймауытов. [1]

Қазіргі қоғамдағы педагогтың міндеті ғылым мен техниканың қарқынды дамып келе жатқан заманда өмір сүруге икемді, қоғам пайдасына қарай өзін - өзі толық жүзеге асыруға дайын, білімді, шығармашылыққа бейім, функционалдық сауаттылығы қалыптасқан және бәсекеге қабілетті тұлғаны қалыптастыру. [2]

Жаңа ғасырды бастаған ұрпақ келер ұрпаққа қарыздар болып қалмас үшін қолдан келген игіліктерді жасайтыны анық. Қашанда білімі мол, рухани байлығы бар халықтың ұл-қыздары ешқашанда жүдемесі хақ. Сондықтан да біздің басты байлығымыз – білім. Болашақ – білім мен ғылымға тәуелді болатыны айдан анық нәрсе. Қазіргі жас ұрпақтың білімі мен тәрбиесі қандай болса, елдің ертеңі де сондай дәрежеде болмақ. Сондықтан қоғам талабына сай, қоғамды көркейтетін, дамытатын, Қазақстан Республикасының ішкі және сыртқы істер байланысында мемлекеттің өркениеті үшін еңбек ететін, шетелдермен еркін ғылымим және мәдени қарымқатынастар жасай алатын, оқығанын өмірде қолдана алатын, ана тілін жетік білетін, ұлтжанды азамат дайындау – бүгінгі ұстаз қауымының басты мақсаты. [2]

Сауатсыздық дерті адамға кішкентай кезінен бастап жұғады. Әсіресе, бүлдіршінді жазу мен оқуға баули бастаған 1-ден 3-сыныпқа дейінгі аралықта

пайда болады, яғни үшінші сынып білім алушысы ешқашан кітапханаға бармаса, оқулықтан басқа ешқандай кітап оқымаса, тағы бір ертеңгі сауатсыздықтың дүниеге келгені. Ғалымдардың айтуынша, 8-сыныптан бастап білім алушылардың 60 пайызының өз бетімен жазып-оқуға деген ынтасы жоғалады екен. Тіпті түлектердің үштен бірінің оқуға мүлдем құлқы болмайтын көрінеді. [3]

Сондай-ақ тағы да бір, ресми деректерге сүйенсек, мектеп жасындағы білім алушылардың 40% әдеби мәтінді түсінуге қиналатындығы дәлелденген.

Міне, сондықтан да жоғардағы келтірілген деректер мен мәліметтер білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуды көздейтін бүгінгі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі. Сол себепті де білім алушылардың функционалдық оқу сауаттылығын дамыту үшін олардың мәтінді оқу және түсіну қабілетін арттыруымыз қажет, яғни білім алушылардың мектепте алған білімдерін өмірде тиімді қолдануына үйрете білуіміз керек. Бұл әдістемелік құрал мәтінмен жұмыс жасауда түрлі әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, білім алушылардың мәтінді оқу және түсінудегі функционалдық сауаттылығын дамыту мақсатында құрастырылды. [3]

ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ

Жалпы функционалдық сауаттылық деген ұғымды таратып айтар болсақ, адамдардың (жеке тұлғаның) әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы және өмір бойы білім алуына ықпал ететін базалық факторы. Яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына қарай ілесіп отыруы. Сонымен, функционалдық сауаттылық адамның мамандығына, жасына қарамастан үнемі білімін жетілдіріп отыруы. Мұндағы басшылыққа алынатын функционалдық сапалар: белсенділік, шығармашылық тұрғыда ойлау, шешім қабылдай алу, өз кәсібін дұрыс таңдай алуға қабілеттілік, т.б. Яғни, жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – бүгінгі заманның басты талабы. Болашақ азамат өз ұлтының асыл мұрасынан сусындау арқылы туған халқының тарихымен, мәдениетімен жете танысып, білімін кеңейтеді. Бүгінгі күннің мәні мен маңызы зор өзекті мәселелерінің бірі – оқытудың түрлі әдіс-тәсілдері арқылы білім алушының функционалдық сауаттылығын дамыту. Ал ол оқу сауаттылығына келіп соғары анық.

ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Біздің еліміз осы кезге дейін PISA халықаралық зерттеуінің 4 цикіліне (2009, 2012, 2015, 2018 жылдар) қатысып келеді. Халықаралық зерттеудің негізгі үш бағыты олар: математикалық сауаттылық, жаратылыстану-ғылыми сауаттылық және оқу сауаттылығы.

«Оқу сауаттылығы» термині кең мағынада қарапайым оқу біліктілігін емес, мәліметтерді айқындай білу қабілетімен анықталады.



Оқырмандық шеберлік деңгейіне қарай PISA тест тапсырмалары ең қарапайым тапсырмадан тым күрделі тапсырмаға ауысып отырады. Әрбір тест тапсырмасы 15 жасар білім алушының өмірінде кездесетін шынайы оқырмандық мәселе жағдайын құрайды

Мәтінді толық түсінуге бағытталған үш оқырмандық біліктілік



Қорыта айтқанда, оқушыларды шығармашылықпен жұмыс жасатып, алған ақпараттарын өмірде қолдана алуына жағдай жасау үшін құзыреттілік тұрғысынан оқыту тәсілдерін қолдану педагог үшін маңызы зор. Оқушылардың жаңа заман талабына сай білімді, жан - жақты, коммуникабельді, мәдениетті, өмірге икемделген тұлға болуы үшін оның бойында функционалдық сауаттылықты дамыту ұстаздың қолында. [3]

Осы орайда педагогтарға әр сабаққа жоспар жасау кезінде логикалық тапсырмаларды, PISA тапсырмаларын және т.б тапсырмаларды күнделікті сабақ жоспарына енгізсе, оқушылардың физика пәніне деген қызығушылығы арта түседі.

Иіс шығарғыш қоңыздар.

Көптеген қоңыздар, жәндіктер, кейбір жапырақ жегіштер өзін қорғау үшін өткір иістер шығарады. Қанқыз қоңызы сарғыш түсті улы сұйықтықты да бөледі. Бұл иістер ауада өте тез таралады.

Жәндіктер арасында өзара хабарласудың кең тараған тәсілі- химиялық қосындылардан тұратын иістер шығару арқылы хабарласу. Жапырақ жегілер жаудан бой тасалау үшін улы гемолинфа бөледі. [4]



Жапырақ жегі қоңызы

Сұрақ 1: Иіс шығарғыш қоңыздар.

Қоңыздар мен жәндіктердің шығаратын иістерінің ауада таралу құбылысын түсіндіріп, мысал келтіріңіз.

Бұл иістердің таралуы диффузия нәтижесінде жүзеге асады. Диффузия – бір зат молекулаларының басқа бір зат молекулаларының аралығына ену құбылысы. Газдардағы диффузия құбылысы өте жылдам жүреді. Мысалы: әтірдің иісі.

Сұрақ 2: Иіс шығарғыш қоңыздар

Иістің өте тез таралуын «атомдар» және «молекулалар» сөздерін қолданып түсіндіріңіз.

ЖАУАП:

Газдардың негізгі қасиеті көлемін де, пішінін де сақтамау. Газдардың атомдары бір бірінен өте алшақ орналасқан және өте шапшаң қозғалады. Атомдар мен молекулалардың ретсіз қозғалысының салдарынан иіс өте тез таралады. [4]

Сұрақ 3: Иіс шығарғыш қоңыздар.

Жапырақ жегілер тұқымдас өкілдерінің арасында ауылшаруашылық өсімдіктеріне зардап тигізетіндері де аз емес. Олардың ішіндегі ең танымалы - Колорад қоңызы (*Leptinotarsa decemlineata*). Колорад қоңызының аналығы бір жазда 700 жұмыртқа басады. Оның екінші лектегі ұрпағы бір тонна ботташық сабағын жоюға қабілетті деп саналады. Оның әлемге жайылуына Солтүстік Америкадан ағылып жататын ботташықтар себеп болған. Ересек колорад қоңыздары мен дернәсілдері ботташық сабақтарының жапырақтарын құнығып жейтіні соншалық, зақымданған өсімдік түйнек салмайды, ақыры аяғында бұл өнімнің толықтай шығынға ұшырауына әкеліп соғады. Жапырақ жегілердің қаптап кетуінің алдын алу үшін қандай мәселенің шешімін табу керек. [5]

ЖАУАП:

Қауіпті келімсектер мен қолдан келгенше күресіп келеді: қолмен теріп алады, атыздарды химикаттармен бүркеді, олар қатты зақымданған аудандарға карантин жариялайды, ал селекционерлер гендік инженерияның жәрдемімен колорад қоңызы үшін улы жапырақтары бар ботташық сұрыптарын әзірлеп шығаруда. [5]

II нұсқа**Ыстыққа төзімді жануар.**

Мәтін: Түйенің екі аптадай су ішпеуі мүмкін екендігі белгілі. Бұл оның суды үнемді пайдалатындығымен түсіндіріледі. Түйе 40°-тық ыстықта да терлемейді. Қырқылған түйенің терлеуі 50%-ке дейін ұлғаяды. Түйе ешқашан, тіпті аптап ыстықта да аузын ашпайды. Оның демалу жиілігі өте төмен –минутына 8 рет. Түйе өз өркештерінен керегіне қарай су ала алады (100 г майдан 107 г су).

Сұрақ 1: Ыстыққа төзімді жануар.

Булану процесі кезінде денеде қандай өзгеріс болады?

- A. Дене қызады
- B. Дене салқындайды
- C. Дененің көлемі артады
- D. Дененің ішкі энергиясы артады

Сұрақ 2: Ыстыққа төзімді жануар.

Түйенің ыстыққа төзімділігінің себебі неде?

Әрбір пайымдауда «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз

Төмендегі пайымдаулар дұрыс па?	Иә немесе Жоқ
Оның денесі қалың және тығыз жүнмен жабылған. Жүн оны қызудан құтқарады, ылғалдың шығуына бөгет жасайды	Иә/ Жоқ
Түйе өз өркешінен керегіне қарай су ала алады	Иә /Жоқ
Түйенің салмағы көп болғандықтан ыстыққа төзімді келеді	Иә / Жоқ

Сұрақ 3 : Ыстыққа төзімді жануар.

Булану процесінің нәтижесі нені береді?

Әрбір пайымдауда «Иә» немесе «Жоқ» жауаптарының бірін айналдыра сызыңыз

Төмендегі пайымдаулар дұрыс па?	Иә немесе Жоқ
Булану процесі температураның азаюына әкеледі	Иә/ Жоқ
Ыдыстың бетінің ауданы үлкен болса, булану процесі қарқынды жүреді	Иә /Жоқ
Булану құбылысы ағзаны реттеуде маңызды емес	Иә / Жоқ

Пайдаланылған әдебиттер:

1. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық 2007.
2. Н.А.Назарбаев. Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты. // Ана тілі газеті. № 5, 2-8 ақпан, 2012 жыл.
3. Н.А.Оразахынова. Әдебиетті сатылай кешенді талдау //әдістемелік құрал, Алматы, 2012 жыл

4. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2018 / Компьютерлік формат халықаралық зерттеуі құралдары. Астана, 2016 жыл
5. ҚР БҒМ «Ақпараттық талдау орталығы» АҚ. PISA-2015 Халықаралық зерттеуінің негізгі нәтижелері. Ұлттық есеп. Астана, 2017 жыл.

МАТЕМАТИКА ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСТЕРІ

Исаева Закура Амирхановна
Ордабасы ауданы, Б.Нұрлыбеков атындағы
ЖОМ, математика пәні мұғалімі

«Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін ең алдымен азаттық пен білім қажет» деп қазақтың біртуар перзенті Шоқан Уалиханов айтқандай еліміз өз тәуелсіздігін алғаннан кейін білім мен ғылым саласына ерекше көңіл бөлуде. Әлемдік білім кеңістігінен орын алу үшін міндетті түрде саналы жан-жақты дамыған ұрпақты тәрбиелеуіміз керек. «Мұғалім – мектептің жүрегі» деп Ыбырай Алтынсарин бекер айтпаса керек. Әрбір мұғалім өзін мектептің жүрегімін деп есептеп, мектептің жанын кіргізердей дәрежеде болуы тиіс. Өз ісіне аса ықыласпен ден қойып, құзырлы мұғалім ретінде баланың жүрегіне білім нәрін себе білсе, нұр үстіне нұр болар еді.

Білім беру сапасын жоғарылату – заманауи мектепке қойылатын маңызды талаптардың бірі. Білім беру сапасы – бұл білім беру жүйесінің сипаттамасы. Бұл сипаттама оқытуда қол жеткізілген нақты нәтижелердің мемлекеттік нормативтік талаптарға сәйкестігінің дәрежесін, білім беруде қойылған мақсат-міндеттерге жету дәрежесін айқын көрсетеді.

Білімнің сапасы оны меңгеруін жан-жақты талдау және меңгерген білімді қызметтің көптеген түрлерінде қолдану нәтижесінде анықталады. Білім сапасының келесі өлшеуіштері бар:

- толықтылығы;
- тереңділігі;
- нақтылығы;
- жүйелілігі;
- беріктілігі;
- икемділігі.

Білім сапасына ықпал ететін факторлар:

- ата-аналар жауапкершілігі;
- оқушылардың жеке ерекшеліктерінің деңгейі (қызығушылықтары, ынталары, қабілеттері, психологиялық типі, т.б.);
- мұғалімнің кәсіби шеберлігінің деңгейі;

- оқытудағы дәстүрлер мен жаңашылдықтар (мазмұны, көлемі, оқыту технологиялары мен әдістері);
- оқытылуға дайындық деңгейі;
- оқу үдерісінің оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуінің жағдайы (оқулықтар, оқушы мен мұғалімге арналған оқу-әдістемелік кешендердің сапасы);
- сыртқы ықпал (отбасының, ересектердің, достарының, сыныптастарының, т.с.с.);
- физиологиялық факторлар;
- оқушылар білімін бағалау жүйесі;
- балалар мен ересектердің педагогикалық өзара әрекеттесуі, коммуникативті қарым-қатынастардың деңгейі.

Жалпы білім беру жүйесі келесі құрамдас құрауыштардан тұрады:

- стандарттар мен оқу бағдарламалары;
- оқулықтар;
- педагогикалық кадрлардың кәсібилігінің сапасы;
- білім беру сапасын бағалау;
- рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбие;
- ғылыми-зерттеушілік жұмыстар;
- басқару жүйесі;
- материалдық-техникалық база.

Егер осы құрамдас құрауыштардың сапасы жоғары болса, онда білім беру сапасының да деңгейі жоғары болатыны сөзсіз.

Бүгінгі күні мектептердегі білім беру сапасының жағдайы барлығымызға белгілі. Білім сапасының төмендеуінің көптеген себептері бар:

- мұғалімдердің кәсібилігінің жеткіліксіздігі;
- мұғалімдерді ынталандыру дәрежесінің төмендігі;
- мектеп әкімшілігі тарапынан бақылау мен қолдаудың жеткіліксіздігі;
- жетілдіру бағдарламаларын жүзеге асыруда ресурстардың (адами және қаржылық) жетіспеушілігі;
- оқушылардың функционалдық сауаттылығы деңгейінің төмендігі.

Білім беру сапасын жоғарылату жұмыстары жүйелі түрде жүргізілмесе, онда сапалы нәтижеге қол жеткізу мүмкін емес. Сонымен қатар бұл жұмыс білім беру жүйесінің әрбір сатысында талапқа сай жүргізіліп, тығыз байланыста жүзеге асырылуы тиіс.

Ғылыми зерттеу - ғылыми әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, белгілі бір тың тақырып жөнінде жаңа білім қалыптастыруымен анықталатын жүйелі және арнайы мақсатқа көзделген қадамдармен өлшенеді. Оның негізінде оқушы әрекетінің ең қиын түрі - ғылым мен танымның қызметі. Танымдық әрекет оқушы үшін еске түсіру, есте сақтау мен шығармашылық бағытта болады. Ғылыми зерттеудің басымдылығы оқу-таным әрекетін зерттеу деп аталатын тәсіл арқылы жүзеге асырылады. Оқушыларды оқытуда зерттеу әдісін қолдану қажеттілігі олардың табиғи қызығушылығының жоғарылығымен,

қоршаған ортасына деген құштарлығының басымдығымен айқындалады. Білім алушыларды өзіндік зерттеу әрекеті оның өзіндік талабымен қанағаттандыруға ықпал етеді. Оқушылар қоршаған ортамен таныса отырып, өзіндік зерттеу әрекетінің көмегімен жаңа білімді дайын күйінде емес, өзі ашады.

«Білім сапасын-арттырудың ғылыми-тәжірибелік негіздері» тақырыбындағы эксперимент білім сапасын арттырудың негізгі көзі деп білемін. Осы бағытта экспериментке қатысушылар алдындағы негізгі мақсат ол, эксперименттің негізгі идеясы: Орта білім беру жүйесі күрделі жүйе екені, оның 8 жүйе құраушысын ескере отырып жұмыс жасауы болып отыр. Бір балаға сапалы білім беру үшін осы жүйе құраушыларының сапасын, сол балаға қатысты, жүйелі түрде көтеру үшін жұмыс жасалынды. Ол үшін мектеп, оқушы, ата-ана үштік одақтың жұмысы басты назарға алынды. Ата-аналарда мектепке деген ерекше көзқарас тудыру, білім алушының оқуға деген қызығушылығын арттырып, мұғалімдеріміз жаңа әдіс-тәсілдердің практикалық қолданысын кеңейтуі қажет болды.

Эксперимент жұмыстарының негізінде мұғалім қызметіндегі маңызды дүние – жекелеген оқушылардың тақырыпты қабылдау ерекшеліктерін, оқушылардың түсінігін жетілдіру немесе жақсарту мақсатында олармен жұмыс жүргізу қажеттігін ұғынуы, сондай – ақ кейбір оқушылардың тақырыпты өзіне оңтайлы бірегей тәсілдермен меңгеретіндігін ескере отырып жұмыс жасадық.

Тұжырымдама негізінде 6 бағыт құраушысының әрқайсысының сапасын, бір балаға, бір сыныпқа қатысты, көтеру мақсатында атқарылуы қажетті жұмыстар нақтыланды, оларды жүйелі түрде жүргізуге қол жеткізілді.

Эксперимент сыныптарда ашық сабақтардың орнына «ақылдасу сабақтарын» өткізетін болдық. Ақылдасу сабағы – эксперименттің жаңалығы деп, толық айта аламын. Ақылдасу сабағы – мұғалімдер тәжірибесі саласындағы білім жетілдіруге бағытталған ынтымақтастық педагогикалық тәсіл. Ақылдасу сабақтары проблемалық тақырыптар негізінде жүргізіліп, мектепшілік, аудандық эксперимент мұғалімдерінің қатысуымен сабақтар жүргізілді. Шынайы кері байланыс беріп, сабақты жақсарту үшін тиімді әдіс - тәсілдерді ұсынып, кәсіби қолдау көрсетілді. Ақылдасу сабақтары негізінде мұғалімдер арасында кәсіби қарым-қатынас орнады. Сабақтың барысы жақсарып, білім сапасының артуына қол жеткізілді. Ұстаздардың бір-бірімен тығыз жұмыс жасауларын іске асыру мақсатында, әр сыныпта оқытылатын пәндер бойынша пән мұғалімдерінің бірге жұмыс жасайтын топтары құрылды. Оқу бағдарламаларын талдап, оқушылардың меңгеруіне қиындық туғызатын тақырыптарды анықтап, қиын тақырыптарды түсіндіруде қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдер сұрыпталып, сабақта қолдану арқылы білім сапасының жақсаруына жақсы әсер етті. Әрбір сабақтан соң рефлексия жүргізіп, оның нәтижесін келесі сабақты жоспарлауда міндетті түрде ескеріп отырды.

Білім алушылардың меңгерілуіндегі қиын тақырыптарды оқушыға түрлі әдістер арқылы түсіндіріп, қосымша материалдарды ұсыну нәтижесінде, тақырыптың негізгі идеясы ғылыми жұмысқа ұласты. Қазіргі таңдағы ең маңызды мәселелердің бірі оқушылардың ғылыми жұмыспен айналысуы әлі де өзекті болып тұр. Осы мәселені еңсеріп, мектебімізде ғылыми жұмыстың жүйелі жүргізілуіне эксперименттің тигізген септігі мол болды. Бұрын - сонды тек дарынды, ерекше қабілетті, оқу-танымы жоғары оқушылар ғана айналысатын болса, қазір эксперимент сыныпта, кез келген қиын тақырыпты тереңінен, қоршаған ортамен байланыстыра отырып түсіндіру арқылы, сыныптағы кез келген бала зерттеумен айналыса алатынына білім алушылар арасында сенімділік пайда болды.

Білім алушыға рухани-адамгершілік тәрбие беру эксперименттің басты мақсаты екені анық. Осы мақсатты іске асыру үшін, мұғалім – ата-ана – бала үштігі құрылып, барлық жүйе құраушылар бағыттары бойынша жан-жақты жұмыстар жүргізу іске асырылды. Бұл жұмыстарға ата-аналар кеңінен тартылатын болады. Ата-аналардың қалауымен « ата-аналардың сабаққа ену кестесі» жасалынып, ата-аналар ерікті түрде баласының біліміне қызығушылық танытып, білім сапасының артуына ерекше септігі тиді. Сондай - ақ, ақылдасу сабақтарына да ата-аналар еркін қатыса алатын болды. Онда, олар өз балаларының нақты деңгейін, ынта-ниетін байқап, білім сапасының артуында, мектепте - ұстаз, үйде - ата-ана қадағалау керектігін сезінеді. Осындай жұмыстардың нәтижесінде ата-аналардың мектеппен байланысы нығайды.

Ата-аналардың көзқарасы өте жақсы бағытқа өзгерді.

Балалардың білім сапасын бірдей бағалауға қол жеткізу нәтижесінде әр баланың әр пәннен білім деңгейі нақты анықталып, оны көтеру үшін әр баламен жеке жұмыстар жүргізу керектігі тиянақталып, осы мақсатта нақты жұмыстар жүргізілетін болды. Атап айтсам, креативті оқушылардың білім деңгейін пәнге деген ынтасын арттыру үшін, түрлі олимпиадаларға, байқауларға, жобаларға қатыстырылып отырды. Ал үлгерімі төмен оқушылар үшін «оқуға деген мотивациясы төмен оқушыларды қолдау» жобасы ұйымдастырылды. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен «Үздік қаламгер» жобасы, математикадан «Ұшқыр сегіздік» сабақ құрылымы, қашықтан оқу барысында «ДИСКОРД» программасын қолдану, жаратылыстану пәндері үшін «Сөз сізде» ток-шоулар мен марафондар, биология пәнінен «Оқушының сабақ бойынша дерек жинау жұмыс дәптері» ұйымдастырылды. Осындай оқу-танымдық жұмыстардың нәтижесінде оқуға мотивациясы төмен оқушылардың сабаққа, оқуға деген ынтасы артты. Мұғалімдер өз білімін көтеру жоспарын жеке тұлғаға бағыттады. Себебі эксперимент мұғалімдері сыныптағы әрбір баланың білімді игеру қабілетімен жұмыс жасады. Білім сапасын арттыру үшін, сабақты жақсартудың демократиялық жолы «зерттеу сабағы» мен «іс-әрекеттегі зерттеу» жұмыстары қажеттілікке қарай жүргізіліп отырды. Экспериментке қатысқан сынып оқушыларының басқа

сынып оқушыларынан өзгешелік байқалды. Эксперимент сыныптардың оқушылары сабақта белсенді, сын тұрғысынан ойланып, ұтымды жауап беруге үйренді. Эксперимент барысында мектепте 2 облыстық, 2 аудандық семинар өткізілді, семинар сабақтарға эксперимент сыныптар қатыстырылды. Семинарға келген қонақтар эксперимент сыныптың оқушыларының белсенділігі мен жаңа тақырыпты меңгеруіне ерекше баға берді. Бұл тікелей эксперимент жетістігі деп ойлаймын.

Ішкі резервтерді кеңінен пайдалану негізінде мұғалімдердің, мектеп басшыларының, әдістемелік мекеме қызметкерлерінің арасында өзара көмек көрсететін, қолдайтын, сенімді қарым-қатынаста шығармашылықпен жұмыс жасайтын «Болашақ», «Өрлеу» шығармашылық топтары құрылды. Шығармашылық топтар әрбір оқушының меңгеруіндегі қиын тақырыптар бойынша жұмыс жасап, мұғалімдерге кәсіби қолдау көрсетті. Мұғалімдер іс-әрекеттегі зерттеу жұмыстары негізінде жеткен жетістіктерін, үздік жұмыстары жинақталып ғылым - әдістемелік басылымдарда жарық көрді. Эксперимент нәтижесінде мектептің ішкі резервтерін пайдалану негізінде білім сапасын жоғары деңгейге көтеруге болатыны дәлелденді.

Білім сапасын ғылыми - тәжірибелік негізде көтеру мақсатында елімізде алғаш рет жүргізіліп отырған эксперимент болғандықтан, жоғары нәтижеге жету үшін көп ізденіп, түрлі ғылыми - әдістемелік әдебиеттерді зерделедім. Әрине кез келген жұмыста нәтиже болу үшін шын ықылас пен ниет керек. Пән мұғалімі ретінде эксперимент нәтиже беруі үшін әр бір оқушының жанына жеке үңіліп, білімдерін терең зерттедім, қажеттіліктерін ескердім. Себебі, маған сенім артылды. Әдіс-тәсілдердің тиімдісін алдым, ақылдасу сабағын жиі өтіп, басқа әріптестердің ақылдасу сабағына жиі қатыстым. Күнделікті жұмысыма рефлексия жасап, «күнделік» жазуға дағдыландым. Себебі, бала біліміндегі бос жерді толықтыру үшін өз тәжірибемді жетілдірдім. Эксперимент сыныптың пән мұғалімі ретінде өзіме мынадай міндеттер қойдым:

- Жан-жақты білімдар, өмірдің әр түрлі саласынан хабардар болуды;
 - Оқытатын пәнім бойынша ғалымдардың еңбектерін жақсы білу;
 - Өз жұмысыма шығармашылық көзқараспен қарау;
 - Педагогтық техниканы меңгеру, қисынды, мәнерлі сөйлеу;
 - Баланы жете білу, олардың жан дүниесіне үңіле білу, педагогикалық сенім;
 - Өзімнің білген үйренгенімді басқа әріптестерге үйретуге дағдыландым.
- «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы» — деген бүгінгі тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі біз тәрбиелеп отырған жас ұрпақтың меңгерген біліміне, алған тәжірибесіне байланысты екеніне еш күмәнім жоқ. Оқушылардың танымдық көзқарасын байыту ақыл-ой қабілетін жетілдіру, өзіндік ойлау және өмірлік ұстанымын қалыптастыру мұғалімнің шеберлігіне, шығармашылық қабілетіне байланысты.

Ұлы ойшыл Уильям Уорд « Жай мұғалім – хабарлайды. Жақсы мұғалім - түсіндіреді. Керемет мұғалім – көрсетеді. Ұлы мұғалім – шабыттандырады» деген екен. Сондықтан ХХІ ғасыр мұғалімі жан-жақты болуы заңды деп ойлаймын. Оқыта отырып тәрбиелеу - қазіргі заман мұғалімінен талап етілетін басты мәселе.

“Ел мен елді теңестіретін – білім” екенін біз ұлағатты ұстаздар бір сәт естен шығармауымыз керек деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Асқарбек Қабыкенұлы Құсайынов – Уикипедия WIKIPEDIA дерек көздері. <https://kk.wikipedia.org/wiki>.
2. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру» мақсатында Түркістан облысы Ордабасы және Төле би аудандарында 2018-2019 оқу жылында жүргізілген эксперименттің қорытындысы. –Алматы, 2019 жыл.
3. «Білім сапасын ғылыми негізде көтеру». Түркістан облысында жүргізілген экспериментке қатысушылардың мақалалар жинағы. Педагогикалық Ғылымдар Академиясы. Алматы, 2020 жыл.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУДА ПРАКТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫСЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІ

Орынбекова Улданай Кудайкуловна
Келес ауданы, №2 Ө.Жәнібеков атындағы МГ
математика пәні мұғалімі

Мұғалім оқушыны тек қана мектептің бағдарламасымен шектеліп қалдырмай, теориялық білімдерін практикалық жұмыстармен, өмірмен байланыстыра білуге үйрету керек. Осындай әдіс — тәсілдерді түрлендіріп, жүйелі түрде пайдаланып мұғалімнің шәкірттері өз бетімен жұмыс істеуге тез үйренеді. Америкалық педагог-математик Д.Пойа: «алгебра мен геометрияны білу деген не? Бұл есептерді шығара білу, онда да стандарттық есептерді ғана емес, ойлаудың еркіндігін, сананың салауаттылығын, өзіндік болмысты, тапқырлықты керек ететін есептерді шығару»,- деген болатын. Жаңа білім беру бағдарламасы сыни тұрғыдан ойлауға, пән аралық байланысты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Соның ішінде кіріктірілген білім беру бағдарламасы туралы зерттеу жұмысты баяндайын.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасында математика пәнінің берілу жайы да өзгеше. Яғни, жыл бойына бірнеше рет қайталанып отырады және сынып өскен сайын тілдік мақсат та күрделене түседі. Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған.

Орта мектепке табиғат құбылыстарын қарастыру ғылыми пәндерді оқыту арқылы іске асырылады. Ол пәндердің әрқайсысы негізінен болмыстың (объектінің) бірі ғана қырын сипаттайды. Шынымен де, бізді қоршаған әлемді терең танып - білу оның құбылыстарын тек бөлшектеу әдісі әлем бейнесінің біртұтастығын айқындамайды, яғни болмысты бұлайша саралап жіктеп қарастыру жеткіліксіз болады. Сондықтан жинақталған білімдерді синтез жасау қажеттілігі туады, және бұл кезде оқушы әрбір құбылысты немесе фактіні әрқилы көзқараспен көріп, әртекті білімдердің арасындағы бар болатын өзара байланыстарын түсіне бастайды. Білімдердің осындай интеграциясының дидактикалық құралдарының бірі - жүйелі және мақсатты түрде іске асырылатын пәнаралық байланыстар.

Пәнаралық байланыстар проблемасын ескеру оқыту процесінде соншалықты жаңалық емес. Кезінде Я.А.Коменскийдің өзі: «Бәрін, байланыстары барланыста оқыту» - деп көрсеткен болатын және пәнаралық байланыстар - оқытудың жүйелілігінің бір шарты деп санаған.


Оқу пәндерінің өзара байланыстарының әр түрлі жақтарына И.Д.Зверевтің еңбектері арналған ([36], [37]). Ол пәнаралық байланыстардың оқу процесіндегі объективті қажеттілігін, оқушылардың түсінігінде әлем көрінісін бүтіндей қалыптастырудағы олардың ролін қарастырған. Пәнаралық байланыстарды сипаттай отырып, автор: «Пәнаралық байланыстар әртүрлі оқу пәндерінің ілесетін аясы. Олар пәндердің арасындағы жалпыны мазмұны бойынша да, оқу-тәрбие процесі бойынша да өзара ескереді» - деп көрсеткен [36, 6].

Геометриялық салулардың өндірісте, тұрмыстық, зергерлік бұйымдарда, сәулет өнерінде, қару-жарақ, ер-тұрман, жасау-жабдықтарында қажеттілігі теориялық материалдардың нақты іс-әрекет кезінде қолданылатындығын көрсетеді.

Салу есебі сызу пәнімен өзара тығыз байланыста. Сызу сабағында оқушылар геометриялық фигураларды салудың кейбір әдістерін нақты практикалық істерінде пайдаланады. Ал геометрия сабағында, әсіресе стереометрия курсына, сызудың талаптарын қанағаттандыру тіптен қажет (көрінетін, көрінбейтін сызықтар, олардың ені, түрі, т.т.б.).


Орта мектепте 7-8 сыныптардағы геометрия сабақтарында геометриялық салуларды тек мектеп тақтасы мен дәптерлерде ғана орындаумен шектелмей, модельдерде, жоспарларда және т.б. орындау керек.

Мысал-1: Алтын қима: ол барлық жаратылыстың пропорциясы болады, егер біз қаңқаның қалай жасалғанын көреміз, онда дененің бөліктері белгілі бір пропорцияда өзара байланысты екенін анықтаймыз. Бұл адам қолының рентген суретінде жақсы көрінеді: саусақтар мен фаланг сүйектері келесі ұзындығы 2, 3, 5, 8 см



Оның үстіне, қол ғана емес, бүкіл денеміздің, оның барлық бөліктерінің құрылымы алтын қимасы ретінде өзара байланысты. Мысалдардағы арақатынас әрдайым дәл орындалуы мүмкін емес, бірақ көп жағдайда орташа алғанда бұл қатынастар алтын қимаға ұмтылады. Суретшілердің барлық уақытта осы пропорцияларды интуитивті сақтағаны таңқаларлық емес, себебі олар табиғи болды. Әсіресе, сіз Леонардо да Винчидің жұмыстарына қарап көре аласыз, ол "алтын қима" деп аталады. Табиғатта бұл пропорцияны неге жиі кездестіреміз деп жауап беру қиын. Биологтар бұл құбылысты тірі организмдердің өсу процесімен (тірі организмдердің өзін-өзі ұйымдастыруы) байланыстырады, бірақ бұл процесті түсіндіретін теориялар әлі жоқ. Математикалық қатынас "гармония" сөзінің синониміне айналды, ал ортағасырлық кейбір математиктер бұл "Құдайдың пропорциясы" деп атады? Алтын қиманың қасиеттері қандай және ол неге табынушылық болды.

Барлығы қарапайым міндеттен бастаймыз: бөлікті бүтін үлкен бөлікке жатқызатындай етіп бөлу қажет. Формальды түрде біз шартты мынадай түрде жаза аламыз: $AB = 1$ (бүтін) кесіндісі берілген, онда нүктені дұрыс ара қатынасы болатындай етіп белгілеу қажет $AB:AC = AC:CB$.



AC кесіндісін x арқылы белгілейміз, сонда $cb = 1-x$ кесіндісі және бастапқы арақатынасын жазыңыз:

$$\frac{1}{x} = \frac{x}{(1-x)}$$


Қатынасты түрлендіреміз

$$x^2 + x - 1 = 0 \quad x_{1,2} = \frac{-1 \pm \sqrt{1+4}}{2} = \frac{-1 \pm \sqrt{5}}{2}$$

Мысал-2. А4 қағазында. Бұл қалай екен?

Айтуға оңай: $\sqrt{2}$ саны біз алаңдарды немесе екі есе көбейту туралы сөйлескенде анықталады. Және бұл қайда? Күн сайын қолымызға түсетін нәрселерден бастайық. Принтердегі қағаз сияқты.

Қағаз өлшемі - стандартталған қағаз өлшемі. Канада мен АҚШ-тан басқа әлемнің барлық елдері ISO 216 халықаралық стандарттарын қолданады. ISO-ның барлық қағаз форматтары $1 \div \sqrt{2}$ -нің Лихтенберг қатынасы (неміс ғалымы Георг Лихтенберг 1768 жылы қағазды пайдалану артықшылықтарын алғаш рет байқаған) парақшасы осы ұстаныммен).



Бұл формат 1975 жылы неміс DIN 476 стандарты негізінде құрылды және одан үлкен рұқсат етілген қателер ғана ерекшеленеді. Қағаздың негізгі парағы (A0) 1 м^2 алаңы бар және $1 \div \sqrt{2}$ арақатынасы бар. Барлық басқа өлшемдер ұзын жағын екі тең бөлікке кесу арқылы алынады, яғни келесі парақтың ауданы алдыңғы бөліктің жартысына тең. Бұл арақатынас барлық кейінгі кішірек форматтар үшін сақталады.

Арифметикалық теңдікке байланысты $\frac{\sqrt{2}}{2} = \frac{1}{\sqrt{2}}$

Атап айтқанда: парақтың бүйірлері x және $\sqrt{2}x$ болсын. Екінші жағын екі рет төмендету және біріншісін өзгеріссіз қалдыру, біз тіктөртбұрыштың аумағын жартысын азайтамыз. Тараптар x және $\frac{\sqrt{2}x}{2}$ болды

Қазір кішірек тараптың ара қатынасын анықтаймыз: $\frac{\sqrt{2}x}{\frac{\sqrt{2}x}{2}} = \frac{\sqrt{2}}{2} = \frac{1}{\sqrt{2}}$.

Мысал-3. Фотосуретте


Фотографтарда $\sqrt{2}$ нөмірін қолдануға себеп бар. R радиосы бар шеңберді қарастырыңыз. Оның аумағы πR^2 . Егер біз аймақты екі есе құрғымыз келсе,

радиустың қай санымен көбейтілу керек деп ойлайсыз? Ал жартысы қанша болса – қалай бөлуге болады? Тағы да біз $\sqrt{2}$ санымен танысамыз.



Бұл суретке қалай қатысты? Қолмен жұмыс режимінде түсіргенде, біз фокусты және экспозицияны реттей аламыз. Соңғысы люстра жылдамдығы мен линзаның диафрагмасы арқылы анықталады - линзалар арқылы жарық ағыны пленка немесе камераның матрицасына реттеуге мүмкіндік беретін айнымалы радиусы тесік. Егер жарық жарқын болса, раманы жарықтандырмау үшін диафрагма тесіктері азаяды. Егер жарық төмен болса - бұл күндіз немесе тіпті түнде - диафрагма ашылуы артады, әйтпесе жақтау тым қараңғы болады. Диафрагманың өлшемдері тұрақты мәнге ие: бір бөлікпен жабылған кезде, тесік аймағы екі есе, радиусы тиісінше $\sqrt{2}$ рет. Диафрагтық шкала бойынша бөлімшелер диафрагманың санына сәйкес келеді: 2; 2.8; 4; 5.6; 8; 11; 16; 22 және т.б. Үлгі айқын емес, бірақ іс жүзінде бұл $\sqrt{2}$ (кейбір себептермен математикалық заңдарға сәйкес емес дөңгелектенген) өкілеттіктерінің шамаланған мәні ғана емес:

$$\begin{array}{ll} (\sqrt{2})^2 = 2 & (\sqrt{2})^6 = 8 \\ (\sqrt{2})^3 \approx 2,82 & (\sqrt{2})^7 \approx 11,28 \\ (\sqrt{2})^4 = 4 & (\sqrt{2})^8 = 16 \\ (\sqrt{2})^5 \approx 5,64 & (\sqrt{2})^9 \approx 22,63 \end{array}$$



Өйткені, егер алдыңғы бөлігіндегі жартысы бар аймақты қамтитын топтар топтамасын алу керек болса, онда біз түпнұсқа шеңбердің радиусын $\sqrt{2}$ арқылы бөліп отыруымыз керек. Осылайша, осы сериядан алынған екі еркін шеңбердің радиусы әрқашан $\sqrt{2}$ қуатына тең болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (негізгі) деңгей. 2012ж
2. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту еңбегінде қазақ тілінде оқытатын мектептердегі 7-8 сынып алгебра және геометрия пәндері бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. 2017ж-2018ж

3. «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2016ж
4. Жанпейісова М.М. Технология модульного обучения, 2012ж

ФИЗИКА САБАҒЫНДА КҮРДЕЛІЛІГІ ЖОҒАРЫ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ОҚУШЫЛАРҒА МЕҢГЕРТУДІҢ ӘДІС – ТӘСІЛДЕРІ

Мадиева Тамара
Төлеби ауданы, №7 ІТ мектеп – лицей
физика пәні мұғалімі

Кіріспе.

Тәуелсіз ел тірегі – білімді ұрпақ десек, жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған мәселе нәтижелі білім беру, білім сапасын арттыру және рухани дүниесі бай жан - жақты дамыған тұлға тәрбиелеу, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру. Қазіргі ақпараттандыру заманында оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту білім берудің ең жоғарғы мақсаты болып табылады.

Бүгінгі күнде физика пәнін сапалы оқыту ізденістері пән мұғалімдерін толғандырып отырған мәселе. Кез келген педагогикалық жаңа технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етуі керек. Оқушы білімді мұғалім түсіндірмесінен дайын күйінде алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде әр түрлі өнімдер жасау арқылы алуға тиіс. Осының нәтижесінде оқушылардың танымдық дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасқан тұлғаға айналады. Теория мен практиканың байланыста болуын қамтамасыз ету үшін әрбір пән бойынша берілетін білімнің мазмұны мен көлемін анықтағанда теориялық қағидалардың, заңдылықтар мен ережелердің , яғни ұғымдық ақпараттық материалдардың бала өмірінде кездесетін түрлі проблемалық мәселелерді шешуге көмегі тиетіндей, бала оны қолдана алатындай маңыздылығы ескерілуі тиіс. Сыни тұрғыдан ойлау барысында бала функционалдық сауаттылығын арттырады, өзі пікір айтуға үйренеді және өзгенің пікірін тыңдауға дағдыланады. Сонымен қатар оқушыларға сапалы есептерді өз бетінше шығаруға дағдыландыру қажет. Сапалы есептер оқушының логикалық ойлау қасиетін шыңдайды және пәнге деген қызығушылығын арттырады. Сабақта әр түрлі әдіс – тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың ой өрісін дамытуға, есептер шығару кезінде қызығушылығын арттыруға, теориялық білімдерін практикада қолдана білуге үйретеді.

Физика пәнін оқыту барысында кездесетін күрделілігі жоғары тақырыптарды оқушыларға меңгертуде қиындықтар туындап жататыны рас. Мұндай жағдайдан шығу мұғалімнің ізденісі, тәжірибесі мен шеберлігіне байланысты болады. Мен өз жұмысымда қолныстағы тәжірибеммен бөліскім келеді.

Негізгі бөлім.

Оқыту процесінің басты мақсаттарының бірі оқушыға дайын білімді беру емес, келешекте, күнделікті тұрмыста алған білімдерін қолдана білуге, дербес ойлауға, ой тұжырымдауға және нәтижесін іске асыра білуге үйрету. Күрделілігі жоғары тақырыптарды меңгерту үшін сабақта проблемалық жағдаяттар, эксперименттік жұмыстар, эвристикалық тәсілдерді қолдану керек. Мен физика сабағында оқушылардың тақырыпты меңгеріп, іздемпаздық және ойлау қабілеттерін дамыту үшін осы әдістерді басшылыққа ала отырып, төмендегідей жоспармен жұмыс жасаудамын:

I. Проблемалық мақсат қою.

- Сабақ ең алдымен бағдарламадағы оқу мақсатын басшылыққа ала отырып мақсаты қоюдан басталады. Алға қойылған мақсатқа байланысты төмендегілер жүзеге асырылады:
- жаңа білімді қабылдауға даярлау.
- Жаңа білімді меңгерту, таныту.
- Жаңа сабақты қортындылау.
- білімді толықтырып жаңа жұмыс орындау. Формула қолдану, есептеу.

Күрделілігі жоғары тақырыптарды меңгертудің жолдары:

I. Жаңа сабақты проблемалық сұрақ қою арқылы бастау оқушының ойлау және іздену қабілетін дамытуға негіз болатыны анық. Мысалы, 7- сынып бағдарламасында «Архимед күші» тақырыбын бастаған кезімде плакатқа салынған балықтың суретін бөліктерге бөлемінде, келесі бетіне өткен тақырыптар бойынша сұрақтар жазамын. Оқушыларға таратып беріледі. Әр оқушы сұраққа жауап береді де тақтаға әкеліп балықты құрастырады. Құрастырылған суретке оқушылардың назарын аудара отырып сын тұрғысынан ойланатын проблемалық жағдаят туғызатын сұрақ қойылады. Балықтың суда еркін жүзуінің себебі туралы оқушылар өз пікірлерін айтады. Ары қарай оқушылардың берген жауаптарын толықтыра отырып жаңа «Архимед күші» тақырыбына ойысамыз. Тақырыпты қызықты Архимед туралы аңызбен бастап оқушылардың назарын өзімізге аударып аламыз. Осы арада эксперименттік тапсырма жасау арқылы да проблемалық жағдаят туғызуға болады. Мысалы пішіні кедір бұдыр заттың көлемін анықтауды тапсырыңыз. Қолданылатын заттарға мензуркадағы суды қойсаңыз оқушылар ойлана бастайды. Осындай эксперименттік тәжірибелерді қолданып Архимед заңын тұжырымдаймыз. Ал, «Денелердің жүзу шарттары» тақырыбын өткенде бірдей көлемдегі денелерді суға батыру арқылы проблемалық сұрақ қоюға болады. Архимед күшінің формуласын қорту кезінде архимед күшінің сұйықтық тығыздығына тәуелділігін анықтау

үшін эксперименттік тәжірибе көрсетуге болады. Мысалы, суға жұмыртқаны салғанда ол судың түбіне кетеді. Егер суға ас тұзын салып ерітетін болса жұмыртқа судың бетіне көтеріледі. Осы эксперимент арқылы проблемалық сұрақ қоюға болады. Оқушылардың алдына проблемалық мақсатты эксперимент арқылы қою өте маңызды. Мысалы, атмосфералық қысым тақырыбын өткенде «Пілдер суды қалай ішеді?» ден сұрақ , масса центрі тақырыбын өткенде «Ежелгі Егпедте өлшеу құралдарынсыз прамдаларды қалай тұрғызды?" , "Неге ауыр денені суда көтеру оңай?» т.с.с. Яғни, физика пәнінде эксперименттік тәжірибенің ролі басым екенін көруге болады.

II. Физика сабағында күнделікті өмірде, тұрмыста кездесетін мысалдарды қолдану. Мысалы, «Жылу құбылыстары» тарауын өткенде былайша беруге болады. Қыстың күні неге кеңдеу киім киген дұрыс?, Құстар неге қыста қауырсындарын үрпитіп алады?, Неге үй салуға арналған үлкен қыштардың арасы қуыс болып жасалады? т.с.с

III. Эксперимент қортындысынан оқушылар алдында «неге олай болады?» деген сұраққа жауап беру үшін оқулықтан тірек сызба арқылы өзі жауап бере алатындай жағдай жасау керек. Яғни, сұрақ қиындық туғызады десеңіз оқушыға сілтеме арқылы көмектесіңіз. Немесе эксперимент нәтижесі мен теорияны салыстыру арқылы да сұраққа жауап беруге болады.

IV. Сабақта сапалы есептерді шығаруды қолдану оқушылардың оқуға деген ынтасын арттырады. Мысалы:

1. Неге шабандоз шапқан кезде ұшақтағы жолаушыдан гөрі қозғалыс жылдамдығын анық сезінеді?
2. Неге шауып келе жатқан салт атты бұрылатын кезде жылдамдығын азайтады?
3. Неге судың қайнау температурасы таудың етегінде басқа, шахтада басқа болады? т.с.с

Есептер шығару логикалық ойлау қабілеттерінің дамуына көмектеседі. Есептер шығаруды мына жағдайларда қолданылады:

1. Проблемалық ситуация туғызуда;
2. Жаңа мәлімет беруде;
3. Практикалық іскерлік пен дағдыларды қалыптастыруда.
4. Білімін тексеруде;
5. Оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін жетілдіруде;
6. Сабақты бекіту немесе қайталау кезінде;

V. Өзіндік жұмыстар ұйымдастыру. Өзіндік жұмысты орындау барысында оқушы ізденеді, ойлау қабілеттері дамиды, ең бастысы өзіне деген сенімі нығайып, жауапкершілікті сезіну қалыптасады. Өзіндік жұмысты ұйымдастырудың жолдары көп.

Қазіргі таңда мұғалімнің ұстанған мақсаты - білімнің жаңа үлгісін жасап, белгілі бір көлемдегі білім мен білік дағдыларын меңгерту, оқу материалдарын қаншалықты деңгейде меңгергенін бақылаудың сан түрлі

жаңа әдіс – тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияларды сабақта тиімді пайдалана білу. «Білімнен қымбат нәрсе жоқ. Көңілде жатса баспайды тот.» дегендей оқушылар алған сапалы білімдерін, тәжірибесін, бойға дарыған өнерлерін үнемі жаңғыртып, жетілдіріп оны ғылыми жетістіктермен толықтырып отыруы қажет. Қорыта айтқанда, оқушылардың теориялық білімдерін практикалық тұрғыда қолдануымен қатар тәуелсіз еліміздің келешегіне үлкен жауапкершілікпен қарауға үлестерін қосу болып табылады. Осы ретте, жаратылыстану бағытындағы пәндердің ролі ерекше болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Физика есептерінің жинағы» А.П.Рымкеевич, Алматы «Рауан» 1998.
2. «Физика сапалы есептер жинағы» / 7-9 кластар үшін Көшерев Әммнғ Жанболатұлы, Шымкент – 1995 ж
3. «Мектеп» Республикалық ғылыми – әдістемелік, педагогикалық журнал, 2010 ж.
4. Сабаққа жаңа технологияларды қолдану. Е.Сарманов, С. Сапаров, Шымкент – 2006 ж.

МАТЕМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Атаева Наргиза Альхановна
Түркістан қаласы, Ататүрік атындағы
№17 мектеп-гимназиясы

Мақсаты:

- Оқушылардың білім сапасын арттыру үшін білім берудің жаңа парадигмасына көшу жағдайында оқытудың тиімді стратегияларын қолдана отырып, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, креативті ойлауын дамыту;
- Қашықтықтан оқу жағдайында жіберілген олқылықтардың орнын толтыру, қалыс қалған білімді толықтырып жетілдіру арқылы білім сапасын арттыру.

Міндеті:

- Білім берудің негізгі мазмұнын жаңартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыру;
 - Мұғалім оқытудың нәтижесінде технологиялық тәсілдермен қол жеткізу арқылы өзінің педагогикалық шығармашылығын бағамдауы;
 - Педагогтардың кәсіби шеберлігін дамыту арқылы білім сапасын арттыру;
- Қазіргі заман – математика ғылымының өте кең, жан-жақты тараған кезеңі. Ал, талапқа сай математикалық білім берудің басты шарты – математикалық

мәдениеттіліктің деңгейін көтеру болып табылады.

Қазіргі таңда оқушылардың білім сапасын арттыру үшін математика сабағында мұғалім теориялық ілімдерді меңгертуді, практикалық әдіс-тәсілдермен ұштастыра отырып, тез, ұтымды есептеулерге жаттықтырады. Оқушы үй тапсырмасы ретінде өткен тақырыптарды қайталамаса, үй тапсырмасын орындамаса, есеп шығармаса, белгілі нәтижеге қол жеткізе алмаймыз. Оқушы бұл пәнді тиімді меңгеру үшін, оқытылатын материалға қызығуы, есеп шығарудан рахаттануы тиіс. Математикалық есептердің тәрбиелік мәні зор. Есеп шығару кезінде төзімділік пен табандылық қалыптасады.

Математика сабағын жүргізгенде әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді пайдалана білу керек. Математика пәні нәтижелі болу үшін:

- Әдіс-тәсілдердің тиімді таңдалуы;
- Сабақтан алған әсері оқуға қызығушылығын және білімге деген сұранысты арттыруы;
- Сабақ қарқынының оқушыларға қолайлылығы, мұғалім мен оқушы жұмыстарының нәтижелілігі;
- Жұмыс барысында мұғалім мен оқушы арасында тығыз байланыс орнату, әр оқушыға сенім білдіру

Мұғалімдер пайдаланатын әдіс оқудың тиімділігіне елеулі әсерін тигізеді. Педагогикалық әдістерді жетілдірмей тұрып, оқу бағдарламасын өзгерту білім беру стандарттарына қатысты реформалау шараларының мүмкіндіктерін және нәтижелілігін төмендетеді. Жаңартылған бағдарлама бойынша әр мұғалім төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

- жаңартылған оқу бағдарламасының құрылымына;
- жаңартылған оқу бағдарламасының мазмұны мен жүйесіне;
- оқу бағдарламасының және оны іске асырумен байланысты құжаттамалардың мақсаты мен рәсімделуіне;
- білім беру бағдарламасын іске асыруға көмектесетін тиісті педагогикалық тәсілдерді меңгеруге.

5-6 сыныптардағы Математика сабағындағы білім беру сапасын арттыру мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстарымның негізгі бағыты осындай теориялар мен оқыту және оқуды жақсартудың жолдарына негізделген. Сындарлы оқытудың теориялық негіздеріне сүйене отырып әрбір сабағымды сыни ойлана отырып, оқушылардың білімінің қалыптасуына ықпал ететін әдістерді қолданып өтуімнің нәтижесінде, оқушыларым айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді.

Білім беру сапасын арттыру бағытында жүргізілген зерттеу жұмысымның барысында кедергілерге де кезіктім. Қазіргі таңда елімізге түскен қиындыққа қарамастан білім саласы өз ісін тоқтатпай қашықтықтан оқытуда барлық техника мен жаңа технологияларды қолдана отырып, білім алушыларға үздіксіз білім берді. Математика сабағын дәстүрлі емес әрі қашықтықтан

оқыту оңай жұмыс емес екенін барлығымыз жақсы білеміз. Дегенмен стандартты орындау, оқушыға сапалы білім беруге міндеттіміз.

Математика сабағын түсіндіру үшін әр мұғалім әр түрлі әдіс-тәсілдер қолдануда. Қашықтықтан оқыту мен оқу үшінгі платформалар мен бағдарламалар оқытушылармен оқушылардың техникалық, ақпараттық құзыреттілігін арттырды. Сонымен қатар АКТ сауаттылығы артып әр түрлі ресурстармен жұмыс жасауға үйренді. Жоғары сынып оқушылары теориялық материалдарды өз бетінше зерделеуді үйренді.

Математика пәнін қашықтықтан білім беру аясында:

- Ұстаздар қашықтықтан білім беру арқылы оқушылардың бірегей қабілетін дамытуға бағытталған айрықша тиімді әдістерді пайдаланды;
- Оқушыларды өз бетінше оқып үйренуге баулиды;
- Ойшыл ретінде оқушылардың өздерінің жасаған іс-әрекеттеріне жауап іздеп, жаңа алған білімдері мен бұрынғы білімдерін байланыстырды;
- Кездескен қиындықтарды шешу жолында балаламалы шешімдер қабылдап, қиын мәселелерді жаңалық ашу жолындағы мүмкіндіктер деп қабылдады.

Математика пәнін қашықтықтан білім берудің кемшіліктері:

- Орындалатын кейбір есептер үйде тақтаның болмауына байланысты орындалмауы; (тақтада орындалатын есептер, оқушының математикалық қабілеттілігін арттырады деп есептеймін)
- Кейбір оқушылардың қалаулары бойынша есептерді шығаруы. Бұл оқушылардың жауапсыздығына алып келеді. (берілген есептердің қиындарын оқушылар тастап кетіп жатты)
- Әр оқушы өз бетінше орындайтын болғандықтан есептердің шешуін бірінен-бірі көшіріп жазу орын алады.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;
- 2) оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар;
- 3) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 4) эмоционалды қолайсыздық.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында:

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;
- жүйелі кері байланысты ұйымдастыруды назарға алуымыз керек.

Осы олқылықтарды толықтыру үшін мен өз сыныбыммен жұмыс барысында жыл басында мақсаттар мен міндеттерді айқындадым. Әр сабақты

тиімді және табысты өту керек екенін мақсат етіп алдым. Жыл басында сыныптың білім көрсеткішін анықтап алдым.

Осы көрсеткішті көтеру мақсатында оқу жылының басынан бастап білім сапасын ғылыми негізде көтеру, тұжырымдама негізінде әр сабақты әр түрлі әдіс-тәсілді қолданып қызықты және тиімді өткізуге тырыстым. Бұл оқушылардың пәнге деген қызығушылығына оң әсерін тигізуде. Білім сапасын арттыру мақсатында мектебіміздегі мұғалімдермен қашықтықтан оқытудағы олқылықтарды жою мақсатында әр түрлі талдаулар өткізілді.

Соның бірі оқушылар жаңа сабақты игерту мақсатында жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде сабақ мақсатын өздері қойып, бүгін не үйренетінін анықтағанмен, жаңа сабақты игеру барысында топтық жұмыста белгіленген уақыт жетпей қалды.



Оның себебі, оқушыларға сабақ материалының қиындығы мен бұған дейін таныс болмауы әсер етті. Бұл кедергіден шығу үшін үй тапсырмасын берудегі «төңкерілген әдіс» түрін қолдану дұрыс деп таптым. Оқушыға келесі жаңа сабақ материалы үйден оқуға немесе сол тақырып пен өткен тақырыпты байланыстыратын тапсырмалар беріледі. Оқушы ізденіп, оқып келсе жаңа сабақта берілген ресурсты оңай қабылдап және тобындағы достарына да түсіндіре алып, топ жұмысын сәтті қорғай алады.

Кейінгі кедергі, оқушылардың математикалық сөйлеу дағдысының төмен болуы. Негізі математикалық есептер оқушыны алдымен үнсіз тыныштыққа, яғни жеке ойлануына әкеледі. Сондықтан сол жеке ойлауға дағдыланған оқушыларымыз ортақ пікірлесу мен талқылауға келгенде қажетсіз деп түсінді. Бірақ ылғи сөйлеуге, белсенді оқушыны ғана тартпай, үнсіз ойлану мен есептеуге үйір оқушыларды қалыптастырушы бағалау арқылы ортаға тартып, аз ғана жетістігі мен талпынысын көтермелеу арқылы белсенділігін арттырдым. Әрбір сабағымда өз жұмысыма рефлексия жасап, әріптестерімді сыншы дос ретінде сабағыма шақырып, қалыптастырушы бағалауға жақсы әдіс- тәсілдерді іздестіріп, білім берудің сапасын арттыру жолында жұмыстар жүргіздім.

Әдіс - тәсілдердің артықшылығы оқушы білімді өзі жинақтайды, бірін-бірі оқытады, топта және өз бетімен жұмыс жасайды, өз ара ой бөліседі, бірін-бірі тексереді, сөздік қорларын молайта отырып, дұрыс жазуға үйренеді.

«Автор орындығында» ойқорытса, «Қар көшкіні», «кубизм» , «Фиш боон», «Болжау кестесі», «Фрайер», «Температура өлшеу» т.б әдістер арқылы тапсырмаға логикалық қорытынды, интерпретациялар жасап, «Соңғы бес минут», «Галереяға сахат», «Сэнгвич», «Плюс, минус, қызықты», «Білдім, білгім келеді, үйрендім» т.б тәсілдер арқылы сабақты меңгеру деңгейіне кері байланыстар жасап, «Шеңбер бойынша жазу» , «Индекс карточкалары», «Аяқталмаған сөйлем», «Жетістік баспалдағы» т.б кері байланыс түрлеріне дағдыланып, өздерін өздері бағалай алды.

Сабақтарымда осындай әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, төмендегідей көрсеткішке жеттім.



	Онлайн	Оффлайн
«5»	4	5
«4»	10	11
«3»	10	8
Орта балы	3,8	3,9
Білім сапасы	58%	66%

Қорыта айтқанда, мен сабақ беретін сыныптармен жұмыс барысында жыл басында мақсаттар мен міндеттерді айқындадым. Әр сабақты тиімді және табысты өту керек екенін мақсат етіп алдым. Әлі де болса қашықтықтан оқу жағдайында жіберілген олқылықтардың орнын толтыру мақсатында 6-7 – сыныптарда қосымша сабақтар өтуді жоспарладым.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша математика сабағын жүргізгенде әр түрлі әдіс- тәсілдерді тиімді пайдалана білу керек. Сабағымның нәтижелі болуы үшін мыны әдіс-тәсілдерді сабақтарымда пайдаланамын.

Оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру үшін:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;

- жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау;
- білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу;
- өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар ұйымдастыру;
- өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- білім беру платформаларын қолдануды жоспарладым.

Білім сапасын көтеру мақсатында оқу жылының басынан бастап білім сапасын ғылыми негізде көтеру, тұжырымдама негізінде әр сабақты әр түрлі әдіс-тәсілді қолданып, қызықты және тиімді өткізу керек. Сабақтарымда осы әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, оқушылар ортақ проблеманы шешуде бірлесіп жұмыс істей алуға, ойлау дағдыларын, оны жеткізу дағдыларын қалыптастыруға баули отырып, білім сапасын 70 %-дан асыруды, яғни осындай нәтижеге жетуді жоспарладым.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Мұғалімге арналған әдістемелік-нұсқаулық.
2. Қашықтықтан білім беру ресурстары, ғаламтор материалдары
3. Оқушылардың сыни тұрғыдан ойлауын дамыту нысандары мен әдістері
С. Мирсеитова, 2011 жыл.
4. А.Қ.Әлімов. Оқытуда интербелсенді әдістерді қолдану. Алматы, 2012ж

«Білім беру ұйымдарында әлеуметтік қызметті жетілдіру бойынша әдістемелік ұсынымдар»

Тоишыбеков Руслан Есболганович
Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының
«Түркістан облысының әдістемелік орталығы» КММ-нің
«Әлеуметтік-психологиялық» бөлімінің әлеуметтік сала әдіскері

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы» Әдістемелік нұсқау хат.

Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері

- ✓ Жазғы мектеп есебінен оқыту мерзімін 20 маусымға дейін ұзарту.
- ✓ Мектеп пен ата-аналардың өзара байланысын күшейту.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беру мен ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тұлғаны жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тәрбиелеу мен оқытуды қамтамасыз ету қажет.

2021-2022 оқу жылында білім беруді ұйымдастыруда келесі міндеттерге назар аудару керек:

- ✓ қауіпсіз және қолайлы білім беру ортасымен қамтамасыз ету;

1. ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;
- «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;
- «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;
- «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;
- «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
- «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы;

- «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;
 - «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);
 - «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;
 - «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);
 - «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);
 - «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы;
- ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес (63-бап, 3-тармақ) мектептер **ақылы қызмет** көрсете алады. Бұл қызметтерге:

➤ жазғы демалысты ұйымдастыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, түрлі іс-шараларға қатысушылардың тамақтануын қамтамасыз ету кіреді.

ПЕДАГОГТЕРДІ АТТЕСТАТТАУ. «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша, мамандандырылған және арнайы білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдарды атқаратын педагогтерді аттестаттау туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

2 ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2) Рухани-адамгершілік тәрбие – адамгершілік келбеті, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – ізгілік, ар-ождан, намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, бауырмалдық, мейірімділік, адалдық, ынтымақтастық, ұлтаралық келісім, толеранттылық сияқты құндылықтарды қалыптастырады. Волонтерлік білім алушылардың адами әлеуетін ашуға, адамгершілікті тәрбиелеуге және әлеуметтік тәжірибені дамытуға ықпал етеді. Волонтерлік – бұл адалдық, әділдік, мейірімділік, жауапкершілік, достық, мейірімділік, төзімділік және жасампаздық институты. Волонтерліктің кең таралған түрлерінің бірі халықаралық практикадағы оқу процесінің маңызды құрамдас бөлігі ретінде танылған «**Ақылды волонтерлік**» (Service-learning) жүйесі. Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын «**Қоғамға қызмет**» әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатыстыру қажет.

Орта білім беру ұйымдарында еріктілер қозғалысын ұйымдастыру туралы толық ақпарат *«Білім беру саласындағы еріктілік пен қайырымдылық және олардың қазіргі жағдайдағы білім беру жүйесін жаңғыртудағы рөлі»* әдістемелік ұсынымдарында берілген. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2019 ж. (<https://www.nao.kz>).

Ақпараттық қауіпсіздік мәселесі өзекті болып қалуда. Әлеуметтік сауалнаманың (*Қазақстан Республикасы балаларының 2019 жылғы жағдайы туралы баяндама*) деректері бойынша балалардың 70%-дан астамы интернетті пайдаланады, ұялы телефондары мен компьютерлері бар, сол арқылы кибер-буллинг, электрондық кеңістіктегі алаяқтыққа осалдық танытады. Сауалнамаға қатысқандардың жалпы санының 6%-ы әлеуметтік желілерде виртуалды зорлық – зомбылық, 8,5%-ы дінді насихаттау, 5%-ы суицидті насихаттау жағдайларына тап болды. Алайда сауалнамаға қатысқан балалардың 86%-ы әлеуметтік желілерде танысуға оң көзқараспен қарайды. Ата-аналардың өз балаларының интернет-тәуелділігі қауіпін бақыламайтыны және бейхабарлығы жағдайды ушықтырады. Орташа алғанда, ата-аналардың шамамен 36%-ы сауалнама аясында интернет-кеңістікте балаларды қудалау мен бопсалаудың әртүрлі түрлері бар екенін естіді.

Ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мақсатында білім алушыларға интернет-кеңістіктегі мінез-құлық мәдениеті: қарым-қатынас мәдениетіне, өз ойын білдіруге, әңгімелесушінің пікірін құрметтеуге, этикалық нормаларды сақтауға дағдыландыру маңызды. Отбасы мен мектептің ынтымақтастықтағы қызметі *«Балалардың денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» ҚР 2018 жылғы 2 шілдедегі №169-VI Заңы* аясында зорлық-зомбылықты насихаттайтын интернет желісіндегі белгілі бір сайттарға балалардың қол жеткізуін бақылауды қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс.

Жазғы мектептің Қазақстанда ұйымдастырылуы

2021 жылғы 26 мамыр мен 19 маусым аралығында орта білім беру ұйымдарында ата-аналарының/заңды өкілдерінің өтініштері негізінде білім алушылар үшін шектеу шаралары кезінде жіберілген біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында Жазғы мектеп жұмыс жасады. Мұндай жұмыс жыл сайын өткізілетін болады.

Жазғы мектепті ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ сыныптар бойынша оқу пәндерінен күрделі деген тақырыптардың үлгі ретіндегі тізбесі Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылған (www.nao.kz).

Жазғы мектептің ұйымдастырылу тәртібі

Ең алдымен облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының білім басқармалары барлық орта білім беру ұйымдарында жазғы мектеп ұйымдастыру туралы бұйрық шығарады. Білім беру ұйымдарының басшылары өз кезегінде Жазғы мектептің сабақ кестесі мен жұмыс жоспарын бекітеді және жалпы жауапкершілікте болады.

Әр күннің жұмыс жоспарын құру кезінде жазғы сабақтардың кестесін жазғы лагерьдің сауықтыру іс-шараларымен біріктіре отырып құрастыру ұсынылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық жағдайларды қамтамасыз ету

Жазғы мектепте тамақтану қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұйымдастырылады. Асханалардың жұмысы санитарлық ережелер мен нормалардың талаптарын сақтай отырып, кесте бойынша ұйымдастырылады.

Білім беру процесіне қатысушылардың функциялары

Жазғы мектептің қызметін тиімді ұйымдастыру үшін білім беру процесінің барлық қатысушыларының (басшы, басшының орынбасары, педагогтер, психологтар, медицина қызметкерлері және т.б.) жауапты жұмыстарын нақты бөлу қажет.

Білім беру ұйымының басшысы жазғы мектептің қызметін үйлестіруге, бақылауға, әкімшілік және педагогикалық құраммен және басқа да қызметкерлермен оқыту процесін ұйымдастыру және санитарлық қағидалар мен нормаларды сақтау бойынша нұсқама беруге жауапты болады. Жазғы мектепті тиімді ұйымдастыру пандемия салдарынан білім сапасының төмендеуін қалпына келтірудің бірі жолы болуы тиіс.

АТА-АНАНЫҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Серикбекова Назира Жақыпбайқызы

Әлеуметтік педагог(модератор)

Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жылы су а/э, Әл-Фараби ауылы,

Х.Доспанова атындағы №28 жалпы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

«Бала тәрбиесі бұл көрсе қызар еңбек емес, ол ауыр жан күйзелісін, күш-қуат, ұйқысыз түндер мен аса көп ойластыруды қажет қылатын тапсырыс». Януш Корчак.

Мақсаты:

- Ата-ананың бала өміріндегі орны мен ролі туралы ойтүрткі салу.
- Өз баласын жақсы тану, көмек және кеңес беру.
- Ата-ананың бала тәрбиесіндегі негізгі тұлға екеніне көз жеткізу.

Отбасының көз қуанышы-бала. Сондықтан да «балалы үй базар, баласыз үй қу мазар», деп ата-бабаларымыз тегін айтпаған. Отбасы-адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүниеге келген күннен бастап, ол ортаның ыстық суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасы адамзат қоғамының ең шағын бейнесі.

Толық –мәнді отбасы болу үшін ата-ананың және басқа отбасы мүшелерінің береке бірлікті түсіністікті сақтауы ,сонымен қатар әр отбасы мүшесінің арасында сыйластық болуы тиіс.Ата-ана үшін баланың бәрі жақсы,бәрі бірдей. Ешкім баласын жаман болсын демейді.Оларды өсіріп тәрбиелеу үшін бар білгендерін тәлім-тәрбиесін аямайды. «Балаға нені үйрету керек,қалай үйрету керек?» деген мәселе ата-аналар алдындағы жауапты міндеттің бірі.Ең алдымен,әр бір адам өз әрекеттеріне жауап беруді бала жасынан үйретіп қоғамдағы міндетін оның білуі өзгелердің құқығына құрмет көрсетуге дағдылануы тиіс. Біздің қазіргі үлкен бірден-бір проблемамыз ата-ана мен балалардың арасындағы келіспеушілік,ұрыс-керіс.Сол келіспеушіліктің салдарынан үйден қашып кету,өзіне өзі қол жұмсау,ұрлық жасау,зорлық-зомбылық т.б.Сол келеңсіз жағдайлардың алдын алу мақсатында ата-аналармен жиналыс жасап сауалнамалар жүргізген жұмысымызды сіздерге көрсеткім келді.

Шақырылған ата-аналарды «Әке» , «Ана» деп жазылған қағаз кималары арқылы екі топқа бөлдім. Топқа бөлінген ата-аналарға: «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» атты тест тарқаттым.Тест 8 сұрақтан құралған. Алғашқыда сұрақ ата-аналарға оңай сияқты түйілгенмен ,сұраққа жауап бере алмай мүдіріп қалған ата-аналарда болды. Тест сұрақтарына жауап берген ата-аналарға :«бала тәрбиесіне тағы да жұмыс жасау керек екен» -деген үлкен ой салды

I. « Өз балаңызды жақсы білесіз бе?!»

1. Балаңыздың ең жақын досы кім?
2. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
3. Балаңыздың аяқ киім өлшемі қанша?
4. Балаңызды қандай сөзбен еркелетесіз?
5. Балаңыздың сүйікті пәні қандай?
6. Балаңыз кімді үлгі тұтады?
7. Балаңыздың сүйікті түсі қандай?
8. Балаңыз спорттың қандай түрін ұнатады?

II бөлімде ата-аналарға берілген тапсырма «**Ата-ананың отбасында бала тәрбиесіндегі рөлі қандай?** » атты тақырыпта постер қорғау тапсырылды.Екі топтағы ата-аналар да өз ойларын қағаз бетіне жарыса суреттеп,кесте түзіп,смайлингтер жапсырып , жазып жатты.Бұл тапсырма ата-аналарға қызықты өтті.Соңынан өз ойларын ортаға салып ,салған суреттері мен кесте,смайлингтерін ортаға салып ,қызу пікірталас болды.

III бөлімде « Отбасындағы әке мен бала, ана мен қызы арасындағы түсініспеушіліктердің алдына алу жолдары».

Ата-аналардың баламен қарым - қатынасында баланың үмітіне балта шабатын, кінәлайтын сөздер беріледі. Осы сөздерді олардың өз күшіне

сенім тудыратындай, жақсы қолдау көрсете алатындай сөздермен алмастыру керек.

1. Сенен ешқандай жақсылық шықпайды, нөлсің.
2. Неге сен басқа балалардай емессің?
3. Неменеге ұсқынсыз болып кеткенсің, шашың дудыраған, үстің кір - кір.
4. Тағы осылай істесең, менен таяқ жейтін боласың.
5. Сенің кесіріңнен өмірі жолымыз болмады.
6. Жұмысыма барарда сенің мектебіңнің жиналысы да жағаласып қалды ғой.
7. Айтатының ылғи өтірік, сенің сөзіңе қалай сенемін.
8. Сені жиналыста жамандағанда жерге кіріп кете жаздаймын.

Ата-аналар осы сөздерді былай алмастыруына болады:

1. «Сенің де қолын өмірде бір нәрсеге жететініне сенгім келеді. Оқу озаты немесе оқу екпіндісі боласың» - деп, үміт артуы керек.
2. «Сенің де басқалардан өзгеше болуыңа құқың бар, сенің де қолыңнан келеді» - деп, сенім артуы керек.
3. «Үстіңді ретке келтір, шашыңды тара, киіміңді ауыстыр» - деп, баланың өзін жақсы сезінуіне көмектесу керек.
4. «Біз саған қиыншылықты жеңуге көмектесеміз, екіншілей жаман қылық жасама».
5. «Үлкендердің өмір жолында болып жатқан ыңғайсыз жағдайларға сен кінәлі емессің. Сенің болашағың алда, үлкен ғалым боласың, жақсы дәрігер, білімді ұстаз болуды арманда» және ата-анасын сыйлау керек екенін айтып отыру керек.
6. Балам бүгін жұмыстан сұрана алмаймын, бос уақытымда сынып жетекшіңе барып жолығамын
7. Қателеспейтін адам болмайды, мен саған сенемін, сырлас болайық.
8. Сен туралы айтылған әрбір жақсы сөз маған күш, қуат береді.

Міне, осындай біз көңіл аударма бермейтін қарапайым нәрсенің өзі немесе ойланбай айтылған ұрыс сөзі де баланың жанын ауыртуы мүмкін, өмір сүру ағынын өзгертуі де ғажап емес. Бала жат қылықтарға бой алдыруы мүмкін.

Отбасы қарым-қатынасындағы қуатты күшке ие, көзге көрінбейтін ықпал, әсер дегенді бала ақылымен пайымдай алмаса да сезініп-түйсінеді. Ер бала болсын, қыз бала болсын әке-шешесі не істесе де оған үлгі өнеге содан үйренеді, көргенін бірде болмаса, бірде қайталайды. Баланың балғын ойымен сенімі – алдында ең беделді тұлға әке, әлеуетті, ақылды, білімдар әке. Ата-ананың ықпалы өзінен – өзі көреді, ал бір көргенін тағы бір, сосын тағы бір рет көрген соң, ол мәңгі есте қалып, санасынан мықтап орын алады. Естігені де осы қағида бойынша бір, екі, үш рет естіген соң құлағында, ойында қалып қояды да, кезінде дереу дайын формула секілді санадан қалқып шығып, іс-әрекетке айналады.

Айтылғандардың бәрінен мынадай тұжырым шығаруға болады: балалар бұл өмірге үлкендердің тәрбиесін алу үшін ғана емес, балалар БІЗДІ де тәрбиелеу үшін дүниеге келеді. Ата-аналар өз балаларын жақсылыққа тәрбиелеу барысында өздері де жақсы бола бастайды. Бұл тәрбиелеудің негізгі мақсаты. (Бейнеролик қойылады)

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні отбасында орныққан қарым-қатынас түрі мен қалыптарына сәйкес баланың тұлғалық қасиеттері қаланады. Бала әрқашанда ата-анадан жүрек жылуын, мейірімділікті қажет етеді, ол ата-ананы өмірдің тірегі санайды. Бала үшін ата-ана игілік жасаушы, айтушы болып табылады.

Қорыта айтқанда, «жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші отбасындағы ата-ана бірлессе, тәрбие мақсатта жүргізілсе, онда халқын сыйлайтын азаматты тәрбиелеу ісін жүзеге асыруда мақсатқа жетуге болады.

Айтылғандардың бәрінен мынадай тұжырым шығаруға болады: балалар бұл өмірге үлкендердің тәрбиесін алу үшін ғана емес, балалар БІЗДІ де тәрбиелеу үшін дүниеге келеді. Ата-аналар өз балаларын жақсылыққа тәрбиелеу барысында өздері де жақсы бола бастайды. Бұл тәрбиелеудің негізгі мақсаты.

Пайдаланған әдебиеттер:

«Баланы қалай сүю керек» Я. Корчак

«Кемеңгерлік меруерті» Әл-Фараби

ӘЛЕУМЕТТІК ПЕДАГОГИКАНЫҢ НЕГІЗГІ КАТЕГОРИЯЛАРЫ

Султанбекова Ажар Косалиевна

Әлеуметтік педагог

«Н. Нысанбайұлы атындағы жалпы орта мектебі»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Түркістан облысы, Ордабасы ауданы,

Көктөбе елді мекені

Әлеуметтік педагогика ғылым ретінде адамның бүкіл өмірі барысында жүзеге асырылатын әлеуметтік тәрбиесін қарастырады. Барлық ғылымдар саласы секілді әлеуметтік педагогика да өзіндік ұғымдар мен түсініктерге және ғылыми категорияларға ие. Олар әлеуметтену, әлеуметтік оқу, әлеуметтік тәрбие, әлеуметтік іс-әрекет, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет, әлеуметтену процесі және т.б.

«Әлеуметтік» деген сөз латын тілінен аударғанда «қоғамдық» деген мағынаны білдіреді, яғни қоғамдағы адамдардың өмірімен және қарым-қатынасымен байланысты қоғамдық дегенді дәйектейді. Бұл мағынада

адамның әлеуметтік дамуы мен тәрбиесі туралы ғана емес, қоғамдағы әлеуметтік құндылықтарға, нормалар мен ережелерге бағдар алу туралы сөз етуге болады.

Әлеуметтік педагогикада екі бағыт байқалады: әлеуметтік және тұлғалық.

Бірінші бағыт мемлекет пен қоғамның өскелең ұрпақты тәрбиелеуге жалпы ықпал етуі арқылы анықталады. Бұл - социопедагогика деп аталады, ал тар мағынада - адамның тұлғасын қалыптастыру процесіне өмір сүру ортасының ықпалы - орта педагогикасы болып саналады.

Әлеуметтік педагогиканың мәселелері П. Наторп, И. Г. Песталоцци, К. Д. Ушинский, Н. И. Пирогов, Дж. Дьюи, Г. Кершенштейнер, Р. Зейдель, С. Т. Шацкий, А. С. Макаренко, Б. Р. Лихачев, В. Д. Семенов және т.б. еңбектерінде теориялық тұрғыдан зерттелді.

Әлеуметтік педагогиканың тұлғалық бағыттары Дж. Локк, Ж. Ж. Руссо, Ф. Ницше және т.б. философиялық көзқарастары арнасында қарастырылған. Аталмыш бағыттың бастауы – «даралық» педагогикасы болып саналады. ХІХ ғасырдың екінші жартысында адамнан жоғарыны қалыптастыру концепциясы пайда болды. (Ф. Ницше) Бұл бағыт педагогтар алдына адамның өзі үшін тәрбиелеу мәселесін шешуді міндет етті.

Тұлғаның әлеуметтік қалыптасуы оның табиғат заңдары бойынша дамитын әлеуметтік жан ретінде, әрі әлеуметтік орта, қоғам, индивидтің белгілі бір ықпал ету қабілеттіліктерін ескеру негізінде тәрбиеленеді деген тұжырым береді.

Адамның әлеуметтік өзіндік дамуы өте күрделі процесс, дегенмен әлеуметтік даму жағдайлары, бағыттары және қарқындылығы өзгеріс үстінде болады.

Сонымен, әлеуметтік педагогика ғылымының негізгі категориялары: әлеуметтену, әлеуметтену процесі, әлеуметтік оқу, әлеуметтік тәрбие, педагогикалық іс-әрекет, әлеуметтік-педагогикалық іс-әрекет, әлеуметтендіру, әлеуметтендіру факторлары, әлеумет (социум), микроәлеумет, әлеуметтік институт, теріс әлеуметтендіру (деәлеуметтендіру) институттары, әлеуметтік рөл, әлеуметтік бейімделу, әлеуметтік құлдырау, педагогикалық құлдырау, балалықты қорғау, бала құқығы, қамқорлыққа алу, қорғаншылық жасау, жетімдік, балаларға деген қатігездік қатынас, әлеуметтік жұмыс, қайырымдылық әлеуметтік қорғау, әлеуметтік қолдау, әлеуметтік реабилитация, әлеуметтік кеңес беру, отбасылық кеңес беру, отбасы терапиясы және т.б.

Педагогика ғылымы «жеке адам», «даму», «әрекет», «әлеуметтендіру», «қоғам» деген секілді көптеген басқа пәндер түсініктерін де қолданады. Оны педагогика ғылымының кірме түсініктері деп айтамыз. Ал педагогика ғылымының төл ұғымдары «білім беру», «оқыту», «тәрбиелеу» категориялары болып табылатындығын білеміз. Енді осы ұғымдардан әлеуметтік педагогиканың негізгі түсініктерін ажыратып көрсетейік.

Түсінік - бұл шындықты танып-білу процесінің санамызда бейнеленуінің бір формасы болып табылады. Ғылыми түсінік бірден қалыптаспайды. Түсініктің мәнін анықтау үшін оның белгілерін ажыратып алу қажет.

Сонымен қатар, негізгі ұғымдар деп тек сол ғылымға тән түсініктерді айтамыз. Кез келген жаңа ғылым саласы өзінің негізгі түсініктерінен туындайтын жаңа түсініктерге ие болады. Әлеуметтік педагогиканың түсініктері педагогика ғылымының түсініктерінен туындайды, олай болса әлеуметтік педагогика пәнінің өзі ғылыми педагогиканың бір саласы ретінде көптеген зерттеу объектісі жеке адамның қалыптасуы болып табылатын басқа ғылымдармен тығыз байланыста болады. Оны төмендегі 1-схема мынадай түрінде көрсетуге болады:

Тұжырым:

1. Әлеуметтік тәрбиенің мақсаты адамзат қоғамының барлық кезеңінде адамды өзі өмір сүріп отырған қоғамының талаптарына сай етіп қалыптастыруды көздеген.

Әлеуметтік педагогика ғылымының негізгі категориялары педагогика ғылымы категорияларынан келіп туындайды, сонымен қатар олар да қоғамдық категория болып табылады. Өйткені әртүрлі қоғамдық талаптарға сай берілген анықтамалар мазмұны бірдей емес. Бұдан байқайтынымыз, қоғамның мақсаты тәрбиенің, тұлғаны қоғам талабына сай етіп қалыптастырудың мақсатымен сәйкес сабақтасып отырады.

Тәрбие үздіксіз және үзіліссіз процесс болғандықтан, тұлғаны қоғам талабына сай әлеуметтендіру үрдісі де үздіксіз әрі үзіліссіз процес болып табылады.

«Әдіс» ұғымын грек тілінен аударғанда «жол», «тәсіл» деген мағынаны білдіреді. Әдіс проблемасы - әлеуметтік педагогикада ең өзекті мәселелердің бірі, өйткені тұлғамен тәрбиелік жұмыс жүргізудің құралы көп жағдайда әлеуметтік-педагогикалық ықпал етудің тиімділігіне байланысты.

Әлеуметтік педагогикадағы әдістерді үлкен үш топқа біріктіріп, классификациялауға болады деп көрсетеді ғалым Ф.А.Мустаева өзінің «Әлеуметтік педагогика» деп аталатын кітабында. Олар мынадай:

1.Зерттеу әдістері;

2.Тәрбие әдістері;

3. Әлеуметтік-педагогикалық тұрғыда көмек беру әдістері.

Ғылыми зерттеу әдістері – бұл ғылыми теориялардың байланыстылық, қатынас, тәуелділік заңдылықтарын орнату мен орналастыру мақсатында ғылыми ақпараттарды алудың тәсілдері. Зерттеу әдістерін қолдану әлеуметтік педагогиканы ғылым ретінде дамыту мен жетілдіру үшін маңызды.

Ғылыми зерттеу жұмысының екі түрі бар. Олар: эмпирикалық және теориялық.

Эмпиризм- бұл философиялық ілім, ол ғылымның бір ғана көзінен алынған білім. Эмпирикалық таным практикалық тәжірибені, шындық болмысты зерттеуге негізделеді.

Теориялық зерттеуде жоғарыдағы әдістермен қоса абстрактілеу, идеяландыру, модельдеу және т.б. әдістер қолданылады. Сонымен бірге логикалық, анализ-синтез, индукция-дедукция әдістері де қолданылады. Эмпирикалық зерттеуде -бақылау, баяндау, эксперимент сияқты зерттеу әдістері қолданылады.

Енді әлеуметтік-педагогикалық ғылыми-зерттеу әдістеріне жеке-жеке тоқталып өтелік:

Бақылау әдісі педагогикалық құбылыстарды тікелей қабылдау негізінде танып білу тәсілі. Бақылау әдісінің негізгі функциясы бақылау объектісі мен әлеуметтік педагог арасындағы тікелей және қайтымды байланыстар жағдайындағы зерттеліп отырған процес туралы мәліметтерді іріктеп, таңдап алудан тұрады.

Педагогикалық эксперимент-зерттеу басында қойылған ғылыми болжамның негізділігі мен дұрыстығын айқындауда дәлелді тексеру мен ғылыми-объективтілікті қамтамасыз ететін зерттеудің кешенді әдістерінің бірі.

Педагогика ғылымында экспериментті жүргізу табиғи және лабораториялық жолмен іске асырылады.

Әлеуметтік педагогикадағы зерттеу әдістері жүйесінде сұрау әдістерінің орны ерекше. Оларға сұхбат, интервью, анкета әдістері жатады. Әлеуметтік педагогика бойынша ғылыми зерттеулерде моделдеу әдістері де жиі қолданылады. Жалпылама түрде алғанда модель зерттеу пәнінің функциясының, нақтылы қырларының, элементтерінің жүйесі ретінде айқындалады.

Әлеуметтік педагогикада озат педагогикалық тәжірибелерді зерделеумен қорыту әдісі үлкен қолданысқа ие.

Әлеуметтік-педагогикалық ғылымдағы мәліметтерді өңдеу үшін зерттеудің математикалық әдістері қолданылады. Оларға ранжирлеу (жинақталған мәліметтерді нақтылы заңдылықпен орналастыру, өсу немесе кему ретімен орналастыру, әрбір зерттелген нәтиженің орнын анықтау), шкалалау (педагогикалық құбылыстың жекелеген қырына баға беруде сандық көрсеткіштерді ендіруге мүмкіндік беретін әдіс) және т.б. әдістер жатады.

Әлеуметтік педагогиканың екінші тобын **тәрбие әдістері** құрайды. «Әдіс» деген сөз гректің «методос» деген сөзінен шыққан. «Метод» деген ұғым «белгілі ақиқатқа, шындыққа, мақсатқа жетудің жолдары» деген мағынаны білдіреді.

Сипатына қарай топтастырылған тәрбие әдістері - сендіру, жаттықтыру, мадақтау және жазалау, іс-әрекетті ұйымдастыру, оқушының тәртібіне ықпал ету әдістері болып бөлінеді.

Нәтижесіне қарай топтастырылған тәрбие әдістері:

- адамгершілікті қалыптастыруға бағытталған түрткілер, қатынастар, түсініктер, идеялар тудыратын әдістер;
- әдептілікті және тәртіптілікті қалыптастыратын әдістер.

Қазіргі кезде тәрбие әдістерін жіктеудің 11-ден астам түрі бар. Солардың ішінде Т. Е. Конникова, Г. И. Щукина және В. С. Слостенин жасаған тәрбие әдістерін жіктеуде бірізділік байқалады.

Осыған орай тәрбие әдістері төрт топқа жіктеледі:

- қоғамдық сананы қалыптастыру мақсатында қолданылатын әдістер;
- баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін қалыптастыру мақсатында қолданылатын әдістер;
- баланың мінез-құлқы мен іс-әрекетін ынталандыру мақсатында қолданылатын әдістер;
- мінез-құлық пен іс-әрекетке бақылау жасауды, өзін-өзі бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асыру әдістері.

Жеке адамның санасын қалыптастыру әдістеріне мыналар жатады: этикалық әңгіме; әңгімелесу; пікірталас; лекциялар; өнеге; көз жеткізу (ситуация).

Мадақтау әдісі дегеніміз - тәрбиешінің баланың жағымды іс-әрекетін, мінез-құлқын көріп бағалай білуі және оны көпшілік, ұжым алдында қолдайтынын жария етуі.

Тәрбие әдістерінің бұрынан келе жатқан түрі - жазалау әдісі кеңінен танымал, әрі өте күрделі әдіс. Жазалау тәрбиеленушілердің теріс қылықтарының алдын алу мен қайта тәрбиелеуге бағытталған жеке тұлғаның немесе ұжымның нақтылы бір талаптарын қоюдың формасы ретінде қолданылады.

«Жарылыс» әдісі. А. М. Макаренко ең алғаш бұл әдістің мәні мен қолданылу мақсатын аша отырып, осылайша ат қойған.

Әлеуметтік педагогиканың тәрбие әдістерінің үшінші тобына **әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету әдістері** жатады. Оған психологиялық кеңес беру, аутотренинг, қызметтік ойындар және т.б. жатады.

Психологиялық кеңес беру психологиялық-педагогикалық қызмет пен әлеуметтік жұмыс қызметіндегі ең кеңінен тараған әдістердің бірі болып табылады.

Аутотренинг – клиенттерді бұлшықеттерін релаксация жасауға, өзін-өзі сендіруге ерік жігерін бағыттай алуға, зейінін бір орталыққа шоғырландыруды дамытуға және ерікті ақыл-ой белсенділігін басқара білуге бейімдейтін психотерапиялық әдіс.

Әлеуметтік-психологиялық тренинг топтағы адамдармен өзара қарым-қатынасқа түсуде өзін-өзі танып білу білігі мен дағдыларын қалыптастырудың топтық әдістерінің жиынтығын құрайды.

Қызметтік ойындар - нақтылы бір қызмет түрінің әлеуметтік мазмұнын, қайта жасаудың, тәжірибе типіне тән сипаттағы қарым-қатынас жүйесін моделдеудің формасы.

Тұжырым:

- 1.Кез келген ғылым саласы секілді әлеуметтік педагогика ғылымының да өз дамуында қолданатын зерттеу әдістері бар және олар өзіндік ерекшелікке ие.
- 2.Әлеуметтік педагогика ғылымының зерттеу әдістері жалпы педагогика ғылымының зерттеу әдістерін пайдаланады: теориялық және эмпирикалық әдістер. Теориялық әдістерге барлық теория жүзінде қарастырылатын әрекеттерді, ал эмпирикалық әдіске барлық практикалық-әрекеттік негізде жүргізілетін әдістерді жатқызамыз.
- 3.Әлеуметтік педагогиканың зерттеу әдістері ғылымның дамуына және орын алып отырған проблемаларды шешудің жолдарын анықтау мақсатына қызмет етуі тиіс.
- 4.Әлеуметтік педагогикалық әдістерді қолдануда басқа ғылымдар байланысы назардан тыс қалмайды. Мысалы, тәрбие әдістері, тарихи шолу мен жүйелеу әдістері, психологиялық кеңес беру әдістері, статистикалық мәліметтерді пайдалану, салыстырмалы талдаулар жасау, математикалық есептеулер мен жобалаулар педагогика салалары арасындағы және ғылымаралық байланысты қамтамасыз етеді.

Жаңартылған білім беру аясында қиын оқушылармен әлеуметтік қызмет түрлерін ұйымдастыру

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы №19 «Шұғыла» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы Битуреева Алия Турабековна

Құрметті әріптестер ,жаңа оқу жылдарыңызбен!!! Жаңа оқу жылында кәсіби табыстар мен сапалы да нәтижелі көрсеткіштер тілеймін. Қиын балалардың

Оқушылардың оқуға деген мотивациясының қалыптасуына әсер етуші оның үлгерімі. Бірақ,оқушылар мен ата-аналар үшін үй тапсырмасына берген уақыт олардың шыдамдылығының шегі болып келеді. Ата-ана баласын үй тапсырмасын орындауға бірнеше рет шақырады , оның орнына бала сурет салады, теледидар қарайды немесе басқа іспен шұғылданады.Ата-ананың шыдамы таусылып,балаға күштеп сабақ жасатады. Бұл жағдай баланың бойында ешқандай білім алуға деген мотивациясын оятпайды. Көптеген ата-аналар мектеп жасындағы балаларының оқуға деген ынтасының жоқтығын айтады.Бірақ оның себебін іздемейді. Оқушының оқуға деген ынтасын қалай

артыруға болады? Баланың бойындағы ішкі сенімділікті қалай жоғалтып алмауға болады? Жаңаны тануға деген белсенділігін қалай арттыруға болады? Мектепте оқыған жалықтырады деген оқушыны оқуға деген мотивациясын қалай арттыруға болады? Жауап іздеп көрелік. Қиындықты шешудің бірден бір жолы- отбасына зерттеу жүргізу .

Қиын баланың келіп шығу факторы

1. Қоғамдық ахуал мен өмірдегі тұрмыс жағдайы себепші болады
2. Баланың мінез-құлқындағы жағымсыз ерекшеліктері мен қалыпты нормадан ауытқуы

3. Отбасылық тәрбиенің дұрыс болмауы

Мектептегі төмен үлгерім-баланың ақыл-ой дамуы мен қабілетінің толық көрсеткіші емес. Білім алуға ынталанбаған балаға бір нәрсе үйреніп, оны өмірде қолдану өте қиынға түседі. Білім алуға деген мотивациясы жоқ оқушыларда қалыптасқан үлгермеушілік пен интеллектуалдық тоқырау болады. Үлгермеушілік көп жағдайда тәртібінде ауытқушылықтарға әкеп соғады.

-Қиын балалардың көбі-мектеп бағдарламасын нашар меңгереді, ұжымнан бөлініп қалатын балалар. Ұжымдағы жағымды позициядан қалып кету оларды теріс мінез-құлққа, айналасындағы бірге оқитын құрдастарымен қарым-қатынас жасауына кедергі келтіреді.

-Қиындықпен тәрбиелену-баланың теріс мінез-құлқы, кикілжіңдердің келіп шығуына әкеліп соғады

-Қиын балаларды мына төмендегі жағымсыз мінез құлқына қарай ажыратуға болады

1. Қызба мінез
2. Сабырсыздық
3. Кесірлік, қырсықтық
4. Мейрімсіздік
5. Кекшілдік
6. Қарсыласып сөз қайтару

Қиындық туғызатын оқушылармен жүргізілетін әңгіме

Орта мектепті бітіргеннен кейін кім болғың келеді?

Қай пәнді жақсы көресің?

Сенің әке шешенмен қарым қатынасың қалай?

Қандай әдеби кітаптар оқисың?

Өзіңнің мектептегі жүріс тұрысыңа, оқуыңа ризасың ба?

Сенің үйдегі мектептегі ұнататын жұмысың?

Сенің достарың қандай, олар туралы сен не ойлайсың?

Өмірдегі ең қажетті, қызықты не деп ойлайсың?

Қиын баланың пән мұғалімдерімен әңгіме

Сіздің сабағыңыздағы оқушының үлгерімі және жүріс тұрысы қандай?

Оқудағы, жұмыстағы оқушының қабілеті қандай?

Оқушының тәртіпсіздігін көрсететін жағдай, оған сіздің берген ақыл кеңесіңіз?

Ата-анасымен қамқоршы жақындарымен әңгіме

Балаңыздың жүріс тұрысына, оқуна көңіліңіз толады ма?

Балаңыздың болашақ мамандығын таңдауына сіздің ақыл кеңесіңіз

Балаңыздың оқудағы жүріс тұрысында сізді не қиналдырады, сіз оған қалай мотивация бересіз, қалай көмектесесіз?

Балаңыз үйде не істейді, сіздерге көмектеседі ме?

Қиын бала тәрбиесінде ескерілетін жайттар

Педагогикалық түзету кезінде төзімділік қажет.

Мейрім мен сүйіспеншілік екі жақты да адамдық сипатқа жеткізетінін ұғыну керек.

Баланың отбасы жағдайына назар аудару керек

Баланың ішкі дүниесі мен қылықтарын, іс-әрекетін білу керек

Жан жылуын зәрулікпен құтқару, бала құқығымен санасу

Жеке тұлға ретінде дамуына ықпал ету жағын ескеру қажет

Қиын баларды қалай тәрбиелеуге болады?

Қиын бала үнемі жақсы психологиялық жағдайда тәрбиеленуі, оқуы, өсуі қажет

Балада жағымды «МЕН» бейнесін қалыптастыруды ұсынамын

Ұстаз бен шәкірт арасында кикілжің тумауы қажет.

Баланың әрбір тәртіпсіз қылығының себебін анықтап, көз жеткізіп, шара мен жазаны соған лайықтап қолдану керек.

Мұғалім сабағын қызықты өткізіп, оқушылар зейінін оқуға толықтай аудару керек

Мұғалім шыншыл, әділетті, кешірімді, мейрімді, сабырлы, ұстамды болғаны дұрыс

Ата-анаға, қамқоршы жақындарға баланың білім сапасын арттыру мақсатында кеңес кеңес

1. Балаңызбен білім алудың маңыздылығын талқылаңыз. Бұл өте маңызды.

2. Балаңыздың күнделікті оқу күнін қалай өткенін сұрап тұрыңыз.

3. Балаңыздың жақсы іс әрекеттерін мақтаңыз. Тек қана жағымсыз әрекеттерін айта бермеңіз.

4. Ең бастысы баланың үлгерімі мен тәртібі туралы хабардар етіп отыратын мұғаліммен әрқашан байланыста болыңыз және көмек керек болса сұраңыз.

5. Балаңыздың алдына нақты мақсаттар қоюына көмектесіңіз: неге қол жеткізу керек, қандай білім алу керек.

6. Баланың сол мақсатына жету уақытын бірлесе белгілеңіз.

7. Баланы мадақтау әдісін ойлап табыңыз (бүкіл отбасының алдында мақтау) оған мотивация болатындай баланың нақтылы іс әрекетін мақтаңыз.

8. Баланы жақсы көретініңіз айтыңыз.

9. «Мен саған сенемін, сенің қолыңнан келеді»

деген сөздерді айтып тұрыңыз.

Кейбір балалар өз-өзіне деген сенімділігін жоғалтқан. Себебі көп жағдайда оларға «Мен саған сенемін, сенің қолыңнан келеді» деген сөздер айтылмайды. Пандемия кезеңінде ең негізгі күрделі мәселеге айналып отырған мәселе – балада оқуға, білім алуға деген қызығушылығының жоқтығы. Кей балада сабақ барысында жоғалса, кей балада уақыт өте келе өшеді. Кім кінәлі? Бұл сұраққа әр ата-ананың өз жауабы бар. Кей ата-аналар қоғамда беделді тұлғаларды үлгі қылып, аула сыпырушы, жүк тасушы мамандығымен қорқытады. Ал кейбірі тіпті мектеп мұғалімдері мен психологтарға тікелей байланысты деп өз мойындарынан жауапкершілікті алып тастайды. Басқалары жазалау әдісін қолданады. Атап кетсек, төмен баға үшін компьютер, планшет, ұялы байланыс телефондарын тартып алуға дейін барады.

Оқуға үйренуге деген мотивация біздің бойымызда табиғатымыздан қалыптасқан. Білім алу, жаңаны үйрену, қол жеткізу адам бойына ерекше сезімдер береді. Білім алу оған тәуелді болу емес оны өмірде пайдалану. Егер бала тапсырманы орындай алатындығын білмей, сонда да оны орындап шықса, өте жақсы нәтиже береді. Сонымен бірге оқушының білім алуға деген мотивациясы артады. Дегенмен де бұл нәтижесі үшін қажетті деңгейде бала мадақталмай, керісінше одан бетер талап қойылса, бәрі бекер.

Келесі әсер етуші фактор, ата-аналар қатесі. Баланың күн тәртібін дұрыс ұйымдастырмау. Асыра еркелету, керісінше, жеке тұлғалық беделін түсіру. Баланы келеке ету, шектен тыс еркелету, басқа балалармен салыстыру да оқуға деген мотивациясын түсіреді.

Іс әрекет жасауға баланы ниеттендіру үшін не жасауға болады?

Бала мотивациясының төмен болу себебін іздеу. Оқу қабілетінің болмауы ма немесе тәрбие жағынан жіберілген қателер ме? Көп жағдайда ата-аналар балаларына «Оқымасаң, аула сыпырушы боласың» деп ескертеді. Бұл әрекет баланың мотивациясын арттыруға ешқандай да әсер етпейді. Баланы жақын арадағы нәтижелер ойландырады. Бірақ балаға қиын, қолынан келмейтіндей көрінеді. Көп жағдайда қиындыққа қарсы тұруға үйретілмеген балалар ғана қиналады. Яғни, мұндай балаларда оқуға деген қызығушылық болмайды.

Бала бойында мотивацияның жоқтығы төмендегі жағдайдан да болуы мүмкін. Өткен шақта болған сәтсіздіктер. Бірінші, екінші әрекеттерде жолы болмаған бала, келесіде талпынбайды да. Бұл ретте ата-аналар балаларына «қолын түсірмей» ары қарай әрекеттенуге үйрету керек. Бұл жағдайда міндетті түрде нәтиже болатындығына көзін жеткізу керек.

Балаға өз қатесін көріп, оны түзете білуге үйрету де ата-ана міндеті. Оқу процесінде баланы қадағалап, оның жеке басының қасиеттеріне назар аударғаны дұрыс. Атап кетсек :

- сабақты орындауға қай кезде отыру;
- ең алғашқы қай сабақтарды орындаған дұрыс?
- кідіріс жасау уақыты ;

-мазмұнын айта білмесе, негізгі ойды тауып үйрету;

Аса көңіл бөлетін жағдай, жасалған жұмысты ата-ана мен ұстаздың мадақтауы. Ата-ана «Жарайсың, Жақсы» (өткен жұмыс нәтижелерімен салыстыра отырып) деп мадақтаса, ұсазы сыныппен салыстырып «нашар» деуі мүмкін. Мұндай келеңсіз жағдайлар болмас үшін, мектеппен тығыз байланыс орнату керек. Мектеп талаптарын білу қажет. Бұл жағдайда оқушы үшін ата-ана жақсы (мақтайды), мұғалім жаман (ұрысады), ал бұл дегеніңіз мектепке деген теріс көзқарасты қалыптастырады.

Отбасында сүйіспеншілікпен қараған бала мотивациясы жоғары. Бірақ, тез нәтиже күтпеңіздер. Жүйелі әрі үздіксіз жұмыс жүргізілсе, міндетті түрде бала мотивациясы жоғарылайды. Ең бастысы баланың өзін-өзі дұрыс бағалай алуы. Өзін төмен бағалайтын бала мотивациясы болмайды. Өзін асыра бағалайтын бала көп жағдайларда басқа жағдайларға көз жұма қарайды. Тек өзін нақты дұрыс бағалай алатын баланың ғана мотивациясы болады.

Балаға қанша «Мен үшін оқыма, өзің үшін оқы» десеңіз де, бала ата-ана үшін, сіздің мадақтауыңыз үшін оқиды.

Қорыта айтқанда, бала-жеке тұлға, бірақ белгілі уақытқа дейін ата-ана мен педагогтарға тәуелді және олардың демеуін қажет етеді. Жұмыс нәтижесінде жігерленген кез келген оқушы жеңістерге қол жеткізеді. Демек пандемия жағдайында өткен соңғы екі жылда қиын балалар саны көбеймесе азайған жоқ деп ойлаймын, себебі қашықтықтан оқытуда мектеп оқушыларының білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру, қиын балаларды оқу процесіне бейімдеу, сондай-ақ тәрбиелеу мен оқыту үшін қолайлы жағдай жасау – бәрімізге ортақ міндет. Жаңа оқу жылында алдына айқын мақсат қойған білімді де тәрбиелі оқушыларымыздың қатары көбейе берсін!

«Жалпы білім беру ұйымдарындағы инклюзивті қолдану кабинеті жағдайындағы ерекше білім беруді қажет ететін балалардың әлеуметтенуі»

**«М.Шоқай атындағы № 24 жалпы орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Директордың оқу ісі жөнініндегі
орынбасары Лакабаева Нургуль**

ҚР «Білім туралы» Заңында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балалар үшін білім беруге қолжетімділік қағидаты жарияланған. Осыған сәйкес:

Болашақ корпоративтік қорының қолдауымен 2019 жылы қыркүйек айында №24 жалпы орта мектебінде «Инклюзивті қолдау кабинеті» ашылды.

Қабылданған бала саны – 10.

Инклюзивті сыныпты ашуға бірден-бір себеп болған мектебімізде орын алған екі жағдай түрткі болды. Бірнеше жыл бұрын 1- сыныпты зерттеу мен зерделеу жұмыстарының нәтижесінде ақыл есінде психикалық ауытқы бар оқушыны байқадық. Сынып жетекшісі, мектеп психологтары және ата-анамен тығыз байланыс орната отырып, 2-сыныпқа қаламыздағы «Ақжелкен» тілінде кемістігі бар арнаулы бастауыш сыныпқа ауыстырылды. Бала 5-сыныпқа өткенде МПК-ның қорытындысымен өзінің тұрғылықты мөлтек ауданындағы жалпы мектепке қамтылуы туралы бұйрықпен келген болатын. Алайда, бала денсаулық кітапшасында ақыл есінің дамуында психикалық ауытқуы бар деп жазылған.

Мектеп әкімшілігі осы бұйрық негізінде баланы 5-сыныпқа қабылдап, үйден оқытуға шығардық. Бірақ ата-ананың өтініші бойынша бала 6-сыныпта мектепте оқуды сұранған болатын. Ондағы ата-ананың мақсаты: бала жеке білім алған кезде сөйлеу дағдысында еш нәтиженің болмағанын алға тартып, көпшілік ортамен қарым-қатынасқа түсуді талап етті.

Мектеп әкімшілігі ата-ананың өтінішін ескере отырып, баланы сыныпқа отырғызып, пән мұғалімдеріне ескертіп, жеңілдетілген тапсырмалар бергіздік. Ойын арқылы сөзге тарту, көшіріп жазу, диалог құрып сөзге тарту т.б. мектеп психологтары мен сынып жетекшілер, сынып оқушылары бірлесе ұйымдасқан түрде жұмыстар жүргізілді. Саябақтарға барын серуендеп, дәмханада туған күндерін атап өтіп, түрлі үйірмелерге бірге барып, қоршаған ортаға барынша бейімдеу жұмыстары ұйымдастырылды. Ойлау дағдысы өз жасына әлдеқайда төмен болса да уақыт өте келе өз-өзіне қарауды, заманауи үлгіде сәні киінуді, күнделікті қолданыстағы сөздерді қысылмай айтуды, өзін еркін ұстауды үйренді. Сыныптастары да оған тосырқап қарамай, керісінше барынша қолдау көрсетіп, жанашырлық танытып, үнемі қол ұшын созуға, дайын тұрды.

Жылдың соңына қарай баланы бойынан өмірге деген құштарлық пен жүзінде бал-бұл жанған қуаныш пен күлкі үйірілді. Ата-ана тарапынан дән ризашылық білдіріп, алғыстарын жаудырып жатты. Дәл осы бойда 9-сыныпты бітіріп, қаламыздағы Яссы колледжіне аспазшы мамандығына оқуға түсіп кетті. Бала өмірден өз азығын тауып жеуге толыққанды бейімделді десем артық айтқаным болмас. Бұдан түйгеніміз, ерекше білімді қажет ететін балаларды қоғамнан оқшауламай, керісінше, ортаға бейімдеу, даму дағдысында анағұрлым жетістікке қол жеткізетінімізге тәжірибе жүзінде көз жеткіздік.

Күтілетін нәтиже:

1. Ерекше оқытуды қажет ететін балаларды жалпы білім беру үдерісіне қосу
2. Қадарларды даярлау жүйесін жетілдіру
3. Ғылыми және оқу-әдістемелік қолдау
4. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін әзірлеу
5. Инклюзивті білім беру саласында әлеуметтік және қолданбалы зерттеулер жүргізу

Инклюзивті қолдау кабинеті

- Әр баланың жеке жұмыс орны сыныпта оқуға дайындық орны
- Әр баланың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, арнайы бағдарлама бойынша оқыту.
- Қажетті "ресурстар", мамандар, әдістер, арнайы жабдықпен жасақталған аймақ.
- Балаларға ерекше білім беретін мамандардың қамтылуы;
- Әлеуметтік ортаға бейімдеу және қолайлы мінез-құлықпен қарым – қатынасқа түсу;

ИҚК сыныбында оқитын балалар:

- Аутист
- БЦСА (балалар церебральды сал ауруы)
- Синдром Дауна
- Күрделі кемістігі бар балалар
- Жалпы сөйлеу тілі дамымаған балалар

Ерекше білімді қажет ететін балаларды қамтудағы қиындықтар:

1. Ерекше білімді қажет ететін балалардың көпшілік ортаға тосырқай қарауы;
2. Педагог мамандарға бойындағы агрессивті мінез-құлықтарын көрсетуі;
3. Ата-ананың ерекше назарынан ажырау қиындығы;
4. Сынып оқушыларының бұл балаларға үреймен қарауы;
5. Жалпы мектеп ата-аналарының ерекше білімді қажет ететін балалармен бірге отыруына наразылығы т.б.;

Туындаған сұрақтар

- Ерекше білімді қажет ететін балаларды мектеп партасына отырғызып оқыту- мүмкін бе?
- Оқушының, мұғалімнің, ата-ананың бойындағы қорқыныштар мен үрейді қалай жеңеміз?
- Инклюзивті білім беру бағдарламасының беделін түсіріп алмаймыз ба?
- Сынып оқушылары ерекше білімді қажет ететін балаларды қалай қабылдайды, олар ортаға сіңісе алады ма?

- Ерекше білімді қажет ететін балаларға арнайы дайындалған «Болашақ қорының бағдарламасымен» жалпы мектеп бағдарламасын ұштастыра аламыз ба т.б?

ЕБҚБ жұмыс жүргізетін жұмыс тобы

Мектеп басшысы

Мектеп басшысының инклюзивті білім беруді енгізудегі ниетінің болуы және ынтасының ерекшелігі.

- ✓ Оқу тәрбие үдерісін басқару;
- ✓ Білім бағдарламаларын оңтайландыру;
- ✓ Кедергілерді барынша жою;
- ✓ Мектеп пен қоғамның өзара байланысын арттыру;
- ✓ Мектеп пен отбасы байланысын өзара арттыру.

Сынып жетекшілер

Сынып жетекшілер өз сыныбының құрамына ерекше білімді қажет ететін балаларды қосуға психологиялық дайындығы, оларға инклюзивті білім беру және оның негізгі құндылықтары мен мақсаттарын түсінуі және қабылдауы.

- ✓ Жауапкершілікпен қарауға;
- ✓ Белсенділік таныстуға;
- ✓ Қолдау көрсетуге міндетті.

Мектеп ұжымы

Инклюзивті білім беруді мектеп ұжымының іс –тәжірибелік тұрғыда жүзеге асыруға әдістемелік дайындығы, инклюзивті іс-тәжірибені ұйымдастыру технологиялары мен әдістерін меңгеру.

- ✓ Оқу құралдарын түрлендіру;
- ✓ Оқу материалдарын;
- ✓ Оқыту формаларын;
- ✓ Білімді бағалау әдістерін оңтайландыру қажет;
- ✓ Педагог ассистент, педагог-дефектолог, педагог-логопед, педагог-психолог мамандарының ПМПК және оңалту орталықтарымен және басқа да балаларға кеңес беру, оқу-әдістемелік қолдау және психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу туралы шарттың болуы.

Ата-аналар

Балаларды әлеуметтендіру және бейімдеу үрдісінде мүдделі: мектеппен бірлесіп әрекет етеді.

Әлеуметтік педагог

Ерекше білімді қажет ететін балалардың отбасындағы ата-ана бала қарым-қатынасын, баланың даму деңгейін әлеуметтік ортаға қаншалық бейімділігін анықтау мақсатында сауалнамалар толтырады, әңгімелеседі. Осы анықталған деректердің арқасында ата-аналармен жоспарға сай жүргізілетін жұмыстар педагогтар мен және мамандармен бірлесіп іске асырады.

ABLIS-R (эйблс-р)

Негізгі сөйлеу және оқу дағдыларын бағалау

ABLIS-R –тест жинағы. Балалардың дәрежесін анықтауға арналған. Алынған тест нәтижесі бойынша балаларға жеке бағдарлама жазылады.

ABLIS-R

бойынша Инклюзивті кабинет оқушысы Арысбек Зейнептен (синдром дауна) алынған тест нәтижесі. Тест оқу жылының басында және жылдың соңында алынады.

Тестте баланың жасай алатын және жасай алмайтын дағдыларын белгілейміз. Дағдыларда баланың өзіне қызмет көрсетуінен бастап, жалпы және ұсақ моторикасының да, ойлау қабілетінің, көріп, естіп, қабылдауының дәрежелері анықталып белгіленеді.

Тестте оқушы берілген уақыт бойынша тапсырманы бітірген болса 4 бағанды толтырып бояймыз, ал егер берілген уақыттан қалып қояр болса 1 бағанды бояймыз.

ABLIS-R –ден алынған тест нәтижесінде оқушының жеке бағдарламасын меңгеру мақсатына арналған

Чек лист (чек парағы)

- Жеке бағдарламасы (АВА терапия) бойынша сабақ өтуді бағалау кестесі

Чек парағын 1 тапсырмаға 1 дана арнап, күнде толтырып, пайызын шығарып отырамыз. Осыдан баланың нәтижесін шығарып отырамыз. Мысалы: Чек парағында баланың тапсырманы қалай орындайтынына байланысты қадамдарда жазылған. Бір бала 1 бағдарламаны 5 рет өткенде жабуы мүмкін, ал басқа бірі 10 рет өткенде бітіруі мүмкін. Біз сол дәрежені анықтап отырамыз.

Инклюзивті қолдау кабинетінің мықты жақтары

- ✓ Ерекше білімді қажет ететін балаларға сапалы білім алуына жағдай жасалған;
- ✓ Ерекше білімді қажет ететін балалар ашық болуға үйренеді;
- ✓ Өмірлік қажетті коммуникация жағдайларын меңгереді;

- ✓ Қоршаған ортада еркін қарым-қатынас жасауға дағдыланады;

Мүмкіндіктері

- ✓ Ерекше білімді қажет ететін балалар табысты әлеуметтік бейімделуге және өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндіктері бар;
- ✓ Педагогикалық **әлсіз** білім алуға сараланған тәсілмен көмектесуіне, **күшті** білім алушыға көңіл бөлуіне, **қиын** балалармен тиімді жұмыс істеуіне мүмкіндіктер бар

Әлсіз жақтары

Бағалау қызметінде психологиялық және педагогикалық қолдау көрсетудің 2 бағытын ескеру қажет:

1-өзекті: балада осыған дейін пайда болған қиындықтарды шешуге бағытталған;

2-келешекте оқуда болуы мүмкін қиындықтарды ескеруге және алдын алуға бағытталған.

2 бағытта педагогикалық процесте қолдау қызметінің әлсіздігі.

Қазақ халқы – ерекше белгімен дүниеге келген сәбиді «Нышаналы бала» деп атаған.

Жапондықтар – ерекше баланы «Киелі бала» деп атайды.

Олай болса бабалар мұрасын, мәңгілік ел құндылығын өркендету мақсатында мұндай балаға бір отбасы ғана емес тұтас ел, қауым болып жанашырлық танытайық.

Пайдалынған әдебиеттер

1. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академияс ілім академиясы, 2020. – 422 б.

2. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар.-Астана:Б.Алтынсарин атындағы ҰБА , 2016. – 46 б.

Зерде бұзылыстары бар балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының тиімді әдіс-тәсілдері

**Ленгер көмекші мектеп-интернаты
бастауыш сынып мұғалімі
Г.О.Әбженова**

Бүгінгі күнде мемлекетіміз ерекше қажеттіліктері бар балаларға айрықша қамқорлық көрсетуде. Ерекше қажеттіліктері балалар да жақсы әрі жан-жақты өмір сүруге құқылы. Сондықтан оларға бұл мүмкіндікті қолдануға қол ұшын беру міндетіміз.

Қазақстан Республикасының білім беру дамуының 2011-2020 ж. арналған бағдарламасында барлық балаларға тең дәрежедегі білім беру мен оларды сапалы тәрбиелеу кепілі ретінде айқындалып, психологиялық дамуы тежелген оқушылардың да білім алуына қажетті негізгі мақсаттары айқындалып көрсеткен. Мемлекетіміздің әрбір азаматы –ұлттық құндылық, әрбір баласы – еліміздің ертеңі екенін ескерсек, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың да сапалы білім алып, саналы азамат болып қалыптасуына мүмкіндігінше жағдай жасау міндетіміз болып табылады.

Әрбір мемлекет қоғамында ерекше қажеттіліктері бар балалар өмір сүріп, білім алып тәрбиеленуде. Олар белгілі бір ортаға, қоғамға тәуелді. Ерекше қажеттіліктері бар балалардың денсаулығын қадағалау дәрігердің қызметі болса, білім мен тәрбиені қатар ұйымдастыру педагог -тәрбиешінің міндеті. Осы ерекше қажеттіліктері бар балалардың ішінде Зерде бұзылыстары бар балаларға тоқтала кетсек, бұл балалардың негізгі айырмашылықтары: сабаққа деген үлгермеушілігі, дағдылары мен танымдық процестеріндегі өзара ауытқушылықтарымен сипатталады, зияты қалыпты балаларға қарағанда жалпы қабылдауы, қабілеті, оқуға деген бейімділігі төмен болып келеді. Психикалық дамуында ауытқушылығы бар балалардың танымдық қабілеттерін тексеруге, ең алдымен, олардың эмоциясына назар аударған жөн. Бұл балалардың эмоциясы көбінесе өзгеріске ұшырап отырады. Олар қалыпты балалардан элеуметтік ортаға бейімделуімен, мінез- құлықтарымен және іс-әрекеттерімен ерекшеленеді. Сондықтан олар ерекше оқыту мен тәрбиелеуді қажет етеді.

Зерде бұзылыстары бар балаларға білім мен тәрбие беруде олардың жас ерекшеліктері ескеріледі. Сонымен қатар шешім қабылдай алуға, өзін-өзі қамтамасыз етуге, еңбекке, тәртіп мәдениетіне, ұжымда еңбек ете алатындай деңгейге бейімдеу мақсатымыз. Балалардың оқып үйренудегі қиындықтарын дер кезінде анықтап, оларға коррекциялық- педагогикалық қолдау көрсету үшін арнайы мамандар (педагог-дефектолог, логопед, психолог) бірлесіп жұмыс жасау басты міндет болып саналады .

Оқыту процесінде арнайы мектеп оқушылары арнайы білім беру бағдарламасын меңгереді. Түзетушілік жұмыс ұйымдастыру арқылы оқушы бойында еңбекке баулу, ең бастысы қоғамдық өндіріске қатысуға мүмкіндік беретін икеммен дағдылар, көзқарас пен сенімдер қалыптасады, қоғамға бейімделуге жағдайлар қамтамасыз етіледі.

Оқытуда оқу материалдарын қабылдау, саналы меңгеру, бекіту, тәжірибеде қолдану, меңгерілген білімді тексеру бағалау, әр қайсысы бір бірімен тығыз байланыста келеді. Оқу материалын қабылдау – бұл біріншіден танымдық әрекеттің бастапқы сәті болып келеді, екіншіден қабылдау алдыңғы меңгерілген білімге негізделеді.

Зерде бұзылыстары бар балаларға тән қабылдаудың ерекшеліктері:

- **күрделі оқу материалы бөлімдерге жіктеледі;**
- **оқыту үрдісі баяу өтеді;**
- **оқушының әрбір әрекетіне бақылау жасалады;**
- **оқушыны өзінің қабылдау нәтижесін талдауға, үлгімен салыстыру арқылы үйретеді;**
- **сақталған, сау анализаторға сүйену қажеттілігі.**

Арнайы мектепте оқытуда оқушылардың іс-әрекетіне мұғалім белсенді қатыспаса, балалар өз бетімен білім алу мақсатын орындай алмайды. Тек мұғалімнің іс-әрекеті арқасында ғана оқушы мүмкіндік алады.

Балаларға білім беру барысында біздің алға қойған басты мақсаттарымыздың бірі түзете-дамыту жұмыстарын жүргізуде әдіс – тәсілдерді тиімді пайдалана білу. Арнайы мектептердегі сабақта түзете-дамытушылық мақсатқа мүмкіндігінше сенсорлық механизмдердің көптеген түрлері енеді.

Түзету-дамыту жұмыстарының мақсаттары:

- артикуляциялық моториканы дамыту;
- көру арқылы қабылдау және танып білу;
- көру арқылы есте сақтау мен зейінді дамыту;
- есту арқылы есте сақтау мен зейінді дамыту;
- негізгі ойлау операцияларын дамыту;
- көрнекі-бейнелік, сөздік-логикалық ойлауды дамыту және т.б. жатады.

Түзетушілік мақсатты қойған кезде екі кезең айқын бейнеленуі тиіс: нені дамыту және ненің көмегімен.

Сабақ барысында түзету – дамыту мақсаттарының алатын орны айрықша .

Түзету-дамыту мақсаттары бірнеше бағыттан тұрады.

- Сөздік қорын молайту /суреттермен жұмыс жасау, сурет бойынша сөйлем құрау, әңгіме құрастыру/
- Ойлау , есте сақтау қабілеттерін дамыту/ ой еркіндігін саралай білу, логикалық ойлау дәрежесін қалыптастыру, өз ойын еркін жеткізіп тұжырымдай білуге дағдыландыру ,суреттегі заттардың атын атау, заттың түсін, көлемін, пішінін ажырата білу/
- Зейін тұрақтылығын қалыптастыру /тәжірибе барысында көргенін есте сақтау, сандарды ретімен орналастыру, адасқан әріптерді орнына қою, т.б.

- Ұсақ маторикасын дамыту .Ұсақ маториканың дамуы бұл ұсақ заттармен әрекет ету , оларды қолдан қолға ауыстыру , көру мен қол қозғалысын үйлестіруді талап ететін міндеттерді орындау қабілеті ./артикуляциялық жаттығулар , саусақ жаттығулары, сергіту сәті./

Зерде бұзылыстары бар балалардың мінез құлқындағы кемшіліктерді түзету, орнына келтіру және дамыту –педагогика жүйесіндегі балалардың оқыту мен дамытудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Ол үшін оқу үдерісін жаңартып, оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын кеңінен қолдана отырып, сабақты түрлендіре өткізудің маңызы зор. Яғни түзете дамыту жұмыстарында мақсатымызға жету үшін пайдаланатын әдіс – тәсілдерімізге педагогикалық технологияларды пайдаланамыз. Қазіргі заманға сай адамның жаңа қиялы, жаңашыл идеялары сабақта ойындар арқылы, ертегі желісімен, жаңа технологияларды пайдалану, әдіс-тәсілдерді қолданудың үдерістері болып табылады.

-Ойындар оқушылардың ойлау қабілетін дамытып, есту, қабылдау сезімдерінің жетілуіне, кез-келген нәрсеге мән бере қарауға, абайлау, бағдарлау,тағы басқа дағдыларының ұштала түсуіне себепкер болады.Түрлі ұлттық ойындар баланың тапқырлығын, байқағыштығын , зейінділігін арттырумен қатар ерік сезім түрлерін де дамытады,пәнге деген қызығушылығын арттырып, сабаққа белсенді түрде қатысып, түсінбегенін түсінуге мүмкіндік туғызады.

-Ертегі желісін пайдалану. Ертегі арқылы балалардың кейіпкерлердің жағымды, жағымсыз әрекеттерін ажырату, қоғамда өзін жеке тұлға ретінде ұстана білуі, ортаға бейімделу, жаман мен жақсыны айыра білумен қатар бала бойында адамгершілік пен мейірімділік қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Мысалы : «Мақта қыз бен мысық» ертегісін алатын болсақ, ертегі кейіпкерлерінің тапсырмаларын орындай отырып мысыққа көмек береміз. Қызықты сабақ барысында баланың сабаққа деген қызығушылығы артып, адамгершілік қасиеттерді сіңіреді. Баланың бойында алғырлық, шапшаңдық қалыптастырады, бастаған ісінің оң нәтижесін көруге ұмтылады.

XXI ғасыр - ақпараттық ғасыр. Қазіргі кезде қоғамның барлық саласын ақпараттандырусыз, компьютерлендірусіз елестету мүмкін емес. Ақпараттық технологияларды қолдану оқу-тәрбие үрдісінің сапалы әрі қарқынды жүргізілуіне оң ықпалын тигізуде. Баланың жеке тұлғалық дамуында, сапалы білім алуында, танымдық қабілеттерінің артуында ақпараттық технологиялардың маңызы зор. Білім беру жүйесін ақпараттандырудың жоғары қарқыны зерде бұзылысы бар балалардың білім алуында жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

Компьютерлендіру немесе ақпараттық технологияларды қолдану негізінде оқу үрдісін ұйымдастырудың бірнеше артықшылықтары бар. Атап айтар болсақ:

- Ақпараттың ойын түрінде компьютер экранында көрсетілуі балалар тарапынан қызығушылық тудырады;

- Қимыл, дыбыс, анимация түріндегі мультимедиялық оқу материалына баланың назары ауады;
- Баланың танымдық белсенділігін арттыруға көмектеседі;
- Компьютер алдында дербес әрекет ету арқылы баланың бойында өзіне деген сенімділік қалыптасады;
- Түрлі тапсырмаларды орындау негізінде жеке оқыту түрі жүзеге асады;
- Оқу материалын меңгеру барысында есте сақтау жады жаттығып, сөздік қоры молаяды, шығармашылық қабілеттері дамиды.

Арнайы мектепте оқушылардың білімін тексеру мен бағалау олардың таным процестерін дамытады. Мұғалім оқу материалын игерілуінің сапасын тексеріп, оқушылардың білім деңгейін бағалайды. Бұл жұмыс арнайы білім беру бағдарламаларында бекітілген талаптарға сәйкес жүреді. Білімді тексеру мен бағалау жүйелі және үздіксіз болуы керек. Әр сабақта мұғалім оқушылардың жаңа білімдерді игеруге даярлығын тексереді, бүкіл сабақ барысында оқу материалының мазмұнын балалардың игеруін бақылайды.

Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған мектепте оқыту мен тәрбиелеу әр мұғалімнен белсенді шығармашылық ізденісті жоғары кәсібилікті, өзіне сыни көзбен қарауды, ізденімпаздықты және басқа мұғалімдерді бағалауды талап етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер :

1. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы . Астана , 2011.
2. Ермағамбет Ә. Психологиялық дамуы тежелген балалардың психологиялық-педагогикалық сипаттамасы. Алматы, 2008.
3. Тұйғынбаева Б.М. Зерде бұзылыстары бар балаларды білім берудің ұстанымдары, әдістері, сабақтарға қойылатын әдістемелік талаптар.
4. Жұмағалиева А.Е. Зерде бұзылыстары бар балаларға білім беруде ақпараттық технологияларды пайдалану .
5. « Дефектология» журналы № 3. 2013.
6. « Дефектология» журналы № 4. 2018.

«Арнаулы және инклюзивті білім беру үдерісінде дефектолог мамандарын әдістемелік сүйемелдеу»

**«Түркістан облысы әдістемелік орталығы»
«Әлеуметтік-психологиялық» бөлімінің
басшысы Мусабаева Мадина Тельжанқызы**

Инклюзивті білім беруді іске асыру отбасының белсенді қатысуымен, коррекциялық-педагогикалық және баланың жеке қажеттіліктерін әлеуметтік қолдау мен балалардың жеке ерекшеліктерінің білім алу ортасына бейімделуі және білім алуына қатысты қажеттіліктерін, яғни білім алуға толық жағдайларды жасау жолымен жүзеге асырылады.

Инклюзивті білім берудің басты мақсаты ерекше қажеттіліктері бар балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқыту, балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ереше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру. Осы бағыт балаларды оқуда жетістікке жетуге ықпал етіп, жақсы өмір сүру жағдайын туғызады.

Инклюзивті білім беру дене бітіміне, психикалық, интеллектуалдық, мәдени, этникалық, тілдік және өзге ерекшеліктеріне қарамастан ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды жалпы білім беру кеңістігіне енгізуді, олардың сапалы білім беруде кедергілерді жоюды және әлеуметтік ортада бейімделуін және ықпалдасуын көздейді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға; денсаулығында ауытқуы бар балалар (ерекше қажеттіліктері бар балалар). қоғамға әлеуметтік бейімделуі қиын балалар (девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық дәрежесі төмен отбасыдан шыққан) оралман, мигрант, қашқын отбасыдан шыққан балалар жатады.

Нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «білім туралы», «педагог мәртебесі туралы» Қазақстан республикасының заңдарын басшылыққа алуға және оқу процесін төмендегідей нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыру тиіс: «білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы Қазақстан республикасы білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығы

«Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді

жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

Білім алушының (ПМПК ұсынымы бар) қажеттіліктерін бағалау және оны психологиялық-педагогикалық қолдаумен қамтамасыз ету алгоритмі жалпы білім беретін мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдарда ұсынылған.

Олар Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА <https://nao.kz/>, сондай-ақ ҚР БҒМ «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ <http://special-edu.kz/> сайттарында орналастырылған.

Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтерді бекіту тәртібі туралы"Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 мамырдағы № 20744 тіркелді.

Инклюзивті білім беру дегеніміз не?

❖ Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуына тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

❖ Инклюзивті оқыту негізінде балалардың қандай да бір дискриминациясын жоққа шығару, барлық адамдарға деген теңдік қатынасты қамтамасыз ету, сонымен бірге оқытудың ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы жағдай қалыптастыру идеологиясы жатыр.

Инклюзивті білім берудің мақсаты:

Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға және де адамның жынысына, дініне, шығу тегіне қарамастан тең құқылы жеке тұлға ретінде білім беру.

Дефектология (лат. defectus – жетімсіздік және гр. λόγος – ілім) – педагогиканың көру, есту, сөйлеу мүшелерінде, ақыл-ойының дамуында табиғи кемістігі бар балаларды оқыту мен тәрбиелеу мәселелерін зерттейтін арнаулы саласы.

Дефектология төрт салаға бөлінеді: сурдопедагогика, тифлопедагогика, олигофренопедагогика, логопедия.

Инклюзивті білім алуға жататын балалар санаты

- **денсаулығында ауытқуы бар балалар**
(ерекше қажеттіліктері бар балалар)
- **қоғамға әлеуметтік бейімделуі қиын балалар**
(девиантты мінез-құлықты балалар, әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-психологиялық дәрежесі төмен отбасыдан шыққан)
- **оралман, мигрант, қашқын отбасыдан шыққан балалар.**

Мамандар арасында жалпы қабылданған талап спецификалық терминдерді қолдануда белгілі ережелерді сақтау болып табылады

Қолдануға болатын терминдер:

- көру қабілеті зақымдалған адам
- есту қабілеті зақымдалған адам
- дене мүшелері зақымдалған бала
- интеллектуалды бұзылыстары бар бала
- оқуында қиындықтары бар

Қолданбаған жөн

- **соқыр**
- **саңырау**
- **мүгедек**
- **жарымжан**
- **ақыл-ойы кем**
- **оқытылмайтын**

ИНКЛЮЗИВТІ МӘДЕНИЕТ инклюзивті білім берудің негізгі үш аспектісінің (инклюзивті саясатты әзірлеу, инклюзивті мәдениетті құру, инклюзивті практиканы жүзеге асыру) маңызды құрамдас бөлігі болып саналады. Білім беру ұйымдарындағы әрбір адамның өзіндік ерекшелігін, әртүрлілігін құрметтеу, білім берудің кез келген субъектісіне қолайлы, жағымды мектеп қоғамдастығын құру, инклюзивті құндылықтарды қабылдау инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың негізін құрайды.

Форумдар, арнайы семинарлар, жиналыстар, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі табысты адамдар (Серік Есматов, Шахан Жолдасбаев, Зулфия Раухатовна – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының кейіпкерлері, Пабло Пинед, Ника Вуйчиче, Стивен Хокинг және т.б.) туралы таныстырылымдар ұйымдастыру.

Инклюзивті мәдениет инклюзивті білім беруді тиімді жүзеге асырудың маңызды факторы. Сонымен қатар инклюзивті мәдениетті құру мектептегі теңдікті, қолжетімді ортаны қамтасыз етудің, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды құрметтеудің, оларға жағымды көзқарас қалыптастырудың, әлеуметтендірудің негізі ретінде қарауымыз керек.

«Инклюзивті білім беру үдерісінде ПМПК-ның рөлі» ПМПК №6 Сайрам ауданы педагог-логопед С.Газрати және Сарсенбек Айнұр Амангельдиевна.

Инклюзивті білім беру үдерісінде ПМПК-ның рөлі тақырыбында мәліметті дефектолог мамандарына түсіндірді. Білім беру ұйымдарында ерекше білімді қажет ететін балаларға инклюзивті білім беру психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуде ПМПК-ның рөлі үлкен. Мемлекеттік бағдарлама бойынша ерекше білімді қажет ететін балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету жұмыстары ПМПК тарапынан үздіксіз жүргізілуде.

Психологиялық-педагогикалық қолдау саласындағы жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтерді бекіту тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 28 мамырда № 20744 болып тіркелді.

Психологиялық- педагогикалық қолдау -педагогтар мен мамандардың жүйелі ұйымдастырылған қызметі болып табылады. Баланың мүмкіндіктері мен қажеттіліктеріне сәйкес табысты оқуы мен дамуы үшін әлеуметтік-психологиялық және педагогикалық жағдайлар жасалады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету қызметі әрбір маманның жеке түзету-дамыту жұмысының басты мақсаты болып табылады. ҚР білім беру аясындағы заңнамасында бекітілгені бойынша балалардың өз тұрғылықты жеріндегі ПМПК көмегін алуға құқылы. Балалардың ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін есепке ала отырып ПМПК ұжымы ата-аналарға білім беру ұйымдарын таңдау, өз балаларын оқыту мен тәрбиелеу мәселелері бойынша шешім қабылдауға ұсыныстар береді. Қызмет көрсететін балаға тиісті білім беру ұйымына қабылдануына тыйым салынбайды. Зерделеу барысында баланың зиятының, сөйлеу, әлеуметтік-коммуникативтік және жеке дамудың жеткілікті деңгейін қамтамасыз етілгенін анықтап оқу бағдарламасының түрін ПМПК ұжымы шешеді. Инклюзивті білім беру аясында психологиялық-педагогикалық дефектолог мамандарын сүйемелдеуі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар.-Астана:БІ.Алтынсарин атындағы

ҰБА 2016. – 46 б.

2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық 2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Б.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академияс ілім академиясы, 2020. – 422 б.

ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕГІ АРНАЙЫ СЫНЫПТЫҢ ОҚУ ҮДЕРІСІН ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Түркістан облысы Ордабасы ауданы
А. Шерімқұлов атындағы жалпы
орта мектебі КММ
арнайы сынып мұғалімі
Омаш Айжан Шапайқызы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы бойынша инклюзивті білім жүйесін дамыту жұмыстары біздің де ауданымызда қолға алынып, аталған бағдарлама аясында біздің мектебімізде де арнайы сыныпқа оқушылар іріктеп алынды.

Арнайы сыныптар әдеттегі сыныпта дәстүрлі оқыту жағдайында қанағаттандырылмайтын ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушыларды саралай оқытудың бір формасы болып табылады. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар оқушылар қатарына «...денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар...» жатқызылған.

Арнайы сыныпта оқу үдерісін ұйымдастыру үшін, ең әуелі балалардың психологиялық ерекшеліктерін зерттеп алу қажет. Мен өзімнің тәжірибемде екінші мәрте арнайы сыныпты бітірткелі жатырмын.

Оқушыларды психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиум арқылы шешім қабылдап, арнайы сыныпқа жолдама беріліп, іріктелген соң, олармен біраз уақыт көлемінде зерттеу жұмыстарын жүргіздім. Ол үшін балалардан психологиялық тест алдым. «Менің отбасым» тақырыбында ешқандай дайындықсыз, сабақтың соңында сурет салуды тапсырдым. Балалардың суреттерін жинап алып, мұқият қарап отырсам, кейбіреуі өзін

отбасынан алшақтау қып салған. Ендігі жерде осы балаларды анықтап алған соң, зерттеу жұмысын одан әрі жалғастырдым. Келесі кезекте олардың ата-анасымен тығыз байланыс орнатып, балаланың ерекшеліктерін анықтауға тырыстым. Отбасындағы атмосфераның бала тәрбиесіне тікелей әсер ететінін ата-анаға түсіндіру, менің басты міндетім. Отбасында татулық бар, баланың тәрбиесіне көңіл бөлініп жатса, бала төмендегідей сурет арқылы оны өзі салады.

Бұл К.С. пен С. Б. деген оқушыларымның салған суреті. Бұл екі оқушы да өз ойларын ашық айтып, өздеріне керегін сұрап, сұрақтарға қиналмай жауап бере алады. Яғни бұларда коммуникативтік дағды қалыптасқан.

Ал мына суретке назар аударып қарайтын болсақ, бұл жерде бала өзін отбасынан алшақтау салған. Неге? деген сұрақ туындайды. Бұл оқушы өте ұяң, ешкіммен сөйлеспейді. Өте жасқаншақ, артық әрекеті жоқ. Сұрақтарға жауап беруге қиналады. Яғни бұл балаларда коммуникативтік дағды қалыптаспаған. Бір сөзбен айтқанда, ата-ана тарапынан балаға қажетті мөлшерде көңіл бөлініп, қолдау жасалмаған деуге де болады. Осылайша балалардың психологиялық ерекшеліктерін анықтап алған соң, әр балаға (индивидуальный подход) жеке тәсіл қолдану керек. Әрине бұл оңай шаруа емес. Сондықтан педагогтан төзімділікті, ұстамдылықты, көп ізденісті талап етеді. Әсіресе «ұстамдылықты» деп тырнақшаға алып көрсеткім келіп отыр. Өйткені, әр баламен жеке жұмыс жасау үшін, педагогке ұстамдылық өте қажет. Мысалы мен өз сыныбымдағы оқушыларды бірнеше топқа бөліп, қарастырған болар едім немесе сипаттаған болар едім. Бір оқушым арнайы сыныпқа келгенде тек қана соның айтқаны болу керек, сабақ үстінде есіктен рұқсатсыз кіріп-шығып жүре бергісі келетін. Айтқаны болмаған жағдайда, жерге құлай салатын. Үзіліс кезінде жоғары сынып оқушылары оны мазақтаса жерге жатып алып, тұрмайтын. Сабақ үстінде басқа оқушымен жұмыс жасап жатқанда, есіктен шығып кетіп, артынан шықсам, менен қашатын, керек десеңіз мені мазақтап кеткен кездері де болды. (Бұл алғашқы айларда болған оқиғалар). Ата-анасымен сөйлесіп, болған жағдайды айтсам, баланың денсаулығы болмағандықтан бар айтқанын істеп, тәртібін бұзып алғанын айтты. Қазіргі кезде ол баланы үйінде тек қана қатаң мінез көрсетіп қана бағындырып, айтқанын істетеді екен. «Ата-әжесінің артына тығылып, өзінің ата-анасын тыңдамайтын болып бара жатқан соң, қатаң тәртіпке көшкенбіз»-деп түсіндірді. Енді не істеу керек? Ендігі жерде мен ата-анасымен жұмыс жасауым керек болды. Анасының өзіне бірқатар кеңес беріп, балаға мейіріммен қарағанда ғана агрессиясы басылатынын айтып түсіндірдім. Осы сияқтытағы бір оқушымның да отбасылық жағдайы баланың денсаулығына өз нұқсанын келтірген. Баланың әкесі ішкен, нашақор болып, отбасының шырқын бұзып, үнемі айқай-шу көріп, стресс алып, сөйлеу қабілеті бұзылған, яғни дыбыстарды дұрыс айта алмайды. Алғашқы кезде үнемі сабақ үстінде партаның астында отыратын.

Менің мақсатым бірінші оның бойындағы үрейді жою керек болды. Бұл ретте де оның анасымен көбірек сөйлесіп, баламен көп сөйлесіп, әңгімелесу керектігін, онымен ойнау керектігін түсіндірдім. Келесі топтағы оқушылар көпбалалы отбасыларынан шыққан балалар-бұл балаларға ата-ана тарапынан көңіл бөлінуі кем болған. Жаңағы жоғарыдағы суреттен байқағанымыздай бұлардың тілін дамыту кезеңінде жұмыс жүрмей, шетте қалып қойғандықтан жасқаншақ, ұяң, дұрыс сөйлемейтін болған.

Үшінші топта әлжуаз балалар болса, төртінші топта 1 қыз. Ол орыс ұлтының өкілі. Қазақ тілінде сөйлей білмейтін. Мүлдем түсінбейтін. Ата-анасының тұрмысы төмен, көпбалалы отбасынан шыққан. Қала берді ішімдікке құмарлау. Осындай ерекшеліктері бар балалармен жұмыс жүргізу үшін мен ең әуелі олардың психологиялық ахуалын жақсартуға көп көңіл бөлдім. Барынша мейірімді төгіп, олармен сырласып, жақсы сөйлесіп, бойларында үрейі бар балалардың өзіне деген сенімін арттыруға, сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында жұмыс жүргіздім. Көбірек сурет салғызып, ол суреттерді сипаттауға, өз ойын айтуға жетеледім. Әр баланың жүрегіне жол табу- менің басты мақсатыма айналды.

Психологиялық ерекшеліктері мен логопедиялық көмекті қажет ететін балалармен сабақ барысында жұмыс жүргізу үшін олардың деңгейлеріне қарай саралап оқыту керек болды. Ол үшін гуманитарлық пәндер бойынша балалардың оқу үлгерімі мен дағдыларын төмендегідей кестеге орналастырып алдым.

Кестеге сүйене отырып, әр баламен жеке жұмыс жасап, жеке пәндер бойынша даму динамикасын құрып отырдым. Әр пәнді оқытуда дамыта оқыту, саралай оқыту технологияларына сүйендім. Мысалы: оқылым, айтылым, жазылым дағдысы төмен оқушыларға сауат ашу мен бұрынғы басылыммен шыққан Әліппе оқулығын тауып, әріптерді қайта танытуға тура келді. Электронды оқулықтарды пайдаланып отырдым. Бұл оқушыларды бір топқа отырғызып, басқа тапсырма беріп, әрқайсысын жеке-жеке оқыту үшін уақытпен санаспай жұмыс жасадым. Оқу дағдылары қалыптасқан балаларға мектеп бағдарламасы бойынша тапсырмалар беріп, олармен де жеке жұмыс жасауға тырыстым. Балалардың сабаққа деген қызығушылығын ояту мақсатында түрлі ойындар ойнатып отырдым. Сабақтың үстінде сергіту сәттерін кемінде екі рет жасатып, сонымен қатар көз жаттығуын, тіл жаттығуларын да қолданып отырдым. Балалардың коммуникативтік дағдыларын дамыту мақсатында диалогтік оқытуды көбірек қолданып, өз сабақтарымда «ДЖИКСО», «Ойлан, жұптас, бөліс», «Желпуіш», «Фуршет», «Сен-маған, мен –саған», «Ыстық орындық» сынды әдістерді пайдаландым. Сонымен қатар рөлдік ойындардың да көптеп көмегі тиді. Бұл әдістер арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, сұрақ қойып, білмегенін көршісінен сұрап, өздеріне деген сенімнің артуына қолайлы жағдай тудырады. Балалар арасында Выготскийдің ЖАДА-сы қалыптасады. (ЖАДА-жақын арадағы даму аймағы).

Топтық жұмыстарда көшбасшыларды дұрыс бағытта пайдаланудың тиімділігі зор. «Тілші», «Репортаж», «Кезбе микрофон» сынды әдістер арқылы психологиялық қолдауды қажет ететін балаларға өз білгендерін түсіндіру үшін жұмыс жүргізіп отырдым. Өйткені мұғалім сұрағаннан гөрі, оқушы өзінің құрдасының сұрағына жасқанбай жауап беруге тырысады немесе білмегенін сұрап алуына қолайлы жағдай болады. Ал мұғалім оны бақылап, қадағалап отырады. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету мақсатында «Стоп кадр», «Кинометафора», «Дубляж» әдістерін пайдаланып отырдым. Мысалы: «Дубляж» әдісі арқылы балаларға көрген кейіпкерлерін сомдауға, оның образын ашуға көмектеседі. Интербелсенді тақтаны пайдаланып, сюжет көрсетіп, оны мұқият көріп болған соң, кейіпкерлерді таңдайды. Ендігі жерде балалар сол кейіпкерлердің айтқан сөздерін естеріне сақтап, өздері сол рөлді ойнап шығуы тиіс. Математика сабақтарында да осы «Дубляж» әдісін пайдалануға болады. Мәселе есептерді шығаруда балалар қиналмай түсіну үшін. Өздерін рөлдерді орындауға үйретемін.

1-суретте балалар масса өлшем бірліктеріне байланысты есептерді шығару үшін рөлдік ойын үстінде. 2-суретте қозғалысқа байланысты есептерді шығару рөлдік ойыны үстінде.«Алтын қалпақ» ойыны үстінде есептерді сызба арқылы шығару сәті.

Оқушылардың қызығушылығын оятып, белсенділігін арттырудың бірден-бір жолы- балаларды сыныптан тыс іс-шараларға қамту.

1. Қашықтан өтіп жатқан байқауларға қатыстыру;
2. Сыныптан тыс сабақтарға қатыстыру;
3. Өнер байқауларын ұйымдастыру т.с.с. жұмыстарды ұйымдастыру болып табылады.

Мысалы: қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдық мерейтойына біздің сынып оқушылары белсене қатысты. Сыныпта сурет көрмесін ұйымдастырып, оқушылардың өз қолдарымен салған суреттерін іліп, ол суреттерге жақсы комментарийлер айтып, оқушыларға жақсы мотивация берілді.

Қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы аясында ұйымдастырылған сыныптан тыс сабақ өткізілді. Іс-шараны ұйымдастыруда К.С. деген оқушым Абайдың рөлін ойдағыдай орындап шықты.

2018-2019 оқу жылының қорытындысы бойынша арнайы сыныптан 1 оқушы- Сапархан Бекарыс деген оқушымыз жәй сыныпқа ауыстырылды. Ал 2019 - 2020 оқу жылында оқушылар қашықтан оқытылуына байланысты жәй сыныпқа оқушы ауыстырмадық. Ағымдағы оқу жылында да оқушылар бірқатар көрсеткіштерге қол жеткізді. Ерекеше қажеттіліктері бар балаларға арналған IV Республикалық көркем сурет және фотосурет байқауына қатысып, 3 оқушым I орын, 1 оқушым-II орын және 4 оқушым III орынға

ие болса, республикалық «Шексіз шығармашылық» атты байқауға «Алтын қолдар» номинациясы бойынша 2 оқушымы қатысып, сертификатқа ие болды.

У.Уорд «Жай мұғалім – хабарлайды, жақсы мұғалім – түсіндіреді, керемет мұғалім – көрсетеді, ұлы мұғалім – шабыттандырады» дегендей, барша ұстаздар қауымын, оқушыларымыздың оқуға деген ынтасын көтеріп, шабыттандыруға шақырамын.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. 2020-2021 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Нұр-Сұлтан қ.: Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 422 б.
3. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар.-Астана:Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА , 2016. – 46 б.
4. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру. Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 64 б.

ЗЕЙІН ЖЕТІСПЕУШІЛІГІ МЕН ГИПЕРБЕЛСЕНДІЛІК СИНДРОМЫ БАР ЕРТЕ ЖАСТАҒЫ БАЛАНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІН БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ДАМУЫҒА АРНАЛҒАН ІС-ҚИМЫЛ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

Бейсебаева Улжамал Жаксылыковна
Тренер, Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы,
Шымкент қаласы

Көбінесе ата-аналар баласының бір жерде отыруы өте қиын, ол көп қозғалады, мазасызданады, айналады, қатты сөйлейді, көбінесе басқа балалар мен ересектерге кедергі келтіреді. Мұндай балалар қозғалыстарында

ыңғайсыз, үйлестіруі нашар, бұлшықет бақылауы әлсіз, сондықтан олар бәрін құлатады, сындырады, жиі сүрінеді және құлап кетеді. Мұндай балаға бір нәрсеге көңіл бөлу өте қиын, ол оңай алаңдатады, көптеген сұрақтар қояды, бірақ жауап күтпейді, бірақ тез тастайтын басқа нәрселермен айналыса бастайды. Мұның бәрі қысқа уақыт аралығында болады. Кейде бұл баланың энергиясы бірнеше адамға жететін сияқты, сондықтан мұндай балалар гиперактивті деп аталады, ал тұтастай алғанда бұзылыс болып табылады.

Зейін жетіспеушілігінің гиперактивтілігінің бұзылуы (ЗЖГБ).

Ата-аналар баланың ерте жасында белсенділіктің алғашқы белгілеріне тап болуы мүмкін. Әрине, жүйке жүйесінің бұзылулары немесе аурулары бар балалар санатына энергиясы көп кез-келген қозған баланы жатқызбау керек. Егер балалар кейде қыңыр болса немесе мойынсұнбаса – бұл қалыпты жағдай. Бала кейде төсекте әрі-бері аунаса, таң атпай жатып қыңырлық танытса, еркелесе бұл қалыпты болып табылады. Алайда, егер бұл жағдай үдеп жатқанда, өз бетіңізше жою мүмкін болмаса, бала қажетсіз қозғыш, импульсивті және т.б. болса, сіз мамандардың көмегіне жүгінуіңіз керексіз.

Синдромның бастапқы белгілері

- Жасанды жарыққа, дыбыстарға, анасының нәрестеге күтім көрсетуімен байланысты әрекеттеріне және т.с.с. шамадан тыс сезімтал болады;
- Қатты айғайлап жылауымен, ұйқысының бұзылуымен ерекшеленеді;
- Әрең ұйықтайды, аз ұйықтайды, шамадан тыс көп уақыт бойы ояу болады;
- Аударылуды, еңбектеуді, жүруді басқа балалардан 1-2 айға кеш бастайды;
- сонымен қатар, тілінің шығуы біраз кешеуілдеуі мүмкін.

Балабақшадағы дайындық топтарында, бастауыш мектепте жүйелі оқу (5-6 жаста) басталғанда қиындықтар күн санап ұлғая береді. Оған қоса, бұл жас ми құрылымдарының жетілуі үшін шешуші кезең болып табылады, сондықтан, шамадан тыс күш түсіру шаршаңқылыққа алып келеді. Әдетте, зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромына шалдыққан балалардың эмоциялық дамуы кешеуілдейді, ұшқалақтыққа, қызбалыққа ұласады. Бұл белгілерге дене мүшелерінің еріксіз тартылуы, бас ауыруы, қорқыныштар ілесе жүреді.

Мінез-құлықтағы ерекшеліктері 8 жасқа дейін пайда болады; барлық жерде байқалады: балабақшада және үйде, кез-келген іспен айналысқанда және ойнағанда және т.б.; қандай да бір психикалық сырқаттардың салдары емес; айтарлықтай психологиялық жайсыздық тудырады және бейімделу үдерісін бұзады. Осы тереңірек қарар болсақ:

Алаңғасарлық:

- бала мән-жайдың жай-жапсарына ықылас аудара алмайды, нәтижесінде кез-келген тапсырманы орындағанда (мектепте, бала-бақшада) қате жібереді;

- өзіне қаратылып айтылған сөзді мұқият тыңдай алмайды, ол айналасындағылардың сөздеріне және ескертулеріне мүлдем мән бермейтін сияқты болып көрінеді;
- кіріскен жұмысын аяғына дейін жеткізбейді, өзіне жұмыс ұнамағандықтан наразылығын осылай білдіретін сияқты болып көрінеді. Бірақ, бала жұмыс ережелерін түсінуге және оларды сақтауға қабілетсіз;
- өз әрекеттерін ұйымдастыруда үлкен қиындықтарға тап болады;
- ұзақ ми жұмысын талап ететін тапсырмалардан қашқақтайды;
- мектепте және балабақшада қажетті заттарын жиі жоғалтып алады: балабақшада тақиясын таба алмай әлек болады; анасы барлығын жинап, бір жерге салып қойса да, сыныпта үнемі қаламын немесе күнделігін іздеп жүреді;
- бөгде істерге көңілі тез бөлінеді, үнемі бәрін ұмытып қалады.

Гипербелсенділік:

- бала күйгелек, тынымсыз, себепсіз қолының білектерін, аяқтарын қимылдата береді, орындықтың үстінде тыныш отыра алмайды, үнемі бұрылып артына қарай береді;
- бір орында байыз тауып отыра алмайды, рұқсатсыз орнынан тұра береді, сыныптың ішінде әрлі-бері жүреді және т.с.с.;
- баланың қимыл-қозғалыстық белсенділігінің, әдетте, белгілі бір мақсаты жоқ. Ол себепсіз жүгіре береді, айналсоқтай береді, кейде қауіпті жерлерге тырмысып өрмелеуге дайын тұрады;
- тыныш ойындар ойнай алмайды, тынығуды білмейді, тым-тырыс, үнсіз отыра алмайды, нақты бір іспен айналыса алмайды;
- сөзшең, мылжың болып кетеді.

Албырттық:

- бала өзіне қойылған сұрақтарға ойланбай, аяғына дейін тыңдамай жауап береді, кейде жауаптарын айғайлап айтады;
- қай жерде болмасын өз кезегін әрең күтеді;
- көбінесе өзгелерге кедергі жасайды, әңгімесіне, ойындарына араласады, айналасындағыларға тиіседі;
- шыдамсыздық танытады, өз тілек-қалауларының табан астында орындалуын талап етеді.

Кейде басқа да қосымша белгілері болуы мүмкін:

- нәзік қимылдардың (бау байлау, қайшыны пайдалану, бояу, жазу, сурет салу) бұзылуы ;
- тепе-теңдіктің бұзылуы (бала велосипед, коньки тебуді әрең үйренеді);
- көру-кеңістіктік үйлесімділіктің бұзылуы (спорттық, әсіресе, доппен ойналатын ойындар ойнай алмайды);
- құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас құруда қиындықтарға тап болуы – гипербелсенді мінез-құлық ата-анасының да,

мұғалімдерінің де ашуын шақыруы мүмкін, айналасындағылардың тарапынан жақтырмаушылық тудыруы мүмкін, нәтижесінде бала қатігез, ештеңеге көнбейтін болып кетеді[3].

ЗЖГС туу себептері:

- ЗЖГС туындауында генетикалық механизмдер маңызды рөл атқарады. Егер отбасында балалық шағында ЗЖГС синдромына байланысты қиындықтары болған отбасы мүшелері болса, гипербелсенділіктің даму қауіп-қатері шамамен 30% құрайды.
- ЗЖГС туындау жайттарының жартысы дерлік жүктілік пен босану кезіндегі жағымсыз факторларға тәуелді:
 - құрсақ ішіндегі гипоксия (оттегі жетіспеушілігі);
 - жүктіліктің үзілу қаупі; ананың жүктілік кезінде шылым шегуі және дұрыс тамақтанбауы; жүктілік кезіндегі күйзелістер;
 - нәрестенің шала туылуы (сәби денесінің салмағы 2500 г кем болуы);
 - мерзімінен бұрын, шапшаң немесе ұзақ босану, босану үдерісін жеделдету.
- Отбасындағы шиеленіскен қарым-қатынастар, жиі жанжал шығару, балаларға төзбестік пен шамадан тыс қаталдық таныту да осы синдромның өрбуіне өз үлесін қосады[1].

Емдеу және түзеу қағидалары:

- Тапсырмалар орындату кезінде баланы шамадан тыс шаршатпаған жөн, себебі, шаршаңқылық гипербелсенділікті күшейтуі мүмкін. Шапшаң қозғыш балаларды көп адам қатысатын іс-шараларға қатыстырмау немесе қатысуын шектеу қажет.
- Гипербелсенді бала үшін теледидар бағдарламаларын көруде және компьютер алдында отырып, ұзақ тапсырма орындауда шек қойылады
- «Бала үйге келген соң, тым болмаса бір сағат бойы бар көңіліңізді соған бөліңіз» деген кеңес берген абзал
- Ұйықтар алдында (2-3 сағат бұрын) серуендеген, баламен сөйлескен, әңгімесін мұқият тыңдаған жөн екенін есте сақтаған жөн[2].

Зейінді дамытуға бағытталған іс-қимылдар ойындары баланы түзетудің негізі. Сондықтан соған мән беру керектігін атап өту қажет.

Көшбасының артынан қуу

- Жарысқа түсетін екі қатысушы орындықтардан жасалған шеңбер сыртында тұрады. Олар шеңберді ортаға алып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Бір мезетте бірге бастап, ойыншылар арқасымен алға қарай, ирелеңдеп бірін-бірі қуалап жүгіреді. Жеңімпаз бес айналымнан кейін анықталады. Егер ойыншы орындыққа үш рет тиіп кетсе, жеңілді деп есептеледі.

Шыдамдылықты жаттықтыру

Қосалқы ойыншылар орындығы

- Кез-келген ойыннан шығып қалған ойыншы орындықта ойын біткенше отыруы тиіс. Егер ол орындықтан тұрса немесе тыныш отырмаса, бүкіл командаға айып ұпай немесе жеңіліс есептеледі.
- «Балауыз мүсін».

- Ойын біткенше әр ойыншы «мүсінші» қалдырған кейіпте қалуы тиіс.

Зейін жетіспеушілігі мен гипербелсенділік синдромы бар балаларды ерте жаста байқап, оны алдын алуға күш салу бала өміріндегі келесі қиындықтарды болдырмауға ықпал етеді. Оны анықтап, алдын алуға және түзету ойындары мен жаттығуларын өткізуге басымдық берілгені баланың жан саулығын сақтаудың кепілі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Синдром дефицита внимания с гиперактивностью (СДВГ): этиология, патогенез, клиника, течение, прогноз, терапия, организация помощи (экспертный доклад). М.: САФ. 2007. С. 64 [Синдром дефицита внимания с гиперактивностью (SDVG): этиология, патогенез, клиника, течение, прогноз, терапия, организация помощи (экспертный доклад). М.: САФ. 2007. С. 64 (in Russian)].
2. Патологическая диагностика и психолого-педагогическая помощь детям с СДВГ (экспертный доклад). М.: САФ. 2007. С. 42 [Патологическая диагностика и психолого-педагогическая помощь детям с SDVG (экспертный доклад). М.: САФ. 2007. С. 42 (in Russian)].
3. Жақсы ата-ана болуды үйренеміз, Беларусьтегі ЮНИСЕФ материалдары негізінде әзірленген, 2019.
- 4.

ПЕДАГОГТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ЗИЯТЫН ДАМУДА: ДИАГНОСТИКА, АЛДЫН АЛУ, АҒАРТУ, ТҮЗЕТУ-ДАМУ, КЕҢЕС БЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Бейсебаева Улжамал Жаксылыковна
Тренер, Педагогикалық шеберлік орталығының филиалы,
Шымкент қаласы

Өмірдің жетістіктері эйфориямен бірге керемет билеу сезімін тудыруы мүмкін емес пе? Бірақ өмірдегі сәтсіздіктер эмоционалды күйреу спиралын тудырған кезде бұл жақсы емес. Оң және теріс эмоциялармен күрескенде, біз кез-келген жағдайды теңгерімді түрде шеше аламыз. Біздің эмоцияларымыз бізге, айналамыздағыларға қалай әсер ететінін және әлеуметтік әлеммен қалай қарым-қатынас жасайтынымызды түсіну эмоционалды реттеу дағдыларын қажет етеді (ER). Мәселе мынада, біздің эмоционалды триггерлеріміз сезімдердің, перспективалардың, контексттердің, өткен тәжірибелер мен физиологиялық реакциялардың күрделі желісі болып табылады. Біздің эмоционалды күйімізді бұзатын жағдайларға реакцияны басқару оңай емес. Өздерінің эмоцияларына және басқа адамдардың эмоцияларына эмоционалды түрде қалай қарайтынын түсіну үшін күресетіндер үшін бұл жойқын болуы мүмкін.

Позитивті психологияда эмоционалды денсаулық позитивті және негативті қатынас ретінде қарастырылады (Вакка, Бромли, Лейрер, Спрунг, & Гомер, 2014). Эмоционалды реттеу-бұл мүмкін болған кезде эмоционалды денсаулықтың жағымды жағына жақын болудың жолы.

Эмоциялар қалай көрінетінін және анықталғанын және осы дағдыларды жетілдіруге және эмоцияларымызды жағымды етуге көмектесетін кейбір идеяларды қарастырайық. Негізінен, бұл оң мен теріс арасындағы тепе-теңдікті бақылауды білдіреді (Dvir, Ford, Hill, & Frazier, 2014).

Біз бастамас бұрын, сіз бұл жаттығуды эмоцияны ақылмен білдіру үшін қолдана аласыз.

Dvir және т.б. (2014) ER біздің мәдениеттерімізде қалыптасады және біздің өткен тәжірибемізге сүйенеді деп түсіндіреді. Сонымен, біз жағымды эмоциялар ретінде қабылдайтын нәрсе мәдениетке байланысты өзгеруі мүмкін. Күрделілік қосу үшін эмоционалды өрнек негізінен мидың картографиясына негізделген, байланыс нүктелері мен белгілері бар, олар тәжірибе немесе сезіммен, естеліктер мен басқа адамдардың бізге деген реакцияларымен байланысты (Иммордино-Ян, Ян және Дамасио, 2016) [2].

Сезім мен эмоцияның айырмашылығы неде?

- Сезім – адамның өзіне, өзге адамдарға, айналасындағы заттар мен құбылыстарға көңіл-күйінің қатынасын білдіретін және оларды бейнелейтін психикалық процесс. Қуаныш, қайғы, таңдану, наразылық көрсету, ызалану, кектену, қарқылдап көзінен жас аққанша күлу және т.б.

- Эмоция - толқу деген мағынаны білдіретін француз сөзінен шыққан. Эмоциялық күй адамды іс-әрекеттерге шабыттандырып, тиісті нәтижелерге жеткізеді немесе көңіл-күйін жабырқатып, іс-әрекетін бей-берекетсіздікке ұшыратады.

Адель Линн, «Сила эмоционального интеллекта» Москва, 2019г. сауалнамасындағы әрекет, сезім және тиімділік арасындағы байланысының негізінде төмендегі қорытынды жасалған:

1. Қасымыздағы адамдардың әрекеті біздің сезімімізге тікелей әсер етеді. Сәйкесінше сізде өз кезегінде өзгенің сезіміне ықпал етесіз
2. Біздің сезіміміз және эмоциямыз тиімді әрекетімізге ықпал етеді.
3. Позитивті әрекет – жоғары тиімділіктің кепілі
4. Эмоциялық зият өте маңызды, бірақ бұл өнімділікті қамтамасыз ететін жалғыз ғана көрсеткіш емес.

А.Савенков ұсынған эмоциялық зият тұжырымдамасының келесі критерийлер тобын талқылатып өзін бағалатамын:

1.Когнитивтік аспект

- Адамдар туралы білімнің болуы, басқа адамдарды түсіну
- Әлеуметтік есте сақтау - адамдардың есімдерін есте сақтау, жүзін тану
- Әлеуметтік интуиция – эмоциялар мен сезімдерді тану, көңіл-күйді анықтау, басқа адамдардың әрекетін түсіну

• Әлеуметтік болжам жасау – өз әрекетін жоспарлауды қалыптастыру, өз дамуына рефлексия жасау, қолданылмаған альтернативті мүмкіндіктерін бағалай алу

2. Физиологиялық аспект

- Эмоциялық сезімталдық, эмоциялық бақылау
- Жанашырлық – басқа адамдардың жағдайын түсіне алу қабілеті, басқа адамның орнына өзін қою
- Эмпатия жағдайды түсіну қабілеті
- Басқалармен эмоциялық байланысты құру, басқалардың күйін бөлісу

3. Әрекеттік аспект

- Әлеуметтік қабылдау - тыңдай алу дағдысы, әзілді түсіну.
 - Әлеуметтік өзара әрекет – бірлесіп жұмыс жасауға даяр болу, ұжымдық өзара әрекетке қабілеттілік
 - Әлеуметтік бейімделу – басқаларға түсіндіре алу және көзін жеткізу іскерлігінің болуы, адамдармен тіл табысу іскерлігінің болуы, қоршаған ортадағы адамдармен ашық болу
 - Өзін реттеуге деген қабілеттілік – өз эмоциясын және көңіл күйін реттеуге қабілеттілігінің болуы
 - Стрестік жағдайда тиімді жұмыс жасау қабілетілігінің болуы
- Сосын өзін анықтап болғаннан соң, толыққанды эмоциялық зияттың көріністерін саралап көруге ұсынылады. Өйткені адам саналы түрде өзін дамытуға мүмкіндік алуға болады.

1. Сізде эмоциялық сөздіктің мол қоры бар
2. Сізді басқа адамдар қызықтырады
3. Сіз өзгерістерге бейімделгішсіз
4. Сіз қажет кезде «Жоқ» деп айта аласыз
5. Қайтарымына еш нәрсені күтпей, өзгеге бірнәрсені береді
6. Өзіңізде барға шүкір етіп, одан рахаттана аласыз
7. Сіз жеткілікті ұйықтайсыз
8. Сіз ешкімге қуанып тұрған сезіміңізді өзгертуге жол бермейсіз
9. Сіз екінші әрекетке тез ауыса аласыз

Сіз мінсіздікке ұмтылған дұрыс екенін білесіз. Бірақ, әлемде мінсіз ештеңе жоқ екенін де естен шығармаған дұрыстығын ескересіз.

Диагностикалық тесттерді өңдеп болғаннан кейін, тыңдаушылардың қай эмоциялық зият түрі әлсіз, соны жетілдіруге жаттығуларды күнделікті жасатамын. Оны мүмкіндігінше нейролингвистикалық бағдарлау қағидатын ұстанып 20 реттен жасатамын. Адамның эмоциялық зиятын жаттығуларды қайталатудың нәтижесінде дамытуға мүмкіндік бар. Сабақта өзін және өзгені тануға бағытталған тапсырма ретінде ұсынылады.

- Қамығулар мен реніштер зият қабілеттерін 15%-30% дейін тежейді.
- Әрбір жақсартылған жұмыс жасау ахуалы 2 % табысты ұлғайтады.
- 75 % жетістік пен тоқырау -ұйымдастыру ахуалының жақсаруына немесе төмендеуіне байланысты.

Эмоциялық зият (1990-шы жж.) - ең жас, танымал теория болып саналады, оны XX ғасырдың 1980-90 жж. Чикаго университетінің профессоры Д.Гоулман жасақтады. Аталған теорияға сәйкес тиімді көшбасшылық басқа адамдардың эмоциясын басқаруды білдіреді. Д.Гоулман тиімді көшбасшылар эмоциялық зиятқа ие екенін анықтады. Оның зерттеулері мен еңбектері «Эмоциялық зият – көшбасшылықтың міндетті атрибуты» екенін көрсетті.

Көшбасшылардың еңбек ұжымындағы эмоцияның ролін түсінуі оларды басқалардан айрықшалайды. Айналадағылардың сезімдеріне ықпал ету іскерлігі қызметкерлердің жұмыс нәтижесі мен адалдығының артуына, жақсы еңбек тәртібіне, жоғары ынталануға және шын ықыласпен жұмыс жасауына әсер етеді. Жоғары эмоциялық зиятқа ие көшбасшы өзінің және басқалардың сезімдерін сезінуге, оны басқара алуға қабілетті [1].

Эмоциялық зиятты дамыту жаттығуы мен позитивті ойлау оны дамытудың көзі.

Жағымсыз сөздерден арыламыз

- Өз ойларыңызбен, сөздеріңізді естеріңізге түсіріп көріңіздер. Егер сіздер: «Мен ... күмандымын», «Менің қолымнан келмейді», «Менің жолым болмайды» деген сөйлемдерді көп айтсаң, онда әрбірін позитивті етуге әрекет етіңіз. **Аффирмация - ең тиімді жол.**

- Мысалы: Күннен күнге менің жолым сәтті болғанның үстіне сәтті бола түсті. Мен ең үздік мұғаліммін, менің балаларды оқытуым күннен күнге жақсара түсуде.

Сондықтан да, эмоциялық зиятты дамыту адам өмірін жақсартып, сапалы және мазмұнды етуге ықпал етеді. Оны әрбір ересек адамға және балаға ұғындыру көп мәселенің түйінін шешеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Эмоциональное лидерство: Искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта | Гоулман Дэниел, Бояцис Ричард, 2012
2. <https://positivepsychology.com/category/emotional-intelligence/>

«ФОТО ТЕРАПИЯСЫ АРҚЫЛЫ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ КЕҢЕС БЕРУ»

**Нуртаева Мейрамгуль Танибергеновна-
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы
адами әлеуетті дамыту бөлімінің
психологиялық жұмыс әдіскері**

Талқыланатын мәселелер:

1. Фото терапиясы жайында түсінік беру және фото терапиясы әдістемелерін көрсету;
2. Аутодеструктивтік мінез-құлықтың алдын алуы және олардың агрессия деңгейін бойынша жеке кеңес беру;
3. Фото терапия әдісін пайдалана отырып жұмбақ кейіпкерге жеке кеңес өткізу, ондағы масасыздығын агрессивті мінез-құлықты тежеп, өзін-өзі бағалау деңгейін көтеру;

Фототерапия – арт-терапия әдістерінің бірі психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ жеке әлеуетін дамыту үшін қолданылады. Фототерапияның негізгі мазмұны – адамның фотографиялық кескіндерді жасауы және / немесе қабылдауы. жұмыс фото жеке отбасылық кеңес беру проблемалық жағдайға байланысты кеңес (ересектер мен балалар екі), сондай-ақ жұмыс тобының пайдаланылатын. Тақырыптар мен тапсырмалар әртүрлі болуы мүмкін, бірақ олардың кез-келгеніне фототерапия жасалуы мүмкін. Ол жеке немесе жалғыз болуы мүмкін, көпшілігі. Бұл оның ресурсы. Сондай-ақ, олардың авторларына байланысты әртүрлі аталуға болатын дайын авторлық фотосуреттер жиынтығы психотерапия мен психологиялық күтімде белсенді қолданылады. Бұл карточкалардың жиынтығы, олардың әрқайсысы терең символдық мәнге ие. Бірақ «алдын ала орнатылған» емес, әр клиент үшін жеке тұлға.

Карталар клиентпен жұмыс кезінде пайдаланылады, егер сурет-ассоциативті тәсілі оған жақын болса. Және жақынырақ, спектрлік карталарды пайдалану мүмкіндіктері қаншалықты бай. Олар проблеманы талқылауды бастайды, оның бұзылған тереңдіктеріне батып, ресурс табу үшін пайдаланылуы мүмкін. Өздеріңіз білетіндей, психологтар «үй тапсырмасын» беруді ұнатады. Күрделі нәрсені ұсынуға дайын емес клиенттер бар. Бірақ суретке түсіру оңайырақ. Рухыңызды беретін нәрсені суретке түсіруге тапсырма аласыз. Сондай-ақ, сіз үшін ресурс болуы мүмкін фотосурет проблемалық жағдайдағы жұмыста көмектеседі.

(Бірінші және екінші жағдайда сияқты) осындай іздеу өте фокус («Мұнда бір нәрсе жоқ ... және бұл сурет тым funereal табылады») мәселенің көп хабардар болуға көмектеседі қуатты ішкі процесін қамтиды. «... егер болар еді қандай (I қате жасады, бұл емес, Мен тағы бір нәрсе айтуға болар еді, басқа жерде және басқа уақытта болар еді)» Бұл ішкі диалог болып табылады, бірақ қазір ол психикалық өмірдегі айтарлықтай ерекшеленеді. Осылайша, адам өзінің өміріндегі проблеманың мәнін неғұрлым дәл

анықтайды, жағдайды драматизациялау үшін қажетсіздікті тоқтатады. Ол суретке қарап, көре алады. Және бұл ішкі кернеуді азайтуға көмектеседі. Ресурстың фотографиялық суретін іздеу стандартты емес шешімдерді іздестіруге жаңа серпін береді. Өйткені, сурет ойлаудың шығармашылық компонентімен байланысты. Кейде бір бейнені тоқтату қиын, сосын сіз бірнеше коллаж жасауға болады. Бұл мәселенің кейбір бөліктерін немесе түрлі ресурстарын көрсетеді.

Айтпақшы, бұл әдіс психологқа – өзін-өзі терапия ретінде қолдануды жоспарламаған жағдайда да пайдаланылуы мүмкін. Кейбір мәселе немесе тапсырма салдарынан ағымдағы жағдайды көрсететін аптасына бір рет сияқты дәйекті суреттерді алуға болады. Бұл «бұрыннан» және «қазір» дегеніміз не екенін елестетуге көмектеседі. Және, әрине, келешектегі болашақты баяндап, біздің көз алдымызда оң имиджді қалыптастыру.

Фотосуреттерге немесе олардың серияларына негізделі отырып, клиент өзінің тарихы мен ертегісін жазуға шақырылады, онда басталу және аяқталу бар. Немесе есту, көрнекі, соматикалық және басқа құбылыстардың палитрасын қамтитын нәзік мәтіндік нобай болуы мүмкін. Жеке, әсіресе топтық жұмыстардағы суреттердің суреттерінің негізінде жағдайдың дамуын көрсететін «тірі мүсіндер», статикалық, бірақ сонымен бірге өзгермейтін түрде жасауға болады. Суреттерді (статика) және биді (динамиканы) біріктіру қызықты. Олар өзара бір-бірін байытады және топтық психотерапияға жаңа мүмкіндіктер береді. Фотосурет, әсіресе «қарапайым» қағазға басып шығарылған, оған бір нәрсе жасауға мүмкіндік береді. Суреттер мен суреттер – қуатты тандем. Терапевтикалық жұмыста музыканы пайдаланатын адамдар үшін фотосуреттер қызықты көмек бола алады. Музыканың бейнесін көрсететін түрлі суреттерден таңдай аласыз. Және сіз – және керісінше. Фототерапияда жеке өзгерістерге, өзін-өзі бағалауға, өздігінен наразылыққа, коммуникативтік проблемаларға байланысты басқа да адамдар қабылдайтын тұтынушының суретін пайдалануға болады. Суреттер күтпеген жерден алынған кезде қызықты, бірақ бұрын отбасыңыздан және достарыңыздан әртүрлі жағдайларда суретке түсіруді сұраңыз. Мұндай суреттерден кейін ғана суретті «ең әдемі адам» конкурсына жіберуге болады, бірақ әсіресе әлеуметтік желілерге орналастыруға болмайды. Әрине, бейнефильмдерді талдау психологпен бірге жасалынғаны жақсы. Сіз жасайтын өзіңіздің суреттеріңізді пайдалана аласыз. Оларды біреудің көмегімен немесе өз бетіңізше түсіріп, камераны «өздігінен таймерге» қоюға болады. Мысалы, қауіпті сезінген адам осындай фотосессияға сенімді адам бейнелеуге тырысуы мүмкін. Бір қызығы, фотосуретте өзін агрессия, ашулану және бойкүндік көрінуі мүмкін – бұл қарым-қатынастың сенімділігіне сенімді көріністері жоқ. Мүмкін, адам суретті түсіруге тырысты, бірақ ол қандай да бір себептермен жұмыс істемеді. Мұндай фотосессия оның себептерін анық түсінуге көмектеседі, сондай-ақ фотосуреттерден «өзін-өзі сенімді адам» ұғымына шын мәнінде

жақын бейнені таңдауға көмектеседі. Ол өзгермелі жұмыс істейтін белгілі орынға ілінуі тиіс «якорь» бола алады.

Суреттердің арнайы күші мен қуаты бар. Және, ең бастысы, суретші енді бәрі де болуы мүмкін. Суреттер біздің тәжірибемізді, сезімдерімізді, кейде ұзақ ұмытып қалады. Олар күтпеген идеялар мен түсініктердің құралдары болуы мүмкін. Тіпті психотерапияның негізі. Фотографтың түпкі нәтижесі (аяқталған кескін), фототерапияда тек қана бастамасы, бастау нүктесі. Фотосуретпен жұмыс істегенде, барлық ықтимал қауымдастықтар белсендіріледі, суреттің «визуалды хабарламалары» қабылданады. Суретпен сөйлесуге, сұрақтар қоюға және жауап алуға болады.

Фотосурет 1822 жылы пайда болды. Оның мүмкіндіктері адам қызметінің көптеген салаларында (ойын – сауық, сәулет, жарнама, криминология, журналистика және т.б.) қолданылады. Ол әртүрлі сөйлеу тәсілдерін қолдана отырып, психологияда қолданысын тапты. 1970 жылдан бастап Құрама Штаттар мен Канададағы психотерапевттер фотосуреттерді психологиялық кеңес беру құралдары ретінде қолдануға кірісті, содан кейін «фототерапия» түсінігі пайда болды.

Бүгінгі таңда бұл “құрал-жабдықтарды реттеу” проблемалары танымал болып келеді және арт-терапияның бір түрі болып табылады. Фотосурет өздігінен, сезімінен, сондай-ақ депрессияны емдеуге және қорқынышты жоюға қолданылады.

Адамның психологиялық денсаулығына фототерапияның артықшылықтары ең алдымен, бұл арт-терапия әдісі бастамашылық пен тәуелсіздік сезімін қамтамасыз ету үшін мінез-құлық бұзылулары бар жасөспірімдермен жұмыс жасауда қолданылады.

- шығармашылықты дамытады,
- ақыл-ойды кеңейтеді,
- айналасында болып жатқан жағдайды байқауға көмектеседі, “мұнда және қазір” өмір сүреді,
- ойлауды бұзады,
- өзін-өзі сенімділікті жоғарылатады, ішкі әлеміңізді түсінуге мүмкіндік береді,
- алаңдаушылық ойларды,
- қорқыныштарды,
- тоқырауды жояды,
- жүйке кернеуін жеңілдетеді, жақындарымен қарым-қатынасты жақсартады.

Фототерапия дағдарыс жағдайлары, жоғалту, жарақат алу, жасөспірімдерге, балаларға кеңес беру

Шеңбер бойымен

Мақсаты: Кез келген тақырыпта әңгіме сұхбат жүргізуге және кеңес беруге жеке тұлғаның болмысын ашуға мүмкіндік береді.

Фотосуретке қарап өзіңізді және қарсылысыңызды қалай тануға болады?

Тапсырма: Берілген материалдан дәл осы уақытта ең күшті эмоциялық тұрғыдан әсерін тигізген бір фотосуретті таңдаңыз. Сіздің қасыңыздағы адамның көмегімен сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Бұл суреттің тарихы қандай? Ол қалай құрылды?
2. Онда кім бар? Ол не туралы айтады?
3. Бұл суретті қалай атар едіңіз? Неліктен?
4. Суретте не болып жатыр? Ол қайда түсірілді? Авторды бұл суретті түсіруге не итермеледі?
5. Суретке қарағанда ойыңызға түсетін алғашқы үш сөз
6. Сіз бұл фотосуретке назар аударғанда қандай сезімдер пайда болады?
7. Бұл фотосуретке қарағанда қандай ойлар туады және ойыңызға не келеді?
8. Сіз бұл фотосуретте нені ерекше ұнаттыңыз? Және нені ұнатпадыңыз?
9. Бұл суретте не жетіспейді және толық болу үшін не керек деп ойлайсыз?
10. Бұл фотосуретте не өзгерткіңіз келеді және неге? Егер дәл қазір өзгерістер енгізсеңіз сурет қалай көрінер еді? Фотосуретті жасаған күні қайта жасауға мүмкіндік берілсе не өзгертер ма едіңіз?
11. Сіз фотографтың орнында болсаңыз осы суретті түсірер ма едіңіз? Неге? «ия» немесе «жоқ» ?
12. Сіз бұл суретті кімге бергіңіз келеді? Егер берсеңіз мұның себебін қалай түсіндірер едіңіз? Сіз бұл адамға осы суретті бергенде не сезінесіз?
13. Бұл фотосурет сөйлесе не айтар еді? Өзіңіз бен сурет арасындағы диалогты елестетіңіз; бұл туралы не айтасыз?Бұл әңгіме барысында сіз не сезінесіз?
14. Суретте хабарлама бар ма? Ол құпиялы ма? Немесе сұрағы бар ма? Сізді мазалай ма? Және зиян келтірмей ме?
15. Бұл сурет сізден не сұрамайды және сізге не айтпайды? Ол не жасырады?
16. Бұл суреттен не сұрағыңыз келеді және бұл суретке қандай тілектеріңіз бар?

Қорытынды

Біздің заманымызда қоғамды дамыту үшін жеке тұлғаның алдында тұрған негізгі міндеттердің бірі-қоғам құруға өзінің бар мүмкіндігін жұмсайтын шығармашыл, қабілетті маман болу. Осы мақсатты ескере отырып, жеке тұлғаның өмірге деген қызығушылығын арттыру барысында ойлау қабілетімді дамыту үшін әртүрлі жаңа технологиядан жаңа әдіс-тәсілдерін көрсетуді жөн көрдім.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

«Фототерапия» Марина Цветкова

МУЗЫКАЛЫҚ БІЛІМ – ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

Бердимуратова Алина Асановна
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы,
балалар саз мектебінің директоры

Білім саласындағы әлемдік музыка өнерінің дамуына орай, ұлттық құндылықтарымызды ескере отырып, балалар мектебіндегі музыкалық білім беруді ұйымдастырудың педагогикалық жүйесін жетілдіру бүгінгі күннің талабы болып отыр.

Музыка (гр. *μουσική*, тура мағынасында музалар өнері) – белгілі биіктіктегі дыбыстардан тұратын, адамға сазды әуенімен әсер ететін, дыбыстық көркем бейнеге негізделген өнер түрі. Өзінің эмоциялық әсері арқылы музыка адамзат тарихында қоғамдық-идеялық, мәдени-тәрбиелік және эстетикалық рөл атқарды. Музыка адам сезімін, ойын, оның ерік-күшін дыбыстық формада суреттейтін қатынас құралы ретінде қызмет етеді. Музыкада дыбыстардың биіктік және уақыттық (ырғақтық) қатынастары өте қатаң тәртіпке келтірілген.

Музыкалық білім беруде, адам өмірінде музыканың атқаратын рөлі аса зор. Балаларға музыкалық білім бере отырып, оларды музыка мәдениетіне тәрбиелеу ісін жан-жақты ойластырып, олардың музыкалық талғамын әрдайым дамытып отыруға мейлінше назар аудару қажет.

Ал музыкалық тәрбие - тұлғаны қоғамның музыкалық мәдениетіне қатыстыру үрдісі. Мақсаты - музыкалық тәжірибені (*жасау, орындау, қабылдау, музыкалық шығарманы талдау*) жас ұрпаққа жеткізу. Музыкалық тәрбие дегеніміз - тұлғаның жалпы үйлесімді дамуының ізгіліктік-эстетикалық сезімінің, идеалдарының, музыкалық талғамы мен талаптарының қалыптасуының бір құралы ретінде қаралады.

Өйткені музыка - әлемдік өнердің бір түрі. Орыс жазушысы Антон Чехов айтқандай: «Музыка әлемді жадыратады, әрбір тірі жанға шаттық, бақыт сыйлайды, қиял ғажайып әлемге самғауға көмектеседі». Адамзат баласы ежелден қазірге дейін музыка арқылы өлеңнің әуенін, музыкалық аспаптарын өзгерте отырып, зор нәтижелерге жетті. Ұлы даламыздың қазақ халқы ежелден музыканы жақсы көргендігі белгілі. Бұған домбыра, қыл-қобыз, сазсырнай, дабыл сияқты және т.б. музыкалық аспаптары, сондай-ақ Біржан сал, Ақан сері, Құрманғазы, Дина, Әміре, Дәулеткерей, Тәттімбет, Қазанғап, Жаяу Мұса, Естай, Ыбырай, Нартай және т.б. әншілері мен күйшілері нағыз дәлел іспеттес.

Тарихқа көз жүгіртсек, алғашқыда ұлттық музыка 19 ғасырда дербес көркемдік шығарма ретінде дами бастаған. Қазақстанның байтақ территориясында әртүрлі дербес кәсіби композиторлық және орындаушы мектептер пайда болды, әрбір аймақ өз ерекшелігін сақтап отырды. Мысалы,

Батыс Қазақстанның территориясы домбыралық төкпе күйді дамыту орталығы болып есептелсе, Сарыарқа аймағы (Орталық Қазақстан) – ән орындау орталығы, оңтүстік-батыс аймақ (Қармақшы ауданы) эпостық жырды баяндаудың бай тәжірибесін сақтаған, ал Жетісу өңірі – айтыс дәстүрін, айтыс ақындарының өнерін дамытады. Ал ХХ ғасырдың 30-40 жылдары шығармашылықтың жазба түрінде қалыптасқан жаңа кәсіби композиторлық мектебі құрылды. Еуропалық түрді таңдау нәтижесінде қазақ опералық өнерінің классикалық шығармалары – Е.Брусиловскийдің "Қыз Жібек", А. Жұбанов, Л. Хамидидің "Абай", М. Төлебаевтың "Біржан-Сара" опералары дүниеге келді.

ХХ ғасырға дейін музыкалық өнеріміз жазбасыз түрде дамып ауыздан-ауызға, ғасырдан ғасырға, әкеден балаға, ұстаздан шәкіртке мирас болған. Көшпелі қазақтың тарихы, өмір кезеңі, бастан өткен қиыншылықтары, соғыс күндері, жаугершілік заман, бейбітшілік күндері, осының барлығы ұлттық музыкадан көрініс береді. Мысалы, халық шығармашылығының сүйікті жанры, батырлық және лирикалық-тұрмыстық эпостар "Қобыланды", "Алпамыс", "Ер Тарғын», «Қамбар», "Қыз Жібек", "Қозы-Көрпеш – Баян сұлу", "Еңлік және Кебек" жырларын айтуға болады. Бұлар қазақ тарихына қатысты нақты оқиғаларды аңыз, мифологиялық түрде жеткізеді.

Қазақстандағы кәсіби музыка атануы мен музыкалық білім беруінің даму мәселелері А.Қ. Жұбанов, Б.Г. Ерзакович, Б.Ф. Ғизатова, М.М. Ахметова, Б.Р. Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А. Хамиди, Н.С. Кетегенова, Г.Л. Арикайнен, И.Ж. Жақанов, А. Мұхамбетова, С.Елеманова т.б. еңбектерінде зерттелген. Еліміздегі балалардың музыкалық тәрбие мен білім беруінің қалыптасуы мен дамуына П.М. Момынов, С.А. Ұзақбаева, Г.М. Аубакирова, А.А. Сметова, А. Мұқашева зерттеулері арналған [1]. Қазақ халқының сан ғасырлық бай музыкалық мұрасын, музыкалық мәдениетін зерттеу ісі кеңестік дәуірде С.Сейфуллин, М.Әуезов, Ә.Марғұлан, С.Камалов, Р.Бердібаев, т.б. ғалымдар елеулі үлес қосса; қазақ музыка мәдениетін арнайы жинап зерттеген ғалымдар: А.В.Затаевич, А.Э.Бимбоэс, Б.Г.Ерзакович, т.б.; музыканың тарихын Қ.Жұбанов, А. Жұбанов, Б. Құндақбаев, А.Сейдімбек, У. Бекенов, П.Момынов, М.Х.Балтабаев, С.А.Ұзақбаева, А.А.Қалыбекова, Р. Р. Жәрдемәлиева, Ш.Б.Құлманова, М.Х.Мұхтаров, т.б. болды. Олар еңбектерінде қазақтың халық музыкасы мен дәстүрлі көркем мәдениетін балаларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беруге тиімді пайдаланудың жолдарын қарастырып, педагогикалық мүмкіндіктерін анықтады. Қазақ музыкасы жайындағы мәліметтер бірқатар Ресей ғалымдарының (А.А.Левшин, А.Е. Алекторов, М.В.Готовицкий, Р.А.Пфенинг, С.Г.Рыбаков, А.И.Ивановский) еңбектерінен де көрініс тапты. Қазақстандағы педагогикалық және психологиялық ойлардың даму тарихына 1950-1970 ж.ж. өз үлестерін қосқан ғалымдар: Т.Тәжібаев, Қ.Б.Бержанов, Ә.І.Сембаев, Т.Ақшолақов, Т.М.Храпченко, Қ.Қ.Құнантаева, т.б. болса, ХХ ғ. 70-90 ж.ж. Қ.Б.Жарықбаев, С. Қалиев, С.Ұзақбаева, Қ.Б.Сейталиев,

Э.Шыныбекова, И.Р.Халитова, Г.И.Төретаевалар, ХХІ ғасырдың басында А.Т.Мірәлиева, З.Ш.Шакеримова, А.Б.Мукашева, Ж.С.Сейітнұр және т.б. болды.

Музыкалық білім беру мен тәрбиеде теориялық және әдістемелік мәселелерін зерделеп әзірлеумен В.Н.Шацкая, Н.Н.Добровольская, К.С.Грищенко, Т.Л. Беркман, Б.В.Асафьев, О.А.Апраксина, А.К. Белобородова, Д.Б.Кабалевский, И.П. Понамарьков, К.П.Португалов, Е.Я.Гембицкая, Л.Г.Дмитрева, П.В.Халабузарь, А.Н.Сохор. Л.А.Боренбойм және т.б педагогтар мен музыкатанушылар айналысқан. Қазақстанның кәсіби білім беру мен өнертану мәселелері А.К.Жұбанов, Б.Г.Ерзакович, Б.Г.Ғизатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В. Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, Г.Л.Арикайнен, И.Н.Жақанов, А. Мұхамбетова, С.Еламанова, профессор Ә.Қ.Бүркіт еңбектерінде зерттелген. Қазақтың дәстүрлі көркем мәдениеті арқылы жастарға музыкалық-эстетикалық тәрбие берудің жолдары бірқатар ғалымдардың еңбектерінде арнайы зерттелді. Мәселен: қазақ халық аспаптық музыкасы арқылы оқушыларға музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Т.Қышқашбаев, Б.Жүсіпов, М.Оразалиева, оқушы жастарға эпостық батырлар жыры арқылы музыкалық-эстетикалық тәрбие беруді Б.Сүлейменова, айтыс өнері арқылы эстетикалық тәрбие беруді Ұ.Асанова, өнер сабақтастығы арқылы балалардың дүниетанымын қалыптастыру мәселесі М.Нағымова, т.б. еңбектерінен көрініс тапты. Қазақстандағы музыкалық білім беру мен өнертану мәселелері Б.Г.Ғизатов, М.М.Ахметова, Б.Р.Қазыханова, П.В.Аравин, Л.А.Хамиди, Н.С.Кетегенова, М.Х.Балтабаев, А.Райымбергенов, Г.Л.Арикайнен, І.Ж.Жақанов, С.А. Еламанова, т.б. еңбектерінде терең талдауға алынды.

Қазақ даласында музыкалық-ақындық өнерді дамытқан кәсіби қайраткерлер көп болды. Олар, жыршылар, жыраулар, әншілер, күйшілер, аспаптық орындаушы-композиторлар және т.б. Қоғамдық және рухани өмірді дамытуда жыршылар, жыраулар үлкен рөл ойнаған. Жыршылар халықпен тығыз байланыста болғандықтан, жырларында халқының өмірі, жағдайы, армандары көрсетілгенін атап өту керек. Солардың ішінде Қазтуған жырау, Асан-қайғы, Шалкиіз жырау, Бұқар жырау және т.б. атақты болған. Қазақстанның күйші-композиторлары, ақындары Құрманғазы Сағырбаев, Тәттімбет, Біржан сал Қожағұлов, Жаяу Мұса Байжанов, Дина Нұрпейісова, Жамбыл Жабаев, Ерғали Есжанов, Ықылас және т.б. домбырашыдан домбырашыға, әншіден әншіге беріліп келген халқына өшпейтін күйлері мен әндерін қалдырып кеткен. Көптеген музыканттардың қызметі кәсіби сипатта болған, сонымен қатар ән айту өнері мен аспапта шебер ойнап ақындық импровизациямен үйлестірген музыкантты халық мойындап, бас иген, яғни музыкант ән айтып қана қоймай, әншілігімен қатар ақындығы бірге жүруі тиіс болған. Қазақтың ән өнерімен қатар аспаптық музыка да кең өріс алған. Домбырашылар мен қобызшылардың орындауындағы күйлерді тыңдаушылар үлкен ықылас, сүйіспеншілікпен тыңдаған. Қазақ халқында

ежелгі шығармалардың авторы, бірінші қобыз аспабын жасап шығарып, сол аспапта күй орындаушы Қорқыт ата болып саналады. Оның күйлерінде сақталып қалған музыка, бүгінгі күнде қазақ халқының музыкалық өнерінің жәдігері.

Өз халқының ғана емес, сонымен қатар, көршілес жатқан республика халқының үлкен қызығушылығын оятқан халық композиторлардың шығармашылығы музыкалық мәдениетінің ары қарай дамуына себепкер болды. Дегенмен, арнайы музыкадан оқу бағдарламасы болмаған, соған қарамастан көптеген музыка энтузиаст оқытушы-насихаттаушылар халық музыкасының көмегімен оқушыларға музыкалық тәрбие беруде едәуір табыстарға жеткен.

Қазақ халқының музыкалық мәдениеті халықаралық деңгейде үлкен құрметке ие болғанын атап өтуіміз керек. Зерттеуші А.В.Затаевич пен әнші, күміс медалдің иегері Әміре Қашаубаев Парижде шетел тыңдаушыларына қазақ әндері мен күйлерінің әдемілігін бірінші жеткізе алды. Мысалы, Ә.Қашаубаев Париж қаласында өткен бүкіл әлемдік көрмеде этнографиялық концертке қатысып, «Ағаш аяқ», «Дударай», «Қараторғай», «Қызыл бидай» т.б. әндерін орындаған. Франция баспасөз беттерінде қазақ әншісінің орындауы жоғары бағаларға ие болды. Заманауи фольклористикада халық музыкасын аймақтық топтастыруға қатысты әзірге ортақ көзқарас жоқ. Ағылшын тіліндегі «world music» термині қазіргі батыс музыкасына жатпайтын, оның мәдени ықпалынан тыс күллі музыканы қамтиды. Музыка зерттеуші-ғалым О.А.Апраксина музыка сабақтарының басқа да ерекшеліктерін ашып көрсетті [2]:

- Бірінші ерекшелігі – музыка сабағы өнер сабағы. Себебі музыка өнері оқушының сезімі мен эмоциялық сферасын қамтитын болмысты бейнелейтін ерекше формасы. Музыкаға оқытуда танымдық процестің өзі тек ой-сананың әрекеті ғана емес, эмоция мен ойдың, сана мен сезімнің бірлігінде жүзеге асырылады;
- Екінші ерекшелігі – музыка адамның психикасына, моторикасына және физиологиялық процестерге кешенді түрде ықпал етеді;
- Үшінші ерекшелігі – міндетті түрде саналылық пен эмоционалдық бірлестік болуына байланысты, сабақтың әр элементі балалардың белсенді қызығушылықты қарым-қатынасын тудырады;
- Төртінші ерекшелігі – музыка сабағында эмоционалдық пен саналылықтың бірлігі ғана емес, көркемдік пен техникалық бірлік те орын алады. Сондықтан тыңдауға, ән салуға арналған репертуар мен қатар жаттығулар да көркем болуы тиіс. Тіпті унисонда орындалған бір дыбыстың өзі де әдемі, әрі көркем орындауды талап етеді. Ондай көркемдік орындаушылық техникасын меңгеруге тікелей тәуелді болады. Сондықтан оқу материалдары ретіндегі музыкалық шығармалардың мәнері образдылығы, көркемдік пен техникалықтың бірлігінде жүзеге асырылуы тиіс.

О.А. Апраксина өнер пәні ретінде музыка пәнінің өзіне тән ерекшеліктерін және оқыту заңдылықтары мен принциптерінен туындайтын білім беру, тәрбиелік, ұйымдастыру талаптарын былай қарастырады:

- музыка сабағының білім беру міндеттерінің нақты айқын болуы;
- музыка сабағының мазмұны оқу бағдарламасына, сабақтың мақсатына, оқушының даярлық деңгейлеріне сәйкес анықталуы;
- музыка оқыту әдістерін қолайлы етіп таңдау;
- педагогикалық байланыстардың болуы;
- музыкалық білім беру педагогикасының ғылыми жетістіктерін пайдалану;
- жеке тұлғаның барлық сферасын дамыту;
- жалпы педагогикалық іскерліктердің дамуы;
- музыкалық білім, іскерлік, дағдыларын меңгерту;
- музыкалық тәрбие міндеттерінің нақты қалыптасуы;
- музыкалық дүниетанымын дамыту;
- балалардың танымдық қызығушылықтарын қалыптастыру;
- музыканы оқытудың психологиялық ерекшеліктерін ескеру;
- педагогикалық әдеп, балалардың адамгершілік сапа қасиеттерін дамыту;
- музыка сабақтарын нақты жоспарлау;
- музыка сабақтарының белгіленген құрылымын сақтау;
- музыка оқытудың түрлі құралдарын қолдану;

Музыка баланың сезімдеріне тікелей әсер ете отырып, оның патриоттық, адамгершілік сезімдерін қалыптастырады. Оның ықпалы үгіттеуден де, нұсқаулардан да анағұрлым күшті болады. Отан, Қазақстан, батырлық туралы айтқан балалардың әндерінен өз елдеріне деген сүйіспеншіліктерін көруге болады. Музыкалық тәрбие беру дегеніміз – баланы әсемдік әлеміне дыбыс арқылы жетелей отырып, сұлулық, ізгілік, адамгершілік қасиеттерін бойына сіңіру, қоршаған әлемнің шындығын көркем дүниелер арқылы түсіндіру [3].

Ең қарапайым музыкалық дыбысты тыңдап, есту мәдениетін, кейбір бейнелеу құралдарына ден қойып, еркін тыңдау қабілетін ояту. Мысалы: Балалар музыкалық дыбыстың ең қарапайым қасиеттерін домбыра мен баян дыбысын ажырата білу. Музыканың ең қарапайым құрылымын әннің бастамасын, қайырмасын, қарама-қарсы сипаттағы әннің бастамасын биязы, жұмсақ орындалатынын, қайырманың жігерлі тез орындалу айырмашылығын байқайды. Бала музыканы тыңдай отырып әнді, ойынды көркем кейіпкерлерді, биді көз алдына елестетеді. Оны өзінше қабылдайды. Демек, ұлттық музыка халқымыздың баға жетпес құндылығы. Ежелден бері атадан балаға мұра болып, сан ғасырлық тарих қойнауынан өтіп, бүгінгі күнге жеткен асыл қазынамызды, келешек ұрпаққа мұра етіп жеткізуіміз керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мукашева А.Б. Развитие музыкального образования учащихся в Казахстане (1980 – 1996 гг.): дис. канд. пед. наук. - Алматы, 2002 – 177 с.
2. Музыкалық педагогикадағы халықтық салт-дәстүрлер оқу әдістемелік құрал / құрастырушылар Ажіғалиева У.А., Балажанова Қ.М. – Павлодар, 2007. – 59 б. Байұлов Ғ.Б. Қазақстандағы музыкалық-мәдени мұра. 2012 ж. – 20 б.
3. профессор Бүркіт Әуесхан Қантөреұлы. Музыканы оқытуда компьютерлік технология құралдарын қолдану әдістемесі. Шымкент, 2015.

Болашақ кәсіби музыка мамандарын дайындау ерекшеліктері

Түркістан облысы. Сарыағаш қаласы
№1 балалар музыка мектебінің мұғалімі
Қасым Жәнісбек.

Халық өнерді әрқашан даналық пен ақыл-парасатты оятар тәңірдің ерекше сыйы деп білді. Өнерге тоятпаған әр тіршілік иесінің бойынан азаматтық пен адамгершілік қасиеттері әркез табылды. Әр өлең мен ән-күй жолдарында адамзат тарихының ең таза үлгілері түзіліп, жинақталды. 1997 жылдан бастау алған төл оқулықтар ұлт болашағына апарар жаңа үрдісті, ұлттық нақышты бойына жия отырып, бала тәрбиесінің негізгі көзіне айналды. «Музыка» пәнінің жаңа оқулықтары қазақ жерінің өнерін тірілтті. Қазақтың бесік жырларынан бастап күмбірлеген халық күйлері, толғау мен термелер, айтыс пен күйтартыс тарау-тарауға еніп, өз орнын тапты.

Қазіргі мектепте музыка пәні мұғалімінің қызметі екі үлкен саланы қамтиды:

1. ҚР Білім стандартының тұжырымдамасы негізінде құрастырылған жаңа буын оқулықтарын қолдана отырып сабақ жүргізу.
2. Мектепшілік іс-шаралар мен түрлі музыкалық өнерге баулитын үйірмелер.

Жастардың жан-жақты терең білімді, саяси-экономикалық сауатты, яғни интеллектуалды деңгейі жоғары болуын жаңа заман талап етеді. Бүгінгі қоғам талабына сай мектептегі мұғалім ой-өрісі жаңашыл, шығармашылық деңгейде қызмет атқара алатын, дүниетану мәдениеті жоғары ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болатын өнерлі, рухани

бай, шеберліктің шыңына шыққан ұстаз болуы керек. Сондықтан бүгінгі таңда әрбір оқушыны жеке тұлға ретінде жан-жақты дамыған білімді азамат етіп тәрбиелеу- біздің парызымыз. Бұл процесті игеру үшін мұғалімнің жан-жақты білімі мен дүниетанымы қажет. Мұғалім керекті материалдарды пайдаланса ғана баланың кітапқа құмарлығы, өз бетінше іздену дағдысы дамиды, музыкалық танымы кеңейеді. Мұғалімнің зерттеу жұмысын жүргізе білуі - баланың дамуына сай музыкалық білім мен тәрбиені берудегі шешуші фактор. Қоршаған ортадағы, қоғамдық өмірдегі өзгерістерге байланысты қойылып отыратын жаңа талаптардың күнбе-күн өсуі мұғалімнің өмірден кенже қалмай, білімін үнемі жетілдіруді қажет етеді. Жалпы музыка сабағында дәстүрлі емес, сайыс, ойын, кіріктірілген сабақ, саяхат, аралас сабақ түрлері өткізіледі. Заман талабына сай оқытудың жаңа технологиясын игере отырып, пәнаралық байланысқа үнемі көңіл бөлінеді.

Сабақта қолданылатын музыкалық материалды таңдай білудің маңызы зор. Өйткені сол шығармалар арқылы балалар өмірдің сан қилы оқиғаларынан мағлұмат алып, музыкалық материалдар уақыт өткен сайын өзгеріп, толықтырылып отырады. Бүгінгі таңда музыка мамандарының алдындағы мәселелердің бірі музыканың құдіретін терең түсініп, оны өзінің рухани азығы етіп, адам өмірін нұрландыруға ат салысатын музыкалық білімді азамат тәрбиелеу. Оның түп-тамыры, негізі - музыканы қабылдай білуде жатыр.

Мұғалімнің күнделікті сабақта пайдаланып жүрген әдістері музыкалық анықтамаларда түсіндіруге, оқушылар шығармашылығын, қызығушылығын арттыруына, жеке тұлғаның рухани дамуын тәрбиелеуге көмектеседі. Соның бірі - баланы ұлттық музыка негізінде тәрбиелеу. Халық музыкасы, фольклорға құрметпен қарау, оны сүюі, ұлттық салт-дәстүрлерді қастерлеу баланың жас кезінен басталуы керек. Егер ұлттық нәрі бар дүние бала жүрегінде орын алса және оны өмірдің мәні деп қабылдаса, онда ол өз халқының, туған жерінің нағыз азаматы болады деп айтуға болады. Мектептегі бір сағаттық музыка сабағы оқушылардың музыкалық бейімділігін жете дамыта алмайды. Сондықтан сабақтан тыс жүргізілетін музыкалық жұмыстарға қатысуы арқылы олардың қабілетін дамытуға мүмкіндік туады. Бұл жұмыстардың қай түрі болсын, оқушының музыка сабағынан алған білімін толықтыруға бағытталуы тиіс. Сыныптан тыс жүргізілетін жұмыстар балалардың музыкалық қабілетін дамытып, эстетикалық талғамын қалыптастырады. Бала бойындағы көркемдік талғам мен шығармашылық ізденіс дағдыларын дамытуда, талантын ұштауда мектептердегі үйірме жұмыстарының тәлім-тәрбиелік маңызы ерекше.

Үйірмелерде оқушылар музыка сабағында алған білімін кеңейтіп, орындау дағдыларын тереңірек меңгеруге мүмкіндік алады.

Халқымыздың рухани қазынасы - ән мен күй бүгінгі таңда тамаша тәрбие көзі болумен қатар, кәсіби музыканың негізгі арқауы екенін естен шығармаған жөн. Міне, халықтың музыка өнеріндегі өте бай рухани қазынамен оқушыларды таныстырып, олардың озық үлгілерін үйрету музыка пәнінің негізгі мақсаты болып табылады. Музыка сабағы мектептегі тәрбие көзі болып табылады. Тіл мен әдебиетті жоғары көтеретін күш те, күн нұры сияқты әр беретін, көрік беретін де - музыка. Қазақтың ұлттық мәдениетін де көтеретін - музыка. Музыка пәні басқа пәндермен терезесі тең. Қазіргі кезде кейбір ата-аналар «баламыз музыканы оқығанмен, оның ертеңі жоқ немесе одан керемет әнші, күйші, шыға қоймас» деп ойлайды. Әрине, мұның бәрі қате пікір. Түсінсе балаға имандылық, ізгілік, білімділік, парасаттылық сыйлайтын ерекше күш тек қана музыкада бар. Өсіп келе жатқан жас ұрпақты толыққанды қазақ азаматы етіп тәрбие беруге өз халқымыздың ән-күйінің ауқымы өте кең. Ата-бабамыз бізге баға жетпес мол мұра-бесік жырынан бастап түрлі аңыз, әңгіме, жыр, терме, ән-жыр, күйлерін қалдырып кетті. Осы мол мүмкіндікті біздер барынша нығайтып, бүгінгі заманымыздың талабына сай кеңейтіп, өскелең ұрпақтың сана-сезіміне құйып отыруымыз керек. «Дүниенің мысалы баспа кезек, әркім де баспалдақтан басып өтер» - деп 19 ғасырда өмір сүрген Майлықожа ақын айтқандай, ұрпақты қазақ мәдениетіне тәрбиелеу - мектеп баспалдағынан басталады емес пе! Міне, сондықтан музыка пәні мұғалімдерінің міндеті шәкірттеріне музыка өнерінің сарқылмас қазынасының ең асылдарын ала отырып, эстетикалық тәрбие беру.

Мұғалімнің басты міндеті қазақ халық музыкасына оқушылардың назарын аудара білу қабілеті болып табылады. Қазақ халық музыкасының идеялық мазмұны маңызды екендігі іс-тәжірибе жүзінде дәлелденген. Сондықтан мұғалімнің міндеті музыканы меңгеруде сыныптағы оқушылардың нақты эмоциялық көңіл-күйін қалыптастыра отырып, арнайы оның мазмұны, сипаты жөнінде білім беруде шығармашылық ізденісті ұйымдастыра білгені жөн. Осының нәтижесінде білім алушыларда шығарманың идеялық-эмоциялық бейнесін жасауға, мазмұнның эмоциялық - ойын ашуға және үйретілген туындының көркемдік бейнесін көркемдік мәнерлік құралдарды табуға толығымен мүмкіндік болады.

Ұлттық музыкалық мол мұраны ғылыми зерделеу тек қана сол музыка мәдениетінің парқын тануға себепші болып қана қоймайды, сонымен бірге халықтың тарихи тұлғасын тануға да мейлінше көмектеседі. Қазақ халқының тарихы болмысы әні мен күйінде тұнып тұр.

Музыкалық білім беру жүйесі жас ұрпақты музыка өнеріне баулып, олардың жан-жақты мәдениетті, білімді, ақылды да сымбатты болып өсуі үшін, ең жоғары мүмкіндіктерді қолдануды мақсат тұтады. Еліміз егемендік алып, өз шаңырағымызды тіктеген тұста ұлттық өнерімізді, мәдениет пен білімімізді жаңғыртып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу міндеті қойылады.

Мектептегі музыка сабағы осы міндеттерді жүзеге асырудың аса бір тиімді жолы ретінде қарастырылады. Осы міндеттерді жүзеге асыру барысында музыка пәні мұғалімдерінің де жауапкершілігі жоғары тұруы тиіс. Ал, жалпы музыкалық қабілетті дамыту үшін музыка пәнінің мұғалімі «сегіз қырлы, бір сырлы» болуы қажет. Ол - әнші, музыкант, актер, әдебиетші, тарихшы, қысқасы ғылымның әр саласынан хабардар болғанда ғана, бүгінгі заманның талабына сай ұстаз бола алады.

Мектептегі оқу-тәрбие үдерісіндегі тәжірибеден байқағанымыздай, өскелең жас ұрпақтың эстетикалық тәрбиеге бай болуы, көбіне-көп мұғалімнің өзінің эстетикалық мәдениетінің жоғарылығына, оның әдістемелік тұрғыдан жан-жақты дайындығына байланысты болып келеді. Сондықтан, музыка мұғалімі жаңа инновациялық технологиямен қаруланған, шеберлігін әр кез шындап отыратын ізденімпаз, шығармашыл болуы керек. Музыка мектебіндегі «Негізгі аспап», «Сүйемелдеу», «Қосымша аспап», «Музыка теориясы», «Сольфеджио», «Музыка әдебиеті» пәндеріндегі жүйелі білім алу болашақ музыка маманының кәсіби тұрғыдан өсуінің алғышарттары, баспалдақтары десек болады.

Өзін-өзі сүйемелдеп ән орындай алу, оны оқушыларға мәнді де мағыналы жеткізе білу – мектептегі музыка мұғаліміне қойылатын талаптардың бірі. Тәжірибе көрсеткендей, бұл үдерісі күнделікті музыка сабағында көрініс табады. Өзін-өзі сүйемелдеп ән айтуды қалыптастырыу үшін, белгілі бір дәрежеде ән орындау шеберлігін меңгеру, аспата еркін ойнау алу дағдысын жетілдіру керек. Бұл дағдыларды мектеп оқушылары «Негізгі аспап», «Қосымша аспап» пәндерін игеруде қалыптастырады. Мектеп оқушыларының алғаш рет музыкалық сауаттылықпен, техника, бейнелік-көркемдік, музыкалық ойлау сияқты ұғымдарымен танысуы, олардың осы ұғымдарды әрі қарай жете түсуіне, өз орындауына талдай жасай алуына, музыкалық талғамдарының жоғары деңгейге көтерілуіне септігін тигізеді.

Орындаушылық-техникалық үрдіс барысында оқушының аспапта дұрыс отыруынан бастап, қолдың қойылымы, ойнау мәнері, әнді аспаппен бірге қосылып, орындаудағы сапалық – ең басты қажеттілігі.

Шығарма құрылымымен танысу және оны дұрыс орындау дағдысын қалыптастыруда негізгі пәннің алатын орны ерекше. Бұл пәнді игеруде оқушылар аспапты орындау шеберліктерін шыңдаумен қатар олардың авторларымен жаңырлары туралы қосымша мағлұматтар алып, білімдерін шындай түседі.

Қазіргі кезде білім бері ісі мемлекеттік саясаттың қоғамдық және экономикалық артықшылығы бар негізгі саласына айналады. Себебі, бүгінгі мектеп қабырғасында оқитын оқушылардың білігі мен білімі мемлекетіміздің ертеңгі болашағына тікелей байланысты екені анық. Бұған Тұңғыш президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында **«XXI ғасырдағы білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелетіні анық»**, -деген пікірі нақты дәлел бола алады. Қазіргі таңдағы білім беру ісінің басты мақсаты – тек білім, білік, дағдыларын меңгертіп қан қоймай, ақпарат көздерін өзбетімен қорытып, қолдануға, өзін – өзі дамыта алуға қабілетті тұлға тәрбиелеу.

Қазіргі заманның педагогтарынан тек өз пәнінің терең білгірі болу ғана емес, педагогикалық-психологиялық сауаттылық, саяси экономикалық білімділік, тарихи танымдық, сонымен қатар, ақпараттық сауаттылық міндетті түрде талап етілуде. Себебі, заман талабына сай білім беру үдерісінде оқу мен тәрбие ісін жандандыратын, оқытудың жаңа технологиясын шебер меңгерген, жаңалыққа жаны құмар жан болғанда ғана білігі мен жоғары жетекші тұлға ретінде ұлағатты бола алады.

Осы күнгі білім беру жұмыстарында алдымызға қойылған негізгі мақсат дамыған инновациялық технологияларды кеңінен қолдану болып табылады. Бұл мақсатты орындауда музыка пәнінің ұстаздарына компьютерлік-музыкалық ноталық редакторларды (бағдарламаларды) жалпы білім беретін орта мектептерде музыка пәнін оқыту жұмыстарында тиімді пайдалану, музыкалық білім беру ісінің жаңа әдістемеліктерін қолдану мүмкіндіктерін туғызады.

Ертеңгі ел тізгінін ұстайтындар – бүгінгі алдымызда тәрбиеленіп отырған жеткіншек жастарымыз. Осы жастарымыздың ішінен болашық Қазақстанымыздың даму жолындағы мәдениетіне, өнеріне еңбегін сіңіріп, өз үлестерін қосатын дара тұлғалар шығатынына сенімім мол. Ендеше, осы оқушыларымызға қазағымның сарқылмас өнерін оқытуда заман талабына сай жаңаша (инновациялық) жолмен білім бере білудің бүгінгі біздер басты міндетіміз деп санайық.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Музыкалық тәрбие беру әдістері. Алматы.1995 жыл
2. Қ.Жарықбаев «Психология». Алматы.1980 жыл.
- 3 О.Есенәлі «Эстетикалық тәрбиеге- айрықша назар».
4. Музыка әлемінде №2-3 2010 жыл
5. Музыка әлемінде №4 2012 жыл
6. Музыка әлемінде №6 2013 жыл
7. Р.Қ.Дүйсембінова. Музыкалық білім беру педагогикасы. Талдықорған, 2006, 89-б.

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ РӨЛІ

Жиенбаева Сапаркул Забиевна
Түркістан облысы, Шардара ауданының адами әлеуетті
дамыту бөлімінің оқушылар үйінің директоры

Бүгінгі таңда Қазақстанда іске асырылып жатқан реформалар барлық оқу орындары мен тәлім – тәрбие мекемелерінің тәрбие және білім беру мазмұнын жаңа сапалық тұрғыдан дамуы мен жетілуі үшін жасалуда. Өйткені дамудағы нарықтық қатынастарға еркін араласуға дайын бүгінгінің және болашақтың адамдарын тұлғалық интеллектуалдық және кәсіби сапалық жағынан әлемдік бәсекеге қабілетті етіп даярлап шығару, әсіресе осы білім мен тәрбие мазмұнының сапасына тікелей байланысты. Осыған орай қазіргі Қазақстан жағдайында қысқа тарихи уақыт аралығында барлық білім беру жүйесінде оң өзгерістер іске асырылуда және қосымша білім беруге арналған, оның негізгі субъектісі болып саналатын мектептен тыс мекемелер қызметін жаңа сапада қайтадан ұйымдастыру қолға алынуда. Бұл жүйе әр түрлі жастағы балалар мен жасөспірімдерге кез келген жағдайда да жаңа білім алуға, оны үнемі толықтырып өзін –өзі бағалауға, басқаруға, шығармашылық белсенділігі мен танымдық қабілеттерін дамытуға, қызығушылығы мен денсаулығын нығайтуға мүмкіндік береді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылғы 1 қыркүйектегі **«ЖАҢА ЖАҒДАЙДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН: ІС-ҚИМЫЛ КЕЗЕҢІ»** атты Қазақстан халқына Жолдауында бұқаралық спортқа, дене тәрбиесіне және балаларға басымдық беру керек. Әр облыста, ірі аудан орталықтарында спорт үйірмелерін ашу қажет. «Балалар үйірмесі» қызметін

қайта қалпына келтірген жөн. Онда жастарымыз қолөнердің және шығармашылықтың бастапқы негіздерімен танысар еді. Балалар үшін қатерлі бүгінгідей аумалы-төкпелі заманда олардың күш-жігері мен қызығушылығын дұрыс арнаға бағыттау аса маңызды. Балалар мемлекетіміздің болашағы емес пе?! деп атап көрсетті. Ал Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Facebook-тегі парақшасында: Қосымша білімсіз балалардың әлеуетін толық ашу мүмкін емес. Сондықтан әр баланың сабақтан тыс үйірмелер мен секцияларға қатысу мүмкіндігі болуы маңызды. Елімізде мемлекеттік қосымша білім беру мекемелері біз қалағандай көп емес. Сондықтан балаларды қосымша біліммен қамту үшін тиісті жұмысты атқарудамыз. Осы ретте жағымды жаңалықпен бөліспекпін. Жақын арада балалардың мемлекеттік тапсырыс арқылы жекеменшік ұйымдарда да қосымша білім алуына жағдай жасалады, - деп жазуы қосымша білім беру педагогтарына ерекше күш – қуат берді.

Қосымша білім беру – бұл ерекше бір әлем және өз істерінің кәсіби, хас шебері бола білген педагогтардың арқасында ғана жүзеге асырылуы мүмкін. Түркістан облысы Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің Оқушылар үйі балалардың танымдық дамуын, шығармашылық белсенділігін арттыру, саналы еңбекке бейімдеу және ғылым мен мәдениет саласында белсенді қызмет етуге тәрбиелейтін бағытты көздейді. Осы мақсатта оқушылар үйінде шығармашыл, дені сау, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыруда 6 бағытта жұмыс жүргізіледі. Оқушылар үйінде 67 үйірмеде 201 топ бар, жалпы саны – 1981 оқушы қамтылған, олардан 15 оқушы мүмкіндігі шектеулі жалпы мектеп бағдарламасымен оқитын оқушылар. 67 үйірмеден 37-сі ауыл және қала мектептерінің базасында орналасқан. Оқушылар үйі 6 бағытта жұмыс жүргізуде:

- 1.Әдеби көркемдік бағытқа «Шешендік өнер», «Көркем сөз», «Сахна сыры», «Саз әлемі», «Занимательная грамматика», «Жас қалам» , «Ағылшын тілін үйренеміз». «Қуыршақ театры» т.б. үйірмелер
- 2.Сәндік –қолданбалы өнер бағытына «Шебер қолдар», «Тоқыма», «Дизайн», «Ұлттық қолданбалы сәндік өнер», «Бояулар сыры», «Жас шебер» үйірмелері
- 3.Экология-биология бағытына «Гүл өсіру», «Жас эколог», «Табиғат әлемі», «Жас бағбан» үйірмелері
- 4.Туристік –өлкетану бағытына «Өлкетану», «Тарих білгірлері», «Туған өлке табиғаты», «Шежіре» үйірмелері
- 5.Жаратылыстану бағытына «Жас химик», «Қызықты математика», «Ментальді арифметика», «Логика әлемі», «WEB бағдарлау», «Жас физик» үйірмелері

6.Спорт –салауаттандыру бағытына «Қол күресі», «Шахмат», «Тоғызқұмалақ», «Денешынықтыру» үйірмелері топтастырылғын.

Әр бағыттағы педагогтар авторлық бағдарламалар бойынша қосымша білімді іске асыруда.Қазіргі қоғам жалпы ұстаз қауымына жаңа талаптар қойып отыр. Мұғалім - рухани дамыған, шығармашыл тұлға, кәсіби дағды мен педагогикалық шеберлік иесі, жаңалыққа құштар, білім мазмұнына жаңалық енгізудің тиімді әдістерін іздестіруші маман. Мұғалім өз пәнін шебер меңгеруімен қатар, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастырып, оның нәтижелерін алдын ала болжап, кемшіліктерін түзете білетін құзыретті тұлға болуы тиіс. Балаларға жеке тұлға құзыреттілігін қалыптастыруда дұрыс бағыт-бағдар беру, жол сілтеу –қосымша білім беру педагогтарының құзыретіндегі жұмыс.

Қазақ халқаның дәстүрлі өнерін насихаттауда «Қылқалам» үйірмесі ақынжанды жас таланттардың өнерін шыңдауға, шығармашылық қабілетін дамытуға, сөз құдіретінің мәнісін мәнерлі, мазмұнды жеткізуге баулып келеді. Ауданға танымал «Шартарап Шарайна», «Өскен өңір» газет беттерінде жас ақындарымыздың өлеңдер мен қызықты мақалалары ұдайы жарияланып тұрады.

Сахна өнері, сахна мәдениеті өзінше бір әлем. Өнерпаздың эстетикалық талғаммен орындаушылық қабілетін дамытуда,тыңдарман қауымға да әсер етуде «Қуыршақ театры» үйірмесінің орны ерекше. Үйірме оқушылары өздері сомдаған ертегілерін аудан көлеміндегі балабақшаларға қойып,олардың ыстық ықыластарына бөленді. Осы тұста оқушылар үйіндегі «Дизайн» үйірмесінің жұмысын ерекше атап өтуге болады. Түрлі киімдер мен сәнді киім үлгілерін тігуде үйірме оқушылары жақсы машықтанған. Білгер, он саусағынан өнер тамған педагог Ұ. Наханова мен А. Ешентаева барлық мәдени іс-шаралардың, байқаулардың киім үлгілерін оқушыларының көмегімен өздері дайындайды. Аудандық іс-шараларда тігілген киім үлгілерінен көрмелер, сән көрсетілімін көрсетеді.Көркем –эстетикалық бағытындағы үйірме жетекшілерінен А.Абдраманова, А.Артықбаева, Ұ.Аширбекова, Ж.Князбаева, Б.Шылмырзаева. Г.Қансейіт, Г.Жанкисеева Г.Озғанбаев секілді педагогтарымыздың шәкірттерімен дайындаған туындылары аудан, облыс көлеміндегі көрмелер мен байқаулардың жеңімпаздары атанған.

Экология –биология бағытындағы үйірмелер бөлме гүлдерін өсіру,күтіп баптау,көбейту жолдарын оқушыларға насихаттап қана қоймай, одан қалай пайда табуға болатындығын да үйрету мақсатында «Стартап» жобасы қолға алынған.Үйірмеге қатысушы оқушылар өздері гүл өсірудің

толық қыр – сырларымен танысып, мекемені де гүлдермен безендіруді қолға алған. Педагогтардан Г.Қойланова, Э.Бөлекбаева, Н.Сахова, Ж. еңбектерін ерекше атап өтуге тұрарлық.

Мекеменің жұмыс бағытының бірі, оқушылар көптеп тартылған үйірмелер спорттық үйірмелер. Олар қол күрес және тоғызқұмалақ, шахмат, шашка, дене шынықтыру үйірмелері. Қол күресі үйірмесінің оқушылары үйірме ашылған уақыттардан бірі облыстық, республикалық турнирлер мен біріншіліктердің жеңімпаздары атануына ерекше ықпал етіп отырған жас педагог Б.Шынтаевтың әлі талай чемпиондарды тәрбиелейтіндігіне сеніміміз мол.

Саналы ұрпақ тәрбиелеу Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының басты критерийі саналады. Осы тұрғыда әрбір оқушы сапалы білім алып, елімізді бай, қуатты мемлекетке айналдыру үшін құқықтық және қаржылық сауатты болуы тиіс. «Туған жер», «Дәстүр мен ғұрып». «Үнем-қоғам қуаты» жобасы аясында осы бағытта арнайы жоспар құрылып, түрлі іс-шаралар өткізіліп, Оқушылар үйінің Facebook парақшасында жарияланып отырылады. Оқушылар үйі аудан мектептерінің оқушылары үшін көпшілік іс-шаралар орталығы болғандықтан, жасөспірімдердің өнерін, талантын ашып, танытуда көптеген нәтижеге қол жеткізді. Мекеменің іс-қызмет бағдарламасына сәйкес көпшілік іс-шаралар аудандық және үйірмелер арасындағы шаралар бойынша жоспарлы жұмыс жүргізеді. Сондай іс-шаралардың бірі «Түркістан: көне мен келешек көпірі» атты облыстық өнер фестивалі Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Естайұлы Шөкеевтің бастамасымен Шардара ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен Оқушылар үйінің базасында аталып өтті. Өнер фестивалін Шардара аудан әкімін орынбасары Б.Қ.Шомпиев ашып берді. Фестивальдің тақырыбының аясында оқушылар мен ұстаздардың қолынан шыққан ұлттық нақыштағы қолөнер бұйымдарынан көрме ұйымдастырылды. Көрмеге қойылған бұйымдарды Түркістаннан келген арнайы комиссия мүшелері жоғары бағалады.

27 мамыр күні Түркістан қаласындағы «Ақ жайық» музыка мектебінің базасында өткізілген «Түркістан: көне мен келешек көпірі» атты өнер фестивалінің облыстық гала концертіне көркемсөз оқу шеберлері қатысып, арнайы II дәрежелі дипломмен марапатталды. 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігіне орай облыс оқушылары арасында өткізілген «Татулық – достықтың киелі бесігі» байқауында оқушымыз Ислам Бакнұр жеңімпаз атанды. «Мырзашөл таланттары» өнер байқауында көркемсөз оқу жанры бойынша Жылқыбай Ақерке жеңімпаз атанып, Қазақстан

Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» Республикалық ғылыми орталығының ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.

Қазіргі таңда елімізде оқушы жастардың кітап оқымайтыны туралы жиі айтылатыны жасырын емес. Жалпы, оқушылар кітап оқымай ма, әлде мектеп оқушылары қызығып оқитын көркем әдебиеттер жоқ па деген сұрақтың да ойға оралатыны анық. Жас жеткіншектерді «кітап оқымайды» деп бекерге кінәлай бергенше олар қызығып оқитын кітаптарды көптеп шығарып, сол кітаптарды оқуға балалардың қызығушылығын арттырудың маңызы зор. Осы орайда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы аясында ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім саласында «Оқуға құштар мектеп» жобасын қолға алды

«Жалпы мектеп жасындағы балалардың кітап оқуға құмарлығын ояту үшін үлгілі мектептерде көптеген жұмыс атқарылуда. Оның ішінде «Оқу сағаты» деген жоба бар. Ол жоба бойынша, күн сайын мектепке келген оқушыға 20 минуттай кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытында жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мұндай іс-шаралар бірқатар алдыңғы қатардағы мектептерде бар екені белгілі. Осы жобаны жалғастыру мақсатында тек қана мектептер емес, сонымен қатар мектептен тыс ұйымдар да атсалысуы тиіс деген ұйғарыммен Шардара аудандық Оқушылар үйінде де арнайы кабинет жасақталды. Оқу кабинетінде балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсатында олардың сұраныстарын қанағаттандыратындай кітаптармен толықтыру мақсатында «Кітап сыйла!» акциясы өтілді. Акцияға Оқушылар үйінің қызметкерлерімен қатар Шардара ауданы әкімінің орынбасары Б.Шомпиев, Шардара аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімінің басшысы А.Бердалиева, осы бөлімнің бас маманы Д.Нұсқабаева және мұғалімдер қатысып, кітаптар сыйға тартты. Оқушылар үйінің арнайы кітапханасы болмағанымен, қала мектептері және аудандық орталық кітапханамен меморандумға отырып, кітап алмасу арқылы оқушыларға қызықты кітаптар әкелініп, оқып болған соң қайта алмастырылып отырылады.

Шардара аудандық оқушылар үйі ағымдағы жөндеуден толық өткізілген және материалдық-техникалық базасы компьютерлер, интерактивті тақталар, принтерлер, орындықтармен толықтырылған.

Педагог мәртебесі туралы заңға сәйкес қосымша білім беру қызметкерлерінің де еңбекақысы жыл сайын өсуде және санаттар үшін қосымша ақылары ұлғайтылды. Сондықтан қосымша білім беруді дамытудың жаңа кезеңі басталды деп сеніммен айта аламыз.

Әдебиеттер:

1. Ж.Қоянбаев, Р.Қоянбаев. Педагогика.- Алматы, 1998, 2000.
2. Е.Сағындықұлы. Педагогика. - Алматы, 1999.
3. С.Қалиев, Ш.Майғаранова, Г.Нысанбаева, А.Бейсенбаева. Оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамытудық педагогикалық негіздері. - Алматы, 2001.
4. А.С.Макаренко. Тәрбие мақсаты. – М 1958

ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ АРҚЫЛЫ ҮЙІРМЕШІЛЕРДІҢ ТАНЫМДЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ

Амиралиева Гулбанум Дуйсеновна
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы
Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директоры,

Бердиева Кенжекей Тургунбековна
Түркістан облысы, Сайрам ауданы, Ақсу ауылы
Сайрам ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Жас туристер станциясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
директордың әдістемелік жөніндегі орынбасары

Тәуелсіздік рухымен өсіп келе жатқан бүгінгі жас буын
– біздің ертеңгі үмітіміз, сенімді тірегіміз

Н.Ә.Назарбаев

«Жастар – болашақтың тұтқасы» демекші, Қазақстан қазір өз жастарының білімі мен тәрбиесіне көп көңіл бөлуде.[1] Қоғамның алдында тұрған ұлы міндеттердің әрі тәлім-тәрбиенің негізгі мақсаты – қайсар рухты, жаны жайсаң, дені сау, ұлттық сана сезімі мен рухани ойлау деңгейі жоғары, мәдениетті, парасат-пайымы мол, еңбексүйгіш, өз ісіне мығым, игі қасиеттерді өз бойына сіңіре білген ізгі ұрпақ тәрбиелеу.[2] Себебі бүгінгі өсіп келе жатқан бүлдіршіндеріміз – қоғамның іргесін қалайтын, дана Абайша айтар болсақ кетігіне кірпіш болып қаланатын, үкілеген үмітімізді ақтайтын қоғамның кішкентай мүшелері. Елімізді өркениетке жеткізу үшін балаларымыздың тәрбиесіне баса назар аударып, олардың білім нәрімен толық сусындауына, кәсіби бағдар алуына жағдай жасауымыз қажет. Осындай озық ойлы, жаңашыл ұрпақты тәрбиелеуде сыңар жақты, яғни тек стандартты білім беріп қана қоймай, баланың шығармашылық дамуына да көңіл бөлу қажет. Әрбір бала бар саланы бірдей толық қамтып алып кетуі мүмкін емес. Бұны ғалымдардың зерттеулері де дәлелдеген. Бір ғана саланың

өзін әркім өз қабілетіне қарай әр деңгейде меңгереді. [2] Осы орайда баланың шығармашылық қабілетін дамытумен, кәсіби бағдар берумен, баланың жаны сүйген іспен шұғылдануына жағдай жасайтын білім беру ошағы қазіргі таңда қосымша білім беру мекемелері болып табылады. Шығармашылық дегеніміз бүкіл тіршіліктің бастауы. Шығармашылық қабілеті дамыған жеке тұлға өмірде өз орнын адаспай табуы үшін өзін-өзі терең танып білуге, өзін-өзі дамытуға ұмтылады, көргені туралы дұрыс ой түйіп, сапалы, дәлелді шешімдер қабылдауға бейім болады.

Білім беру жүйесінің басшы және ғылыми-педагогикалық кадрлар біліктілігін арттыратын республикалық институт мұрағатынан алынған мәліметтерге сүйенер болсақ өткен ғасырдың 70-80 жылдарында республикамызда 293-пионерлер үйі, 94-жастехниктер станциясы, 60-жас натуралистер станциясы, 359-балалар спорт мектебі, 293- балалар музыка мектебі, 21-балалардың экскурсия-саяхат станциясы, 10- балалар саябағы, 9-балалар стадионы жұмыс жасаған.[3] Алайда оңтайландыру саясаты кезінде Қазақстанның көптеген облыстарында, аудандарында бұндай мекемелер жабылып қалды. Соңғы жылдары балалардың бос уақыттарын тиімді әрі мазмұнды пайдаланып, жан-жақты дамыған нағыз патриот өскелең ұрпақты тәрбиелеп, жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қосымша білім беру мекемелері қайта ашыла бастады. Себебі қосымша білім беру ұйымдары мектеп білімі аясында үнемі іске асырыла бермейтін салалардағы танымдық қызығушылықтары мен қажеттіліктерін қанағаттандыруға байланысты білім беру іс-әрекетін жандандырып, әр баланың жеке қызығушылығына қарай, қабілетіне қарай жұмыс жасауды қолға алды. Ол туралы еліміздің «Білім туралы Заңының» (2011.19.01. берілген [өзгерістер мен толықтыруларымен](#)) 37 бабында былай делінген: Қосымша білім беру білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қосымша білім беру түрлерін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын қосымша білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады. Қосымша білім беру мекемелері өз кезегінде «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары, оның ішінде балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығымен бекітілген «Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлері қызметінің үлгілік қағидаларын» басшылыққа алып жұмыс жасайды.[4] Балаларға қосымша білім берудің құндылығы сол, ол жалпы білім берудің вариативті құрамын күшейтеді, жасөспірімдерге өз-өздерін кәсіби бағдарлауда көмектеседі, балалардың мектепте алған білімдері мен күш-қуаттарын іске асыруға септеседі. Мектеп балаларға стандартты білім алуды жүзеге асырса, қосымша білім беру ұйымдары тұлғаның еркін дамуы үшін жағдай жасайды. Солайша демократиялық реформалар тудырған отандық білім беру саласындағы жаңа құбылыстар қатарында барынша

маңыздылардың біріне айналады. Осы орайда Сайрам ауданында балаларға туристік-спорттық, өлкетану, экологиялық бағыттарында қосымша білім беретін өзіміздің мекеме туралы айтар болсақ, 2011 жылдың қараша айынан ірге тасы қаланып, мектеп жасындағы балаларға сабақтан тыс бос уақыттарында үздіксіз қосымша білім беріп келеді. Бүгінгі таңда станцияда жұмыс жасайтын 9 қосымша білім беру педагогы аудан орталығындағы он бір мектептермен тығыз жұмыс жасап, 432 оқушыны үйірмеге тартып, өз қызметтерін атқаруда. Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының «Туған жер» бағдарламасында айтылған мақсаттарды жүзеге асыру үшін қосымша білім беру педагогтары үйірмешілерге Сайрам ауданының табиғаты әсем орындарына саяхаттар ұйымдастырып, бала мен табиғат арасындағы үйлесімдіктің орнауына негіз болып келеді. Табиғаттың сұлу сырын сезінген баланың шығармашылығы артары сөзсіз. Әрбір баланың өмірге деген көзқарасы табиғатқа саяхаттан алған әсерін баяндау арқылы ұжымдық қарым-қатынаста толысып қалыптасатыны белгілі.[5] Ауданымыздың тарихи орындарына үйірмешілермен жиі саяхаттар ұйымдастыра отырып, үйірмешілеріміздің бойында патриоттық рухтың артып, отанымызға деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға, ішкі туризмді дамытуға үлес қосудамыз. Сайрам ауданы Қазақстандағы туризмнің көптеген түрлерін, атап айтқанда спорттық (альпинизм, шаңғы спорты), балық аулаушылық, экологиялық, емдік-сауықтыру, этникалық, ғылыми және танымдық туризм түрлерін дамытуға жайлы территорияда орналасқан. Тарихи деректерге сүйенсек, бүгінгі Сайрамның орнында ертеректе Исфиджаб қаласы болған. Қала осыдан үш мың жылдай бұрын, осы өлкені мекендеген жергілікті тайпалар отырықшылыққа көше бастағанда аты аңызға айналған Ұлы Жібек жолы бойында салынған. Оның бел ортасында орналасқан қала туралы алғашқы мәлімет Заратустраның әйгілі «Авесто» шығармасында кездеседі. Ал шығарманың жазылғанына екі жарым мың жылдан асты.[6] Туған өлке бойынша саяхаттар жасай отырып, үйірмешілерімізді қызықты тарихи деректермен, мағұлматтармен хабардар етеміз. Тарихы тереңде жатқан ежелгі өз өлкесі туралы құнды мәліметтермен танысқан үйірмешілеріміздің бойында мақтанш сезімі оянып, тарихқа деген қызығушылығы артып, қанаттанып, шығармашылық қабілеті арта түсері сөзсіз. Бала бойында ұлттық патриотизмнің қалыптасуы үшін тәрбиенің дұрыс бағытта жүргізілуі тиіс екендігін ғалымдарымыз өз пайымдаулары арқылы дәлелдеген. Осы ұстанымдарды ұстанған педагогтарымыз үйірмешілермен танымдық сабақтар мен саяхаттарды ұйымдастырып, жүргізіп келеді. Станцияның туристік-спорттық бағытындағы жұмыстарын жандандыра отырып, баланың өз денсаулығына аса мән беруіне, салауатты өмір салтын ұстанып, шымырлығын арттыруына жағдай жасаймыз. Баланың ұжыммен бірлесіп жұмыс жасап, көпшілік орындарда, іс-шараларда мәдениетті болуға тәрбиелеп қана қоймай жылдам әрі дұрыс шешім қабылдап, достарына дер

кезінде көмек қолын созуға баулимыз. Спорттық туризмнің алғышарттарын меңгерте отырып, Ақсу шатқалы мен көршілес Түлкібас, Төлеби аудандарындағы таулар мен шатқалдарға туристік керек-жарақтар арқылы өрмелеу тәсілдерін үйретеміз. Станцияның құрама тобы облыстық жарыстарға үнемі қатысып, облыс көлемінде құрылған 11 аудандық жас туристер станциялары арасында көш басында келеді. Бұл да өз ретінде баланың шығармашылығын арттыруы мен кәсіби бағдар алуының айғағы болып табылары сөзсіз.

Балаларға экологиялық білім беру арқылы қоршаған ортаны қорғауға, табиғаттың жанашыры болуға, өлкемізде туандаған экологиялық мәселелерді шешуге атсалысу барысында өз көзқарастарын, пікірлерін айтуға тәрбиелеу арқылы үйірмешілерді өз елінің нағыз патриоты болуға баулимыз. Өркениетті елімізді бұданда жоғары жетістіктерге жеткізетін білімді, патриот, еңбексүйгіш, өз салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін, ділін, құрметтейтін өскелең ұрпақ қана нағыз көшбасшы болатынын білетін білікті педагогтарымыз өз шәкірттерімен қызықты тақырыптарда танымдық сабақтар өткізіп, аудандық, облыстық іс-шараларға қатыстырып, шыңдап келеді. Тәрбиелік маңызы бар іс-шараларға қатысып, өздерінің білімдері мен біліктіліктерін сарапқа салған үйірмешілеріміздің шығармашылық қабілеті үнемі артып отыратыны сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Тәрбие құралы» № 3 2021
2. Тұрақұлова Ә. Балам жақсы болсын десеңіз Алматы, 2019
3. Қажиева Г. Қосымша білім беру жүйесінде оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыру және басқару Алматы, 2011
4. Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңы
5. Қалиев С., Иманбекова Б., Жұмабаева Ж. Тәрбие хрестоматиясы Алматы «Алматыкітап», 2004
6. Жалын. Сайрам ауданының үздік жастары Алматы «Үш Қиян», 2019

«Үйірме сабағында оқушыны мәнерлеп оқу шеберлігіне баулу»

**Түркістан облысы Бәйдібек ауданының
адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты
Шаян көп салалы лицей-жалпы орта мектебі**

**«Көркем сөз» үйірмесінің жетекшісі:
Утебаева Гулжайна Шарипбековна**

Мұғалімнің айналысатыны – үнемі
қозғалып, өзгеріп, өсетін,
өркендейтін тірі адам болғандықтан
біркелкі әдіске табан тіреп шектеліп
қалуға болмайды...»

Ж. Аймауытов

Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Қазақстандағы білім беру реформаларының ортақ мақсаты білім беру жүйесінің жаңа әлеуметтік-экономикалық ортаға бейімделуі болып табылады» делінген. Жеке тұлғаның дамуының, мәдениаралық алмасулардың, пікірін еркін білдірудің, жаңашыл жобаларды, шығармашылық ойларды іске асырудың түпқазығы ретінде Қазақстанда қолайлы орта қалыптасқан. Бұл, өз кезегінде, жас ұлттың талаптары мен қызығушылығына барынша жауап беретін білім берудің прогрессивті жүйесін қалыптастырумен анықталады. Осылайша Қазақстанның қазіргі даму кезеңінде білім беру негізгі роль атқарады.

Оқушының өз бетінше білім алуын ұйымдастырғанда, өзінің туған халқының ұлттық құндылықтарын қадірлеп, туған жері, тарихы, қоршаған ортасы туралы түсінігі болып, ол туралы айтып бере алуына мүмкіндік жасалғанда ғана аталған міндеттері шешімін табатыны сөзсіз. Сол себепті де жаңа білім беру жүйесінде әрбір азаматтың тұлғалық дамуын күшейту басты назарға алынып отыр. Мектептерде негізгі пән ретінде тіл мен әдебиет пәндерінің орны ерекше. Ал жаңаша оқыту үрдісінде бұл пәндердің маңызы бұрынғыдан арта түседі, әрі тіл мен әдебиет пәндері оқушылардың тілдік білімі мен қарым-қатынас біліктілігін жетілдіру арқылы дара тұлғаның сөз өнері негізіндегі сөйлеу шеберлігін, жұрт алдында сөйлеу мәдениетін арттыруды басты назарға алады.

Жалпы білім беретін мектептердің алдында өскелең ұрпаққа берілетін сапалы білім, саналы тәрбиені одан әрі жетілдірудің айрықша міндеттері қойылып отыр. Оқушылардың көркем сөйлеу мәнері мен мәдениетінің негізі мектепте басталады. Балалардың сөйлеу дағдысын, көркем сөйлеу мәнерін,


тілдік тәсілдер мен сөз шеберлігін орнымен қолдану қабілеттерін қалыптастыру – бүгінгі күннің көкейкесті әңгімесі болып отыр. Айналаны қоршаған дүниедегі тіршілікті дұрыс түсіну, әдемілікті қабылдау, дұрыс сөйлеу – қоғамдағы қарым-қатынастан басталады.

Ең алдымен мәнерлеп, көркем оқудың не екеніне келетін болсақ, «Мәнерлеп оқу» атты оқулығында ғалым апамыз С.Желдербаева «Мәнерлеп оқу дегеніміз - қарапайым сөйлеу тіліне жақын, еркін оқу» деп анықтама берсе, «Мәнерлеп оқу – оқу шеберлігі, олай болса, ол жұмыс ең алдымен оқушыларға тіліміздегі сөздерді дұрыс айтқызып, жатық сөйлеттіруден, көркем тексті нақышына келтіріп оқудан басталады» деген С.Тілешованың да анықтамасы көкейге қонымды. Шын мәнінде өзге білім дағдыларын игергендей көркемдеп, мәнерлеп оқу дағдылары да үнемі дайындалу, үздіксіз іздену, жаттығу әрі қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен жинақтаған білімін ұштастыра білу нәтижесінде ғана қалыптасады. Оқушының мәнерлеп оқи білу дәрежесіне қарап, оның талабы, талғамын, білім дәрежесі мен ой өрісін, дүниетанымы деңгейінің көрсеткіші ретінде мөлшерлеуге болады.

Әдебиет сабағы – сөз өнері. Бағдарлама бойынша оқушыларға көркем шығарманы мәнерлеп оқу, тіл шеберлігіне көңіл бөліп отырып, терең тебіреніп, әсерлендіріп, оқушыларды сөз құдіретіне сезінуге баулимыз.

Мәнерлеп оқуға әдебиеттегі көркем туындылары жатады. Осы көркем шығарманы мәнерлеп оқу жөнінде теориялық және практикалық білім беріледі.


Әр сабақтың үрдісінде практикалық, теориялық жоба жасалады.



Мәнерлеп оқу – сөйлеу техникасын, дауыс сапасының даму жолдарын көрсету.

Автордың ой-пайымымен көркем шығарманы сөйлету күрделі әрекеттің бірі. Көркем мәтіннің болмысына терең бойлап, жете меңгермейінше оны сөйлету қиын. Өлендегі әр сөз, бунақ белгілі ой ағымын ұсынады. Оны дәл сол мәнінде тиісті ырғағымен оқу үлкен шеберлікті талап етеді.

Мәнерлеп оқу – сөйлеу техникасын, дауыс сапасының даму жолдарын көрсету, шәкірттерді көркем оқуға баулу үшін тапсырмалар арқылы оқушы қызығушылығын арттырамыз. Мұғалім одан – жазушылардың бір тақырыпқа жазылған шығармаларын оқытса, оқушылардың сұлулықты сезінуі, әсемдікті қабылдауы толығырақ түседі. Мәнерлеп оқу арқылы көпшілік алдына емін-еркін шығып этикалық оралымдарды шебер қолдана алады.



Оқушылар алдында кез-келген мәтінді көркемдеп оқып беру үшін, мұғалім көркем шығармаға терең бойлап, оқу ерекшелігіне, тіліне талдау жасап, шығармашылық тұрғыда ізденеді. Мәтіндегі негізгі, астарлы ойларды, әрбір бөлшегін, керек болса әр сөз тіркесі мен сөзіне дейін іштей оқып дайындалады, мәтінді толық меңгеріп, оқу мақсатын белгілейді. Осылайша көркем шығарманы оқуға дайындық барысында творчестволық тұрғыда еңбек етеді, ізденеді. Мәнерлеп оқу пәні әдебиет, қазақ тілі пәндерінің негізгі құрамдас бөлігі. Әдебиет сабағының негізгі мақсаты мәтінмен жұмыс жасау болса, оның ерекшеліктері мұғалімнің басты қаруы – сөзі арқылы оқушы жүрегіне, сезіміне ықпал ету, әсерлендіру, пәнге қызықтыру, толғандыру, ойландыру. Сол арқылы оқушының эстетикалық талғамы артып, көркемдік әлемінен сусындауды үйренеді. Жазушы Ғ.Мүсірепов айтқандай «Бір сөздің бір сөзге жарық та шашатынын, көлеңкесін де түсіретінін» жай сөзбен баяндап, хабарлап қана қойып, атүсті түсіндіру арқылы емес, білім алушының өзіне негізгі ой түйінін тапқызып, жаңа тақырып мазмұнын игеруде сөзбен жұмыс жасай білуге, өз ойын еркін әрі ашық, логикалық

бірізділікпен айтуға, ауызша сөйлеу мәдениетін жетілдіру секілді жұмыстар жасап қызықтыруға болады.

Сөйлеу мақсатына қарай бат-әлпет құбылыстарын да дұрыс қолдана білу сөздің тартымдығын арттырады. Сөйлеу техникасын, дауыс мәнерлерін жарасымды қолдану үшін дайындық кезінде айна алдында тұрып жаттығу қажеттігі дәйектелген. Сондықтан айнаға қарап айтар сөзіне толық дайындалу, сөйлеушінің өзіне деген сенімділігін күшейте түседі.

Оқушы көркем сөздің қоғамда атқаратын рөлін біле отырып, ауызекі сөйлеу тілі мен әдеби тілді меңгеруі тиіс. Жұрт алдында сөйлеу мәдениетін меңгеру арқылы шешендік өнерге бейімделіп, өнер мәртебесінің биіктігін, қасиетін сезінеді. Монолог, диалог, прозалық, поэзиялық шығармаларды еркін оқып, амал-тәсілдерді қолдана білген оқушының сахнаға шығып, мәдени шараларды жүргізе алатыны анық.

Сахналық қойылымдарда образдық бейнеге еніп, қимыл-әрекет, сөйлеу мәнері сақталғанда ғана мәдени шараны жүргізуге жеңілдік болады. Мәнерлеп оқуға төселдіру үшін үздіксіз шығармашылық жұмыстар, фонологиялық жаттығулар, мәтінмен жұмыстар жүргізіп отырсақ, шебер сөйлеушінің қалыптасуына жол ашамыз.

Мәнерлеп оқу - әдебиетті оқытудың басты әдістемелерінің бірі. Мәнерлеп оқудың мақсаты:

- а) оқушыларға көркем туындының эмоциялық-эстетикалық әсерін сезіндіру;
- ә) көркем мәтінге жан беру, әр сөздің мәні мен мағынасын, сөз бояуларының нақышын сезе білу;
- б) көркем мәтіндегі айтар ой мен поэтикалық көркемдікті өздеріне болжату, түсіндіру, мәтінді талдау дағдыларын дамыту.

Мәнерлеп оқу 3 сатыдан тұрады. Таным үш сатылы. I саты – сезімдік таным, оқушы нені болса да әуелі бес сезім арқылы қабылдайды. Мазмұнды оқып білу, игеру – алғашқы сезімдік танымға жатады. II саты – шығарманың өзіне тән көркемдік ерекшеліктерін танып оқу (талдап оқу) болмақ. Бұл тұста оқушы көркем сөздің заңдарын үйренеді (образ, композиция, тіл, сюжет, өлең өлшемі, жанры, тақырыбы, идеясы). Мұны ақылдық таным дейміз. Білім мен таным оқушыға осы екі оқу тұсында беріледі. Ақылды байытудың бір құралы – ес. Бірақ ол – психологиялық процесс.

Бұл екі оқудан мәнерлеп оқудың жөні тіпті бөлек. Онда зор сапалық айырма бар. Ол неде? Мәтінді оқу, талдау тұсында оқушы төселіп білім алып, алға басады. Оны білім жинақтау сатысы дейміз. Бірақ танымның биік сатысы қиялдай білу болады. Оқушының қиялы, қиялдау қабілеті үшінші оқу тұсында дамиды. Енді ол өзінің білгенін қиялдап жаңадан айта алады. Алғашқы оқу мен талдау тұсында бала білім алу сатысында болса, мәнерлеп оқу тұсында олар бізге алған білімін қайтарады, сондықтан оны шығармашылық саты дейміз. Оқу, талдау – сандық оқу, мәнерлеп оқу – сапалық оқу. Оны қайтарма оқу дейміз.

Мәнерлеп оқудың түрлері. Мәнерлеп оқу 5–7 сыныптардан басталады, ол үш түрлі формада үйретіледі.

Даралап оқу. Оқушы өлең жаттайды. Оны мәнерлеп орындату дейміз. Кейде бала прозаны да жатқа орындайды. Мұнда сөйлеу мәнері басты орын алады. Өлеңді жаттап, ешқандай мақам, ырғақсыз айтса, оның берері жоқ. Бұл оқу көбіне сезімдік танымға жатады. Жаттауға бүгінгі ақындардың шығармаларынан бастап, фольклор шығармаларын да ұсынамыз. Даралап оқу баланың лексикасын байытады, логикалық ойын дамытады.

Мәтінді рөлге бөліп оқыту. Мұны кейде кейіпкерге еліктеп оқу деп те атаймыз. Бұл көбіне талдау сабақтары тұсында қолданылады. Оған диалог сөз, драмалық шығарма үзінділері, мысал, айтыс жанры қолайлы. Мәтінді рөлге бөліп оқыған жерде кейіпкерлерге мінездеме берудің қажеті жоқ. Мысалдың аллегориясын ғана ескертеміз.

Әндетіп оқу. Эпостарды өткенде монологтарды домбыра (жыр) күйіне салып айтса, бұл да күшті есте қалады. Абай шығармаларын өткенде де әндерін мәтінге негіздеп орындату керек. Ән мен көркем шығарманың бірлесуі – зор үлес.

Мәнерлеп оқу – көркем шығармаға терең бойлап оқудың, шығармашылық ізденістің жемісі. Көркем мәтінді оқу алдында оқушы ондағы әр көріністі, әр деталды, әр сөзді іштей қорытады, толық меңгереді, оқу мақсатын белгілейді.

Мәнерлеп оқу – оқушының талабы мен талғамының, білім дәрежесінің, ой-өрісінің көрсеткіші. Оқушы көркем шығарманы көп оқыса, оқығаннан көңілге тоқығаны мол болса, оқу техникасы жетілген болса, оның оқу, орындаушылық шеберлігі де соғұрлым арта түседі. Мәнерлеп оқу материалын таңдаған кезде оның тартымдылығы, тәрбиелік мәні, шығарма мазмұны мен тілінің бала ұғымына ауыр болмауы ескеріледі. Оқушыға прозалық және поэзиялық шығармалармен жұмыс жасауды қатар жүргізу қажет. Сонда ғана оқушы прозалық шығарманы мәнерлеп оқып, инсценировка жасалған кезде рөлдерді шебер орындай алады.

Мәнерлеп оқу екпінді дұрыс қоя білу, оқу мәнерін меңгеру, тыныс белгілерін сақтап, дұрыс кідіріс жасау, дауысты сөйлемдегі ой мазмұнына сай баяу, жігерлі оқу немесе тілек, сұрақ, көңіл күйді көтеріңкі үнде оқу ескеріледі.

Сонымен қатар, кино, радио, теледидар арқылы әртістердің, көркем сөз шеберлерінің, дикторлардың оқуына зер салып, қадағалап отырады. Бұл оқушылардың сөз мәнерін, сөйлеу тілін жетілдіруге көмектеседі.

Лирикалық шығармаларды ақын өз ойы, өз сезімі, өз күйін тікелей кейіптеу арқылы жеткізсе, лириканың сол өзіндік қасиеттерін түсіну үшін баланың да ақынжанды жүрегі, нәзік сезімі, ұшқыр ойы болу керек қой. Ал ондай сергектік, нәзіктік барлық адамда бола бере ме?! Лирикалық шығармаларды құлақпен емес, жүрекпен, сезіммен қабылдау керек десек, ол шығармаларды бала қалай меңгереді, нені сезді, неге тебіренді, қандай көңіл-

күйде болды?.. Оны тексеру де мұғалімге оңайға соқпайтын мәселелер. Міне, сондықтан да лириканы оқытудың күрделілігі осында жатыр.

Әсіресе, 5-8 сыныптарда сабақ басталмас бұрын көңілді, сазды, назды музыка тыңдату, мүмкіндігі келсе өтілгелі отырған лирикалық шығарманың әні болса, әнімен қоюдың, күйлерді тыңдаудың маңызы зор. Мысалы, Махамбеттің «Тарланым» өлеңін алайық.

Көмек-нұсқау. Өлеңді асықпай 2-3 рет оқып шық, түсінбеген сөздерің болса, белгілеп қой. Исатай қалай бейнеленген, қалай жырланған, қандай сөздермен суреттелген? Өлеңнен табыңдар, Мәнерлеп оқуға дайындал. Қандай мәнермен оқыр едің? Өлең қандай көңіл-күймен жазылған? Ең соңғы өлең жолына қарасаң, бәлкім, жауабын табарсың.

Лириканы оқытудың басты мақсаттарының бірі – оқушыларды поэзияны сүйуге баулу, оның кестелі тілін сезіне білуге, эстетикалық ләззат ала білуге, әдемі, көркем сөйлей білуге баулу болып табылады.

а) өлеңді әуенмен, сазымен мәнерлеп оқуға, жатқа оқуға ерекше көңіл бөлу.

ә) өлеңдегі ақынның көңіл-күйін бағдарлату, оқушылардың өз сезімі, өлеңнің әсеріне де назар аудару.

б) тақырыпқа сай музыканы, бейнелеу өнерін, басқа да өнер туындыларын, көрнекілікті үйлесімді, тиімді пайдалану.

в) тиімді көңілді оқу жағдайын туғызу. Жағымды ахуал жасау (балаларға ұрыспау т,б,)

г) қабілеттерін, шабыттарын ояту, белсенділіктерін арттыру мақсатында шығармашылық сипаттағы әдіс-тәсілдерді пайдалану.

Лирикада ақын сезімі өмір сүреді, оқушы оны өз сезімімен қабылдайды. Екі сезім түйіскенде ғана, яғни ақын сезімі мен оқушы сезімі түйіскенде, қабысқанда, бір-бірін тапқанда ғана ол туралы сөз қозғау тиімді болмақ. Оқушыларды лириканы сүйуге, түсінуге, оны өз еріктерімен оқуға, өмірлік сырлас досы етуге талаптандыру оны оқытудың басты мақсаты болып табылады. Оқушылардың оған деген жағымды көзқарастарын қалыптастыру жүйелі жұмысты талап етеді.

Өлеңді мұғалімнің өзі мәнерлеп оқуы, күйтабақтарды пайдалану, сабаққа көркемсөз оқудың шеберлерін шақырып, кездесу өткізу, табиғатқа саяхат жасау, сол жерде табиғат лирикалары туралы өлеңдер оқып, оны бейнелейтін суреттер көрсету, әндер тыңдап, алған әсерлері бойынша әңгіме өткізу сияқты лирикалық шығармаларды сүйуге баулу жұмыстарын жүргізу нәтижелі, тиімді болмақ.

Мәнерлеп оқу оқылып жатқан көркем туындының, яғни лирикалық өлеңнің мазмұны, мәніне байланысты болып келеді. Ерлік, патриотизмге негізделген өлеңдер көтеріңкі ырғақ, көтеріңкі леппен оқылса, табиғат, махаббат жайлы өлеңдер нәзік леппен, терең сезіммен оқылады. Лириканы мәнерлеп оқуда әр сөз, әр тыныс белгісі де үлкен рөл атқарады.

Өлеңнің тармағы, шумағы, тіпті дыбыс үндестіктеріне де назар аудару керек, Мысалы, Мағжанның «Толқын», т,б, өлеңдерінде дыбыстардың

маңызы ерекше. Ақын дыбыстан сурет жасайды, дыбыс арқылы махаббаттың лапылдап тұрған жалыны беріледі, дыбыс келісімдері арқылы табиғаттың бейнесі көз алдыға елестейді. Сондықтан да, дыбысты өз нәшімен оқи білудің маңызы зор.

Мәнерлеп оқу көркем туындыны қабылдай білу, түсіне білу әрі талдай білуге жетелейтін маңызды бір тәсіл десек, артық айтпаймыз. Мәнерлеп оқу, ең алдымен, оқушыларды көркем туындыны барлық бітім-болмысымен толық түсіне білуге алып келеді. Көркем шығарма бойына «қан жүгіртіп, жан бітіретін» мәнерлеп оқу болып табылады. Әдеби талдау барысында мұғалім үнемі мәнерлеп оқуға көңіл бөліп отыруы керек. Әсіресе, кейіпкерлерге мінездеме бергенде, жазушы стилі, көркем тіл айналасында сөз болғанда, қорыта айтқанда, бір мәселеге ерекше көңіл бөле талдағанда, оны мәнерлеп оқусыз жүзеге асыру өз дәрежесінде болмайды. Мысалы, 5-сыныптағы М. Шахановтың «Отырар дастаны» өлеңін рөлге бөліп, мәнерлеп оқу сол шығарма негізінде жатқан автор ойын, нысананы аңғарта білуге көмек жасайды. Асқақ, паң Шыңғыстың сөзі ірі, әрі ашулы, 6 ай бойы қайдағы бір Отырарды ала алмау не сұмдық?! Оның сөзі құр айғай емес, зілді, мығым, паң, асқақ шығуы керек. Баласына зымиян айла үйретіп жатқан сөздерінде жымысқы, аярлық үн басым. Қайыр хан үнінде «жеңілгендік» сазы емес, қайта ерлік сазы, сенім сазы басым жатыр (оны солай оқу керек). Өкініш те, болашаққа сенім де бар. Көркем туындына мәнерлей оқудың көркем туындыны талдауда маңызы зор, ең бастысы, олар оқушының жан-жүрегін оятады, сезімін селт еткізеді. Ал бұл іс-әрекеттердің барлығы көркем туындыны түсіну, оны қабылдауда ерекше рөл атқарады.

С. Торайғыровтың «Шәкірт ойы» өлеңі көтеріңкі дауыспен оқылады. Мәтіндегі тыныс белгілеріне байланысты дауыстың үлкенді-кішілі үзілісі мен жоғары-төмен екпіндік өзгерістерін, яғни интонациялық нақышты сақтап, бір сөзбен айтқанда, оқушылар леп белгісі мен сұрау белгісіне, үтір, нүкте, қаратпа, қыстырма, шылау сөздерге мән беріп, кідіріс жасап оқуға тиіс. Өлеңнің алғашқы екі жолынан басталған көтеріңкі екпін соңғы «күн болам» деген тіркесте үдей түседі де, сол қарқын «жылытуға мен кірермін» деген жолға дейін сақталады. Жалпы, өлең тұтастай көтеріңкі екпінмен оқылады.

Сол сияқты лирикалық нәзік сезіммен жазылған өлеңнің бірі - Ә.Тәжібаевтың «Сырдария» өлеңі. Алдыңғы «Шәкірт ойы» өлеңімен салыстырғанда, бұл шығармада ақынның туған өлкеге деген сырлы сезімі мен нәзік махаббаты, қуанышы айқын сезіледі. Ақын сезімнің бұл сияқты нәзік жақтары да өлеңді мәнерлеп оқу арқылы танылады. Олай болса, өлең тым жоғары пафосты екпіннен гөрі бәсеңдеу дауыспен оқылады. Сонымен бірге ақынның туған жерге деген сүйіспеншілігі байқалатын сөздерге ерекше екпін түсіріледі. Айталық, бірінші шумақта «білем, сүйем, анам, сенсің, сенен» сөздерін, сондай-ақ төртінші шумақта да «анам, ана» сияқты көтеріңкі екпінмен оқылатын сөздерді алдымен мұғалім өзі оқып беріп, содан

кейін оқушылардың өздеріне оқытып, жаттықтырғаны орынды. Мәнерлеп оқудан соң өлеңнің жалпы мазмұны жайындағы оқушылар түсінігіне байқаулар жасалады. Жұмыстың бұл түрі сұрақ-жауап түрінде жүзеге асырылады.

Тағы да М. Жұмабаевтың «Сүйемін» өлеңін өзім оқып және оқушылардың өздеріне бір-екі рет дауыстап оқытқаннан кейін:

- 1) Өлеңнен ақынның қандай сезімін байқадыңдар, ол қалай оқылады?
- 2) Ақынның Отанға деген сезімдерін білдіретін жолдарды, бейнелі сөздерді атаңдар, олар қалай оқылуы керек?
- 3) Өлеңдегі тыныс белгілеріне назар аударыңдар, өлеңді мәнерлеп оқуда олар қандай қызмет атқарады деген сияқты тапсырмалар арқылы да оқушыларды лирикалық шығармаларды мәнерлеп оқуға үйретуге болады.

Білім беру үдерісінде қажетті білім, білік, дағдыларымен қаруланған, оқырмандық талғамы терең, жан-жақты дамыған дара тұлға қалыптастыру – таңдалған тақырыптың күтілетін нәтижесі.

Қорытынды: Н.Назарбаевтың: «Қазақ тілін, әдебиетін дамыту дегеніміз - гуманитарлық тұрғыда қуатты қаруды шыңдау, қоршаған ортаны парықтап, бағалаудың бір құралын жетілдіру» деген сөзі тіл мамандарына бағыт – бағдар іспеттес. Ортақ мүддеміз де - осы.

Баяндамамды аяқтай келе, жеңіс атаулының бәрі өзінді жеңуден басталады дегендей, кездескен қиындықтарды жеңіп, кәсіби деңгейімізді дамытып, Елбасы Н. Назарбаевтың: «Біздің міндетіміз – бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу», – деген пікіріне қосыла отырып, саналы, білімді ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздық рух, дана да, батыр да бас иетін ұлылық тілеймін.

Н.Назарбаевтың: «Қазақ тілін, әдебиетін дамыту дегеніміз - гуманитарлық тұрғыда қуатты қаруды шыңдау, қоршаған ортаны парықтап, бағалаудың бір құралын жетілдіру» деген сөзі тіл мамандарына бағыт – бағдар іспеттес. Ортақ мүддеміз де - осы. Қорыта келгенде, әр баланың шығармашылық қабілетін арттыруға арналған жұмыстар оның ойлау мүмкіндігінің ең жоғары деңгейіне дейін жету керек. Күн өткен сайын ол деңгей биіктей береді де, жүйелі, жұмыс нәтижесінде оның дамуы жоғары дәрежеге жетеді.

Оқушының шығармашылық қабілетін дамыту дарынды, талапты оқушыны көбейтуге әсерін тигізеді. Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түюге, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, адамның рухани күшін нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Өйткені адам туынды ғана емес, тудырушы, жаратушы да. Ол өзін-өзі шынайы болмысын абастайтын жол іздеу керек. Адам өзін-өзі жетілдіруге де, жоюға да қабілетті. Адамның өз болмысын тануға, ұмтылуға көмектесіп, тереңде жатқан талап тілегін, қабілеттерін дамытуға тиіс. Сол арқылы оған

толыққанды өмір сүру үшін жаңа рухани күш беру білімнің ең маңызды мақсаты болып табылады деп көрсетілген. Қазақстан Республикасы білімді дамыту тұжырымдамасында: Мен ұстаз ретінде әр оқушыны болашақ азамат ретінде бағалап, осы тұжырымдаманы өз қызметіне басшылыққа аламын. Қазіргі компьютерленген жаңа заманда әр оқушының заман талабына сай әлемдік дәрежеде білімді меңгеруі үшін үйірме сабағы бойынша шығармашылық қабілетін дамыту – ең басты міндетім. Қазіргі кезде оқушының алған білімі мен іс-әрекет түрлерін іс жүзінде пайдалана алатындай дәрежеге жеткізудің маңызы зор. Оқушының өз бетімен жұмыс істеуін әртүрлі деңгейде ұйымдастыруға болады. Өз бетімен жұмыстың тапсырмаларын құрастырғанда, оның қиындық дәрежесі оқушының оқу мүмкіншілігіне қарай әзірленеді. Шығармашылық мақсаттағы жұмыс өте жоғары деңгейде жүргізіледі, бұл оқушының қызығушылығын арттырады. Оқушы шығармашылығын дамыту, ойлау қабілетін жетілдіру мұғалімнің сабағында назардан тыс қалмауы тиіс. Баяндамамды аяқтай келе, жеңіс атаулының бәрі өзінді жеңуден басталады дегендей, кездескен қиындықтарды жеңіп, кәсіби деңгейімізді дамытып, Елбасы Н. Назарбаевтың: «Біздің міндетіміз – бәсекелестікке лайық ұрпақ тәрбиелеу», – деген пікіріне қосыла отырып, саналы, білімді ұрпақты тәрбиелеуде ұстаздық рух, дана да, батыр да бас иетін ұлылық тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ. Бітібаева «Әдебиетті оқыту әдістемесі». Алматы «Рауан» 1997 жыл.
2. «Ұлағат» журналы. Алматы №3, 2011 жыл.
3. З. Қабдолов «Сөз өнері».
4. Т. Сабыров. «Оқыту теориясының негіздері» 1993 жыл.
5. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналғын мемлекеттік бағдарламасы, Астана, 2010 жыл.
6. С. Тлешева «Әдебиет сабақтарында мәнерлеп оқу дағдыларын қалыптастыру» Алматы, «Мектеп» 1984 жыл.
7. С. Желдербаева «Мәнерлеп оқу» 1992 жыл.
8. «Қазақ және әлем әдебиеті» журнал. № 5-6 2007 жыл. 20-бет.
9. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» 7-сынып, Алматы, «Атамұра» 2007 жыл, 29-30, 60-61 беттер.
10. «Әдебиетті оқыту әдістемесі» 5-сынып, Алматы, «Атамұра» 2010 жыл, 69-бет.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» БАҒДАРЛАМАСЫ – ҮЗДІКСІЗ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Б.Б.Каймолдаева
Адами әлеуетті дамыту басқармасы,
облыстық әдістемелік орталықтың
«Өзін-өзі тану» пәні әдіскері

Мен балалардың жастайынан салауатты және бақытты болу өнерін меңгергенін, өмір даналығын бойына сіңіріп, адамзатқа риясыз қызмет ету арқылы бақытқа бөленуді үйреніп өскенін қалаймын. Өздерінің кім екенін, не үшін өмір сүретінін, неге ұмтылатынын терең түсінуі керек. Әр адам өзін-өзі тануы қажет!

Сара Алпысқызы,
 “Өзін-өзі тану” бағдарламасының авторы

“Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау

Бұл – білім беру ұйымдарында жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген біртұтас тәрбие ортасын құру, білім беру үдерісі субъектілерінің рухани-адамгершілік қалыптасуын оңтайландыру.

Түркістан облысы бойынша 6 базалық пилоттық білім беру мекемесі бар:

- ✓ Келес ауданы, Б.Майлин атындағы №19 жалпы орта білім беретін мектебі
- ✓ Жетісай Гуманитарық-Техникалық колледжі
- ✓ Төлеби ауданы, Жеңіс жалпы орта білім беретін мекемесі.
- ✓ Ордабасы ауданы, Б.Нұрлыбеков атындағы жалпы орта мектебі.
- ✓ Түркістан қаласы, «Балапан» балабақшасы.
- ✓ Ордабасы ауданы, «Аққу» балабақшасы пилоттық білім беру бағдарламасымен жұмыс жасауда.

Түркістан облысында 905 мектеп және 66 колледждерде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 29 қыркүйектегі №522 бұйрығына сәйкес «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын республиканың білім беру ұйымдарының оқу-тәрбие

процесіне интеграциялау бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, жұмыстар жүргізілуде.

2020-2021 оқу жылында, еліміздегі COVID 19 инфекциялық індеттің таралуына жол бермеу мақсатында ZOOM платформасы арқылы көптеген облыстық конференциялар өткізілді.

- Конференцияда 2020-221 оқу жылының басталуын, ұзақтығы және каникул кезеңдері мен мерекеге сәйкес келетін сабақтарға қатысты мағлұматтар берілді. Қашықтықтан оқыту жағдайында «Өзін-өзі тану» сабақтарын ұйымдастыру және өткізу, қашықтықтан оқыту жағдайында мұғалімнің өзін-өзі тану сабақтарын дайындауына қойылатын талаптар мен қашықтықтан оқыту жағдайында өзін-өзі тану бейнесабағының жоспары туралы мол мағлұмат берілді.
- Еліміздегі өзгермелі жағдайда оқушыларға «Өзін-өзі тану» пәні бойынша сапалы білім алуға мүмкіндік беру, оларға осы әлеуметтік-экономикалық жағдайда табысты бейімделуге, жеке тұлғаның рухани-адамгершілік дамуына ықпал ететін қасиеттерді қалыптастыруға көмектесу.
- “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын қосымша білім мазмұнына интеграциялаудың маңыздылығы туралы айтылды.
- «Техникалық және кәсіптік білім беу ұйымдарында «Өзін-өзі тану» пәнін басқа пәндермен ықпалдастыра отырып оқытудың әдістемесі» тақырыбында онлайн семинар өткізілді.
- «Ата-аналардың оқу-тәрбие ісіне қатысуын жандандыру, ата-аналар қауымымен рухани-адамгершілік ағарту жұмысын жүргізу» «Педагог қызметкерлердің ұйымдастырушылық қабілетін арттыру» тақырыбында Бөбек ҰББСО ұйымдастыруымен Түркістан облысының барлық білім беру ұйымдарының «Өзін-өзі тану» пәнінің әдіскерлері мен мұғалімдері үшін және ата-аналармен қашықтық жағдайында жұмысты ұйымдастыруға арналған онлайн семинар болып өтті.
- «Атестаттаушы педагогтардың әдістемелік жұмыстарын панорамалау» тақырыбында «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері үшін облыстық педагогикалық оқу ұйымдастырылып өткізілді. Семинарда аттестациялаудың ескі форматтан несімен ерекшеленетіні туралы айтылып мұғалімдерге құнды өзгерістер мен жаңалықар туралы баяндалды.
- «Әбу Насыр Әл-Фараби еңбектері, шығыстың ұлы ойшыл» тақырыбында он-лайн конференция өткізілді. Конференцияға Ұлы даланың ұлы ғұламасы, Әбу Насыр Әл-Фараби орта ғасырда ақыл- парасаттың

жетілуіне орасан зор еңбектерінің мектеп оқушыларына берер тәрбиелік мәні жоғары екенін атап көрсетті. Осы орайда жасалған баяндамашылардың баяндамасы тақырыпты ашып бергендей.

Еліміздегі COVID 19 инфекциялық індеттің таралуына жол бермеу жөніндегі шаралары бойынша және ҚР БҒМ-ің 2020 жылғы 1 сәуірдегі №123 бұйрығын іске асыру мақсатында қашықтықтан оқыту.

2021 жылдың 1 қыркүйектен I тоқсан бейнесабақтарын әзірлеуді әр аудан пән мұғалімдеріне тапсырылды. II-тоқсан басталғанға дейінгі аралықта, жұмысшы топ мүшелері мен «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдерінің белсенділік танытуының арқасында 1-11- сыныптарға арналған сабақ тақырыптарына видеосабақтар дайындады. 1-11 сыныптарға қажет 10 видеосабақтан барлығы 110 сабақты қалалық, аудандық білім беру мекемелерінің «Өзін-өзі тану» тану пәнінің рухани-ардамгершілік білім беру бағдарламасын іске асырып отырған мұғалімдерге қол жетімді болу үшін «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдеріне ұсынды және Youtube желісіне жеке канал ашылып кез келген уақытта қолжетімді болу үшін жүктелді.

https://www.youtube.com/channel/UCmu_Xv6QNIBEDbPbo_nMSvw?view_as=subscriber сілтемесі арқылы кез келген уақытта пайдалана алады. Сонымен қатар, дайындалынған 1-11 сыныптарға қажет 110 сабақты Республиканың басқа өңірлеріндегі білім басқармалары мен «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдеріне таратылды. «Бөбек» ҰҒПББСО мен ҚР БЖҒМ қолдауымен мектепке дейінгі, орта техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері үшін «**Үздік педагог 2020**» сырттай байқауға қатысушыларға арналған оқу-тәжірибелік он-лайн семинар оқыту семинары өткізілді. Байқау «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру (РАББ) бағдарламаны жүзеге асыру мен дамытуды көздейтін оқу орындарының жұмысы педагогтардың кәсіби және тұлғалық дамуына бағытталған. Үздік педагогтың тәжірибесін жинақтау, заманауи білім беру технологиялары мен әдістерін көрсететін «Өзін-өзі тану» пәні бойынша үздік бейне сабақтарды іріктеу, қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың мүмкіндіктерін кеңейту әдістерін көрсету болып табылды. **«Ең үздік әдістемелік басылымдар» облыстық сырттай байқауы өткізілді.**



Түркістан облысы Адами элеуетті дамыту басқарма басшысының тапсырмасы бойынша барлық облысымыздағы «Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімдері үшін Телеграмм каналынан чат ашылды.

Сілтемесі <https://t.me/joinchat/LNsf3xnugSKcD7Ngh1C8JA>

Бұл педагогтар чатына 1677 педагог тіркеліп, 43 сұраққа жауап берілді.

- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2020 жылғы 11 қараша күнгі № 3-15-6/4097-И хатына сәйкес, Жалпыадамзаттық Құндылықтар Күнін өткізу аясында 2020 жылдың 23 қарашасында Қазақстан Республикасының барлық білім беру ұйымдарында білім алушылардың, педагогтардың және ата-аналардың белсенді қатысуымен адамның рухани-адамгершілік әлеуетін арттыруға, құндылық бағдарларын, қоғамға қызмет ету дағдыларын дамытуға бағытталған төмендегі іс-шараларды санитарлық эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып ұйымдастырылды.
- Дүниежүзілік балаларды қорғау күні аясында - 2020 жылдың 20 қарашасында «Өзін-өзі тану»: балаға арналған миссия» атты Халықаралық форум өткізеді.
- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «Бөбек» ҰҒПББСО РМҚК ұйымдастыруымен «Асыл жүрек» республикалық балалар шығармашылық байқау - фестивалі 2020 жылғы 5 қазан мен 20 қараша аралығында өткізілілді. Түркістан облысы Адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты білім беру ұйымдарындағы өзін-өзі тану пәні кабинеттерінің жабдықталуы мен педагогикалық кадрлардың сапалық құрамына 01.06 – 30.06.2021ж аралығында зерделеу жұмыстары жүргізілді, нәтижесінде: Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты жалпы 884 (100%) мектептің 700(79,1%) қамтылып, нәтижесінде төмендегідей мәліметтер анықталды.
 - ✓ 700 білім беру ұйымдарындағы «Өзін-өзі тану» пәнінен сабақ беретін барлық мұғалімдердің саны: 3731(100%);
 - ✓ «Өзін-өзі тану» пәні бойынша сағат саны 23382
 - ✓ Жалпы 3731 мұғалімнің 603-і (16,2%) толық жүктемемен, яғни тек өзін-өзі тану пәнінен сабақ береді;
 - ✓ «Әлеуметтік педагогика және өзін-өзі тану» мамандығы бойынша дипломы бар мұғалім саны: 390 (10,5%)
 - ✓ «Бөбек» ҰҒПББСО 340 сағат көлемінде оқыған сертификаты бар мұғалім саны 482 (13%);
 - ✓ «Бөбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты және «Өрлеу» тарапынан берілген 72 сағат көлемінде оқыған сертификаты бар мұғалім саны: 1651 (44,2%),
 - ✓ «Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасы бойынша сертификаты жоқ мұғалімдердің саны 1095 (5,2%),
 - ✓ Өзге білім беру орталықтарынан берілген 239(6.4%), сертификаттармен сабақ беріп жүрген мұғалімдер анықталып, оның

жарамсыз екендігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, әдістемелік көмек көрсетілді.



Қорытынды

«Өзін-өзі тану рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы бойынша «Өзін-өзі тану» пәні мұғалімдерінің біліктілік курстарын тұрақты түрде ұйымдастырылуда

2020 - 2021 оқу жылында Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтынан 72 сағат көлемінде – 270 мұғалім курстан өтіп, сертификатталды. Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтынан 340 сағат көлемінде - 50 мұғалім курстан өтіп сертификатталды және 61 мұғалім курстан өтуде .

«Өзін –өзі тану пәні»-баланың рухани әлемін байыту көзі

**Түркістан облысы Жетісай ауданы
N40 «Ынтымақ» жалпы орта мектебінің
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Абуова Г.**

«Өзін-өзі тану пәні адамның өзін-өзі тануына, өзінің ең жақсы қасиеттерін анықтауға, өз ар-ұжданын сақтап, әрқашанда адам деген атқа лайық болуына ықпал етеді»

С.А.Назарбаева

Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі жас ұрпаққа – адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші рөл атқарады.

Рухани-адамгершілік тәрбие – екі жақты процесс. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым-қатынастарынан көрінеді. Сондықтан белгілі бір мазмұнды іске асыра, адамгершілік ықпалдың әр түрлі әдістерін пайдалана отырып, педагог істелген жұмыстардың нәтижелерін, тәрбиелеушілерінің жетіктіктерін зер салып талдау керек. Халқымыздың сан ғасырлық тыныс-тіршілігінің өзіндік ерекшеліктерінен туындаған ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты салт-дәстүр, әдет-ғұрыптары да мол. Қазақ дәстүрінде ата-анаға қызмет ету – борыш, ата салтын орындау – парыз, анасының ақ сүтін, әке еңбегін ақтау – қарыз. Жеке адамның адамгершілігі де, кісілік имандылығы да борыш, парыз,

қарыз өтемімен айқындалады. ХХІ ғасырда көтеріліп отырған «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімінің түп тамыры тереңде жатыр. Ол – халқымыздың ұлттық құндылықтарынан, рухани мұраларынан, ділінен, тағылымдық ой-толғауларынан бастау алады. «Өзін-өзі таныған, өмірдің мәнін түсінген адам, өзін-өзі қадағалап, сынап, өзін-өзі тәрбиелеуге, өмірден өз орнын, өз бақытын табуға ұмтылады. «Өзін-өзі тану» – адамның шындықты өзінше түсіну жағынан қарастыратын ілім, ол өз бойындағы бірегейлікке сәйкес келетін өзінің жеке құндылықтары жүйесін жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесімен ықпалдастыруға бағытталған. «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білімі – ұлттық құндылықтарды іске асыру мен таратудың маңызды механизмі, өмірдің мәні мен өнегесі, философиямен, әдебиетпен, дәстүрмен, психологиямен ұштасқан ұлттық-рухани білім мазмұны мен түрі.

Бүгінгі жас ұрпақты оқытып қана қою аз, оны жан-жақты дамыту, жаңаша дағдыларға тәрбиелеу қажет. Әлемдік даму, ғылыми технология адамның ұшқыр ойлы, терең білімді, озық тәрбиелі болуын талап етеді. Сондықтан рухани-адамгершілік тұрғысынан білім беру әр тұлғаның азаматтық келбетінің жоғары болып, олардың кез келген ортада белсенділік көрсете алатынын қабілеттерін жетілдіруді көздейді. Осыларды ескере отырып, еліміздің мектептерінде 2001 жылдан бері, «Өзін-өзі тану» бағдарламасы саралаудан өткізіліп, оқу жүйесіне енгізіліп келе жатқан еді. 2010-2011 оқу жылынан бастап бұл пән жалпы білім беретін мекемелердің барлығына жаппай енгізілді. «Өзін-өзі тану» пәні жастардың бойында махаббат, адамгершілік, мейірімділік сияқты жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастырады, оларды рухани адамгершіліктің нәрімен сусындатады. «Өзін-өзі тану» – адамның өзіне терең мән берудің алғашқы қадамы. Ойшыл Сократ: «Өзгені тану үшін өзіңді-өзің таны» деген болатын, қазіргі біздің «Өзін-өзі тану» пәні Сократ ілімінің үйлесімді жалғасы іспеттес. Бұл пән жобасының авторы Сара Алпысқызы атап өткендей, «Әр баланың қабілетін ашуы, өзіне жол табуы, өзінің күш-жігеріне сенуі өзінің өмірдегі орнын анықтау үшін өте маңызды! Әлемде махаббат пен мейірімділік аурасын жасай отырып, қарапайымдылық пен махаббат жүректен жүрекке жетуі тиіс», яғни әрбір баланың, ата-ананың жүрегіне жылылық нұрын ұялатуда әрқайсысымыздың орнымыз ерекше. «Өзін-өзі тану пәні» жеткіншекті жарық дүниеде өмір сүріп, Адам екенін терең сезінуге, адамдарға қуаныш сыйлай білуге баулиды. Жанында жүрген аяулы адамдардың бар екенін ұғынуға көмектеседі. Адамдардың сезіміне ие болу және оны ақтай білуге үйретеді. Борыш пен парызға адал болуға тәрбиелейді. Артында өшпейтін ізгілікті із қалдыра білуге талпындырады. Қабілетінді, бойындағы дарында, азаматтылығыңды дәлелдеуге итермелейді. «Рухани мұраға сүйенбеген елдің жұлдызы жанбайды демекші, заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін,

өнегесін дәріптеп, дәстүрін таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларымызды рухани-адамгершілік білім беруде тиімді қолдану – «Өзін-өзі тану» пәні бастауы бұрыннан болған, біздің арғы ата-бабаларымыздан келе жатқан жақсы дәстүрлеріміздің жалғасы іспеттес деуге болады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мақсаты – адамдарға және қоршаған әлемге ізгілікті қарым-қатынас жасау, адамдарға қолдан келгенше көмек беру, туыстарына және жақындарына қамқорлық көрсету, рухани-адамгершілік білім беру.

«Өзін-өзі тану» — жалпы адамзаттық және ұлттық рухани құндылықтарды жаңғыртуға негізделген мемлекеттік эксперименттік білім беру бағдарламасы болып табылады. Бұл жоба Қазақстанда 2001 жылы қолға алынды және еліміздің жетекші педагогтері, ғалымдары, әдіскер мұғалімдері мен тәрбиешілері, жалпы зиялы қауым тарапынан жан-жақты қолдау тапты. «Өзін-өзі тану» білім бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері – балалар, жасөспірімдер және жеткіншектердің бойына жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды дарыту. Балалар мен жеткіншектерді біртіндеп (кезеңмен) адами қарым-қатынас нормаларымен, жалпыадамзаттық адамгершілік қағидаттарымен таныстыру, олардың бойында азаматтық мәдениет пен имандылық қатынастарды қалыптастыру және дамыту. Бұл білімдер мен біліктер, қабілеттер адамдармен өзара түсіністік пен үйлесімділікке қол жеткізуге, өзге адамдарға дер кезінде көмек беріп, қолдау көрсету қабілеттерін меңгеруге мүмкіндік береді. Рухани-адамгершілік білім баланың, жеткіншектің бойына өзінің жарқын болашағына деген сенімділігін ұялатады. «Өзін-өзі тану – өмірді тану», — дейді көне грек философы Сократ. Басты мақсат – әр адамның өмірден өз орнын табуына ықпал ету. «Өзін-өзі тану» пәні әлемнің ең басты құндылығы – адам және адамның өмір сүруі үшін, бақыт үшін, қуаныш үшін жаралғандығына негізделеді. Өмірдің осындай қарапайым ақиқатына – ұлттық құндылықтарды меңгере отырып, баланы халқының адал ұлы, Адам деген ардақты атқа лайық болуға жастайынан үйрету қоғам талабы болып отыр. Заман талабына сай білім беру жүйесі өзінің басым бағдарын жеке тұлғаның рухани адамгершілік тұрғыдан кемелденуіне назар аудара бастады. Демек, тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту – заман талабы. Рухани құндылықтар мәңгілік және адамзаттық. Қай халықтың болмасын өзіне ғана дараланып тұратын ерекшелігінің бірі – рухани құндылықтар жүйесі. Рухани құндылықтардың мәнін ашу арқылы оқушылардың рухани-адамгершілік тәрбиесі мен білім деңгейін жетілдіруде «Өзін-өзі тану» пәнінің мәні мен маңыздылығы ерекше болып отыр. «Өзін-өзі тану» пәнінде оқушы өзін-өзі тану ғана емес, ол рухани білім мен таным мәдениетін, қоғамдық талапқа сай

ізгілікті, инабаттылықты, адамгершілік қатынастар мен мінез-құлықтарды және өзін-өзі меңгеру әдебін үйренеді. Мектеп жасына дейінгі кезеңнен бастап балалар адамгершілік құндылық бағдарын, қарым-қатынас мәдениетін, өз Отаны мен туған өлкесіне сүйіспеншілік, Мемлекеттік рәміздерге, отбасы, түрлі ұлт тілдеріне адамгершілікпен, сүйіспеншілікпен қарауға тәрбиеленеді. Баланың танып-білуге қызығушылығын арттырады. Сабақ барысында мектепке дейінгі кезеңде балаларға ертегі, аңыз-әңгімелер, мақалдар арқылы мейірімділікке, қайырымды болуға жалпы адамзаттық құндылықтардың бастапқы түсініктері беріледі. Түрлі ойын тәсілдері қолданылады. Ал бастауыш сыныптардан бастап, «Өзін-өзі тану» пәнін оқытудың бағдарламалық мазмұны мен әдістемелік әдіс-тәсілдері оқушылардың жас ерекшеліктеріне, танымдық іс-әрекеттеріне қарай күрделене береді. Бастауыш сынып оқушылары сабақта мейірімділік, сезімталдық, тілектестік, ынтымақтастық дағдыларына төселеді. Оқу үрдісінде ойын әрекеттері, әңгімелесу, сергіту жаттығулары, рольдік ойындар, шығармашылық-практикалық жұмыстар, жағдаяттарды талдау әдіс-тәсілдері қолданылады. Осындай жұмыстардың нәтижесінде балалар өз мінез-құлықтары мен қоршаған орта, адамдардың қылықтары мен әдеттері туралы, өз бойындағы жақсы үлгілерді жетілдіру тілектерін дамытуға ықпал етеді. Сабақтағы түрлі әдіс-тәсілдер арқылы берілген біліммен, талданған тақырып, дәйексөздер баланың өз басында жауапкершілік сезімін және өзіне-өзі талап қоя білуді, үлкендерді сыйлауға, әдептілікке, қоршаған ортаны түсінуге қамқор болуға үйренеді. Сонымен қатар, «Өзін-өзі тану» пәнінен оқушылар халқымыздың рухани әлемде өзіндік орны бар А.Құнанбаев, Ы.Алтынсарин, М.Мақатаев, Ж.Аймауытов, Б.Момышұлы, Ш.Уәлиханов, М.Әуезов, Қ.Мырза-Әлі, Т.Айбергенов, Ш.Сариев т.б сынды қаламгерлердің рухани адамгершілік құндылықтары негізінде жазылған өлеңдер, дәйексөздер, ой-толғаулары мәтіндері оқушыларға өмірдің өзгермелі, қиын да күрделі екенін айтады. Күреске толы адамдық құндылықтарды ту етіп қана, оған жол табарлық терең сырлы әлем екенін аңғартады. Сабақта оқушыларға қосымша көркем әдебиеттер де пайдалану тапсырылады. Бұл оқушылардың логикалық ойлау мен шығармашылығын дамытады.

Жалпы «Өзін-өзі тану» рухани адамгершілік білім мен тәрбие беру сабағының нәтижесінде оқушыларға ойлау, сөйлеу мәдениетін қалыптастырады:

- Рухани адамгершілік құндылықтар артады;
 - Салауатты өмір сүруге баулиды;
 - Шығармашылық қабілетін дамытады;
 - Ғылымға бейімделеді;
 - Әсемдікпен қаруланған ұлттық тәрбие нәрімен сусындайды;
 - Халық игілігін жасаушы болашақ азаматты жан-жақты етіп тәрбиелейді.
- Сонымен, бүгінгі таңда осындай тамаша идеяға сай нақтыланған «Өзін –өзі тану» барлық білім деңгейлерінде міндетті оқытылатын оқу пәні болып

енгізіліп отыр. Алайда бұл жеткіліксіз. Рухани – адамгершілік жүйесі тек бір пәнмен шектелмей, бүкіл білім кеңістігі ізгілендіру құралына айналдыру – бүгінгі таңдағы өзекті мәселе.

«Өзін-өзі тану» пәні – өзге пәндерден ерекше. Ол дәстүрлі пәндер сияқты қоршаған орта туралы емес, адамның өзі және оның ішкі жан-дүниесі туралы пән. Адам болып туу аз, Адам бола болу керек! «Адам болу!» қағидасын мұрат еткен Абай атамыз өзінің он төртінші қара сөзінде: «Адам бойындағы ең қымбаты – оның жүрегі. Мейірімділік, ізгілік, өзгені өз бауырындай қабылдай білу, оған өзіңе тілейтін игілік тілеу-мұның барлығы жүректің қалауы». Әр бала өзінің руханилығымен, өзінің тазалығымен және өмірді таза күйінде қабылдай алуымен талантты. Өзін-өзі тану сабақтарында баланың жалпыадамзаттық құндылықтар, адамгершілік қасиеттер, жарасымды қарым-қатынас туралы түсініктер кеңейеді. Мақсат-міндеттер әр баланың өз жүрегінде жалпыадамзаттық рухани құндылықтар (Ақиқат, Дұрыс әрекет, Ішкі тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау) бар екендігіне көздерін жеткізіп, өмірде осы құндылықтарды басшылыққа алуға үйретуді көздейді

ӨЗІН ӨЗІ ТАНУ-БҰЛ МЕКТЕБІМІЗДІҢ ҚУАНЫШЫ

Жолдас Гаухар Қанатқызы
«№19 Б Майлин атындағы жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
11- сынып оқушысы
Түркістан облысы
Келес ауданы

Жоспар

1. Мектептегі өзін-өзі тану пәні
2. «Өзін-өзі тану» пәні мен кіріктірілген пән сабақтары мен оқудан тыс іс-шаралардың өтілу барысы мен оқушы бойындағы өзгерістер
3. Жеткен нәтижелер

«Өзіңді өзің тану-рухани өркендеудің
түп тамыры және адамгершілік
құндылықтардың негізі
С.А.Назарбаева

Өзін өзі тану-тұлғаның өзін-өзі дамыту мен өзін-өзі жүзеге асыру мақсатында өзі туралы нақты білім алуға бағытталған шығармашылық іс-әрекеті.

Еліміздің бірінші ханымы Сара Алпысқызы Назарбаеваның бастамасымен білім беру үрдісіне енгізілген рухани-адамгершілік тәрбиеге күш берген «Өзін-өзі тану» бағдарламасы осы рухани-адамгершілік тәрбиеден бастау алып, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыруды қолдайды. Біздің халқымыз үшін жан-жақты жетілген тұлға, ең алдымен ұлттық тәрбиенің нәрімен сусындап, бала бойында ұлттық тәрбиенің қалыптастырылуы.

«Өзін өзі тану» пәні-адамды адамгершілікке, сүйіспеншілікке, мейірімділікке тәрбиелейтін пән. Баланы өзінің қадірін өзі білуге, өзін сыйлауға, өзін-өзі жетілдіруге, рухани өмірде және қоршаған өмір жағдайларында өзінің бағыт-бағдарының болуына, өз бетінше шешім қабылдай алуына және өз сөзі мен әрекеттері үшін жауапкершілікті сезіне білуге тәрбиелейді.

Оқушы бойына даналықтың бірінші белгісін ұялатуға алғашқы қадамдар жасалған кезінде С. Назарбаеваның «Өзін-өзі тану» авторлық жобасы біздің мектепте де табысты іске асырылуда деп ойлаймын.

Әрбір жеке тұлға, өмірдің мәнін түсініп, өзіндік орнын табуы үшін ішкі мүмкіндіктерін аша білуі қажет. Соған байланысты, мектеп өмірінен алған тәжірибемде, бұл пәннің адам өміріне маңызды екенін ұғындым.

«Өзін-өзі тану» пәні сабақтарындағы «Шаттық шеңбері» кезеңі балалардың көңіл-күйлерін көтеріп, сабаққа қызықтыруға, зейінін аударуға ықпал етсе, «Тыныштық сәті» балаларға жағымды ойлауға, сезімдерге берілуге мүмкіндік береді. Тіпті күнделікті сабақтарда өзін ашық көрсете алмайтын тұйық сыныптастарым да өздерінің ойларын, көргендерін қызығушылықпен ортаға салып, әрбір сабақты қуанышпен күтеді.

«Өзін-өзі тану» сабақтары барысында ұсынылған ойындар да балаларды мейірімділікке, достыққа, сыйластыққа, сүйіспеншілікке баулиды. Өзін-өзі тану пәнінің әрбір сабағы өмірге деген құлшынысты қалыптастырады.

Бізде өзін-өзі тану пәні арқылы өзіндік «Мен» бейнесі қалыптасып, жеке тұлға ретінде әрбір істеген істер мен әрекетімізге жауапкершілікпен қарай білу деңгейіне көтерілдік.

Оқушыларға үйретіп жүрген «өзін-өзі тану» ғылымы мектептік басқа пәндерден ерекшеленеді, өйткені ол қоршаған орта туралы емес, ол адам туралы пән. Адам болып өмірге келу аз. Адамға лайық өмір сүру қажет

екенін түсіндім. Қазіргі таңда бұл пән барлық мектептерге енгізіліп жеке пән ретінде оқытылуда.

Ал біздің №19 Б.Майлин атындағы жалпы орта мектепте «Өзін-өзі тану» РАБ бағдарламасы бойынша пилоттық жобаға еніп, «Өзін өзі тану» пәнін барлық пәндерге кіріктіре отырып, сабақ өтілуде. Осы мақсатта мектебімізде атқарылып жатқан оңды істер аз емес.

Өзін-өзі тану пәнін басқа пәндерге кіріктіріп өткелі мектебімізде мен үшін көптеген өзгерістер болып жатқан секілді. Себебі аптасына 1 рет болатын өзін-өзі тану сабағын күтетін біздерге әрбір сабаққа ендірілген өзін-өзі тану пәнінің әдіс тәсілдері мен жалпыадамзаттық құндылықтарға арналған түрлі аңыз әңгімелер, мысалдар, әрбір ұлы адамдардың өмірінен берілген қысқа үзінділер менің және менің сыныптастарымның өмірге деген қызығушылығын оятумен қатар, алдағы уақытқа армандаған армандарымның орындалуына мақсаттар қоюға үлкен септігін тигізді.

Мектепте өтілген әрбір оқудан тыс іс-шараларда адамгершілік құндылықтар көрініс тауып келеді. Атап айтар болсам, пән апталықтары, дәстүрлі онкүндік іс-шаралар, тәрбие сағаттар, шаттық шеңбері, әңгімелесу сабақтар т.б.

Әр күніміз ерекше мейірімділікке, қайырымдылыққа, күлкіге, махаббат пен сүйіспеншілікке толы болуда. Әр сабақтарда ізгілік, адамгершілік, көркем мінез жайлы айтылған сайын, оқушыларда дағдыланып, білім алу жүйесінде рухани бай, түсінігі мол болып, жалпыадамзаттық құндылықтарды тереңінен түсіндік.

Мектеп аясында көптеген қайырымдылық акциялары өтіледі. Қайырымдылық акцияларында мектеп оқушылары мұқтаж жандарға өз көмегін тигізіп, жылы лебіздерін білдірсе, енді бірі қайырымдылық қорына өз үлестерін қосады. Тек мұқтаж жандарға ғана материалдық және рухани қолдау көрсету ғана емес, сонымен бірге бір-біріне мейірімді бола білуге, бір-бірінің көңілдерін көтеретіндей сыйлық жасап, бір-біріне құрметпен қарым-қатынаста болатындай және риясыз сенетіндей мүмкіндіктерді тапсыруды көздейді.

Сонымен қатар, оқушылар тілектестік, сыйластық, жанашырлық, қамқорлық сезімдерін оятып, бір-біріне көмек көрсету, құрметтеу белсенділігін арттырды. Мектепте қайырымдылық көрсету объектісі алдын ала анықталып, жиналған қорды балаларға көмек көрсету үшін жұмсалып жатқан жайлары бар.

Қайырымдылық акцияның өз деңгейінде өтуі, ең алдымен оқушылардың бойында сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттердің болуы.

Мектеп аясында және мектептен тыс түрлі іс-шаралар, концерттік бағдарламалар жиі өтіледі. Оған ата-аналар, мектеп оқушылары мен ұстаздар атсалысады. «Өзін өзі тану» пәнінің арқасында көптеген іс-шаралар өткіліп, көптеген оқушылар өз өнерлері мен таланттарын көрсетіп, ұстаздарымызды тәнті етті.

Өзін өзі тану пәні жай ғана адамгершілікті, сүйіспеншілікті ғана үйретіп қоймай, өз ортамызбен жағымды қарым-қатынас жасауға, үлкендерді сыйлап, кішілерді ізеттеуге, рухани дамуға, жеке тұлға ретінде қалыптасуға да үйретеді. Өзін өзі тану пәні-жағымды ахуалы мен жалпыадамзаттық құндылықтарымен өте ерекше пән. Адам болып туу аз, Адам бола білу керек! «Адам болу!» қағидасын мұрат еткен Абай Құнанбаев атамыз өзінің он төртінші қара сөзінде: *«Адам бойындағы ең қымбаты-оның жүрегі. Мейірімділік, ізгілік, өзгені өз бауырындай қабылдай білу, оған өзіңе тілейтін игілік тілеу-мұның барлығы жүректің қалауы»*-деген.

Осы қара сөзден және мектеп өміріндегі өз тәжірибемнен түсінгенім, ең бастысы бізде жүрек тазалығы керек. Яғни, жүрегіңіз таза болса, сіздің ішкі жан-дүниеніңіз таза. Әр бала өзінің рухани адамгершілігімен, өзінің тазалығымен, жүрек тазалығымен және өмірді таза күйінде қабылдай білуімен ерекшеленеді.

ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР НЕГІЗІНДЕ БІЛІМ БЕРІП ТӘРБИЕЛЕУ ЗАМАН ТАЛАБЫ

**Түркістан облысы, Жетісай қаласы
№ 8 Алпамыс батыр атындағы жалпы орта мектебі
«Өзін-өзі тану» пәнінің мұғалімі
Туякбаева Айгерим Даулетовна**

Ғылым мен техника қарқынды дамыған талабы күшті бүгінгі заманда жоғары интеллектуалды жастарды жан-жақтылыққа, рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, жеке тұлғалық қасиеттерін ояту, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіру, олардың потенциалдық деңгейінің көтерілуіне үлес қосу, бәсекеге қабілеттерін шыңдау қажырлы еңбекті талап ететін іс. «Бала тәрбиесі –бір өнер, өнер болғандада ауыр өнер, жеке бір ғылым иесі болуды тілейтін өнер» деп қазақтың ұлы педагогы М. Жұмабаев айтқан.

Білім беру саласының осындай ең өзекті талабын орындау-әрбір ұлтжанды азаматтардың ел алдындағы қасиетті парызы әрі киелі міндеті. Осы орайда 2020-2050 жылдарға арналған жаңа мемлекеттік бағдарламасына сай, ҚР Білім және ғылым министрі **А.Қ. Аймағамбетовтың** «Алғаш рет мемлекеттік бағдарламада тәрбие беру-отбасылық құндылықтарды насихаттау мәселесін мектеп пен ата-ана қатынасының жаңа формасын қалыптастырамыз. Жалпыадамзаттық құндылықтарға негізделген білім беруді іске асырамыз » деген идеясын іске асыру әрбір педагог пен ата-ананың міндеті.

Мәңгі жалпыадамзаттық құндылықтар өмір ағымымен, адамзат жаратылысымен бірге келе жатқан, адам игілігі үшін қызмет ететін ізгіліктер философиясы. Біздің эрамызға дейін, заманымызға дейін адамзаттың ұлы ұстаздары өз ілімдерін тек сөзбен ғана емес, іс жүзінде ұстана білген, ойы, сөзі және ісінің бірлігімен тарихта қалған. Әлемнің ұлы ойшылдары рухани-адамгершілікті ту етіп сан ғасырлар бойы адам жанының рухани байлығын дамыту жолында өз еңбектерін жазып, рухы биік парасатты адамды жасауға өз өмірлерін арнады. Жер шарының қай бөлігінде тұрсада, қаншама ғасыр өтседе, ұлтына, дініне қарамай ұлы ойшылдарды рухани-адамгершілік негізіндегі, ізгілік философиясы бір аранада тоғыстырды.

Жаңа дәуірдегі ізгілік философиясының жалғасы Абай мен Шәкәрімнің еңбектері, қазақтың ұлы педагогы Мағжан Жұмабаев айта берсек қазақ ағартушыларының жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде адамзатқа білім беру, тәрбиелеу мақсатында жасалған еңбектері жетерлік, сол ізгілік философиясының жалғасы «**Асыл жүректі Ана**» **С.А. Назарбаеваның** бастамасымен енгізілген «Өзін-өзі тану» пәні. «Әр баланың қабілет ашу, өзіне жол табу, өзінің күш-жігеріне сену өмірдегі өз орнын анықтау үшін өте маңызды. Әлемде махаббат пен мейірімділік жүректен-жүрекке жетуі тиіс. Өмірді тану өзінді-өзің танудан басталады. Өз ойыңды өзгерт сонда өмірінді өзгертесің. Барлық бала дарынды болып туылады, тек оны аша білу керек» деген дана ойларының негізінде, рухани-адамгершілікті ту еткен өзін-өзі тану философиясы. Рухани-адамгершілік тәрбие тағлымы мен біліктілікті, білім алуда руханилыққа бағытталған жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға арналған пән. Өзін-өзі тану пәнінің маңыздылығы заман талабы, әлемдік деңгейде сұранысқа ие білім-ғылым.

Бүгінгі таңда жаһандану үрдісі адамзатты одан әрі біріктіре түсуде. Ортақ проблемалардың орын алуы ең алдымен рухтың тазалығын талап етеді. Әлемді шарпыған рухани дағдарыс бүгінгі таңда жаһандық мәселе болып, бүкіл әлемді алаңдатууда. Рухани-адамгершілік дағдарыс бүгінгі жаһандық мәселелердің бірі болып отыр. Себебі ол бір мемлекеттің деңгейінде емес, бүкіл әлемді шарпып отырған құбылыс. Кәзіргі кезде бүкіл әлемде жалпыадамзаттық құндылықтар бойынша жаңа білім бағдарламаларын іздестіру үстінде. Жапонияның білім беру жүйесі негізіне жоғары адамгершілік тұлға тәрбиелеуге бағытталған курс алынған. Францияда «өнер арқылы тәрбиелеу» тұжырымдамасы табысты жүзеге асырылуда. Литвада рухани-адамгершілік білім беру бойынша курс міндетті пән болып табылады. Финляндияда адамдар арасындағы қарым-қатынастар мен руханилықты дамыту, қоғамдық қарым-қатынастар мен азаматтық әдеп оқытылады.

Ал біздің елімізде «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасы жүзеге асырылуда. Білім деген тек дағды мен білік ғана емес, сонымен қатар адами қасиет екенін ізгілікке зәру ХХ ғасыр кеше түсінген тәрізді. Білімнің басты мазмұны адамгершілік қасиеттерге баулу болып табылады. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни рухани-адамгершіліктің құнды қасиеттері сіңіріліп, өз-өзіне сенімділікті қалыптастыруға тәрбиелеуде отбасы мен ұстаздар тәрбиесі маңызды роль атқарады. Рухани-адамгершілік тәрбие екі жақты процесс. Адамгершіліктің негізі мінез-құлық нормалары мен ережелерінен тұрады. Олар адамдардың іс-қимылдарынан, мінез-құлықтарынан көрінеді, моральдық өзара қарым-қатынастарды басқарады. Отанға деген сүйіспеншілік, қағам игілігі үшін адамның еңбек етуі, өзара көмек, сондай-ақ қоғамға тән адамгершіліктің өзгеде формалары, бұл-сананың сезімдерге, мінез-құлық пен өзара қарым-қатынастың бөлінбес элементтері болып табылады.

Кәзір таңда жалпы әлемдік өтіркір мәселе әлем рухани дағдарыста, рухани мешелдіктің қасында тұр. «Жаһандық проблемалар» деп аталатын құбылыстар ХХ-ғасырдың ортасында пайда болды, ғылыми қауымдастық 20-жыл өткен соң ұғынды. *Жаһандық проблемалар (дағдарыстар)*-бұл барлық елдер мен халықтарға тиесілі проблемалар, оның шешілуі барша әлемдік

қауымдастықтың бірігуімен ғана мүмкін болады. Жаһандық дағдарыс: **жеке тұлғалық, қоғамдық,экалогиялық** болып бөлінеді. Жеке тұлғалық дағдарыс: **зияткерлік,эмоционалдық,тәндік**. Қоғамдық дағдарыс: **эканомикалық,саяси, мәдени, отбасылық, білім беру**. Экалогиялық дағдарыс: **климаттық, ресурстық, табиғи**. Философтардың пікірінше адамзаттың ең негізгң, өзекті мәселелері эканомикалық та, саяси да, ғылыми да емес, ең бірінші рухани-адамгершілік. Материалдық құндылықты рухани құндылыққа қайта бағдарлау қажет. Адам өзін өзгертуді ойлау қажет. Мәселенің шешімі адамның өз ішінде. Адам жаны тыныш болса, отбасында да тыныштық орнатылады. Отбасында тыныштық болса, қоғамда да тыныштық орнатылады. Қоғамда тыныштық болса, мемлекетте де тыныштық орнатылады. Мемлекетте тыныштық болса, бүкіл әлемде де тыныштық орнатылады.егер бір жылыңды болжасаң тұқым сеп. Егер 10 жылыңды болжасаң ағаш отырғыз. Егер бүкіл өмірінді ойласаң, жастарды тәрбиеле.

ҚР-ның Президенті Н.Ә. Назарбаев патриотизм, мораль мен адамгершілік нормалары, ұлтаралық келісім, толернаттық, денсаулық пен рухани даму, заңтыңдаушылық. Бұл құндылықтар барлық оқу орындарында, олардың меншік түріне қарамастан, игерілуі тиіс. Барлық білім беру мекемелерінде осы құндылықтарды жастардың бойына сіңдіруді қамтамасыз етуге арналған үлгіні, кешенді жоспар жасауды Үкіметке тапсырамын. Біздің жастарға ауадай қажет деп тапсырма берген болатын.

12-сәуір 2017 жыл Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы жарияланып, еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басты. «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және эканомикалық жаңғыруларды толықтырып ғана қоймай, олардың өзегіне айналады» деп қадап айтқан болатын.

Шәкәрім Құдайбердіұлы – ақын, жазушы, аудармашы, композитор, тарихшы және философ. Адам баласын тәрбиелеуде ғылымға Ар-ұят ғылымын ендіру қажет. Бұл туралы ғалымдар ойлануы қажет. Оның барлығы үшін міндетті түрде «оқыту пәні» ретінде қажет деп айтқан өз заманындағы тұжырымы, бүгінгі өмірде өз мәнін табуда. Бұл бүгінгі күнде Сара Алпысқызының бастамасымен «Өзін-өзі тану» пәні болып іске асуда.

«Өзін-өзі тану» пәнін оқыту мақсаты мәңгілік рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген кемел мінезді,ойы,сөзі және ісі бірліке болатын

адам қалыптастыру. Ішкі рухани-адамгершілік дүниесінің негізгі формалары – ақиқат, дұрыс әрекет, тыныштық, қиянат жасамау, үміт, сенім және рухани құндылықтар үнемі даму үстінде болады.

Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім беріп, тәрбиелеу заман талабы. Рухани-адамгершілікпен, мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде білім алып тәрбиеленген ұрпақ ел болашағы, тамыры тереңге кеткен бәйтерек іспеттес саясы кең, қоғам игілігіне қызмет ететін ұрпақ болып өсуінің кепілі. Тән-жан-рух, тәнді жан басқарады, жанды арұждан негізінде рух басқарады. Рухы мықты ел мәңгілік болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Сабақтағы жалпы адамзаттық құндылықтар. (Лекциялар жинағы)
2. «Білім инновациясы» Халықаралық Қоғамдық Қоры
«Жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту» облыстық фасилитация сессиясы мақаласынан. Қарағанды-26.02.2020 жыл bil.edu.kz
3. «Өзін-өзі тану» пәні бойынша көмекші әдістемелік жұмыстарды жетілдірудің жаңа бағыттары. Әдістемелік көмекші құрал/А.С.Кульниязова.- Атырау 2014ж 3-17 беттер

МҰҒАЛІМ СЫЙЫ – ӘҢГІМЕЛЕУ

**Кентау қаласы А.Үсенов атындағы ЖОМ.
“Өзін-өзі тану” пәні мұғалімі Абдуалиев Мәди Абдуалиевич**

ЖОСПАРЫ

1. **Мектептегі оқытудың үш баспалдағы.**
2. **Аңыз-әңгіме таңдаудағы кеңестер.**
3. **Әңгімелеу техникасы.**
4. **Әңгімені жағымды жасауға көмектесетін бірнеше ұсыныстар.**
5. **Әңгімелеуден кейінгі жақсы нәтиже.**
6. **Қорытынды.**

Ұлы ойшыл, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы – Абай Құнанбайұлы (1845-1904) өзінің 19-қара сөзінде «Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады.» -деп айтып өткендей адам баласы дүниеге келген сәттен бастап оған дұрыс көзқарас пен саналы тәрбиені көксейді. Естігені, көргені дұрыс болса ғана санасы таза, есті адам болып қалыптаса алады. Ш. Құдайбердіұлы (1858-1931) өз сөзінде «Оқытудың ең үздік тәсілі – әңгіме, ол мұғалімнің тәлімгерлік шеннен түсіп, оқушылармен тең дәрежеде ақиқат іздеушіге (оқудағы болса да) айналады. Әңгімелесуде басты мәселелер: Отан, адам бойындағы Руханилық пен Адамгершілік туралы ой толғау керек» -дейді.

1. Мектептегі оқытудың үш баспалдағы

Бастауыш кезең. *1 жастан 10 жасқа дейін.* Бұл кезеңде оқушылардың қиялы жанды. Олар өздерінің ойлап тапқан әлемінде бақытты, шынында да өз қалауларымен өмір сүреді. Олар жануарлар, ағаштар сөйлей алады дегенге оңай сенеді, сиқырлы тіршілік иелері олар үшін адамдар сияқты үйреншікті, кәдімгідей болып есептеледі. Біздің балаларға айтқан аңыз-әңгімелеріміз, ертегілеріміз оларды қиялдауға ынталандырады – бұл балалыққа қымбат сый. Таза қиялдану баланың барлық өміріне игілік беретін шығармашылықты дамытады.

Жеткіншек кезең. *11 жастан 15 жасқа дейін.* Бала өскен сайын қиялының мәні төмендейді, оның орнына әлем туралы көбірек білуге ынтығады. Бұл жаста өмірлік немесе тарихи әңгімелер көбірек қызықты, тартымды болады.

Жасөспірімдік кезең. *15 жастан жоғары.* Жасөспірімді ғылым мен техника қызықтыра бастайды. Олар барлығына дәлелдер іздейді, ертегілер мен аңыз, таңғажайыптарға қанағаттанбайды. Оларға көбірек ұнайтыны шынайы ғылыми - көпшілік әңгімелер мен ұлы адамдардың өмірбаяндары болып табылады.

2. Аңыз-әңгіме таңдаудағы кеңестер

1. Баланың жалпы және интеллектуалды дамуына сәйкес келетін әңгімелер.
2. Әңгіменің ұзақтығы тыңдаушының жас ерекшелігіне байланысты болу керек. Мысалы, ең кішкене тыңдаушылар ересектер сияқты ұзақ көңіл қоя алмайды.
3. Оқушылардың отбасылық жағдайымен үйлесетін әңгімелер тыңдау.
4. Әңгімеде нақ осы сәтте оқытылып жатқан құндылықтың маңызы көркемделіп, баса айтылуы керек. Сонда оның түсіндірілуіне көп сөз жұмсалмайды. Әңгіме мұғалім көздеген мақсатқа қызмет етуі керек.

5. Әңгіме оқушының құндылықтарды қабылдауға дамуын ғана емес, сонымен қатар шығармашылыққа ынталандыруға мүмкіндік жасайтындай болуы қажет. Әңгіменің қайнар көзі ретінде фольклор, аңыздар, тарихи кітаптар, өмірдегі жағдаяттар, әулиелердің, атақты адамдардың өмір деректері, өсиет әңгімелер, ертегілер, өлеңдер, мысалдар, мейрамдар, адамзаттың ұлы ұстаздарының мұралары болуы мүмкін.

3. Әңгімелеудің техникасы

1. Мұғалім әңгімені кітаптан оқымай, артистік шеберлікпен, кідіріспен, қажетті жерлерінде дауыс ырғағын өзгерте отырып айтуы керек. Баяндау үздіксіз, маңызды оқиғалар мен кейіпкерлерді тастап кетпей, бір қалыпты майда баяндалуы тиіс.

2. Әңгімеші тыңдаушы деңгейіне бейімделуі қажет. Мысалы, ол кіші жастағы оқушыларға сөйлей білетін жануарлар туралы айтатын болса, онда олардың шынынды да сөйлейтін кейпін айнытпай беру керек, әйтпесе әңгімелерге балалар сенбейді.

3. Әңгіме оқушылардың санасына жетіп оларды еліктіре алу үшін мұғалім оны тек қана біліп, түсініп қоймай, ол өзіне де ұнауы тиіс. Сізге бәрібір әңгімені айтудың пайдасы жоқ. Ол тыңдаушыға үлкен әсер қалдырмайды.

4. Оқушының қиялының ойнауына көмектесу үшін дауыстың қаттылығын, екпінін қажет жерінде өзгертіп, дауыстың мүмкіндігін пайдаланыңыз.

5. Әңгіме неғұрлым жанды болу үшін ишарамен, ыммен суреттеңіз.

6. Тыңдаушылардың қиялын оятып, еліктіріп, қызықтыру үшін оқулықты қолданыңыз. Оқушылардың әңгімелерді ұзақ уақыт есте сақтауларына көрнекі құралдар да көмектеседі.

4. Әңгімені жағымды жасауға көмектесетін бірнеше ұсыныстар.

- Сіз не туралы әңгімелейтініңізді анық біліп алыңыз. Табиғи қалыпта болыңыз, оқушының назарын аударып, акцент жасайтын әр түрлі сәттер мен эпизодтарды сүйіспеншілікпен қайталаңыз. Сіздің әңгімеңіздің кейіпкерлері қозғалыста, тірі, қимыл динамикасында болсын, ол үшін қозғалыс етістіктерін пайдаланыңыз.

- Бір сәттен екінші сәтке секіріп кетпеңіз.

- *Еш уақытта «Мен ұмытып қалдым»* деп айтпаңыз. Әңгімелеуге жақсылап дайындалыңыз, арасында суырып салып айтуға да болады.

- Кейінірек сіздің пікіріңізше тағы да қайталау керек сәттерді қайталаңыз. Бұл сіздің қандай да бір эпизодты ұмытқан жағдайда қажет болады. Бұл жағдайда тоқтап қалуға болмайды, әрі қарай жалғастыра беруіңіз керек.

- *Ешқашан өсиет айтпаңыз, оған үгіттемеңіз.*

• Сіз әр уақытта әңгімеге қатысу ахуалын қолдауыңыз қажет, бірақ оқушыларға өз тарапыңыздан қысым көрсетпеңіз. Оқушылар арасында өзара түсіністік қарым-қатынасын көрсететін сезім пайда болғанда, сіздің алдыңызда сыныпта атмосфера туғызу міндеті тұрады. Бұл біз өзіміз қандай да бір фактілер жайында айтқаннан гөрі маңыздырақ.

5. Әңгімелеуден кейінгі жақсы нәтиже

• Әңгіме айту арқылы кез-келген сабақта барлық адамгершілік құндылықтарды оқытуға болады. Аңыз-әңгімелерді айтқан кезде оқушылардың әуестігі, елестету, көзбен шолу, түсіну, төзімділік, есте сақтау сияқты қасиеттері іске қосылады. Әр түрлі әдістер арқылы қандай да құндылыққа немесе оның аспектісіне, қасиетіне назар аударуға, оларды жарыққа шығаруға болады.

• оқушының оқу-танымдық іс-әрекеттерін жандандырады

• олардың есте сақтау қабілеттері мен тілдері дамиды;

оқушыларды білім алуға ашық болуға үйретеді;

өте күшті тәрбие құралы бола алады;

тамаша диагностикалық құрал бола алады.

• мәселені терең түсінуге және өзінің көзқарасын білдіруге мүмкіндік алады; өзгелердің пікірлерімен санаса білуге үйренеді.

• Әңгіменің мақсаты – бұрын меңгерген білімді көкейкесті ету, оқушылардың алдағы тұрған міндеттерді шешуі үшін оқу-танымдық іс-әрекетке олардың белсенді қатысуына зейінін, мүмкіндіктерін шоғырландыру, Әңгіме барысында оқушылардың жаңаны тануға дайындығы мен түсіну дәрежесі анықталады.

• Әңгіме – оқытудың диалогтік әдісі, мұнда мұғалім жете ойластырылған сұрақтар жүйесінің қойылуы жолымен оқушылардың жаңа материалды түсінуіне ықпал етеді немесе өткенді меңгеруін тексереді.

• Әңгімелеудегі оқиға желісі сабақ тақырыбы мен таңдап алған құндылықтың мәнін ашатындай болу керек.

• **Әңгіме аяқталғаннан кейін** мұғалім бірінші мәтіннің мазмұны бойынша әңгімені мұқият тыңдағандарын білу үшін сұрақтар қояды. Ең аяғында әңгіменің құндылық мәнін ашатын 2-3 сұрақ қояды, тіпті балалардың өз өмірінен сол құндылықтарға қатысы бар мысалдар алуға болады. Мұғалім өз пікірін айтпай, тек қана балаларды түзету мақсатындағы нақты сұрақтар қою арқылы бағыттап отырады.

• **Көбіне әңгіме кезінде оқушылар біз күтпеген,** біз естігіміз келмейтін жауаптарды беруі мүмкін. Бір қызығы сол «дұрыс емес» жауаптарды беретін балалар біздің сабақтағы өте қызықты көмекшілеріміз болады. Олар сабақты

жандандырады, ақиқатты іздеуде өзіндік жолдарды береді. Біз мұғалімдер ешқандай дайын жауаптарды бермей-ақ, сауатты қойылған сұрақтарға бағыттаймыз, сыныптың басқа бір бөлігі жаңағы біздің көмекшілерімізге жауап береді.

Біздің балаларға айтқан аңыз-әңгімелеріміз, ертегілеріміз оларды қиялдауға ынталандырады – бұл балалыққа қымбат сый. Таза қиялдану баланың барлық өміріне игілік беретін шығармашылықты дамытады. Біз мұғалім ретінде «жалпыадамзаттық құндылықтар» көзілдірігін киюіміз керек, ол үшін бізде барлық мүмкіндіктер бар. Айналамыздағы әлемнің бәрін өзгертудің қажеті жоқ, тек қана өзіміз өзгеруіміз керек. Мен өзімді өзгерткенімде, мені қоршағанның бәрі және менің қоршауымдағылар өзгереді. Сондықтан да бәрін өзіңнен бастауың керек және оқыту жұмысында ең жетекші қағида сүйіспеншілік болатындай және барлығын тек қана сүйіспеншілік ұстап тұратындай етіп үйрету қажет. Барлық **тамаша әңгімелер**, тарихи оқиғалар, аңыздар бүкіл адамзаттың жетістігі болып табылады. Мұғалімнің бір-бірімен өзара бөлісетін қазына байлыққа толы үйі болуы керек. Әр мұғалімнің өзінің сабақта қолдану үшін сақтаған сүйікті әңгімелері, оқиғалары, ертегілері бар. Оны түрлі елдердің мәдениетін біріктіру және өзінің кітабына негіз болатын тарихи әңгімелер мен аңыздар жинауға пайдалануға болады. Дәл осылар балаларды қызықтыратын, оларды болмыстың өте маңызды аспектілері туралы ойлануға мәжбүрлейтін, өмір мәні туралы көптеген сұрақтарға жауап бере отырып өмірдегі жаңа жетістіктерге шабыттандыратын сабақтың түйінді сәті болып табылады. Тіршілікте табан тіреуге болатын орын таба білген оқушы болашаққа да үлкен сеніммен үміт арта қарай алады.

Бір сөзбен айтқанда біз жақсыны естуге, жақсы сөз айтуға, жақсы іс істеуге міндеттіміз. *Міне, бақытқа апарар жол осы!*

Әдебиеттер:

- Самапознание.kz журналы №1 (25) Қаңтар 2015ж
- “Өзін-өзі тану” рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасын жүзеге асырудың әдістемесі. Шымкент-2015
- Өзін-өзі тану білімділер порталы. bilimdiler.kz
- Bilimsite.kz Білімдер сайты

Білімді ұлт - тұрақты даму кепілі

**Қазығұрт ауданы, С.Сейфуллин атындағы жоббм.
Өзін өзі тану пән мұғалімі Акжолова Балнур Қуандықовна**

XXI ғасырдың табалдырығын аттаған еліміз әлемнің дамыған елдерінің қауымдастығына кіруге бет алды. Сондықтан еліміздің туын биікке көтерер білімді, білікті, рухани-адамгершілік білімі мен қасиеті дамыған жоғары деңгейдегі жеке тұлға тәрбиелеу, біздің алдымыздағы ең басты міндет. Менің ойымша кез келген баланың әдептілігі мен жан-дүниесінің сұлулығы, адамгершілігінің мол болуы ең алдымен балаға сүйіспеншілік таныта білген ұстаз жүрегінің жылуынан басталады. Ұстаз өмірдегі құбылыстар мен әрекеттерді, құндылықтарды танып білуге, жақсы мен жаманды ажырата алуға үйретеді.

Әрбір бала күн сияқты, тек оған жарқырауға мүмкіндік беру керек. Әрбір бала бақытты болуға лайық. Бақыт - әрбір адам ұмтылатын мақсат. Бақытты болу үшін саналы адам ретінде ақыл-парасат берілген. Адам нақ осы ақыл арқылы адам болған. Бұл – үлкен сый. Ақыл-парасат күші - адамның ойлауына, пайымдауына ғылым мен өнерді ұғынуына және жақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш. Ақылды, парасатты болу үшін адам өмір бойы оқумен, оқығандарын бойына тоқумен, жақсылардан үйренумен өтеді. Жақсы тәрбиемен дұрыс бағытта берілген білім адамды кемелдікке, даналыққа қарай бастайды. Даналық дегеніміз - шын бақыт туралы білім беретін нәрсе, ал пайымдағыштық - бақытқа жету үшін орындау керек болатын әрекеттер туралы білімнің беретін дүниесі. Бақыт дегеніміз - игіліктердің ішіндегі ең қадірлісі, ең үлкені және ең жетілгені. Біз өзімізді тану барысында бақытқа жетеміз. Ал, адам өзін тануына ақыл- парасат күші керек.

Ең дұрысы, баланы сүйіспеншілік құндылығы арқылы оқытып, білім беріп, әртүрлі өнерлерге баулығанда олар алған білімді жүрекке түсіріп, игере отырып, игілікті істер, жақсы мінез-құлық қалыптастырады. Жақсы мінез-құлық пен ақыл күші болып, екеуі біріккенде - бұлар адамшылық қасиеттерді құрайды. Яғни, денінің саулығы мен жан саулығы бір-біріне сай, үйлесім тапқанда ғана адам бақытты бола алады. Жанның саулығы сол, оның өзінің және бөлшектерінің жайы жақсы болуының әсерінен әрдайым ізгі қылықтар көрсетіледі, игілікті істер істеледі және тамаша әрекеттер жасалады. Ал, жанның науқастығы сол, оның өзінің және оның бөлшектерінің жайы нашар халде болуының әсерінен әрдайым жаман қылықтар көрсетіледі, азғындық істер істеледі және сорақы әрекеттер жасалады. Ақыл-естің тілегенін жасауға парасаты және батылдығы жететін есті адамдар болады. Ал, енді өз бойында осы екі қасиет жоқ адамдарды

хайуан тәріздес адамдар деп атаймыз, ал тек ақыл-есі ғана жетіп, батылы бармайтындарды жаратылысынан құл адамдар дейміз.

Біз балаға бақытқа жету үшін не істеуге тиіс екенін біліп, соған әрекет жасауға үйретуіміз керек. Бақытты болу кез келген адамның қолынан келе берер оңай шаруа емес. Балаларды өмірді сүре білуге қажетті жан-жақты білімі бар, жаны бай, адамгершілігі, рухы жоғары, мақсатына жету үшін қиындықтарға шыдап, күресе білуге бағыттап, жүректен жүрекке жеткізу міндет. Өйткені, адамның бақытты болу жолындағы өмірінің барлығы осы жүрек арқылы басқарылады. Жүрегі таза, жылы адамдар ғана бақытты өмір сүре алады. Оған себеп, жүрек - адамның денесіндегі ең басты орган; адам ананың құрсағында жаратыла бастағанда, ең алдымен жүрек жаратылады. Жүрек - басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да - басты мүше; бірақ мұның үстемдігі бірінші емес, екінші, өйткені ол барлық басқа мүшелерді билейтін болса, оның өзін жүрек билейді. Бірақ бұл тек жүрекке қызмет етеді және жүректің табиғи ниетіне қарай, бұған басқа мүшелер қызмет етеді. Ми жүректен кейінгі мүше ретінде әрекет етеді, басты мүше бейімделе алмаған жерде оның орнын басады, оның өкілі болады, әр іске бейімделіп отырады; жүректің ізгі ниеттерін жүзеге асыру ісіне қызмет ету тек қана миға тән қабілет.

Ұлы философ Әл-Фараби адам бақытты болуы үшін ол ақыл-парасаттың иесі, жүрегі таза, жылы болуы керек деседі.

«Әбден жетілген адамдардың ғана жандары мәңгі өлмейді» - дейді

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» - деген болатын. Әрбір баланың бойына сүйіспеншілікпен білім нәрі мен тәрбие беру арқылы ғана саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз.

«Мен баланың жас кезінен –ақ әрқашанда сау да әрі бақытты болып өсуін, өмір даналығы мен адамзатқа қызмет ете білу бақытын игере отырып өсуін қалаймын. Өзінің кім екендігін, не үшін өмір сүріп, не үшін талпынатынын пайымдай білсін» - деп Сара Алпысқызы Назарбаева ұтымды ой тұжырымдады.

Осындай түйін сөздерді жүректен жүрекке жеткізе отырып, балаға нұр сыйлап, өйткені рухани-адамгершілік құндылықтарға негізделген ойы, сөзі, ісі бірлікте өмір сүретін, кемел мінезді адам дамыту басты мақсатымыз. Балалар айналасындағыларды жақсы көруді оймен, сөзбен, іспен көрсете алатынын ұғып, риясыз сүйіспеншілік қуат екенін түйсініп, адамдарға ізгілікті қарым-қатынас жасау оның өміріне өзгерістер әкелетінін біледі. Өйткені балалардың руханилығы ашылады. Балалар жүрекпен тыңдайды және жақсы көреді. Мектепте біз де балалармен бірге мейірімді, сенімді, ақ ниетті болуды үйреніп және мұғалімдік дүниетанымымыз кеңейе түседі. Осындай кіп-кішкентай балапандарға ізгілікті ұстаз болып, қанат бітіріп, рухани күш иесі екенін сезіндіріп, уақытысында көңіл бөліп, қуаттандырып, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуақ шашатын, шырағын жағып,

адамгершілігі мол адам тәрбиелеп жүргеніміздің өзі бақыт деп сезінемін. Ұстазының сүйіспеншілігіне бөленген бала да өзін бақытты сезінеді. Балаға үйретуден бұрын сүю маңызды екенін тәжірибеде байқадым. Сүйіспеншілікпен берген білім айналаға, достарына, табиғатқа деген дұрыс көзқарасын қалыптастырып, өмірге деген сенімін арттырып, өмірден өз жолын дұрыс таба білуге көмектеседі.

Нағыз даналықпен ақылдылық әр кезде біздің қасымызда жүреді. Тек адамның көзі, құлағы, жүрегінің есігі оған ашық болуы керек.

Ия, әр баланың жүрегіне үңіліп, көзі, құлағы, жүрегінің есігін ашып, рухани күшті қозғап, ақиқатты айтып, сүйіспеншілікке баулып, дұрыс әрекет жасай білуге, ішкі тыныштықты орнатып, ешкімге қиянат жасамайтын елжанды, ұлтжанды, еліне адал еңбек ететін толық адам тәрбиелеу нұр шашушы ұстаздардың қолында.

Кез-келген білім өзін-өзі танудан басталады. Бала бойындағы асыл қасиеттері мен құндылықтары арқылы ғана біліп алып, ақыл-парасатын дамыта алады. Саналы адам ретінде баланы сүйе отырып, білім берсек, ол білім жүрекке түседі. Ал, жүректегі білім өмір мәнін түсініп, еліне, қоғамға адал еңбек ете білуге, толық адам болуына ықпал жасайды. Жүрекке түспеген білім, яғни бойындағы қасиет, құндылықтарын дамытпай, алған білім баста қалады. Бастағы білім өзі үшін «менікі» деген тән құмарлығына итермелейді. Адамның шынай табиғаты рухтан тұрады. Рух - қасиет пен құндылықтың бірігуі. Яғни, біздің әрбір тамырымыз, қанымыз, тумысымыз тек қана **адами қасиеттер**: мейірімділік, жанашырлық, жауапкершілік, жомарттық, қайырымдылық, ақжарқындық, бауырмалдық, әдептілік, кішіпейілділік, адалдық, жауапкершілік т.б, **ал құндылықтар**: ақиқат, сүйіспеншілік, дұрыс әрекет, ішкі тыныштық, қиянат жасамаудан тұрады. Рух - жүректен орын тапқан. Осындай рухани болмысымызды жоғалтпау бізге парыз. Рух батырлары, кемеңгерлер, данышпандардың өмірдегі тәжірибелері бізге үлгі. Бізде сол ізгілік жолында, кейінгі ұрпаққа үлгі болсақ, ақылымыздың нұрымен айналаға шуақ шаша аламыз. Әр баланың өзін өзі тануына, өмірге қандайда бір іс тындыру үшін келгенін, бойындағы асыл қасиеттері мен адами құндылықтарын жоғалтпай, толық адам болуына жағдай жасауға жауаптымыз деп білемін.

Адам өзін өзі тану арқылы өмірі қалай өзгереді?

Жарық дүниеге Абайдың пайымдауынша айтсақ «кейіс дүниеге» келген адамның түбінде жалғанның жалғандығына бір көз жететіні анық болады. Ақылыңызға азық болатын жалғыз-ақ жол, ол-сол «кейіс дүниеден» мағына іздеу. «Барлық кемеңгер-ойшылдардың жан дүниесін түсіну» сапарына аттанып, солар арқылы өзімізді танып– мұратқа жете отырып, бақытты өмір сүру. Олардың жүрген жолы, таным- жолы екенін, сол ізбен жүруіміз керек екенін, танымға таптаурын із жараспайтынын, оның үстіне заманымызда соған мүмкіндік беріп тұрғанын жете түсінгеніміз абзал. Кемеңгерлер өмірдің мәнін түсінген адамдар. Жүректің түбіне терең бойлау

шарт екеніне көз жеткізеді. Абай: бірінші сөзінде «Өзі кімде-кім ішінен керекті сөз тапса-жазып алсын, я оқысын; керегі жоқ десе –өз сөзім өзімдікі»-дейді. Барлық адамдарды біріктіретін рухани күш ол - ойдың, сөздің, істің бірлігі.

«Өзін-өзі тану» сабағын өткізудің ерекшеліктері, жағымды көңіл-күйді өткізу бойынша әдістемелік ұсынымдар

**Арыс қаласы, «№18 С. Қожанов атындағы ЖОМ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі,
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Садыкбекова Г.**

«Отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда үлкендер мен бала арасындағы сыйластық, махаббат пен мейірімділік, шапағат шуағы мен ізгілік нұрына бөленуі тиіс. Өйткені біз баланы адал еңбек етіп, елін, халқын сүюге тәрбиелеп отырмыз. Сондықтан ұл-қызымызға көзбе-көз айтқан сөзіміз, берген тәрбиеміз жүректен жүрекке жетсе, ганибет!»

С.А.Назарбаева

Бүгінгі таңда өркендеп жатқан еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын асқақ жетістіктермен аттап, дамыған елдердің қатарына қосылуға бет бұрып отырғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де бүкіл әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Ал әлемдік білім кеңістігінде адам мүмкіндігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілетіне сенімі мен ерік бостандығын мойындау, абыройын қорғау және адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен сұраныстарын қамтамасыз ету негізгі мақсаттардың бірі.

Сара Алпысқызының ұлағатты ұстанымдары арқылы жас ұрпақтың жүрегіне өмірге, ата-анасына, ең жақын адамдарына, жалпы адам атаулыға деген бауырмалдық, мейірімділік, қамқорлық, махаббат, достық секілді ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. Рухани тереңдікті қалыптастыру мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі: Ақиқат; Сүйіспеншілік; Дұрыс әрекет; Ішкі тыныштық; Қиянат жасамау жасамау болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мектепте өтілетін басқа пәндерден бірқатар өзгешеліктері бар. «Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшелігі сабақ барысында мұғалім тақырыпты өткенде әр түрлі іскерлік ойындарды, психологиялық жағдаяттарды қолдана отырып, әр оқушы өз ойын еркін айта алатындай, жеке мені, өзіндік көзқарасы айқындалатын атмосфера туғызады.

Өзін-өзі тану пәні арқылы адамзат баласының жақсы мен жаманды ажыратуға, өз бойларындағы ізгі қасиеттерді қалыптастыруға, Отанды құрметтеу, туған жерді қадірлеу, табиғатты аялау, ата-ананы сыйлау, үлкенге

күрмет, кішіге ізет жасап, достарына адал, айналадағы қоршаған адамдармен тату болуға тәрбиелейміз.

Ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің “Тәртіпсіз алған білім адамзаттың қас жауы” деген сөздің астарында да әрбір жас өспірімді бірінші ата-ана, ұстаздың қолдауымен жақсы тәрбие беру керек.

Осы мақсатта өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі де сабақ өту барасында өзінің сырт келбетімен, сөйлеу мәнерімен сонымен қатар өзінің жан дүниесінің сұлулығын айқындай көрсетіп, әрбір жас өспірім балаға үлгі болатындай әпке, аға, дос, қамқоршы бола отырып бойында актерлік шеберлігі әнші, биші, спортшы, қолөнер шебері, жалпы айтқанда жан-жақты, дарынды болу керек деп ойлаймын. Он екі жыл өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі болып қызмет етіп келемін. Жас өспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді, үлкендерден, тәрбиешілерден, насихат жолымен емес, тек шынайы көру сезім қатынсында ғана алады. Сондықтан мен сабақ өту барысында, бойындағы шығармашылық шеберлігімді дамыта отырып, сабақ тақырыбына сай, сахналау барысында ана рөлін сомдап, балаға шынайы тәрбие беру мақсатында өз бойымдағы өнерімді жас өспірімдерге үйретуге ұсынамын. Сонымен қатар спорттық жарыстар өткізу барысында оқушылармен бірге доп ойнап, бірге жүгіремін. Жағымды көңіл-күйге келу мақсатында қазақтың ұлттық биі “Қара жорға” биін билетемін. Осындай ерекше сабақ өту барысында мұғалім мен оқушыны дарының ашуға ықпал етеді.

Л. Н. Толстойдың “Егер ұстаз өз бойына да, жұмысына да, оқушысына да сүйіспеншілігін біріктіре алса, ол ұстаз мінсіз болады” деген.

Баланың ақылы да, жаны да туылғанда ақ қағаздай болып туылады. Ақ қағазға қандай жазу жазсақта, жазушының өз еркінде. Сол сияқты балаға тәрбие беру – тәрбиешіден. Бала қалай тәрбиеленсе, соған көне береді. Сондықтан ұрпақ тәрбиесін өзіміздің қолымыздан, уысымыздан шығарып алмауымыз керек.

Осы орайда «Өзін-өзі тану» пәнінің басты ерекшелігі өскелең ұрпақтың тұлғалық потенциалының дамуына, өзіндік қасиетінің ашылуына, шығармашылық және танымдық белсенділігін ынталандыруға, балаларға сүйіспеншілік, мейірімділік, ақиқат, адалдық, шыншылдық, сұлулық, рақымдылық, мінез-кұлық дұрыстығы арқылы үйлесімді жан-жақты дамыған адам қалыптастыруға бағдарланған.

Өзін-өзі тану пәнінің әдістемелік құралында сабақтың тақырыбын ашатын әр түрлі әдістемелік әдіс-тәсілдер ұсынылады. Соның ішінде жағымды көңіл-күйге келу.

Өзін-өзі тану рухани адамгершілік білім беру бағдарламасының адамның өзін түсінуге, қоршаған ортаға деген оң көз-қарасын дамытуда ықпалы өте зор. Соның бірі жағымды ойлау. Жағымды ойлау – адамның жаман жақсы ойларын ербітуге мүмкіндік береді. Жағымды ойлау барысында адам өзінің ойын, ақылын бақылауға алады, тыныс алуға назар

аударды, ойын осы сәтке шоғырландырады. Жағымды ойлауды өткізу кезінде оқушының жас ерекшелігімен, психологиялық ерекшелігін ескеруіміз керек. Сонымен жағымды көңіл-күйді өткізу бастауыш сыныптарда 1 немесе 1,5 минуттан аспайды, көзін жұмбайды. Сонымен қатар шаттық шеңберінде құрып бір-біріне жақсы тілек бастауға болады.

Орта және жоғары сыныптар үшін жағымды көңіл-күйді өткізу 3-5 минут көзді жұмып, нұсқау бойынша қолданылады. Жағымды көңіл-күйді барысында тыныс алу баяулайды, образдарды ойлау, қиялдау дамиды. Жағымды көңіл-күйден кейін оқушыларға “ Жағымды және жайлы жерлердің” суреттерін салуды ұсынуға болады. Мұндай жаттығудан кейін сыныпта тәртіп жақсарды және сабақтағы ақпараттар тез қабылданады. Өзін-өзі тану сабақтарындағы жағымды ойлау - оқушыларды сабырлы қалыпқа біртіндеп түсіру мақсатында тыныш, баяу музыканы тандап алу ұсынылады. Музыка балаларды қарсы алып, олар сабаққа дайындалып жатқан уақытта өне бойы ойнап тұрады. Музыка оларды белгілі бір дәрежеде жағымды күйге түсіріп, өте жақсы тыныштандырады. Мұғалімнің қандай күйде болғаны маңызды. Оның өз бойында да терең ішкі тыныштық пен тепе-теңдік болуы қажет, сонда ғана балаларды ол осы күйге келтіре алады. Сонымен қатар жағымды көңіл күйге келуді, сабақ тақырыбына сай мұғалім өз шеберлігіне қарай ұйымдастыра алады. Өзімнің сабақ өту практикамада 8 ші сыныптың «Болашақты жасаймыз» тақырыбында, өз шеберлігімді пайдалана отырып болашаққа саяхат жасату мақсатында жақсы көңіл күйге келу ұйымдастырдым.

Жағымды көңіл –күйге келу »Болашақты жасаймыз»

Ал қанікей балалар көзімізді жұмамыз көз алдымызға өзіміздің керемет осы сәттегі балалық шағымызды дәріс беретін ұстаздарымызды елестетеміз .Ұстаздар сендер білімді болсын деп бар ниетімен білгенін сендерге үйретуде сондықтан біздің бойымызда келешекке деген жоспарымыз бен мақсатымыз жауапкершілігіміз өте көп. Сол мақсатқа жетуге көп күш саламыз Өйткені болашақ біздің қолымызда .

Мектепті бітірдік арман қуып калаға келдік армандаған оқуымызға түстік . Жоғарғы оқу бізді бір сатыға есейткендей болашаққа деген сүйіспеншілік пен жауапкершілігімізді арттырғандай .Ата анаға деген сағыныш бізге РҰХ бергендей.Міне осындай бойымдағы болашаққа деген сүйіспеншілігіммен жоғарғы оқу орнын да тәмәмдадық .Армандаған мамандық жақсы көретін жұмысымыз мені өмірге деген құштарлығымызды , Отаныма риясыз қызмет етемін деген іскерлігімізді арттырғандай.
(<https://youtu.be/GBoS4ZUwtv0>)

Еді балалар жаймен көзімізді ашамыз.

Осы жағымды көңіл күйге келуді ұйымдастыру себебім әрбір жас өспірім өз болашағын көз алдына елестетіп, алдына мақсат қоюды үйрету.

Қорыта келгенде «Өзін-өзі тану» рухани –адамгершілік білім бағдарламасы бойынша, білім беруде жеке тұлғаны ең жоғарғы құндылық деп таны. Оның

еркіндігі мен жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, оқу – тәрбие процесінде жеке тұлғаның қажеттіліктерін қанағаттандыру, мектептегі білім беру міндеттерінің негіздерінің бірі-оқушыны шынайы әлем жағдайындағы өмірге дайындау. Сара Алпысқызының «Өзін-өзі тану адамның өзін-өзі тануы, өзінің ең жақсы қасиеттерін анықтауға, қз ар-ожданын сақтап, әрқашанда АДАМ деген атқа лайық болуына ықпал етеді»- деген сөзіне қарай, біздің де тәрбиелеген оқушыларымыз осы АДАМ деген атқа лайық болса, онда «Өзін-өзі тану» пәнінің үлкен нетижсе бергені деп білеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Өзін-өзі тану» мұғалімдерге арналған әдістемелік құрал.
2. Интернет желісінен алынған материалдар
3. «Самопознание KZ» журналдар тізбесі.
4. Өз шығармашылығынан алынған.

**БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ОҚУДАН ТЫС ІС-ӘРЕКЕТІН
ЖАЛПЫАДАМЗАТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ
ИНТЕГРАЦИЯЛАУ НЕГІЗІНДЕ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

**Алимбекова Сауле Анарбекқызы
«Өзін-өзі тану» пәні мұғалімі
«№19 Б.Майлин атындағы жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Түркістан облысы
Келес ауданы**

Рухани кәусар бұлаққа барар жол іздеу
әр адамның міндеттерінің міндеті
екендігіне сенімдімін
С.А.Назарбаева

Қазіргі өркениеттегі жайлылықтың қарқынды өсуіне қарамастан әлемде тыныштық пен сенімділік жоқ. Мұның себебі адамның теріс әрекеттерінде жатыр. Білімді барынша меңгергенімен, қайырымдылық пен зұлымдық, сүйіспеншілік пен мейірімділік жайлы ойланбаған адам өзін бақытты сезіне алмайды. Рухани- адамгершілік білімнің негізі болып табылатын «Өзін- өзі тану» Бағдарламасының авторы С. А. Назарбаева «Өмір әдебі» кітабында оған тек жалпыадамзаттық құндылықтарды оқыту арқылы ғана жетуге болатынын атап көрсетті. Сондықтан күллі әлемді сақтап қалатын бірден- бір жол рухани-адамгершілік білім екені даусыз.

Білім беру жүйесіндегі рухани-адамгершілік тәрбиенің жаңа сапалы сатысы—бұл мектептің бірыңғай білім беру кеңістігіне, оның іс- әрекетінің

барлық түрлеріне «Өзін-өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасының интеграциялануы.

Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік тәрбиесі-мейірімділікке, қайырымдылыққа, өзара көмек көрсетуге бағытталған адамдағы ізгіліктік құндылықтарды ашуды көздейтін оқу-тәрбие үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылатын оқудан тыс жұмыс-оқушылардың бос уақытын ұйымдастырудың формасы.

Оқудан тыс жұмыс оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыруды, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеуді, оның дамуын және әлеуметтенуін біріктіреді. Біріншіден, оқушының өзін-өзі тануына және өзін-өзі дәріптеуіне, өз мүмкіндігі мен күшін бағалауға, өзіне сенуге, өзін жақсы, жағымды жақтан қабылдауға септігін тигізеді.

Екіншіден, оқушылардың жалпыадамзаттық құндылықтарын ашуға, дамытуға ықпал етеді.

Үшіншіден, оқудан тыс жұмыстардың әр түріне қатыстыру оқушының жеке тәжірибесін, оның адамдар қызметтерінің әр түрлілігі туралы білімін байыта түседі.

Төртіншіден, оқушылар ұжымда өмір сүруге, бір-бірімен іскерлікке, өз жолдастарына қамқор болуға, өзін басқа адамның орнына қоя білуге үйренеді.

Оқудан тыс жұмыстарға мынадай талаптар қойылады:

- мектептің тәрбиелік және білім беру іс-әрекеттері арасындағы тікелей байланыстың болуы, мектептің тәрбиелік кеңістігіне «Өзін-өзі тану» рухани – адамгершілік білім беру бағдарламасын интеграциялану;
- жалпыадамзаттық құндылықтар, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру және тәрбиелік жұмыстың тиімділігі мен сапасын бақылау негізінде рухани-адамгершілік білім берудің әдістерін үйлесімді пайдалану;
- отбасы мен қауымдастықтың арасындағы қатынастарды, мектептің тәрбиелік және білім беру жұмыстарының әрекеттерін үйлесімді ету;
- тәрбиелік жұмыстың жаппай, топтық және жеке түрлерін үйлесімді қолдану;

Білім беру ұйымдарында оқудан тыс жұмысты ұйымдастыру үшін келесі шарттардың сақталуы өте маңызды:

- білім беру ұйымындағы моральдық психологиялық ахуал: сүйіспеншілік, сенім, шабыттанған шығармашылық ахуалы, өзін-өзі зерттеуге жағдайлар жасау, өзін-өзі тануда интуицияны дамыту;
- рухани-адамгершілік білім берудің мектептің тұтас педагогикалық үдерісіне интеграциялануы;
- рухани-адамгершілік білім беру мен тәрбие үдерісінде оң және ізгі әдістерді қолдану;

Осы мақсатта өз тәжірибемде жүргізілген жұмыстарға тоқтап өтсем деймін.

Оқудан тыс тәрбие жұмысының ерекшеліктерін ескере отырып, оның тиімділігінің айқындаушы талаптарын басшылыққа алдым:

- міндетті түрде мақсат қою;
- күтілетін нәтижені анықтап алу
- әр балаға риясыз сүйіспеншілікпен, оңтайлы тәсіл қарастыру
- педагог үнемі шығармашылықпен ізденісте болуы керек;

Мектебімізде мектептің даму жоспарына өзгерістер енгізілді. Онда мектепте жүргізілетін барлық жұмыс жоспарына «Өзін-өзі тану» РАББ жоспарын енгізуден бастадық. Мақсатымыз бен күтілетін нәтижесін анықтай отырып, «Өзін-өзі тану» РАББ-сын оқу-тәрбие үдерісіне интеграциялау арқылы жұмыс барысында мақсатымызға және нәтижеге қол жеткізе білдік.

Оқу-тәрбие жұмысы мен оқудан тыс сабақтардың арасында тығыз байланыс бар. Оқу сабақтары оқушылардың білімге қызығушылықтарын дамытып, оқудан тыс жұмыстың ұйымдастырылуына ықпал етеді, сонымен қатар оқудан тыс жұмыстар оқушыларға игерген білімді кеңейтіп, тереңдетеді, яғни оқушылардың рухани-адамгершілік дамуына ықпал етеді.

Мектепте оқудан тыс жұмыстардың сан алуан түрлері қолданылады, Мысалы оқудан тыс жұмысқа оқушылардың қатысуымен өтілетін түрлі тәрбиелік білім беру,

Шаттық шеңбері Қайырымдық акциялары, Апталықтар, Спорттық іс-шаралар, Драма үйірмесі, Пікірталас, Ақындар бұрышы, Серуендер тб

Оқудан тыс іс-шаралар мектеп ұжымында жылулықтың, достық қарым-қатынас орнауына ықпал етеді. Әр оқушының өзін өзара тату дос, мектеп ұжымының бір бөлшегі ретінде сезіне білуіне жағдай жасайды

Топтық немесе командамен жұмыс істеу, бірлік және өзара көмек сияқты қасиеттерді дәріптеу үшін жүргізіледі.

Оқушылардың ненің жақсы, ненің жаман екенін өздері шешуі үшін, жетекшілері мен бірге өзекті мәселелерді өздері талқылап, өздері шешім қабылдайды.

Қайырымдылық акциясы мектеп аясында өткізіледі және ұжым мүшелерінің бір-біріне игі ықылас білдіріп, өзара рухани және материалдық көмек көрсетуіне бағытталады.

Онда балалар да, ата-аналар да, мұғалімдер де тең дәрежеде қатысатын ортақ іс екендігін, кімге, не үшін, неліктен сияқты барлық қыр-сырын міндетті түрде түсіндіріп отыру қажет. Балаларға жиналған сыйлықтардың кімге ұсынылғанын көрсететін фильм немесе фотостенд көрсетіп қорытындылау өте маңызды.

Іс шараларға қатысушылардың әсерлері, пікірлері.

«Өзінді де, өзгені де аяла» акциямызды мейірімділікке, жүректен шыққан жылы лебізімізді сөз арқылы емес, өз қолымызбен жасаған еңбектерімізбен білдіру көзделген.

Әр біріміздің жылы лебізіміз жүректен жүрекке жете берсін»-деп, айтып өтті және концерттік бағдарлама ұйымдастырылды. Онда патриоттық әндер мен сүйіспеншілікке негізделген әндер айтылып, би биледі.

Мектеп қорына аталған оқушылардың қолдан жасалған бұйымдарын технология пәні мұғаліміне тапсырды. Әрбір өтілген іс шаралар бойынша оқушылар мен ата-аналар үні тыңдалды.

Жеткен нәтиже

- Қайырымдылық акцияның өз деңгейінде өтуі,
- Оқушылардың бойында сүйіспеншілік, мейірімділік қасиеттердің болуы.
- Қайырымдылық акциясы сонында оқушылардың үні тыңдалды. Және ұсыныстар түсіп, жаңа иеялар туындады. Жоба жүзеге асырылғаннан кейінгі жобаға қатысушылардың пікірінше олардың санасында орын алған өзгерістер байқалды. Оқушылардың жүрегінде мейірімділік, қамқорлық, ізгілік қасиеттері орын алды деп ойлаймын.

Ұйымдастырушы ретінде менің өзім де үлкен әсер алдым. Дәл осындай әсерлі болады деп ойламаппын. Барлығы шынайы болды. Жасанды ештеңе жоқ. Осындай мейірімді, қамқор оқушыларға тәрбие бергеніме қуандым. Жобада қол жеткізген нәтиже оқушыларымыздың бойында мейірімділік, қамқорлық, адалдық қасиеттерінің көрініс беруі.

Сабақтан тыс іс-шараларда мұғалімнің жеке басы үлгісі өте маңызды. Олар балалар үшін шабыт көзіне айналуы керек, сол сияқты кез келген жағдаятты құндылықтарды енгізуге ықпал ететін құрал ретінде пайдалану үшін мейлінше шығармашыл және зерделі болуы керек. Мұғалімнің әр сөзі ісімен дәлелденіп жатса, моральдық-адамгершілік тақырыбына айтылған кез келген әңгіме өз жалғасын тауып жатса, онда айтылған сөз балалардың жадында сақталып қалатыны ақиқат.

Қорытындылай келе мейірімді, қамқор болуды сөз жүзінде айтқаннан, оқушыларға іс жүзінде өздеріне жасатқан өте тиімді екенін түсіндім. Балалардың әлемі ерекше әлем. Олардың өмірге деген риясыз сүйіспеншілігін, жаңаға деген құштарлығы, пәк көзқарасы, адал жүрегі адам жанын елжіретпей қоймайтыны белгілі. Сол балалардың болашағы жарқын болуы үшін жасалып отырған қамқорлықтар қаншама десеңші. Сондай қамқорлықты балалар өздері жасағаны үшін риза болды.

Қымбатты әріптестер, өз оқушыларымыздың тазалығына лайықты болайық және оларды рухани биікке талпынысында қолдайық!

Жеке тұлғаны тәрбиелеудегі жалпыадазаттық құндылықтардың рөлі

**Түркістан қаласы М.Жұмабаев атындағы
№15 мектеп-гимназия
Өзін-өзі тану пәні мұғалімі
Усенова Бибаим Токташовна**

Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді сіңіріп, өз-өзіне сенімділікті тәрбиелеуде отбасы мен педагогтар шешуші роль атқарады. Елімізде болып жатқан саяси- әлеуметтік, мәдени-этникалық өзгерістер халыққа білім беру мен тәрбие ісінің мазмұнын түбегейлі өзгертуді қажет етіп отыр. Бүгінгі өмірді жалғастырушы ұрпақ бұл қоғамнан өзінің келешегіне не ала алады деген сұраққа жалпы қауым болып жауап іздестіруде.

Бүгінгі таңда білім беру жүйесіндегі бірінші міндет- ол дүние жүзі елдерінде жастарды бейбітшілік рухта ынтымақтастыққа, руханилыққа тәрбиелеу. Екіншіден, жастардың бойындағы адами құндылықтарды: қайырымдылықты, сүйіспеншілікті дамыту, сөйтіп тәрбиелей отырып оқыту. Үшіншіден, білім беру жүйесінің бұрынғы ағартушылық бағытын сақтай отырып, басым бағдарын жеке тұлғаның рухани – адамгершілік тұрғысынан кемелденуіне аудару. Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту- заман талабы. Егер адам руханилығынан айырылса, онда ол эмоция мен сезімнен де айырылады. Сөйтіп, материалдық табысты негізгі мақсатқа айналдырған қоғамдық даму адамзатты рухани жұтандыққа душар етіп, құндылық бағдарын өзгертіп жіберуі мүмкін.

1.Жалпы азаматтық құндылықтардың жеке тұлғада қалыптасуы

Жалпы адамзаттық құндылықтар жеке тұлғаның бойында өмірге келген сәтінен бастап, бірге дамиды, жасы ұлғайған сайын қоршаған ортасына сәйкес бірге қалыптасады. Жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуы мектеп жасындағы балаларда қарқынды жүретіні белгілі. Мұғалім жеке тұлғаның рухани- адамгершілігін дамытудың мақсатын, міндеттерін және оны ұйымдастыру формалары мен тиімді әдіс – тәсілдерін ғылыми түрде белгілеп алуы керек. Жеке тұлғаның рухани- адамгершілігін дамытудың әдістері мен қызметін былайша жіктеуге болады. Осы әдіс-тәсілдерді әр сабақта қажеттілігіне қарай қолданған жағдайда жеке тұлғаны рухани- адамгершілікке тәрбиелеуді жүзеге асыру мүмкіндігі туады. Олардың жиынтығын мынадай сызбадан көруге болады.

Құндылық – объектінің жағымды немесе жағымсыз жақтарын білдіретін философиялық-социологиялық ұғым. Жалпы азаматтық құндылық – бұл барлық кезеңдегі адамдар үшін шынымен маңызды, сөзсіз қажетті, қалаулы, сеніміне байланыссыз әр адам үшін іс жүзінде мағынасы бар құндылықтар.

Құндылықтар туралы мәселені алғаш рет – ежелгі философ Сократ қарастырды. Рухани адамгершілік – адамдарға деген ізгі ниеттілік, құрмет, жанашырлық пен сенім, кеңпейілділік басқалардың мүддесі үшін жан аямаушылық сияқты жеке қасиеттерді қамтиды. Бір минутқа да күмәнданбаймын осы бір болмыстың барлық ежелгі сұрақтарына жауап беру үшін жалпыадамзаттық құндылықтарды жаңғырту керек, өзінің бастауына оралуың қажет. С.А.Назарбаева. Жеке тұлғаны рухани адамгершілікке тәрбиелеуде мәнерлеп оқудың мәні өте зор. Мәтінді, өлеңді мәнерлі оқу арқылы оқушы әдеби шығармалардың сөз өнері екендігін, ана тілінің байлығын, адамның жан дүниесін тебіренерлік құдіретті күшін, эмоциялық қасиетін байқай білуге үйренеді.

2.Рухани-адамгершілік тәрбие нормалары

Рухани-адамгершілік тәрбие – бұл өзін-өзі ұстау дағдыларының нормалары, ұйымдағы қарым-қатынас мәдениетінің тұрақтылығын қалыптастырады. Жеке адамның адамгершілік санасының дәрежесі оның мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайды. Сананың қалыптасуы-ол баланың мектепке бармастан бұрын, қоғам туралы алғашқы ұғымдарының қалыптасуына, жақын адамдардың өзара қатынасынан басталады. Баланы жақсы адамгершілік қасиеттерге, мәдениетке тәрбиелеуде тәрбиелі адаммен жолдас болудың әсері күшті екенін халқымыз ежелден бағалай білген. «Жақсымен жолдас болсаң - жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң - қаларсың ұятқа...», «Жаман дос, жолдасын қалдырар жауға» - деген мақалдардан көруге болады. Мақал-мәтелдер, жұмбақ, айтыс, өлеңдер адамгершілік тәрбиенің арқауы. Үлкенді сыйлау адамгершіліктің бір негізі. Халық ауыз әдебиеті үлгілерінің ішінде ертегінің рөлі жоғары. Себебі халық ауыз әдебиетін құрылымы жағынан алғанда қарапайым, ал рухани құндылығы жағынан алғанда баға жетпес аса қымбат, көркем туынды болып есептеледі. Ертегі рухани тәрбиелік мәні зор деп есептелетін, сөз байлығының баға жетпес інжу-маржаны, оқушыға рухани ләззат беріп, қиялына қанат бітіретін, жас баланың өсіп жетілуіне қажетті нәрсенің мол қоры бар рухани азық. Бұл бала өзінің рухани дамуына қажетті нәрсенің бәрін ертегіден ала алады деген сөз.

3.Рухани-адамгершілікке тәрбиелеудегі өз халқының ұлттық дүниетанымы

Халқымыздың тәлім-тәрбиелік мұрасына үңілсек, ол адамгершілікті, қайырымдылықты, мейірбандықты дәріптейді.Ата-бабаларымыздың баланы бесігінен жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла», «Сәлем бер, жолын кесіп өтпе» деген секілді ұлағатты сөздердің мәні өте зор. Адамгершілікті, ар-ұяты бар адамның бет-бейнесі иманжүзді, жарқын, биязы, өзі парасатты болады. Ондай адамды халық «Иман жүзді кісі» деп құрметтеп

сыйлаған. Балаларымызды имандылыққа тәрбиелеу үшін олардың ар-ұятын, намысын оятып, мейірімділік, қайырымдылық, кішіпейілдік, қамқорлық көрсету, адалдық, ізеттілік сияқты қасиеттерді бойына сіңіру қажет. Баланы үлкенді сыйлауға, кішіге ізет көрсетуге, иманды болуға, адамгершілікке баулу адамгершілік тәрбиесінің жемісі. Сонымен қатар, оқушыны рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде өз халқының ұлттық дүниетанымына сай, мазмұны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлы ойшылдардың даналығынан бастау алатыны әрқашан айқын көрініп тұрады.

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілігінің дамуындағы қажеттіліктер

Оқушыны рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде жеке басының ерекшеліктері ғана емес, оның айналасындағылармен бірге дамуының да мәні зор екендігін Ю.П.Азаров: «Тәрбиелеу өнері» деген еңбегінде былай түсіндіреді: «Адамның табиғатпен, адамның басқа адамдармен және өзінің өзгемен үндестігі болғанда ғана тәжірибе нәтижелі болады». Ендеше, жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеуде бұл мәселелер өз мәнінде ескерілуі керек. Қорыта келгенде, осы қажеттіліктерді ескере отырып, жеке тұлғаны рухани-адамгершілікке тәрбиелеудің мынадай моделін құрастыруға болады.

Жеке тұлғаны рухани –адамгершілікке тәрбиелеу моделі

Сонымен, оқушыны рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мектеп табалдырығын аттаған сәтінен бастап жүзеге асырылса, онда қоғамның әлеуметтілік қажеттілігін өтейтін рухани бай тұлға қалыптасуына игі ықпал етеді. Рухани – адамгершілік тәрбиесінде алдымен баланы тек жақсылыққа, қайырымдылық, мейірімділік, ізгілікке тәрбиелеп, соны мақсат тұтса, ұстаздың, ата-ананың да үміті ақталып, баланың болашағы зор болмақ.

Болашақ жастар мектеп қабырғасынан, үйден, ата-анасынан, қоршаған ортадан, достарынан, естіп білген нәрселерінен ой түйіп, бойына рухани азық алады. Сонымен қатар оқыған ертегі, жыр, мақал-мәтел, жұмбақ, жаңылтпаштар арқылы бойына адамгершілік, ізгілік, шыншылдық, мейірімділік пен қайырымдылық, жанашырлық қасиеттерін сіңіре біледі. Батырлар жырын, ертегі, әңгімелерді оқып, өлеңдерді жатқа айтып, мәнерлеп оқу арқылы елінің нағыз патриоты бола біледі. Бойында рухани құндылықты сіңіре білген, ізгілікке толы жүзі, мейірімге толы жүрегі, қайырымдылыққа жаны құмар, ақыл-парасаты мол, мәдени — ғылыми өрісі озық, бәсекеге қабілетті, өзгерістерге бейім, шығармашыл тұлға болып қалыптасады.

«ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУ» САБАҒЫН ЖОСПАРЛАУ ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР

**Түркістан облысы Бәйдібек ауданы
Саттар Ерубәев атындағы жалпы орта мектебінің
өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі
ЗИЯДАЕВА ЖАНАЙЫМ КОБЛАНОВНА**

Өзін – өзі тану пәні ізгілік, имандылық, мейірімділік, ізеттілік, адамгершілік тәрбиесінің негізі, білім берудің басымдықтары рухани-адамгершілік білімді іске асыруға, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениетті үйретуге ықпал етеді. Өзін-өзі тану оқулықтарында берілген халқымыздың аңыз-әңгімелері, ертегісі, мақал-мәтелдері, нақыл сөздері менақын жазушылардың шығармаларындағы тәрбие қаймағы рухани құндылықтарымыздың мөлдір бұлағы іспетті. Сондықтан бұл пән бүгінгі заман талабынан туындап отыр.

Қазіргі кезеңнің өзін-өзі тану пәнін сапалы оқыту ізденістері, қоршаған ортаны, әлемді тани білу ізгілікке жетелеуде алатын орны ерекше. Өзін-өзі тану пән мұғалімін толғандырып отырған мәселелердің бірі. Осы орайда кез-келген педагогикалық жаңа технология оқушылардың сабақ барысындағы белсенділігін арттыруға тікелей әсер етуі керек, оқушы білімді дайын күйінде мұғалім түсіндірмесінен алмай, өзінің өмірлік тәжірибесіне сүйену арқылы танымдық шығармашылық тапсырмаларды орындау негізінде іске асуы тиіс. Нәтижесінде оқушының дүниетанымы кеңейіп, өзіндік пікірі мен көзқарасы қалыптасады. Жалпыадамзаттық құндылықтар болып саналатын адамгершілік мұраларды, рухани-адамгершілік қасиеттерді бүгінгі ұрпақтың бойына сіңіру, жақсылыққа үйрете білу аса маңызды.

Баяндама тақырыбы: «Өзін-өзі тану» сабағын жоспарлау бойынша әдістемелік ұсынымдар

«Отбасында, мектепте, қоғамдық орындарда үлкендер мен бала арасындағы сыйластық, махаббат пен мейірімділік, шапағат шуағы мен ізгілік нұрына бөленуі тиіс. Өйткені біз баланы адал еңбек етіп, елін, халқын сүюге тәрбиелеп отырмыз. Сондықтан ұл-қызымызға көзбе-көз айтқан сөзіміз, берген тәрбиеміз жүректен жүрекке жетсе, ғанибет!»

С.А.Назарбаева: Бүгінгі таңда өркендеп жатқан еліміз жаңа ғасырдың табалдырығын асқақ жетістіктермен аттап, дамыған елдердің қатарына қосылуға бет бұрып отырғандықтан, еліміздің білім беру жүйесі де бүкіл әлемдік білім талаптарына сәйкес болуы тиіс. Ал әлемдік білім кеңістігінде адам мүмкіндігінің шексіздігін, өзін-өзі дамыту қабілетіне сенімі мен ерік бостандығын мойындау, абыройын қорғау және адамның бақытқа жету жолындағы құқығы мен сұраныстарын қамтамасыз ету негізгі мақсаттардың бірі.

Сара Алпысқызының ұлағатты ұстанымдары арқылы жас ұрпақтың жүрегіне өмірге, ата-анасына, ең жақын адамдарына, жалпы адам атаулыға деген бауырмалдық, сүйіспеншілік, махаббат, достық секілді ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. Рухани тереңдікті қалыптастыру мақсатында жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесі: Ақиқат; Сүйіспеншілік; Дұрыс әрекет; Ішкі тыныштық; Қиянат жасамау болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің мектепте өтілетін басқа пәндерден бірқатар өзгешеліктері бар. «Өзін-өзі тану» пәнінің ерекшелігі сабақ барысында мұғалім тақырыпты өткенде әр түрлі іскерлік ойындарды, психологиялық жағдаяттарды қолдана отырып, әр оқушы өз ойын еркін айта алатындай, жеке мені, өзіндік көзқарасы айқындалатын атмосфера туғызады.

Өзін-өзі тану сабағының жоспары

Өзін-өзі тану бойынша сабақ жоспары «Бөлім»:			
Педагогтің аты-жөні			
Күні:			
Сынып:	Қатысушылардың саны:	Қатыспағандардың саны:	
№ сабақтың тақырыбы			
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары:			
Құндылығы:			
Қасиеттер:			
Сабақтың мақсаты			
6. Сабақтың міндеттері:			
1. Білімділік			
2. Дамытушылық			
3. Тәрбиелік			
Сабақтың барысы: Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Педагогтің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Ресурстар
Ұйымдастыру кезеңі 1. Жағымды көңіл-күй			
2. Алдыңғы үй тапсырмасын тексеру (әңгіме)			
3. Жағымды ой-пікір (дәйексөз) әңгіме			
4. Оқиға айту (әңгіме)			
5. Шығармашылық жұмыс			
6. Жобалау қызметі			
7. Топпен ән айту			
8. Үй тапсырмасы			
9. Сабақтың қортынды сәті			

1-ші . Сабақ жоспарының «Бөлім» бағанында осы сабақтың тақырыбы орналасқан өзін-өзі тану бойынша оқулықтың төрт тақырыптық бөлімінің бірінің атауы көрсетіледі.

2-ші. «Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары» деген бағанда «Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу бағдарламасынан: оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар тізімінен 1-4 сыныптар үшін, күтілетін нәтижелер тізімінен 5-9, 10-11 сыныптар үшін оқу мақсаттары жазылады.

3-ші . «Құндылық» бағанында мұғалім сабақ тақырыбының рухани-адамгершілік тереңдігін анықтау үшін таңдаған бес мәңгілік жалпыадамзаттық құндылықтардың бірін (Ақиқат, Сүйіспеншілік, Ішкі тыныштық, Дұрыс әрекет, Қиянат жасамау) жазады.

4-ші . «Қасиеттер» бағанында мұғалім таңдалған құндылыққа сәйкес келетін рухани-адамгершілік қасиеттерді жазады, олар сабақтың міндеттерінде көрсетіледі.

5-ші. «Сабақтың мақсаты» бағанында мұғалім сабақтың мақсатын жазады, онда сабақтың тақырыбына байланысты сабақта анықталған құндылық көрсетілуі керек. Құндылықты анықтау сабақ тақырыбының рухани-адамгершілік тереңдігін ашуға көмектеседі.

6-ші. «Сабақтың міндеттері» бағанында мұғалім сабақтың үш міндетін жазады:

1/білімділік,

2/дамытушылық,

3/тәрбиелік.

Білімділік тапсырмасында сабақтың негізгі ұғымдары, дамытушылықта-дағдылар, ал тәрбиелік тапсырмасында «Қасиеттер» бағанында жазылған қасиеттер көрсетілуі керек. Сабақтың мазмұны мұғалімнің таңдаған адамгершілік-рухани қасиеттерін зерттеу, дамыту және тәрбиелеу арқылы сабақтың мақсатын жүзеге асыру үшін таңдалуы керек. Осылайша, сабақтың құрылымдық және мазмұндық тұтастығы жүзеге асырылады.

«Сабақ барысы» кестесін толтыру бойынша ұсыныстарда «Мұғалімнің іс-әрекеті» бірінші бағанын қалай толтыру керектігі ғана қарастырылады, өйткені «Оқушының іс-әрекеті» және «Ресурстар» бағандарын толтыру мұғалім үшін қиын емес.

1. «Жағымды көңіл-күй» бағанында мұғалім таңдаған жағымды көңіл-күй формасын көрсету керек: Қуаныш шеңбері немесе «Жарыққа көңіл бөлу», «Орманда серуендеу», «Су астындағы әлем», тыныс алу және басқалар. Бұл жағдайда көңіл-күй мәтінін жазудың қажеті жоқ. Егер мұғалім өзінің авторлық мәтінін оң көзқараспен ұсынса, онда бұл мәтін толығымен жазылуы керек.

2. «Алдыңғы үй тапсырмасын тексеру (әңгіме)» бағанында мұғалім оқытылатын тақырып бойынша оқулықтан үйде оқуға арналған мәтіннің беті мен атауын көрсетуі, сондай-ақ әңгімеге арналған сұрақтарды жазуы керек. Сабақта оқушылар мәтінді қайталайды, ал мұғалім әңгіме жүргізеді. Сабақтың бұл компоненті мұғалімге оқушыларды сабақ тақырыбына алдын-ала дайындауға, мәтінді оқуға уақытты қысқартуға және жаңа ақпаратпен танысуға уақыт қалдыруға мүмкіндік береді. Сабақтың бұл құрылымдық компоненті міндетті емес екенін ескеріңіз, ол мұғалімнің таңдауы бойынша жүзеге асырылады. Егер бұл компонент болмаса, онда осы бағанда сызықша қойылады.

3. «Жағымды ой-пікір (дәйексөз) (әңгіме)» бағанында мұғалім сабақтың мәнін анықтайтын және тақырыбына сәйкес келетін бір жағымды ой-пікір (дәйексөз) жазып, дәйексөзді талқылауға арналған сұрақтарды таңдап, сонымен қатар дәйексөзді есте сақтау үшін қандай әдістемелік әдіс қолданылатынын сипаттауы керек, мысалы, хормен дәйексөзді қайталау, дәптерге жазу және т.б. қажет болған жағдайда дәйексөз авторы туралы аздап ақпарат қосуға болады.

4. «Әңгімелеу» бағанында мұғалім оқушыларға әңгімелейтін оқиғаның атын, сондай-ақ әңгімеге арналған сұрақтарды жазуы керек. Әңгіме айтуда мұғалім «мұғалімнен сыйлық» ретінде оқулықтан емес, жаңа бір нәрсені айта алады: өз өмірінен алынған әңгіме, жаңа тәмсіл, күн жаңалықтарынан немесе бейнеден алынған өмірлік оқиға. Оқушыларға оқиғаны айтуды ұсынуға болады. Сондай-ақ, мұғалім оқулықтан бір оқиғаны айта алады (содан кейін алдын-ала үй тапсырмасы болмайды). Оқиға мен әңгіме сабақтың мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келуі керек.

5. «Шығармашылық жұмыс» бағанында мұғалім қандай шығармашылық қызметті жүргізетінін егжей-тегжейлі сипаттауы керек. Егер бұл шығармашылық әрекет оқулықтан болса, онда оған парақ пен шығармашылық тапсырманың нөмірін жазу жеткілікті. Егер шығармашылық қызметті мұғалімнің өзі құрастырса немесе дамытса, онда оны егжей-тегжейлі сипаттау керек. Шығармашылық қызмет міндеттерде көрсетілген қасиеттерді дамытып, тәрбиелеуі керек.

6. «Жобалау қызметі» бағанында мұғалім жобалық қызметті жүзеге асыру бойынша оқушылармен қандай жұмысты жүзеге асыратынын сипаттауы тиіс. Сабақтың бұл құрылымдық компоненті міндетті емес екенін ескеріңіз, ол мұғалімнің таңдауы бойынша жүзеге асырылады. Егер бұл компонент болмаса, онда осы бағанда сызықша қойылады. Егер мұғалім, керісінше, жобалық қызметке көбірек уақыт бөлуді шешсе және басқа шығармашылық жұмысты өткізуге уақыт жетпесе, онда «шығармашылық қызмет» бағанында сызық қойылады.

7. «Топпен ән айту» бағанында мұғалім әннің атауын және авторларын жазады. Ән сабақтың тақырыбына сәйкес келуі керек, құндылықтардан

тұруы керек және тапсырмаларда көрсетілген қасиеттерді дамытуы керек. Оқушыларға ұнайтын бір әнді бірнеше сабақта айтуға болады.

8. «Үй тапсырмасы» бағанында мұғалім үй тапсырмасын жазады.

9. «Сабақтың қорытынды сәті» бағанында мұғалім сабақтың соңғы минуты қалай өткізілетінін сипаттайды және тыныш музыкамен айтылатын сабақтың мақсатына байланысты тілектерді жазады.

Есте сақталатын жайттар

Сабақтың құрылымдық компоненттерінің тәртібі екі жағдайдан басқа өзгеруі мүмкін: жағымды көңіл-күй әрдайым сабақтың басында, сабақтың қорытынды сәті соңында өткізіледі.

1. Сабақты құрудағы шығармашылық көзқарас, қосымша материалды «мұғалімнен сыйлық» ретінде пайдалану, ең бастысы сабақтың тақырыбы бойынша, сабақтың құндылығы мен міндеттеріне сәйкес қолдану әрқашан құпталады. Жоспарда «бағалау» бағаны жоқ екеніне назар аударамыз, ҚР Білім және ғылым министрінің 17.04.2020 ж. № 125 бұйрығының жаңа редакциясында «Өзін-өзі тану» пәні бойынша жиынтық бағалау жүргізілмейді. Әр жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «өзін-өзі тану» пәні бойынша барлық сыныптарда «сынақ» («сынақталмады») қойылады. Әр жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «өзін-өзі тану» пәні бойынша барлық сыныптарда «сынақ» («сынақталмады») қойылады. Тек бірінші сыныптардың бірінші жартыжылдығы аптасындағы сағат санына қарамастан барлық оқу пәндері бойынша бағаланбайтыны - ерекшілік болып табылады. Бірінші сынып оқушыларын екінші жартыжылдыққа және бір жылға бағалау стандартты түрде «сынақ» («сынақталмады») белгісін қою арқылы жүзеге асырылады.

«Мен баланың жас кезінен-ақ әрқашанда сау да әрі бақытты болып өсуін, өмір даналығы мен адамзатқа қызмет ете білу бақытын игере отырып өсуін қалаймын. Өзінің кім екенін, не үшін өмір сүріп, не үшін талпынатынын пайымдай білсін» С.А.Назарбаева

Өзектілігі: «Өзін-өзі тану» рухани-адамгершілік білім беру бағдарламасының ерекшілігі – жүрекке арналған пән. «Өзін-өзі тану» пәнін дәйексөзімен, мәтінімен, ойлануға арналған сұрақтар арқылы оқушылардың санасын кеңейту, бейнероликтер және шығармашылық тапсырмалары мен жоба тапсырмаларын ұсыну бойынша шығармашылық қабілеттерін дамыту. «Өзін-өзі тану» пәнін оқыту арқылы бала санасында жақсы мен жаманды, қамқорлық пен қайырымсыздықты т.б өмір түсініктерін айыра білетін, өзін тану арқылы өзгені де танитын, сол арқылы бүкіл әлемді танитын көкірегі ояу, шығармашылық ойы дамыған, жарқын өмірді қалайтын саналы ұрпақ тәрбиелей аламыз. Олай болса, ұлттық тарихымызбен үйлесім тапқан осы «Өзін-өзі тану» бағдарламасы - болашақ бағдарламасы деп айтуға болады.

Қорыта келе, Абай атамыздың:

Ақырын жүріп, анық бас,

Еңбегің кетпес далаға,

- деген үмітін ақтай алсақ, бұл өмірге бекерге келмегендігіміз емес пе?!

Қашықтан оқыту режимінде оқушылармен тәрбиелік-патриоттық жұмысты жүргізудің практикалық тәсілдері

**Калмаханова Гаухар Беркинқызы
Ағылшын тілі пән мұғалімі,
педагогика ғылымдарының магистрі.
Қазығұрт ауданы, Қызылқия елді мекені,
С. Сейфуллин атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі**

Тәрбие саласы онлайн форматта да жалғасын тауып жатыр деп наразылық білдіруі мүмкін, көпшілік. Өйткені сабақ барысында, білім беру кезінде мұғалім кез келген жағдайда оларға белгілі бір бағыт беріп отырады, сол арқылы адамгершілік қарым -қатынасты қалыптастырады. Осы ретте И. П. Подласыйдың тұжырымын алға тартқан орынды. «Кез келген тәрбиеде әрқашан оқыту элементтері болады. Біз оқыта отырып тәрбиелейміз, тәрбиелей отырып оқытамыз». Білім беру мекемесінің, атап айтқанда, сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысы тек сабақ берумен шектелмейді, 40 минуттың аясына сыймайтын, оның сыртында қарастырылуы керек мәселелер көп. Тәрбие саласына қатысты іс-шараларды ғаламтор көмегімен ұйымдастыруға келгенде, бірқатар қиындықтар туындайтыны анық:

- техникалық ақаулар;
- оқушылардың білім беру іс -шараларына қатысуға деген ынтасының төмендігі;
- қашықтан оқытудағы тәрбие жұмысының шектеулі формалары мен әдістері;
- цифрлық этика дағдыларының болмауы.

Қашықтан оқыту режимінде жобалардың тиімділігі мен жоғарыда аталған қағидаларды толық ескере отырып қандай тәрбие жұмыстарын жүргізуге болады?

1. Сөз өнері

Қашықтан оқыту-тәрбие жұмыстарын жүргізу кезіндегі кедергілердің ең ауқымдысы – балалардың оқуға деген ықыласының бәсеңдеуі. Сыныбымның гуманитарлық бағытқа бейім екенін ескере отырып, сол қызығушылықты әлсіретіп алмай, керісінше дамыту мақсатында төменде атап өтетін айдарларды үнемі жүзеге асырып отыруды әдетке айналдырдым.

Сөз өнері – оқушының дұрыс оқуы мен дұрыс сөйлеуіне, ой-өрісіне жан-жақты дамуына, қиялына, әңгімені мәнерлеп оқуға шығармашылық жағынан дамуына ықпал етеді.

Осы мақсатта, сыныбымыздағы туған кештерін онлайн атап өкен кездерде, құлаққа жауыр болған қарапайым тілектерден гөрі, өлеңдетіп құттықтағанды жөн көреміз. Бұл әдісті тек туған күнге орай емес, кез келген ақын-жазушының мүшәйрасына немесе атаулы даталарға қарай ұйымдастыруға да болады. Осы арқылы келесі нәтижелерге қол жеткіздім:

- өздігінен өлең құрастыру;
- тілге деген құрметін арттыру;
- патриоттық тәрбиеге баулу;
- шешендік өнерін дамыту;
- бірін-бірі бағалау;
- әдебиетке баулу;
- ұжымдық жұмысқа тарту;
- оқушының бос уақытын тиімді пайдалану;
- сынып жетекші мен оқушы арасындағы байланысты үнемі қолдап отыру.

2. Сұхбат

Оқушы үшін танымдық жобалардың бірі – оларды ақпарат іздеуге, өздерінің бойындағы журналистік қырын ашуға көмектескен сұхбаттасу жобасы болды. Тәуелсіздік мерекесіне орай ұйымдастырылған «Тәуелсіздік игілігі үшін еңбек» атты іс-шарасының мақсаты – ардагер ұстаздардың еңбек жолы жайлы ақпарат жинап, оны жоба ретінде көпшілікке ұсыну болды.

3. Рухани қазына

Оқушыларға қазақ әдебиетінің, әлем классикасының алтын қорындағы аса құнды шығармаларды оқыту, сол туындылардың рухани маңыздылығын жеткізу мақсатында Назарбаев зияткерлік мектебінің «100 кітап» жобасын біз де мектебімізде қолға алдық. Дәл осы жоба пандемия кезінде оқушылардың оқуды жандандыруға, сауаттылық пен оқу мәдениетін қолдауға, рухани мұраны сақтауға, жастарды ана тіліне деген сүйіспеншілігін арттыруға жақсы көмектесті деп айта аламын. Мен бұдан не ұттым? Тағы да сол сыныбымның гуманитарлық бағытқа бейім екенін ескере отырып, олардың:

- сауаттылығын арттыруға көмектестік;
- сөзі мірдің оғындай шешендерге ұқсап бақты;
- өз елін, тілін сүйетін, мәдениетін дәріптейтін ұрпақ тәрбиесіне үлес қосуға тырыстық.

4. Жаңа білім галереясы

Қоржынымыздағы тағы бір жоба – «Жаңа білім галереясы» деп аталады. Қолға алған жобаларымыздың әрқайсысына айдар тағып отыруға

тырысып, өзімізше атау бердік. Бұл айдарда оқушылар бір күн бойы өтілген сабақтарға және ондағы тақырыптарға шолу жасап, өзі үшін жаңалық болған дүниемен сыныптастарымен бөлісуді үйренді. Нәтиже жаман емес, чатта үнсіз отыратын базбір оқушылар видео түсіріп, оны түрлендіруге тырысып жатты.

Күтілетін нәтиже:

- оқушының өз бетінше жұмыс істеуіне мүмкіндік беру;
- видео түсіріп, оны талқылау үшін сабақтарға атсалысу;
- ынтасы төмен оқушылардың ашылуына мүмкіндік беру;
- жауапкершілікке баулу;
- экран алдында сөз саптауға бейімдеу.

5. Бейнероликтер тамашалау

Фильмді бірлесіп тамашалаудан бұрын немесе кейін талқылауды бейнеконференция режимінде немесе Zoom қызметін пайдалана отырып жүзеге асыруға болады. Сынып жетекші тарапынан мақсатты түрде алдын алу жұмыстары, дәлірегі фильм және оны жасап шығарушы адамдар туралы әңгіме жүргізіледі.

6. Чаттағы белсенділік

Білім немесе оқу чаты – бұл расымен де оқу-тәрбие саласының интерактивті формасы. Онлайн демесеңіз, сыныптағы белсенділікті осы жерде де қалыптастыруға болады. Таңғы психологиялық ахуалды реттеу, бір күндік мотивация, оқушылардың сабаққа қатысуын жіті қадағалау, олармен үнемі байланыста болу, бос уақыттарын үнемді пайдалану үшін түрлі ойындар, викториналық сұрақтар ойластыру, белгілі бағы беру арқылы нақты бір тапсырма орындату және соның бәрінің ішінде педагогтің өзінің әркез болуы – бала үшін үлкен қолдау және оқу-тәрбие процесін қатар алып жүру болып табылады.

Әрине, бұл мақалада мен қашықтан оқыту режимінде оқушылармен өткізуге болатын тәрбиелік және патриоттық жұмыстардың мүмкін болатын формалары мен әдістерін егжей -тегжейлі қарастыра алмауым мүмкін. Бірақ, сыныбыммен бірге ұйымдастырған жобалармен және тәжірибемде оң нәтиже көрсеткен тәрбие әдістерімен бөлісуге тырыстым. Олардың барлығы біздің мектепте сәтті қолданылды. Олар оқушылармен тәрбиелік және патриоттық жұмыстар жүргізудің негізгі принциптерін сақтауға мүмкіндік берді. Соның нәтижесі ретінде төмендегі тұжырымдарды алға тартуға болады:

- қашықтан оқыту режимі мұғалімдермен тәрбиелік және патриоттық жұмысты табысты жүргізуге мүмкіндік береді;
- тәрбиелік-патриоттық жұмыстың ескі, жалпы қабылданған түрлері қашықтан жұмыс істеу жағдайына бейімделуі мүмкін;
- қашықтан оқыту тәрбиелік және патриоттық жұмыстарды жүргізуге жаңа мүмкіндіктер ашады;

– қашықтан оқыту жағдайында тәрбиелік-патриоттық жұмысты табысты жүргізу үшін жаңа технологияларды, байланыс құралдарын, бағдарламалар мен платформаларды меңгеріп, оларды тәжірибеде белсенді қолдану қажет;
– мұндай жұмыс режимі оқушылардың ата -аналарын тәрбиелік -патриоттық жұмысқа белсенді түрде тартуға мүмкіндік береді.

Ең бастысы, жұмыстың жаңа формалары мен әдістерін іздеу керек, қашықтан оқытуды кедергі немесе қиындық ретінде емес, жаңа мүмкіндіктер, шығармашылық пен өзін-өзі дамытудың өрісі ретінде қарастырған дұрыс.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әрбір үшінші жасөспірім өмірінің үштен бір бөлігін желіде өткізеді // URL: <https://rg.ru/2019/02/13/kazhdyj-tretij-podrostok-provodit-onlajn-tret-svoej-zhizni.html> (кірген күні: 04/20/2020).
2. Подласый И.П. Педагогика: 100 сұрақ - 100 жауап. - М.: VLADOS-PRESS, 2006 .-- 365 б. Щербина А.Н.
3. Веб -квест - Федералдық мемлекеттік білім беру стандартын енгізу жүйесіндегі инновациялық технология ретінде // Ғылым және перспективалар. - 2016.

Тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы және дамытудағы оқушылардың өзін- өзі басқару моделі

Сәрсенбаева Әлия Есенбайқызы
Түркістан облысы Созақ ауданы
Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-
гимназиясының бастауыш сынып
мұғалімі

«Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім- адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі»

Әбу Насыр Әл- Фараби

Бүгінгі таңда әрбір халық үшін оның өткен өмірі, тарихы, болмыс-бітімі, салт-дәстүрі өте маңызды болып табылады. Оқушының білім алу үрдісіндегі өзіндік пікірі мен ой жүйесінің негізі бастауыш сатыда қалыптасатыны белгілі. Сондықтан оқушыларды өз бетімен жұмыс істеуге және де өзін- өзі басқаруды бастауыш сыныптан дағдыландырған дұрыс.

Жеке тұлғаның дүниетанымын қалыптастыру өте күрделі және ұзақ үрдіс. Сондықтан да әр адамның дүниеге көзқарасын қалыптастыру мәселесі мектепке дейінгі тәрбие мен бастауыш сыныптарда жүзеге асырылуы тиіс.

Бастауыш сынып – оқушы дамуының іргетасы болғандықтан, олардың дүниетанымының негіздері де осы кезеңдерде қаланады.

Бұрын бастауыш мектеп мұғалімінің басты міндеті баланы оқуға, санауға үйрету болса, қазір бастауыш мектеп – оқушының тұлға етіп қалыптастырудың алғашқы баспалдағы. Бүгінгі таңда білім берудің жаңа жүйесінің жасалынуы, білім мазмұны мен әдіс-тәсілдерінің жанаруы бәсекелестікке қабілеті мол, шығармашылық бағытта еңбектенетін, ой қабілетімен ерекшеленетін азаматты тәрбиелеуді көздейді. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттерімен озады, -деп Абай атамыз айтқандай, озық ойлы шәкірттер тәрбиелеп оқыту әр ұстаздың міндеті деп санаймын. Оқитын пән қаншалықты жаңа, бағалы болса да, мұғалімнің шеберлігі қандай жоғары болсын, мұғалім мен оқушының өз белсенділігін туғыза алмаса, берген білім күткен нәтиже бермейді. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады. Баланы оқыта отырып, ой еркіндігін, белсенділігін, ізденімпаздығын қалыптастыру, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру, қорыта айтқанда көшбасшылық дағдысын қалыптастыру.

Көшбасшысы қалғандарын артынан ертіп отырып, өзі мүдделі болған іске белсенді кіріседі және достарының арасында қызығушылық оятуға қабілетті. Көшбасшы өзінің жаңа идеясымен, алға қойған мақсат мүддесімен ерекшеленеді. Көшбасшылық адам бойында кездесетін ерекше қасиеттердің бірі. Көшбасшының әрдайым өз пікірі болады.

Қабілеті бар оқушыны қалай анықтауға болады?

Алдымен Социометрия әдісі арқылы сынып оқушыларының басқарушылық қабілеттерін анықтау, лидерлік бейімділік қасиеттерін зерттеу тиімді. Бұл әдіс жанама сұрақтар қою жолымен өзара ұнатуды, жақтырмауды немесе бір-біріне деген немқұрайдылықты анықтауға, сыныпта кімнің беделі жоғары, ал кімнің беделі төмен екенін білуге мүмкіндік береді. Мұндай тәсілдердің педагогикалық құндылығы маңызды, себебі сынып ішіндегі қарым-қатынастардың сипатын анықтауға көмектеседі. Неғұрлым сыйлы, беделді және көшбасшы оқушыларды анықтап, кейін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру кезінде, өзін-өзі басқару ұйымдарын сайлау барысында және оларға басқа жұмыстарда сүйене алады.

Қайшылықтардың шешімін табуда біздің күнделікті сабақ барысындағы басты мақсатымыздың бірі - бастауыш сынып оқушыларының жеке тұлға етіп қалыптастыру және өзін-өзі басқару болып табылады. Осы мақсатта атқарылған жұмыстарымның үлгісін ұсынғалы отырмын.

Жұмыстың тақырыбы:

Тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы және дамытудағы оқушылардың өзін-өзі басқару моделі

Жұмыстың мақсаты:

Болашаққа мақсаттарды құру мен оларды орындауға бағытталған адамның ұмтылысы оның бойында керекті қасиеттерді сіңіре отырып,

белгілі бір әрекеттерге ынталандыру. Сондай-ақ ол неғұрлым тезірек тиісті шешім қабылдауға үйрету. Мақсатқа жету кезінде өзіне деген сенімділікпен және жақсы жасалынған жұмысты көре алуы.

Түркістан облысы Мақтаарал ауданы №19 «Шұғыла» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің әлеуметтік педагогы Битуреева Алия Турабековна

1. Салмақтылық. Өзін ұстай алмайтын, тез ашуланатын көшбасшы сыныптастарын тығырыққа тіреуі мүмкін. Сондықтан ол әрдайым сабырлы болуы тиіс.

2. Өзін көрсете білу. Алдына қойған мақсатына жетуге деген құштарлық. Ол алдына үлкен мақсаттар қойып, оған жетіп, өзгелерге үлгі бола білуі керек. Мысалы, мұғалім берген тапсырманы өзгелерден бұрын әрі дұрыс орындау.


3. Дұрыс шешім қабылдау. Ол ситуацияға жылдам баға беріп, қиын мәселенің шешімін дұрыс табады. Өзін де, сыныбын да табысқа жеткізетін мүмкіндіктерді қалт жібермейді.

4. Ынта. Көшбасшы барлық іске ынталы келеді. Ол өзінің мінезімен өзгелерге үлгі бола алады.

5. Табандылық. Көшбасшы үнемі қозғалыста болып, сұрақтың мәнін түсінеді. Сұрағына жауап алмайынша тынбайды. Ойға алған жоспарларын міндетті түрде жүзеге асырады.

9. Білімге деген құштарлық. Өз бетінше ізденіп, жаңа технологияларды толығымен меңгереді. Сыныпты басқаруда өзінің білімділігін де пайдаланады. Сонымен қатар өзгеше ойлау. Ойын да, жоспарларын да ситуацияға сәйкес өзгертіп, жаңашылдықты тез қабылдайды. Барлығының да ерекше болғанын қалайды.

Жұмыстың барысы:



Осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін ата- ана, оқушы, мұғалім арасындағы тығыз сабақтастықтың қажет екені байқалады. Көздеген

мақсатымның нәтижесін көру үшін, бірнеше кезеңдермен жұмыстар атқарылды.

Бірінші бағытымды іске асыру үшін « Білімді ұрпақ- ұлт болашағы» атты ата- ана мен оқушыларға арналған сыныпшілік сайыс өткізілді. Сайысты бастамас бұрын ата- аналардан сұрақ – жауап алынды.

1.Баланың жас ерекшелігіне назар аудармай, ақылдасу қолыңыздан келе ме?

2.Өзіңіздің қателігіңіз үшін баланың алдында кешірім сұрау қолыңыздан келе ме?

3.Баланың жақсы тәртібі үшін оның арманын орындап беру қолыңыздан келе ме?

Берілген сұрақтарды өзгерте отырып оқушылардың да өз пікірін білдіруіне жағдай жасалды. Берілген жауаптарды салыстыра отырып 68%- ға сәйкестік байқалды. Бұл ата- аналардың педагогикалық- психологиялық сауаттылығының жақсы деңгейде екендігін аңғартады. Заманымыздың белгілі жаңашыл ұстазы-Ш.Амонашвили «Бала тәрбиесі ата-ана тәрбиесінен басталу керек» деген. Себебі, оның есептеуі бойынша бастауыш сынып оқушысының барлық өмірінің тек 7% ғана мектептегі тәрбие үлесіне келеді екен. Олай болса, тәрбие ісінде ата-ананың алар орны, беделі жоғары болуы керек.

Ата- аналардың педагогикалық білім дәрежесі мен мәдениетін үнемі арттырып отыру үшін баспасөз беттері, көгілдір экран, семинарларға, конференцияларға , ата- аналар жиналысына қатысуы үнемі насихатталып келеді. «Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз». Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін-өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін-өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйіне тікелей ықпал етеді. Екінші кезеңде ата- аналарға «Менің балам- көшбасшы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. « PRES» тәсілі арқылы нәтижеге қол жеткізе алдық.

Жеке тұлға болып қалыптасу және дамыту, өзі айтар сөзін нақтылай алатын көшбасшы дайындаудың келесі сатысы жеке тапсырмалар беру. Тәрбие мен білімді ұштастыра отырып өздерінің бейімділігіне қарай жұмыстар жүргізіледі. Түрлі сайыстарға, ғылыми жобаларға, олимпиадаларға қатыстырылады.

Оқушылардың өз бетімен ізденушілік, шығармашылық қабілетін арттырып, сөйлеу мәдениетін, яғни сөздік қорларын көбейту. Мұғалімнің айтып, түсіндіргеніне қарағанда оқушының өз бетімен ізденушілігі арқылы

жасалған жұмысы білімнің берік есте сақталуына жағдай жасайды. Қазіргі жағдайға байланысты оқушылардың қашықтықтан оқуы, әлеуметтік желідегі түрлі мессенджерлерден қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары басты орында тұр. Ата- анамен атқарылған жұмыстардың нәтижесі осы қашықтықтан оқу кезінде үлкен рөл атқарды.

Нәтиже

Нәтижесінде оқушы оқулық материалдарымен шектеліп қана қалмай, қосымша өз білімін толықтырады. Кез- келген биологиялық заңдылықтарға талдау жасай біледі, өзіндік пікір қалыптастыратын, шешендік өнерді игерген тұлғаға айналады. Өз тәжірибемде осындай тәсілдерді пайдалана отырып жұмыс жасайтын балалардың ерекшеліктері анықталды:

1. Ойлау қабілеті басым, түрлі болжам жасауға қабілетті, қиялға ұшқыр, өзін тануға құштар келеді.
2. Өзін-өзі басқаруға, өз білімін сынауға тырысады.
3. Қиялы жүйрік, жан дүниесі нәзік, табиғатты танып білуге тырысады.
4. Ақыл- ой қабілетін тек өзін қызықтыратын іске бағыттайды.

Осыны ескере отырып, зерттеу жұмыстарын жасату арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері шыңдалды және тест әдістерін түрлендіре отырып, жылдан- жылға оқушылардың есте сақтау қабілеттері артқандығы байқалды. Көшбасшы оқушылардың қызығушылығын арттыру үшін және зерттеу жұмысын ілгерілету мақсатында кітапханамен жұмыс жасалды. Олар үнемі бақылауда болды. Бұған қоса әдебиеттерді пайдалану тәртібі, жасаған жұмысының негізгі түйінін, қорытындысы мен өз ұсынысын белгіленген уақыттың ішінде жатық тілде жеткізе білуге дағдыланды. Бұл жерде ата-ананың рөлі өте зор екенін атап өткім келеді.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, қабілетті, өзін- өзі басқару қабілеті жоғары оқушыларды дәл таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде қарап, олардың өздеріне деген сенімдерін және қызығушылығын арттыра білуіміз керек. Осындай жұмыстар барысында оқушыда өзіндік жеке қасиеттер пайда болады

- қарым-қатынас орната білу;
- топты қалыптастыра, біріктіре білу;
- мақсатын анықтау;
- қажет тапсырмаларды беру және оны орындату;
- адамдардың қажеттіліктерін, қызығушылықтарын білу, оны қорғау;
- аз уақытта көп ақпаратты игере білу;

- белгілі біржағдайда шешім қабылдай алу;

Ең бастысы, оқушының табиғи талантын одан әрі дамытып, ерекше қабілетінің арқасында бәсекелестікке, көшбасшылыққа, түрлі байқаулар мен конференцияларға қатысуға ұмтылысы жоғары дарынды балалар саны көбейеді деген сенімдемін

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алтынсарин Ы. «Тандамалы педагогикалық мұралар» Алматы.Рауан 1991ж
2. Атыманова Қ.Ж. «Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытудың педагогикалық шарттары мен іс- әрекет бағыттары» Қазақстан мектебі №10
3. Әубәкірова Р.Ж, Нұрбекова М.А. Педагогикалық зерттеу әдістемесі. Оқу құралы. 2-басылым. Астана: Фолиант, 2011ж
4. Әбділдин Ж. «Аттың сыны» Мәдени мұра. 2011. №7
5. Бастауыш мектеп № 5, 7,10. 2016ж
6. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы. Алматы: Дәуір, 2011ж
7. Давыдов В «Бастауыш сынып оқушысының психологиялық дауы», «12 жылдық білім беру бағдарламасы әдістемелерінен»
8. Ежелгі қазақтың дүниетанымы Алматы. Ғылым. 1996ж
9. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы/ Астана 2004ж
10. Люблинская А.А. Бастауыш мектеп оқушыларының психологиясы жөнінде Алматы 1981
11. «Ұлы дала Ұстазы» international scientific- educational journal №4 июль 2019ж

Пандемия кезінде бала тәрбиесіндегі сынып жетекшінің ролі.

**Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Қарасу ауылы №74 жалпы орта
мектептің бастауыш сынып мұғалімі:
Омарбекова Ұлбосын Дүйсенбековна**

Мақсаты:

- Жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге адалдықпен, асқан жауаптылықпен атсалысу - ата – аналар мен ұстаздардың, әсіресе, сынып жетекшісінің басты парызы;
- Сынып жетекшісі өз оқушыларын ұжымдық әрекетте ауызбіршілікте болуға, сыныпта дәріс беретін мұғалімдер мен тіл табыса білуге,

оқушылардың ата-аналары мен байланыста бола отырып жұртшылықпен бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіре білетін ұйымдастырушы;

Кіріспе

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу және білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасы бойынша 2020 жылдың 6 сәуірінен (IV тоқсаннан) бастап орта білім беру ұйымдарында қашықтықтан білім беру ұйымдастырылды. Қашықтықтан оқыту процесінің жүргізу барысы барлық мектептерде қатаң қадағаланды. Сондай-ақ сабақтарды қашықтықтан өткізу кезінде ата-аналардан балалардың оқуын, тапсырмаларды орындауын қадағалау сынып жетекшінің жұмысын күрделендіре түсті. Пандемия кезеңінде қауіпсіздік шараларын, гигиенелық талаптарды орындау туралы үнемі балаларға слайд, аудио, видео арқылы жіберіліп отырды.

Қашықтан оқыту мұғалімдер үшін аса қиын болды. Пандемия салдарынан мұғалімдердің жұмысы екі есе қиындай түскені рас.

Оқушыларды қашықтан оқытуда сапа көрсеткішінің түсіп кетпеуіне қатты алаңдадық. Қай платформамен оқыту бала үшін, мұғалім үшін қиындық тудырмайды деген сұрақ туындады. Қашықтан оқытуға дайын емес екенімізді, әлі де мұғалімдерді дайындайтын семинар, курс керек екенін ұқтық. Әрине, білім мазмұнынан бөлек, техникалық тұрғыда да қиындықтар туындады. Жарықтың сөніп қалуы, интернет істемей қалуы оқушылардың білім алуына да, ұстаздардың білім беруіне де қиындық туғызғаны рас. Әрине, пандемия кезеңінде басқа амал болмады. Ауыртпашылық ата-анамен, ұстаздарға түсті. Бірақ қашықтан оқыту үйрендік

Білім алушылар мен тәрбиеленушілердің, педагогтердің, білім беру ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығының сақталуын қамтамасыз ету мақсатында, сондай-ақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялаған пандемия кезеңінде COVID19 коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу үшін бірқатар жұмыстар жүргізілуде. Былтырғы оқу жылында қашықтан оқытуда сынып жетекшінің рөлін баса айту қажет. Сынып сағаттарын, ата-аналарға арналған нұсқаулық, балаларға арналған нұсқаулық дайындап коронвируспен ауырмаудың алдын алу, денсаулықты қалай нығайтуға болатыны жайлы ақпаратты беріп отырдық. Уақыт көрсеткендей елдегі ахуалдың жақсаруына әкеп соғатын бірден-бір жол –ол екпе алу. Екпе алу жұмыстары Қазақстанның барлық өңірлерінде жаппай жүріп жатыр.

Ұлт тәрбиесі - ұлт болашағы. Егеменді еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ тәрбиесі. Білімді денсаулығы мықты азамат өсіру үшін, мектеп болып ынтымақтасып та ат салысуымыз қажет.

Негізгі бөлім:

Тәжірибелі сынып жетекшілері тәрбие жұмысында әртүрлі формалары мен әдістерін қолданады. Бұл тәрбие жұмысын эмоциялы және қызықты етуге көмектеседі. Жоспарда жалпы шаралармен қатар оқушылардың қызығулары мен білімділіктерін ескере отырып, топтық және жеке-даралық жұмыстарды қарастыру керек.. Оқушыларды тәрбиелеудің сабақтастығын, жүйелілігін және дәйектілігін қамтамасыз ету шарт.

Жас ұрпақты дұрыс тәрбиелеуге аса жауапкершілікті таныту-ата-аналар мен ұстаздардың, әсіресе, сынып жетекшісінің басты парызы. Мектеп табалдырығын аттаған әрбір жас өскінді алғашқы қоңырау сыңғырымен бірге күлімдеп алғашқы ұстазы қарсы алады. Алғашқы ұстаздың мейірімді немесе қатқылдау жүзі бала қиялында өмір бойы сақталып қалады. Нақ осы тұңғыш ұстаз шәкірттің ең бірінші сынып жетекшісі. Бұдан әрі жас баланың мінез-құлқының дұрыс қалыптасып, таным-түсінігінің кеңеюі осы алғашқы сынып жетекшісіне тікелей қатысты. Жас шыбықты қисық отырғызсаң-қисық, түзу отырғызсаң-түзу өсетіні сияқты, сынып жетекшісінің қызметі де бау өсіретін бағбанның еңбегімен пара-пар. «Ұстазы жақсының ұстамы жақсы», «Шәкіртіне қарап – ұстазын таны» деген асыл сөздер тап осы сынып жетекшісіне арналып айтылған десек қателеспеймін. Яғни, бала тәрбиесіндегі, әсіресе әрбір сынып оқушысын жан-жақты білімділікке дағдыландырудағы басты тұлға – сынып жетекшісі. Сонымен, сынып жетекшесін бала тәрбиесіндегі рухани сәулеткер, бағбан ретінде бағаласақ, оны отбасы, ошақ қасынан кейінгі екінші ата-ана деуге де болады. Өйткені әрбір сыныптағы әр оқушы сынып жетекшісі үшін өзінше ашылмаған құпия. Өз сыныбындағы әр оқушының мінез-құлқындағы ерекшелікті, жан-дүниесін, жанұядағы тәрбиені зерттеп, білмейтін сынып жетекшісі-ол құпияның кілтін таба алмайды. Әр шәкірттің көңілін тауып, оның ішкі балалық жан-дүниесін ұғынбаған сынып жетекшісін оқушы тез ұмытады. Бастауышта білім негізі дұрыс қаланса, онда оқушының сынып жетекшісінің жақсы болғаны. Бала жоғары сыныптарға өткен кезде өте жақсы оқып келген оқушының мінез-құлқы да, сабаққа зейіні өзгереді. Өйткені ісынып жетекшісі, сабақ беретін ұстазы да өзгеріп, оқушы мен мұғалім арасындағы жаңа қарым-қатынас қалыптасады. Жаңа сынып жетекшісі оқушысының қыр-сырын нақ осы кезеңде жетік білуі керек. Өкінішке орай кейбір сынып жетекшілерінің немқұрайдылығынан, яғни өз шәкіртінің мінез –құлқындағы ерекшеліктер мен оның зейін қабілетін зерттеуге мән бермеуінен бала тәрбиесінде үлкен олқылықтар орыналады.

Ұстаздардың өмірі мектептегі еңбек майданында оқушымен тығыз байланыста болады. Бір сыныпта әр түрлі бала болады, яғни, әр түрлі психология. Ендеше сол оқушылармен тіл табысып, жұмыс жасай білген

ұстаз-психолог. Кейде келіспеушіліктер де, қиындықтарда туындап жатады. Сол кезде ата – ананың көмегі, ықпалы көп қажет болады. Мұғалім өзіне бағынбаған баланың қылығы үшін ата – анасын шақыруға тура келеді. Сондай жағдайда кей ата – ана мектепке келуден бас тартады, ал кейбірі келіп алып, мұғалімді жазғырады. Баланың жақсысы — әке мен шешенің ары, ата-ананың абыройы, жаманы – қайғысы, «азап-соры» деген жастарды тәрбиелеу ісінде табысқа жету үшін әрбір ата-ананың өзі де тәрбиелі болу керек. Қоғамның болашағы мен беделіне айқын жол ашар өскелең ұрпақ. Тал бесіктен басталар тәрбиенің тереңді меңзейтіні осында. Ең алдымен ата-ананың ролі, онан кейін ұлағат сыйлаған ұстаз.

Мектеп-педагогикалық процесті басқарудың негізгі орталығы. Мектеп қоғамның әлеуметтік ұясы. Онда демократияландыру, ізгілендіру негізінде педагогикалық ұжым нығаяды, қалыптасады. Мектеп - өскелең ұрпақты тәрбиелеу жүйесіндегі шешуші буын. Еліміздің бүкіл жастары мектеп арқылы өмірге жолдама алады. Мектеп өмірінде мұғалім-басты тұлға. Мұғалім арнайы мамандығы бар педагогикалық қызметпен кәсіби деңгейінде айналысатын адам. Мұғалім оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастырушысы, әрі ұстазы, әрі ақыл беріп отыратын кеңесшісі. Сондықтан да ол қиын да жауапты іс болып саналынады. Осындай жауапты істерді өзінің педагогикалық қызметінде сынып жетекшісі ретінде қосымша жұмыс түрінде тәрбие жұмысын атқарады. Сынып жетекшісінің тәрбиелік қызметі қаншалықты қиын болғанымен оқушылар ұжымы үшін өте қажетті іс. Себебі мектеп құрлымындағы ең негізгі буын – сынып болып саналады. Сыныпта оқушылардың таным әрекеті ұйымдастырылып олардың өзара әлеуметтік қатынастары қалыптасып отырады. Сондықтан сыныптағы оқушылардың тәрбие әрекетін ұйымдастыру, тәрбиелік шаралардың ықпалын үйлестіру тек сынып жетекшісіне жүктеледі. Сынып жетекшісі өз оқушыларын ұжымдық әрекетте ауызбіршілікте болуға, сыныпта дәріс беретін мұғалімдер мен тіл табыса білуге, оқушылардың ата-аналары мен байланыста бола отырып жұртшылықпен бала тәрбиесіндегі ықпалын біріктіре білетін ұйымдастырушы ретінде көмектеседі. Сынып жетекшісінің негізгі мақсаты-мектеп оқушыларын қоғамның белсенді және саналы азамат етіп тәрбиелеуге барынша ықпал жасау. Сынып жетекшісі, сыныптағы әр бір жеке тұлғаның ғылыми дүниетанымын қалыптастырудың, адамгершілік қасиеттерін, еңбекке сүйіспеншілігін қамтамасыз етіп, жан-жақты жарасымды дамуына жағдай туғызу. Сондықтан оның жұмысының маңыздылығы мен тәрбиелік шараларының бәрі осы мақсатқа бағытталуы тиіс. Атап айтқанда тәрбиенің негізгі салаларына: ақыл-ой тәрбиесі, адамгершілік тәрбиесі, эстетикалық тәрбие және дене тәрбиесі, құқықтық тәрбие, еңбек тәрбиесі т.б. тәрбие міндеттерін мектеп пен сыныптың нақтылы өмір жағдайларына байланысты қарастыру. Сынып жетекшісінің міндеті сан алуан. Сол себепті сынып жетекшісі жүргізетін тәрбие жұмысы

өзінің психологиялық мазмұны жағынан өте күрделі әрі көп ізденісті талап етеді.

Ұлттың болашағы – ұрпағында болса, ұрпақтың тәрбиесі – ұстаз қолында. Ал, ұстаз мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Тәрбие беру – өзгермелі өмір талабына жауап беруі тиіс. Бұған қоғамдық өмірге дербес шешім қабылдап, ойды саналы түрде түсінуге қабілетті жеке тұлғаны тәрбиелемейінше қол жеткізу мүмкін емес. Ұрпақ тәрбиесі – адамзат баласының асыл мұраты. Үшінші мыңжылдықта жастар қандай болуы керек? – деген жанды сұрақ әр бір саналы адамды ойландыратыны сөзсіз. Сондықтан да Елбасымыз Н. Назарбаев халқымыздың алдында: “XXI ғасырды құрушы іскер, өмірге икемделген, жан-жақты мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеу керек” – деп жауапты міндет қойып отыр. Бұл бүкіл адамзатты ойландыратыны анық жағдай. Адамның адам болып қалыптасуында ата – аналар мен қатар сынып жетекшілердің ықпалы зор. Яғни тәрбие жүйесіне жүктелер жүк те жеңіл емес. Қандай істі болсын бастау, оны өмірге ендіру оңай шаруа емес. Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі, мемлекеттік маңызды іс. Тәрбие жолы қиын жол. Өмірді өрнектейтін адам ұстаз шәкірт алдындағы парызын еш уақытта ұмытпайды. Мүлт кетсе – үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Сондықтан әр ұстаз жалықпай ізденеді, білім беруді, тәрбиелеуді, шығармашылық пен еңбек етуді іабыройлы міндеті, айбынды мақсаты деп біледі. Сынып жетекшісі ітәрбие жұмысының мақсатын саналы түсініп, оны жан-жақты талдап отыруға міндетті. Сынып жетекшісінің тәрбие қызметіндегі імақсаты: білім алушы тұлғасының өзін-өзі дамыту мен іс жүзінде көрсетуі үшін жағдай жасау.

Қазіргі кезде ата-аналар көбінесе жұмыста болып, заман интернетке тәуелді болғаны мәлім. Балалардың көбі телефон мен компьютерде интернетте отырады. Олар не көріп, қандай сайттарда отыратындарын үлкендер біле бермейді.

2020 жылғы 1 маусымда балаларды кибербуллинг және өзге зорлық түрлерінен қорғаудың қазақстандық бағдарламасы бекітіледі.

Қазақстанда балаларға зорлық-зомбылық көрсету өршіп тұр. Олар негізінен отбасында және мектепте психологиялық қысым көреді екен. БҰҰ Қазақстанда зерттеу жүргізген кезде елдегі балалардың 79 пайызы сәби күнінен бастап кемсіту мен қорлыққа тап болатынын анықтапты.

Соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуы себепті балаларға қатысты зорлық түрлеріне кибербуллинг немесе онлайн қорлау қосылған. Соның кесірінен жасөспірімдер ғаламтордағы белгісіз топтардың құрбанына айналып, тіпті араларында өз-өзіне қол жұмсайтындары да бар. Қиын жағдайға тап болмау үшін қандай әрекет ету қажет?

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез-келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар негізінен

кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені, қорғансыз балалар қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды. Тіпті ата-анасы мен жақындарына тіс жармай, шабуылшының айтқанынан шықпайды. Осыдан сақ болуымыз керек.

Қорытынды:

Ұстаздарға, сынып жетекшіге арналған нұсқаулық

Жас жеткіншектерді тәрбиелеуде ата-ана, ұстаздар, достары, әлеуметтік желі, сынып жетекшінің жұмысы өте қиын. Әсіресе, етене жұмыс істейтін – сынып жетекшінің рөлі ұшан теңіз. Тәрбие нәтижесі бірден көрінбейтін үрдіс. Оның нәтижелі болуы, балалардың тәрбиелі болып өсуі жалғыз сынып жетекшінің қолынан келетін шаруа емес. Ұл тәрбиелей отырып, жер иесін тәрбиелейміз, қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз. Отбасындағы тәрбие әрбір мүшенің өзін - өзін сақтау, ұрпақты жалғастыру, өзін - өзі сыйлау қажеттігінен туындайды. Отбасында адамның жеке басының қасиеті қалыптасады. Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он моральдық - психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсіністік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір - біріне деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл - күйі тікелей ықпал етеді. «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі»- дейді Әл - Фараби. Сонымен қорыта келе, жас ұрпаққа тәлім тәрбие беруді қоғам болып, ұстаздар қауымы болып, ең бастысы ата - аналар болып қолға алсақ болашағымыз жарқын болмақ. Балаларымызды отансүйгіштікке, ата - баба салт - дәстүрін құрметтейтін ұрпақ тәрбиелеу баршаға бірдей міндет.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. А.С Макаренко «Ата-аналарға арналған кітабы
2. Сынып жетекшісі журналы №1-2 [4,5]
3. Асанәлі журналы №3.2016[18,19]
4. Сыныптағы тәрбие №3-4 2006ж
5. Интернет желісі shutterstock.com; Nur.kz сайты.

ОҚУШЫЛАРДЫ ОҚЫТУ МЕН ТӘРБИЕЛЕУДЕ РУХАНИ АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘСІЛДЕРІ

Абишева Гульназ Сагынтаевна
Биология пәні мұғалімі
«С.Қожанов атындағы №9 жалпы орта мектеп»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
Байылдыр ауылы
Кентау қаласы

Өзектілігі: Қазіргі заманғы білім беру баланы жоғары әлеуметтік мәртебеге және материалдық құндылықтарға қол жеткізуге бағыттайды, алайда мұндай табыс пен жетістікке қалай қол жеткізуге болады, бұл оған шынайы бақыт әкелетіні жөнінде немесе адамның шынайы бақыты туралы ойланып, толғануға үйретпейді. Білім беру жүйесінде орын алып отырған нақты жағдаят адамгершілік құндылықтар бағасының төмендеуін, басымдықтардың материалдық игіліктер жағына ауысып бара жатқанын дәлелдейді.

Мақсаты: Оқушылардың оқыту мен тәрбиелеуде рухани адамгершілік құндылықтарын қалыптастыру тәсілдері оқушылардың рухани құндылықтарын бойына сіңдіру арқылы қоғамда өз орнын таба білуге бағыт бағдар беру.

Міндеттері:

- Жастардың бойында ізгі, асыл, көркем мінезбен, сарқылмас ақылды қалыптастыру;
- Баланың бойына патриоттық сезімді ұялату;
- Үлкенді-кішіні сыйлайтын ізгі, білімді, жан-жақты азаматты қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Осы құндылықтар арқылы тұлғаның өзін-өзі жетілдіруі, өзіне сенімділік арттырып дұрыс іс-әрекет жасау, қоршаған ортаға қиянат жасамау, туған-туыстарын, достарын ақиқатқа талпындыру, әр уақытта жан тыныштығын сақтау және де әрбір өмірдің қуанышына, жалпыадамзаттың ішкі жан дүниесіне үніліп, адамгершілік қасиетімізге сыйластықпен қарап сүйіспеншілік орнату.

Жаңашылдығы. Жаңа әдістерді қолдана отырып жас жеткіншектердің интеллектілік, шығармашылық ойлауын дамыту, қазіргі заман талабына сай экономикалық көзқарастары мен белсенділігін қалыптастыра отырып, өзбетінше білім алу және еңбек ету дағдыларына негіз салу болып табылады.

Оқушыларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күтірмес мәселе. Бүгінгі таңда мемлекетімізде Ұлттық білім беру жүйесін дамытудың басым бағыты адамның ішкі әлеуетін барынша ашуға бағдарланған адамгершілік-рухани білім беру жүйесі жолға қойылған. Тұлғаның физикалық, психикалық және рухани дамуында үйлесімге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін адамгершілік-рухани-білім нақты білім беру тәжірибесінде түрлі жолдармен, ең алдымен, «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асырылуда. Сонымен бірге оқу тәрбие процесінің басты міндеті әрбір адамның табиғатына қаланған жалпыадамзаттық құндылықтарды ұлттық құндылықтармен ұштастыра отырып тәрбиелеу болып отыр. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу білім берумен ғана шектелмейді. Баланың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері

қалыптасады. Рухани - адамгершілік тәрбие екі жақты үрдіс. Мектеп пен ата - ананың тығыз байланысы. Бір жағынан ол үлкендердің, ата-аналардың, педагогтардың балаларға белсенді ықпалын, екінші жағынан тәрбиеленушілердің белсенділігін қамтитын қылықтарынан, сезімдері мен қарым- қатынастарынан көрінеді. Кезінде еліміздің тұңғыш президенті Н.Ә.Назарбаев: «Рухани құндылық, биік адамгершілік жоқ жерде үлкен өркениет орнату мүмкін емес» деген болатын.[1] Ендеше, жеке тұлғаның адамды адам ете түсетін қасиетін ашып көрсету, яғни руханилығын дамыту - заман талабы. Осы орайда мектепте атқарылатын тәрбие шараларының үлесі зор. Рухани -адамгершілік бағытында тәрбие сағаттарын өткізу, кез - келген пәнді оқытуда рухани - адамгершілік құндылықтарды қосып отыру, адами құндылықтарды сыныптан тыс сабақтарда дамыту, оқу бағдарламасына арнайы сабақтар енгізу, рольдік ойындар, сырттай экскурсиялар, пікірталастар, сұхбаттар жүргізу жатады. Рухани-адамгершілік тәрбие бойынша жұмыс білім беру және тәрбиелеу процесі барысында да жүзеге асырылады. Оқушыларға рухани - адамгершілік құндылықтарды сыныптан тыс өткізілетін сабақтарда, әртүрлі тақырыптағы кештерде беруге болады. Ұрпақ тәрбиесі - келешек қоғам тәрбиесі. Сол келешек қоғам иелерін жан-жақты жетілген, ақыл-парасаты мол, мәдени -ғылыми өрісі озық етіп тәрбиелеу - біздің де қоғам алдындағы борышымыз. Ұлттық тәрбиенің өлмес негізі, рухани күші оның өмір сүру болмысынан туындаған өзіндік ұлағаты, тәжірибесінің молдығы, рухани мұрасының тереңдігі мен өнегелігінде жатыр.Қазақ қашанда ұрпағының толыққанды тұлға болып қалыптасуына атсалысып жырлары, әпсаналары, ертегілері арқылы бала кезінен ұлттық тәрбиені бойына сіңіріп отырған.

Қазіргі әлемдік білім беру кеңістігінде жастардың бойында әлемнің біртұтас бейнесін қалыптастыруға, көптүрлі мәдениеттерді құрметтеуге тәрбиелеуге, руханилыққа, адамгершілікке қызығушылығын оятуға, өскелең ұрпақтың әлеуметтік белсенділігін дамытуға баса назар аударылып отыр. Оқу үдерісінде рухани адамгершілікке тәрбиелеу мақсатында әңгіме, аңыз әңгімелердің рөлі зор. Әрбір таныстыратын мәтіннің тәрбиелік мәні зор, оны әңгімелеуде оқушы жүрегіне жеткізе отырып,бойларынан жалпыадамзаттық құндылықтарды оятуға үлкен септігін тигізеді. «Мұғалімнің әңгімелеуі», «Оқушының әңгімелеуі» - оқушылардың әңгіме, өсиет әңгіме, өлеңдерді ұжым болып тыңдауына жағымды жағдай туғызатын сөйлеу және ойлау іс – әрекеттерінің маңызды түрі. Балалар осы әдіс арқылы әңгімені тыңдай және ести білуді, сезіне алу және сезіммен қабылдауды, ой елегін өткізу мен пайымдай алуды үйренеді. Жеке тұлғаның рухани адамгершілігін дамытуда, оның бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыруда сабақта мәтінмен жұмыс бөлімінің маңызы ерекше. Адамгершілікке тәрбиелеудің негізі, қарым - қатынас жасау мен дүниетанудың құралы, баланың зердесі мен шығармашылығын дамытудың арнасы. Яғни бұл – әңгімелесу болып табылады.[4]

Әңгімелесу – оқытудың диалогтық әдісі, мұғалім оқушыларға мұқият ойластырылған сұрақтарды жүйелі қою арқылы олардың жаңа оқу материалын меңгеруіне жағдай жасап, бұрын оқылған материалдарды қалай меңгергенін тексереді. Оқыту барысында әңгімелесудің атқаратын ролінің маңыздылығын көрсететін дәлелдер жеткілікті. Яғни, әңгімелесу әдісінің артықшылықтары:

- оқушылардың өз ойларын айтуға, пайымдауға үйренеді;
- басқа оқушылардың түрлі идеяларын тыңдауға үйрену арқылы, оқушылардың өз білімі мен идеяларын бағалай алуы, құрдастарының пікірін құрметтеуге үйрену;
- мұғалім үшін жақсы диагностикалық құрал, әр оқушының ойын, білімі мен пайымын байқауға болады;
- құрдастарымен, мұғаліммен тең дәрежеде қарым-қатынасқа түсуге үйрететін үлкен тәрбиелік күші бар.
- ес пен тілді дамытады, сабаққа қызығушылығы артады және барлық оқушыны сабаққа тартудағы тиімді әдіс;
- оқиғаны елестете отырып, өз бойынан өткізіп, рухани адамгершілік құндылықтарды оятады;
- әңгіме мазмұны арқылы өмірде дұрыс әрекет жасап, қиянат жасамауға үйренеді;

Жас баланың өмірді танып, еңбекке деген қатынасы, психологиялық ерекшеліктері осы ойын үстінде қалыптасады. Ойында шындықтың көрінісі, оның образды сәулесі қылаң береді. Балалар ойын арқылы тез табысып, жақсы қарым-қатынас жасайды, сол қарым-қатынас барысында:

1. адамдар іс-әрекеттің жақсы жақтарын аңғарады, жағымды ойлауды үйренеді.
2. жанындағы адамдарды ұнатып, жақсы көре біледі, оларды қуантуға асығады.
3. бір-біріне көмектесе біледі, жанаршырлық сезімі оянады, қамқорлық жасай біледі.
4. кешірімді болуға өзгені ренжітпеуге тырысады.

Ойынына қарап балалардың психологиясын аңғаруға болады. Бес саусақ бірдей емес дегендей, әр отбасындағы баланың мінез құлқы бірдей емес. Ойынға басшылық жасау кезінде бұйыруға болмайды. Егер мұғалім баланың эмоциясына, қиялына әсер ету арқылы олардың қызығушылығын арттыра түссе, онда баланың құштарлығы өсіп, ойынға құмарта түседі. Мектеп ішінде балалардың қызығушылығы мен бейімділігін дамытуға бағытталған түрлі жобалар жүзеге асырылып отыр. Олар: «Тәлімгерлік», «Еріктілер», «Оқушы үні», «Адал ұрпақ», «Адалдық дүкені», «Адалдық кітапхана», «Үздік сынып», жобалары мектепішілік және мектептен тыс іс-шаралар мен қалалық, республикалық семинар, конференцияларда шебер сыныптар, презентациялар, озық тәжірибелерімен бөлісуде[4].

Мектептің оқу-тәрбие жұмысының жандануына үлес қосатын күштің бірі ата-аналар қауымының белсенділігі. Қазіргі заман талабына сай білім беру саласының оқу мен оқыту жүйесіндегі өзгерістерге мұғалім, оқушымен қатар ата-аналар да педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік даму жағынан көзқарастары мен ойлары мектеппен ұштасып, қолдау көрсетіп отырады. Айтар болсақ ата-аналармен жүргізілетін әлеуметтік жобалар: «Бақытты отбасы», «Әкелер кеңесі», «Шеңбер» ашық диалог алаңы, «Сыныпты бақылау» тәжірибесі, «Таза мектеп», «Бір отбасы-бір ағаш» мектеп өмірін көркейту мен өркендеуіне ат салысуда. Әрбір оқушының тұлғалық қасиетін ашып, оны дамыту сынып жетекшілер мен пән мұғалімдеріне тән жұмыс. Оқушыларға патриоттық –азаматтық тәрбие беруді жетілдіру мақсатында «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалар мен жасөспірімдер ұйымы бойынша іс-әрекеттегі зерттеу тәжірибесін жүйелі жүргізілуде[5]. Қазақстандық және әлемдік білім беру тәжірибесінің оқу-тәрбие үдерісіне енгізілуі, оның нәтижеге бағдарланып, құндылыққа негізделген білім беру жүйесі білім сапасының артуы мен қатар мектептің дамуы және тұлғаның бағдарлануына айрықша мән берілуде. Мектебімізде тоқсан сайын ата-аналар жиналысы, қыздар жиналысы, ұлдар жиналысы, апта сайын тәрбие сағаттары өткізіліп отырылады. Жылына бір ашық тәрбие сағаты және таңдау бойынша бір сайыс сабақ өткізіледі. Сол жұмыстар барысында тоқсан сайын мониторинг жасап, оқушылардың белсенділік қабілеттерін арттыру барысында жұмыстар жүргізіліп отырады.

Қорыта айтқанда, Ұлы философ Әл-Фараби “Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілу керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі” – деп айтқандай, баланың тұлғалық дамуы тікелей тәрбиеге байланысты. Рухани мұраға сүйенбеген елдің жұлдызы жанбайды демекші, заман ағымы талап етіп отырған ата-бабаларымыздан қалған әдеби мұраларымызды, халқымыздың өсиетін, өнегесін дәріптеп, дәстүрін, таңғажайып тапқырлығын, олардан қалған ескірмейтін көне сөздерді, мақалдар мен мәтелдерді бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге болатындай, келер ұрпаққа тәлім-тәрбие беретіндей ғасырлар қойнауынан сыр шерткен асыл мұраларымызды білім беруде тиімді қолдану – педагогтың басты міндеті болмақ.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Астана, Ақорда, 2014.
2. Алпысқызы Сара. Өмір әдебі – Алматы, 2003. – 104 б.
3. Жалпы орта білім беретін мектептерге арналған «Өзін-өзі тану» пәнінің оқу бағдарламалар жинағы. Алматы, «Бөбек» ҰҒПББСО, Адамның үйлесімді дамуы институты, 2010 ж. – 66 б.

4. Молдабаева К. Р. Бастауыш сынып оқушыларын халық педагогикасы дәстүрлері арқылы ізгілікке тәрбиелеу // Молодой ученый. — 2016. — №12.1. — С. 42-44.
5. Тренерге арналған нұсқаулық. / Р.А. Мұкажанова., Г.А.Омарова, Р.Мұратханова. – Алматы: «Бөбек» ҰҒПББСО, 2015. – 146 бет

«Бүгінгінің кішісі-ертеңгінің кішісі» отбасындағы патриоттық тәрбиеден басталады

**Қоспақ Зульфия Әбілқасымқызы
Түркістан облысы Сарыағаш қаласы
№61 жалпы орта білім беретін мектеп
бастауыш сынып мұғалімі**

Кіріспе

Мемлекетіміз бен Үкіметіміз өскелең ұрпақты тәрбиелеу мен оқыту мәселесіне шексіз қамқорлық жасап келеді. Тәрбие жұмысын жүргізу—қиын да күрделі іс. «Балаға берілетін бірінші тәрбие ата-анасын, туған-туысын, жолдасын сыйлаудан басталады. Себебі, ата-анасын сыйламаған бала жолдасына да, қоғамға да пайда келтіре алмайды» деген қазақтың белгілі ағартушы педагогі Ыбырай Алтынсариннің ата-ананың бала тәрбиесіндегі атқаратын рөлін айрықша атап көрсеткен бұл сөзі бүгінде өз мән-маңызын жойған жоқ. Бүгінгі мектеп партасында отырған оқушы—егемен еліміздің ертеңгі болашағы. Бала тәрбиесі—өте күрделі құбылыс. Жас ұрпақтың тәрбиесі-қоғам алдындағы күрделі іс. Бала бойында азаматтық және патриотизмді қалыптастыруда мектеп пен отбасының арасындағы қарым-қатынастың алатын орны ерекше.

Баланың алғаш бастапқы тәрбие мектебі алтын бесік-отбасы болса, екіншісі, алтын ұя-мектебі. Бұл екі ортаның да мақсат-мүддесі ортақ. Отбасы, ата-ана адамды дүниеге әкеліп, қалыптастырып, дамытып жетілдірсе, адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Бұл киелі жерде қызмет ететін мұғалім мен ата-анаға жауапкершіліктің үлкен жүгі артылған.

Ұлы Абай атамыз «Адамның адамшылығы-ақыл, ғылым, жақсы ата-ана, жақсы құрбы, жақсы ұстаздан болады» деп көрегендікпен ой түйген.

Бала өміріне қажетті тәлім-тәрбиенің іргетасы ата-ана арқылы отбасында қаланады.

Отбасы–адам тәрбиесі үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің жағымды өнегелердің, мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірмен, қоршаған ортамен танысып, мінез-құлық нормаларын игереді. Отбасы баланың азамат болып өсуінің негізі болып табылады. Отбасының басты қызметі–бала тәрбиелеу. Отбасы тәрбиесі–бұл жалпы тәрбиенің ең басты бөлігі.

Негізгі бөлім

Бүгінгінің кішісін-ертеңгінің кісісін қалай тәрбиелеуге болады?

Адамға ең бірінші білім емес, рухани тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның барлық өміріне апат әкеледі..."(Әл – Фараби) – дегендей балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі тиіс.

«Адамның бір қызығы бала деген» Абай айтқандай, бала адамның да өмірдің де қызығы. Ата - ана – тәрбие өнегесі, сондықтан, мынадай қазақ мақал-мәтелдері ертеден жатталып, айтылып келеді.

«Ата көрген – оқ жонар,
Ана көрген - тон пішер,
Баланың ұяты - әкеге,
Қыздың ұяты - шешеге»

Баласының келешегін ойлаған ата – ана өз мекенін ауыстыруға дейін барып жатады.

«Ұлың жақсы болсын десең, ұлы жақсымен көрші бол, қызың жақсы болсын десең, қызы жақсымен көрші бол» деген өнегелі сөз де содан шықса керек.

Бала тәрбиесі – қиын да күрделі процесс. Біз баламыздың тәрбиелі де өнегелі болып өсіп, өз қатарының алды болғанын қалаймыз. Еліміздің көркейіп, өркениетті елдің қатарына қосылып, халықаралық деңгейге шығуы бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді.

Шығыс ғұламасының бірі болып саналатын Жүсіп Баласағұнның дастандарында отбасы тәрбиесі көп айтылады.

Мемлекеттің беріктігі тек ел билеуші қайраткерлерге әділ заңға, күшті әскерге ғана емес, әр отбасының беріктігіне байланысты екендігін сипаттайды.

Елбасы Н. Назарбаев «Еліміздің болашақта гүлденуі бүгіннен басталады» баяндамасында отбасының беріктігі, жұбайлардың бір - біріне, еңбастысы, балаларының алдындағы жауапкершілігі де көп нәрсеге байланысты. Ата – аналар балаларына, ал балалары ата – аналарына қамқор болуға тиісті деп атап өткен.

ҚР – ның Конституциясы да «Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу ата – ананың құқығы әріп арызы деп көрсетілген».

Отбасы мен балабақша – өнегелі ұрпақ тәрбиелеуде зор табысқа жеткізер сенімді одақ

«Отан – отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. Отбасынан басталатын осынау тәрбие отанымыздың да игілігі үшін екенін әрбір ата - ана ұмытпай, жадында сақтаса игі.

Жұмыстың тақырыбы:

«Бүгінгінің кішісі-ертеңгінің кісісі» отбасындағы патриоттық тәрбиеден басталады

Жұмыстың мақсаты:

Бүгінгінің кішісін-ертеңгінің тәрбиелеу мақсаттарды құру мен оларды орындауға бағытталған оқушылардың ұмтылысын олардың бойына керекті қасиеттерді сіңіре отырып, белгілі бір әрекеттерге ынталандыру. Мақсатқа жету кезінде жақсы жұмыстың нәтижесін көре алуы. «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады. Екіншісі білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен»- дейді.

Жұмыстың мақсатына жету үшін төмендегідей міндеттер айқындалады:

Баладан күтетін үміттеріңіз ақылға қонымды болуы. А.Құнанбаев атамыз айтады «Адам өнерімен емес мінезімен сүйкімді»- деп. Бала бойына бірінші мінезді қалыптастыра отырып, ертеңгінің кісісін тәрбиелеуіміз керек. Жігерлі, өте ширақ балалар "ұстамды бол", "тыныш", "күте тұр" және т.б. сияқты сөздерді түсіндіру. Оларға біз айтып отырған нәрсені ұғынуға уақыт беру, өз мысалымызбен оны қалай жасау керектігін көрсетіп және баламен бірге қажетті іс-шараларды жасай отырып жаңа білімді бекітуді және осылайша балаға жаңа мінез-құлықты үйренуге көмектесу. Осындай бабаларымыздың шешендік сөзімен ертеңгінің кісісін тәрбиелеуді қалыптастыру.

Мен саған сенемін. Бұл сөздер баланы жастайынан жауапкершілікті сезініп, жетістіктерге жетуіне жағдай жасайды. Балаңыз сіз осылай айтып тұрған кезде "сүрініп" жатса, оған қолдау көрсете білген жөн. Өйткені, ол "Маған үлкен сенім артып отыр" немесе "Мен ата-анамның үмітін ақтай алмадым" деген оймен күйзеліске түсіп кетуі де ғажап емес.

Баланың шешімін құрметтеу. Баладан пікірін сұрау бар және пікіріне құлақ асу бар. Құлақ асу дегенді бірден пікірін орынды етіп шығарумен шатастырмау қажет. Бала қандай шешім қабылдаса да, таңдау жасаса да, оған құрмет білдіріңіз. Яғни шешімінің жағымды және жағымсыз тұстарына талдау жасауға көмектесу. Бұл баланың сыни көзқарасының қалыптасуына септігін тигізеді. Баланың жанында тәулігіне жиырма төрт сағат жүрмейтініміз анық. Уақыт өткен сайын бірге өткізетін уақыт азая береді. Қандай да бір жаман ортаға кіріп кетпеуі үшін осылайша сыни көзқарасын қалыптастырған ұтымды.

Жұмыстың барысы:



Оқушылардың ұлы Абайды танудың шығармашылығын қалыптастыру.

Осындай негізгі бағыттарды іске асыру үшін ата-ана, оқушы, мұғалім арасында тығыз байланыстық қажет екені белгілі. Көздеген мақсатымның нәтижесін көру үшін түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, жұмыс жасадым.

Осы бағытымды іске асыру үшін «Шексіз де шетсіз- ұлы Абай» атты ата-аналар мен оқушыларға арналған сынып сағаты өткіздім. Сабақ басталмас бұрын ата-аналарға сабақтың мақсатын таныстырдым. Ондағы сабақтың мақсаты Абайдың өлеңдерінің, қара сөздерінің мағынасын ашу, күнделікті өмірде пайдалануға үйрету.

Өлеңдердің мағынасын аша отырып, оқушылар өз білгенімен және түсінгендерімен бөлісті. Сонымен бірге, бұл сабақта ата-аналар да белсене атсалысып, өз білгендерін ортаға салды. Ата-аналардың педагогикалық білім мен технологиялық дәрежесін арттыру мақсатында, әрі елдегі жағдайға

байланысты бұл сабағымды «ZOOM» платформасы арқылы өткіздім. Сабақ барысында тиімді әдістерді пайдалана отырып, өлеңдер мен қара сөздерді жатқа айтуға қалыптастырдым. Оқушылардың өз бетімен ізденушілік, шығармашылық қабілетін арттырып, сөйлеу мәдениетін, яғни сөздік қорларын көбейту. Мұғалімнің айтып, түсіндіргеніне қарағанда оқушының Абайдың шығармаларын өз бетімен ізденушілігі арқылы жасалған жұмысы білімнің берік есте сақталуына жағдай жасайды. Қазіргі жағдайға байланысты оқушылардың қашықтан оқуы, әлеуметтік желідегі түрлі мессенджерлерден қорғау қауіпсіздігін қамтамасыз ету жұмыстары басты орында тұр. Ата-анамен атқарылған жұмыстардың нәтижесі осы қашықтан оқу кезінде үлкен рөл атқарды.

Нәтиже

Нәтижесінде оқушы оқулық материалдарымен шектеліп қана қалмай, қосымша өз білімін толықтырады. Кез-келген шешендік сөздерге талдау жасай біледі, өзіндік патриоттық тәрбие қалыптастыратын, өнерді игерген тұлғаға айналады. Өз тәжірибемде осындай ұлы тұлғалардың өлең сөздерін пайдалана отырып, отансүйгіш, ұлтжанды балалардың ерекшеліктері анықталды. Оқушылар ата-аналарымен бірге біршама уақыт көркем шығарма оқуды қолға алды.

1. Абайдың өлеңдері мен қара сөздерін түсіну арқылы, өмірге жылдам бейімделеді.

2. Өлеңдерді жатқа айтуға және бір-бірімен жарысуға ұмтылады.

3. Сөздік қорлары көркем шығармада дамып, сөйлеу мәдениеті артады.

4. Өлеңдер мен қара сөздерді оқу арқылы, өз қызығушылықтарын анықтайды.

Осыны ескере отырып, жұмыстар жасату арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттері шындалады және түрлі әдістерді қолдана отырып, жылдан-жылға оқушылардың есте сақтау қабілеттері артқандығы байқалады.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, оқушылардың өз қызығушылықтарын дәл таба біліп, әрқайсысына жеке тұлға ретінде сенім білдіріп, ары қарай дамытуымыз керек. Осындай жұмыстар барысында ата-ана мен оқушыда өзіндік қызығушылық пайда болады:

- қоғамдық ортада үлкендерді құрметтеуді бойына қалыптастыру;
- аз уақытта көп ақпаратты игере білу;
- кішкентайынан бастап, өз қызығушылығын дамыту.

Ең бастысы, оқушының ертеңінің кісісі болуы үшін тәрбиесімен бірге, оның өз мақсаттылығын айқындап, ұлтжандылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектеп Республикалық ғылыми – әдістемелік , педагогикалық журналы
2. С.Т. Қожахметовтың әлеуметтік педагогикаға көзқарасы
3. Бала тәрбиесіндегі басты қағидалар
4. Даналық сөздер жинағы

**ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІН
СЫНЫПТАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ САНАСЫНА
ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Рысбек Рауан Өмірзаққызы
Бастауыш сынып мұғалімі
Қазығұрт жалпы орта білім беретін мектебі
Түркістан облысы. Төлеби ауданы*

Қазақ халқы бала тәрбиесін «Балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле» деген қанатты сөзге сыйдырған.

Ұлттық тәрбие – қазіргі уақытта Елбасымыздың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласы аясында білім беру ұйымдарында негізгі тәрбие бағыттарының бірі болып келеді. Ел болашағы жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру мәселесінен өткір мәселе жоқ екені баршаға аян. Еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы – бүгінгі мектеп қабырғасында отырған бүлдіршіндер екені мәлім. Олардың қамын ойлау - баршамыздың парызымыз.

Тәрбиенің негізгі мақсаты – дені сау, ұлттық сана-сезімі ояу, рухани дәрежесі биік, мәдениетті, парасатты, ар-ожданы, еңбекқор, іскер, бойында басқа да игі қасиеттер қалыптасқан адамды тәрбиелеу. Қазіргі таңда жаңа мазмұнды білім беру жүйесіндегі тәрбие берудің ерекшелігі – тек өз халқының ұлттық мәдениетінің негізінде ғана шектеліп қана қоймай, жалпы адамзаттық және өркениетті дамыған мемлекеттердің озық жетістіктерін, мәдениетін т.б. адамгершілік құндылықтарын игеру арқылы тұлғаның жан-жақтылығын тәрбиелеу. Әрине, айтылған мақсатқа жету үшін мектеп ұжымы (пән мұғалімдері, мектеп басшылары, сынып жетекшілері, медбике, психолог, т.б.) мен ата-аналар ортақ іс-әрекетке белсенді кіріскен кезде ғана үлкен нәтижеге жетуге болады. Ол үшін бүгінгі жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, елдің өткенін, ұлттың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін етене таныстыру қажет. «Адамға ең

бірінші тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекке оның барлық өміріне апат әкеледі, адамға ең бірінші керегі тәрбие», – депті Әл-Фараби бабамыз. Халқымыз бала тәрбиесіне аса зор көңіл бөлген, жақсы қасиеттерге баулып, жаманнан жеріндіріп отырған. Бала тәрбиесіне көңіл бөліп тереңінен ойлаған қазақ халқы бесіктегі нәресте тәрбиесіне де жете көңіл бөле білген. Баланы тәрбиелеуде отбасы басты рөл атқарғандықтан, ұлы М.Әуезов те отбасы тәрбиесін ерекше бағалап: «Ел болам десең, бесігіңді түзе», - деген. Кез келген білім ошағы ұлттық тәрбие бағдарламасында ұлттық құндылықтарымызды дәріптеп білім берер болса, ұрпағымызды өз ұлтын мақтаныш тұтар азамат болары хақ. Тәрбие–жеке тұлғаның қалыптасуының ең басты факторы. Халық даналығында: «Баланы әуелі мейір шапағатқа, онан соң ақыл парасатқа, ақырында еңбек пен ғылымға баулы» - дейді.

Ұлттық тәрбиенің міндеті: ұлттық тәрбиенің діңгегі ана тілі болып қалатынын негіздеу, қазақ тілі мен тарихын, мәдениеті мен салт- дәстүрі, дінін құрметтеуге тәрбиелеу. Тәрбие-халықтың ғасырлар бойы жинақтап, іріктеп алған озық тәжірибесі мен ізгі қасиеттерін жас ұрпақтың бойына сіңіру, баланың қоршаған ортадағы қарым-қатынасын, дүниетанымын өмірге деген көзқарасын және соған сай мінез-құлқын қалыптастыру.

Тәрбиенің негізгісі – ол ғибратты, ғұмырлы, ғасыр бойы бойымызға салт-дәстүрмен берілген–ұлттық педагогика. Небір ғасырлар шектеулі шеңбер аясынан шырмауықтай шырмалып шыға алмай келген ұлттық тәрбиенің жаңа талапқа сай жаңғыртып, жаңартып өскелең жас ұрпаққа толыққанды тайға таңба басқандай жеткізсек, таптырмас тағлым болары сөзсіз.

Тәуелсіз мемлекетіміздің бүгінгі таңдағы ең басты мақсаттарының бірі - еліміздің өркениетті елдер қатарына қосылуы, оның әлемдік білім кеңістігінен орын алуы. Бұл ұлттық білім беру жүйесін жаңа арнаға бұруды, нәтиже мен сапаға бағыттауды, сондай-ақ бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу қажеттілігін міндеттейді.

Биыл Қазақстан халқы Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Тәуелсіздік алғаннан кейін әлемдік қауымдастықтың беделді қатысушысы ретінде жас ел тарихының жаңа беттері басталды. Ел тәуелсіздігі Қазақстан халқының нағыз рухани жаңғыруына бұрын соңды болмаған мүмкіндіктер ашты. Ғасырлар мен ондаған жылдар бойы ұмытылған тұлғалардың есімдері мен жәдігерлері оралды, мемлекеттік қазақ тілі қайта жанданды. Қазіргі таңда бүкіл әлемде болып жатқан пандемияға байланысты елімізде барлық іс-шаралар онлайн форматта өткізілуде.

Осы кезеңде республикада көрнекті тұлғаларды еске алып, құрмет көрсету іс-шаралары атап өткізілді. Ақын, қоғам қайраткері Абай Құнанбаевтың 175 жылдығы, ұлы ойшыл Әл-Фарабидің 1150 жылдығы, Алтын Орданың 750 жылдығы атап өтілді.

Соның бір дәлелі ретінде өз сыныбымдағы оқушылар Абайдың 175 жылдығына орай ұйымдастырған «**Абай мұрагері!**» атты Халықаралық өнер байқауына онлайн форматта Абдирасыл Аяна қатысып «көркем сөз» оқып дипломмен марапатталды.

V Республикалық «Жарық жұлдыз» атты балалар өнер байқауында «Көркем сөз» жанрында пандемияның салдарынан қашықтықтан өткізілген Абай Құнанбаевтың өлеңдерін жатқа айтып, өнер көрсетіп Абдирасыл Аяна бас жүлдеге ие болып, финалға жолдама алды. Көп ұзамай **V Республикалық «Жарық жұлдыз»** сайыстың финалында туған өлкесі «Қазығұрт» және «Тәуелсіздікке 30 жыл» мерекесіне байланысты өлеңдерімен көзге түсіп II- орынмен марапатталып, «**Жарық жұлдыз**» журналында жарық көрді. «Тәуелсіздік тұғырым» тақырыбында сурет көрмесі ұйымдастырылды. Көрмеде өз өнерімен Абихан Інжу, Айтмахан Ғаділбек , Асан Гүлім үздік деп танылды. 2020-2021 оқу жылында республикалық зияткерлік олимпиадаларға қатысып көптеген оқушыларым жүлделі орынға ие болды. Атап айтар болсам «Дарын онлайн», «Ой сана», «Алтын қыран» олимпиадаларына қатысып I-II- III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сыныбымда белсенді де, өнерлі балаларымен де мақтана аламын. Арнайы мектепте би және бокс үйірмелеріне қатысып, аудандық жарыстарда биік белестерден де көрініп жүргенін айтқым келеді. Осындай дарынды, талантты оқушыларымды дайындау барысында өзіме Алғыс хаттар мен дипломдар табысталды. Осы еңбектерімнің жемісі деп білемін.

Болашақтағы жоспарым, зерттеу жұмыстарын бұдан да әрі дамыту және оқушыларымды ғылыми жобаларға қатыстыру. Алдағы уақытта «Ұлттық тәрбиені» сынып сағаттарға ендіру жоспарлануда. Оқушы жеке тұлғасының қалыптасуына көмектесу - оның ішкі мүмкіншілігі, бейімділігі, мақсат- мүдделері мен шығармашылық қабілеттерінің жетілуі мен қалыптасуына жағдай жасау. Бұл мақсат – міндеттерді іске асыру үшін тәрбие жүйесі тұлғаны әлеуметтендіру идеяларын жүзеге асыра отырып, тәрбие жұмысын ұйымдастыруым қажет.

Менің түсінігім бойынша – мұғалім мамандығы жасандылықты қаламайды, уақыт талабынан қалыс қалуға төзбейді. Балалар біздің болашағымыз. Ертеңіміз, болашағымыз өсіп келуде. Бізден жаңа қоғам ғана жасалып келе жатқан жоқ, жаңа адам да жасалып келеді. Ұстаз шәкіртін түсіне білу керек. Сену керек. Дос болу керек. Ұстаз болу – қиын, бірақ ардақты іс – шәкірт пен ұстаз арасында достық сезімнің берік болуы қажет. Бала жүрегіне жол таба білмеген мұғалім кейде оны өзіне қарсы қойып алады, бала ерегіскіш келеді. Бала тәрбиесі – үлкен өнер. Әр балаға, әр түрлі тәсіл керек. Біреуіне ақыл айтсаң да жетеді, біреуіне ақыл жүрмейді, мінез – құлқына қарай басқа амал табу керек. Бала жүрегі кішкентай ғана күй сандық, ол кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімдердің қолында әр кез сол кілт жүру керек.

Қорыта келіп, өмірін осы қызметке арнаған адамды, өз өнерін, бойындағы барлық қасиеттерін дарытқысы келетін адамды нағыз ұстаз деп атауға болады. Олай дейтінім болашаққа ізгілік нұрын себушілер – олар.«Жаңа адамды тек жаңашыл ұстаз ғана тәрбиелей алады». Өнегелі адамды тек өнегелі ұстаз ған тәрбиелей алады. Сонда ғана, жастар болашағының шоқтығы биік болмақ. Сол ұлы тәрбиелі жолда шаршамайық, ізгілік нұрын себуші, жол нұсқаушы ұлағатты ұстаздар.

"Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер - бүгінгі мектеп оқушылары.

Мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады.

Сондықтан да, ұстазға жүктелетін міндет өте ауыр". «Мұғалім өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, оқуды, ізденуді тоқтатысымен оның мұғалімдігі де жойылады.» -деген сөзбен аяқтаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Астана,2010 ж.
 2. Төлеубекова Р.К. «Ұлттық тәрбие және оның философиясы»\\Педагогика және Психология журналы №1, 2009.
 3. Пралиев С.Ж. «Ұлттық тәрбие және жаһандану», Егемен Қазақстан, 25 желтоқсан, 2009 .
 1. ҚР. 12 жылдық жалпы орта білім беру тұжырымдамасы.
 2. Аринова Г.К. Жаңа мектепте тәрбие жұмысын ұйымдастырудың кейбір мәселелері // «Жаңа мектеп»- [№2]2010
- Сайлауғазинова Б. Жеке тұлға тәрбиелеу // «Сынып жетекшісі»,2010

Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігінің үлесін арттырудағы бірлескен жұмыстарды дамытудың әдіс тәсілдері

Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы
«Бөген» жалпы орта мектебі
Бастауыш сынып мұғалімі:
Агибаева Дина Сабитовна

Бала тәрбиесіндегі ата-ана жауапкершілігінің үлесін арттыру

Қай ғасырда болсын, тәрбие мәселелері назардан тыс қалып көрген емес. Бала тәрбиесі - мемлекеттің аса маңызды міндеттерінің бірі. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев өзінің Жолдауларында егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын баса айтып келеді. Қай халық болмасын үмітін ең алдымен өзінің ұрпағымен тікелей байланыстырады.

Әрбір ата-ана өз ұлы мен қызының әдепті, саналы, иманды да ибалы, Отанының білімді азаматы мен азаматшасы болып жетілуін қалайды. Ата-ана перзентінің жақсы азамат болып жетілуі үшін өз отбасында тәрбиелеудің нәзік жақтарының заңдылықтарын білуі қажет. Сыйластық, түсіністік, үлкен жауапкершілік сезімдері бар отбасы - бақытты отбасы. Бақытты отбасында ғана ата-ана және олардың өзара қарым-қатынасы мазмұнды, сенімді болады. Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы - туған ұясы, өз отының басындағы тәрбиесі. «Баланың бас ұстазы - ата-ана», «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» - дегендей, тәй-тәй басып, есі кіріп, тілі шыға бастағаннан-ақ баланы байсалды, ұғымпаз, тілалғыш етіп баулыған дұрыс. Қай заманда болса да бала тәрбиесі - басты байлық, ал ең асыл дүние - оның тәрбиесі. Әрбір мемлекеттің болашағы оның төл мектебінде шыңдалады.

Ата-ана өзінің мінезі, дағдысы, сөзі, іс-әрекеті арқылы баласына үлгі көрсетеді. «Сіздер баланы тек сөйлеген кезде ғана, оған ақыл айтқанда немесе бұйрық берген кезде ғана тәрбиелейміз деп ойламаңыздар, - деп жазады белгілі педагог А.С. Макаренко, «Сіздер оны өмірлеріңіздің әрбір минутында, тіпті өздеріңіз үйлеріңізде жоқ уақыттың өзінде тәрбиелейсіздер, сіздер қалай киінесіздер, сіздер басқалармен қалай сөйлесесіздер немесе басқа адамдар туралы қалай қуанасыздар және ренжисіздер, сіздер достарыңызбен қандай қарым-қатынаста боласыздар, сіздер қалай күлесіздер, газет-журнал оқисыздар - осылардың бәрінің бала үшін маңызы бар». Бала әрқашанда ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Дүниенің ең тамаша туындысы - тамаша тәрбие алып шыққан адам болып табылады. Адамның жеке басының алғашқы қалыптасуы отбасынан басталады.

Ел болам десең бесігіңді түзе», «Тәрбие – тал бесіктен» деп дана халқымыз айтқандай парасатты, зерек, кішіпейіл, адал, адамгершілігі мол ұрпақ ұлтымыздың басты құндылығы. Саналы да білімді жас ұрпақ болашағымыздың кепілі. Бала тәрбиесінде ең маңызды рөл атқаратын әрине ол отбасы екені мәлім. Сәби күнінен ананың әлдиімен ақ бесікте тербетіліп, асыл әженің ертегісін тыңдап тәтті ұйқыға батып өскен әрбір қазақ топырағының перзенті жаман болмайтыны анық. Сәби дүние келгеннен бастап салт-дәстүріміз бойынша жоралғыларын жасап, ұлттық құндылықтарымызды санасына сіңірсек ұлтымыздың ұлы азаматы болары сөзсіз. Тәлім – тәрбие беруде салт-дәстүріміз бен әдет-ғұрпымызды пайдалану ең бір оңтайлы тәсіл. Себебі, баланың қырқынан шығару, ақ бесікке жатқызу тазалыққа, бесік жыры мейірімділікке, тұсау кесер адалдық пен адамгершілікке, сүндетке отырғызу мұсылмандығын тануына өз септігін тигізеді. Сондықтан әр ата – ана балаға тәрбие берумен қатар сол берілген тәрбиенің ұрпақ болашағы үшін маңызды екенін ескерген жөн.

Баланы дұрыс тәрбиелеу отбасында, алдымен, жанұя жағдайы, онда қалыптасқан он, моральдық-психологиялық ахуал, татулық пен өзара түсінік, сүйіспеншілік пен сыйластық, ауызбіршілік, отбасы мүшелерінің бір-біріне

деген құрмет сезімдері, яғни, отбасындағы кіршіксіз таза, мөлдір көңіл-күйі тікелей ықпал етеді.

Ата-ананың бала тәрбиесіндегі міндеттері:

1. Балаңыздың сынып жетекшісімен тығыз байланыста болуы;
2. Сабақтан келген балаңыздың күнделікті күнделігін тексеріп, көмек көрсету;
3. Мектепшілік ата-аналар жиналысына қатысу;
4. Сыныптың ата-аналар комитетінің төрайымымен байланыста болу;
5. Балаңыздың мектептегі жағдайын жасау барысында өз еркіңізбең оқу-тәрбие іс-шараларына қаржылық көмек көрсету;
6. Мектептегі ашық есік күні балаңыздың сабағына қатысу;

Бұдан басқа сыныпта, мектепте болатын кез-келген жұмыстарға мектепшілік іс-шараларға, сынып жетекшілердің ең бірінші қолдап, демеу көрсететін-сынып оқушыларының ата-аналары. Осыған байланысты сынып жетекші ең бірінші сынып ата-аналар төрайымымен және сынып ата-аналарымен тығыз байланыста болуы керек. Кез келген мәселенің жауабы ата-аналармен шешімін табуға тиісті. Осы жоспарды барлық сынып жетекшілері бұл мәселені бірлесіп дұрыс жолға қоя білсе, көптеген жұмыстарымыздан жеңілдіктер байқалар еді. Осыған байланысты көптеген ата-аналар сынып жетекшінің ай сайын өткізетін ата-аналар жиналысына келмей де жатады.

Ата-аналарға арналған этикалық кодексте:

1. Мектеп білім ошағы екенін есте ұстаңыз.
2. Мұғалімнің қоғамдағы рөлін бағалаңыз, қолдау көрсетіңіз.
3. Бала тәрбиесі тек мұғалімнің ісі емес, ортақ іс екенін ұмытпаңыз.
4. Мектеп туралы, мектепте болған жағдай туралы анық-қанығына көз жеткізбей тұрып, бөгде орындарға таратпаңыз.
5. Мектеп – балаңыздың екінші үйі екенін түсінсеңіз, өзіңізді де сол үйдің мүшесімін деп есептеңіз.
6. Мектепшілік және сыныптағы ата-аналар жиналысынан қалыс алмаңыз.
7. Өз балаңыздың мектептен тыс уақыттағы өміріне аса үлкен жауапкершілікпен қараңыз.
8. Балаңыз сапалы білім алсын десеңіз оған мектепке қажетті құрал-жабдықтарын уақытылы әперіңіз.
9. Балаңыздың денсаулығы мен жеке басының тазалығына және киіміне жауапты қараңыз.
10. Өз уақытымен балаңыздың оқу процесін, күнделігін, дәптерін қадағалап отырыңыз.
11. Егер мектепке сабақ уақытында келсеңіз, сынып жетекшісін немесе балаңызды арнайы күту орнында күтіңіз.
12. Өз мүмкіндігіңізге қарай мектепте өтілетін, қала көлемінде өтілетін мерекелік шараларға, байқауларға қатысыңыз.
13. Өз еріктерімен әрбір ата-ана мектепке ұйымдастырушылық, ақпараттық және материалдық көмек көрсете алады.

Ата-аналар бала тәрбиесіне уақыт жетпейді деп қиналады. Меңінше жоспарлай білсе, уақытты жеткізуге болады. Үлкендер уақытты босқа жұмсамаса, баламен жүйелі жұмысқа уақыт табылады. Мысалы: дүкенге, базарға, қонаққа, теледидарға, телефонға кететін уақыттарды үнемдесе.

Бала тәрбиесін бүгін емес, ертеңге қалдырсаңыз кеш болады. Балаға бүгін берілуі тиіс тәрбиені кейінгі қалдырмаңыз. Тәрбиеде із қалдыратын алтын уақыт қайталанбайды. Өсіп кеткен балаға дер кезінде берілмей қалған тәрбие жұғымсыз, дәмді тамақ сияқты болатыны бар.

Өмірде көп игіліктер келіп, кетіп жатады. Ал адам үшін ең өміршең байлық, зор құндылық – отбасының балаға деген сезімі.

Әр адамның өмір сүру тәжірибесі әр түрлі. Дегенмен кез келген отбасы нәресте дүниеге келген күннен бастап, күнделікті дағдысына, уақыт кестесіне өзгеріс енгізгені жөн. Сонда баламен шұғылдануға күн сайын бір-екі сағат уақыт табылатын болады.

Бала тәрбиесіндегі ең басты шарт – күнделікті, тұрақты, нақты, сабақтастықты үзбеу. Балаларымыз – болашағымыз. Ал болашағымыз бапты, бақытты болғанға не жетсін.

Қашан, қай жаста болса да бала тәрбиесін назардан тыс қалдыруға болмайды. Кеш те болса, жалғастыру керек. Алайда, бала өскен сайын тәрбиелеу тәсілдері де қиындай беретіні жасырын емес.

Мектеп пен ата-ана ынтымақтаса жұмыс жүргізсе, балаға тиісті көңіл бөле білсе, олармен санаса білсе, келешектің шын жанашыры, елдің арқа сүйер азаматтары тәрбиеленіп шығары сөзсіз. Сондықтанда біз ата-аналармен бірлесіп жасалатын жұмыс жоспар құрып жұмыс жасап келеміз.

Ата-аналармен бірлесіп жасалатын жұмыс жоспары

№	Ата-аналарды педагогикалық азартудың тақырыптары	Қатысушылар	Жүргізілген жеке-дара жұмыс	Мерзімі
1	Ата-аналар жиналысы 1. Баяндама «Отбасы тәрбие бастауы». 2. Ата-аналарға жадынама. 3. Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау.			Қыркүйек
2	Ата-аналармен жеке пікірлесу /мектеп мамандарының келісімі бойынша/	Психолог Социолог Сын.жетекші	Сұхбат-пікірлесу.	Айына бір рет
3	I тоқсанның қорытындысы. 1. Балалардың оқу тәрбиесіндегі жағдайы бойынша әр ата-анаға жекелеген тәрбиелек мінездеме	Психолог Сын.жетекші Социолог	Сауалнама, пікірлесу.	Қараша

	тарту. 2. Психолог, социолог мамандарының дәрісі.			
4	Ата-аналар жиналысы: 1. Баяндама «Отбасындағы бала тәрбиесі» 2. Жаңа жылға ұжымдық шығармашылық даярлық. 3. Мереке кезіндегі сақтық шаралары	ДТІЖО Сын.жетекші		<i>Желтоқсан</i>
5	II тоқсанның ата-аналар жиналысы: 1. «Ұл тәрбиесі» атты тақырыптық кеңес 2. Ата-аналармен сұқбаттар	Психолог Сын.жетекші Социолог	Кеңес беру, пікірлесу.	<i>Ақпан</i>
6	Балалардың шығармашылық көрмесі: 1. "Менің отбасым", Менің мектебім сурет көрмесі 2. Отбасы, отан, ел туралы оқушылардың ән байқауы	Сын.жетекші	Балаларға алғы хаттар ұйымдастыру	<i>Наурыз</i>
7	III тоқсанның қорытындысы. 1. Тоқсандық қорытынды 2. Наурыз мерекесін атап өту барысы 3. Балалардың өмір қауіпсіздігі бойынша хабарламалар		Көрме	<i>Сәуір</i>
8	Жыл қорытындысы. Мақсаты: Ата-аналармен балалардың бірлескен қорытынды мерекелік концерт іс-шарасы. Хабарламалар: Жазғы демалыс. Жаз айларындағы сақтық шаралары	Сын.жетекші Ата-аналар	Алғыс хаттар, мадақтамалар.	<i>Мамыр</i>

Бала тәрбиесіндегі ұстаздың рөлі

Халықтың болашағы – ұрпағы, ұрпақтың тәрбиесі – ұстазда. Ұстаздың мұраты – жетілген, толыққанды азамат тәрбиелеу. Ал толыққанды азамат қалыптастыру үшін – ақыл-ой тәрбиесі, имандылық, еңбек, эстетикалық, тілдік қатынас, дене тәрбиесі, сонымен қатар экологиялық, патриоттық тәрбие берілуі тиіс. Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар, ұстаздың рөлі зор. Яғни, ұстаз мамандығының иелеріне болашақ

ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Ф.М. Достоевскийдің « Өзіңнен өзіңді ізде, өзіңе өзің бағын, өзіңді өзің тани біл » - дегендей, әр мұғалім өзінің бала болғанын, өзінің ата-ана екенін, өзінің оқытушы болып қалыптасып келе жатқанын ой елегінен жиі-жиі өткізіп отырса, өзге алдындағы жауапкершіліктің сыры бірден айқындала бастайды. Ұстаз болу – жүрек жылылығын, мейірім шуағын, адамгершілік ұлылығын баланың бойына дарыту. Ұстаз білімді, еңбекқор, бала жанын түсіне алатын болса ғана ұстаздық кәсіптің шыңына жете алады. Адам баласы алған тәрбиесін өз мақсатына жету үшін білім кілті арқылы ашып, пайдаланады. Тәрбие бар жерде мақсат бар, мақсат бар жерде білім басты қажеттілік болмақ. Жасөспірім алдына үлкен мақсат қоя білсе ғана биікке ұмтылады. Еліміз егемендік алып, өз алдына тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіз еліміздің болашағы – білімді ұрпақ. Бүгінгі ұстаздар қауымының басты парызы – саналы, рухани бай, салауатты, жан-жақты дамыған жеке тұлға даярлау. Ертеңгі болашағымыздың сапалы білім, саналы тәрбие алуы – ұстаздарға байланысты. Елбасы Н.Ә.Назарбаев қазіргі мұғалімнің қоғамдағы орнын бағалай отырып : « Сіздер мен біздер, тек болашақ буындағы ғана емес, жалпы азаматтық қадір-қасиеттердің мән-маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз » деген еді. Ұстаздық қызметті ерекше ұлықтаған халқымыз өзінің ең қымбаттысын – балаларын оқытып, тәрбиелеуді бізге – ұстаздарға тапсырған. Ұстаз – ұлағатты есім. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беру, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді. Абай атамның « Ақырын жүріп анық бас, Еңбегін кетпес далаға . Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға » - деген қасиетті қағидасы әрқашан ұстаздың жүрегінде ұстайтын ұстанымы болса, бойындағы бар білімді, асыл қасиеттерін шәкірттеріне арнап, олардың жүрегіне жол тауып, қазақ халқының әдет-ғұрпын, тарихын танып білуге құрметтеп, Отанды, елін, жерін сүйуге тәрбиелесе, сонда ғана ұстаз мақсатына жетіп, еңбегі талпындырса, тілін ақталғаны деуге болады.

Бала – Отанымыздың келешегі, біздің жалғасымыз. Сондықтан бала тәрбиесі – баршамызға ортақ іс. Әр ата-ана өз баласын еліне, халқына шын берілген, халқын құрметтей алатын, дені сау, білімді, еңбексүйгіш, жан-жақты жетілген азамат етіп тәрбиелеуді әр бір ата-ана борышым деп есептеуі керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Оқушылардың ғылыми қоғамдарын ұйымдастыру және республикалық ғылыми жарыстарын өткізуге әдістемелік нұсқаулар. Астана 2007.
2. Қазақстан республикасы Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары. Жалпы бастауыш білім. - Алматы, 2002.

3. В.Д.Шадриков О содержании понятий «способности» и «одаренность»// «Психологический журнал», Т.4. №5, 1983
4. С.Л.Рубинштейн Основы общей психологии. Т.1-4. М., 1989.
5. В.А.Бухвалов Развитие учащихся в процессе творчества. «Педагогический поиск», 2000.
6. В.П.Беспалько Слагаемые педагогической технологии. «Педагогика», 1989
7. Көшімбетова С.А. Оқу-тәрбие үрдісінде оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың педагогикалық шарттары.
8. Базарбаева Н.А. Педагогикалық кеңес, 2009. №1

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері.

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту
басқармасы әдістемелік орталығының
«Тәрбие және қосымша білім беру
бастамаларын дамыту»
бөлімінің тәрбие әдіскері
Басқараева Рапия Тухтабайқызы**

Құрметті тамыз кеңесіне қатысушы әріптестер! Келе жатқан жаңа оқу жылы баршамызға құтты болсын, бүгінгі онлайн режимінде өтіп жатқан дәстүрлі тамыз кеңесінің секциялық жұмысы нәтижелі өтсін. Сіздердің назарларыңызға биылғы оқу жылындағы тәрбие саласының ерекшеліктеріне тоқталғалы отырмын.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие процесі білім алушылардың интеллектуалдық, патриоттық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын қамтамасыз ету мақсатында бірыңғай идеологиялық және құндылықтарға негізделіп ұйымдастырылады. Тәрбие жұмысы барлық мүдделі тараптардың: отбасының, білім беру ұйымдарының, қоғамның кеңінен қатысуымен кешенді түрде жүргізілуге тиіс.

Тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2021 оқу жылындағы ерекшеліктері. 1.«Оқуға күштар мектеп», «Дебаттар», «Өзін-өзі басқару күні», «Мектеп театры» жобаларын іске асыру. 2.Ұлттық құндылықтар негізінде мектептің мәдени ортасын қалыптастыру (қарым-қатынас, мектеп қоңырауы). 3.Мектеп пен отбасында күнделікті 20 минут кітап оқуды ұйымдастыру ұсынылды.

Мектептегі іс-шаралар барлық балалар үшін тегін өткізіледі :

«Алғашқы қоңырау» тек 1-сынып оқушылары үшін олардың алғашқы «Әліппе» /«Букварь» оқулығы салтанатты түрде табыс етіле отырып өткізіледі. Іс-шарада бірінші сынып оқушыларының ата-аналарының бірінің қатысуы ұсынылды. 2021 жылдың 1 қыркүйегінде 2-11 сыныптарда Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Кел балалар, оқылық!» атты Білім сабағы өтеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастырудың негізгі нормативтік құқықтық құжаттары:

- 1) Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы;
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV Кодексі;
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы;
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІҮ Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 2 шілдедегі № 169-VI Заңы;
- 7) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы;
- 8) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 9) ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;
- 10) ҚР БҒМ 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың тұжырымдамалық негіздері.

Еліміздің орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыт бойынша жүзеге асырылады:

1. Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие.
- 2) Рухани-танымдық тәрбие.
- 3) Ұлттық тәрбие.
- 4) Отбасылық тәрбие.
- 5) Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие.
- 6) Көпмәдениетті және көркем-эстетикалық тәрбие.

7) Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу.

8) Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру.

Білім беру жүйесінің негізгі мақсаты білім алушылардың базалық дағдылар мен біліктерді меңгеруін қамтамасыз ететін оқыту мен тәрбиелеудің жаңа әдістерін, білім беру технологияларын енгізу, олардың оқуға деген ынтасын және білім беру процесіне тартылуын арттыру болып табылады.

Әмбебап құзыреттілікті қалыптастыру бөлігінде қойылған мақсатқа қол жеткізудің негізгі бағыттарының бірі **оқыту мен тәрбиелеуде құндылыққа бағдарланған тәсілді іске асыру** болып табылады.

Білім алушыларды тәрбиелеудің негізгі идеясы ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар болып табылады.

2021-2022 оқу жылында құндылықтарға негізделген оқу-тәрбие бағдарламасын іске асыру шеңберінде төмендегі жобалар ұсынылады.

- ✓ Мектептің өзін-өзі басқаруы
- ✓ «Дебат» қозғалысы;
- ✓ «Оқуға құштар мектеп»;
- ✓ «Отбасы – орта мектеп»;
- ✓ «Құқықтық сана – қауымға пана»;
- ✓ «Дәстүр мен ғұрып»;
- ✓ «Еңбек – елдің мұраты»;
- ✓ «Үнем – қоғам қуаты»;
- ✓ «Ерте жастан бастап экологиялық мәдениет»
- ✓ «Қоғамға қызмет»;
- ✓ «Музей сабақтары;
- Театр сабақтары» жобасы.

1.Мектептің өзін-өзі басқаруы: «Білім туралы» ҚР 2007 жыл 27 шілдедегі заңына сәйкес, облыс бойынша аудан, қалалық жалпы білім беру ұйымдарында «Өзін-өзі басқару» ұйымдары құрылып, бірыңғай ережесі бекітілген болатын. Мектеп оқушыларының өзін-өзі басқаруға қатысу формасы, ол оқушылардың мұғалімдер құрамымен және мектеп басшылығымен бірге оқу үдерісін ұйымдастырудағы мәселелерді шешуге қатысуын қарастырады. оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымы қызметінің негізгі мақсаты: оқушылардың мектептерді басқаруға қатысу құқықтарын жүзеге асыру, жарқын ұйымдастырушылық қасиеттері бар, шешім қабылдауға қабілетті, жауапты және тәртіпті, өз бетінше таңдау жасауға дайын және мектепте белсенді өмірлік ұстанымға ие тұлғаны тәрбиелеу болып табылады.

2.Дебат қозғалысы: Зияткерлік тәрбие құндылығы білім құндылығын; зияткерлік ұстанымның құндылығын; әрбір тұлғаның көшбасшылық қасиеттері мен дарындылық құндылығын қалыптастырады. Оқушылардың зияткерлік мүмкіндіктерін, көшбасшылық қасиеттері мен дарындылығын

дамытуды қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті, сондай-ақ ақпараттық мәдениетті қалыптастыру мектептегі тәрбие жұмысының маңызды компоненттерінің бірі болып табылады.

«Ұшқыр ой алаңы» оқушылардың дебаттық қозғалысы жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын іске асыру білім алушыларды пайымдауға, талдауға және сыни ойлауға, командада жұмыс істеу дағдысын дамытуға, қарама-қарсы пікірге құрметпен қарауға, өз көзқарастары мен пікірлерін белсенді қорғауға үйретеді

3.«Оқуға құштар мектеп» Адамгершілік құндылықтар жүйесін қалыптастырудың бір жолы – кітап оқу. 2021-2022 оқу жылында кітап оқуға деген қызығушылықты арттыру және оны қолдау, кітап мәртебесін («*Кітап оқу – сән*») арттыру мақсатында білім алушылар арасында жоба барлық өңірде біртіндеп енгізіліп жатыр. Жобаның мақсаты: оқу мәртебесін, оқу белсенділігі және оқу сапасын арттыру, балалар мен жастардың мәдени және оқу құзыреттілігін дамыту, сондай-ақ жас ұрпақ бойында жоғары азаматтық және рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру.

Жоба аясында түрлі шаралар, кездесулер, пікірталастар, меценаттар мен ата-аналар қоғамдастығын тарта отырып, мектеп кітапханаларының сайттарында пікірталастар жүргізу арқылы мектеп қабырғасындағы кітаптар арқылы оқуға, әлемді тануға деген қызығушылықты қалыптастыру жоспарланған.

4 .«Отбасы – орта мектеп» тәрбие жобасы

«Отбасы – мектеп» жобасы отбасының тәрбиелік әлеуетін, Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында білім алушылардың ата-аналарымен өнімді өзара іс-қимыл және отбасылық тәрбие бойынша педагогтердің әдістемелік практикасын жетілдіруге бағытталған. Ата-аналарға арналған лекториялар, ата-аналар кештерін, Ашық есік күндерін, тренингтер өткізу, «Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебін» құру ұсынылады. Бұл мектептерді құрудың мақсаты – бала тәрбиесіндегі отбасының рөлін арттыру

5.«Құқықтық сана – қауымға пана» жобасы білім алушылардың құқықтық сауаттылығы мен құқықтық санасын және құқықтық мәдениетін арттыруға бағытталған. Осы жоба шеңберінде білім беру ұйымдарында заманауи әдістемелер негізінде білім беру және тәжірибеге бағдарланған іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

6. Дәстүр мен ғұрып : Ұлттық тәрбие аясында жаңа оқу жылында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатында цифрлық дәуір ерекшеліктерімен байланыстыра отырып жоба іске асырылатын болады

7.Еңбек – елдің мұраты» жобасы шеңберінде өзінің кәсіби саласында елеулі нәтижелерге қол жеткізген табысты адамдардың өмірі мен қызметі

кеңінен танымал, орта білім беру деңгейлеріндегі білім алушылар үшін кәсіптік бағдарлау жұмысы күшейтіледі, табанды еңбектің құндылығы жаңа деңгейге көтеріледі, бұл өскелең ұрпақ үшін рөлдік модель болуға тиіс.

8.«Үнем – қоғам қуаты» жобасының міндеті – ұқыптылық пен үнемділік, мінез-құлық трендтерін қалыптастыру, прагматикалық дағдыларға, тайм-менеджментке үйрету, қаржы және материалдық ресурстарды сақтау және үнемді пайдалану дағдыларын қалыптастыру, сыни ойлауға үйрету.

9.«Ерте жастан экологиялық мәдениет» жобасы аясында тәрбиелік іс-шаралар кешенін іске асыру экологиялық тәрбиені қалыптастыруға, қоршаған әлемге ұқыпты қарауға ықпал етеді. Мысалы, пәндік салалар арқылы білім алушылар өсімдіктердің әр түрімен және декоративті өсімдіктерді көбейту тәсілдерімен (биоалуантүрлілік); білім беру ұйымдарында және үйде энергия тұтыну құрылымымен және оны үнемдеу тәсілдерімен (энергия үнемдеу); мектепте және үйде суды үнемді пайдалану мүмкіндігімен (су үнемдеу); қалдықтардың пайда болу көздері, оларды азайту тәсілдерін анықтау, қоқысты бөлек жинауды енгізу (қалдықтармен жұмыс істеу) және т.б. танысады.

10. «Қоғамға қызмет» Рухани адамгершілік тәрбие: Орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын әлеуметтік еріктілер жобасын – «Мектепке жол», «Қамқорлық», «Мектепке жиналуға көмектес», «Адамға қуаныш сыйла» және т.б. акцияларды жүзеге асыруға кеңінен қатыстыру қажет.

11.«Балалар және театр» көркем-эстетикалық тәрбие саласында отандық мәдени жетістіктерді – кітаптарды, пьесаларды, мүсіндерді, картиналарды, музыкалық шығармаларды, Ұлы дала мұрагерлерінің өткен мыңжылдықтағы халық ауыз әдебиетінің үздік үлгілерін – ертегілерді, аңыздарды, эпостарды, аңыздарды оқыту және ілгері дамыту ұсынылады. Сонымен қатар тұрақты жұмыс істейтін тақырыптық кітап көрмелерін өткізу маңызды. Өскелең ұрпақты театр өнері әлеміне тарту мақсатында әр мектепте ағартушылық жобасын жүзеге асыру маңызды.

Білім беру ұйымдарындағы атрибуттарды ұлттық құндылықтар негізінде жүргізу ұсынылады

1. Білім беру ұйымдарында қазақ тілінде оқушыларға мұғаліммен аты - жөнінің атымен хабарласу ұсынылады: «Әкімжан Әбдіхалыұлы», «Зәуре Әбдікенқызы» немесе «Мұғалім». Оқушыға қатысты мұғалімге атымен хабарласу керек: Настя, Анвар 2. Сабақтың басталуы мен аяқталуы туралы хабарландыру ретінде қоңыраулардың орнына музыкалық экран сақтағыштарды қолдану ұсынылады: сабақтың басында - «төкпе күй», сабақтың соңында - «шертпе күй». 3. Мектептер мен сыныптарды сәйкессіз атрибуттар мен шамадан тыс безендірмеу ұсынылады, мемлекеттік рәміздер НҚА талаптарына сәйкес орнатылуы керек (ПХРК 27 қарашадағы No801, ҚР

Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы). 2007 жылғы 2 қазандағы № 873 «Мемлекеттік туды, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасын және олардың бейнелерін қолдану (белгілеу, орналастыру) ережелерін бекіту туралы, сондай -ақ Республиканың Мемлекеттік Гимнінің мәтінін бекіту туралы» Қазақстан). Мектеп пен ата -ана өзара әрекеттескенде, балалардың мүддесі үшін ынтымақтастық қажет. Осы мақсатта «Ата-аналар демалысы», «Директорлық сенбі», «Педагогикалық кеңес» жобаларын жүзеге асыру ұсынылады.

Білім беру ұйымының басшысы кіреберісте сабақ басталар алдында тәрбиеленушілер мен білім алушыларды қарсы алады.

Прагматизмді, үнемділікті және әртүрлі ресурстарды ұтымды пайдалануды ескере отырып, мектептерде бұқаралық мәдени іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады. Бұл тұрғыда «Алғашқы қоңырау», «Соңғы қоңырау», «Бітірушілер кеші», «Жаңа жыл», «Наурыз», «Тұңғыш Президент күні» сияқты мектептік бұқаралық мәдени іс-шараларды білім алушылар мен педагогтердің белсенді (қаржылық емес) қатысуымен қарапайым, бірақ салтанатты түрде ұйымдастыру ұсынылады.

Мектеп әкімшілігі, Қамқоршылық кеңес кабинеттерге мектептің дамуына үлес қосқан қоғам қайраткерінің, меценаттың есімін беру туралы шешім қабылдай алады. Мысалы, меценат мектеп кабинетін жабдықтап, компьютер, жиһаз сатып алып, жөндеу жұмыстарына қаржы бөліп, мектепті оқу-әдістемелік ресурстармен қамтамасыз етті дейік. Мұндай жағдайларда педагогикалық кеңестің шешімімен меценаттың есімі жазылған тақта кабинетке орнатылуы мүмкін.

Зияткерлік конкурстар мен олимпиадалар, білім алушылардың шығармашылық конкурстары мен спорттық жарыстары, педагогтердің кәсіби конкурстары ҚР БҒМ 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығымен бекітілген тізбеге сәйкес (2021 жылғы 25 мамырдағы № 232 өзгерістермен) және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары мен білім беру басқармаларының бұйрықтары негізінде тегін өткізіледі. Білім беру ұйымдарының, педагогтердің, білім алушылардың оқу, кәсіби жетістіктерін бағалау кезінде осы ресми конкурстардың, жарыстардың нәтижелерін ескеру ұсынылады. Биыл Қазақстанда қазақ мектептерінің оқушыларына арналған «**Жас лидер академиясы**» Болат Өтемұратов қоры Түркістан облысы, Шымкент қаласының әкімдіктерімен бірлесе отырып жас лидер академиясы бағдарламасын іске қосуда. Бағдарламаның мақсаты 5-11 сынып оқушылары арасында көшбасшылық қабілеттерді қолдап, дамыту және мектепте оқытпайтын бірақ сұраныстағы дағдыларды дамыту. Қарым-қатынас дағдылары, аудитория алдында сөйлеу, уақытты жоспарлау және басқару, өзін-өзі таныстыру және өзіне деген сенімділікті дамыту.

Қорытындылай келе қазіргі уақыттағы қиын жағдайға қарамастан ұлт болашағы үшін атқарған жұмыстарыңызға тек сәттілік тілеймін.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың 2021-2022 оқу жылындағы ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқаулық хат.
3. ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

Тәрбие жұмысын қашықтықтан ұйымдастырудағы мұғалім мен ата-ананың байланысын жетілдіру

Сариева Сарсенкул Жақаншақызы
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары:
Түркістан облысы, Жетісай ауданы,
Жетісай қаласы, Б.Момышұлы атындағы
№6 мектеп-гимназиясы

Тәрбие жұмысының табысты болуының басты кепілі мектеп пен ата-аналар арасындағы ынтымақтастық қарым-қатынаста. . Өйткені адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы ата - ана.

Адамгершілік және дене тұрғысынан салауатты, ой санасы дамыған, мәдениетті тұлғаны жан- жақты қалыптастыруды көздеген тәрбиенің мәселелері мектепті де, ата - ананы да әрқашан толғандырып келеді. Мектеп пен ата-ананың міндеттері-әр балаға бақыт сыйлау. Бақыт сан қырлы. Бұл адамның қабілеттерін ашып, еңбекті сүйіп, оның жасампаз болуында, бұл өзін қоршаған дүниенің әсемділігінен ләззат алып, басқалар үшін әсемдік жасауында. Бұл тағы да басқа адамды сүйіп, сүйікті болуда, балаларды нағыз адам етіп өсіруде. Тек ата-аналармен бірлікте, ортақ күш - жігер жұмсау арқылы ғана мұғалімдер балаларға адамдық үлкен бақыт бере алады. Мектептегі тәрбие берудің сапалы деңгейі –нәтижеге негізделген мазмұндық және құрылымдық жаңа өзгерістегі тәрбие жүйесіне тікелей байланысты. Оның негізгі көрсеткішіне тәрбиеленушінің өмірлік өзіндік танымы мен еңбек етуге саналы таңдау жасай білуі жатады. Бұл оқушыға дара тұлға ретінде қарауды талап етеді. Ал оқушының дара тұлғалық сапалары оның бойындағы бейімділік, икемділік негізінде айқындалады. Бұл тәрбие мазмұны тәрбиеленушінің өмірлік проблемаларды шеші тәжірибесі және негізгі көптеген әлеуметтік салаларға қатысты функцияларды орындаумен сабақтасады.

Жылына 4 рет ата –ананың жиналысқа 100% қатысуы үлкен мәселе . Кейбір сыныптарда бұл жүзеге аспайды. Себебі? Неге кейбір сынып жетекшілер жасаған ата-аналар жиналысына ата-аналар толық келеді, ал кейбірулеріне келмейді. Мүмкін, мәселе сыныпжетекшіге байланысты шығар? Бірнеше жыл осыны бақылай келе түйгенім: сынып жетекші ата-анаға қызықты болса ғана, олар жиналысқа келеді. Қазіргі жаңа заман мектебінде ескі дәстүрмен мұғалімге жұмыс істеу мүмкін емес. Неге? Жауабы айқын: әлем өзгеруіне байланысты балалар мен ата-аналардың көзқарасы да өзгеріп кетті. Мәселен, бұрынғыдай мұғалімнің монологіне құрылған жиналыстан көрі, топтық жұмыс арқылы ата-аналардың бірлесе әрекет етіп, проблеманы талқылағаны тиімді. Шағын топтық жұмыстар үйренушілерде бірлік, бірегейлік, (корпоративтік) сезімдер қалыптастырып, сол арқылы өздерінің ұжымға тікелей қатысы бар екендігін аңғартады. Ал «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» дегендей, ұжым болып қандай да тапсырманы орындау қызық, әрі тартымды іске айналады. Бірлескен жұмыс барысында топ мүшелерінің барлығы да өзара қарым-қатынасқа негізделген (интербелсенді) әрекеттерді атқарады. Мәселен, тыңдай білу, өз пікірін ұтымды және дәлелді түрде жеткезе білу, ортақ пікір қалыптастырып, бір шешімге келу, туындаған егес пен дау-дамайларды шеше білу, бірлесе шешім қабылдау. Барлығы да қызу әрекетте болады, барлығы да жұмыстың қорытынды нәтижесіне өз үлесін қосады. Нәтижесінде топтық жұмыс арқылы біз мынадай мақсаттарға жетеміз:

-жиналысқа қатысушылардың әрқайсысы бір-бірімен жеке қарым-қатынас орнатады;

-ата-аналар туындаған сенімсіздік пен қобалжудан арылады;

-әр ата-анаға өзінің қабілеттері мен ерекшеліктерін ашуға жағдай жасалады;

-олардың арасында еркіндік және сенім атмосферасы қалыптасады.

Мектептің ерекшелігі баланы тәрбиелеуде біз ата-ананы тәрбиелеуден бастаймыз. Біз ата-анасын, ата-ана баласын тәрбиелейді. Мектеп оқушыны қадағалайды. Сонда бала үйінде де мектепте де дұрыс тәрбие алады. Бірінші тәрбие беру балаға 3 жасында беріледі, бала күніне қанша сұрақ қойса ата-ана ерінбей дұрыс жауап беру керек, келесі тәрбие ойынды мектепке ауыстыру шағында яғни 5 жасында. Балаға білім мен тәрбиесіне көңіл бөлу керек, кейін 10-12 жасында берілетін тәрбие. Егер 3 жасында баланың қойған сұрақтарына толық жауап берсең, ойын баласын оқуға қызықтыра білсең, 10-12 жасында түрлі жаман әдеттерден сақтай білсек онда біз ары қарай жаңылыспаймыз. Мектеп тәрбие жұмысының орталығы тек материалдық базаны ғана емес, сонымен қатар педагогтердің кәсіби білімдері мен тәжірибесін кеңінен пайдалану қажет. Мектепте оқу бағдарламасы қазіргі таңда өте күрделі. Мұғалім бағдарламаға сүйеніп сабақ өтуге мәжбүр. Барлық баланың білім алуы бірдей емес осы тұста бала сабаққа үлгермесі өзі сияқты дос іздейді. Ешкімнің жаман адам болғысы келмейді, әсіресе жасөспірім.

Ал, жасөспірімдер уақытының көп бөлігін қызығушылықтары ортақ құрдастарымен бірге өткізгенді қалайды. Сондықтан да, баланы білімге қызығушылығын оятып, дұрыс тәрбиелесек қылмыс жасаудың алдын-алуға деген кері көзқарасын қалыптастыруымыз керек. Бірақ оны сыныпта жүзеге асыру мүлдем мүмкін емес. Мұндай жағдай не болады? Жасөспірім сабаққа «үлгермейді», екіліктер алады және нәтижесінде өзін мектепте «нашар» оқушы ретінде сезінеді. Мұғалім үлгерімі төмен оқушыға әсер ету ниетімен мектепке оның ата-анасын шақырады. Жасөспірімнің отбасы – мектеп – бос уақыты – екеуінде де ол өзін нашар сезінеді.

Заң өтемақыны талап етеді және ол табылады, бірақ басқа жерден: мектептен де, үйден де емес, керісінше ойын-сауық мекемелерінен. Жасөспірім өзі секілді балалармен кездескеннен кейін өзін жақсы сезінеді. Үйде және мектепте оның еңсесін басатын кемшіліктердің барлығы осы жерде басымдыққа ие болатындықтан, ол үшін барлығы жеңілдейді: «Үй тапсырмасын орындамадың ба – жарайсың, мектепке бармадың ба – тіпті жақсы, мұғалімге сөз қайтардың ба – батырсың, ішімдік ішесің бе – нағыз еркексің» міне осының арқасында бала жаман әдеттерге әуес болады. Біз осының алдын-алу мақсатында мынадай жұмыстар жасаймыз. Сынып жетекшісі: оқушының сабаққа қатысуын үнемі бақылау жасап, сонымен қатар тұрақты қоғамдық тапсырмалар беру тәсілімен қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту; нақты оқушының ақпаратты қабылдауына арналған сынып сағаттарын, ата-аналарға әсер етудің әртүрлі әдістерін қолданып; тұрақты қарым-қатынас жасап нұсқау беріп отырады. Ата-ана, пән мұғалімдері мен біргелесіп тәрбиелейміз.

Оқушының тәрбиесіне қатысты барлық пән мұғалімі: үй тапсырмаларының орындалуын үнемі бақылайды; сабақтағы жеке жұмыс (жеңілдетілген тапсырмалар); қосымша сабақтарды ұйымдастыру; сыныптан тыс, мектептен тыс үдеріске тарту және оның үйірмедегі, секциядағы тапсырмаларына үнемі қызығушылық танытады, осы тапсырмаларды тәрбие жұмысында қолдану, мықты оқушыларды «қиын» оқушыға бекіту; оқу материалы бойынша жеке тапсырмалар (хабарламалар, баяндамалар), оқу кабинетінде жұмыс істеуге тарту, мадақтау тәсілімен оқу қызметін ынталандыру, үгіттеу мен оқу материалының қараусыз қалғандығы туралы ескертіп отырады.

Баланың ең алғашқы тәрбиешісі ата-анасы екені анық. Отбасы қандай болса, өсіп келе жатырған ұрпақ та сондай болады, бала әке шешесінің үлгісінде тәрбиеленеді. Ал әке шешесінің педагогикалық сауаттылығын арттыру-XXI ғасыр ұстаздарының парызы. Ендеше өскелең ұрпақ ел тізгінін ұстайтындай азамат болсын десек ата-аналармен жүргізілетін жұмыстардың жаңаша бағыттарын қарастыру, іздену жолында шаршамағанымыз абзал.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

**ТҰЛҒАНЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІН
ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ДАМУДАҒЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУЫ ЖӘНЕ ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ МОДЕЛІ**

Қошқарова Ләззат Алдабергенқызы
директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Қ.Сыпатаев атындағы жалпы орта мектебі
Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы, Кеңестөбе ауылы

*«Өзін-өзі тәрбиелеуге бағыттайтын
тәрбие - бұл нағыз тәрбиелеу»*
В.А.Сухомлинский.

Тәрбие - бұл тұлға дамуының ең негізгі факторларының бірі, сондай-ақ, өзін-өзі дамытуының көзі. Тұлға өзін-өзі тәрбиелеуге қатысқанда ғана оның дамуы жүзеге асады. Тәрбиені ұйымдастыра отырып, оқушының өз үстінде жұмыс істеу белсенділігін ескермеуге болмайды. Өйткені тұлғалық ерекшеліктер мен қасиеттер туа бітпейді, ал керісінше, әлеуметтік ортада, өмір ағымында жүре бара қалыптасады және дамиды. Осыған орай мен бүгінгі тақырыбымды «Тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастырудағы және дамытудағы оқушылардың өзін-өзі басқаруы және өзін-өзі басқару моделі» деп алдым.

Өзін-өзі басқару ұйымының ұстанымы

Білім алушылардың дамуы үшін жобаны жүзеге асыруға барлық оқушылар өз үлесін қосады. Жақсы қасиеттер **«Мен айтқандай істе»** тұрғысынан емес, **«Мен сияқты істе»** тұрғысынан өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жүргізу.

Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын жоспарлау

Мақсаты: Білім алушылардың ұсыныс пікірлері бойынша оқушыларға керекті сұраныстарын қанағаттандыратын жұмыс жоспарын түзіп жүргізу.

Барлық мектептерде сақталған бұрынғы жүйе.

Өзін-өзі ұйымдарының атқаратын жұмыстары:

- Интеллектуалды сайыстар өткізу
- Мереке күндерін өткізу
- Мектепшілік газет –журналдар шығару
- Іс-шараларға жауапкершілікпен қатысу:

Қ.Сыпатаев атындағы жалпы орта мектебіндегі оқушылар ұсыныстары бойынша жаңартылған жүйе.

- Оқушылардың білім мен тәрбиеге байланысты бейнебаяндар түсіруге тарту және оны мектептің «Facebook», «Telegram Web», «WhatsApp» әлеуметтік желісіне жариялау;
- Мектеп әкімшілігіне білім алушылардың сыныптар бойынша ұсыныс пікірлерін дайындау;
- Білім алушылар арасында мән мағыналы «Хабарламалар», «Үндеу парақтарын» тарату және «Еріктілер» тобы арқылы мектептегі іс-шараларға оқушыларды тарту;
- Мектепшілік пәндік олимпиадалар мен байқаулар, түрлі сайыстар ұйымдастыру және жеңімпаздарды мектеп директорының марапатына ұсыну.

Негізгі міндеттері

1. Мектепте оқушының еркін сезініп іс-шараларды өздерінің ұйымдастыруына қол жеткізу.
2. Мектеп әкімшілігінің жекелеген оқушыларды немесе сыныпты қабылдау «Сұхбаттасу», «Әңгімелесу», «Пікірлерін тыңдау», «Сұраққа жауап» күндерінің кестесін ұйымдастыру.
3. Оқу-тәрбие ісіне байланысты оқушылардың ұсынысы бойынша мектеп әкімшілігіне тікелей ұсыныстар дайындау.
4. Оқу тәрбие ісіне байланысты тәрбиелік мағына беретін бейне роликтер түсіріп оны мектептің чаттарына және әлеуметтік желілерде жариялау.
5. Мектепте «Еріктілер» тобын құру және осы топ арқылы жұмыстарды жүргізу.
6. Оқушыларды мектеп директорының марапатына ұсыну кезінде өзін-өзі басқару ұйымының ұсыныстарын беру.

Өзін-өзі басқару ұйымының жоспарын құру бойынша білім алушылардың ұсыныс пікірлерін білу мақсатында сыныптарға таратқан «Кері байланыс» парақтары. Ұйымның жоспарын түзу кезінде жалпы мектеп оқушыларының пікірімен санасу және сыныптардың ұсыныстарын жоспарға

енгізу болып табылады. Оның мақсаты: Оқушылар пікірін ескеру арқылы олардың мектеп өміріне үлес қосуын жалпы сыныптардың ортақ ойда бірігуіне жол ашу, білім алушылардың ұжымдық ынтымақтастығын арттыру. Мұнда біз мына төмендегіше «Кері байланыс» парақтарын береміз:

Құрметті оқушылар!

Біздің мектептің өзін –өзі басқару ұйымының жоспарын түзу үшін Сіздің ойыңыз біз үшін өте маңызды. Ол үшін сіздер өздеріңіздің ойларыңызды «Осылай жасасақ», «Неге бізде осындай?», «Біздің қосар үлесіміз» тақырыптары бойынша өз ұсыныстарыңызды берсеңіздер. Сіздердің берген кез-келген ұсыныстарыңыз біз үшін өте құнды.

5-11 сынып оқушылары өз ойларын түсіріп бізге өткізеді.

Өзін-өзі басқару ұйымының сайлануы және оның алғашқы құжаттарының рәсімделуі бойынша мектеп құзыреті

1. Білім алушылар арасынан ұсынған бағдарламалар бойынша «Сайлау» тәртібі жұмыстарының жүруін ұйымдастырады.
2. Сайлау тәртібін әлеуметтік желіде онлайн немесе ашық не жабық бетпе – бет дауыс беру арқылы жүргізеді.
3. Мектеп өзін-өзі басқару ұйымын сайлау бойынша бұйрық шығарады.
4. Сайланған үміткерлердің хаттамадағы қаулысы негізінде үміткерлер тізімі бекітіледі.
5. Сайланған ұйымға жауапты жетекші бекітіледі.

Өзін-өзі басқару ұйымының білім алушылар арасында ұйымдастырып «Facebook» желісінен жүктелген жұмыстары.

Мұндай жұмыстарды ұйымдастыру барысында «Хабарлама» парақтар немесе мектеп оқушыларының ортақ «WhatsApp» чатында алдын ала ескерту, хабарлау жұмыстары жүргізіліп әрбір сыныптардағы «Жас еріктілер» арқылы іске асады.

Жұмыс нәтижесінде: Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен сыныптар бойынша тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыра отырып, өзін-өзі басқару ұйымының көптеген бейне баяны «Еріктілер» тобының жұмыстары «Facebook», WhatsApp» әлеуметтік желісінде жарияланған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. ҚР БҒМ 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері;

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында мектеп оқушылары арасындағы «Тәрбиеге қиындық келтіретін оқушылармен жүргізілетін жұмыстардың бағыты

Сапар Алтынай Шарапқызы
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,
Б.Оңтаев атындағы жалпы орта мектебі
Түркістан облысы Ордабасы ауданы Қараспан ауылы

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу — қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, қоғамдағы қылмыстың алдын алудың аса маңызды аспектісі болып табылады. Заңды, әлеуметтік пайдалы қызметке және қоғам мен өмірге ізгілікті көзқарас қалыптастырып, жастарды қылмыстық қызметке жол бермейтін қағидаларға тәрбиелеу қажет.

Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алуды тікелей не жанама көздейтін құқықтың қайнар көздерінің осылайша көп болуы қоғамдық қатынастардың кез келген саласында кәмелетке толмағандар тұлғасының дамуын қамтамасыз ететін қолдау жүйесіннің көзделгендігін көрсетеді. Әсіресе, бұл қауіпті жағдайда тұрған және ерекше қорғау мен қолдауға мұқтаж жасөспірімдерге қажет.

Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен оқытуда отбасының маңызы зор. Осыған орай мемлекетіміз отбасының, соның ішінде кеңейтілген отбасының тұтастығын сақтауға аса назар аударып отыр.

Отбасында тұрақтылық пен береке болмаса, осыған байланысты қоғам тарапынан көмек көрсету әрекеттері сәтсіз болған жағдайда, тіршілік етудің балама орындарын пайдалану мүмкіндігін қарастыру қажет. Ол дегеніміз, балаларды тұрақтылығы бар, әрі берекелі отбасы жағдайына мейлінше жақындатылған мекемелерге тәрбиелеуге берілуі тиіс.

Баланың келешегіне кері әсер ететін жағдайларды айтпағанда, олардың ата-анасынан айыруға жол бермейтін ұлттық бағдарлама жасаудың және оны іс жүзіне асыру қажеттігінің мәні зор. Кәмелетке толмағандар құқық бұзушылығының алдын алудың ең маңызды алғы шарты болып табылатын, отбасындағы берекені сақтаудың негізінде, субъективтік себептерден басқа, өтпелі кезеңнің әлеуметтік экономикалық жағымсыз құбылыстары жатыр. Ол ата-анасының материалдық жағдайының нашар болуына байланысты балабақша мен мектептерге бара алмауы нәтижесінде, соңғы жылдары қараусыз, тастанды, үй-жайы жоқ, сөйтіп құқық бұзушылық жасауға баратын балалар саны көбейіп отыр.

Кәмелетке толмағандардың арасында құқық бұзушылықтың және балалардың қадағалаусыз, ата-анасының қарауынсыз қалуының алдын алу жөніндегі мемлекеттік саясаттың келесі бір бағыты білім беру саласындағы

заңнаманы жетілдіру, оның дәл және біркелкі қолданылуына тиісті бақылау және қадағалау жасауды қамтамасыз ету болып табылады.

Мектебімізде осы тақырыптарда көптеген кездесулер, іс-шаралар өткізіледі. Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмысы бойынша мектеп психологы, әлеуметтік –педагог, сынып жетекшілер арасында бірлескен жұмыс жоспары құрылып, жасөспірімдерге дұрыс ақпарат беріп, түсінік жұмыстары жүргізіледі. Мектеп мұғалімдері арасындағы ата-аналармен бірге рейд жұмыстары айына екі рет жүргізіліп отырылды. Рейд барысында оқушылардың түнгі мезгілде көшеде жүрмеуіне аса басты назар аударылды. Дегенмен жасөспірімдердің демалыс уақыты кезінде қараусыз қалуы, ата-ана тарапынан бақылаудың аз болуына байланысты құқық бұзушылықтар болып жатады.

Кәмелетке толмағандарды тәрбиелеуде бұқаралық ақпарат құралдары зор рөл атқарады. Бірақ, бұл істе айтарлықтай кемшіліктер бар екендігі барлығымызға белгілі.

Мысалы: теледидар арқылы адам өлтіру, қатыгездік, қанқұйлы оқиғалар, алдап-арбау, эротикалық мағынадағы журналдар, фото суреттер, жарнамалар. Мұның өзі келешек ұрпақтың мінез-құлқының қалыптасуы мен даму процестеріне зиян келтіретіндігі айтпаса да түсінікті. Мектепте кәмелетке толмағандар жасөспірімдерге үнемі құқық қорғау органдары мамандарымен кездесулер өткізіледі. Мәліметтер беріліп, түсіндіру жұмыстары жүргізіледі. Жалпы құқық тәртібін бұзуға бейім балалар, қоғамдық тәртіпті бұзған, қылмыс жасап ішкі істер бөлімдерінде есепте тұрған балалардың басым бөлігі жайсыз отбасылардан шыққан деп айтуға да болмайды. Себебі кейбір ата-аналардың бала тағдырына алаңдамауынан, оларды өз беттерінше қалдырып, мектептен тыс бос уақыттарын да немен шұғылданып жүргендерін қадағаламауынан орын алады және назардан тыс қалып отырады. «Ел болам десең, бесігіңді түзе», - деп ата-бабамыз айтқандай, әрбір ата-ана өз баласының тәртібі мен тәрбиесіне аса мән беріп, бос уақытта немен айналысатынына қатаң бақылау жасаса, жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық пен қылмыстың төмендеуіне көп септігін тигізері анық еді. Сонымен қатар, оқушылардың міндеті – заң талаптарын бұзбау, екінші жағынан өзіне жүктелген міндетін орындау және жауапкершілікпен қарау болып табылады. Заңның ең басты мақсаттарының бірі – мектептегі алуан мінезді оқушылардың салауатты өмір салтына тәрбиелеу. Заңды білмеу – құқықтық мәдениеттің елеулі кемшілігі. Заңды білмеу, оны бұзу жауапкершіліктен құтқармайтынын түсіндіру- әр ұстаздың басты міндеті болып табылады. Жалпы алғанда өмірге қызықтыру мектепте берілетін тәрбиеге, оқыған сабағына, әдеби кітабына, әр түрлі кештерге, пікірталастарға, өнерге, білімге, сайыс-жарыстарға қатыстырып тартуға, сондай-ақ әйгілі спортшылар мен өнер иелеріне құштар етіп баулуға, өнегелі адамдарға еліктеп өсуіне де қатысты болмақ. Сондықтан қоғамдық мәдени орындар – әр түрлі клуб, кітапханаларға барып, рухани сусындауы қажет.

Мұнда ата-ананың атқарар қызметі болуы тиіс. Бала, ең алдымен, өз ошақ басына қарап өседі. Сол себепті отбасы мүшелерінің барлық қылықтары, іс-әрекеттері балаға алғашқы кезде бұлжымас заң болып көрінеді. Сөйтіп бала өсе келе ата-анасының тәрбиесіне сын көзбен қарай бастайды. Жақсы істерін жасқанбай мақтаныш етсе, оғаш іс-әрекетіне өкінеді. Міне, сондықтан да әрбір ата-ана баласының көсегесі көгерсін десе, өздері тек жақсы жағынан көрінуі тиіс.

Адамның адамшылдығы-жақсы ата-анамен білікті тәрбиешіден. Тәрбие ісіндегі ең басты жауапкершілік ата-анада екендігін ұмытып, баласының мінез-құлқы үшін қоғамға кінә артатын ата-аналардың кездесіп жататыны өкінішті-ақ. Біз салт-дәстүрді, Нан пісіуді, Қонақ күтуді Отбасы т.б тәрбиенің түрлеріне тәрбие сағаттарын өтерміз. Бірақ практика жүзінде үйде үйретесіздер. Көбінесе тәрбинің жауапкершілігін мектепке сынып жетекшіге артып қойғансыздар.

Мектеп мұғалімдері, сынып жетекшілер, ата-аналар, тәрбиешілер жалпы жұртшылық бала тәрбиесінде бірлесіп, кешенді түрде жұмыс атқарса ғана тәрбие мақсаты өз нәтижесін береді. Рухани жаңғыру мектеп жетістіктері туралы айтып кету. Рухани жаңғыру—адам баласының оның ішкі әлемінің жаңаруы, сана-сезімі, жаңа өзгерісті қабылдай білуі. Рухани жаңғыруда өркениеттің өрге жүзуімен байланыстырамыз. Тарих сахнасына көз жүгіртсек, өскен ұлттың өрби түсуіне осы «рухани жаңғыру дәлел». Көне замандағы көрікті қалаларымыз, сән-салтанаты таласқан озық ескерткіштеріміз, мәдени мұраларымыз бұлтартпас айғақ болып табылады. Расында, бүгінгі аға және орта буын өкілдерінің негізгі миссиясы — жастардың көкірек көзін ашып қана қоймай, олардың рухани дүниетанымын байытып, мемлекетшіл, толерантты, ұлтжанды ұрпақ сабақтастығын қалыптастыру. Егер тереңіне үңілсек, бүгінгі аға буынның ертеңгі арқасүйері — жастар. Сайып келгенде, жастардың бойындағы белсенділік, бастамашылдық өсуіміздің, өркендеуіміздің нақты бағдарламасы іспетті. Тәуелсіз Қазақстанның бүгінін нұрландырып, ертеңін гүлдендіретін негізгі күш — ұлағатты ұрпақ. Бүгінгі күн — талантты, жігерлі, өзіне сенетін адамдардың, арманға бай және оларды жүзеге асыруға ерік-жігері жететін адамдардың уақыты. Қазіргі бейбіт те шуақты күндерді бағалай отырып, ел игілігі үшін аянбай еңбектене берейік дегім келеді. Тәуелсіздігіміз баянды, мемлекетіміз мәңгі, еңселі еліміздің келешегі жарқын болсын

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мектептің «Қиын» оқушылармен жұмыс жүргізу жүйесі 1971ж
Ә.Жумабаев
2. «Мектептің тәрбие жүйесін қалыптастыру мен дамыту» 2009ж Ергешбаева
Ш.Н
3. «Қазақстан мектебі» журналы 8.2003ж

Оқу-тәрбие жүйесінде құндылықтарға негізделген білім беруді ұйымдастыру

Куттубаева Эльвира Джумабековна - директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Түркістан облысы Ә.Молдағұлова атындағы №19 Кентау қаласы ақпараттық технологиялар М/Г

"Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы "



АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Жаңа Қазақстан үшін қазақ өркениетін дамыту, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, тілін, т.б. ұлттық құндылықтар аясында кеңейту - өзекті мәселенің бірі. Сондықтан алдымызда тұрған үлкен мақсат – ұлттық мұра құндылықтарын қазіргі таңның мәдени жетістіктерімен үйлестіру. Жас ұрпақ тәрбиесінде үйлесімділік заңы салтанат құруы шарт. Яғни ол өзінің өсу, есею кезінде ақ сүт беріп асыраған ата-анасымен де, көкірек көзін ашқан ұстаздарымен де үйлесім таба білуі тиіс. Сонда ғана тұлға бойында ұлттық рухани қасиеттер бірте-бірте қалыптасары сөзсіз. Тұлға бойындағы рухани құндылықтарды қалыптастырудың көзі, отбасы, әулет, әлеуметтік орта, мемлекет болса, ұлттық құндылық, ұлттық салт-сана, ұлт алдындағы міндет, парыз, намыс, ұлттық рух, ұлттық салт-дәстүр, тұлға бойындағы ұлттық құндылықтың жоғары көрсеткіші. Тәрбиенің негізі болып саналатын адамзаттық құндылықтардың бірі тәрбиенің басқа адамға деген қажеттілігі, басқа адамдарды сүйе білу қажеттілігі болып табылады. Рухани мұрамыз неғұрлым бай болса, алуан арналы болса, өткен мен бүгінгінің мәдени мұралары жарасымды жалғасып жатса, соғұрлым өміріміздің мән мағынасы терең, мақсатымыз айқын, ұлттық идеямыз жоғары, тарихи үлгі өнеге тұтар парасатты ой толғаныстары күшті ұрпақ тәрбиеленуі еш күмән тудырмайды.

Адам баласы қашанда тәрбиеге мұқтаж. Тәрбие еліміздің, ұлтымыздың бүгінгі мен болашағы баянды болу үшін қажет. Сондықтан да алдымен, бүгінгі қоғам келбетімен үндесетін ұлт болашағының бағытын анықтап алу керек. Жаңа ғасыр бастауында әлемдік мәдени сұхбат пен өркениеттердің ұлы тоғысуы дүниежүзілік даму процесінің ең басты критерийлеріне айналып отырғанда, ұлттық идеяны әлемдік өркениетпен өзара үйлестіру мәселесі заман ағымына сай туындаған өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр. Сондықтан мәдени дамудың шыңына жетіп, өркениетті елге айналу халқымыздың табиғи қасиеттеріне, күш-қуатына, менталитетіне, даналығына, көрегендігіне, қабілетіне және т.б. ұлттық ерекшеліктерімен тығыз байланысты болмақ.

Қазақ халқының тәрбиелік және тәлімдік ой-пікірлері мен жол-жораларының маңызы мынадай жайттарда айшықтала түседі: қазақ халқының өміріндегі үлкенді сыйлау мен қонақ күтудің елеулі маңызы; халық ойындары мен мерекелерін өткізудің де өзіндік ерекшеліктері мен қалыптасқан жүйесі, табиғаттың сырын терең меңгеріп, үйлесімділік табуы; өсиет айту, терме, айтыс, шешендік сөздер; қазақтардың поэзиясы; туыстық қарым-қатынастар; қонақжайлылық, тектілік, т.б. Әсіресе қазақтың шешендік сөздері тәрбие берудің аса қасиетті де құнарлы қаруы болып табылады. Себебі «шешендік сөз өнері өмір шындығымен, әлеуметтік уақыттың қатал да құбылмалы мінезімен бетпе-бет келгенде, адамға рухани жәдігер болып, көзден алыс, көңілге жақын құбылыстарды түсінуге жетелейді». Мұның мәні қазақ даласында аузы дуалы, елге беделі бар адамның белгілі бір мәселеге қатысты айтқан ұтымды сөзі, пайымды пікірі ауыздан ауызға жылдам тарап, көпшілікке үлгі болған. Сондықтан «шешендік сөз өнерін – қазақтың әдеп кодексі деп айтуға болады. Екінші сөзбен айтқанда қазақ би-шешендерінің ұлттық моральдық құндылықтарды қалыптастыру әдіснамасының өзіндік қалпын білдірмек»

Тәрбие мақсаттарының бірі – адамды, ұлтты зиялы, мәдениетті, бақытты етіп баулу. Ұлт мүшесі — әрбір адам бақытты болса, адамзат дүниесі бақытты. Егер мәдениет адамды қалыптастыру, жетілдіру болып табылса, ал өркениет қоғамның даму деңгейін көрсетеді. Ал қоғамсыз адам адам бола алмайтыны белгілі. Егер де тәрбиені қоғамдық нормалар мен құндылықтардың жинақталу процесі арқылы адамның жан-жақты жетілуі деп қарастырсақ, онда тәрбиенің басты мақсаттарының бірі – адамды сәби кезінен қоғамның тыныс-тіршілігімен тыныстатып, дүниеге құнды көзқарасын жетілдіруде адамгершілік, эстетикалық, азаматтық, саяси санасын қалыптастыру. Осы мақсатта бүгінгі күні тәрбие берудің жаңа тұжырымдамасын жасау өзектілігінен туындап отырған адам өмірін басты құндылық деп алатын **ұлттық тәрбиенің мәдени құндылық ретіндегі тұжырымдарына** келсек:

— ұлттық тәрбиеден тұлғалық, ұлттық, жалпыадамзаттық құндылықтардың бастау алып, уақыт пен қоғам өзгерісінің нәтижесінде толығып, сұрыпталып, құндылығын арттыруын;

— басты құндылық – адамның қалыптасуындағы басты рухани азықтың ұлттық тәрбиеден бастау алуы, оның рухани тұтастық қалыптасуындағы басты ролін;

— ұлттық тәрбиенің адамның жақсылық пен жамандықтың арасын саналы айыру, сол қоғамға тән теріс қылықтарды айқындап, олардан арылу жолдарын көрсетуде бағдар көрсетуін;

— ұлттық тәрбиенің көрінісі ретінде қазақ даналарының, ақын-жырауларының, аңыз-ертегілерінің, жыр-эпостарының нақтылы тарихи-мәдени феномендерде көрініс табуы арқылы өркениеттілікке жақындауын;

— жалпыадамзаттық құндылықтар: бейбітшілік, азаматтық қоғам, демократия, т.б. бүгінгі Қазақстан Республикасында жан-жақты дамып отырғандығы – ұлттық тәрбиенің ғасырдан-ғасырға жалғасып, ұстанып, ұрпақтан ұрпаққа мирас етіп беріп келе жатқан құндылықтар жүйесінен бастау алатындығын;

— ұлттық құндылықтарымыздың күдіреттілігі ұлттық тәрбиеміздің мәдениеттанулық негізделуінің арқасында айқындалып, барлық қырынан көрініп, адамзат игілігіне қызмет жасау шеңберінің кеңеюін;

— ұлттық тәрбиедегі туған жер, ата-қоныс, елдік пен ерлік, азаматтық пен адамгершілік, имандылық пен парасаттылық, өмір өткелдері, қоғам жайлы философиялық толғау тұжырымдар, шешендік өнерді дүниеге паш еткен даналарымыз бен ойшылдарымыздың адамзат игілігіндегі қайталанбас орнын;

— ұлттық құндылықтар мен жалпыадамзаттық болып табылатын құндылықтардың үйлесімді дамып, көркейіп, жалпыадамзаттың бүгінгі мен келешегіне қызмет етуін тізбектеп көрсетуге болады. Болашақ дамуы мәдениетке сүйенген құндылықтар жүйесімен тығыз байланысты. Себебі құндылықтық қатынас арқылы барлық нәрсенің маңыздылығын айқындауға болады. Ал адамды басты құндылық деп қабылдайтын ұлттық тәрбие әрдайым жоғары тұрады. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: – Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде ,оларға жастайынан ұлттық қасиеттерді сіңіре білсек, сонда ғана біз ұлттық рухы дамыған, Отанының гүлденуіне үлес қоса алатын азамат өсіре аламыз деген болатын-деген болатын. Сондықтан қатардағы пендені нағыз толық қанды тұлғаға айналдыру үшін ұлттық құндылықтар арқылы тәрбие берудің маңызы зор .**Жеке тұлғаны ұлттық тәрбие арқылы дамыта отырып, нақты әрекет арқылы оқытуда төмендегі құндылықтардың болуы қажет:**

- белсенді қарым-қатынас: оқушы мен мұғалімнің әрбір мәселеде өз көзқарастарын білдіріп отыруы;

- индивиттік: мұғалімнің әр жеке оқушының ерекшелігін дамыту, қоғам алдындағы жауапкершілігінің болуы;

- өзіндік тәртіп: өзіндік бақылау мен бағалауды шешім қабылдауды үйрену;
- шыдамдылық: әр түрлі пікірлерді қабылдай алу, бір-бірінің пікірлері мен ерекшеліктерін құрметтеу, қабылдау. Ұлттық құндылықтарымызды әлемдік деңгейге шығаруға қабілетті тұлға тәрбиелеу үшін:
- оқушылардың сана-сезімін қалыптастыру;
- жас ұрпақ санасына туған халқына деген құрмет, сүйіспеншілік мақтаныш сезімдерін ұялату, ұлттық рухын дамыту;
- ана тілі мен дінін, оның тарихын, мәден етін, өнерін, салт-дәстүрін, рухани-мәдени мұраларды қастерлеу;
- жас ұрпақ бойында жанашырлық, сенімділік, намысшылдық тәрізді ұлттық мінездері қалыптастыру сияқты міндеттерді орындағанда ғана біз мақсатқа жете аламыз.

Бала бойына ұлттық құндылықтарды дамытудағы негізгі құралдарға мыналарды жатқызуға болады:

- сыныптағы тәрбие сағаттары;
- баспасөз және қабырға газеттері;
- бұқаралық ақпарат құралдары;
- тәрбие шаралары (пікірталас, тәрбие сағаты, кеш, дәріс, таным-өнеге сағаттары, т.б.)
- кітап оқу;
- мектептен тыс және сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру;
- шығармашылық жобалар қорғау;
- қоғамдық ұйымдармен байланыс жасау;
- саяхат жасау;
- үйірмелерге қатысу.

Құндылықтарға негізделген білім беру заман талаптарын ескере отырып, адамның ізгі қасиеттерінің маңыздылығын көрсететін бейне ролик ұсынылады. Мұнда адам бойына қажетті құндылықтарды насихаттайтын тақырыптар қамтылған. Уақытының бірнеше минутын ғана бөлу арқылы осы роликтерді көрген әрбір жанның жүрегі жақсы сезімдерге бөленіп, ойына жаңа серпілістер сыйлайды деп сенемін. <https://youtu.be/mNTjQAYXZnw> видеоролик «Құндылықтарға негізделген білім беру»

Тәрбиенің негізгі алтын діңгегі – Отан. Ал Отан отбасынан басталады, демек тәрбие-тағылым отбасынан берілетін ұлттық құндылық. Қазақ халқының даналығы, тәрбие тағылымы – тамыры тереңде жатқан асыл мұра. Ерте заманнан ата-бабаларымыз өскелең ұрпақты елін, жерін сүйеге, тектілікпен, жан-жақты тәрбиелеуді басты мұрат

тұтқан.

Қазіргі дамыған дәуірде озық қоғамға ілесе алатын ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің басты талабы. Себебі, еліміздің дамыған мемлекеттердің қатарына қосылуы білімге, мәдениетке және ұлттық тәрбиеге байланысты. Тәрбиенің қуатына тең келетін рухани күш, қуат көзі жоқ екенін жақсы түсінеміз. Ұлттық тәрбиеден нәр алған адам – рухани құндылықтарды бойына сіңіріп

биік дәрежеге көтеріледі. Оның ең маңыздысы адамды ойлануға бағыттайды, жеке тұлға болып қалыптасады. Мұхтар Әуезов «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» дегендей, ертеңгі ұрпақтың тәрбиесін бүгіннен бастап қолға алып, жастарымызды ұлтын сүйетін ұлтжанды, Отанын сүйетін патриот етіп тәрбиелеу, Ұлттық тәрбие мен құндылықтарды қолға алу біздің басты міндетіміз дегім келеді. <https://youtu.be/cde5ttk0xGE> Адами құндылықтар Бейнеролик <https://youtu.be/cde5ttk0xGE> слайд құндылық туралы Жасөспірім тәлім-тәрбиені, адамгершілік қасиеттерді үлкендерден, тәрбиешілерден насихат жолымен емес, тек шынайы көру, сезім қатынасында ғана алады. Жеке тұлғаның бойындағы жалпы адамзаттық құндылықтардың қалыптасуы осы бағытта жүзеге асады, сөйтіп оның өзі-өзі тануына, өзіндік бағдарын анықтауына мүмкіндік туғызатындай тәлім-тәрбие берілуі керек. Жақсы адамгершілік қасиеттердің түп негізгі отбасында қалыптасатыны белгілі. Адамгершілік қасиеттер ізгілікпен ұштастырады. Әсіресе еңбекке деген тұрақты ықыласы бар және еңбектен білуде өзін көрсететін балаларды еңбексүйгіштікке тәрбиелеу басты міндет болып табылады.

Ойымның қорытындысын, Ұлы ағартушы Ахмет Байтұрсыновтың: «Балам деген жұрт болмаса, жұртым дейтін бала қайдан болсын» деген сөзімен аяқтағым келіп отыр. Сондықтан ел болып, жұрт болып ұрпақ тәрбиесін қолға алу басты шаруа. Тәрбие беруде ұлттық құндылықтарымыз арқылы жол көрсетер болсақ, жастарымыз қазақстан қоғамының әлеуметтік-мәдени өзгерістеріне жоғары мәдениетті деңгейде бейімделе алады деп айта аламын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 12 маусымдағы № 248 бұйрығымен бекітілген 2020-2025 жылдарға арналған «Құндылықтарға негізделген білім беру» жобасы.

Мектеп пен ата-ана арасындағы қарым қатынас оқыту мен тәрбиелеудегі ата-ананың рөлі

Мельдешова Турсынкул Абдрахмановна-Түркістан облысы ата-аналар мен педагогтар комитеті» Қоғамдық бірлестігінің төрайымы:

«Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып келе жатқан соқпақ жол болғандықтан, әрбір тәрбиеші сөз жоқ, ұлт тәрбиесімен таныс болуға тиіс. Сол ұлт тәрбиесімен тәрбиелеуге міндетті».

М.Жұмабаев

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты жолдауында «Педагог мәртебесі туралы заңды қабылдау қажет» - делінген.

Мемлекет тарапынан педагог мәртебесін көтеру қолға алынып, ұстаздарға сәйкесінше қолдау көрсетілуде.

Келешек ұрпаққа тәрбие беру, білім сапасын жақсарту ең өзекті мәселеге айналып отыр.

Бүгінгі таңда елімізде балаларды тәрбиелеумен қатар білім сапасын қадағалау және жақсарту ата-аналардың еншісіне жүктелуде. Сапалы білім беріп, жақсы тәрбие беру ұзақ мерзімді талап ететін және екі сипатқа ие болатын үрдіс. Бұл тек мектеп мұғалімінің жұмысының нәтижесі ғана емес, ата-ананың отбасындағы тәрбиені ұйымдастыру мүмкіндігіне байланысты.

Бүгінгі отбасылық тәрбиенің барысын екі жақты қырынан байқауға болады. **Бірінші**-отбасының мектеппен ынтымақтастықта әрекет етуге өте ынталы болып отырғаны. Ата-аналар тарапынан белсенділікті мектептің қызметіне көрсеткен көмектері арқылы байқауға болады. **Екіншіден**-отбасының мектеппен ынтымақтастықты орнатуға немқұрайлықпен қарауы орын алуда. Осының дәлеле кейбір ата-аналардың бала тәрбиесіне көңіл бөлінбейтіндігі, тіпті ата-аналардың жиналысқа келмейтіндігі.

Еңселі егеменді еліміздің қуатты тұтқасын, яғни саналы да білімді болашағын қалыптастыру **әрбір ата-ананың мерейлі міндеті мен парасатты парызы**. Бала тәрбиесінде ата-аналардың алдында үлкен жауапкершілік тұр. Ол үшін отбасымен мектеп өзара ынтымақтастығын нығайту қажет.

Келешек ұрпақты тәрбиелеумен оқыту сапасын көтеру-педагогикалық ұжымдары мен ата-аналар қоғамының бірлескен қызметінің нәтижесінде іске асырылмақ. Себебі **отбасы-тәрбие-қоғам** бұл үш ұғым бір бірінен бөлінбейді бірге дамиды.

Отбасы тәрбиесін жетілдіруде, мектеппен отбасы ынтымақтастығын тиімді ұйымдастыруда, жұмыс түрлерінің жүйесін құруымыз керек. Отбасы тәрбиесін жетілдірудің бірден бір жолы, ол ата-аналардың бала тәрбиесіндегі педагогикалық сауаттылығы. Осы мәселеге тоқталсақ, білім беру мекемелерінде ата-аналар комитеттерін тағайындау алдында терең білімі бар ұстаз бен ата-аналардың жұмыс түрлерін ұйымдастыра алатын білікті мамандары таңдалса.

Облысымызда жоғары оқу орындарына келетін болсақ болашақ маман дайындауда аса көңіл бөлінбейтіндігі байқалуда. Оның дәлелі, жас мамандар білім беру мекемелеріне қызметке орналасқанда ата-анамен жұмыс жүргізуге дайындықтың төмен екендігі айқындалуда. Оңтүстік өңірінде орналасқан білім беру мекемелеріндегі сынып жетекшілеріне 2014 жылдан бастап курс өткізу барысында сауалнама жүргізу арқылы отбасы тәрбиесінің жағдайы қаншалықты назарға алынғандығы себеп болды. Алынған сауалнама қорытындысы бойынша ата-аналардың 65 пайызы бала тәрбиесіндегі

кемшіліктерді педагогтардың міндеті деп ойлайды екен. Қазіргі таңда бала тәрбиесі тек отбасының немесе мектептің ғана емес ол біздің бүкіл қоғамымыздың терең шұғылданатын жұмысымызға айналуы керек.

Жаһандану жағдайында бәріміздің **басты міндетіміз** ұрпақ тәрбиесіне көңіл бөлу. Қазіргі таңда ата-аналардың бала тәрбиесі үшін қоғам алдындағы жауапкершілігін арттыруда үштік одағының моделін дайындауды мақсат етіп алып, Түркістан облысы бойынша 2020 жылы қаңтар айынан бастап ата-аналар мен педагогтар комитеті қоғамдық бірлестігінің тірегі қаланып отыр. Біз тәжірибеміз бен білімімізді жастарға беру, үйрету оларды тәрбиелеу үшін үштік одақ жұмысын жолға қойып жандандыруды **мақсатымыз** және **міндетіміз** деп есептейміз. Білім беру мекемелеріндегі ұстаздар мен ата-аналар қоғамының бірлескен қызметінің нәтижесі ынтымақтастықта іске асырылмақ.

Үштік одағының жұмысы **Отбасы-Бірлік-Қоғам** ынтымақтастығы. Қоғамның тірегі-отбасындағы имандылық тәрбие. Тәрбиенің берер негізін қалыптастыру әр жеке адамның шығармашылығын дамыту, және әдептілік қабілетін қамту болып танылады. Сүйіспеншілік аясында баланы тәрбиелей отырып мақсатын анықтауда **екі негізде** қарастыруымыз керек. Мемлекеттің, қоғамның талабын, қоғамның сұранысы мен мұхтаждығын ескеру.

Ұрпақ тәрбиесінде ең алдымен бабалардың баянды бақытына, даналар түзген дәстүрімізге сүйенгенде ғана сүбелі үлеске ие боламыз.

Ұлт тағдыры-ұрпақ тәрбиесінде. Бұл дегеніміз ұл мен қыз тәрбиелеудің ережелері. Қорыта айтар болсақ:

Ізетті-ине етіп!

Иманды-түйме етіп!

Әдепті әдет етіп!

Жастарымыз жүрсе қайғырмай.

Мектептегі қыздар тәрбиесінің қазіргі өзекті мәселесін анықтау және оның салдарымен күресу

Шардара ауданы, Сүткент ауылы
Т.Тәжібаев атындағы жалпы орта мектебі
Директордың тәрбие ісі бойынша орынбасары
Тоқсанбай Жанна Муфтиллақызы

*«Не нәрсе ұятты болса, сол асыл»
Ғабиден Мұстафин*

Қыз — әдемілік пен іңкәрлік символы. Жібектей мінезімен, уыздай тәтті қылығымен, іскерлігімен, ұқыптылығымен, ізеттілігімен, иманды, инабаттылығымен сыйлы.

Мақсаты: «Қыз» баланы тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» қағидасымен қазақ қоғамында ғасырлар бойы қалыптасқан отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген отбасы мәртебесін нығайту.

Қыз – өмірдің гүлі, барлық адамзаттың қадірлеп, аялайтын асыл аруы десек те артық емес. Қыз баланы қазақта кішкентайынан мәпелеп, аялап, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген. Жалғандағы нәзіктік пен пәктікті, инабаттылықты әрбір қазақ қызының бойына сіңіріп өсірген. Ата-дәстүр, салт-сананы берік ұстанып өскен қазақ қызы қай ортада болсын, өзінің ерекше болмысымен көзге түсетіні анық. Қазақ қызының бойындағы асыл қасиеттерімен бірге сыр-сымбаты да өзге ұлттан дараланып тұруы тиіс. Қызды "жат жұрттық" деп қадірлеп, төрінен түсірмеген. Басқа үйдің отын жағып, түтінін түзу ұшыратын боласың, барған жеріңде шешесі үйретпепті демесін деп анасы қызына бойындағы бар жақсы қасиетін сіңіруге тырысады.

Әрбір баланың өмір жолы, тәрбиесі отбасынан, одан соң мектеп қабырғасынан бастау алары сөзсіз. Сондықтан да, мектепте оқып жүрген қыз бала, ол – үйдегі ата-ананың көз қуанышы, мектепте ұстаздарының мақтанышы бола білуі тиіс.

Қыз бала үйден шыққанда тап-таза киініп, шашын таранып, әсем күлкісімен айналаға нұрын шашып жүруімен қатар сабағын да жақсы оқиды. Қыз баланы тәрбиелей отырып, отбасындағы ожан кейінгі ұлдарға үлгі етеміз, яғни бұл жерде ұлт тәрбиелеу – бұл қазақтың ежелден келе жатқан философиялық даналығы деп білемін.

Ұлтымыз қазақ деп ұрандағанда сол ұлтымыздың діні, тілі, тарихы, салт-санасы ойымызға оралады. Ұлттың тыныс-тіршілігі де осы баланы отбасынан бастап(бесіктен) дұрыс тәлім-тәрбие беріп, түзу жолға қоюдан анық байқалады.

Тәрбие мен өнер ісінің сан алуан түрін көп уақыт сақтап, қазіргі ұрпаққа мирас етіп отыруға болады деп Әлкей Марғұлан атамыз айтқандай. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағылымдарын оқып үйреніп, өнеге тұтпай тұрып, жастарды ізгілік пен, парасаттылыққа баулу мүмкін емес. Балапанның ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілетінін қазақ атам бекер айтпаған. Бүгінгі мына алмағайып заманда құлқынның қамы үшін жүріп, өз тәрбиеміз түгілі нәресте тәрбиесі шет қалып бара жатқаны белгілі. Бүгінде біздер сәбиді баласынып оның тәрбиесін естен шығарып алып жатамыз. Баланы дүниеге әкеліп тәрбиелеу, азамат ету -анаға да, әкеге де парыз. Десек те, ең бірінші әйел адамның бойында перзент тоғыз

ай, тоғыз күн жататын болғандықтан, ең неғізгі нәрсе соған байланысты. Осы ретте бала тәрбиелеудегі бірінші қасиет-сабырлылық. Ананың ақ сүті адам баласы үшін аса қасиетті. Ана – иманы сабырлықпен толығады. Дүниедегі бар сұлулық та, жүрек жылуы да ең алдымен анадан өмір тұтқасы, өмірге адажелуші, тәрбиеші. «Сүтпен сіңген мінез, сүйекен кетеді» деген қазақта асыл сөз осындайдан туындаса керек.

"Ары бар, ақылы бар, ұяты бар, Ата-ананың қызынан ғапыл қалма" деген Абай атамыздың өсиет нақыл сөзінің мәні де көп нәрсені аңғартатынын айтпасақ та түсінікті. 2019-2020 жылдың оқу жылында құрылған "Ақ Әже" клубының отырысы айына бір өткізіліп, "Қызға қырық үйден тыю, қала берсе есіктегі күннен тыю" әжелер өсиетін айта отырып, әжелер үлгісін, аналар тәрбиесін үлгі етіп, алып келеміз. "Парасат" қыздар клубының жетекшісі Тоқсанбай Жаннаның жоспарына сай қыздар жиналысы болып тұрады. Әр жылдың көктемінде өткізілетін "Қазақ аруы", "Керім-ау, Айдай", "Гүл қыздар, Арман қыздар, Ару қыздар", байқауы биылғы оқу жылында 11-рет өткізілді. Қыздарымыздың әдеп-ғұрпымыз бен салт-дәстүрімізден аттамайтын ибалы және инабатты қыздар етіп тәрбиелеуде рөлі зор. Бір ер бала тәрбие үйренсе, бір адамның тәрбиеленгені, бір қыздың тәрбие үйренгені бір отбасының тәрбиеленгені деп түсінген ұстаз-тәрбиешілеріміз қызды болашақ ана, ұлт тәрбиешісі деп қарайды. Бұл дәстүр мектебімізде өз жалғастығын табады. Бұл өткізілген іс-шаралардың барлығы республикалық басылым беттерінде жарияланған.

Еліміз Тәуелсіздік алып, етек-жеңімізді жинай бастаған біздер кейбір жоғалтқан дүниелерімізді қайта жаңарта бастағанымыз рас. Соның бірі - 15 сәуір "Қозы Көрпеш - Баян сұлу" махаббат күні деп белгіленді. Мектебімізде бұл күнді атап өтіп жүргенімізге биыл (2008-2018 оқу жылдары) 10 жыл. "Махаббат - аялдамасы"; "Бәрі де махаббаттан басталады..." "Сезім патшалығы..." «Қозы Көрпеш-Баян Сұлу» т.б. тақырыбындағы әдеби кештердің барлығы жоғары сынып оқушыларының қатысуымен өткізіледі және ұйымдастырылады.

Мектеп өмірінде өнегелі істері мен сыпайылық қарым-қатынасқа тәрбиеленген қыздар, ертең еңбек еткенде, жақсы жақтарымен көпшілік құрметіне бөленері сөзсіз. Қыздарымыздың бірі жаңа буырқанған бұлақтың бастауы болса, екіншілері ағысы қатты арналы өзен сияқты, бірі момын да жуас болса, бірі өткір де өжет болып келеді. Осы қыздарымыздың мінезін білу үшін «Сен қандайсың?» тренингін өткізуді әр оқу жылында жоспарлаймын. «Қыз тәрбиелей отырып, ұлтты тәрбиелейміз» деген қанатты сөздің өзі қыз бала тәрбиесінің қаншалықты маңызды екенін білдіреді. Қыз баланы құрметтеу, олардың алдында дөрекі сөйлемей, ізетті болу, ер-тұрманы әшекейленген сұлу жорғаларды қыздарына, қарындастарына мінгізу, киімнің әсем сәндісін, әшекейлі бұйымдардың жақсысын қыздарына арнау-ежелгі дәстүріміз. Жаңа келін болып түскен жеңгелері де қайын сіңлілерін атымен атамай «Еркежан», «Шырайлым» т.б. деп еркелеткен.

Қызды тәрбиелеу, өсіру, ер жеткізу- ең маңызды мәселе. Қыз өсіру гүл өсірумен бірдей! Гүлге әлсін –әлсін су құйып, ауа жеткізіп, тайналасын арам шөптерден тазартып отыру керек. Мұндай тиянақты күтім болмаса, гүл солып қалады. Қыз да сондай. Оған тәлім мен тәрбие, өнер мен өнеге, білім мен мәдениет керек. Қазақта әр ата –ана өз қызын өнегелі етіп өсіруге бар күшін салып отырады. Білген білімін аямайды. Әр қыз өз отбасының тәрбиесімен ұядан ұшып, өмір деген үлкен әлемге қанат қағып жатады. Қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамға тоқталсақ, тәуелсіз, еркін елміз осы заманның даму үдерісі жылдамдығымен өрлеп келеді. Ар –намысын жоғары ұстай білген қыз ғана жұрт алдында әрдайым абыройлы, сыйлы. Дегенмен, ертеңгі күні не болатынын білмегендіктен, тек өздеріне сеніп, бүгінгі күнмен ғана өмір сүретін адамдар тобына айналып барамыз ба? - деп, қорқамыз. Себебі, біздің қоршаған ортамыз келген жаңа дүниелерге еніп, қалыптасу үстінде. Ескірген, ұмыт бола бастаған дүниенің жаңа қырын ашуға бағыт бағдар берген Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар мақаласы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралар көлге тамған тамшыдай болса да өз үлесін қосуда.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев «Болашақ ұрпағымызды тәрбиелегенде оларға жасайтын имандылық пен сауаттылық қасиеттерді сіңірсек, тәлім-тәрбие берсек, сонда ғана рухы дамыған, Отанның гүлденуіне өз үлесін қоса алатын азамат пен азаматша өсіре аламыз», -деген сөзін басшылыққа алған біздің ұжым бүгінгі таңда білім мен тәрбие жұмысын дамыту, өркендету барысында жұмыс жасалуда. Қазақ қызы әрқашан еркін сөйлеп, ойын ашық айтқан. Оның ішінде, тіпті, билік еткен қыздарымыз да болған. Алайда, олар ешқашан да өзінің нәзік жанды болмысын жоғалтпаған.

Қазіргі кезде сәйкестендірсек, қыз баланың құқығы ұл баладан кем емес, алайда, рухани жағынан ол әрқашанда да өз нәз Жалған намысты жалау етіп, шаранасын шырылдытып қоқысқа тастайтындар, жасанды түсік жасататындар қазақ санының кемуіне бірден-бір себепкер. Баласынан бас тартатындардың көпшілігі-қазақтың қыздары. Бір отбасы бір перзентке зар болса, енді біреу шалыс басып, дүниеге келер нәрестесіне түсік жасатады. Өмірге келген күннің өзінде бауыр еті баласын көшеге тастап кетеді. Тастанды балалардың тағдырын айтқанда жіптің ұшы тәрбиеге барып тіреледі. Балалар үйі, жасөспірімдер үйі, интернаттарда өскен балалардан қандай мейірім күтпек?

Бүгінгі таңда 15-24 жас аралығындағы қыз балалар бұл қылмысқа көп барады. Бұның жазасы қандай?

-Бұның жазасы өте ауыр. Себебі құрсаққа біткен шарана-ертеңгі тіршілік иесі, кішкентай адам. Ал, оны алдырып тастасаңыз – сіз оның өмірін өз қолыңызбен үздіңіз деген сөз. Өкінішке орай, қаракөздеріміз бұны бұны жете түсініп, мағынасына үңілмей жатыр. Жылтыраған нәрсеге құмартып, қысқа етек, көкірегі ашық киімді кигенде пайда жоқ. Қайта ерлердің көзіне әдемі көрінемін деп олардың есін шығарып, ақылдан адастыратының-өзіңе

үлкен күнә. Қарапайым тілмен айтқанда қыз бала- ертеңгі ана. Ол алдымен өз-өзіне жақсы тәрбиеші болуы керек.

Қорытындылай келе:

Әрине, баланың тәрбиесі-болашақтың тәрбиесі. Елдің ертеңгі іргесін қалайтындар да бүгінгі балалар. Психологтар «Қазіргі заманның балалары өздерін барынша жақсы сезінуі үшін ата-аналарына, жалпы қоғамға қажет екенін сезінуі керек» дейді. Бұл да дұрыс пікір. «Алайда балаға шамадан тыс бақылау орнату-бостандығын шектейді әрі бұл балаға деген сенімсіздіктің белгісі» дейді мамандар. Дегенмен бүгінгі қоғамда балаға бақылау да, назар да ауадай қажет.

Қазіргі заман ағымына сай қыздар тәрбиесінде төмендегідей басты мәселелерге көңіл бөлінуін баса айтқым келеді:

- Ата-аналармен тығыз байланыста болу, баласы туралы пікір алмасып әңгіме жүргізіп отырып тәрбиелеу өз нәтижесін бермек. Себебі, қай бала болса да (қыз, ұл) алдымен тәрбиені отбасынан алады, ата-анасына еліктейді, соларды қайталағысы келеді, ал бала жас шыбық тәрізді, қалай баулыса солай қарай бой түзейді.
- «Қызға қырық үйден тыйым» деп, қыз баланың әлдебір іс-әрекетіне үзілді-кесілді тыйым салу, жылылық танытпай ұрысып, зеку зиян, керісінше баланың жағдайымен санасып сеніміне кіру, сырласып дос бола білу керек.
- Отбасы дұрыс, мәдениетті қарым-қатынаста болуы.
- Жас ұрпақты адамға тән табиғи сезіммен өмірді, табиғатты сүйе білуге, құрметтеуге үйрету.

Қыздарды тәрбиелеу мәселесі туралы.

Нәзіктік, сезімталдық, мейірімділік, достық, әдептілік, ұстамдылық, шынайылық, дәлдік, табиғилық, әйел мақтанышы, сезімнің нәзіктігі - барлық осы қасиеттер әйелді сипаттайды және "әйелдік" ұғымын қалыптастырады. Бұл тұжырымдамада әйелдің ең маңызды биологиялық және әлеуметтік функциясына байланысты қасиеттері де бар - ана болу, оның ошағының қамқоршысы болу. Сондықтан әйелдік біздің қоғамның әдемі жартысына ғана тән бірқатар қасиеттермен сипатталады. Біз оларға сезімталдықты, қарым-қатынас жасау қабілетін, басқа адамға жанашырлық пен түсіну қабілетін жатқызамыз. Бұл қасиеттер әрдайым әйелде бағаланды және әр қыз бұл байлықты өзінің жеке басына ашуы керек. Бүгінгі таңда кейде сүйкімді және сүйкімді жас ханымдар тек темекі тартып қана қоймайды, сонымен қатар жұдырықтарын қолдануға қарсы емес. Бұл жерде әйелдік деген не.

Зұлымдықтың тамыры неде?

Оларды неге итермелейді. Мұның бір себебі, өкінішке орай, ұзақ уақыт бойы біздің отандық білім беру жүйесі тек ұлдар мен қыздарды, қыздар мен ұлдарды бөлусіз оқушыларға арналған "жыныссыз" ұсыныстарға негізделді. Біз жоғары сынып қыздарының стереотиптік көзқарастарына тек жақсы және жақсы оқуға міндеттіміз, сондықтан бүгінгі таңда әйел тәрбиесі мен білім

берудің барлық аспектілеріне қатысты жыныстық тәрбие мәселесі өткір тұр. Психология нұсқауларында, сондай-ақ педагогика нұсқауларында жасөспірімдердің жыныстық психологиялық сипаттамаларының ерекшеліктері мен мектеп оқушыларының жынысын ескере отырып тәрбиелеу туралы бөлімдер жоқ екенін атап өткен жөн. Көптеген жағдайларда әдебиетте ішкі әлемнің даму ерекшеліктері, жынысын ескере отырып, жеке қасиеттер мен қасиеттер туралы нұсқаулар жоқ, некеге тұруға дайындықпен байланысты міндеттерге, отбасын құруға көңіл бөлінбейді, өйткені мұның бәрі жасөспірімдерді тәрбиелеуде маңызды емес. Жынысты ескере отырып тәрбиелеу ерлер мен әйелдерге тән мүдделер мен бейімділіктерді білуді қамтиды;

Дәрігерлердің пікірінше, жыныстық сезімнің жоғалуы адамның бүкіл жеке басының терең өзгеруіне әкеледі: "иесіздену", адамдар арасындағы орын жоғалады. Оның басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесі бұзылған. Жақын адамдарға, туған жерлерге, сүйікті жұмысқа, өмірдің өзіне деген сүйіспеншілік жоғалады. Төзімсіз "жыныссыз" сезім антисоциальдық мінез-құлықтың әртүрлі формаларын тудырады, ашуланшақтық, эмоционалды тұрақсыздық пайда болады. Баланың жеке басындағы болашақ отбасылық өмірге қажетті әлеуметтік тұрғыдан анықталған және жынысына сәйкес қасиеттерді дамыту тәрбиелеудегі өте маңызды және өзекті міндет болып табылады. Қыздардың ұлдардың мінез-құлқы мен әдеттеріне еліктеуі, олардың батыл мінез-құлқы олардың тағдырына зиянды әсер етеді. Ең басында біз әйелдік мәселесін қозғадық. Бұл некенің беріктігі проблемасымен тікелей байланысты. Отбасылық қарым-қатынастардың бірқатар кабинеттерінің қызметкерлерін бақылау отбасылық өмірде көбінесе сәтсіз және бақытсыз пациенттер болып табылады, олар әдейі әйелдік белгілерін жасыруға тырысады. Қолдағы темекі, өткір дауыс, тым дөрекі ұстау тәсілі, әдейі ерлердің сөйлеу жылдамдығы...

Бұл сурет әйелге сәйкес келеді - нәзік және нәзік жаратылыс. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, біз қыздарға әйелдік тәрбие беру және осы тұжырымдамаға кіретін барлық қасиеттер бүгінгі таңда өте маңызды міндет екенін түсінеміз, бірақ өздеріңіз білетіндей, бұл бағытта жұмыс іс жүзінде жүргізілмейді. Мәселе осы әйелдер тәрбие баяғыда, бірақ ол әлі де шешімін тапқан жоқ. Оған ең алдымен ата-аналар мен мектеп қатысуы керек. Бірақ мектептің жүктемесі соншалықты, бұл мәселе артта қалады. Ата-аналар көбінесе балалардың ақыл-ой, физикалық, еңбек тәрбиесі және баласына материалдық базаны қамтамасыз ету туралы ойлайды. Белгілі болғандай, бұл мәселені психологиялық-педагогикалық әдебиетте қамту іс жүзінде жоқ. Балалар сән театрының немесе өнер және сән мектептерінің жұмысында қыздарды мектепте тәрбиелеудегі кемшіліктердің орнын толтыруға болады. Қазірдің өзінде қыздарды болашақ отбасылық өмірге дайындаудың, онда ана мен әйелдің дұрыс рөлін қалыптастырудың маңыздылығы мен қажеттілігі түсінілді. Уақыт өте келе әйелдер идеалдары өзгере бастады, нәтижесінде

әйелдің бейнесі де өзгерді. Әйел адаммен тең құқықтар үшін күресіп, оның қоғамның "күшті жартысынан" кем емес екенін дәлелдеді. Әйелдің босатылуы әйелдің өзін ер адаммен анықтай бастауына әкелді. Оның қызмет аясы әлдеқайда кең болды және ол оған ер адаммен тең құқықпен кіруге тырысты. Мүдделер шеңбері соншалықты кең болды, ол біртіндеп, өзі байқамай, отбасынан және аналық міндеттерінен алыстай бастады. Әйелдердің ер адаммен тең құқықтар үшін күресі, ештеңеден кем түспеуге және онымен тең болуға деген ұмтылысы жалпы білім беру жүйесіндегі тәрбие процесіне барлық жағынан әсер етті. Қыздар мен ұлдарды тәрбиелеу бүгінгі күні жыныстық ерекшеліктерге және олардың одан әрі өмірлік рөлдеріне бағытталмаған. Мектеп екеуіне де бірдей білім береді, бұл, негізінен, жаман емес, керісінше, жақсы. Ұлдар мен қыздардың интеллектуалды дамуы еш айырмашылығы жоқ. Ал мектеп оқушыларын отбасылық өмірге дайындау мен тәрбиелеуге келетін болсақ, бұл мәселе шешілмеген күйінде қалып отыр, мектеп балаларды олардың әрі қарайғы өмірлік рөлдеріне дайындамайды. Қыздарда ананың рөлі тәрбиеленбейді, әйелдік қалыптаспайды. Жоғарыда айтылғандардан қыздарды болашақ отбасылық өмірге дайындаудың маңыздылығы, қыздың жеке басын қалай дұрыс тәрбиелеу және ананың рөлін қалыптастыру қажеттілігі көрінеді. Әйелдер тәрбиесі, жасөспірімдерді дербес өмірге дайындау мектеппен екінші жоспарға ауыстырылады. Ата-аналар әрқашан баланың тәрбиесі мен дамуына мақсатты түрде қатысуға жеткілікті уақытты ала бермейді. Олардың көпшілігі тәрбие мен білім беруді басқалардың иығына аударуға тырысады, олар тәжірибелі, білімді және қабілетті адамдар деп санайды, сонымен бірге отбасылық тәрбиенің маңыздылығы мен қажеттілігін ұмытып кетеді. Осыдан бүгінгі күні мұндай әйел жоқ деп қорытынды жасауға болады. Менің ойымша, бұл өте өзекті мәселені елемеуге болмайды және оны шешудің барлық жолдарын іздеуге тырысу керек. Егер жалпы білім беретін мектептер бұл мәселені шеше алмаса, онда мектептен тыс мекемелер бұл мәселені ішінара шеше алады.

Зерттеу барысында қазіргі балаларды тәрбиелеудегі проблемалар қарастырылды: тәрбие ұғымы ашылды, мұғалімдердің еңбектеріндегі тәрбие тәсілдері қарастырылды, қазіргі отбасы мен мектептегі тәрбие мәселелері анықталды, тәрбиені ұйымдастырудың әдістері мен әдістері қарастырылды. Зерттеу негізінде бірқатар қорытынды жасауға болады.

Қазіргі уақытта отандық білім беру теориясында мұндай тәсілдер айқын қалыптасты: формативті, мәдениеттанулық, синергетикалық, әлеуметтену, герменевтикалық, аксиологиялық, антропологиялық, психотерапиялық. Мұғалім кең философиялық дүниетанымға ие болып қана қоймай, балалық шақ идеологиясындағы өзгерістерді қабылдап, білім беру тәсілдерінің жаңа модельдерін және оларды жүзеге асырудың практикалық стратегияларын біліп қана қоймай, сонымен қатар педагогикалық бақылауларды түсіндірудің герменевтикалық процедуралары туралы

түсінікке ие болуы керек, оқушылар өмірінің нақты мәселелерін түсінуі керек, психодиагностикалық және әлеуметтанулық технологияларды игеруі керек., баламен табиғи, рухани және рухани өмір сүретін тіршілік иесі ретінде қарым-қатынас орната білу. Қазіргі қоғамда отбасылық дағдарыс барған сайын байқалады, оның шығу жолдары әлі анық емес. Бұл отбасы өзінің негізгі функциясын — балаларды тәрбиелеуді нашарлатуда. Мұндай дағдарыстың себептері ішінара елдегі экономикалық жағдайдың нашарлауымен байланысты, тұтастай алғанда олар жалпы сипатқа ие. Көптеген мамандар өте пессимистік қорытындыға келеді: біз индустриалды өркениет үшін ақы төлей бастаймыз, бұл сөзсіз негіздердің жойылуына, мораль мен адами қатынастардың нашарлауына және сайып келгенде қоғамның өліміне әкеледі. Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай мектеп оқушыларына үлкен әсер етеді. Бұл ұлттық құндылық бағдарларының жоғалуы, қоғамның әлеуметтік стратификациясы, ұлттың мәдени қабатының эрозиясы; мұғалімдердің білім беру технологияларын жеткіліксіз меңгеруі, балалар қоғамдық ұйымдарының білім беру әлеуетінің төмен тиімділігі сияқты проблемаларға әкеледі.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Реан А.А. бала психологиясы. Туғаннан 11 жасқа дейін. – СПб., 2006
2. Шаргунов А. Протоирейдің жауаптары. // Орыс үйі. 2004.С. 46-47
3. Роджерс К., Фрейберг Дж. Оқу бостандығы. М., 2002.
4. Роджерс К., Фрейберг Дж. Оқу бостандығы. М., 2002.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балаларымен жұмыс жасау және отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу

Керимов Малик Исламбекович-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары №18 Әбдібай Құрмантаев атындағы жалпы орта мектебі Сайрам ауданы

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес

жүргізу. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Зорлық балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр машақат болып табылады.

Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алу және бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу қажет болып табылады. Зорлық-зомбылық құқықта «Бір адамның екінші бір адамға, оның жеке басына тиіспеушілік құқығын бұзатын тәни және психикалық ықпал жасауы» делінген. Тән азабын шектірген зорлық – адамның ағзасына тікелей әсер ету, ұрып-соғу, денесіне зақым келтіру, тағы басқа. Тән азабын шектірген зорлықтың салдарынан жәбірленушінің денсаулығына зиян келтірілуі мүмкін. Адамның өмірі мен денсаулығына қауіпті әдіс қолданылып жасалған қылмыстар «Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің» тиісті баптарына сәйкес жауаптылық пен Қазақ халқының дана сөзі бар: «Әйел адамға рухы әлсіз ер адам ғана котереді». Бұны халық жазылмаған заң деп санап осы уақытқа дейін сақтап келеді, алайда өкінішке орай кейбір ер адамдар ұмытып кеткен сыңайлы. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» демекші балаға отбасы тәрбиесінің әсері мол. Тәрбиеге әсер беретін өскен орта, ата-ананың тәрбиесі дұрыс болмаса, жаман әсерлер адамды азғырып, түрлі жаман мінезді жұқтырады. Отбасындағы ата-ананың мінез құлқы – баланың көз алдындағы үлгі, өнеге алатын, оған қарап өсетін нысаны.

Нашақорлық, темекіге, ішімдікке үйірлік бұзықтық жолға түсіп зорлық-зомбылық жасауға мүмкіндік туғызады, еңбек етуге, қоғамға, денсаулыққа, ұрпаққа, отбасына зиянын тигізеді. Салауатты өмір сүрудің бір негізгі күрделі мәселесі – жаман қылықтардан, яғни зорлық-зомбылықтан аулақ болу. Ішімдікке үйір адам есінен айырылып, қасындағы адамдарға зиянын тигізеді, отбасына ойран салады, отбасы мүшелеріне оғаш қылықтар корсетіп мазасын алады. Бұл баланың психологиясына кері әсерін тигізеді. Бала өзіне керекті рухани дүниенің барлығын қоршаған ортадан алады. Отбасындағы тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған заңды нормалар жетілдірілді.

Заң жобасының негізгі мақсаттары

- - Адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепілдеме беруді көтермелеу.
- - Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықты төмендету жөнінде тиімді шаралар қабылдау.

- - Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алудың көп деңгейлі жүйесін жүргізу
- Аталған заңды қабылдау – отбасылық тұрмыстық қатынастардағы азаматтардың қызығушылықтарын және бостандықтарын, құқықтарын қорғаудағы тиімділікті арттыру, осы саладағы құқық бұзушылықтың деңгейін төмендету.
- Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмыстарды өткізу керек ісі болып табылады.

Қалай зорлық – зомбылыққа душар болмау?

- Көшеде түнгі беймезгіл уақытта қалмауға тырысу, көшеде танымайтын адамдармен әңгімелеспеу және онымен қараңғы жерлерге, адамдар жоқ орындарға және т.б. жерлерге бармау. Егер Сізге тұрмыстық зорлық – зомбылық қауіп төндірсе, полицияға хабарлау.
- Қылмыстың бір түрі– балаға зорлық көрсету. Озбырлық, зорлық-зомбылық көрсету, жаман қарау, ауыр физикалық және психологиялық зақым көрсету деректері күн сайын газет беттерінде жиі кездесіп тұрады.
- Қауіп-қатер азайту, балаларды зейінділікке, сақтыққа, қауіпті жағдайлардың алдын алуға үйрету керек, ондай жағдайларды олар дала немесе үйде де кездестіруі мүмкін. Барлық қылмыстардың ішінде ең ауыры зорлау болып табылады. Көп жағдайда милицияға ол туралы хабарлай алмайды, себебі білместік немесе қорқыныш сезім, үрей билейді. Сондықтанда балаға мынаны түсіндірген жөн:
 - - Үйде жалғыз болғанда, бөтен адамдарды үйге кіргізбеу керек;
 - - Бөтен біреудің машинасына отырмау, қыдырып жүргенде бөтен адамдардан тәтті, сыйлықтар алмау керектігін үйрету қажет;
 - -Көшенің қараңғы жерлерінен, көпшілік жүрмейтін саябақтар мен стадиондардан аулақ жүруге үйрету.

Бас Прокурордың айтуынша, тұрмыстық зорлық-зомбылық - ауыр әлеуметтік салдары бар проблема. «Зорлық-зомбылық өз алдына тек жәбірленушілердің құқықтарын бұзып қана қоймай, өскелең ұрпақ үшін теріс үлгі болып келеді. Көшедегі агрессияның да бір себебі - отбасындағы жағдай. Үйден ашуымен шыққан адам өшін өзгеден алады. Адамдардың қоғамдық жерлердегі және көліктегі теріс қылықтары, көп жағдайда, отбасында болып жатқан жағдайлардың көрінісі», - деді Бас прокурор. Оның айтуынша, статистикаға сәйкес, Қазақстанда отбасындағы зорлық-зомбылық сипатындағы қылмыстардың 90 пайызға жуығы әйел адамдарға қатысты жасалады. Егде адамдар мен балалар зорлық-зомбылық әрекеттерге тап болатын жағдайлар да аз емес. «Біздің мақсатымыз тұрғындардың сана-сезімін өзгертудің жаңа жолдарын іздестіру, осы проблемаға деген көзқарасты өзгерту. Кейінгі жылдар ішінде елімізде осы саладағы заңдылықты нығайту бойынша заңнамалық және практикалық шаралар

қабылданды. Нәтижесінде отбасылық-тұрмыстық саладағы қылмыстардың азаю динамикасына қол жеткізілді. Алайда бұл проблема әлі де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тұрмыстық зорлық-зомбылық сол күйінде маңызды әлеуметтік проблема болып қалып отыр. Көптеген құқық бұзушылар жазасыз қалуда, ал зорлық-зомбылық фактілері айтылмаған күйінде тіркелмей қалады. Ресми статистика жәбірленушілердің полицияға шағымдануына кедергі келтіретін көптеген факторлар салдарынан жағдайдың нақты сипатын көрсетпей отыр. Сол себепті отбасындағы зорлық-зомбылық фактілерінің алдын алудың тіптен жаңа жолдарын іздестіру маңызды. Осындай әрекеттердің алдын алуда әлеуметтік-құқықтық шараларға басымдық беру керек», - деді бас прокурор. Зорлық-зомбылықтың түрлері

Физикалық - отбасы мүшелерін мас күйінде немесе сау күйінде ұруды қолданатын эмоциялық зорлық.

Эмоциялық - балағаттау, қорлау, сөгу, балалардың жеке өміріне қол сұғу.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасы

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасы - бұл әлеуметтік статусы төмен, өзіне жүктелген функцияларды атқаруға қабілетсіз, қоғамға бейімделуі төмен, баланы отбасындағы тәрбиелеу процессі үлкен қиыншылықпен, баяу және нәтижесіз өтетін отбасы.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасыларға мыналар жатады

1. Жанжалды отбасы - кеңірек тарағаны;
2. Биморальды отбасы (маскүнемдік, төбелес, былапыт сөз)
3. Педагогикалық дәрменсіз отбасылар - жалпы мәдениет деңгейінің төмендігі мен психологиялық - педагогикалық мәдениеттің жоқтығы;
4. Асоциалдық отбасы- жағдайы жалпы қабылданған әлеуметтік нормалар мен мінезіне ауытқулар бар (ерте бастан ішімдікке, нашақорлыққа үйрену, үйінен қашып, қаңғыбастыққа салыну және басқа да жат қылықтар).

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балаға педагогикалық қолдау көрсететін маманға келесі талаптар қойылады:

Көрсетілген қолдаудың мәнін түсіну;

Кәсіби даярлық;

Қалыптастырушы бастау;

Жеке қасиеттер.

Отбасының қиын жағдайға тап болуының себептері:

Ата-ананың педагогикалы білімінің төмендігі;

Кедейлік, қиын материалдық жағдай;

Тұрғын үй мәселесі (оның болмауы) ;

Жұмыссыздық;

Үйдегі ұрыс-керіс (ата-ананың ажырасуы);

Ата-ананың балаға қатыгездік көрсетуі, баланы қадағалауысыз қалдыру;

Баланың қажіттіліктеріне көңіл аудармау

Ата-ананың қауіпті тәуелділіктері.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасылармен жұмыстың алғышарттары:

Отбасыны зерттеу және отбасыдағы проблемаларды ұғыну

Отбасының тұрмыстық жағдайларын қарап, танысу

Отбасыға көмек көрсететін демеушілер табу

Отбасы мүшелерімен және оның айналасындағы адамдармен танысу, балалармен әңгімелесу

Отбасының себебін оның ерекшеліктерін, оның мақсаттарын, құндылық бағыттарын зерттеу

Отбасы картасын құру

Отбасы мүшелерінің жеке ерекшеліктерін зерттеу

Отбасымен жұмыс істеу бағдарламасын құру

Отбасымен жұмыс нәтижесі туралы қорытындылар

Отбасыны бақылап, барып тұру

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасы балаларымен жұмыс жасаудың алғышарттары:

Отбасыны біріктіру;

Отбасы мүшелерінің бірігіп еңбек етуге әзірлеу;

Отбасының жалғыз емес екендігін сендіру, сенімділік арттыру;

Балаларды жағымсыз эмоциялардан, көңіл-күйден алшақтату.

Педагогтың жұмысы үш негізгі функциядан тұрады : білім беру (ата-аналар үшін кеңес беру алаңын ұйымдастыру); психологиялық (психолог мамандарды тарта отырып жұмыстар ұйымдастыру); делдалдық (ақпараттандыру, мектеп пен отбасы арасында серіктестік қатынастар мен байланыстар орнату, мамандардың қызметтерін ұйымдастыру және үйлестіру)

Алғашқы кезеңде мұндай балалармен жұмыс

Оқушының өзімен және оның әлеуметтік ортасының өкілдерімен, отбасының мүшелерімен әңгімелесу жүргізіледі.

Әңгімелесу барысында қарам-қайшылықтар байқалса, оның мәнін түсінуге тырысуымыз керек. .

Сынып жекетшісімен бірге баланың ата-анасына оқушының денсаулық жағдайы туралы сауалнама толтыруды ұсынамыз..

Отбасының мекен жайы, отбасындағы бала саны, оқушының және оның отбасы мүшелерінің денсаулық жағдайы, әлеуметтік кепілдіктердің бар жоқтығы, отбасы қандай көмекке зәру екендігі туралы мәліметтерді қамтитын отбасының әлеуметтік төлқұжаты толтырылады.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған баланың басты белгілері:

Бала мектепте үнемі ұйқысы қанбай, аш немесе мектепке қажетті құралдарсыз келеді;

Сабақ кезінде оқушының мінезінде ауытқушылық болады;

Оқушы сабаққа үнемі кешігіп келеді;

Оқушы сабақты себепсіз жиі қалдырады.

Педагогикалық қолдаудың тиімді әдістері:

Кеңес беру;

Сөйлесу;

Үйірмелерге қатыстыру;

Топтық кеңес беру;

Баланы тәрбиелеуде ұқсас проблемалары бар ата-аналар тобына арналған тренингтер;

Әртүрлі кездесулер;

Сұрақ-жауаптар;

Ата-ана конференциялары.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балалармен жұмыс жасағанда басқа салалармен байланыс

Педагог әлеуметтік қорғау органдарымен тығыз байланысты болады, егер бала мен отбасына материалдық қолдау қажет болса;

Отбасылық қиындықтарды ұмытып кету үшін, баланың таланттарын ашу үшін, Мәдениет үйінің қызметкерлерімен тығыз байланысты болады;

Егер баланың денсаулығына байланысты емдеуге жіберу қажет болса, медициналық қызметкерлерімен тығыз байланысты болады .

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы балаға баламен жүргізілетін жеке жұмыс

Әңгімелесу;

Талдау мақсатында оқушының сабағына қатысу;

Бос уақытының тиімді пайдалануын бақылау;

Тәрбие сағаттарын өткізу;

Сабакқа қатысуға ата-аналарды тарту;

Баланың жазғы демалысын ұйымдастыру, жұмысқа орналастыру.

Өмірдің қиын жағдайына тап болған отбасындағы баламен атқарылатын жұмыстардан қорытындыға келуге болады:

Педагогтің жұмыс барысында баланың жеке ерекшеліктерін есепке ала отырып педагогикалық қолдаудың түрлі әдіс-тәсілдерді қолданады;

Педагог тек қана педагогикалық қолдау білдірмейді, сонымен қатар ол баланың әлеуметтік қорғалмауын алдын алу бойынша жұмыстарды да жүзеге асырады.

Білім беру ұйымының білім беру кеңістігінде оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру.

Тастанов АбдымұталЖанабайұлы-директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Алтау жалпы орта мектебі

Түркістан облысы, Төлеби ауданы Алатау ауылы

Қайырлы күн құрметті әріптестер! Басталған жаңа оқу жылы барлықтарыңызға жақсылығымен келсін. Менің баяндамамның тақырыбы: «Білім беру ұйымдарының білім беру кеңістігінде оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру» Оқушылардың белсенді

өмірлік ұстанымын қалыптастыру үшін біз мектеп қабырғасында өтетін мерекелер мен айтулы күндерді және сынып таң тыс өтетін іс-шараларды қазіргі заман оқушыларының қызығушылықтарын ескере отырып мектеп өмірне белсене араласып оқушы сол іс-шараларға мәжбүрлі түрде емес жан-тәнімен қатысатындай етіп ұйымдастыруымыз қажет. Мен жалпы өз мектебimde әр бір іс-шараны тәрбие жұмысының 8 бағытын қамти отырып, оқушылар ұйымы, жас мамандар мен ақылдаса отырып ұйымдастырамын. Жалпы Төлеби ауданы туристік өлке болғандықтан тәрбиенің 8-ші бағыты Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бойынша жылда көктем айында 5-11-ші сыныптар арасында «Өз жеріңді танып біл» атты бір күндік туристік жорық байқауы ұйымдастырылады.

Мақсаты:

1. Мектеп оқушыларына Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында туған жеріміздің тарихын, киелі жерлерін зерттеу және дәріптеу.
2. Мектеп оқушыларына қоршаған ортамызды таныстырып, олардың табиғатқа деген сүйіспеншілігін ояту.
3. Байқау барысында білім деңгейін көтеріп, табиғатты қорғауға, туған жерге деген патриоттық сезімін өсіру.
4. Салауатты өмір салтын ұстана отырып спортқа деген құштарлықтарын арттыру.

Міндеті:

1. Туристік жорықтың ережелерін сақтау
2. Сынып жетекшісі мен төрешілердің талаптарын орындау
3. Жорық барысында қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтау

Қатысушылар: 5-11 сынып оқушылары, сынып жетекшілері

р/с	Сайыс түрі	Балдық жүйе	Жауапты мұғалім	Ескерту
1	Туризм жабдықтарының талапқа сай болуы (топ аты, ұраны патриоттық ән, эмблема, сыртқы бейне)	10		
2	Гидрология (судың жылдамдығы т.б)	5		
3	Топографиялық белгілер	5		
4	Дәрулік шөптер	5		
5	Компас-азимут	5		
6	Алғашқы көмек көрсету	5		

7	Палатка құру, жар мен өрмелеу	5		
8	Сурет салу	5		
9	Жіп байлау	5		
10	Тұрақ (Привал)	10		

Күтілетін нәтиже:

Ең бірінші қазіргі уақытта бәрімізге керек болып тұрған оқушылардың денсаулықтарын жақсарту. Туған жерін танып білу, құрметтеу, білімін шындау. Өмірге деген құштарлықтарын арттыру.

Сонымен қатар жылда Кеңес әскерінің Ауған жерінен шығарылған күніне орай мектепте Ауған - Тәжік соғысының арагерлерінің қатысуымен «Ұлы дала серілері» атты екі күндік сайыс өтеді. Онда 9-11 сыныптарының ер балалары қатысады. Қойылатын талаптар бірінші күні спорттық жарыстар: кір тасын көтеру, нысана көздеу, қаруды шашып - жинау, теңге ілу, аударыспақ, жанбы ату. Екінші күні өнер сайысы: өз өнері, қол өнері, үй тапсырмасы, виктариналық сұрақтар мен қатар қол күрес байқаулары өтеді.

Мақсаты: Бұл сайыстар тәрбие жұмысының 8 бағытының 1-ші және 3-бағыттарына Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық және ұлттық тәрбие бағыттарына жоспарланған. Өскелең ұрпаққа ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, отанын, жерін сүйуге, үлкенге құрмет, кішіге ізетті болуға, құқық бұзушылыққа жол бермей «Ұлы даланың нағыз сегіз серісі» ұлт жанды азамат болуға тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Оқушыларға патриоттық эстетикалық, адамгершілік тәрбие беру арқылы салт-дәстүр мен дінді құрметтеуге, жастардың интеллектуалды мінез құлқын қалыптастыра отырып өз ой пікірін білдіре алатын азамат тәрбиелеу. Мектепте жалпы «Қыран» атты ұлдар ұйымы әкелер кеңесімен тығыз байланыс жүргізсе, «Назерке» қыздар клубы да әжелер алқасымен бірлесе әр түрлі іс-шаралар өткізеді. Соның бірі «Алатау аруы». Бұл байқау алдымен мектепшілік өтеді, осы сайыстың жеңімпазы. Аймақтық «Алатау аруы» байқауына мектеп намысын қорғауға жолдама алады. Ал бұл байқаудан жеңіске жеткен ару аудандық «Шашбаулым» атты байқауына жіберіледі. Мектеп қабырғасында ұйымдастырылған осындай іс-шаралар оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын, мектепке деген қызығушылығын, жалпы өмірге деген құштарлықтарын артыратынына өз тәжірибемде талай кездестірдім. Мектебіміздегі сондай бір оқушыларды қатты қызықтыратын іс-шаралардың бірі бұл да жылда дәстүрге айналған «Екі жұлдыз» байқауы. Бұл байқау ақпан айында Өзін-өзі тану пәні бойынша «Махаббат пен шығармашылық педагогикасы» он күндігінің бір күнінде ұстаз бен шәкірттің бірлесе ән айту байқауы. Енді бұл іс-шара бізде он күн бойы өте ауқымды түрде өтеді

Әрине бәріміздің арманымыз әлемді жайлаған аурудан құтылып, бұрынғыдай еркін жүріп, тамаша іс-шараларды дәстүрлі түрде өткізіп, оқушыларымызбен қоян қолтық араласып жұмыс істегенге не жетсін. Сол күндерге барлығымыздың аман есен жетуімізге шын жүректен тілектеспін. Енді біздің аудан көлемінде өтетін ең бір ауқымды іс-шараға тоқталып кетейін. Ол алғашқы уақытта «Сыбайластықтан таза мектеп» деп аталып, кейін «Мектебім- адалдық мекені» деп ауыстырылды. Бұл іс-шара ауданымызда эстафета ретінде өткізіледі. Бұл іс-шараға әсіресе «Адал ұрпақ», «Жас ұлан», «Жас қыран» мүшелері белсене қатыстырылады. Жалпы осы іс-шараны өткізу барысында менің мектебіме кезек келгенде жалпы тақырыпты ауыстырып, өтілу форматын өзгерту керек деген аудандық білім бөлімінен осындай тапсырма берілді. Жалпы тақырыпты «Мектебім – адалдақ мекені» деп алып, мектепте алдымен осы тақырыпта онкүндік өткізіп, аудандық семинармен аяқтадық.

Құрметті әріптестер, сонымен қатар мектепте дәстүрлі мерекелерден басқа әр түрлі көптеген іс-шаралар мен тәрбие саласында ұшы қиыры жоқ жұмыстар бар екені бәріңізге белгілі. Соның бәрін жүйелі ұйымдастырып оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру біздің міндетіміз. Әрине қазір әлемде қиын жағдай болып тұр. Тәрбие саласында оқушымен бетпе бет келмей, онлайн жұмыс жасау өте қиынға соғып отыр. Әрине біз үмітімізді үзбейміз әлі де оқушыларымызды бұрынғыдай акт залымыз бен спорт залдарда жинап, балалардың жарқын дауыстарын, әсем күлкілерін естіп, талай керемет іс-шаралар мен дәстүрлі мерекелердің өтуіне сеніміміз мол. Сол күнге барлықтарыңыздың аман есен жетулеріңізді тағы да тілей отырып уақыт бөліп тыңдағандарыңызға көп- көп рахмет!

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ӘДІСТЕРІН ЕНГІЗУ БОЙЫНША ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ

**Абуева Нургуль Қурбановна
«Мирас» колледжі» мекемесінің директоры**

Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңында: «Білім беру жүйесінің басты міндеті- ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау; оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» - деп білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттерін көздейді. Қазіргі заман талабына сай

білім берудің даму бағыты мен тенденцияларын қамтитын 50-ден астам педагогикалық технология қолданылып келеді. Түрлі зерттеулер нәтижесінде бұл технологиялар мектеп тәжірибесіне де енгізілген.

Педагогикалық технология – оқыту үдерісін түгелдей қолдану және бағалау, сол сияқты, білімді адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, білім берудің тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық технология бойынша оқушының білім, білік, дағды арқылы дамыту керек. Білім беру жүйесіндегі инновациялық (жаңа) технологиялар:

- Жобалау технологиясы;
- Саралап даралап оқыту;
- Дамыта оқыту технологиясы;
- Модульдік оқыту технологиясы;
- Сын тұрғысынан ойлауды дамыту;
- Сатылай комплексті талдау;
- VTS бағдарламасы;
- Деңгейлеп оқыту технологиясы;

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсатты индикаторларын іске асыру үшін "Мирас" колледжі мекемесі келесі бағыттар бойынша жұмыс істейді:

- ✓ WSK чемпионатына қатысу;
- ✓ Білім беру бағдарламасына факультатив сабақтарға WSK модульдерін кіріктіру;
- ✓ WorldSkills стандарттарын ескере отырып, демонстративті емтихандар өткізу (Шаштараз өнері және сәндік косметика құзыреттілігі);
- ✓ Әлеуметтік серіктестермен бірлескен вебинарлар;
- ✓ Жас мамандарға арналған тәлімгерлік мектебі;
- ✓ Педагогтардың ғылыми-тәжірибелік конференциялары;
- ✓ Білім алушылардың ғылыми-тәжірибелік конференцияларына қатысуы;
- ✓ Колледж базасында инновациялық технологияларды қолдану арқылы өткізілген іс-шараларға шолу;

WSK чемпионатына қатысушыларды дайындау үшін жалпы командалық жұмыстар:

- Психологтармен жұмыс;
- Қатысушыларды ағылшын тілінде дайындау;
- Әлеуметтік серіктестермен дайындық

WSK чемпионатына қатысушыларды дайындау үшін жалпы командалық жұмыстардың графиктері (психологтармен жұмыс, ағылшын тілінен дайындық, әлеуметтік серіктестердің колледж базасына келуі) ұсынылған.

- Білім алушылардың дағдыларын арттыру мақсатында колледждің оқу үдерісін ұйымдастыруда және факультатив сабақтарға WSK модульдерін енгізу көзделуде;
- WSK модульдерін білім беру бағдарламаларына және білім алушыларды қорытынды аттестаттауға интеграциялау арқылы еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтар бойынша бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру үшін жағдай жасалуда;
- Колледж "Шаштараз өнері және сәндік косметика" мамандығы бойынша құзыреттіліктің орталығы болып табылатынын және WSK стандарттары мен модульдерін ескере отырып емтихандар өткізілді;
- Әлеуметтік серіктестердің оқытушылар рөлінде сабақтарға график бойынша қатысуын және бірлескен облыстық вебинарлар мен телекөпірлер өткізілуін қамтамасыз етілуде.

Әлеуметтік серіктестермен бірлескен вебинарлар

- «Адиюша» бөбекжай балабақшасымен ZOOM платформасы арқылы өткізілген бірлескен вебинар;
- №5 жалпы орта мектебі мен ұйымдастырылған «Телемост»;
- «Туризм» мамандығы бойынша «Үздік видеоролик» жобасына ұсынған бейне материал;

Колледж базасында келесі бағыттарда жұмыстар жасалды:

- 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика», 1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» мамандықтары бойынша дуалды білім беру бағдарламаларын енгізу;
- 0506000 «Шаштараз өнері және сәндік косметика», 1211000 «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», 0511000 «Туризм» мамандықтары бойынша модульдік оқыту жүйесі енгізілді;
- «Үштілділік-заманауи білім берудің басымдықтарының бірі» ұғымын негізге ала отырып, колледжде «Менеджмен» мамандығы бойынша үштілді онлайн-сабақ өткізілді, және басқа салаларда да енгізу жоспарлануда;

Келесі бағыттарда жұмыстар жалғасын табуда:

- барлық меншік нысанындағы кәсіпорындармен әлеуметтік серіктестік және дуалды оқыту жүйесі тұрғысынан қызмет саласын кеңейту, колледж түлектерінің білім сапасын, дағдылары мен құзыреттілігін бағалау үшін арнайы пәндер бойынша оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу үшін жұмыс берушілерді кеңінен тарту;

- Әлеуметтік серіктестердің білім алушылардың қорытынды аттестацияларына қатысуын қамтамасыз ету;

Колледж базасында:

Әр ай сайын әдістемелік іс-шаралар өткізіліп тұрады, мысалы: «Жас педагог мектебі», циклдік комиссиялардың пәндік апталары, аймақтық семинарлар, ашық сабақтар мен шеберлік сыныптары, онда оқытушылар оқытудың заманауи, инновациялық формалары мен әдістерімен бөліседі, оларды практика жүзінде білім беру үдерісінде қолдануды үйренеді.

Оқу үдерісіне жаңа педагогикалық технологияларды енгізу бойынша кейс-әдіс, жоба әдісі және т.б. оқыту семинарлары өткізіледі. «Заманауи білім беру технологияларын сапалы білім берудің негізі ретінде» атты әдістемелік ұсыныстар жасалынған. Оқу үрдісінде оқытудың әр түрлі заманауи, инновациялық формалары мен әдістерін қолдануды көрсететін демонстрациялық / ашық сабақтар өткізіледі.

Педагогтардың біліктілігін, тәжірибесін арттыру үшін ұйымдастырылатын ғылыми-тәжірибелік конференциясы:

- «Мирас» колледжі» мекемесінде 2021 жылдың 28 сәуірі оқытушылар арасында «ҚБТ режимінде педагогтердің кәсіби дамуы: жаңашылдық, мәселелер, тәжірибе» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік онлайн-конференция өткізілген болатын.

Білім алушылардың біліктілігін, тәжірибесін арттыру үшін ұйымдастырылатын ғылыми-тәжірибелік конференциясы:

- 2020-2021 оқу жылындағы арналған ғылыми-әдістемелік жұмыс жоспарына сәйкес «Мирас колледжі» мекемесінде» колледждің 1 курс білім алушылары арасында «ҚБТ жағдайында тұлғаның өзін-өзі дамытуы» тақырыбында ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Оқу үдерісін жетілдіру барысында оқытушылар заманауи инновациялық технологияларды пайдалана отырып, облыстық деңгейде онлайн мастер-кластар, вебинарларды арнайы әзірленген, АКТ технологиялымен жабдықталған, оқу аудиториясында өткізеді.

Атап айтқанда, «Тіл дамыту бойынша балалардың шағын тобымен АКТ жабдықтарын қолдану арқылы ұйымдастырылған оқу қызметін өткізу» тақырыбында облыстық деңгейде онлайн мастер класс ZOOM платформасы арқылы, студенттермен педагогтарды қатыстыра отырып өткізілген.

Қорыта келе, білімнің сапасы, ең алдымен, мақсаттың және нәтиженің сапасы, одан кейін басқарудың, ұстаздың, педагогикалық әрекеттің, оқушының сапасы, ең соңында педагогикалық үрдістің сапасы. Бұл- жаңа кезеңде адамдарды өмір сүруге баулу үшін бұрынғыдан да мол деңгейде

білім беру деген сөз. Демек, бүгінгі заман мұғалімі қазіргі қоғамдық-әлеуметтік талаптарға жауап беретін, жан-жақты, білімді, жаңашыл ойлау дағдысын меңгерген, оқушының жан-жақты дамуын ұйымдастыра алатын жаңашыл тұлға болуы керек.

Әдебиеттер тізімі:

1. ҚР Білім туралы Заңы 2007.
2. Ф. Б. Бөрібекова, Н. Ж. Жанатбекова., Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық. – Алматы: 2014. – 360 бет
3. [Об утверждении Государственной программы развития образования и науки Республики Казахстан на 2020 - 2025 годы - ИПС "Әділет" \(zan.kz\).](https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988), <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P1900000988>
4. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=503290684417161&id=100042087019586
5. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=495410545205175&id=100042087019586
6. https://m.facebook.com/story.php?story_fbid=494812758598287&id=100042087019586

«ЖАС-МАМАН» ЖОБАСЫ- КӘСІБИ КАДРЛАР ДАЯРЛАУ КЕПІЛІ

Жанәбіл Болат Серікұлы

Түркістан көпсалалы – техникалық колледжінің директоры

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы «26» қарашадағы № 646 бұйрығымен бекітілген «Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауды, қысқа мерзімді кәсіптік оқытуды, «Мәңгілік ел жастары–индустрияға!» («Серпін») жобасы бойынша кадрлар даярлауды, 100/200 қағидаты бойынша «Жас маман» жобасы шеңберінде еңбек нарығында сұранысқа ие білікті кадрларды даярлауды, сондай-ақ колледждер мен ЖОО-ларда кәсіпкерлік негіздеріне оқытуды ұйымдастыру және қаржыландыру қағидаларына» сәйкес, халықаралық тәжірибені енгізу мақсатында 2019 жылы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жастар жылының» ашылу салтанатында «Жас маман» жобасын іске қосу жарияланған болатын. Жобаның мақсаты 180 колледжді және 20 жоғары оқу орнын 100 аса талап етілетін мамандықтар бойынша

жаңғырту және білікті мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу болып табылады.

Түркістан облысынан 12 колледж Жас маман жобасына ендіріліп отыр. Бұл біздің өңіріміздегі кәсіптік техникалық білім беру ұйымдарының дамуына үлкен серпіліс беруде. Материалдық техникалық базаларымыз жаңартылды.

Жас маман жобасының операторы болып КЕАҚ(коммерциялық емес акционерлік қоғам) «Кәсіпқор холдингі» белгіленген. Түркістан облысы,Төлеби ауданының Көксәйек елді мекенінде орналасқан «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» 2019-2020 оқу жылдары, сұранысқа ие: 07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» және 07210300 - «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандықтары бойынша «Жас маман» жобасына енді. Жаңғырту және білікті мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу бойынша, мемлекет тарапынан қаржыландырылып, мамандықтарға сай шеберханалар мен дәрісханалар заманауи құралдармен жабдықталып, озық үлгідегі шетелдік жаңа ауыл шаруашылық техникаларымен толықтырылып, колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. «Жас маман» жобасы бойынша алынған заманауи техникалар мен өндірістік жабдықтар колледждер жұмысына академиялық еркіндік беріп, үлкен мүмкіндіктер ашуда. «Жас маман» жобасы аясында 2020 жылдың 22.01 мен 26.01 аралығында колледж директоры Б.С.Жанәбіл мен өндірістік-оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.А.Сарыпбеков Финляндия мемлекетіне «Финляндия тәжірибесі-білімді дамытудағы инновация,білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары» тақырыбында өткен Халықаралық семинар оқуына барып, сол мемлекетте орналасқан оқу орындары OMNIA, CAREERIA, Helsinki сынды колледждердің базаларымен танысып, ондағы оқытылатын мамандықтарға сай жабдықталған шеберханалар мен зертханалардың жұмыс тәсілдерін зерттеп, зерделеп келіп, «КАМАДА» Халықаралық іскерлік әріптестік орталығының сертификаттарын алды. Алдағы уақытта Финляндия мемлекетінен тәжірибелі мамандар келіп колледждер базасымен танысып,оқу семинарларын өткізіп және өз тәжірибелерімен бөлісетін болады. Осы жоба аясында директордың өндірістік-оқу ісі жөніндегі орынбасары Е.Сарыпбеков пен аспаз,кондитер ісі мамандықтарының арнайы пән оқытушысы,бірлестік жетекшісі Б.Айтмурзаева екеуі 07.12-29.12.2020 ж аралығында Сингапурлық «Nanyang Polytechnic internasional» орталығымен қашықтықтан онлайн форматта оқып, білімдерін жетілдіріп, сертификатталынды.

«Жас маман» жобасына енген екі мамандықтар бойынша «ТАЛАП» КЕАҚ әдістемелік ұсынымдары және шет мемлекеттік «Soprano Group» серіктестігінің нұсқаулығымен колледж «Жол картасы» жасалынып, : 07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша Халықаралық деңгейде танылған American Society of Agronomy,США орталығымен және 07210300 - «Нан пісіру,макарон және кондитер өндірісі» мамандығы бойынша Халықаралық деңгейде танылған International Hotel &Restaurant Association (IH&RA),Швейцария орталықтарымен кеңестер мен келісім шарттар өткізіп, осы орталықтардың нұсқаулықтарымен жаңа оқу жылдарына өндірістік –оқу бағдарламаларын түзу жоспарланып,жасалынуда. Болашақ тізгіні - білімді жастардың қолында десек, «Жас маман» жобасы аясында халықаралық талаптарға сай білім алушылар, жан-жақты білікті, жаңа заманауи техникаларды меңгерген,болашаққа мақсат қоя білетін - тәуекелшіл мамандар даярлау басты міндеттеріміздің біріне айналды.

Алдағы айларда «Жас маман» жобасы аясында колледж басшылығы, арнайы пән оқытушылары және өндірістік оқыту шеберлері біліктіліктерін шет мемлекеттерде арттыру, оқыту жоспарлануда.Түркістан облысында, қазіргі таңда бірнеше жүздеген ірі өндіріс мекемелері, агроөндірістік кооперативтер мен кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың негізгі қызметі мерзімді пісіп, уақтылы өңделіп немесе сатылатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін шаруа қожалықтары мен тапсырыс негізінде қызметін жандандыратын кәсіпорындар болып табылады. Студенттердің теориялық білімдерін практикамен ұштастыру үшін және аудан тұрғындарымен және кәсіпкерлерімен, өндіріс орындарымен келісім-шарттар түзіліп, жұмыстар жүргізілуде. Яғни 07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша студенттеріміз колледжмізге тиесілі 63 га жер телімімізде және әлеуметтік серіктестердің базаларында колледж студенттері теориялық алған білімдерін оқу-өндірістік сабақтарында шындай түсіп,сондай-ақ аудан, ауыл тұрғындарының сұраныстарына орай егістік жер телімдерін жыртып, өңдеп және егу-ору жұмыстарына тапсырыстар қабылдап, қаржы табу жолдарын қарастырдық.Сонымен қатар 07210300 - «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандығы бойынша жабдықталған екі оқу-өндірістік цехтарымызда колледж асханасына және тұрғындар тарапынан түсетін тапсырыстарға орай кондитерлік өнімдер(тәтті нандар,торттар мен бәліштер) пісіріліп, студенттеріміздің теориядан алған білімдерін практика жүзінде шындап,қаржы көздерін табу болып табылады.

Жас маман жобасы бойынша әлемдік деңгейдегі құрал жабдық. Атап айтар болсақ Джон Дир комбайндары мен тракторлары, аспаздық 3 D

принтерлер, еуропалық аспаз құрылғыларында сабақ беру мен оларда тәжірибе жинақтаған әрбір студент кейіннен әлемнің кез келген елінде өз кәсібін дөңгелетіп әкетуге үлкен септігін тигізеді.

Облыстық колледждер арасында «Аспаз» мамандықтары бойынша-Құзыреттілік орталығына» айналдық. Қорыта келгенде, біздің мақсатымыз: оқу-өндірістік процессіне халықаралық тәжірибені енгізу арқылы, еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, білікті маман кадрларын даярлау болып табылады. Кез-келген ұлттың байлығы, адам ресурстарының дамуына байланысты болады. Өз адамдарының іскерлігін, дағдысын және білімін дамыта алмаған ел, өз экономикасын да дамыта алмайды. Жастарға білім беру, дәлірек айтқанда кәсіби білім беру-экономикалық гүлденуге апаратын жол, озық технологиялық жүйенің кілті, жұмыссыздықпен күресу құралы, әлеуметтік теңдіктің негізі болып табылады.

WORLD SKILLS ТАЛАПТАРЫ БОЙЫНША ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАН - ЖҰМЫСШЫ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІГІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАТЫ

Калиева Н.А.

**Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі директоры
Байназарова Г.А.**

**Түркістан индустриалды-құрылыс колледжі директорының оқу-
әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары**

Барлық уақытта жұмысшы мамандықтары кез-келген ел экономикасының негізгі қозғаушы күші болды. Қазіргі таңда біз еңбек адамы арқылы іске асырылған инженерлік ойдан туындаған керемет жобаларды көріп отырмыз, жаңа өнімдердің түрлері дамыды, қызметтердің сапасы жақсарды.

Біздің ойымызша, ілгері даму себептерінің бірі – бәсекелестік, ол әрбір шеберге өз өнімін бәсекелесіне қарағанда сапалы жасауға шабыт береді. World Skills – жұмысшы мамандығын алып жатқан студенттер арасындағы шеберлік сайысы, жыл сайын жүздеген жас дәнекерлеушілер, құрылысшылар, дизайнерлер, бағдарламашылар және т.б. елде үздік болу және әлемдік чемпионатта республиканы таныстыру құқығы үшін байқауға қатысады. Шынында да, World Skills қозғалысы техникалық және кәсіптік білім жүйесін дамытуға жақсы серпін болды.

World Skills талаптары бойынша демонстрациялық емтихан үздік әлемдік практикаларды пайдалана отырып, қорытынды және аралық аттестаттау шеңберінде түлектерді бағалау әдістерінің бірі болып табылады.

Басқаша айтқанда, бұл World Skills конкурс талаптарына сай тәжірибелік емтихан. Емтихан сәтті аяқталғаннан кейін студент Skills төлқұжатын алады. Бұл құжатта пәндер мен бағалардың орнына құзыреттіліктер мен олардың ұпайлары көрсетілген, ал құзыреттіліктер Soft Skills-ті (мамандандырылмаған, мансап үшін маңызды кәсіби емес дағдылар жиынтығы, олар жұмыс процесіне сәтті қатысуға, жоғары өнімділікке жауап береді және өтпелі болып табылады, яғни белгілі бір пәндік саламен байланысты емес) және Hard Skills (үйретуге болатын және өлшеуге болатын кәсіби дағдылар) дағдыларымен сипатталады.

Сонымен, демонстрациялық емтихан дегеніміз не?

Демонстрациялық емтихан — біліктілік емтиханы немесе жаңа форматтағы қорытынды аттестаттау.

Демонстрациялық емтихан — түлектерді даярлау сапасын тәуелсіз бағалау моделі (сертификаттау).

2020-2021 оқу жылы 27-28 мамыр күндері колледжімізде бітіруші түлектер келесі мамандықтарда: 3W0212010 «Көркем-дизайнерлік жұмыстарды орындаушы»; 3W07150501 «Электргазымен дәнекерлеуші»; 3W07320702 «Жол-құрылыс машиналарының машинисі» (Автокраншы) құзыреттіліктері бойынша Түркістан облысында WorldSkills стандарттарына сәйкес алғаш рет өткізіліп жатқан демонстрациялық емтихандар сәтті өткізілді. Демонстрациялық емтиханда құзыреттің техникалық сипаттамасы, инфрақұрылымдық парак, бағалау критерийлері, емтихан тапсырмаларынан тұратын бағалау құжаттамасының жиынтығы пайдаланылды. Колледж демонстрациялық емтиханды өткізу үшін EDUWSK-DEMO жүйесінің порталына тіркеліп, демонстрациялық емтихан тапсырмалары республикалық оқу-әдістемелік орталықтарында (ПУМО) және «Talar» КеАҚ мамандарымен қажетті құжаттар қаралып, нәтижесінде демонстрациялық емтиханды өткізу үшін келісім алынды. Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін емтихан өткізу алаңдарын жабдықталып, талап етілетін қажетті материалдарын, емтихан құжаттарын алдын-ала дайындау үшін бірқатар жұмыстар атқарылды.

Демонстрациялық емтихан – жаңа форматтағы инновациялық қорытынды аттестаттау. Емтихан CIS жүйесін (Competition Information System) – демонстрациялық емтихан немесе WorldSkills чемпионаты кезінде ақпаратты өңдеуге арналған мамандандырылған бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы өткізілді. Нәтижесінде бірнеше модульден тұратын жұмыс, баллдық шкала бойынша сараланып, ұпайлар көптеген аспектілер үшін беріліп, объективті түрде бағаланды. Студент орындаған тапсырманы тәуелсіз сарапшылар атап айтсақ, «DAIA-CONSTRUCTION.KZ», «DAIA-TRANS» ЖШС-нің мамандары, өндірістік оқыту шеберлері бағалады. Қорытынды бойынша демонстрациялық емтихандарды сәтті тапсырған бітірушіге дипломмен қатар Skills Passport электрондық паспорты берілді

және әлеуметтік серіктестер тарапынан сұранысқа ие құзыреттер бойынша үздік жас мамандар жұмысқа шақырылды.

Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру барысы:

Алдымен бағалаудың құжаттама жиынтығы (КОД) дайындалды.

1.Техникалық сипаттамалар: құзыреттіліктің атауын, WorldSkills стандарттарының спецификациясын (WSSS) және / немесе кәсіби кәсіптік стандарттарын (WSSK), бағалау стратегиясын, емтихан тапсырмасына қойылатын негізгі талаптарды, емтихан өтетін жердің орналасуын, еңбекті қорғау және қауіпсіздік талаптарын анықтайтын құжат;

2.Инфрақұрылым қағазы: материалдар мен жабдықтардың тізімі, жұмысқа қажетті барлық қажетті құрал-жабдықтардың, шығын материалдарының, кеңсе жабдықтары мен керек-жарақтардың тізімі;

3.Бағалау критерийлары: бағалау критерийлері - бұл дағдылар мен біліктіліктерді өлшеуге арналған өлшемдер жиынтығы;

4.Емтихан тапсырмалары: емтихан алушылардың өз құзыреттіліктерін білуі үшін орындайтын жұмыстарының сипаттамасы.

Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру мен өткізуді қамтамасыз ететін құжаттар пакеті жинақталып Республикалық оқу-әдістемелік орталығы ұйғарымы алынып емтиханды өткізуге дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Демонстрациялық емтихан кезінде құрал-жабдықтың техникалық жай-күйі мен эксплуатациясы, емтихан алаңы инфрақұрылымының қызмет етуі, сонымен қатар алаңға қатысушы барлық тұлғалармен еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасының ережелері мен нормаларының сақталуы үшін жауап беретін Техникалық сарапшы тағайындалады. WorldSkillsKazakhstan стандарттары бойынша ұпай түрінде көрсетілетін тиесілі құзырет бойынша демонстрациялық емтихан қорытындысы Құзырет паспорты электрондық құжатына қалыптасады.

Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізуге алынған құрал-жабдықтар мен материалдар бойынша сұрақтар мен ұсыныстар:

1.Демонстрациялық емтиханды бағалаудың құжаттама жиынтығына (КОД) сәйкес және барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отырып қажетті құрал-жабдықтар мен материалдар сатып алынады.

2.Демонстрациялық емтиханның әрбір модулін орындау үшін барлық қатысушыларға қажетті құрал-жабдықтар мен материалдардың тізімі дайындалып алынады.

3.Тулбокстар тапсырманың әрбір модуліне сәйкес дайындалып, сатып алынады. Тулбокстар мен материалдар демонстрациялық емтиханға қатысушы әрбір студентке жеке дайындалады.

5. Құрал-жабдықтар мен материалдар «WORLD SKILLS KAZAKHSTAN» СТАНДАРТТАРЫ талаптарына сәйкес алынады.

Демонстрациялық емтихандарын өткізу – бұл еңбек нарығының қазіргі заманғы талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын объективті бағалау, материалдық-техникалық базаны өндірістің

қазіргі заманауи талаптарға сәйкестендіру, сонымен қатар педагогикалық құрамның біліктілік деңгейін арттыру мүмкіндігі болып табылады. Соның нәтижесінде сұранысқа ие құзыреттер бойынша үздік жас мамандарды жұмыспен қамтамасыз ету, колледжге абитуриенттер шақыру, яғни кәсіби бағдар жұмыстарын жүзеге асыру және білікті кадрларды даярлау саласындағы ынтымақтастық үшін колледждердің базасы қалыптасады.

«DALA CONSTRUCTION.KZ» ЖШС-мен алдағы уақытта басқа да мамандықтар бойынша өндірістік тәжірибеден өткізуге және бітіруші курс студенттерінің жұмысқа орналасуға келісіліп отыр. Сенімгерлік мекемемен әлеуметтік серіктес ретінде демонстрациялық емтихандарды өткізуде бірлескен жұмыс ауқымын кеңейту мақсатында автоматтандырылған желілермен жабдықталған кәсіпорында колледж оқытушылары мен шеберлері машықтану үшін тағылымдамадан өту жұмыстары жалғастырылады және колледжде мамандарды дайындаудың халықаралық стандарттарын енгізу үшін сенімгерлік мекемемен және шетелдік серіктестермен бірлесіп мамандарды дайындау бағдарламаларын жаңарту, оқытушыларды даярлау және оқу орны мен басқару процестерін жетілдіру бойынша жұмыстарын ұйымдастырылады деп жоспарлануда.

Қорыта келгенде, демонстрациялық емтихан - WorldSkills талаптары бойынша нақты өндірістік үрдістерді модельдеу жағдайында практикалық дағдыларды, білім деңгейі мен икемділікті көрсету және тәуелсіз бағалау процедурасын көздейтін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының білім алушыларын аттестаттау нысанының бірі болып табылады. Колледж түлегі үшін демонстрациялық емтиханды тапсыру жұмысқа орналасу кезінде табысты артықшылығының бірі. Студент бітіру емтиханын тапсыра отыра, халықаралық стандарттарға сәйкес біліктілікті растайды. Бұл ретте колледж өзінің бағдарламалары мен материалдық-техникалық базасының сапасын көбірек әділдікпен бағалай алады, ал әлеуметтік серіктестер түлектердің кәсіптік қызметіне көрнекі түрде көз жеткізе алады. World Skills талаптары бойынша демонстрациялық емтихан үздік әлемдік практикаларды пайдалана отырып, қорытынды және аралық аттестаттау шеңберінде түлектерді бағалау әдістерінің бірі болып табылады, басқаша айтқанда, бұл World Skills конкурс талаптарына сай тәжірибелік емтихан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
2. МЖМС (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы);
3. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық

және қорытынды аттестаттауды өткізу (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы);

4. Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу бойынша ұсыныстар (сайтта: www.worldskills.kz);

5. «Білімді ел-Образованная страна» Республикалық білімділік қоғамдық-саяси газеті.

ТЖКБ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ФАКТОРЫ РЕТІНДЕ КАДР ҚҰРАМЫНЫҢ САПАСЫ

Қанжігітов Еркімбек Қаныбекұлы
Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжінің директоры,
ветеринария ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА мүшесі

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев халыққа жолдауында еліміз үшін маңызды мәселелердің бірі- Қазақстан Республикасын ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігі жоғары деңгейде дамып, әлемдегі дамыған елдер қатарына қосылу керектігін атап көрсеткен болатын. Менің «ТЖКБ беру ұйымдарында бәсекеге қабілеттілік факторы ретінде кадр құрамының сапасы» тақырыбында көтеріп отырған мәселенің мақсаты – Елбасы тапсырмасына сәйкес нарыққа еркін кіре алатын, заманауи технологияны толық меңгерген, жаңашыл жас мамандар құрамының сапасын арттыру жолдары болмақ.

Бүгінгі жаһандану кезінде ұлттық экономикамыз бәсекеге қабілетті болуы міндетті екендігі анық. Сондықтан да кез-келген саланың, оның ішінде кәсіптік білім беретін ұйымдардың да нарық жағдайына бейімделген, оның сұранысын қанағаттандыра алатын дәрежеге көтерілуі міндетті де. Мұнан келіп шығатын түйін, әр саланың өз міндеті туындап, замана талабына сай орындалып жатса, экономикамыз сөзсіз бәсекеге қабілетті болады.

Бәсеке жалпы экономикалық құндылықтар мен жетістіктерді дамытудың негізгі құралы болып табылады. Бәсекелік нарықта қызмет етуші барлық салалардың қоғамның әр түрлі сұранысына бейімделіп, тиімді инвестицияларды орынды пайдалану арқылы ғылыми-техникалық прогреске ұмтылуы десек, өндірістік және қосымша шығындарды азайта отырып, сапалы өнімдер шығарудың негізі дер едім. Еліміздің табиғи, экономикалық, ұлттық ерекшеліктеріне сай иелігіміздегі құндылықтарды барынша тиімді, әрі ұтымды жұмсау, тек ішкі нарықта ғана емес, әлемдік нарықта да жоғары сұранысқа ие болатын халық тұтынатын тауарлар шығаруда өзіндік рол ойнайтын кәсіптік білім иелерінің сол нарықтың қомақты бөлігін құрайтын құны жоғары өнімдер өндіру арқылы мемлекетіміздің беделін арттыруға еңбектеніп, бүгінгі таңда қарқынды жүргізіліп жатқан саяси-экономикалық үрдістердің негізін қалайды.

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясатымен Тәуелсіздігіміздің 30 жылы ішінде қаншама жеңістерге жеттік. Елбасы саясатын жалғастырып отырған мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев та ауыл шаруашылығына ерекше мән беріп, осы саладағы мамандар даярлауға қатты көңіл бөліп келеді. **Елдегі ауыл шаруашылығына байланысты саясатты жүзеге асыруда** техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары аянбай еңбек етуде. Колледждер ең өзекті мәселенің бірі – бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын кәсіби мамандар дайындауда әлемдік өркениетке ұмтылып білімді, білікті, саналы азаматтар тәрбиелеу міндетін атқаруда.

Біздің колледж ауылшаруашылығы мамандарын даярлайтын болғандықтан, жас түлектеріміздің болашағы бізді толғандырмай қоймайды. Қолдарына диплом алып, өрекіген көңілмен ауылшаруашылығына жұмысқа орналасуға барған әрбір жасқа ерекше қамқорлық жасалса дейміз. Аграрлық сала Мемлекетіміздің негізгі бағыты болғандықтан ауыл шаруашылығы мамандықтарына деген көзқарас түбегейлі өзгеріп, қажетті жағдайлар жасалуы тиіс деп ойлаймын. Әсіресе, мал дәрігерлеріне ерекше көңіл бөлінбесе, жалақысы төмен, міндеті ауыр мамандыққа бүгінгі жастардың барғысы келетіндері санаулы болып барады. Жастардың бұл салаға қызықпауынан әлі де болса кәнігі, жасы ұлғайған азаматтар жұмыстарын жалғастыруда. «Ветеринария» мамандығына баса назар аударылып, медицина мамандығына сияқты сұранысты тудыруымыз керек. Өйткені, медицина-адамды емдесе, ветеринария-адамзатты емдейтіндігін ұмытпаған жөн.

Бүгінгі таңда елімізде ветеринарлардың біліктілігін арттыру жүйесі қалыптаспаған десек те болады. Стандартқа сәйкес 800 бас малға 1 ветеринар маман болуы қажеттігі ескерілмей келеді Колледждерде тиісті мамандарды даярлау сапасын қамтамасыз ету үшін зертханалық-тәжірибелік база да жеткіліксіз. Мысалы, өзім іссапармен болған Финляндия мемлекетінің колледждері оқу-тәжірибелік шаруашылықтармен толық қамтамасыз етілген. Біздің колледждерде де сондай мықты оқу-тәжірибелік шаруашылығы болса, студенттеріміз 40 пайыз теориялық білімін, 60 пайыз практикалық тәжірибесін өз базамызда өткізер еді. Сол сияқты «Ветеринарлар» даярлауға лицензиясы бар, бірақ материалдық-техникалық базасы мамандыққа сай емес жекеменшік оқу орындарына деген талапты өзгерту керек сияқты. Бұл жағдайлардың кадр құрамының сапасына тікелей қатысы барлығын да ұмытпайық.

ҚР ТҰңғыш президенті, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған Жолдауында айтылған білім беруге қатысты мәселелер бәрімізді де бей-жай қалдырған емес. Қазақстандағы әрбір ұрпақтың ертеңгі күні дүниенің төрт түкпірінде өзінің қалаған, ұнатқан және қоғамға пайда ойлар мақсатта еркін еңбек ете алатын болуын Елбасымыз әркез ескертіп отырды. Өркениетке бет бұрған еліміздің жастары – ертеңгі мемлекет тірегі.

Қоғамға да ең басты керегі – елдің ертеңіне деген сенім мен үміт. Сол тірек нық та берік, сенімді болуы үшін бәсекеге қабілетті мамандар дайындау үрдісі ТЖКББ ұйымдарында жоғары сапамен жүзеге асырылмақ.

Сондықтан да оның іргетасын, ондағы оқытушылардың білім деңгейінің жоғары болуын қадағалау және арттыру аса қажет. Өркениетті елдер арасындағы экономикалық бәсекелестік білім деңгейімен айқындалмақ. Ұлттық бәсекелестік қабілеті бірінші кезекте оның білімділік деңгейімен айқындалатыны риясыз шындық. Бүгінгі күн талабы білімнің жаңа философиясын, жаңа ақпараттық-коммуникациялық және педагогикалық технологияларды меңгерген жастарды қалыптастыру. Сондықтан да білім беру жүйесі алдында заманның жоғары технологияларының талаптарына сай келетін біліктілігі жоғары деңгейлі мамандарды даярлаудың міндеттері туындайды.

Кадр құрамының сапасы оқу орнының материалдық-техникалық базасына, оның ғылыми-педагогикалық құрамына тікелей байланысты болып келеді. Осыған байланысты талаптардың күшеюі бүгінгі жастарға лайықты білім алуға кепілдік береді және білімдік қызмет нарығында келеңсіздіктерге жол бермейді деген пікірдемін.

Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев «Еліміздің жастары өзін жеке тұлға ретінде дамытумен қатар, мемлекеттің озық инновацияларына сай өркендеуіне зор үлес қосуы қажет. Бұл қазіргі білім және тәрбие беру үдерісінің алдында тұрған маңызды міндет» деп, ұлттың бәсекелестік қабілеті оның білімділік деңгейімен айқындалатынын, жаңа дәуір туғызған міндеттерді толық жүзеге асыру мақсатында заман талабына сай білім беру жүйесін жасап, болашақтың жоғары технологиялық және ғылыми өндірістері үшін алысты барлап, кең ауқымда ойлай білетін, бәсекелестік қабілеті жоғары кадрлар қорын жасақтау қажеттігін нақтылылап берді. Осындай орасан зор жаукершілікті арқалаған ТЖКББ ұйымдарының ғалым-оқытушылары қазіргі таңда қоғам үшін аса қымбат қазына болып есептелмек.

Соңғы жылдары кадр құрамының сапасын арттырып, жеке тұлға етіп қалыптастыруды дамыту және оған жан-жақты терең білім беру мақсатында жүйелі жұмыстар атқарылып, мемлекеттік стандарт талаптарына сай бақылау тәсілдерін қолдануымыз көңілге қуаныш ұялатады. Өйткені қазіргі кезеңде ТЖКББ ұйымдарының ең басты мәселесі – болашақ маманның білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жеткізу. Осыған орай мемлекеттік білім беру саясатының бағытында ТЖКББ ұйымдары жастардың дамуын жүзеге асырып, тұлғаның қабілеттілігін ескеріп, бір қалыпта қалыптасуын қамтамасыз етуі керек.

Бүгінгі талап – ТЖКББ ұйымдары болашақ сапалы кадрларды даярлауда заманауи технологиялармен толық жабдықталып, әрбір студенттің ойынан шығатындай, қажеттілігін қанағаттандыра балатындай оқу-өндірістік базамен, жаңа заманның жаңа білімімен қаруланған ұстаздармен қамтамасыз

етілуі тиіс. Бәсекеге қабілетті кадр құрамының рухани өсуіне жағдай туғызатын ойы жүйрік, саналы, бәсекеге қабілетті, жаңа тұрпатты педагог қана қалыптастыра алады. Елбасымыз айтқандай "Болашақ-білімді жастардың қолында!" . Яғни, біздің болашағымыз, келешегіміздің нұрлы бола түсуі өз қолымызда. Ал, осы нұрлы болашақты құру жолында әркез жастарға жол көрсетіп, көмек қолын созатын, үлгі бола алатын бірден бір тұлға-ұстаз екендігін естен шығармайық.

Бүгінгі таңда ауылшаруашылығының күре тамыры – мықты мамандар даярлауда кездесетін қандай қиындықтар болса да оны тиімді шешіп, білікті мамандар даярлау біздің басты міндетіміз болып қала береді. Өзім басқаратын Қаптанбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі Ветеринария мамандығы бойынша Республикалық оқу-әдістемелік бірлестігі ретінде еліміздегі мал дәрігерлерін даярлайтын 47 колледжге оқу-әдістемелік көмек көрсетіп келеді. Сол сияқты Қазақ Ұлттық аграрлық зерттеу университетімен бірлесе отырып колледж базасында кадрларды сатылы оқытуды» жүзеге асырып келеміз. Университет ректоры, академик Есполов Тілектес Исабайұлының қолдауымен колледжде оқу орталығы ашылып, онда университет ұстаздары студенттерге дәрістер оқиды. «Он-лайн» жүйесі арқылы семинар, конференциялар өткізеді. Колледж ұстаздарының біліктілігін көтеріп, аудан шаруашылықтарындағы мамандарға көмек көрсетеді. Колледждің ғалым-ұстаздары университет ғалымдарымен бірлесіп, ветеринария саласы бойынша ғылыми жобалар жұмыстарын жүргізеді. Бұл жұмыстар алдағы уақыттарда да жалғасын таба бермек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаевтың халыққа арнаған жолдауы
Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру;

Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ;

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдауы

Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі.

ТЖКБ ЖҮЙЕСІНДЕГІ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАР: ОҚЫТУДЫҢ КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯСЫ, АКАДЕМИЯЛЫҚ ДЕРБЕСТІК

Жунисова Назым Досжановна

**Түркістан облысы әдістемелік орталығы, ТЖКБ бөлімінің басшысы,
педагогика және психология ғылымдарының магистрі**

Сердалиева Айнура Маханбетовна

Түркістан облысы әдістемелік орталығы, ТЖКБ бөлімінің әдіскері

Мемлекет басшысы Қ. Тоқаевтың 2020 жылғы 27 мамырдағы ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің үшінші отырысында : академиялық дербестікті енгізу кредиттік жүйесіне көшу; жан басына қаржыландыруды жүйесіне енгізу; техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға, оның ішінде NEET санатындағы жастар, табысы аз, көп балалы отбасылардан шыққан балалар, ауыл жастары үшін мемлекеттік тапсырысты ұлғайту тапсырмаларын берген болатын. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің негізгі бағыттары да осы тапсырмаларға бағыттала жүргізілді.

ТЖКБ мазмұнын жаңғыртудағы қолданылатын шаралар: академиялық дербестік беру, жұмыс берушілердің (кәсіптік стандарттардың), WorldSkills талаптарын және цифрлық, кәсіпкерлік құзыреттерді ескере отырып, колледждердің білім беру бағдарламаларын әзірлеуде дербестікті енгізу ,оқу мерзіміне байланыстыруды алып тастау, индустриялық кеңестер арқылы білім беру бағдарламаларын өзектендіру ,білім беру бағдарламаларының сапасын сараптау үшін олардың тізілімін енгізу, оқытудың әртүрлі технологияларын енгізу. Күтілетін нәтиже: еңбек нарығының қажеттіліктеріне икемділік білдіру, кәсіби құзыреттілік деңгейін бизнес қоғамдастықтың мойындауы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс - шаралар жоспарының 100-тармағында кәсіптік стандарттар негізінде білім беру бағдарламаларын 100% жаңарту міндеті көрсетілген.

Білім беру бағдарламасын жобалауды неден бастау керек? Білім беру бағдарламасын жобалау үшін негізге алынатын құжаттар: ТЖКБ мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; ТЖКБ мамандықтары бойынша үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары; Кәсіби қызметтің нақты саласында біліктілік деңгейіне, құзыреттерге, еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын талаптарды айқындайтын кәсіби стандарт; Ұлттық біліктілік шеңбері, еңбек нарығында танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы; Салалық біліктілік шеңбері, салада танылатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдық сипаттамасы; Салалық

стандарттар, WorldSkills талаптары (біліктілік сипаттамасы), мамандық/біліктілік бойынша функционалдық карта; Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы, "Talar" КЕАҚ әзірлеген білім беру бағдарламаларын әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар; "Talar" КЕАҚ әзірлеген ECVET әдіснамасына сәйкес техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беру деңгейлерін интеграциялау үшін сынақ бірліктері түрінде оқыту нәтижелерін бағалау, тану, жинақтау және аудару жөніндегі әдістемелік ұсынымдар; Оқу-әдістемелік құралдар, оқулықтар; Арнайы пән педагогтердің өзіндік кәсіби тәжірибе нәтижелері.

Техникалық және кәсіптік білім берудегі мемлекеттік жалпыға міндетті стандарт жобасының ерекшеліктері : білім беру қызметін жоспарлау және ұйымдастыру білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылады, білім беру бағдарламаларын білім беру ұйымы оқытудың барлық кезеңіне дербес әзірлейді, білім беру бағдарламалары мамандық бойынша әзірленеді және ТЖКБ біліктіліктеріне оқу жоспарының моделі негізінде ендіріледі, білім беру бағдарламалары индустриялық кеңеспен келісіледі және ТЖКБ ұйымының басшысы бекітеді. Сапалы кадрлар даярлау жүйесі Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ) негізінде жасалады. Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), салалық біліктілік шеңберлерін(СБШ), кәсіптік стандарттарды(КС) әзірлеу үшін жалпы кәсіптік құзыреттердің біліктілік деңгейлерінің бірыңғай шкаласын айқындайды. Сәйкестікті растау және мамандардың біліктілігін беру жүйесі үшін негіз. Ұлттық біліктілік жүйесінің құрылымы: Ұлттық біліктілік шеңбері (ҰБШ), Салалық біліктілік шеңберлері (СБШ), Кәсіби стандарттар (КС), Білім беру стандарттары (ББ), Сертификаттау (біліктілік емтиханы). Ұлттық біліктілік шеңбері 8 деңгейден тұрады. 1- деңгей: Негізгі орта білім және/немесе қысқа мерзімді оқыту; 2-деңгей: Жалпы орта білім, практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық; 3-деңгей: (Жұмысшы мамандықтар дайындау) Практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық. Практикалық тәжірибесіз техникалық және кәсіптік білім; 4-деңгей (орта буын маманы,техник,технолог) Практикалық тәжірибесі бар немесе практикалық тәжірибесі жоқ техникалық және кәсіптік білім. (қосымша кәсіптік даярлау немесе орта білімнен кейінгі білім); 5-деңгей: (қолданбалы бакалавриат) Техникалық және кәсіптік білім (немесе орта білімнен кейінгі білім) практикалық тәжірибе немесе жоғары білім, 6-деңгей: Жоғары білім. Бакалавр дәрежесі, практикалық тәжірибе, 7-деңгей: жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру. Магистр дәрежесі, практикалық тәжірибе.

ТЖКБ ұйымдары дербес әзірлейтін және бекітетін білім беру бағдарламасы мынадай элементтерден тұруы тиіс:Титул парағы; Білім беру бағдарламасының жалпы сипаттамасы(Паспорт); Құзыреттілік пен модульдер тізімі; Оқыту нәтижелерінің сипаттамасы; Жұмыс оқу жоспары (оқу процесінің кестесі, уақыт бюджеті бойынша жиынтық деректер, оқу

процесінің жоспары, түсіндірме жазба); Модуль/ пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламасы.

Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектендіруді неден бастауымыз қажет, енді сол кезеңдеріне тоқталып өтейік. Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын өзектендіру (әзірлеу) кезеңдері: 1. Жұмыс тобын анықтау және бекіту (міндетті түрде әр мамандық бойынша 2 сарапшы кем емес: арнайы пәндер оқытушысы және жұмыс берушіден маман). 2. Біліктіліктер бойынша кәсіби қызметтің функционалды талдауын жүргізуге қатысу. 3. Біліктіліктер бойынша кәсіби құзыреттер мен модульдерді анықтау. 4. Кәсіби модульдердің оқыту нәтижесін анықтау 5. ҰОЖ түзеу жұмысына қатысту (қажеттілік болған жағдайда) 6. Жұмыс берушілерден мамандықтар бойынша үлгілік оқу жоспары мен бағдарламаларының жобасына рецензиялар ұсыну.

Бұрын колледждердегі оқу бағдарламаларының мазмұны, оларды игерудің нормативтік мерзімдері білім берудің жалпыға міндетті стандарттарымен анықталынып, кәсіптік білім ұйымы жасаған жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылып келсе, үстіміздегі жылы бекітілген заңнамаға сәйкес енді колледждерге академиялық дербестік беріледі. Академиялық дербестік білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзгертуге, оқу мерзімін өзгертуге мүмкіндік береді. Яғни, жалпы орта білімі барларға – 2 жылдан кем емес; техникалық және кәсіптік білімі барларға -1 жылдан кем емес» деген әр біліктіліктер бойынша қатаң бекітілген білім алу мерзімдерінің оқу ұзақтығы нақты білім беру бағдарламасына және қажетті оқу нәтижелеріне байланысты болады.

Жаңа өзгерістерге сәйкес колледждер жұмыс берушілермен келісе отырып, кәсіптік стандарттар немесе нарық талаптары негізінде білім беру бағдарламаларын әзірлеп, оны ҚР БҒМ бағдарламаларының тізіміне (реестр) қосып, соған байланысты кадрлар дайындайды. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу полигондарында, оқу орындарының оқу шаруашылықтарында, жұмыс берушілерде жүргізілетін өндірістік оқыту процестерінде, сонымен қатар оқудан тыс уақыттарда өндірістік және ауылшаруашылық, халық тұтынатын тауарлар өндіргенмен оларды өзіндік құнына сәйкес бағамен сата алмайтын. Сондай-ақ, қызмет көрсету мамандықтары бойынша ақылы қызмет жасау мүмкіндіктері де шектеулі болды.

Ендігі жерде колледждер ақылы негізде қызмет көрсетіп, дайындаған бұйымдарын мамандықтардың материалдық-техникалық базасын жетілдіруге бағытталған қаржы көздеріне айналдыра алады.

Қазіргі таңда Техникалық және кәсіптік білім даму үстінде, үлкен бет бұрылыстар, оң өзгерістер байқалуда. Биылғы жылдан бастап оқыту жүйесіне кредиттік – модульдік жүйесі енгізіліп, академиялық дербестік беріліп жатыр, әрбір кәсіптік білім алатын адамдарға көп мүмкіндіктер ұсынылып жатыр: «Ақша студентпен бірге жүреді» деген қағидаты енгізілді, бұл жерде

талапкер 4 колледж 4 мамандық таңдауға және емтихансыз оқуға түсуге мүмкіндік қарастырылған.

Облысымызда 9 колледж Жас маман жобасы бойынша қатысып, колледждердің материалдық-техникалық базалары жаңа жабдықтармен жабдықталды. Бұл жоба кәсіптік білім сапасын арттыруға, бәсекеге қабілетті маман дардаярлауға үлкен үлесін тигізеді.

Сапалы білім – ұлттық жобасы әзірленуде, сол ұлттық жобаның шеңберінде жас маман жобасына қатыса алмаған колледждерге материалдық техникалық базасын нығайтуға жол ашылуда, сонымен қатар кәсіпкерлік субъектілерін қамти отырып колледждің материалдық базасын күшейтуге мүмкіндік жасалынып жатыр, себебі колледждер сенімгерлік басқаруға берілуде оған президентіміздің және облыс әкімінің арнайы тапсырмалары бар осылардың бәрі орындалып, жалпы кәсіптік білім саласын дамытуда үлкен үміттер күтілуде.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
2. «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім берустандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 1 қарашада № 17669.
3. WorldSkills талаптары, (біліктілік сипаттамасы)халықаралық стандарттар <https://drive.google.com/drive/folders/1YwBDBEGypeUHMmq4k77wIdWfFQeHP4HF>
4. Салалық стандарттар,кәсіби стандарттар <https://atameken.kz/kk/services/16-professionalnyye-standarty-i-tsentry-sertifikatsii-nsk#collapse-YdXai-2>

«КӘСІБИ СТАНДАРТТАР НЕГІЗІНДЕ ҮОЖ-ДЫ ӨЗЕКТЕНДІРУ»

Нурмышев Асылбек Джорабекович
Қапланбек жоғары аграрлық-техникалық колледжі
басшысының оқу-әдістемелік бірлестік жөніндегі орынбасары

1. Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары "білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына, техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік

жалпыға міндетті стандартына, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің мамандықтары мен біліктіліктерінің сыныптауышына сәйкес әзірленді.

2. Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеудің мақсаты білім беру ұйымдарының академиялық дербестігін ескере отырып, оқыту мазмұнын жұмыс берушілердің талаптарына келтіру болып табылды.

3. Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде:


- модульдік-құзыреттілік тәсіл – оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған білім беру бағдарламасының модульдік құрылымына негізделген оқу процесін ұйымдастыру моделі құрылды;
- кредиттік-модульдік жүйе – бұл оқыту нәтижелерін бағалау үшін қажетті модульдік оқыту технологиялары мен ECVET кредиттерінің бірлігіне негізделген оқу процесін ұйымдастыру моделі болып табылды.

4. Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеу ТЖКБ мамандығы бойынша арнайы пән оқытушылары және жұмыс берушілерді тарта отырып орындалды.

Кәсіби стандарттардың талаптарын ескере отырып, кәсіби модульдердің мазмұнын айқындау


118-бапқа сәйкес (1-т., 1-1 т.) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V ҚРЗ "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің, қайта даярлау мен біліктілікті арттырудың білім беру бағдарламалары оқыту нәтижелеріне бағдарлануға және сәйкестікті растау мен біліктіліктер берудің кешенді жүйесін іске асыру үшін тиісті кәсіптік стандарттар негізінде келесі талаптар ескерілді".

Кәсіби стандарттарда еңбек функциясы бірнеше кәсіби міндеттерден тұрады. Кәсіби міндет – бұл бір әрекетті орындау үшін функцияны ыдыратуға (бөлуге) мүмкіндік беретін еңбек функциясының элементі. Кәсіби міндеттердің әрқайсысы, өз кезегінде, жалпы еңбек тақырыбымен, тапсырмамен, еңбек әдістері мен құралдарымен біріктірілген дағдылар мен білім жиынтығын қамтиды (1-сурет).



Сурет 1. Кәсіби стандарттың құрылымы

Үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларында кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру үшін кәсіби модуль айқындалды, ол өз кезегінде оқыту нәтижелерін қамтыды (2-сурет).



Сурет 2. Құзыреттіліктің, модульдің және оқыту нәтижелерінің өзара байланысы

Кәсіби стандарттардағы еңбек функциясы бір немесе бірнеше кәсіби міндеттерден тұратын технологиялық процесс кезеңіндегі типтік жұмыс ретінде қарастырылды.


Кәсіби құзыреттілік – кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін білім, дағдылар, сондай-ақ жеке қасиеттер негізінде кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті болып табылады.

Осылайша, маманның кәсіби міндеттер жиынтығын шешу қабілеті кәсіби құзыреттілік болып табылады, яғни Кәсіби құзыреттілік еңбек функциясының орындалуы ретінде анықталады.

Кәсіби модуль – кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған білім беру бағдарламасының функционалдық аяқталған құрылымдық элементі болып табылады.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, кәсіби стандарт компоненттерінің және ТжКБ біліктіліктері бойынша кәсіби Модульдер мазмұнының шамамен өзара байланысы анықталды (3 суретті қараңыз).

Алайда, бекітілген кәсіби стандарттардағы кәсіптер карточкалары қызмет түрлері, функциялары, міндеттері мен іскерліктері мақсатында әртүрлі қамту мен жалпылау – нақтылау деңгейіне ие болғандықтан. Сонымен қатар, біліктілік бойынша кәсіби стандарттардың болмауы сияқты сәттіде жоққа шығаруға болмайды. Сондықтан кәсіби модульдердің мазмұнын анықтау үшін біліктілік бойынша кәсіби қызметтің мазмұнына егжей-тегжейлі талдау, яғни **функционалды талдау** қажет етілді.



Сурет 3. Кәсіби стандарттар мен үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламалары компоненттерінің өзара байланысы

Біліктілікке функционалдық талдау жүргізу

Функционалды біліктілікті талдау келесі дәйекті қадамдарды қамтыды:

1) Белгілі бір біліктілік бойынша мазмұны мен талаптарын айқындайтын құжаттаманы жинау (салалық біліктілік шеңберлері, кәсіптік стандарттар, жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы және WorldSkills стандарттарының т.б.). Қосымша ақпарат көзі ретінде Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттердің атласын пайдаланылды.

Егер қаралатын біліктілік бойынша кәсіби стандарт болған жағдайда, онда үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын әзірлеушілер мыналарды ескерді:

- Бағдарлама шеңберінде зерделенетін біліктіліктерге ТЖКБ біліктілігіне ұқсас немесе бірдей атауы бар бір кәсіби стандарт сәйкес келуі мүмкін;
- бағдарлама шеңберінде оқытылатын біліктілікке қандай да бір кәсіби стандарттың белгілі бір бөлігі ғана сәйкес келуі мүмкін, яғни еңбек функцияларының және/немесе кәсіби міндеттердің бір немесе бір бөлігі сәйкес келуі мүмкін;
- бағдарлама шеңберінде зерделенетін біліктіліктерге бірқатар кәсіптік стандарттар сәйкес келуі мүмкін, бұл ретте кәсіптік стандарттар әртүрлі салаларға жатқызылуы мүмкін.

2) Қызметтің негізгі мақсаты туралы түсінік алып, келесі кезеңге өтуге болады: Еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерді анықтау.

Еңбек функциялары әрбір біліктілік үшін жеке әзірленді.

Салаға байланысты еңбек функцияларын анықтау үшін әртүрлі тәсілдер қолданылды:

Кәсіби міндеттерді анықтау әдісін таңдау еңбек функциясының мазмұнына байланысты. Айта кету керек, әзірлеушілер қолданатын әдіс жүргізілген функционалды талдаудың логикалық тәртібіне сәйкес келуі керек және сұраққа жауап беруі керек: "бұл еңбек функциясына қол жеткізу үшін не істеу керек?».

Әзірлеушілер жұмыс берушілердің талаптарын сыни тұрғыдан талдауы керек, өйткені функционалды талдау нәтижесі белгілі бір кәсіпорынның мүдделеріне ғана емес, сонымен қатар белгілі бір деңгейдегі біліктілік моделін құру логикасына сәйкес келуі керек.

3) Келесі қадам функционалды карта жасау.

Функционалды карта кестелік нысанда немесе белгілі бір нобай түрінде ресімделді. «3W08410102 - Жануарлар мен құстарды жасанды ұрықтандыру операторы» біліктілігінің функционалды картасының мысалы 1-кестеде көрсетілген.

Кесте 1. «3W08410102 - Жануарлар мен құстарды жасанды ұрықтандыру операторы» біліктілігінің функционалды картасы

Негізгі мақсаты	Еңбек функциялары	Кәсіби міндеттер
Жасанды ұрықтандыру пунктінде ветеринарлық санитарлық жағдайларды сақтау жөніндегі жұмыстарды орындау	ЕФ 1. Жасанды ұрықтандыру пунктінде ветеринариялық-санитариялық жағдайларды сақтау	КМ 1. Дезинфекциялау құралдары мен әдістерін таңдай отырып, жасанды ұрықтандыру пунктін дезинфекциялау жоспарын жасау
		КМ 2. Тазалау және дезинфекциялау үдерісінде шаруашылық құрал жабдықтарын тазалауды және дезинфекциялауды жүргізу
	ЕФ 2. Жануарлармен құстарды жасанды ұрықтандыруды жүргізуге шығын материалдары мен құрал саймандарды дайындау	КМ 3. Жұмыс орнын ұйымдастыру және қауіпсіздік талаптарына сәйкес жұмыс орнын дайындау
		КМ 4. Жұмыс жоспарына сәйкес жасанды ұрықтандыру түріне байланысты ұрықтандыру кезінде пайдаланатын құралдар мен материалдарды таңдауды және дайындауды жүзеге асыру

5) Біліктілігі бойынша егжей-тегжейлі сипатталған және сапалы функционалды талдау негізінде қалыптасқан Функционалды карта үлгілік оқу бағдарламасын жобалау құралы болып табылады.

Төменде үлгілік оқу бағдарламасы бойынша функционалды карта кескінінің сызбасы келтірілген (4- суретті қараңыз).

Ұсынылған кестеде көріп отырғанымыздай, үлгілік оқу бағдарламасын модульдік құру принципі функционалдылық принципінің логикалық жалғасы болып табылады.

Бұл жағдайда модуль белгілі бір кәсіби құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған үлгілік оқу бағдарламасының салыстырмалы түрде тәуелсіз бірлігі болып табылады.

Үлгілік оқу жоспарларының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар

Үлгілік оқу жоспарлары техникалық және кәсіптік білімнің оқу жоспары Үлгісінің негізінде әзірленеді (*техникалық және кәсіптік білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының 1-қосымшасы*).

ТЖКБ мамандықтарының үлгілік оқу жоспарлары базалық және кәсіби модульдердің тізімін, модульдер блоктары мен жалпы білім беретін пәндер бойынша кредиттер санын, сонымен қатар аралық және қорытынды аттестаттауды, оқушының жеке компонентін қамтиды.

Базалық және кәсіби модульдер білім беру ұйымының міндетті және білім беру ұйымының таңдау компоненті болып бөлінеді.

ТЖКБ мамандықтарының үлгілік оқу жоспарларын құруға қойылатын негізгі талаптар:

- кредиттік-модульдік жүйе;
- ECVET кредиттерін пайдалану (*1 кредит - 24 академиялық сағат, шартты түрде 1 оқу жылы - 60 кредитті құрайды*);

ТЖКБ мамандықтарының үлгілік оқу жоспары белгіленген 3-кестеге сәйкес жасалды.

Кесте 3. 08410100 - Ветеринария мамандығы бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік оқу жоспары төмендегі біліктіліктерге әзірленді.

Білім деңгейінің атауы мен коды: 08 Ауыл, орман, балықшаруашылығы және ветеринария

084 Ветеринария

0841 Ветеринария

Мамандығы: 08410100 - Ветеринария

Біліктілігі: 3W08410101 - Жануарларды ветеринарлық өңдеу жөніндегі операторы

3W08410102 - Жануарлар мен құстарды жасанды ұрықтандыру операторы

3W08410103 - Ветеринарлық санитар

4S08410104 - Ветеринарлық технигі

4S08410105 – Ветеринарлық фельдшер

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының 26.12.2019ж. №263 бұйрығының қосымшалары: № 11, №21, №22, №23, №24, №25 кәсіби стандарттары.
2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 1 қарашадағы № 422-ө-м бұйрығымен бекітілген жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына(64-шығарылым).
3. Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға білім беру стандарты ҚР МЖМБС 4.05.143-2009
4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығының 412-414 қосымшалары.

**«ЖАС МАМАН» ЖОБАСЫ – БІЛІКТІ, БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ
МАНДАРДЫ ДАЯРЛАУДЫҢ КЕПІЛІ**

Ахмедов Рашид
Арнайы пән оқытушысы, ӘБ жетекшісі,
Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі МКҚК,
Төлеби ауданы

Әлемде жер көлемі жағынан тоғызыншы орынды иемденетін Қазақстан Республикасы - негізінен аграрлы мемлекет. Елімізде 130 мыңнан астам қожалықтар, фермерлік, ұжымдық, жекеменшік, өндірістік кооперативтер, акционерлік қоғамдар және басқа да шаруашылықтар жұмыс істеуде. Олардың алдында тұрған негізгі мақсат - жеткілікті мөлшерде халықты сапасы жоғары азық-түлікпен қамтамасыз ету, артық өнімді экспорттау болып табылады. Ол үшін еліміздің әр аймағының топырақ-климаттық жағдайына сай келетін дақылдарды егіп-өсірудің, әлемдік озық технологияларды өндіріске батыл енгізіп, егіннің шығымдылығын арттыру қажет. Бұл істі білікті мамандар мен механизатор кадрлары жүзеге асырады. Республика бойынша барлығы 787 колледж болса, оның 216 колледжінде кәсіптік-техникалық жұмысшы маман кадрлары дайындалады екен. Еңбек нарығында сұранысқа ие білікті мамандарды оқытып-даярлауда халықаралық тәжірибені енгізу мақсатында 2019 жылы Қазақстан Республикасының

Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев «Жастар жылының» ашылу салтанатында, «Жас маман» жобасын жариялаған болатын. Осылайша,

еліміздің халық шаруашылығына аса қажетті жүз мамандық бойынша жұмысшы кадрларын дайындайтын 180 колледж және 20 ЖОО-ны «Жас маман» жобасына енгізілді. Жас маман жобасының операторы болып КЕАҚ «Кәсіпқор холдингі» белгіленді.

Түркістан облысы, Төлеби ауданының Көксәйек елді мекенінде орналасқан алпыс үш жылдық тарихы бар: «Түркістан көпсалалы-техникалық колледжі» 2019-2020 оқу жылдары, сұранысқа ие: 07161600 - «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» және 07210300 - «Нан пісіру, макарон және кондитерлік өндірісі» мамандықтары бойынша «Жас маман» жобасына енді. Жаңғырту және білікті мамандарды даярлаудың халықаралық тәжірибесін енгізу бойынша, мемлекет тарапынан қаржыландырылып, мамандықтарға сай шеберханалар мен дәрісханалар заманауи құралдармен жабдықталып, шетелдік жаңа ауыл шаруашылық техникаларымен толықтырылып, колледждің материалдық-техникалық базасы жаңартылды. «Жас маман» жобасының халықаралық серіктесі болып **Soprano Group (Финляндия)** компаниясы бекітілді. Soprano Group келесі функцияларды орындайды:

-техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының ағымдағы жағдайларын бағалау және оқу бағдарламаларын халықаралық стандарттарға сәйкестендіруге көмек көрсету;

-ТжКБ беру ұйымдарын салалық аккредиттеуге қойылатын талаптарды қамтамасыз ету және басқа да кеңестер беру.

«Жас маман» жобасы аясында 2020 жылдың 22.01 мен 26.01 аралығында колледжіміздің директоры Болат Жанәбіл және директордың өндірістік-оқу ісі жөніндегі орынбасары Ермахан Сарыпбеков, Финляндия мемлекетіне «*Финляндия тәжірибесі-білімді дамытудағы инновация, білім берудің заманауи әдістері мен технологиялары*» тақырыбында өткен Халықаралық семинар оқуына барып, сол мемлекетте орналасқан оқу орындары **OMNIA, CAREERIA, Helsinki** сынды колледждердің базаларымен танысып, «КАМАДА» Халықаралық іскерлік әріптестік орталығының сертификаттарын алып қайтты.

Алдағы уақыттарда колледждің арнайы пән оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлерінің біліктіліктерін шет мемлекеттерде арттыру және оқыту жоспарланып отыр. Осы жоба аясында директордың ӨОІЖ орынбасары Е.Сарыпбеков және арнайы пән оқытушысы Б.Айтмурзаева 2020 жылы желтоқсанның 07-29 аралығында Сингапурлық «**Nanyang Polytechnic internacional**» Орталығымен қашықтықтан онлайн форматта оқып, білімдерін жетілдіріп, сертификаттарын алды.

«Жас маман» жобасына енген екі мамандықтар бойынша «Талап» КЕАҚ әдістемелік ұсынымдары және шет мемлекеттік «Soprano Group» серіктестігінің нұсқаулығымен колледждің «Жол картасы» жасалынып, Халықаралық деңгейде танылған **American Society of Agronomy, (АҚШ)** орталығымен кеңестер мен келісім шарттар өткізіліп, осы орталықтардың

нұсқаулықтарымен жаңа оқу жылдарына арналған оқу жұмыс бағдарламалары жасалуда.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алған түлектер, колледж бен кәсіпорындар арасында жасалған меморандум, келісім шарттар негізінде аудандағы шаруашылықтарда өндірістік тәжірибеден өтеді. Колледждің негізгі өндірістік базалары **алпыстан астам** кәсіпорындар мен өндірістік кооперативтер болып табылады, олар: "Сары-Айғыр" ӨК, "Бастау-Ақсу" ШҚ, "Бирлашуев" ӨК, "Ақсай" ӨК, "Бидайшы" ӨК, "Жұмағали" ШҚ, "Қожамбай ата" ЖШС, "Қожабек Датқа" ӨК, "Ер қанат" ШҚ, "Диас" ШҚ, "Шолақ Қорған" ШҚ, "Мағжан" ШҚ, "Алан-А" ЖК, "Умбеталиев" ШҚ, "Абдиманат" ЖШС, «Султанкулов М.», "Бастау-Ақсу" ШҚ, "Ақсай" ӨК, "Қожабек Датқа" ӨК, "Ерқанат" ШҚ, "Диас" ШҚ, «CLObaI-GH» және т.б. шаруашылықтар.

Колледжді бітірген соң, түлектердің осы шаруашылықтарда және басқа да кәсіпорындарда одан әрі жұмысқа орналасу мүмкіндіктері қарастырылған. Колледж ұжымы, жұмыс берушілермен бірлесіп, болашақ мамандарды даярлау бойынша талап етілетін кәсіби құзіреттер жиынтығын әзірледі. Сондай-ақ, білім беру процесіне студенттерді даярлаудың жаңа оқу бағдарламалары әзірленіп жатыр. Теориялық және өндірістік-тәжірибелік оқыту барысында жаңадан алынған шетелдік техникаларын басқаруды, жалпы құрылысын, ТҚК және жөндеу, жұмыс істеу принциптерін толық үйрету қарастырылған. «Жас маман» жобасы бойынша алынған замануи техникалар мен өндірістік жабдықтар колледждер жұмысына академиялық еркіндік беріп, үлкен мүмкіндіктер ашады,- деп күтілуде.

Түркістан облысында, қазіргі таңда бірнеше жүздеген ірі өндіріс мекемелері, агроөндірістік кооперативтер мен кәсіпорындар жұмыс істейді. Олардың негізгі қызметі мерзімді пісіп, уақтылы өңделіп немесе сатылатын ауыл шаруашылық өнімдерін өндіретін шаруа қожалықтары мен тапсырыс негізінде қызметін жандандыратын кәсіпорындар болып табылады.

Студенттердің теориялық білімдерін практикамен ұштастыру үшін және колледждің есеп шотына қаржы түсіру мақсатында, аудан тұрғындарымен және кәсіпкерлерімен, өндіріс орындарымен келісім-шарттар түзіліп, жұмыстар жүгізілуде. Яғни аудан, ауыл тұрғындарының сұраныстарына орай егістік жер телімдерін жыртып, өңдеп және егу-ору жұмыстарына тапсырыстар қабылдап, қаржы табу жолдарын қарастырудамыз.

Колледж ішінде ауылшаруашылық саласы мамандықтары бойынша жыл сайын күз айларында, «Алтын күз» студенттер жәрмеңкесін ұйымдастыру дәстүрге айналған. Жәрмеңкеде болашақ фермерлер, піскен жеміс-жидектер мен көкөніс дақылдарын таныстырады, сатады, қаржылық сауаттылыққа үйренеді. Студенттердің оқудағы жетістіктері критерийлі бағалау механизмі арқылы анықталады. Колледждің арнайы пән оқытушылары мен ө/о. шеберлері «Кәсіпқор холдингі» Кәсіптік білім беру

орталығында - 2017 жылы мамыр айының 15 мен 26 аралығында, 72 сағат көлемінде «Модульдік-күзиреттілік тәсілдеме негізінде әзірленген техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыру» тақырыбында халықаралық талаптарға сәйкес біліктілігін арттыру курстарынан өтіп қайтты.

Колледжде студенттерге терең білім мен тәрбие алулары үшін барлық жағдай жасалған. Заман талабына сай жабдықталған, интерактивті тақталар қойылған, мультимедиалы кабинеттер мен тәжірибелік оқыту құралдары бар зертханалар жұмыс істейді. Оқу өндірістік практикаға арналған 63 гектар шаруашылық жер телімдеріміз бар. Студенттердің теориядан алған білімдерін практика жүзінде шыңдауы үшін 2020 жылы «Жас маман» жобасы бойынша сатып алынған Шетелдік «JOHN DEERE» астық жинайтын комбайны, үш «Беларусь 1025.2» тракторлары, «SAM 388» -жүк салғыш эксковаторы, өздігінен жүретін «Мещера Е-403» шөп шапқышы және қолданыстағы Ресейлік «Енисей -1200» комбайны, «МТЗ-82», «Т-28» тракторлары мен ГАЗ-53А, ЗИЛ-130 жүк автокөліктері мен оқу- жаттығуға арналған жеңіл автокөліктері қызмет көрсетеді. Түркістан көпсалалы-техникалық колледжінің педагогикалық ұжымының қатысуымен «Жас маман» жобасы аясында 2020-2021 оқу жылы «Фермер шаруашылығы күзиреттілігі» бойынша республикалық және облыстық деңгейде, жоспарға сәйкес көптеген іс – шаралар өткізіліп, жақсы бағасын алды. Болашақ тізгіні - білімді жастардың қолында десек, жас маман халықаралық талаптарға сай білім алған, жан-жақты, білікті, жаңа заманауи техникаларды меңгерген, болашаққа мақсат қоя білетін - тәуекелшіл болуы қажет. Қорыта келгенде, біздің мақсатымыз: оқу-тәрбие процессіне халықаралық тәжірибені енгізу арқылы, еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті, білікті маман карларын даярлау болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Ш.Жаңабаев, С.С.Арыстанғұлов. Агрономия негіздері. – Астана: «Фолиант» баспасы, 2010.
2. Н.Ж.Әліпбеков, Қ.М.Дүйсебаев, Ә.А.Байниязов. Ауылшаруашылық машиналары. – Астана : «Фолиант» баспасы, 2012.
3. Б.Бектасов. Тракторлар құрылысы. – Астана : «Фолиант» баспасы, 2013. «Талап» КЕАҚ Әдістемелік ұсынымдары.
4. «Кәсіпқор холдингі» КЕАҚ Әдістемелік ұсынымдары.

ЗАМАНАУИ ҚОҒАМДАҒЫ ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ НЕГІЗІНДЕ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Баязитова Адина Мәлікқызы
Жетісай қаласы. Ғ. Мұратбаев атындағы
Жетісай гуманитарлық-техникалық колледжінің
арнайы пән оқытушысы

Қай қоғамда болмасын білікті маман –халықтың қымбат қазыналарының бірі. Қазіргі жаһандану дәуірінде интеграциялық процестердің қарқынды дамуы жағдайында ұлттық білім саласы әлемдік білім кеңістігіне кірігусіз дербес дами алмайтындығын бүгінгі қоғам дәлелдеп отыр. Жаңа ғасырдың шынайы кілті саналатын сол жаһандану білім саласына мықтап еніп жатыр. Соның негізінде әлемдік экономиканың интеграциялануы, жаңа ақпараттық технологиялардың пайда болуы кең қанат жайды. Сондықтан, білім саласын модернизациялауда ұлттық инновациялық жүйені жасау адам іс-әрекетінің жаңа ғылыми және кәсіби бағыттарын айқындауды көздей отырып, кадрлар дайындаудың мамандандырылған жүйесін іске асыруды талап етеді.

Осындай алмағайып кезеңде елдің басым бағыттары мен ұлттың ұлы мұраттары кезең сипатымен өріліп, мемлекеттің алдына биік мақсаттарды шығаруда. Ұлы ғұлама жазушы М.О.Әуезов «Адам мен адамды, халық пен халықты теңестіретін нәрсе – білім» - деп айтқандай, тәуелсіз мемлекеттің нығаюы жолындағы басты қаруы білім екені белгілі болып отыр.

Кәсіби білім – кәсіби педагог болса ғана іске асырылады. Сондықтан оқытушылар қауымы кәсіптік оқу шеберлерін дайындау мәселелеріне көңіл бөлуі қажет.

Қазіргі заманғы техникалық және кәсіптік білім беру саласының жалпы мақсаттарына келесі жағдайларды жатқызуға болады:

-оқушылардың бірқалыпты өзгерістегі әлеуметтік-экономикалық жағдайларға әлеуметтік жағынан жан-жақты және тиімді үйренісуін қамтамасыз ету;

-маманның арнайы білімдерін, дағдыларын және кәсіби маңызды сапаларын қалыптастыру.

-практикалық дағдылар мен тәсілдерінің жеткілікті деңгейі;

-проблемаларды тұтас көре білуде бағыттарды еркін анықтай алу;

-жұмысты ұтымды ұйымдастыру жолдарын және менеджмент негіздерін білу

Мақсат жаңа қоғамдық жағдайларға сәйкес нақтыланып, қоғамның дамуымен қатар өзгереді. Демек, білім беру мақсаты қоғамның сол

кезеңіндегі даму талаптарымен белгіленеді және қазіргі заманғы қоғам жатақханасы талаптарына сәйкес кәсіпкер-маманға «әлеуметтік тапсырысқа» жауап береді.

Кәсіби мектептің жалпы мақсаты – тұлғаны жан-жақты, үйлесімді дамыту – білімділікті, тәрбиелікті, жалпы және кәсіби дамуды білдіреді. Осы мақсаттарды негізге ала, педагогикалық процесс үш негізгі өзара байланысты функцияны іске асыруға тиісті, олар – білім беру, тәрбиелеу және дамытушы болып табылады. Еліміздегі орта арнаулы білім орындары бұл мақсаттың үдесінен шығып келеді. Даярланып жатқан мамандар еңбек рыногында бәсекеге қабілетсіз деп айта алмаймыз

Педагогикалық процесстің Білім беру функциясы: оқушыларда ғылыми, техникалық, технологиялық және өндірістік білімдерді – фактілер, заңдар, заңдылықтар, теориялар, құбылыстар, процесстер жүйесін, ғылыми, политехникалық және арнайы кәсіби шеберлікті қалыптастыру; алынған білімдерді, дағдыларды және шеберлікті бекіту, жетілдіру, кеңіту және тереңдету болып табылады.

Болашақ мамандардың кәсіби іскерлігін жетілдірудің маңызды бағыты болып білім, ғылым, өнер, өндіріс және өнеркәсіптің байланысы саналады. Бұл бағыттың жүзеге асуы сабақтарда болашақ мамандардың шығармашылық даярлығымен байланысты. Олардың шығармашылығы үйірмелер мен кәсіптік бағыттағы дайындықтарда қалыптасады.

«Қазақстан – 2050» стратегиясында елбасымыз Н.Ә.Назарбаев “Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс.

Сондай-ақ балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды”- деген болатын.

Қазақ елі – әлемдік дамуда өз бағытын, биік мұратын айқындаған жас мемлекет. Қайбір дамыған мемлекетті алсаңыз, ел экономикасының негізі – орта кәсіп иелері. Сондықтан орта және шағын бизнесті дамыту – мемлекет алдындағы тұрған басты міндеттердің бірі. Мемлекет қазынасына салықты түсіріп, халықты жұмыспен қамтуға қол жеткізетін де – осы сала.

Педагогикалық менеджмент оқу-тәрбие, оқу-таным үрдісінің және білім берудің бүкіл жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған, оларды басқарудың принциптері, әдістері, ұйымдастыру нысандары мен технологиялық тәсілдерінің кешені. Педагогикалық менеджмент – бұл білім беру процесін басқарудың кешенді принципі мен технологиялық тәсілдер, ол тек білім мекемелеріне тиімді басшылықтың шығармашылық потенциалын көрстеіп қана қоймай, педагогтар, студенттер мен тыңдаушыларға да өзіне тән міндеттер ауқымын жүктейді.

Педагогикалық менеджмент функциялары
- жобалау - жоспарлау функциясы;

- ақпараттық - сараптамалық;
- мақсатты - мотивациялық;
- ұйымдастыру - орындаушылық;
- бақылау және бағалау;
- коррекциялау функциясы.

Осы функцияларды атқаруда педагогикалық менеджменттің негізгі міндеттеріне мыналар жатады:

- қарамағындағы қызметкерлердің жұмысын жоспарлау, яғни іс-қимыл стратегиясын әзірлеу; - басқару шешімдерін рәсімдеу, оқыту мазмұнына сай бағдарламалар мен жоспарлар әзірлеу, олардың орындалу мерзімі мен жауапты қызметкерлерді нақты белгілеу; - жиналыстар, педагогикалық кеңестер, семинарлар өткізу туралы нұсқаулар беру;

Білім беру процесінің астарында оны құраушы үш процесс бар:

Оқу-тәрбиелік, оқу- танымдық және өзіндік білім алу процестері.

Педагогикалық менеджмент анықтамасына қарап, кез келген оқытушы оқу - танымдық процесінің менеджері екенін көреміз (оларды басқару субъектісі ретінде) ал, орта білім беру мекемелерінің жетекшісі- жалпы алғандағы оқу-тәрбиелік процесінің менеджері (осы процесті басқаратын субъект ретінде).

Педагогикалық менеджменттің (білім беру процесін басқарудың теориясы, әдістемесі және технологиясы) өзіндік ерекшелігі және өзіне ғана тән заңдылықтары бар. Бұл ерекшелік ең алдымен өзіндік құралынан, қажеттілігінен, қаруынан және менеджер еңбегінің нәтижесінен көрінеді.

Менеджер еңбегінің құралы- білім беру процесіндегі басқарылатын субъектінің қызметі болып табылады. Еңбек қажеттілігі- ақпарат.Еңбек қаруы- сөз, тіл, сөйлеу.

Оқу-танымдық процесі менеджерінің еңбегінің нәтижесі: оқушылардың білім алу , тәрбиелену және даму дәрежелері болып табылады.

Тәжірибе көрсеткендей орта білім беру мекемелерінде білім беруді басқарудың төмен болу себебі- жүйеге немқұрайлықпен қарау. Ол осы жүйедегі бір-бірімен байланысты субъектілердің арасында қарама-қайшылық туғызады. Соның нәтижесінде субъекті және объекті болып бөлінеді.

Педагогикалық менеджмент тұрғысынан осы орта білім беру мекемелері жетекшілері мен оқытушыларының қызметі оқу-тәрбие, оқу-танымдық процесінің менеджері ретінде осы немқұрайлық пен шығармашылық арасындағы қарама-қайшылықты шешу болып табылады.

Педагогикалық менеджмент принципі дегеніміз – білім беру менеджерінің қызметіне тән маңызды талаптар мен ережелердің жиынтығы, басқарудың объективті заңдылықтарының көрінісі және жеке тұлғалар арасындағы психологиялық қарым-қатынасқа негізделген біртұтас педагогикалық процесс. *Педагогикалық менеджмент принциптері:*

- менеджменттің педагогикалық бағыттау принципі;
- менеджердің диагностикалық қызметінің нақтылығы мен мақсаттылық принципі;

- қызметтік мақсатқа лайықтылық принципі;
- басқару процесінің пәрменділік принципі;
- басқару қызметін өзара бөлісу принципі;

Орта білім беру мекемелеріндегі оқушылардың оқу-танымдық процестерін оқытушымен басқару проблемасын жақсартудың бірден-бір шарты олардың жете білушілігі мен оқытушыға лайықты кәсіби шеберліктермен қамтамасыз ету. Менеджмент субъектісі ретінде оқытушының жете білушілігі оның кәсіби функцияларын орындау даярлығымен, әлеуметтік құрылулармен үйлесімді бірлікте болуымен және оның психо-педагогикалық дайындалуымен сипатталады. Мұндағы ең бастысы – педагогикалық шеберлік.

Зерттеулердің негізінде «педагогикалық шеберлік» түсінігіне біз келесі мағыналарды кіргіземіз:

мұғалімнің оқу мақсаттарын, тәрбиелеудің және олардың диалектикалық өзара байланыста және бірлікте дамуын шеше білуі;

оқушылардың назарын аудару және оқылатын материалмен қызықтырып әкету;

оқушылардың жас және психологиялық ерекшеліктерін есепке алу, сонымен қатар олардың даму дәрежесін ескеріп сол негізінде дара және дифференцияланған күтіммен қамсыздандыру;

адамгершілікте және демократиялық негізде оқушылармен өзара қарым-қатынас құра білу;

ең қиын және оқушылардың күтпеген сұрақ қою кездерінде өзін жоғалтып алмау;

оқыту барысында теория мен тәжірибені біріктіре білу;

өз жұмысында алдыңғы жаңа педагогикалық ғылымдар мен тәжірибелерді сауатты қолдана білу;

«еңбек қаруын» пайдалана білу- сөзбен, сөйлеумен;

сыни ойлай білу және айқын белсенді позициялы болу, қиындықтардың алдында ойыннан қалыс қалмау және оқушыларға сөздердің органикалық бірлігін, сенімділікті және істі көрсете білу;

өз сабақтарын түрлендіре білу.

Педагогикалық менеджмент әдістері

- психо-педагогикалық әсер ету әдісі;
- әкімшілік басқару әдісі;
- экономикалық әдістер;
- қоғамдық пікір арқылы әсер ету әдісі.

Бүгінгі жасөспірімдерді білім берумен қатар, ұлттық дәстүрге тәрбиелеу басты міндет. Оның қайнар бұлағы – халықтық педагогикада. Халық педагогикасының негізгі көздеген мақсаты – өзінің бай тарихи тәжірибиесіне сүйене отырып, келер ұрпақты еңбекке, елінің ар-намысын қорғауға баулып, ізгі адамгершілік қасиеттерді бойына қалыптастыру, ойлану қабілетін

дамыту. Жастарды әсемдікті сезініп, түсініп, қадірлей білуге баулу эстетикалық тәрбие беру арқылы іске асырылады.

Халықтың өнерін игеру, жас ұрпақты еңбексүйгіштікке, әсемдікке талаптандырып, халқының тарихын біліп, мәдени мұрасын қадірлеп, дәстүрін жалғастыра білуге баулиды.

Сабакқа халық өнері туралы мағлұматтарды, іс-әрекеттерді кіріктіру қажеттілігіне сәйкес, техникалық технологиялық ұйымдастыру туралы ұқсастықтарды және экономикалық мағлұматтарды оқу материалына сәйкес қолдану қажет.

Қорыта айтқанда, жалпы білім беретін кәсіптік оқу орындарының оқу-тәрбие процесінде қазіргі педагогика ғылымының жетістіктерімен қатар халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан тәрбие тағылымдарын мақсатты түрде жүйелеп, ұлттық ерекшеліктерімізді ескере отырып, күнделікті тәрбие мен білім беруде жеке адамды қалыптастыруда шығармашылықпен пайдаланып отырудың маңызы ерекше. Оған қоса қазіргі заманғы техникалық және кәсіптік білім беру дегеніміз – елдің орта және шағын бизнесін алға дамытып қана қоймай, елдің экономикасын да тұрақтандыра түсетінін ұмытпауға тиістіміз. Елдің орта тап еңбекші өкілдері аяғынан тік тұрса, елдің еңсесі де көтеріліп, елде жұмыссыздық та жойылар еді. Ұлы Абай айтқандай адал еңбекпен жол тауып, адамзаттық игіліктерге өз өнімін ғана емес, адамгершілік биік мұраттарын қоюға да игі ықпалын тигізер еді.

Сөз соңында, алаш арыстарының рухани көсемі Ахмет Байтұрсыновтың:

Көп білмекке оқу керек,

Бай болмаққа кәсіп керек, - деген ұлағатты сөздерін еске ала келе, ұлылар ұлағатынан ұшқын алып ұзақ ғасырлар көшіне жол алған ел мұраттары өркендей берсін деп аяқтағым келеді.

Әдебиеттер:

1. Баймолдаев Т.М. Педагогический менеджмент и современное управление школой.-А:2001г
2. Менеджмент в управлении школой. Уч.пос / под.ред Т.И.Шамовой – М:2000г
3. Бердалиев К.Б., Өмірзақов С.П., Есенгазиев Б.К., Ергалиев Қ.Р. Басқару негіздері.-Алматы, 1997
4. Бердалиева Н., Байболенова Л.А., Балашо Қ.Т. Ақпараттық менеджмент негіздері.-Алматы,2000
5. Рахымбаев А. Б., Сабатаева Б.О. Менеджмент. Алматы,2006
6. Бабаев С.Б, Оңалбек Ж.К. «Жалпы педагогика» Алматы 2006.
7. С.Ш. Әбенбаев, А.М. Құдиярова, Ж.Ә. Әбиев «Педагогика» Астана 2003.

БЛУМ ТАКСОНОМИЯСЫН БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНУ ТИІМДІЛІГІ

Исматулаева Алия Муратовна
Түркістан облысы, Сайрам ауданы,
Ақсукуент ауылы Анвар Исмаилов
атындағы кәсіптік колледжі,
Арнайы пән оқытушысы

Бүгінгі күнде қоғам алдында тұрған басты міндет бәсекеге қабілетті, шығармашылық, үдемелі өзгерістер жағдайына тез бейімделуге дайын, өзін-өзі дамыта алатын, өз бетінше шешім қабылдай білетін қабілетті, кәсіби біліктілігі мамандарды дайындау. Осы қоғамдық талапқа сай кәсіби маман дайындауда олардың кәсіби шыңдалуына басымдық жасайтын кәсіптік және техникалық орта оқу орындарының атқаратын рөлі ерекше болып отыр.

Біздер колледж мамандары еліміздің бәсекеге барынша қабілетті маман даярлауда үздіксіз білім беру жүйесінің кез-келген сатысындағы білім беру мәселелерін барынша мән беріп, инновациялық технологиялар мен әлемдік жаһандану мәселелерін бәсекеге қабілетті маман даярлауға тиіспіз.

Қазіргі таңдағы білім беру сапасы оқушылардың түрлі іс-әрекеттер саласындағы негізгі құзыреттілік түріндегі білім беру нәтижелерінің жетістіктерімен түсіндіріліп отыр. Оқу әрекетін ұйымдастыруда жеке тұлғаның өзін-өзі таныту тетіктерін, ғылыми ойлау әдістерін, зерттеу мәдениетінің негіздерін игеруді, кәсіби мақсаттарын қалыптастыруды қамтамасыз ету қажеттілігі туындап отырғандығы баршамызға мәлім. Бүгінгі таңда педагогтің міндеті оқушыларды білім мөлшерімен жабдықтау емес, білімді өз бетімен алу үшін жағдай жасау болып табылады. Осыған орай, бүгінгі таңдағы бағалау жүйесіне орай білім беру ресурстарының (білім, білік, құзыреттілік) жеке жинақталуымен байланыстыра алатын оқушылардың білім беру нәтижелерін бағалауға тиімді тәсілді әзірлеу өзекті болып табылады.

Бастауыш сыныптарды Блум таксономиясын қолданудың аңыздылығы Блум таксономиясының сабақ мазмұнын меңгертудегі мақсаты – оқытудың неғұрлым тұтас нысанын құру. Жалпы алғанда, таксономия (грекше. taxis – орналасу, құрылыс, тәртіп және nomos – заң). Таксономия – олардың иерархиясын (белігілі бір құрылымдағы бірізділігін, реттелігін) құрастыру мақсатында берілген нысандарды нақты бір өлшемдер мен қағидалар бойынша жіктеу.

Бүгінгі таңда педагогтің міндеті оқушыларды білім мөлшерімен жабдықтау емес, білімді өз бетімен алу үшін жағдай жасау болып табылады. Осыған орай, бүгінгі таңдағы бағалау жүйесіне орай білім беру ресурстарының (білім, білік, құзыреттілік) жеке жинақталуымен

байланыстыра алатын оқушылардың білім беру нәтижелерін бағалауға тиімді тәсілді әзірлеу өзекті болып табылады. Менің ойымша, бұл мәселені Б. Блумның таксономиясы толық шешеді, өйткені таксономияның басты қағидаттарының бірі - ол мұғалім қолындағы тиімді құрал - оқыту нәтижелерін бағалаудағы тәжірибе болуы тиіс. Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан заманауи білім беру жүйесін дамытудың негізгі үрдістері болып келесілер табылады: - Білім берудің негізгі мақсаттарын анықтау кезінде «орталықтанған білім» тәсілінен бас тарту, ақыл-ой іс-әрекеттерінің тәсілдері мен білім, білік, дағды бойынша басымдылық бет бұру.

Блум таксономиясы - сабақ мазмұнын меңгертудің тиімді тәсілі. Дегенмен, әр мұғалім сабақ жоспарлағанда өз пәнінің ерекшеліктерін ескеруі қажет. Бастауыш сыныпта, кез-келген пәннің оқушының сыни ойлау, өз ойын жаттанды емес, өз сөзімен еркін жеткізе алу, өз жауабына сенімді болу қабілеттерін ашуымыз керек. Кембридж тәсілімен оқыту Блум таксономиясына негізделіп жоспарланады. Таксономия құрылымның сабақ жоспарының жүйелілігін білдіреді. Блум таксономиясының негізін салушы американдық психолог, педагог, профессор Бенджамин Блум. Ол сабақ құрылымын алты деңгейге бөліп қарастырады. Олар: білу, түсіну, қолдану, талдау, жинақтау, бағалау. Сабақтың жалпы мақсатынан басқа әр деңгейге мақсат пен күтілетін нәтиже, сондай-ақ, әр деңгейдің тапсырмасына критерийлер мен дескрипторлар қойылады. Бұл оқушының әр деңгейде белгілі бір нәтижеге қол жеткізіп, білім деңгейін бақылап отыру үшін қажет. Мысалы, сабақты жоспарлағанда білу деңгейінде тақырыпты оқушылардың өзі анықтау мақсатында түрткі болатындай тапсырмалар, сұрақтар немесе 5минуттық бейнероликтер көрсетуге болады. Білу деңгейінде көбінесе формативті бағалауды қолданған жөн. Себебі, формативті бағалау оқушыны білім алуға, өз бетінше жұмыстануға ынталандырады. Мысалы. «Екі жұлдыз, бір тілек», «Бағдаршам», «Қолмен белгі» т.б әдістер мен «бәрекелді, өте жақсы, жарайсың» деген сөздермен бағалауға болады.

Одан әрі оқушы танып, білгенін, тақырыптың мазмұнын түсіну мақсатында Блум таксономиясының түсіну деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды. Түсіну деңгейінде оқушы тақырып бойынша өз бетінше немесе топтасып бір тұжырымға келеді. Яғни, тақырыптың не туралы екендігін түсінеді. Оқушылардың түсіну деңгейін анықтау үшін критерийлер мен дескрипторлар қоямыз. Тапсырмаға қойылатын критерии мен дескрипторларды құрастыруды бірінші оқушылардың өзіне де ұсынуға болады. Критерий мен дескрипторларды мұғалім өзі құрған жағдайдың өзінде де, оны оқушыларға таныстырып, оқушылардың да көзқарасын білуі керек.

Блум таксономиясының үшінші деңгейін қолдану. Ендігі кезекте, түсінген білімін күнделікті өмірмен ұштастырып, дәлелді мысалдар келтіріп, қолдану аясы туралы жазып не айтып беруі керек. Оқушы ойлана білу, ойын

жеткізудегі тосқауылдарға кездеседі. Олар: сөздік қорының аздығы, жазу сауаттылығы мен сөйлеу сауаттылығының сәйкес келмеуі. Яғни, бір бала ойын жазып жеткізсе, ал енді бірі ауызша жеткізеді.

Осы алғашқы білу, түсіну, қолдану деңгейлері пәндік деңгей болып саналады. Одан әрі талдау, жинақтау, бағалау деңгейлерінің тапсырмалары дарынды оқушыға негізделеді. Сабақтың талдау деңгейінде бүгінгі алған білімдерінің тиімді, тиімсіз жақтары туралы сараптайды, ойларын дәлелдейді. Оқушы жинақтау деңгейінде алған білімін эссе жазу, ассоциация, Түрлі әдіс-тәсілдер арқылы жинақтап, өз көзқарасын, өз тұжырымын жасайды. Блум таксономиясының соңғы деңгейі бағалау. Бұл деңгейде әдеттегісінше, оқушыны мұғалім бағаламайды, керісінше, оқушы өз жұмысының нәтижесі туралы рефлексия жасайды. Ал сабақтың нәтижесін мұғалім бағалау парағына қойылған ұпай санына байланысты анықтай алады. Сабақ соңында рефлексия жасау арқылы оқушы өз білім деңгейін анықтаса, мұғалім келесі сабағын қалай жоспарлау керектігін біле алады. Осы мақсаттарға жету үшін, алдымен сыныпта ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру қажет.

Мақсат пен бағалау арасындағы байланыс

Мақсаттар	Нақты мақсаттардың эталондық көрсеткіштері	Ұпай
Білу:	Оқыған материалды есте сақтап, қайталап айтып беру	2
	1.Пайдаланылған сөздіктер мен түсініктерді білу	0,5
	2.Нақты фактілерді (мәліметтер мен деректер) білу	0,5
	3.Негізгі ұстанымдар мен ережелерді білу	1,0
Түсіну:	Берілген материалды өз сөзімен басқаша жеткізе алу	4
	1.Ұстаным, ереже, фактілерді түсіну	0,5
	2.Мәтінді басқа формада жеткізе алу	1,0
	3.Нәтиженің келешегін болжамдай алу	2,5
Пайдалану:	Материалды жаңа жағдайда пайдалану	6
	1.Әдіс-тәсілдерді орнымен қолдану	1,0
	2.Нақты жағдайда заңдылықты орнымен пайдалану	2,0
Талдау:	3.Ұстаным, ережелерді жаңа жағдайда қолдана алу	3,0
	Материалды негізгі компоненттерге жіктей білу	8
	1.Жасырын болжамды айқындау	2,0
	2.Өрбу логикасында жіберілген кемшіліктерді көре білу	2,5
Жинақтау:	3.Фактілер мен салдар арасындағы айырмашылықты ажырату	3,5
	Алған біліміне сүйене отырып, ойды жинақтап, түйін түйю	10
	1.Болжам жасау	2,5

	2.Эксперимент жоспарын құру	3,0
	3.Проблеманы шешу жобасын (проект) жасау	4,5
Бағалау:	Оқыған материалдың құндылығын бағалау	12
	1.Материалдың қажеттілігін айқындай білу	6,0
	2.Жасалған қорытынды жарамдылығын бағалай білу	6,0

Қазіргі таңда, студенттерді теориялық біліммен қаруландырып,практимен ұштастырып жатырмыз. Педагогикалық мамандықтарға бүгінгі күннің елімізде білім беру жүйесіне қойылып отырған талаптардың бірі ол «Жаңартырылған білім беру мазмұнын бағдарламасын меңгеру». Колледж студенттеріне арнайы пәндерді оқытқан кезеңнен бастап, мемлекеттік жалпыға міндетті білімнің стандартымен бағдарламасын, оқулықтар, оқу жоспарларын, білім берудің мазмұны меңгерілу керек. Осыған орай, Блум таксономиясы тәсілін бастауыш білім беру мамандығы студенттеріне эксперименттік топ ретінде алып ,іс-тәжірибе процесімен ұштастыра отыра жұмыс жасау болып отыр.

Қорыта келетін болсам, қазіргі заманғы ақпараттық технология ауқымды даму кезінде заман талабына оқытудың тиімді әдістерін пайдалану, Блум таксономиясы теориясы туралы демонстрациялап , тәжірибе алмасу, шешімін табу педагогикалық шеберліктің көрінісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Мұғалімге арналған нұсқаулық. ҚР орта білім мазмұнын жаңарту аясында қазақ тілінде оқытатын мектептердің қазақ тілі мұғалімдерінің біліктілігін арттыру бағдарламасы, Назарбаев Зияткерлік мектептері ДББ, 2015.-24 б. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші (негізгі) деңгей «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012. - 306 б.
2. Бағалау саясаты. Астана қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі. – 2014. <http://www.nis.edu.kz/>.
3. Срт. Кз. Үшінші негізгі деңгей. Бірінші бетпе-бет, 3 апта, 1 күн ресурстары.
4. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан - 2030» Ел президентінің Қазақстан халқына жолдауы «Барлық Қазақстандықтардың өсіп өркендеуі, қауіпсіздігі және әлауқатының артуы». Алматы: Дәуір, 1997
5. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы // Егемен Қазақстан Астана, Ақорда, 2007
6. Қисымова А.Қ., Нұрланов Е.Б. Біртұтас педагогикалық процесте сабақтың технологиялық картасын құрудың үлгісі. // Әлеуметтік жаңғырту жағдайында білім беру жүйесін жетілдіру. Халықаралық ғылыми практикалық конференциясының материалдар жинағы.(Астана, 6-7 желтоқсан, 2013). Б.341

WORLD SKILLS КРИТЕРИЙЛЕРІН АРНАЙЫ ПӘНДЕРДЕ CLIL ӘДІСТЕМЕСІ АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Калмурзаева Злиха Абдуовна
Түркістан облысы, №17 колледж

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан -2050» жолдауында «Басқа адамның этносын төмендетіп, өз этносыңды көтеру мүмкін емес. Мен сондықтан үш тіл туралы айтып отырмын. Әр тіл-бұл адамның байлығы. Қазақстанда мемлекеттік тіл-қазақ тілі. Көршіміздің тілі-орыс тілін білуіміз керек. Ағылшын тілі-әлемдік тіл, ол әлемдік аренаға шығу үшін қажет. Әлемде басылып шығатын 10 млн.кітаптың 85 % - 90% -ы ағылшын тілінде шығады. Ғылым, ақпараттық технологиялар-бәрі ағылшын тілінде. Қазақстанда 3500 шетелдік компания жұмыс істейді. Біз олармен қай тілде сөйлесетін боламыз? Әкеліп жатқан жабдықты қай тілде енгізетін боламыз»- деген болатын.

Ж.Аймауытов кезінде: «Пәнді оқытумен бірге әр пән тілді игеру әрі жетілдіруге бағытталуы тиіс. Баланы тілді дұрыс қолдануға үйрету - әр мектеп, әр мұғалімнің басты мақсаты. Оқытуды пәнді оқыту және тілді оқыту деп бөлуге болмайды» - деп жазған.

Әрине үштілділік білім барысында орыс тілін үйрену аса қиындық туғызбайды, себебі орыс тілі қала жастарына етене сіңіп кеткен. Ал, ағылшын тілін білу -еңбек нарығына және әлемдік кеңістікке еркін кіру, бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету деген сөз.

Кәсіптік және техникалық білім беру саласында арнайы пәндерге келетін болсақ, ағылшын тілінде оқыту тәжірибесін Венгрия, Испания, Чехия, Тайвань және Финляндия елдері қолданып келеді. Ағылшын тілін меңгерген қайсыбір мамандық иесі алыс-жақын шет ел тәжірибесін де жылдам меңгереді, әрі мықты әлемдік деңгейіндегі кітаптарға қол жеткізе алады.

Әсіресе жұмысшы жастардың World Skills әлемдік чемпионатына қатысып, ол жақта қойылып отырған талаптарды жетік түсініп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жету мүмкіндігіне ие болады, әрі қолына диплом алған жас маман шет елдердің ірі компанияларында жұмыс жасай алады.

Елімізде халықаралық стандарттарға бағытталған кәсіби кадрларды даярлау мақсатында жыл сайын WorldSkills чемпионатын өткізіп келеді. ТЖКБ мекемелерінің оқу үдерісіне WorldSkills стандарттарын ендіру -қазіргі таңда уақыт күттірмес қажеттілік болып табылады.

WorldSkills чемпионатының тапсырмалары жыл сайын өзгеріп отырады, кейбір тапсырмалар ағылшын тілінде беріледі, сол себепті білім

алушылар әлемдік дәрежедегі сайыстарға қатысуы үшін кәсіптік ағылшын тілі пәнін де жетік меңгеруі тиіс.

WorldSkills чемпионатының стандарт талаптарын меңгеруде «CLIL» технологиясы- үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі болып табылады.

CLIL дегеніміз не? CLIL не үшін керек?

CLIL бағдарламасы- Content and Language Integrated Learning (Контент энд Лангуэдж Интегрейтед Лернинг)

Content – предметно- пәндік

Language – языковое- тілдік

Integrated – интегрированное- кіріктіре

Learning- обучение- оқыту.

Content and Language Integrated Learning - пән мен тілді бір-бірімен кіріктіру арқылы сабақ өту.

Бағдарлама әсіресе арнайы пәндерді оқыту мен жұмысшы мамандарын даярлауда тиімділігі жоғары.

CLIL – акронимі 1990 жылдары пайда болды. Финляндияның тілдерді дамыта оқыту университетінде жұмыс істейтін Дэвид Марш деген оқытушы 1994 жылы CLIL технологиясын іске асырды, себебі, Марш Австралияда дүниеге келген, Ұлыбританияда тәрбиеленген, Финляндияда жұмыс істеген. Ол тілдерді араластыра оқудың тиімділігін көрсеткісі келіп, осы бағдарламаны ұсынды.

CLIL әдістемесі анау айтқан жаңалық болған жоқ, себебі, кіріктірілген сабақтар бізге бұрыннан таныс, бірақ арнайы пәндерді тіл пәндерімен кіріктіру арқылы нақты мақсатқа жетуді көздеді.

CLIL бағдарламасының мақсаты- пәнді шет тілі арқылы оқыту, тілдік қарым-қатынас орнатуды жеңілдету болып табылады.

CLIL бағдарламасы- өз мамандығына қарай шет тілінде қарым-қатынас жасауға, болашақ түлектердің шет мемлекеттерге шығып, жұмыс жасай алу мүмкіндігіне ие болу деген сөз. CLIL әдісі– оқытушының сөйлеуін азайтып, керісінше студенттердің бір-бірімен сөйлеу дағдысын қалыптастырады.

CLIL бағдарламасының міндеті:

- Пәнге байланысты студентке жаңа ұғымдар мен идеяларды таныстыру.
- Студенттің пән мен тілді қатар меңгеруін қамтамасыз ету.
- Екінші тілде сөйлеу сенімділігін арттыру.
- Сабақта пән мазмұнын алдыңғы қатарға қою.
- Сабақта екінші тіл оқу жоспарына және студенттің қабілетіне орай жоспарлау.
- Түрлі ойлау қабілетін арттыратын тапсырмалар беру.
- Студентке тіл мен пәнді қатар меңгеруі барысында қолдау көрсету.
- **Артықшылықтары:**
- Білім алушылар бір-бірімен шет тілінде сөйлесу қабілетін арттырады.
- Студенттердің мәдениаралық білімі көтеріледі

- Студенттің ойлау және шығармашылық қабілеті дамиды.
- Білім алушылардың сенімділігі мен ынтасын жоғарылатады.
- Шет тілін білуге қызығушылығы артып, оны әр түрлі жағдайда қолдану маңыздылығы артады.

CLIL бағдарламасы- өз мамандығына байланысты терминдердің аудармасын білумен қатар іскерлік қарым-қатынас жасауда яғни, мәтін немесе термин сөздің тыңдалымы, айтылымы, жазылуы мен оқылуы барысында үлкен роль атқарады.

CLIL әдістемесін қолдану:

- Мүмкіндігінше сөйлеу белсенділігінің барлық түрлері сабақта (CLIL) болуы керек.
- Оқытушы сабақты жоспарлай алады, кейбір материал аудио мәтін түрінде ұсынылуы мүмкін және оқытудың іздеу әдістері арқылы, диалог пен әңгіме арқылы материалды түсінуге болады.
- Тыңдалым жазылыммен біріктірілуі мүмкін (кестелерді толтыру, диаграмманы құрастыру, кемшіліктерді қалпына келтіру).
- Оқу материалдарын таңдағанда, жас ерекшеліктеріне және студенттердің тілдік дайындық деңгейіне сәйкес келетін түрлі стильдердің түпнұсқа мәтіндерін таңдау керек.
- Сондай-ақ, аудио және бейне материалдарын пайдалануға болады.
- Мәтіндер кішігірім бөліктерге бөлініп, иллюстрациялар, диаграммалар, карталар және т.б. бірге жүрсе, жақсы қабылданады
- Оқу материалы екі мақсатқа қол жеткізуге тиіс: тақырып және тіл қолдану мүмкіндігі

Арнайы пәндерді ағылшын тілінде оқыту барысында кездесетін қиындықтар мен кедергілер:

- Оқыту материалдарының жетіспеушілігі
- Білім алушылар мен оқытушылардың ағылшын тілін төмен деңгейде білуі
- CLIL бағдарламасын қолдану барысындағы материалдық тосқауылдар, яғни термин сөздердің дайын аудармасының тапшылығы
- Интернет желісінің төмендігі, компьютерлік заманауи жүйелі бағдарламалардың қолжетімсіздігі т.б.
- Оқытушылар тарапынан ынталанудың төмендігі, уақыт тапшылығы.

Арнайы пәндерді оқыту барысында біз кіріктірілген сабақтарды өтіп жүрміз, бірақ өз практикада арнайы пәнді физика, химия, биология, математика пәндерімен кіріктіріп өткенім бар.

Ал, қазіргі **CLIL**-ді қолдануға жүрексінеміз, себебі, ағылшын тілін меңгермеуіміз кедергі.

Бірақ, бұл әдістеменің артықшылығы - тілді соншалықты жетік меңгермесек те, қажетті терминдерді аудару арқылы, сол терминдерді сабақ барысында үзбей қолдану арқылы өту мүмкіндігінде болып отыр.

Ағылшын тілін меңгеру мәселесі уақыт еншісінде, демек педагог кадрлар алдағы уақытта ағылшын тілін міндетті түрде меңгеретін боламыз, бұл-заман талабы.

Модуль бойынша немесе бір модульге кіретін бірнеше пәндермен біріге отырып, сабақ жоспарын түзу барысында **CLIL бағдарламасының BOPPPS әдісімен жоспар жасауға болады.**

BOPPPS моделі - Қытай, Ұлыбритания, Канада сияқты дамыған елдерде пайдаланылатын сабақты жоспарлаудың тиімді әдісі.

Қазіргі кезде осы модель бойынша Назарбаев зияткерлік мектебі мен Атырау АРЕС Petrotechnic School мектептері сабақ өтуде.

Сабақты жоспарлау әдетте 3 кезеңнен тұрады.

CLIL бағдарламасында сабақты BOPPPS әдісімен жоспарлау кезінде осы кезеңдер міндетті түрде сақталады.

Сабақ жоспары - бұл оқытушының негізгі жұмыс құжаты, яғни сценарий сияқты, ол нақты, түсінікті, қысқа болуы керек.

BOPPPS моделімен жасалған сабақ жоспары да 3-кезеңнен тұрады:

Кіріспе бөлім- (көпір орнату, міндетін, күтілетін нәтижені анықтау, белсенді топтарды алдын-ала бағалау)

Негізгі бөлім- (белсенді оқыту кезеңі)

Қорытынды бөлім- (бағалау және қорытынды шығару)

BOPPPS моделімен жасалған сабақ жоспарының үлгісі

Әріптер	Мағыналық атауы	Сипатталуы
B	<u>B – Bridging-in- Көпір орнату байланыс орнату 10мин</u>	Студенттердің назарын аудару, ұйымдастыру кезеңін тақырыпқа байланыстырып тиімді пайдалану. Тақырыпты ашуға өздерін бағыттау, сюжеттер, роликтер көрсету, жетелеу тапсырмаларын беру, т.б.
O	<u>O – Outcome- Міндеттер мен оқытудан күтілетін нәтиже 2 мин</u>	Сабақтың мақсатын, міндетін түсіндіру, анықтау, сабақ соңында не білуі, не жасай алуы керектігін нақтылап алу. Белгілі нәтижеге қол жеткізетіндерін міндеттеу. Сабақ соңында біледі, бағалайды және жасайды.
P	<u>P – Pre-assessment – Алдын ала бағалау 10 мин (BOP- Кіріспе бөлім)</u>	Студенттің қызығушылығын анықтау Ақпарат көзі болатын студенттерді іріктеу (арнайы тапсырма беру) Ұқсас жағдайларды ортаға салуға мүмкіндік беру Ішінара ерекшеленген студенттерді бағалап үлгеру (үй тапсырмасы)
P	<u>P – Participant by Learning – Белсенді оқыту (Негізгі бөлім)</u> Күтілетін нәтижеге қол жеткізуге арналған қажетті ресурстар <u>https:// 20 мин</u> Бекіту бірге өтеді	Оқу үрдісіне оқытушының үлес қосуы (аз сөйлеу) Тақырыпты студенттің көмегімен түсіндіру (шектеу қоймау) Пікір алмасу, ортақ шешім шығару Студенттермен бірлескен жұмыс жасау үшін түрлі АКТ, ойын элементтерін, кері байланыс әдістерін пайдалану (оқытушы шеберлігі)
P	<u>P – Post-assesment ПОСТ-бағалау 2 мин</u>	<u>ПОСТ-бағалау екі сұраққа жауап береді</u> 1. Студент нені зерделеді? 2. Мақсатқа жетті ма?
S	<u>S – Summary-Қорытынды</u>	Жұмысы үшін студенттерге және оқытушыға алғыс білдіру Үй тапсырмасын беру

Қазіргі заманауи талапқа сәйкес өзіндік көзқарасы бар, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны қалыптастыру оқытушылар үшін маңызды мәселе. Осы мақсатта заман талабына сай болашақ мамандарды даярлауда оқыту үдерісінде пәндік – кіріктіру қажеттілігі туындауда. Бұл бағдарлама әсіресе арнайы пәндерді оқыту мен жұмысшы мамандарын даярлауда тиімділігі жоғары. Әсіресе жұмысшы жастардың WorldSkills әлемдік чемпионатына қатысып, қойылған талаптарды жетік түсініп, өз ойын толық жеткізе алатын дәрежеге жету мақсатында қолданылатын CLIL технологиясы – бұл мәселені шешудің негізгі тәсілдерінің бірі.

Осы орайда ТЖКББ педагогтарына зор жауапкершілік жүктеп отырғандығы белгілі. Үштілділік білім беру жүйесін енгізу жағдайында колледждердің барша педагогтарына сәттілік тілеймін.

Пайдаланылған әдебиет:

1. Елбасы Н.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 » 2012 жылғы жолдауы.
2. «Арнайы пәндерді (модульдерді) ағылшын тілінде CLIL, TBLT әдістемелері және BOPPPS моделінің интеграциясы негізінде оқыту» бағдарламасы бойынша техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогикалық қызметкерлері мен оларға теңестірілген тұлғаларының біліктілігін арттыру курсының тыңдаушысына арналған нұсқаулық.


ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ КЕЗІНДЕ «GOOGLE ФОРМАЛАРЫ МЕН ВЕБ-СЕРВИСТЕРДІҢ ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ»

Оразимбетов Сакен Есбердиевич
Директордың ақпараттық технологиялар жөніндегі орынбасары
Келес ауданы, Абай ауылы, «№13 колледж» МКҚК

Қашықтықтан оқыту технологиясын қолданып білім берудің мақсаты - білім алушылардың мүмкіндіктерін ескере отырып, әртүрлі платформаларды қолдану арқылы оқыту, білім алушы мен мұғалім арасында кез келген форматта өзара файлдармен алмасу. Қашықтықтан оқыту кезеңінде әр мұғалім өз шеберлігіне қарай түрлі платформаларды қолдану арқылы оқытуды жүргізіп келеді. Ол платформалардың қайсысы болмасын ақпаратты білім алушыға ыңғайлы және түсінікті түрде жеткізуге, олармен диалог жүргізуге және кері байланыстар жасауға өте тиімді. Қашықтықтан оқыту кезінде кері байланыс жасауда және оқушылардың білім деңгейін анықтауда Google формалары веб-сервистерін қолдану, ақпараттық-технологиялық


құрылғыларды және ғаламтор желісін қажет етеді. Оқушылардың оқуын өз бетінше дамыту және қамтамасыз ету үшін көп мүмкіндіктерге ие және оқушы мен мұғалім арасында кері байланыс бере алатын негізгі құралдардың бірі. **Веб-сервистер** тарау аяқталғанда бөлім бойынша және жарты жылдық, жылдық жиынтық бағалау өткізуде өте қолайлы құрал және тест жұмыстарын (бір дұрыс жауаппен және бірнеше дұрыс жауаптармен) сәйкестендіру тапсырмаларын өткізуге, оқушыларға белгілі бір тақырып бойынша жазба жұмысын жаздыруға, бақылау жұмыстарын орындатуға ыңғайлы құрал болып табылады. Сонымен бірге бұл **сервистер** қағазбастылықтан құтқаратын бірден бір құралдар.

Google Classroom - бұл Google компаниясының білім беру саласындағы ең жаңа өнімдерінің бірі және ол көптеген оқытушылардан жағымды пікірлер алды. Бұл оқытуды басқару жүйесі, ол тапсырмаларды сандық түрде құруға және басқаруға, сондай-ақ студенттерге кері байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Google Classroom әсіресе білімге арналған Google Apps-пен жұмыс істейді, өнімділікке арналған құралдар жиынтығы (Drive, Docs, Gmail және т.с.с.), сіз қазірдің өзінде колледжде қолдана аласыз. Google Classroom білім беруге арналған Google Apps пайдаланушыларына да, тәжірибелі қолданушыларға да пайдалы. Мұнда қарапайым, оңай басқарылатын интерфейс бар, ол көптеген мұғалімдерді қызықтырады. Егер сіз студенттік жұмысты басқару үшін құжаттар мен Google Drive қалталарын қолдануды бұрыннан біліп жүрсеңіз, Google Classroom сізге бұл процесті жеңілдететініне таң қалуыңыз мүмкін. Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылармен кері байланыс жасау үшін тиімді құралдардың бірі - Google формалары. Google формалары - Google Дисктегі ең танымал функциялардың бірі.



Google формаларымен жұмысты бастамас бұрын міндетті түрде *google-де* аккаунт (*gmail.com*) пошта ашып алу керек. Google парақшасына ашып, сол жерде *gmail.com* почтаға кіру керек. Таңдау торларын бассaq, сол кезде бізге Google –дің негізгі сервистерінің тізімі ашылады. Диск сервисін таңдау керек, егер сіз бұрын қолданбаған болсаңыз, орнатуға рұқсат сұрайды. Ол сіздің құжаттарды өзіңіздің құрылғыда да және бұлттық кеңістікте сақтау

үшін қажет. Дискіге кіргеннен кейін сол жақ жоғары бұрыштан **Создать** батырмасын басамыз. Шыққан контекстік мәзірден **Форма** сервисін таңдап, форманы баптауға көшеміз. Бастапқыда Google формасы **Новая форма** деп ашылады Әуелі формаға атау беріледі.








Сипаттау бөліміне қосымша мәліметтер енгізуге болады. Мен жиынтық бағалауға сәйкес оқу мақсаттарын жаздым. Форманың атауын кейін де өзгертуге болады. Тақырып бөлімінің оң жағында көрініп тұрған белгішелер арқылы сұрақ қосу, сұрақты импорттау, сипаттама атауын қосу, сурет қосу, бейнематериал қосу, бөлім қосу әрекеттерін орындауға болады. Сұрақ қосу кезінде сұрақтарды толтыру формасы ашылады. Сұрағымызды жазғаннан кейін, оған қандай формада жауап алғымыз келсе сол форманы таңдаймыз. Берілген сұрақ немесе тапсырмалар түріне қарай жауаптардың белгілену түрлері таңдалады. Сонымен қатар жауаптарды сурет, бейнематериал түрінде қабылдауға болады. Ол үшін білім алушының да gmail.com арқылы аккаунт ашуы міндеттеледі. Егер сұрақтың немесе тапсырманың жауабы міндетті түрде жазылу керек болса **Обязательный вопрос** чек-боксын түртіп батырманы айқындау керек.

Енді келесі сұрақтарды енгізу үшін + батырмасын шерту керек. Сұрақтардың арасына сурет, бейнекескін, диаграмма, кесте және т.б. орналастыру қажет болған жағдайда **Вставка изображения** батырмасын басу арқылы орындауға болады. Барлық сұрақтар мен тапсырмаларды, оларға сәйкес жауаптарды орналастырып болған соң **Просмотр** арқылы форманың түрін қарап алуға болады.

Форманың дұрыс толтырылғанын қарап өткеннен кейін, ол форманы орындау үшін білім алушыға жібере беруге болады. Ол үшін **Отправить** батырмасын қолданып, дайын форманы жеке оқушының электрондық поштасына жіберуге болады немесе сілтеме арқылы топтардың чаттарына жіберуге болады. Сілтемесін алу үшін **Короткий URL** хабарламасының тұсына белгі қою керек.

Отправить ×

Сбор адресов электронной почты

Как отправить:     

Ссылка

<https://forms.gle/8PwT3ozVimKPHs7XA>

Короткий URL

Отмена Копировать

Бұл жасалған форманың нәтижесін басқа әріптестерге өз жұмыстарына қолдануға мүмкіндік беруге де болады. Ол үшін - **Google Дисктегі** қажетті форманы таңдап, тінтуірдің оң жақ батырмасын басу арқылы контекстік мәзірден **Ссовместный доступ** бөлігін таңдау керек.

Оқушылар орындап болған соң, жауаптар бөлімін басу арқылы барлық жауаптардың нәтижесіне болады немесе әр оқушының мәтіндік жауаптарын жеке қарап шығуға болады. Сұрақтардың түрлеріне қарай оқушының жауаптарын тексеріп, қолмен тексерілетін жауаптардың қорытындысын хабарлау үшін оқушылардың электронды поштасының да қажет екендігін ескерген жөн. Жауаптары автоматты түрде тексеріліп, оқушыға дереу хабарлануы үшін **Настройки** батырмасын басу арқылы баптау жасау керек. Жауаптардың нәтижесін Google таблицаға орналастыра отырып, қолдануға ыңғайлы етіп Excel бағдарламасына аударып алуға болады. Google формаларының мүмкіндіктері тек мұнымен шектелмейді, жұмыс жасау барысында басқа да артықшылықтарына көз жеткізуге болады.

Ғаламтор арқылы осындай өзімізге қажетті де пайдалы осындай сервистердің көмегімен өз уақытымызды тиімді пайдалана аламыз деп ойлаймын. Қорыта келе айтарым, мұғалім тек өз пәнін жетік біліп қана қоймай, ақпараттық технологияларды үйренеді әрі меңгереді. Бұл – қазіргі заман талабы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. [www. google.com](http://www.google.com)\ сайты
2. <https://books.google.ru>\ сайты

ДЕМОНСТРАЦИЯЛЫҚ ЕМТИХАН – ТЖКБ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ТҮЛЕКТЕРІН ЖАҢА ФОРМАТТА ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ

Салыбекова Светлана Куанышбековна
Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжінің
«Азық – түлік тағамдарын өндіру технологиясы»
кафедрасының арнайы пән оқытушысы, Шымкент қаласы

Қазіргі таңдағы жаһандану мен индустрияландыру жағдайында экономиканың барлық салалары үшін кадрлар даярлау мәселесі еліміз үшін өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. Барлық дамыған елде өндіріс пен бизнес үшін кадрлардың негізгі техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесі болып табылады.

Нәтижеге бағытталған қазіргі білім беру жүйесінде оқытудың мақсаты мен міндеттері қажетті еңбек функциялары мен еңбек нарығына қойылатын талаптардың проекциясын түсіндірудің маңызы зор. Қазір кәсіптік білім беру жүйесі оқу нәтижелерінің сапасын бағалау, кадрларды даярлаудың жүйесінің маңызды бөлігі ретінде қарастырылуда.

Техникалық және кәсіптік білім беру (ТЖКБ) жүйесінде бағдарламалар мазмұнына, педагогикалық технологияларға және оқыту әдістеріне қойылатын талаптардың артуына байланысты оқыту нәтижелері мен алынған кәсіптік құзыреттерді бағалаудың қазіргі заманғы құралдарына сұраныс та өсуде.

Бағалау теориялық білім мен практикалық дағдыларды интеграцияланған диагностикалауға бағытталады.

Оқыту нәтижелерін бағалаудың мысалы ретінде тікелей еңбек қызметін орындауды көрсетуге және практикалық міндеттерді шешуге бағытталған WorldSkills халықаралық қозғалысының құралдарын келтіруге болады, оны талап етілетін деңгейдегі құзыреттердің болуын бағалау мақсатында тәуелсіз тұлға бақылайтын жұмыс орнында да келтіруге болады.

Бүгінгі түлектер алған теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алуға, өндірістік тапсырмаларды орындай алуға жұмыс берушілер алдында өз ісінің мамандары екендігін көрсете алатындығын, жас жұмысшының дайындық деңгейі мен кәсіби біліктілігін бағалау форматы, бұл демонстрациялық емтихан. Демонстрациялық емтихан – жаңа форматтағы қорытынды аттестаттау.

Демонстрациялық емтихан – WorldSkills талаптары бойынша нақты қызметтер мен өндірістік процестерді модельдеу жағдайында практикалық

дағдыларды, білім мен дағды деңгейін көрсету және тәуелсіз сараптамалық бағалау рәсімін көздейтін ТЖКБ ұйымдары түлектерінің біліктілік емтиханын немесе қорытынды аттестаттауын өткізу нысандарының бірі.

WORLDSKILLS талаптары – бұл құзыреттіліктер бойынша стандарттардың ерекшеліктеріне сәйкес кәсіби шеберлікті бағалауға негізделген іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу рәсіміне Worldskills Kazakhstan Бас Ассамблеясы белгілеген және бекіткен қағидалар мен талаптардың, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті орган және/немесе WorldSkills Kazakhstan Ұлттық операторы бекіткен өзге де құжаттардың жиынтығы.

Демонстрациялық емтихан форматы

- Түлектердің практикалық дағдыларын, білім деңгейі мен іскерлігін бағалау
- Бақылау-өлшеу материалдарын сарапшылар әзірлейді
- Колледждер және/немесе жұмыс берушілер шеберханалары негізінде нақты қызметтер мен өндірістік үдерістерді модельдеу жағдайында практикалық дағдыларды, білім деңгейін көрсету
- Практикалық дағдыларды көрсету ұзақтығы күніне бір студентке 6 сағаттан аспайды (форматы бойынша 3 күнге дейін)
- CIS жүйесіндегі нәтижелерді бағалау және EDUWSK қолдану
- Құзыреттілік паспортын беру (Skills Passport)

Демонстрациялық емтиханның негізгі құжаттары:

Бағалау құжаттамасының жиынтығы

- Демонстрациялық емтиханға арналған тапсырмалардың техникалық сипаттамасы;
- Инфрақұрылымдық парақтар;
- Емтихан тапсырмасы;
- Бағалау критерийлері;
- Еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша құжаттар;
- Қорытынды аттестаттау хаттамасы;

Демонстрациялық емтихан өткізудің негізі

- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (көрсеткіш: 2025 жылға дейін WorldSkills стандарттарын ескере отырып, демонстрациялық емтихандарын өткізетін техникалық және технологиялық бейіндегі мемлекеттік колледждердің үлесі 100%);
- МЖМС (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы);
- Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізу (ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. №125 бұйрығы);

– Демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдар (worldskills.kz сайты).

Демонстрациялық емтиханды қабылдау құжаттары:

Бағалау құжаттамасының жиынтығы - демонстрациялық емтиханның тиісті өткізілуін қамтамасыз ететін құжаттар пакеті: құзыреттің техникалық сипаттамасы, инфрақұрылым парағы, бағалау критерийлері, емтихан тапсырмалары

Техникалық сипаттама - ДЕ өткізудің негізгі ережелерін айқындайтын құжат келесі бөлімдерді қамтиды: құзыреттіліктің атауы, WorldSkills (WSSS) стандарттарының ерекшелігі және / немесе салалық кәсіптік стандарттар (WSSK), бағалау стратегиясы, емтихан тапсырмасына қойылатын негізгі талаптар, емтихан алаңының схемасы, материалдар мен жабдықтардың тізбесі, еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы талаптары.

Инфрақұрылым парағы - демонстрациялық емтихан өткізу үшін қажетті жабдықтардың, құралдардың, шығын материалдарының, жиһаздың, кеңсе керек-жарақтарының және басқа да заттардың тізімі.

Емтихан тапсырмасы – демонстрациялық емтихан өткізуге арналған практикалық тапсырмалар нұсқаларының N санынан тұратын жиынтық.

Бағалау критерийлері - емтихан тапсырмасын орындау кезінде сарапшылар қатысушылардың біліктілігін анықтайтын көрсеткіштер.

Демонстрациялық емтиханды қабылдаушылар мен ұйымдастырушылар құрамы:

Сарапшы-ұйымдастырушы - ұйымның және CIS жүйесінде Supervisor бұйрығымен тағайындалған, WorldSkills қозғалысының Ұлттық операторында оқытудан өткен, WorldSkills Kazakhstan тиісті құзыреті бойынша демонстрациялық емтиханның КОД-ын әзірлеуге және өткізуге жауапты тұлға.

Техникалық сарапшы - Жабдықтың техникалық жай-күйіне және алаңға қатысқан барлық адамдардың еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидалары мен нормаларын сақтауына жауап беретін сарапшы.

Комиссия (сараптау тобы) - белгілі бір құзыреттіліктер бойынша демонстрациялық емтихан тапсырмаларын бағалау үшін құрылған, емтихан комиссиясының төрағасы құрамындағы кәсіпорындардың кемінде 3 қызметкерінен тұратын, демонстрациялық емтихан өткізетін ұйымның бұйрығымен тағайындалған емтихан алушылар тобы.

Уәкілетті ұйым - өңірде демонстрациялық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін жауапты болып айқындалған ұйым.

Үйлестіруші - көрсету емтиханын дайындау және өткізу шеңберінде WorldSkills ұлттық қозғалыс операторымен барлық үдерістер мен өзара іс-қимыл үшін жауапты уәкілетті ұйымнан жауапты адам.

Білім беру ұйымы (өтініш беруші) – ТЖКБ ұйымдарының түлектеріне демонстрациялық емтихан түрінде біліктілік емтиханын және/немесе қорытынды аттестаттау өткізуді таңдаған колледж.

Ілесуші тұлға - емтихан алушылармен бір білім беру ұйымын білдіретін адам, оның міндеті емтихан тапсырушыларға ілесіп жүру және емтихан тапсырушылармен туындауы мүмкін проблемаларды жедел шешуге жәрдемдесу болып табылады.

Демонстрациялық емтиханды өткізу кезеңдері:

Дайындық кезеңі

- Демонстрациялық түрінде біліктілік емтиханының форматын таңдау мүмкіндігі туралы студенттер арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу
- Студенттерден демонстрациялық емтиханнан өтуге өтініштер қабылдау және біліктілік емтиханының форматын бекіту жөнінде педагогикалық кеңес өткізу

Негізгі кезең

- Демонстрациялық емтиханнан өтуге үміткерлердің тізімін дайындау
- ДЕ жүргізу ережелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу
- Емтихан тапсыратын студенттерді сараптамалық бағалау үшін әлеуметтік серіктестер мен жұмыс берушілерді іздеу, бұйрық шығару
- Өтінімді рәсімдеу, EDU WSK және CIS бағдарламаларына енгізу үшін емтихан тапсырушылар мен сарапшылардың тізімін дайындау

Бағалау құжаттамасының жиынтығын әзірлеу

Дайындық кезеңі

- WorldSkills стандарттарында тиісті құзыреттіліктерді іздеу
- Стандарттар болмаған жағдайда, WorldSkills талаптары бойынша саланың кәсіби стандарттарының ерекшеліктерін әзірлеу
- Техникалық сипаттамалардың циклдік комиссиясының хаттамаларына сәйкестігін талқылау және бекіту
- КОД әзірлеуге жауапты тұлғаларды тағайындау туралы бұйрық шығару

Негізгі кезең

- Техникалық сипаттаманы бейімдеу немесе дамыту
- Бағалау критерийлерін дайындау
- Емтихан тапсырмаларын әзірлеу
- Инфрақұрылымдық парақты дайындау

Нәтиже

Құзыреттілік бойынша оқу әдістемелік бірлестігінің бағалау құжаттамасының жиынтығының демонстрациялық емтихан өткізуге сәйкестігін растайтын құжат

Демонстрациялық емтиханға жіберу және өткізу

- ❖ Демонстрациялық емтиханға рұқсат беру, емтиханның осы форматын таңдаған адамдарға ДЕ тапсыруға рұқсат беру туралы колледж бұйрығы

- ❖ Емтихан тапсырушылар тапсырмамен және еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасымен танысу
- ❖ Демонстрациялық емтихан тапсыру және нәтижелерді тексеру. Емтихан тапсырушылар белгіленген код хронометражына сәйкес емтихан тапсырмаларын орындайды
- ❖ Емтихан тапсырушылардың демонстрациялық емтиханнан алған баллдарын CIS (Competition Information System) бағдарламасына енгізу.
CIS (Competition Information System) – бұл демонстрациялық емтихан немесе WorldSkills чемпионаттары кезінде ақпаратты өңдеуге арналған бағдарламалық жасақтама. Жүйеге рұқсатты белгіленген талаптарға сәйкес WorldSkills қозғалысының ұлттық операторы береді.
- ❖ Сарапшылардың қорытынды отырысы және Skills Passport беру.
Skills Passport толтыру жөніндегі Нұсқаулық колледжге жіберілетін болады, олардың толтырылуына қарай тіркеуді және қол қоюды
Ұлттық оператор жүзеге асырады.

Демонстрациялық емтиханнан күтілетін нәтиже : Колледж түлегі үшін демонстрациялық емтиханды тапсыру жұмысқа орналасу кезінде табысты артықшылығының бірі. Студент демонстрациялық емтиханын тапсыра отыра, халықаралық стандарттарға сәйкес біліктілікті растайды. Түлектер Құзыреттілік паспортын алады (Skills Passport). Бұл дипломға қосымша, яғни кәсіби маманның электронды паспорты. Жұмыс берушілер, түлектің қанша балл алғанын, сондай-ақ қандай кәсіби машығы мен дағдылары үшін алғанын көре алады.

2020-2021 оқу жылының 12 маусым 2021ж. күні Түркістан жоғары көпсалалы, аграрлық колледжінің оқыту шеберханасында 0508000-«Тамақтандыруды ұйымдастыру» мамандығының 050806 3- «технолог - менеджер» біліктілігі бойынша бітіруші топтар арасында қорытынды аттестаттау (демонстрациялық емтихан) өтті. Демонстрациялық емтиханға ТМ9-171 тобынан 5 бітіруші түлек және ТМ-181 тобынан 5 бітіруші түлектер қатысты.

Демонстрациялық емтихан тапсырмалары WorldSkills талаптары бойынша 3 модульден құрылды. Бірінші модуль «Теңіз өнімдерінен салат» дайындау , екінші модуль «Еттен жасалған ыстық тағам» Гарнир және соуспен "Филе Миньон" стейк 1 сыбағасын дайындау (medium қуыру дәрежесі), үшінші модуль десерт «Үш шоколад» десертін дайындау.

Демонстрациялық емтиханды арнайы бекітілген сарапшылар қабылдады, атап айтатын болсақ ЖК «Алипбаева Ж.К», «Кәусар» кафесінің бас аспазшысы Турдалиев Р.Г., ЖШС «Мадлен- kz» бас аспазшысы Салимов С.О., «Азық – түлік тағамдарын өндіру технологиясы» кафедрасының арнайы пән оқытушысы Серикбаева С.Н.

Демонстрациялық емтиханда бітіруші түлектер колледж қабырғасында алған теориялық және тәжірибелік білімдерін емтихан кезінде көрсете білді

және емтихан нәтижесі бойынша жоғары балл жинады. Түлектер өз мамандықтарын толық меңгергендіктерін көрсете білді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. КЕАҚ «Talap» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы
2. worldskills.kz сайты

МОНО- И ПОЛИФУНКЦИОНАЛЬНОЕ РАЗВИТИЕ ТУРИЗМА

Сейітхан Шынар Маратовна
преподаватель специальных дисциплин по
специальности «Туризм»
Учреждение «Колледж «Мирас»
город Шымкент

Туризм и в настоящее время продолжает активно развиваться. Меняются формы и методы организации путешествий, возникают новые виды туризма, разрабатываются и создаются условия устойчивого развития туризма. Туристы, в связи с расширением возможностей получения информации, все более активно начинают вмешиваться в процесс подготовки путешествия.

Тенденции, которые развиваются в туристской отрасли в последние годы, свидетельствуют о том, что дальнейшее развитие туризма будет осуществляться путем широкого внедрения инноваций.

В состав объектов, которые обслуживают конкретный туристический комплекс, могут ходить в кафе, рестораны, магазины, пункты быстрого питания, антикварные лавки, книжные магазины, магазины по продаже различных товаров местного производства, остановки общественного транспорта, стоянки такси, экскурсионное бюро, различные киоски, места временного отдыха туристов, пункты оказания медицинской помощи и т.д. Таким образом, туристический комплекс может включать большое количество организаций. Их целью является удовлетворение базовых потребностей туристов в питании, охране, размещении, покупке предметов первой необходимости, а также развлечениях. Однако важно, чтобы туристы не только могли получить услуги первой необходимости, но и чтобы им давалась возможность выбора объектов посещения, например, различных магазинов, различных спортивных сооружений и так далее[1].

Следует отметить, что туризм не только сводит вместе представителей разных рас, культур, этносов, религий, взглядов, идей, социальных страт, привычек и традиций, возрастов и полов, а является своеобразным плавильным котлом. Туризм знакомит людей одной цивилизации с

носителями других цивилизаций открывая и тем, и другим богатство, разнообразие и уникальность нашего мира. В современном мире туризм перерастает сам себя и уже не может просто рассматриваться как феномен культуры. В условиях глобализации туризм превращается в носителя специфической туристской культуры, оказывает мощное культурологическое воздействие на турдестинацию и ее компоненты[2].

На развитие туристских районов существенное влияние оказывают многие факторы, например:

- уровень экономического развития территории; транспортная доступность территории в пределах СКС;
- наличие достаточного количества трудовых ресурсов;
- существование системы расселения.

Это реальные факторы конкретного процесса развития района. С другой стороны, их отсутствие не играет столь уж существенной роли и не снимает задачи освоения определенного района в качестве рекреационного или туристского.

Туристское районирование является видом частного, отраслевого районирования, отражающим только один аспект (туризм), который может быть адекватно описан на фундаментальной основе. При этом должны соблюдаться общегеографические принципы районирования: объективность, многоаспектность, иерархичность и конструктивность.

- Объективность означает, что районообразующие признаки должны отражать конкретные характеристики.
- Многоаспектность (комплексность оценки) обусловлена разнообразием видов туризма, входящих в туристскую отрасль.
- Иерархичность позволяет делить территорию на зоны, подзоны, районы и подрайоны, находящиеся в четкой взаимной связи и подчинении.
- Конструктивность определяется четкостью поставленных при районировании задач.

В отличие от традиционного экономического подхода, в котором рассматривается только одна функция района – обслуживание туристов, в туристском районировании район определяется как территория, однородная по характеру рекреационного и туристского использования, следовательно, она должна отличаться комплексом признаков[3].

ВТО определяет туристский регион как территорию, которая располагает большой сетью специальных сооружений и услуг, необходимых для организации отдыха или оздоровления. Из данного определения следует вывод о том, что туристский регион, для того чтобы считаться самостоятельным, должен иметь все необходимые сооружения для пребывания в нем туристов, туристский регион определяется как место, располагающее туристскими сооружениями и услугами, которые выбирает турист или группа туристов и которые продаются производителем услуг.

Таким образом, туристский регион – цель путешествия и туристский продукт. При этом необходимо иметь в виду следующее.

1. Данное определение должно исходить из интересов потребителя: решающим моментом является то, что географическая территория, выбранная туристом, должна приносить пользу. Довольно часто такие территории нарушают исторически сложившиеся политические границы.

2. То, чем туристский регион является для определенного туриста, зависит от его потребностей.

3. Регион как «место с набором аттракционов и приспособленными под них туристскими сооружениями и услугами» представляет для туриста продукт, состоящий из комплекса услуг.

Инновации в туризме приносят на рынки новые идеи, услуги и продукты. Инновации не только подразумевают приспособление туристской отрасли к изменяющемуся характеру туризма путем применения новых маркетинговых стратегий, но и среда, окружающая туризм, благоприятствует появлению новых и новаторских услуг, продуктов и процессов. Следовательно, инновации в туризме должны рассматриваться как перманентный, глобальный и динамический процесс.

Изменяется характер и структура туризма. Новые технологии дают возможность гибко и сегментировано организовать проведение отпуска, конкурентоспособного с массовым, стандартным предложением. На смену «массовому, стандартизованному и обязательно комплексному» туризму приходит новый вид туризма, сделанный на заказ, исходя из спроса туристов. В настоящее время регионы по принципу преобладающих рекреационных функций делятся на многофункциональные с одним доминирующим направлением и полифункциональные с несколькими перспективными туристскими направлениями. В последние годы развитие внутреннего и въездного туризма направлено именно на то, чтобы все регионы стала полифункциональными, то есть, вводятся новые туристские объекты, разрабатываются инновационные формы работы, используются все возможные ресурсы. Перспективность того или иного района для развития зависит от множества внутренних и внешних факторов: политической и климатической безопасности, уровня развития туристской инфраструктуры, известности на рынке, существования исторических и иных традиций и т.д. Возрожденные и новые формы культурного туризма в настоящее время выполняют образовательную и просветительную функции. Грамотно разработанная и профессионально проведенная экскурсия позволяет превратить незначительные объекты туризма в настоящие шедевры туристского продукта. Такие мероприятия обладают огромным рекреационным резервом, так как путешествия и отдых туристов гармонично сочетаются с целебно-оздоровительными свойствами естественных природных ландшафтов.

Литература:

1. Коржанова, А. А. Туризм XXI века и культура / А. А. Коржанова. — Текст : непосредственный // Молодой ученый. — 2010. — № 12 (23). — Т. 1. — С. 82-83. — URL: <https://moluch.ru/archive/23/2337/> (дата обращения: 16.08.2021).
2. Резолюция A/RES/406(XIII) 13 Генеральная Ассамблея ВТО, Сантьяго, Чили, 27 сент.-1 окт. 1999г. - www.world-tourism.org
3. Александрова А. Ю. Международный туризм. М., 2003. С. 114.

**БІЛІКТІ МАМАН ДАЙЫНДАУДАҒЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК
ОРТАЛЫҚТАРДЫҢ МАҢЫЗЫ**

**Сұлтанбеков Орынбасар Ұлықбекұлы
Түркістан облысының әдістемелік орталығы,
ТжКБ бөлімінің әдіскері, Түркістан қаласы**

Ел экономикасын және индустрияландыру ісін жоғары қарқында дамыту үшін қажет кадрларды даярлау деңгейін жоғарылату мемлекет саясатының маңызды компоненттерінің бірі. Озық елдерде өндіріс және экономика дамуының қозғалтқыш күші – техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінде дайындалған мамандар.

Еңбек нарығындағы сұраныс бойынша маманның жұмыс берушінің талабына сай білім алуы, білікті болуы, технологиялық үдерістерді меңгеруі, кәсіби машықты игеруі маңызды мәселе.

Республикамызда техникалық және кәсіптік білімді алу және дамыту үшін жағдайлар жасау арқылы жастарды әлеуметтік-экономикалық процесстерге интеграциялау, жұмыспен қамтылған халықтың құрылымындағы техникалық және кәсіптік білімі бар жас азаматтардың үлес санын арттыру қажет істердің бірі.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 24 шілдедегі № 460 қаулысында:

1. ТжКБ жүйесінің беделін арттыру;
 2. ТжКБ қолжетімділігін және кадрларды даярлау сапасын қамтамасыз ету;
 3. Елдің индустриялық-инновациялық даму сұраныстарын ескере отырып, ТжКБ мазмұнын жаңарту - сияқты ауқымды міндеттер қойылды
- Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарында (кесте 1) көрсетілген 2-ші міндеттің аясында құзыреттілік орталықтарды ашу мәселесі қойылды.

Кесте 1

122	Экономиканың дамуын ескере отырып, жұмыс берушілермен бірлесіп өңірлерде құзыреттілік орталықтарын дамыту	млн. тг	БҒМ-ге ақпарат	2018 жылғы III тоқсан	ЖАО "Кәсіпқор" КеАҚ бойынша), ҰКП бойынша), (келісім бойынша)	ҚАӨМ, холдинг" (келісім бойынша), ХБО	ЖБ-да көзделген қаражат шегінде
-----	---	---------	----------------	-----------------------	---	---------------------------------------	---------------------------------

Жоғарыда аталған қаулының негізінде Түркістан облысы білім басқармасының 2018 жылғы 24 қазандағы № 283 бұйрығымен облыс колледждерінің арасында 15 құзыреттілік орталықтар ашылды және жұмыс істей бастады.

Құзыреттілік орталықтарды ашудағы негізгі идея:

Кәсіптік білім беру және кәсіптік оқыту жүйесінде WorldSkills International және Ворлдскиллс Қазақстан стандарттары негізінде кадрлар даярлаудың үздік әлемдік және отандық тәжірибесін тарату және соның негізінде студенттерге білім беру және оларды мамандыққа баулу.

Осыған орай құзыреттілік орталықтардың міндеттері туралы айтуға болады, бұл:

- оқытушыларды және студенттерді кәсіптік білім беру саласындағы заманауи технологиялармен және тиісті құзырет бойынша алдыңғы қатарлы оқыту стандарттарымен таныстыру арқылы олардың құзыреттілік деңгейін жоғарылату;
- кәсіптік білім беру бағдарламаларының кәсіби модульдерін іске асыру негізінде білікті мамандарды кең көлемде даярлау үшін WorldSkills стандарттарын қолдану;
- WorldSkills стандарттары негізінде жасалған жаңа әдістер және технологиялармен студенттерді таныстыру, оларды еңбек рыногында сұранысқа ие маман ретінде дайындау.

Студенттерді құзырлы маман ретінде дайындауға «Жас маман» жобасының да ықпалы зор болады деп күтілуде. Құзыреттілік орталықтарға кіретін бірнеше колледждерде үздік техникалық жарақтар мен оқытудың заманауи әдістері бір жерде шоғырлануда. Осылайша білім беру саласында өндірісте жұмыс істейтін техника қолданыла бастады, осы жағдайда колледж студенттері өндірісте қалай жұмыс істеу керектігін және онда өзіне не талап қойылатындығын білетін болады.

Құзыреттілік орталықтардың жұмысы студенттерді білікті маман ретінде дайындаумен тікелей байланысты. Студентті білікті маман ретінде дайындау оқытушыдан да жоғары деңгейдегі кәсіби маман болуын талап етеді. Облысымыздағы колледждер арасындағы құзыреттілік орталықтар негізінде өткізілетін байқауларда, семинарларда тәжірибелі аға буын мамандармен қатар кейінгі жас буын да өз біліктілігін дәлелдеуде.

Оның куәсі 2020-2021 о.ж. құзыреттілік орталықтар 292 онлайн сабақ өткізді және бейне сабақтар жасады, 67 шебер сыныптар, 2 республикалық ғылыми тәжірибелік конференция, 6 облыстық конференция, 18 дөңгелек үстел және т.б. сипаттағы түрлі 471 іс-шаралар өткізді. Осы аталғандар құзыреттілік орталықтардың маман дайындаудағы потенциалының жоғары екендігін және оның әлі де ашылу мүмкіндіктерінің жоғары екендігін көрсетеді.

Құзыреттілік орталықтардың байқауларында озып шыққан колледж студенттері облыстық және республикалық WorldSkills жарыстарына қатысуда. Мыс., 2019 WorldSkills-2019» республикалық чемпионатына облысымыздан 30 құзыреттілік бойынша 33 студент қатысып **17 студент** жеңімпаз (**4 алтын, 2 күміс, 2 қола, 9 медальон**) атанып, командалық есепте 3 орынды иеленді.

2020 жылы «WorldSkills Turkestan – 2020» облыстық жарыстарында студенттер 46 құзыреттілік бойынша жарысқа түсіп жоғары өнер көрсетті Республикалық оқу-әдістемелік бірлестікке мүше екі колледж құзыреттілік орталық базасы болып табылады.

Бүгінгі таңда құзыреттілік орталықтарға біріккен колледждер білімнің практикаға бағдарлануын күшейтуде және кәсіби білім беруді құзыреттілік негізде жаңартуда:

- практикаға бағдарланған білім беру студенттің кәсіби ортаға енуіне, оның өндіріс, мамандық туралы түсініктерін нақты еңбек ету саласының талаптарына сәйкестендіруге, ұжымдық жұмыстағы өз рөлін білуге мүмкіндік береді.

- студенттердің болашақ кәсіби қызметі үшін керек тұлғалық қасиеттерін, сондай-ақ білімін, шеберлігін және дағдыларын қалыптастыруға ықпал ететін, таңдаған мамандығы бойынша функционалдық міндеттерді сапалы орындауды қамтамасыз ететін кәсіптік-бағдарланған оқыту технологияларын енгізу өте тиімді.

Практикаға бағдарланған білім шеберлік, дағды және білім туралы түсініктерден басқа іс-жүзінде әрекеттену тәжірибесін де игеруге бағытталған, тәжірибелік әрекетсіз білім практикаға бағдарлана алмайды және құзыреттіліктерді игеру мүмкін емес

Мұндай жағдайда оқыту және үйрету процесі жаңа мазмұнға ие болады, ол кәсіби және әлеуметтік маңызы бар құзыреттілікке қол жеткізу үшін білім, білік, дағды және іс-әрекет тәжірибесін алу процесіне айналады.

Іс-әрекет тәжірибесі – бұл адамның мақсатқа жетуінің ішкі шарты, ол адамның білімі, шеберлігі және дағдыларына негізделген белгілі бір әрекеттер мен операцияларға дайындық ретінде көрінеді.

Кәсіби әрекетке негізделген оқу барысында студенттер қолданбалы практикалық зерттеулерді, техникалық әзірлемелерді түсінудің және орындаудың нақты тәжірибесін меңгереді.

Құзыретті маман – бұл тек кәсіби әрекет тәсілдерін білетін және игерген адам емес, ол әртүрлі мүмкіндіктерді пайдалана отырып жаңа

жағдайлар мен шарттарда проблемаларды өз бетінше шешуге қабілетті, проблемалардың шешімін іздеуге және өзінің кәсіби жетілуіне немесе мансаптық өсуіне және тұлғалық дамуына мотивтелген адам. Осы анықтаманы негізге ала отырып студенттің құзыреттілігі неден көрінеді деген сұраққа жауап берер болсақ онда төмендегі анықтаманы жауап ретінде айтуға болады.

Құзыреттілік бұл – белгілі бір біліктілік деңгейінде іс-әрекетті жүзеге асыра алатын колледж түлегінің әлеуметтік-жеке қасиеттерінің жиынтығы және кәсіби әрекеттің көптеген түрлеріне ортақ мәселелерді шешу үшін қажет практикалық тәжірибе, дағдылар мен білім негізінде табысты әрекет ету қабілеті. Студенттің құзыреттілігі оқу пәндерінің жиынтығын және кәсіптік модульдерді игеру барысында оның оқу және оқудан тыс іс-әрекеттері барысында қалыптасады.

Сонымен студент құзыретті маман болып қалыптасу үшін келесідей қырларда көрінуі керек:

- болашақ мамандықтың мәні мен әлеуметтік маңыздылығын түсінуі, оған тұрақты қызығушылық танытуы;
- өзінің жеке жұмысын ұйымдастырады, сапалы орындаудың әдіс-тәсілдері таңдауы, олардың тиімділігін бағалауы;
- кәсіби міндеттерді тиімді орындауы, кәсіби және жеке даму үшін қажетті ақпаратты іздеуі және пайдалануы;
- кәсіби бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануы;
- ұжымда және командада жұмыс істеу, оқытушылармен әріптестерімен, тиімді қарым-қатынас жасауы.

Қорыта айтатын болсақ құзыреттілік орталықтардың студенттерді мамандыққа баулуда маңызының жоғары екендігі көрінуде:

біріншіден, қазіргі уақытта білікті маман дайындау барысында колледждер өз аясында тұйықталып қалмайды, бір орталыққа біріккен колледждер арасында тәжірибе алмасу процесі жоғары деңгейде жүруде;

екіншіден, орталықтың жоспарларында көрсетілген байқаулар, жарыстар барысында студенттердің болашақ маман ретіндегі шеберліктері шындалады, оның куәсі колледжаралық, облыстық және республикалық WorldSkills жарыстарындағы өнерлерінің жоғары деңгейде болуы;

үшіншіден, студенттерді жоғары деңгейдегі мамандар ретінде дайындау барысында педагог кадрлар да білімдерін молайтып шеберлік деңгейін жоғарылатады;

Соңында құзыреттілік орталықтардың қазіргі жағдайы туралы айтатын болсақ, ол белгілі бір колледждің базасында ашылған, бірақ колледж құрамына кірмейді, бұл бір жағынан, екінші жағынан, өз бетімен жұмыс істеу құқығы бар ұйым болып та табылмайды, яғни, статусы белгісіз құрылым болып тұр. Үш жылғы жұмыс барысында құзыреттілік орталықтың жұмыс деңгейі олардың жұмысын жүргізетін жауапты маманның және орталыққа

кіретін колледждер қызметкерлерінің энтузиазміне байланысты екендігі көрінуде.

Қазіргі уақытта құзыреттілік орталықтарға жеке статус беру туралы сұрақтар қойылуда, осы бағытта жұмыстар жүргізіліп «Жоба» жасалды, жобаның іске асуына байланысты құзыреттілік орталықтардың алдағы уақытта қалай жұмыс істейтіндігі және маман дайындаудағы маңызы анықталады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Кенжебеков Б.Т. Университет студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық ун-ті, 2001. – 275 б.
2. Кузьмина Н.В. Профессионализм личности преподавателя и мастера производственного обучения. – М.: Высш. шк., 2005. – 119 с.
3. Смятских А.Л., Туркина Т.М. Формирование профессиональной компетентности студентов педколледжей. – М.: Издат. центр НОУ ИСОМ, 2003.

БЕЙНЕ САБАҚТАРДЫ MOVAVI БАҒДАРЛАМАСЫ АРҚЫЛЫ ДАЙЫНДАУ

Ташбаев Аминжон Дарханович
арнайы пән оқытушысы,
"Кәсіптік оқудағы көпсалалы колледжі" МКҚК
Ихан елді мекені

Әлем күн сайын жаңаруда. Күн сайын түрлі жаңалықтар ашылуда, күн сайын жаңа жобалар іске асырылуда. Күн сайын бұл өмірдің бізге дайындаған сыйы артуда. Сондықтан әр күнге жаңаша көзқараспен қарауға дайын болу керек.

Әлемдегі соңғы болған оқиғалар бүкіл адамзатты дүр сілкіндірді. Еліміздегі мегаполистердің карантинге жабылуы, жұмыстың тоқтауы, қоғамдық шаралардың кейінге шегерілуі – бәрі біздер үшін күтпеген жаңалық. Ал, ең үлкен өзгеріс – білім беру мекемелерінің қашықтықтан оқытуға көшуі. Әрине, бұл білім алушылар тұрмақ, оқытушылар мен ата-аналар үшін де қиындау болып тұр.

Көкейде сауал көп. Дегенмен, іштегі қорқыныш, үрей, сенімсіздікке қарамастан алға қарай қадам жасау өте маңызды. Білім беру бұл ел болашағы үшін аса жауапты үрдіс екені мәлім. Сондықтан білім беру саласына қай мемлекетте болмасын үлкен жүк артылады. Ал қазіргі жағдайда сапалы, ең бастысы нәтижелі білім беру үрдісін ұйымдастыру екі есе қиындай түсетіні анық. Десе де, барша әріптестеріме «қашықтықтан оқытудан» қашпауға

кеңес беремін! Қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі. Сондықтан еліміз үшін бұл да бір жаңа белес, жаңа шың!

Қазіргі таңда білім жүйесінде жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Оқытушы ұстаздарымыз интернеттік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдаланып, әр түрлі платформадағы бағдарламаларды үздік игеруде.

Қашықтықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу жүйесі. Қашықтықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу болып табылады. Қашықтықтан оқыту бұл оқытушының біліктілігін көтереді және білім алушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады. Қашықтықтан оқыту-қолайлы уақытта кез келген жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қашықтықтағы оқытушыдан білім алу үрдісі. Қашықтықтан оқыту, үйден шықпастан 24/7 режимінде білім алу мүмкіндігі.

Қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша білім беру компьютерсіз және интернеттерсіз мүмкін емес. Білім алушылардың көпшілігі қашықтықтан білім алуда дербес компьютер мен интернетті белсенді пайдаланып жатыр. Қазіргі таңда әлем онлайн кеңістікке айналып кеткендей. Себебі әр басқан қадамымыз ғаламтормен, онлайн қызметтермен, әлеуметтік желілермен және т.б. байланысты.

Арнайы мамандандырылған интернет-платформалары арқылы өткізілетін сабақтар. Бұл цифрлық жүйелер мысалыда смартнейшн, плотонус сияқты платформалар білім алушыларға өткен сабақты немесе бұрын талқыланған тақырыпты қайта қарауға, сондай-ақ онлайн-сабақ өткізуге, кері байланыс орнатуға, жеке дара оқыту мен тапсырмаларды орындауға зор мүмкіндік берді. Сонымен қатар, бұл форматтар тестілеу жұмыстарын өткізуге және алған білімдерін бағалауға мүмкіндік жасай алды.

Төтенше жағдай кезінде біз қашықтықтан қалай оқыттық?

Қауіпсіздік үшін қашықтықты сақтауға, ал ең дұрысы барынша үйден шықпай өзімізді қорғауға тиісміз. Дегенмен бұл білім алудан немесе өзіміздің сүйікті ісімізбен айналысудан бас тарту деген сөз емес. Осы орайда бізге бейне оқыту сабақтары көмекке келді. Сабақ беруді оңайлату білім алушылармен тығыз байланыста болу үшін мен өз ютуб каналымды аштым. Мен өзімнің төтенше жағдай кезінде дайындаған бейне сабақтарымды сол ютуб каналыма жүктеп сілтемесін студенттерге платформалар және ватсап арқылы жіберіп отырдым:

<https://youtu.be/Ujils6ZTWxk>,
<https://youtu.be/clBIIQOYsIM>.

<https://youtu.be/de5SedVr3FY>,




"Электрқауіпсіздігі" пәні-
"Электр тогi соққанда алғашқы к...

280 просмотров · 1 год назад



Аминжон Ташб...

ПОДПИСАТЬСЯ



"Электрқауіпсіздігі" пәні-
"Электр тогi соққанда алғашқы к...

280 просмотров · 1 год назад



Аминжон Ташб...

ПОДПИСАТЬСЯ

Осы баяндама арқылы бейне сабақтарды қалай жасауға болатыны туралы бірнеше қажетті кеңестермен бөлісем деймін.

Бірақ алдымен, қандай бейне сабақ түрлерін біліп алсақ.

Әдетте оқыту видеоларының үш түрі болады:

1. **Скринкаст** – компьютер экранындағы әрекеттер дыбыспен сүйемелденетін бейне сабақ. Photoshop немесе сол сияқты бағдарламаларды қолдануды үйретуге арналған таптырмас жанр.
2. **Бейнесүйемелдеу** - адам камера алдында отырады және мәтінді оқиды. Бұл әдетте слайдтарға түсініктеме беру үшін PowerPoint презентациясына қосымша ретінде пайдаланылады.
3. **Бейне сабақ** - қысқа оқыту роликі. Формат бойынша теледидар хабарларына ұқсас. Қазіргі кезде кеңінен таралған оқыту видеолары.

Енді осы видеоларды жасаудың қадамдарымен танысайық:

Видео сабақтың немесе скринкастты жазудағы ойыңыз бен мақсатты аудиторияңызды анықтап алу. Бұл сізге тақырыбыңызды жалпыламай өз бағытыңызды кеңінен қамтуға көмек береді. Мысалы, электр қауіпсіздігі пәнінен қауіпсіздік ережелері немесе алғашқы көмек көрсету туралы бәрі үйрене алады, бірақ сіздің сабақтарыңыз барлық адамға түсінікті болуы мүмкін емес: бірінің деңгейі сәйкес келмесе, бірінің көзқарасы өзгеше болуы мүмкін. Сондықтан әрбір істе бірінші өз мақсатыңыз бен оның кімге арналғанын айқындап алғаныңыз дұрыс.

Алдын ала сценарий дайындап алу. Бұл барлық видео сабақтарға қатысты. Бұл қадам сізге түсірілім кезінде уақыт үнемдеуге, қателіктер жасамауға, қажетсіз тоқтауларды болдырмауға көмек береді. Әрине, сіз өзіңіздің не айтаныңызды жоспарлап алсаңыз видеоны жазу кезінде өзіңізге сенімді боласыз.

Сапалы дүние жасау үшін сапалы камера мен микрофон қажет. Адам ең бірінші көзбен қабылдайтын болғандықтан камераңыз соңғы үлгідегі болмаса да білім алушыға сапалы дүние ұсына алатындай болуы керек.

Түсірілім алаңын таңдау жарықтандыру. Видеоңыздың танымалдығы көбінесе суретке байланысты. Мұнда фонның орны өте маңызды. Ең дұрысы, түсіру орны бейне сабақ тақырыбына 100% сәйкес келуі керек. Ал жарықтандыру үшін міндетті түрде арнайы жабдықтың болуы шарт емес: үйдегі шамдарды, күннің жарығын тиімді пайдалануға болады.

Жүргізушінің образын реттеу. Жүргізушінің болуын қажет ететін видеоларда оның образы сабақ пен тақырыпқа сай болуы керек. Стиль және түс таңдауда абай болыңыз.

Видеоны бөлшектеп түсіру. Бұл қадам сізді шаршап қалудан, видео сабақтың монотонды болуынан сақтайды. Және бөлшектеп түсірілген материал монтаж жасағанға да қолайлы.

Оқу роликтерін жасау үшін бағдарламаны таңдап, видеоны монтаждау. Маңызды сәттердің бірі, көптеген арнайы бағдарламалар болғанымен әрқайсысының өзінің ерекшеліктері, қосымша функциялары бар. *Видео сабақтар жасау үшін* сарапшылар осы екі танымал бағдарламаны пайдаланады: Sony Vegas және Adobe Premiere. *Скринкаст жасауға арналған бағдарламалар:* «Экранная Камера», Camtasia Studio және **Movavi** Screen Capture.

Жоғарыдағыларға қосымша: видеоның ұзықтығы 7-10 минутты құрауы керек. Себебі, зерттеулерге сүйенсек, адам бейне материалдың алғашқы 10 минутындағы ақпаратты толық қабылдайды екен. Ал сағаттарға созылатын видеоларды тек 20 % көрермен ғана соңына дейін қарайды. Олай болса, дайын болған бейне материалды қалаған платформаға жүктеп, өз көрермендеріңізді қуанта аласыз.

Нені ескеруіміз керек: Әр оқытушы білім алушылардың ғана алдында тұрмағанын әрдайым естен шығармау керек. Өйткені әр тапсырманы білім алушы ата-ана, туған туыстарымен бірге талқылайды. Соған байланысты оқытушы сабағын мұқият дайындауы керек. Кейбір жағдайда білім алушылардан гөрі ата-аналардың абыржуы мен жоқтан кінә іздеуі орын алады. Сондықтан оқытушының ата-аналармен ынтымағы күшейіп, байланысы артуы керек. Білім алушының үйінде жұмыс орны өзіне қолайлы жерде ұйымдастырылуы қажет. Білім алушы үйінде жұмыс режимін сақтауы маңызды. Мысалы білім алушы уақытымен оянып, уақытымен тамақтануы, бір пәннен тапсырманы орындап болғаннан соң 10 минутқа үзіліс жасауы, белсенді дем алуы сияқты қажеттіліктерді ата-аналары мұқият қадағалауы керек. Құрметті әріптестер, Сабағымыздың сапасын түсірмей, ертеңгі ел болашағы, оқушыларымыздың білімін табандылықпен арттыра берейік.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Околесов О. П. Системный подход к построению электронного курса для дистанционного обучения // Педагогика. -1999. -№ 6. -С. 50-56.
2. Полат Е. С. Петров А.Е. Дистанционное обучение: каким ему быть? // Педагогика. - 1999. -№7. -С. 29-34.
3. Пидкасистый П.И. Тыщенко О.Б. Компьютерные технологии в системе дистанционного обучения // Педагогика. -2000. -№5. -С. 7-12.
4. Ташбаев Аминжон ютуб каналы: <https://youtu.be/UjiIs6ZTWxk>, <https://youtu.be/de5SedVr3FY>, <https://youtu.be/clBIIQOYsIM>.

ТЕХНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІПТІК БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫ ПЕДАГОГТАРЫНЫҢ АТТЕСТАТТАУ ӨТКІЗУ ТӘРТІПТЕРІ МЕН ҚИЫНДЫҚТАРДЫ БОЛДЫРМАУ ЖОЛДАРЫ

**Уразбаева Кунсулу Дузубековна
директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары
«Қазақ-неміс политехникалық колледжі» ББМ
Түркістан облысы, Кентау қаласы**

Аттестаттау - педагог қызметкерлерді кәсіби педагогикалық қасиеттерді ұдайы арттыруға, оқу процесінде жаңа педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға, педагогикалық процестің тиімділігін арттыруға және білім беру сапасын қамтамасыз етуге ынталандыруға ықпал ететін өзіндік құрал болып табылады.

Педагогикалық кадрларды аттестаттау білім беру қызметінің сапасын арттыру құралдарының бірі болып табылады. Педагогтардың мансабының белгілі бір кезеңдерінде санаттардың өзгеруін білдіретін аттестаттау, сондай-ақ, есеп берушілік, кәсіби даму және мансаптық өсуді жүзеге асыру туралы пайдалы ақпарат бере алады.

Қазіргі заманғы білім беруді жаңғырту жағдайында педагогтың жауапкершілігі кеңейеді, міндеттері мен функциялары өзгеріп, кәсіби құзыреттілікке қойылатын талаптар артып келеді. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орнындағы әдістемелік жұмысы инженерлік-педагогикалық ұжымның кәсіби-педагогикалық шеберлігін арттыру жүйесінің маңызды буыны болып табылады. Яғни әдістемелік орталық қызметінің қорытындысы педагог қызметкерлерді біліктілік санаттарын арттыруға және растауға аттестаттау болып табылады.

Аттестаттау барысында педагог қызметкердің біліктілік талаптарына сәйкестігі *«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім*

беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығымен айқындалады.

Педагог қызметкерлерді аттестаттау - бұл мемлекеттік қызмет көрсету процесі және оны сақтау қажет.

Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында лауазымдар атқаратын педагогтерді аттестаттау мынадай кезеңдерді қамтиды:

педагогтер үшін:

- 1) Ұлттық біліктілік тестілеу;
- 2) біліктілік санатын беру (растау) рәсімі;

білім беру ұйымдары басшысының орынбасарлары үшін:

- 1) біліктілік бағалау;
- 2) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

білім беру ұйымдарының басшылары үшін:

- 1) Ұлттық біліктілік тестілеу;
- 2) біліктілік бағалау;
- 3) қызметтің қорытындыларын кешенді талдамалық жинақтау.

Аттестатталушыларды біліктілік санаттарын беруге (растауға) кезекті аттестаттау: «педагог» біліктілік санатына, «педагог-модератор» біліктілік санатына, «педагог-сарапшы» біліктілік санатына, «педагог-зерттеуші» біліктілік санатына, «педагог-шебер» біліктілік санатына жүргізіледі.

Ұлттық біліктілік тестілеу – білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйым әзірлеген тестілер бойынша бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және арнайы білімнің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың кәсіби құзыреттілік деңгейін айқындауға бағытталған рәсім.

Ұлттық біліктілік тестілеу екі блокқа бөлінеді және барлығы 100 тест тапсырмасынан тұрады: бірінші блок «Оқыту пәнінің мазмұны» бойынша 70 тапсырма, екінші блок «Педагогика, оқыту әдістемесі» бойынша 30 тапсырма.

ҚР «Білім туралы» заңында білім берудің міндеттерінің бірі " ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау" болып табылады. Кәсіби, құзыреттілік, шығармашылық өзін-өзі дамыту, біліктілігін арттыру қабілеттілігі сияқты қасиеттері бар педагог қана осындай жағдайлар жасай алады.

Педагог қызметін кешенді бағалау - бұл педагогикалық міндеттерді шешуге және кәсіби өсуді арттыруға бағытталған құндылық бағдарлар, кәсіби қондырғылар және кәсіби маңызды тұлғалық қасиеттер жағынан оның тұлғасын тереңдетілген, жан-жақты талдау.

Қазіргі заманғы талаптарға сүйене отырып, педагогтың кәсіби құзыреттілігін дамытудың негізгі жолдарын анықтауға болады:

- әдістемелік бірлестіктерде, комиссияларда, шығармашылық топтарда жұмыс істеу;
- ғылыми-әдістемелік және зерттеу қызметі;
- инновациялық қызмет, жаңа педагогикалық және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды игеру;
- педагогикалық қолдаудың түрлі нысандары: тәлімгерлік, педагогикалық шеберлік мектептері;
- педагогикалық шеберлік конкурстарына, әдістемелік байқаулар мен фестивальдерге қатысу;
- өзінің педагогикалық тәжірибесін, жетістіктерін қорыту және таныстыру.

Педагогтың кәсіби құзыреттілігі туралы айта отырып, қалыптастыру барысында өзін-өзі бағалайтын және өзін-өзі дамыту қажеттілігі түсінілетін портфолио құру туралы айтпауға болмайды. Портфолиода кәсіби қызметтің нәтижелері, студенттерді оқыту мен тәрбиелеу нәтижелері жинақталады және қорытылады, олар педагогтың санатты арттыруға аттестаттаудан өтуге дайындық дәрежесін көрсетеді, педагогтың білім беру жүйесін дамытуға қосқан үлесі талданады.

Портфолио маманның даму бағыттарын, оған әдістемелік қолдау мен көмек көрсету жолдарын айқындауға, сондай-ақ оның кәсіби деңгейін объективті бағалауға мүмкіндік береді. «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығына сәйкес педагогтерге кезекті, мерзімінен бұрын, біліктілік санатын беру рәсімсіз біліктілік санаттары беріледі. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы педагогінің портфолиосын бағалау өлшемшарттары және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымының басшысы қызметінің тиімділік көрсеткіштері негізінде біліктілік санаты беріледі.

Аттестаттаудан өту үшін дайындалған портфолионың мазмұнымен сараптамалық комиссия танысады және қарайды, қажетті ұсынымдар береді және ұсынылған материалдардың біліктілік санатын арттыруға немесе растауға қойылатын талаптарға сәйкестігін талдайды. Сараптамалық бағалаудың басты міндеті - педагогтың өзін-өзінің кәсіби мәселелерін түсінуге ынталандыру. Өзін-өзі тану, өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі жандандыру процесі педагогтың тілегіне ғана байланысты. 2021 жылғы Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы педагогтерін және

оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудың сараптамалық топ құрамына 160 астам аттестатуға өтініштер қаралды. Оның ішінде «педагог-шебер»-14, «педагог-зерттеуші»-61, «педагог-сарапшы»-85 педагог құжаттар тапсырылып, қаралды.

Педагогтардың аттестаттаудан ойдағыдай өтуі үшін дайындық барысында олар үміткер біліктілік санатына қойылатын талаптармен таныстыру маңызды. Оқытушыларды аттестаттауға дайындау – колледж әкімшілігі қызметінің маңызды бағыты. Педагогтарды аттестаттау кәсіби құзыреттілікті арттыруды ынталандырады, жоғары кәсіби кадрларды қалыптастыруға көмектеседі. Тіпті ең озық оқытушы да бір жыл бойы аттестаттауға дайындала алмайды. Аттестаттауға дайындықты кезекті санат берілгеннен кейін бірден бастаған дұрыс. Міндетті түрде аттестаттаудан өтудің перспективалық кестесін жасап, алдағы бес жылдыққа өз жұмысын жоспарлау қажет. Педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау - өте өзекті тақырып және ол назардан тыс қалмауы тиіс. Осыдан біраз жыл кейінге оралсақ, аттестациядан өтуді техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары неге қаламады. Бұл педагог қызметкерлерді қатты қорқытып, біліктілігін арттыруға және аттестациядан өту рәсімдерінен бас тартуға не себеп болды. Білім ұйымдарындағы осы мәселені қарап, талдау арқылы келесі себептерді атап өтуге болады. Бірінші кезекте жас кадрлар ағыны жыл сайын артып отыруы. Аттестаттаудан өту рәсімі жұмыс тәжірибесі мол оқытушылар үшін де стрестік сипатқа ие болды. Аттестаттаудан сәтсіз өткен жағдайда қызметкер өзінің біліктілігі бойынша атқарып отырған лауазымына сәйкес келмейтін ретінде жұмыстан босатылуы мүмкін, бұл Еңбек кодексінің 52-бабымен расталады. Сондай-ақ, аттестациядан өтуге шектеулер де болды. Мысалы, 2 жылдан кем жұмыс істеген оқытушылар аттестатталмайтын, бұл міндетті аттестаттауға және жоғары біліктілік санатын алуға жатады. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін педагогтарға қарағанда техникалық және кәсіптік білім беру педагогтарына жалақыларына еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар төленбеді. Бұдан әрі оқытушылар құжаттама проблемаларымен бетпе-бет келді. Бұл жерде тек жас мамандарда ғана емес, педагогикалық жұмыс өтілі мол мұғалімдерде де қиындықтар туындайтын. Құжаттардың үлкен көлемі аттестаттаудан өтуге ниет білдірмейді. Құжаттамамен жұмыс істеу ұқыптылықты, дұрыс толтыруды және сауаттылықты талап етеді. Қазіргі кезде оқытушылардың пікірінше, аттестаттаудың жаңа форматы «кәсіби әдебиетті оқуға, білім берудегі заманауи трендтерді білуге, пән бойынша өз білімін жетілдіруге және өз ой-өрісін кеңейтуге итермелейді». Педагогтар жаңа формат - аттестаттаудың заманауи әрі тиімді құралы деген пікірде. Педагогтардың кәсібилігінің өсуіне ықпал ететін формальды сипаттағы көптеген қағаз құжаттарды дайындау қажеттілігі жоғалды. Жалпы, педагогтардың аттестаттау оқытушыға бағдарланғандығын және оның қажеттілігін (жалақыны арттыру, жылына екі рет тестілеуге қатысу мүмкіндігі, жетістіктер болған және талаптарға сәйкес

келген кезде мерзімінен бұрын аттестаттауға жол беру, өзін-өзі білуге және біліктілігін арттыруға ынталандыру) атап өту керек.

Аттестаттаудың мақсаты біліктілік пен кәсібиліктің өсуін, педагогикалық еңбек сапасын ынталандыру, шығармашылық бастаманы дамыту, сондай-ақ еңбекақы төлеуді саралау арқылы нарықтық экономикалық қатынастар жағдайында педагогтардың әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз ету болып табылады. Ең бастысы, аттестаттаудан өту себебі жалақыны көтеру ғана емес, білім сапасын арттырудың құралы ретінде аттестаттау идеологиясын сақтау маңызды.

Педагогикалық кадрларды аттестаттау - олардың кәсібилігі мен жұмыс сапасын бағалауда өте маңызды рәсім. Аттестаттау көмегімен ақырында білім беру ұйымдарының жоғары кәсіби кадрлық құрамын қалыптастыру қамтамасыз етіледі, бұл, сөзсіз, білім беру сапасын арттыруға әкеп соғады. Сондықтан біліктілік санаттарына қойылатын бағалау критерийлері педагогқа сырттан сараптамалық баға беріп қана қоймай, өзін ынталандыруы тиіс.

Қолданылған әдебиеттер:

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600013317>
2. «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>
3. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Білім туралы № 319 Заңы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2000020618>
4. Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Педагог мәртебесі туралы Заңы, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>
4. 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Кодексі, <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000414>
5. «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысы, <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1500001193>

ТЖКБ ЖҮЙЕСІН ЖАҢҒЫРТУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ПЕДАГОГТЫҢ ЦИФРЛЫҚ САУАТТЫЛЫҒЫ

Уразымбетова Ардақ Елеусізқызы
Түркістан облысының әдістемелік орталығы,
ТЖКБ бөлімінің әдіскері
Педагогика және психология ғылымдарының магистрі

Дуйсебаева Жанар Жолдасбекқызы
Түркістан облысының әдістемелік орталығы,
ТЖКБ бөлімінің әдіскері
Биология ғылымдарының магистрі

«Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру үшін педагогтердің ақпараттық-коммуникациялық құзырлылығын қалыптастырып, дамытуға ерекше мән берілді. Цифрлық қоғам – адамдардың өмір жағдайына, олардың біліміне және жұмысына, сонымен қатар мемлекет, бизнес және қоғам арақатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шешуші әсер ететін, қоғам өмірінің барлық салаларында білім мен ақпараттық доминантты рөлімен ерекшеленетін өркениет дамуының заманауи кезеңі.

Техникалық және кәсіптік білім беруге қазіргі уақытта ел көлемінде айрықша мән беріліп отыр. Кәсіптік-техникалық білімнің бәсекеге лайық ілгерілеп дамуы мемлекет, бизнес құрылымдарының және азаматтардың әлеуметтік жағдайына орасан серпін берері сөзсіз. Елдің экономикалық қуаты да осы аталып отырған сала мамандарына тәуелді екені ақиқат. Жалпы бұл сала мамандарына біздің өңірімізде де сұраныс жоғары. Үкіметтің арнайы қаулысымен бекітілген тұжырымдамасында жастардың халықаралық стандарттарға сәйкес келетін отандық кәсіптік білім алуына жағдай жасау, жастарды жұмыспен қамту және жұмысқа орналастыру деңгейін арттыру мәселелері жіті қарастырылған. Педагогтың медиа сауаттылығын оның ақпаратты және оны тарату формалары мен арналарының көптүрлілігін түсіне білуден, әртүрлі ақпарат көздерінен жаңалықтарды іздей білу мүмкіншілігінен және олардың толықтылығы мен нақтылығын тексеру дағдысынан, ақпараттық хабарламалар мен жаңалықтарға сыни тұрғыдан қарай білуінен анықтауға болады. Ал педагогтың коммуникативті сауаттылығы дегеніміз қалыпты жағдайдағы қарым-қатынастан цифрлық коммуникацияның айырмашылығын түсінуі, қазіргі коммуникация құралдарын (әлеуметтік желілер, мессенджерлер) қолдану білігі мен дағдысы, цифрлық ортада қарым-қатынас жасай білу этикасы мен нормаларын саналы түсінуі. Техникалық және кәсіптік білім берудің мақсаты — қоғамның және экономиканың индустриялық-инновациялық даму сұраныстарына сәйкес

техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін жаңғырту, педагог мамандығының беделін көтеру, білімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жағына бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау. Кез келген педагог заманауи жаңа цифрлық технологиялар құралдарының мүмкіндіктерін пайдалана алмаса, онда цифрлық білім беру сапасыз білім беруге айналады.

Жаһандану заманында цифрлық қоғам мен білім беруді цифрландыру және электрондық оқыту жүйесін білім беру ұйымдарына енгізу жағдайында педагогтердің қашықтықтан біліктілігін арттыру ең өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Педагогтың цифрлық сауаттылығын арттыру – бүгінгі күннің өзекті мәселесі – Білім беруді мейлінше ыңғайлы ету, оқушылар мен студенттерді қашықтан оқыту әдістемесін дайындау, еліміздің оқу орындарын нақты цифрландыруды аяқтау, сонымен қатар, жаңа талаптарды есепке ала отырып, педагогтардың дайындығын жүзеге асыру керек, – Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, 11 мамыр, 2020 жыл. Sputniknews.kz. Елімізде COVID-19 індетінің таралуына байланысты білім беру жүйесінің барлық салалары, атап айтқанда, жалпы білім беретін орта мектеп, колледж және жоғары оқу орындары қашықтан оқыту жүйесіне көшті. Әрине, бұл пандемиядан талай бұрын оқытудың цифрлық құралдарының тиімділігі, оның білім алушының дербес траекториясын қалыптастырудағы рөлі туралы ізденістер де, қолданыстағы озық тәжірибелер де болмады емес болды.

Қазіргі таңда техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында ІТ саласы бойынша біліктілік курсы қарқынды дамуда. Кәсіптік білім жастарымыздың мамандық таңдауы үшін қажетті өрісті қамтамасыз етуге, ал ересек тұрғындар үшін олардың жаңа жоспарлы іспен айналысуына, кәсіби шеберлігін жетілдіруіне бейімделген. Қазіргі жастардың кәсіптік білімге деген қызығушылықтарының арта бастағанын байқаймыз.

Теориялық білім тәжірибемен ұштасқанда ғана маман кәсібіне төселіп, көп ілгері жұмыс атқаруға қабілеті артады. Осыған байланысты, өндірістік тәжірибеге тарту жұмысына да елеулі көңіл бөлініп отырғаны айтылды.

Экономиканың дамуына қажетті басымдықтарға байланысты 8 сала бойынша құрылған құзыреттілік орталықтардың жұмысы техникалық және кәсіптік білім беру саласын дамытудың кешенді жоспарына сәйкес іске асырылуда. Өткен оқу жылында колледждер Smart Nation College, Platonus, Moodle және авторлық платформа арқылы қашықтықтан білім беруді жүзеге

асырса, жаңа оқу жылында студенттер дәстүрлі форматта білім алады деп жоспарлануда.

Цифрлық Қазақстан” бағдарламасының ажырамас құрамдас бөлігі – білім беру саласындағы цифрландыру процесі. Сандық технологиялар, биотехнологиялар, коммуникациялық желілерді дамыту білім беру кеңістігін ұйымдастыру және тұлғаны дамыту үшін үлкен мүмкіндіктер береді.

Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар (АКТ) қазіргі заманғы балабақшаның білім беру кеңістігін кеңейтуге мүмкіндік беретін құрал. АКТ оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді. Ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді. Бүгінгі таңда заманауи, техникалық үдерістен қалыс қалмауға міндетті педагогтардың компьютерлік технологияларды меңгеруі, компьютерлер, ноутбуктер, планшеттер, смартфондар және т.б. пайдаланылуы мүмкін АКТ- н сабақтың әр түрлі кезеңдерінде қолдана алуы оқыту процесінің сапасы мен тиімділігін арттырады.

Әр педагогикалық қызметкердің, көптеген сандық технологияларды қолдану арқылы ақпаратты тиімді және сыни іріктеп, талдап және құра білуі, сонымен қатар сол технологиялардың құрамдас бөліктері мен функцияларын білуі, яғни ақпараттық сауаттылығын дамыту – заманауи талаптардың бірі. “Өрлеу” біліктілікті арттыру ұлттық орталығының миссиясы республиканың білім беру мекемелерінде электрондық білім беру жүйесін дамыту, сандық технологиялар саласында педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, ХХІ ғасырдың дағдыларын дамыту, өскелең ұрпақты тәрбиелеу, балалар мен жастардың интернет-технологиялар мен компьютерлік ойындарға деген зор қызығушылығы жағдайында адамгершілік мұраттар мен құндылықтарды дарыту болып табылады.

Қоғамдағы білім-беру саласындағы инновациялық үдерістер мен реформалар оқытушының ісіне еңбек жолына – «инновациялық білімді», «ақпараттық даярлықты», «ақпараттық технологияны» және тағы басқа технологияны алып келді. Осы аталған жаңа инновациялық ілімдер нарықтық экономикалық заманда құзыретті бәсекеге сай маман әзірлеуді жүктеп отыр. Қай заманда болсын өзінің атқаратын қызметіне қарай, жеке қасиеттерінің көптүрлілігіне орай, өзіне міндеттелген талаптарға сай, оқытушы мамандығы басқа мамандықтарға қарағанда ең қиын және ең ізгілікті мамандық болып саналады. Себебі, мұғалімнің негізгі міндеті жер жүзіндегі ең құнды дүние-адамды кемелдендіру болып табылады. Қазіргі таңда мемлекетімізде даму мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше мән беріліп, барынша қолдау көрсетілуде. Елбасының халыққа жолдауында, ҚР Білім туралы заңында: «Кемтар балаларды әлеуметтік-медициналық – педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» жолдауында жалпы білім беретін инклюзивті оқыту

жүйесі туралы айрықша айтылып, көрсетілген. Инклюзивті оқыту - бұл балалардың физикалық, ақыл-ой және басқа ерекшеліктеріне қарамастан жүргізілетін, жалпы білім беру жүйесіне жаңадан енгізілген оқыту жүйесі. Терминнің өзі латын тілінен алынған, «include» - «қосу, қамту» деген мағынаны білдіреді. Инклюзивті білім беру аясында оқыту процесіне бейімделетін бала емес, керісінше, білімнің сипаты мен қарқыны баланың қажеттіліктеріне бейімделеді. Мүмкіндігі шектеулі балаларға орта мектептерде білім беру мамандандырылған мекемелерде білім беруге қарағанда тиімдірек, өйткені балалар сол жерде әлеуметтік тәжірибе алады. Қазіргі таңда дүние жүзі бойынша дамуында ауытқуы бар балалар саны артуда. Ол балалар арнайы бала-бақшаларда, арнайы мектеп интернаттарында, арнайы сыныптарда және де логопедиялық пункттарда тәрбиеленеді. Демек, мұнда олар арнайы коррекциялық, психологиялық және педагогикалық көмектермен қамтамасыз етіледі. Арнайы педагогикадағы бұндай жағдайлар әлемдік деңгейде барлық мемлекеттерде кездесетін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Бұл мәселе мүмкіншілігі шектелген балаларды мүмкіндігінше әлеуметтік қоғам өміріне белсенді және жеке тұлға ретінде қалыптасып, өз беттерінше өмір сүріп дағдылануына көмектеседі. Білім жүйесін жаңғырту аясында дуальды кәсіби білім беруді дамыту, жұмысшы кадрларының зәрулігін еңсеру үшін қолданбалы мамандықтардың заманауи орталықтарын құру міндеттері қойылды. Тек білімді, сауатты адам ғана келешек тізгінін қолына ала алады. Осыны ескере отырып Елбасы Н. Назарбаев өз Жолдауында Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесін әрі қарай дамыту, жетілдіру жоспарын құрып, көптеген мақсаттарда көздеп отыр. Олар: инженерлік білім беруді және заманауи техникалық мамандықтар жүйесін дамыту, оқыту әдістемелерін жаңғырту, елімізге қажетті технологиялар трансферті мен оларды қолдану үшін мамандарды оқыту. Бүгінгі ұрпақ білімді болса, ел ертеңі жарқын болмақ.

Қорыта айтқанда, кәсіби даярлықта әрбір кәсіптік оқу пәнінің білім мазмұны мен әдістемелік жүйесі негізінде жеке тұлғаға қойылатын кәсіби деңгейін, нәтижеге бағытталған сауаттылық шешімін табу керек. Өйткені кәсіби даярлықта педагогке қажетті кәсіби құзыреттіліктерді толыққанды меңгерген оқытушы, студентті оқытуда, білім алу нәтижесіндегі құзыреттіліктерді сапалы меңгерте алатыны сөзсіз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Қазақбаева Д., Ш.Кәрібаева Компенеттік тәсіл білім сапасын қамтамасыз етудің басты шарты.Физика және астрономия №2-3 2004ж.
2. Тұрғынбаева Б.А.. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуметін білікті арттыру жағдайында дамыту теория және тәжірибе. Алматы2005,84бет.
3. 12 жылдық жалпы орта білім беру бағдарламасы.
4. А. Құсайынов «Білім және реформа» Алматы. 2006ж.
5. А. С. Макарова «Психология труда учителя» Просвещение.1993 г.

«ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ЖАҒДАЙЫНДА АРНАЙЫ ПӘНДЕР БОЙЫНША ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҮШІН ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕР»

Усенова Айнагул Акбаровна
«Тігін өндірісі және киімді үлгілеу» мамандығының
арнайы пәндер оқытушысы
Е.Сарманов атындағы гуманитарлық
агроэкономикалық колледжі
Түркістан облысы, Ақсукуент

Білім беру жүйесінің басты міндеті – білім беруді әлемдік үздік үлгіге сәйкес деңгейге жеткізу, жеке тұлғаның білім алу және рухани қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін қанағаттандыру. Оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз процесі – сапалы білім беру.

Сапалы білім беру дегеніміз – ғылымға негізделген жүйелі бағдарлама бойынша теориялық, практикалық іске қабілетті, еңбекке баулу, дүниетанымын кеңейту және жастардың бойындағы бар қабілетін кемеліне келтіріп жан-жақты тұлға тәрбиелеу болып табылады.

Қазіргі білім берудегі басты мақсат – жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – талғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті, құзырлы жеке тұлғаны тәрбиелеу.

Адамзат баласы пайда болғалы бері түрлі сан мыңдаған өзгерістерге ұшыраған әлемнің қазіргі таңдағы бейнесіне бір сәт үңілер болсақ, ешкімді бей жай қалдырмасы анық. Ақпараттық технологиялардың, ғылымның дамуының шарықтау шегіне жеттік деп жар салған ХХІ ғасыр - кенеттен пайда болып, жер бетіне лезде таралып үрейде ұстаған індеттің алдында қауқарсыз болып шықты.

Дәл осы күн мен түннің ауысуы сияқты білім беру процесі қандай жағдай болмасын тоқтамайды, тоқтауға тиіс те емес. Тек өзінің формасын өзгертетіні болмаса. Білім алушылардың денсаулығы, өмір қауіпсіздігі басты назарда болғандықтан елімізде білім беру ұйымдары түгелдей қашықтықтан оқыту жүйесіне көшті. Бір жылдан аса уақыт аралығында білім беру жүйесі көптеген қиындықтар мен қатар қашықтықтан оқытудың артықшылықтарын да сезінді. Бастапқы кезеңде бұл жүйеге өте қысқа уақыт ішінде көшуіміз әрине білім алушыларды былай қойғанда педагогтердің өзіне оңайға түспеді. Бірыңғай онлайн оқыту платформаларының болмауынан түрлі әлеуметтік желілерді қолданып, әрқайсысының өз артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтадық. Соның ішінде қашықтықтан оқыту жағдайында білім алушылардың бойына арнайы пәндерден құзыреттілікті қалыптастыру үшін тиімді әдіс-тәсілдерді қарастыру алдыңғы қатарлы мәселелердің бірі болды. Бұл мәселені шешудің алғашқы баспалдағы – педагог мамандардың цифрлық технологияларды жетік меңгеруіне жағдай жасалуы.

Екіншісі білімді синхронды жеткізу үшін түрлі ізденіс жұмыстарын жүргізу. Әр платформаның ерекше тұстары мен кемшіліктерін анықтай келе, кері байланыс орнату, тәжірибелік тапсырмаларды үй жағдайында орындап, презентациясын немесе бейнетаспасын жіберту. Әр педагог өз әдістеріне сүйене отырып, өзіне ыңғайлы платформада білім алушыларды онлайн оқуға қызықтыру үшін сол платформаға жаңа баптаулар енгізді. Оқытушы қай уақытта да заман ағымына қарай әрдайым жаңа әдістерге бейім болуы шарт. Дегенмен, қашықтан білім беруге көшу - коронавирустық індеттің таралуын азайтуға бағытталған қадамдардың бірі. Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы, нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт, деп ойлаймыз. Осы орайда әр оқытушыға әрі жауапты, әрі ауыр жүк артылары сөзсіз. Мұның өзі цифрлық дамудың бір жемесі десек артық айтқандығымыз емес. Осы орайда бейне дәрістерді, интерактивті мультимедиа дәрістерін ерекшелеуге болады. Біз онлайн форматында бейнедәрістер, шебер сыныптар өткізіп, жүктеп отырдық. Бейнедәріс жағдайында оқытушы дәрісі бейне таспаға жазылады. Сызықтық емес монтаж әдісімен ол [МУЛЬТИМЕДИЯЛЫҚ КОСЫМШАЛАРМЕН](#) дәрістерді иллюстрациялайтын мазмұнмен толықтырылады. Теориялық материалды жеткізудің бұл тәсілінің артықшылығы дәрісті қиыншылық тудырған жерлерге қайтып оралуға болатынына, кез келген ыңғайлы уақытта тыңдауға мүмкіндік береді.

Бейнежазбасы сақталып, білім алушыларымыздың қайта-қайта көріп, жетік меңгеруіне жағдай жасалынады. Соның негізінде тәжірибелік тапсырманы орындап, кері байланысқа шығып отырады. Бұл тәжірибелік дәрістерді ұйымдастырудағы үлкен жетістік және мақтанышпен айта алатын дүние. Әйтсе де, қашықтықтан оқыту форматында тәжірибелік дәрістерді өткізудің кемшіліктерін айта кететін болсақ, әр білім алушының материалды қабылдау деңгейінің әртүрлілігінде. Бірі жүктелген бейнематериал, тақырыптық презентация, көрсетілген шебер сыныптар арқылы толыққанды қабылдап, жұмысты өздігінен орындай алса, екіншісі білім беру орнына келіп тәжірибелік білім алуды қалады. Мұның бірнеше себептері бар: психологиялық, әлеуметтік, материалдық. Әлеуметтік мәселе бұл тікелей бетпе-бет қарым-қатынаста ғана жүзеге асады. Сонымен қатар, колледждерде шығармашылық жұмысқа байланысты мамандықтарды қашықтықтан оқыту кезінде көп қиындықтар туындады. Мысалы, «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» мамандығы бойынша арнайы пән дәрістерін қашықтықтан оқыту жүйесі теориялық сабақтарды үйретуде тиімді, ал практикалық сабақтарына келгенде білім алушылардың шығармашылық қабілеттерінің даму көрсеткіші төмендеп кеткенін көрсетті. Әр білім алушыға жеке жеке практикалық сабақтарды қашықтықтан түсіндіруге уақыттың жетіспеушілігі және де кейбір ауылдарда ғаламтор желілерінің дұрыс жолға қойылмағандығы білім алушылардың білімді сапалы қабылдай ала алуына әкеп соқты. Осы мамандыққа оқуға түскен білім алушылардың

білімді қабылдауы, мамандыққа қызуғышылықтарын арттыру жолдарын есепке алып қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша арнайы жоспар құрастыру қажеттілігі туындады. Колледж әкімшілігімен ойласа келе, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларды қатаң қадағалай отырып бітіруші курс білім алушылармен және қабілеті мен сұранысына байланысты жеке білім алушылармен арнайы кесте түзіліп тәжірибелік дәрістер жеке-дара жүргізілді. Сонымен, қашықтықтан оқыту жағдайында тәжірибелік дәрістерді жоғарыда көрсетілген форматтарда жүргізу – арнайы пәндер бойынша құзыреттілікті қалыптастырға, шығармашылық қабілеттерін арттыруға мүмкіндік берді. Нәтижесінде білім алушылардың орындаған «Ай-Лин» және де «Бегім-ай» жобалық коллекциялары 2021жылдың 3-5 шілдесінде Халықаралық «TURAN FASHION WEEK» атты сән көрмесінде көрсетіліп арнайы номинациялармен марапатталды.

Қорыта айтқанда, қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, тәжірибелік дәрістерді жүргізудің тиімді әдіс-тәсілдері - бейнежазбалық дәістер, шебер сыныптар және білім алушымен жеке дара жұмыс екеніне көз жеткіздік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педогог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Білім беру ұйымдарына электрондық оқыту жүйесін енгізу жағдайында педагогтардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру әдістемесі / Ахметова Г.К., Караев Ж.А., Мухамбетжанова С.Т. // Алматы: АҚ «ҰБАО «Өрлеу», 2016.
2. Қазақстан және ТМД елдеріндегі білім беруді ақпараттандырудың IV Халықаралық форумының ғылыми мақалалар жинағы (18-19 бет.38-39 бет. 118-119 бет. 460-461 бет).
3. Журнал «Білім шыңы-ғылым сыры» журналы, № 10, 11
4. Демкин В.П., Можаева Г.В. Технологии дистанционного обучения. Монография – Томск, 2008.-124 б.
5. Баумуратова Диларам Бекбулатовна., «Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында қашықтықтан оқытуды ұйымдастыру» мақаласы.

IMPROVING THE EFFECTIVENESS OF DISTANCE LEARNING AND TEACHING

РАЙМКУЛОВ БЕКЗАТ

**Түркістан облысы, Келес ауданы
№13 Т.Бигелдинов жалпы орта мектебі**

Distance learning is based on individual learning: the student chooses the type of training, can repeat individual lessons, can leave some sections, etc. This system of learning develops the student's ability to work independently and learn independently.

Distance learning

Distance learning is distance learning, is the teacher and the student are separated from each other in space and all or most of the learning process is carried out using modern information and telecommunications technologies.

Distance learning technology is a promising way of learning. Creating an effective system of distance education will increase access to quality education for the majority of the population, help solve the problem of education for people with disabilities and more fully cover the population of areas without access to full-time education.

Distance learning technology is provided in 14 bachelor's specialties.

Case technology is a technology based on the collection of teaching materials on paper, electronic and other media and their transfer to students for independent work.

Distance learning course is developed on a modular basis: each module is a standard training product for a certain period of time, with a clearly defined knowledge and business acumen, or the quality of work is determined by course and control work, as well as text, tests and exams.

«Online English for preschoolers» шебер сынып тақырыбының мазмұнымен таныс болыңыздар. Мазмұны 8 тарау, 40 тақырыптан құралған. Жоғарыда айтылғандай мектеп алды даярлық сыныптарына арналған жылдық жоспарға жүгіне отырып жазылған дүние болып табылады. Ары қарай бір сабақтың құрылымына шолу жасап өтсек.

Lesson 2

All about me



New words

Name – аты

Introduce – таныстыру

Say your name When you meet somebody for the first time, you introduce yourself (tell the person who you are). To introduce yourself, you can just say:



<https://www.anglomaniacy.pl/expressions-1-introducing-lesson.htm>



Come on, let's sing! https://youtu.be/To_eXsapXCA

Hello,hello,hello!

What's your name?

Hello,hello,hello!

My name is Scott..

Hello, Scott!

Hello, Scott! Hello!

Hello,hello,hello!

What's your name?

Hello,hello,hello!

My name is Andy..

Hello, Andy!

Hello, Andy! Hello!

Hello,hello,hello!

What's your name?

Hello,hello,hello!

My name is Kate..

Hello, Kate!

Hello, Kate! Hello!

Hello,hello,hello!

What's your name?

Hello,hello,hello!

My name is Jenny..

Hello, Jenny!


Hello, Jenny! Hello!




<http://www.kidsunder7.com/2011/08/alphabet-flash-cards.html?m=>



<https://www.megaworkbook.com/englishalphabet-tracing-captial-letters>





Ұсынылып отырған жазба бұл бір сабақтың құрылымы болып табылады. Сабақта біз төрт дағдыларды пайдалана отырып оқушыға ағылшын тілін үйрету барысындамыз. Әр тапсырма беріліп отырған сілтеме бойынша орындалады. Онлайн бағалау: Онлайн курстарды оқыту кезінде бағалаудың екі негізгі түрі бар: ашық кітап тесттері және қашықтықтан басқарылатын емтихандар. Әрқайсысының бірқатар артықшылықтары бар, бірақ екеуінің де тиімділігі олардың онлайн оқытуда қаншалықты жақсы жобаланғанына және енгізілгеніне байланысты. Онлайн бағалауды ескере отырып «Online English for preschoolers» шебер сынып тақырыптың әр тарауының соңынан қорытынды тапсырмалар ұйымдастырылған. Тапсырмаларды сілтемелерге кіру арқылы орындайды. Мысалы:

REVISION FOR THE UNIT 8


HOW TO BE HEALTHY



[https://www.liveworksheets.com/worksheets/en/English as a Second Language \(ESL\)/At the playground/At the playground_sq609814mk](https://www.liveworksheets.com/worksheets/en/English_as_a_Second_Language_(ESL)/At_the_playground/At_the_playground_sq609814mk)



[https://www.liveworksheets.com/worksheets/en/English as a Second Language \(ESL\)/Making suggestions/Let's Play Soccer pt.1_uo316729ho](https://www.liveworksheets.com/worksheets/en/English_as_a_Second_Language_(ESL)/Making_suggestions/Let's_Play_Soccer_pt.1_uo316729ho)



Мен «Online English for preschoolers» шебер сынып тақырыбын мектепте қолданамын. Бұл жерде сабақтардан бөлек түрлі ойындарға сілтемер бар. Оқушылар қызыға ғана ойнайды. <https://www.whitbyschool.org/passionforlearning/9-classic-preschool-games-that-secretly-teach-life-skills>

Musical Chairs. This game helps teach kids to resolve arguments peacefully, deal with disappointment and practice patience. Set chairs in a circle, one fewer than the number of children in the game, and then play music as kids walk around the circle. Every time the music stops, children must try to sit on a chair. Kids who don't get a chair are out. Then remove a chair and begin again. As a game of Musical Chairs progresses, children must learn to deal with the frustration of being out of the game, therefore practicing patience and waiting graciously. They must also learn to use their words to work out arguments about whose chair is whose or who got there "first." Be sure to have an adult on hand specifically to ensure conflicts are settled peacefully and to help kids who are no longer in the game stay cheerful.

Қорыта айтқанда онлайн оқыту сыныптағы оқудан өзгеше болуы мүмкін. Онлайн оқыту онлайн курстарды тиімді өткізуге және жеңілдетуге байланысты белгілі бір білім мен дағдыларды қажет етеді. Интернетте тиімді оқыту мүмкіндігі жоғары оқу орындарында жай қажеттілік емес, қажеттілікке айналатыны анық. Жақсы жаңалық - бұл ауысуға тәрбиешілерді қолдау үшін көптеген ресурстар, құралдар мен платформалар бар. Тәжірибені дұрыс технологиямен ұштастыра отырып, тәрбиешілер интернеттегі оқыту әдістерін өзгерте алады, оқушылардың икемділігін арттырады және қазіргі оқушылардың әр түрлі қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Қолданылған ресурстар

Liveworksheets, Anglomaniacy, Whitby school, Pinterest, Simba TV, Vietchild center, Super Simple Songs – kids songs, Souphansa Savanhvilay, Maple Leaf Learning, English singsing, Kids Academy, Cocomelon – Nursery Rhymes, DoubleW Channel, Jalebi street fun stories & song for kids, Super English Kid Terine 2000, Baby Nenes, English Time, Kids TV 123

APPLICATION OF MODERN INNOVATION TECHNOLOGIES AT THE ENGLISH LESSONS

ӘЛІП АҚЕРКЕ ӘЛІПҚЫЗЫ

учитель английского языка

Туркестанская область, г.Шардара

ГКУ «ОСШ имени М.Горького»

Application of modern innovation technologies at the English lessons – the key of success in teaching students.

"A teacher is one who makes himself progressively unnecessary."

Thomas Carruthers

The main task of the modern school - disclosure abilities of each student, education of the individual, ready to life high-technological competitive world.

My main goal is to teach children to speak fluently in English, to write, and read correctly in English, so that each lesson brings not only knowledge but also the joy of learning that students believe in their abilities.

I actively use in my work new educational technologies (forms, methods and means of education), which allow me to collaborate with students, to awake interest in the educational activity.

In recent years, new innovation technologies are used more often in secondary schools. It's not just new means of technologies but also new forms and methods of teaching, a new approach to the process of learning. The main purpose of language teaching is focused on developing communicative culture of students, teaching in the practical mastery of English language.

For the development of cognitive activity of students at English lessons I use the following innovative technologies.

1. Reading and writing for critical thinking	2. Projects method	3. Information and communication technologies. (ICT)	4. Portfolio technology.
The aim: to teach children to think critically and express themselves freely.	The aim: to design and realize of the projects, the formation of students' cognitive competence.	The aim: to improve the effectiveness of training, activation of the cognitive activity of students, to motivate students to develop independent work skills, self-control and self-examination	The aim: to allow the student to record their language learning, to evaluate self-dependency their level with using the tables, set before themselves individual goals.

The main characteristics of using modern innovative technologies is the ability of differentiation and individualization of education, and also the possibility of development cognitive creativity activities of students

The task of teachers is to create the conditions of practical language learning for each student to choose such methods of training which allow every student to show their activity, their creativity, to make more active student's cognitive activities in learning English language.

I. Reading and writing for critical thinking.

Technology for Development of Critical Thinking Reading and Writing - Critical Thinking appeared in America in the 80 years of the twentieth century. It is based on the ideas and the theory of Piaget's stages of child's mental development; LS Vygotsky's Zone of Proximal Development and the inseparable connection of education and overall development of the child.

Critical thinking is formed primarily in the discussion, written work and active work with the texts. With these forms of activities, all students are familiar, but it's necessary to have a slight change.

It should be noted that one of the main position of Critical Thinking is to follow the three stages: Evocation - Realization of Meaning - Reflection. Technology of critical thinking provides some methods, techniques and strategies that integrate the learning process by type of educational activity in the line of communication realization of each stage of training. There are specific techniques and strategies of work for each stage.

The first stage is evocation. Its presence in every class is compulsory. This stage allows you to:

- update and summarize the existing of student knowledge on the topic or issue;
- cause a stable interest in the subject, motivate students to educational activities;
- formulate questions so that to get answers;
- encourage students to work actively in the classroom and at home.

The second stage is realization of meaning. Here other tasks. This stage allows students to:

- get new information;
- comprehend it;

The third stage is reflection. The basic concepts are to:

- integral comprehension, summarizing the received information;
- format of each student's own attitude towards the studying material.

Using in my work technology of critical thinking, the most appropriate for myself, I consider such methods as the associative line, reference notes, brainstorming, group discussion, reading with the stopping and Issues Bloom clusters sinkwein, key terms, media projects, didactic play, work with tests, non-traditional forms of homework.

Reading with the stopping:

1. The teacher chooses the text to read.
2. The text is divided in advance into semantic parts. Directly in the text indicates where you should stop reading and make a stop: "first stop", "second stop", etc.
3. Teacher pre-thought out questions and tasks to the text, aimed at developing the students' different cognitive skills.

Clusters

Before starting a new topic is very useful to use the "**Cluster**", which prepares students to take the new information and activate their mental activity. This method is carried out as follows: it's necessary to write a key word, in the centre to make rays (as from the sun), to each ray students should write an appropriate subject word.

By repeating or summarizing the results I can use techniques such as **brainstorming, Venn diagram, tests, essays.**

II. Projects method

Using projects method we can see external results, comprehend, apply in actual practice. Internal results - the experience of activity - is becoming a priceless achievement of students, combine the skills, competence and value.

The founder of the pedagogical method of projects is considered John Dewey (1859 - 1952), an American philosopher, psychologist and teacher. In order students perceive knowledge as really needed them, we should set before us problems which required, drawn from real life, a familiar and meaningful for students. "To solve the problem" means a real and appreciable result.

The project is an opportunity for students to express their own ideas in a convenient for them creatively thought out manner. A great deal in the projects comes from the dream, the fantasy, but the basis of fantastic development of thought is real awareness of contemporary life. Mastering the culture of the making project tasks, students learn to think creatively, to plan their actions, to predict possible solutions, to set before them tasks, to realize studying themes.

Variation of the lesson involves an individual, pair and group forms of work. In the latest case, we should help the participants of the join project to distribute the roles and explain that the overall success depends on the contribution of each student. At the final lesson for each topic, students are encouraged to prepare a creative project.

As we can see, the method projects clearly focused on the real practical result meaningful for students. While working with projects teacher and students build new relationship. Working on the project will help student to express themselves unexpectedly. They have the opportunity to show their organizational abilities, hidden talents, the ability of speaking English.

III. Information and communication technologies. (ICT).

Using information and communication technologies (ICTs) in the English language lessons enough is actual for the development of the individual of each student and to offer students the following skills: the ability to compare the

advantages and disadvantages of different sources of information, choosing appropriate technologies of its search, to create and use appropriate models and procedures of examination and information processing, etc.

The Interactive board allows: to realize active commenting of studying material selection, specification, adding additional information using electronic markers. I believe that the use of interactive board at English lessons allows you to engage students actively in learning activities, increases motivation of learning and stimulates creativity and promotes the student's personality, broadens the presentation of educational information, helps students to prepare for tests, exams. In the interactive lesson, students can see, hear, read, recite, write, play, sing, watch movies, work with different drives and more at the same time. We can create presentations on various topics in the program MS Power Point, but the main thing - flip charts, folders, the program ACTIV studio on the topics "Welcome to the UK", "Welcome to the USA", "A Tour to London", "Reading is Fun", "Play These Games", "English Grammar", "Holidays" and others, I've prepared lessons on different themes in the program of interactive whiteboard ACTIV studio. What is a flip chart that you created in the program ACTIV studio? "This is the presentation, using special tools Whiteboard arbitrary choice, blinds, cable tapes, cameras, projectors and which can include, in addition to visibility, the fragments of discs, sounds, music, flash games and more.

Opportunities of interactive board allow getting students to an understand that the video and game programs have been successfully used for teaching, creating the best conditions for learning listening and speaking skills that at the end delivers the efficiency of mastering material in the English language lessons.

The usage of new technologies at English lesson is based on the using of a computer, allows activating the cognitive interests of students, controlling activities of each student, significantly increasing the pace of work, to solve several problems: to study the new material, to consolidate, performing the practical work, which includes different types of exercises. However, Interactive lessons using a computer should be conducted with the regular classes; computer support should be one component of the educational process and should be used only where appropriate.

IV. Portfolio technology.

Starting systematization the work with students, I organize the work with "Portfolio". I offer students to make their own "Portfolio" independently, explain the purpose of collecting art works, projects, written essays, reports, diplomas, certificates of participation in various competitions etc. in one folder. I find time to work with the "Portfolio" at the lesson. Looking through "Portfolio" with students I show my interest in the collected works.

At the beginning of a "Portfolio", I suggest how to design it. The structure of working "Portfolio" is free, all works are collected in chronological order.

There are four main sections of "Portfolio": portrait, collector, working materials, achievement.

Portrait is the first sheet, which opens the "Portfolio". It is personal particulars about the learner. When completing the questionnaire, the students look at themselves as if from the outside, analyze what students they are, what they have already achieved and what they want to achieve. Students will complete the questionnaire gradually as they progress through the material. I offer students to put their photo or draw it themselves. "Portfolio" reveals the individuality of the student, their life directions and values.

In the collector, students gather strategies for working with a certain type of tasks, various commemorative booklets, writing essays, tables, etc.

Working materials are a creative work, projects, tests, etc.

In the "achievement" students collect all the diplomas, certificates, certificates of participation in the school, district, republican, national, international competitions, Olympiads, etc.

Thus portfolio is a set of instruments for documenting and evaluating language skills of students. It allows the learner to record their language learning himself and self-evaluate his level using the tables, set individual goals.

What can we include in the language portfolio?

The portfolio of the student must have

- Title page
- Content
- The aim of learning the English language and the creation of portfolio
- Written materials characterizing the learning process
- Essays
- Images
- Writing creative work
- Evaluation sheets
- Sheets of self-evaluation

Parts of the portfolio:

1. Passport is language in the family, where he studied, the languages that he studied in school and outside school; stay abroad; projects. The scale gives the student the prospect of further development of communicative skills.

2. Language biography

3. The dossier includes the "best" of student work, indicate their success in mastering the language.

- best written work (not necessarily with excellent grades)
- poetry and short stories written by students
- Individual and group projects
- work done by computer
- letters, postcards
- certificates, awards and other forms of recognition of the achievement of students

4. Reflection includes evaluation cards and feedback of teacher, classmates and parents about the portfolio.

The combination in using of innovative technologies at English lessons greatly increases not only the effectiveness in teaching, but also helps create more productive atmosphere in the classroom, takes students interest in the studying material.

Қашықтықтан оқыту жағдайында тілдік дағдылардың қамтылуы мен тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану жолдары

Арынбекова Айгүл Жарасқызы
М.Әуезов атындағы №1 мектеп-лицей мұғалімі

**Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы
әрі экономиканы дамытудың басты құралы.**

*ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың
2019 жылғы Тамыз конференциясында сөйлеген сөзінен*

1. Білім – өмір шырағы
2. Қашықтан оқыту – оқытудың жаңа форматы ретінде
3. Тілдік дағды – коммуникативтік құзірет құралы
4. Қорытынды

1. XXI ғасыр – ақпараттар ағыны өте лездікпен алмасқан заманда білім үстемдікке ие болып келеді. Түрлі ақпарат құралдары арқылы әлемде болып жатырған оқиғалардан сол сәтте құлағдар болып отырмыз. Бұрын хабарды теледидар немесе радио арқылы ғана білсек, қазір оның да жолы көп. Бір сөзбен айтсақ, әлем жаңалығы – алақанымызда. Ал сол қаз-қалпында дәл уақытында келіп жатырған ақпараттар әртүрлі. Ішінде пайдалысы, пайдасыз, зияндысы мен бәрінен де ұрпақ тәрбиесіне кері әсер ететіні бар. Ақпараттар майданының тегістей ұлт болашағына тигізер қаупі орасан. Алайда өзіміз өмір сүріп отырған әлемнен тысқары өмір сүруге де болмайды. Сонда қайтпек керек? Аждаһадай ащы тілін сумаңдатқан жаһандану тажалынан ұлт боп қалудың жолы бар ма? Немесе жаны тап-таза боп өсіп келе жатқан ұрпақтың болмысын қалай сақтап қаламыз?

Әлемді дүр сілкіндірген пандемия қашықтан оқыту жүйесіне мәжбүрледі. Бесіктен белін жаңа көтерген, қолына қалам ұстамаған

бүлдіршінімізді де қолына смартфон ұстатып, компьютерге үңілдіріп, теледидарға телмірткен кезді де бастан өткердік. Жан-жақтан келіп жатырған ақпаратты өз қолына ұстаттық десек те болады.

Бірақ бәрінің шешімі бар. Ол – сапалы білім!

Иә, білім арқылы ғана біз тек бұл емес, басқа да қиындықтарға төтеп бере аламыз. Өмірдің қиындықтарында бабасының мұрасынан алыстамай, анасының ақ сүтінен аттамай жол таба білетін ұрпақты да осы білім арқылы қалыптастырамыз. Білім арқылы болашаққа нық қадам басып, еліміздің ертеңіне сенім қалыптастыра аламыз.

2016 жылы Елбасы Н.Әбішұлы Назарбаев «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» атты мақаласында баршамызға ортақ жауапкершілік жүктеп, еліміздің білім беру саласының негізгі бағыттарын айқындап берген болатын [1]. Білім мазмұнын жаңғыртып, оны заманға сай, дамыған елдердің білім саласымен теңестірілген деңгейде болуы қажеттігі нақты қолға алынды. Білім мазмұнын жаңарту – білім беру бағдарламасының құрылымы мен мазмұнын, оқыту мен тәрбиелеудің әдістері мен тәсілдерін қайта қарастыру болып табылады. Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды бойына сіңірген, кез-келген өмірлік жағдайда функционалдық сауаттылығы мен бәсекеге қабілеттілігін көрсете білетін тұлғаның үйлесімді қалыптасуына және зияткерлік дамуына қолайлы білім беру ортасын тудыру - жаңартылған білім мазмұнын енгізудің нәтижесі болуы керек. Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, өмірдің өзгерістеріне дайын болатын, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындауы тиіс [2].

2. Осынау міндеттерді жүзеге асыру үшін кешенді түрде қолға алынған жұмыстар мен көзделген межелерді айтпай келген пандемия бұзды. Тыңнан түрен салған адамзат мұның да айласын тапты. Сөйтіп оқудың жаңа форматы қашықтан оқыту басталды. Мұғалімді де, ата-ана мен баланы да әбігерге салған қашықтан оқыту кейін тіпті үйреншікті жайтқа айналды. Кемшілігі мен ауыртпалығын мемлекет бірге көтерісті. Дүйім ел болып, білім саласына көз тікті. Сыналған да, шыңдалған да тұсымыз осы кездер еді. Келеңсіздік етекпен тартып жатса да білім саласы қызметкерлері бұл қиындықты еңсере жеңді. Ұстаздар қауымы оқушыға білім берумен қатар, ақпараттық коммуникативтік технологияны жетік меңгеруге мәжбүр болды. Түрлі платформаларда сабақ өткізіп, уақыттың талабына біліктілікпен төзімділікпен қарсы тұрды. Осы тұста көмекке келген түрлі білім порталдарының рөлін айтпай кетуге болмайды.

Қашықтан оқыту кезінде қос тарапта жекелеген пәндерді оқытуда айтарлықтай қиындықтарға тап болды. Оқушы мен мұғалім арасында қалыптасатын жіпсіз байланыс, көзге көрінбейтін бірақ маңызы зор ынтымақтастық, мұғалімнің тұлғалық болмысы арқылы оқушыға әсер ету

сынды жайттар әдірем қалды. Бәрібір сабақ қандай жүйеде болса да тиісті дәрежеде өтуі тиіс болатын. Салмақ тағы да ұстаздар қауымына түсті. Сапаға жұмыс жасауға әдеттенген, шәкірт алдындағы жауапкершілік, мамандыққа деген адалдық үлкен ізденіске түсірді. Бұл тарапта мемлекет те қарап қалмады. Түрлі платформа ұсынып, ыңғайлысын таңдау үшін қолдану жолдарын жаппай үйретіп жатты. Шындығын айту керек, әр пән әртүрлі деңгейде өткізілді. Назардан тыс қалғандықтан емес, шығар тетігі болмағандықтан кейбір дағдылар оқушы санасына тиісті дәрежеде берілмеді. Дегенмен бір қуанарлығы қашықтан оқыту ата-ана мен баланы, мұғалім мен ата-ананы жақындатқандығымен ерекшеленді.

Еліміздегі бірде-бір ұстаз «мұны үйрете алмадым» немесе «оған мүмкіндік жоқ» деп салғырт қарамады. Ізденіс пен табандылық арқасында түрлі кедергілер жойылып, жетістіктер орын алып жатты.

Өз пәнім бойынша, нақтылап айтқанда қазақ тілі мен әдебиет пәндерін оқытудың қашықтан оқыту кезінде қалай жүргізілгені туралы айтып өтейін. Дамыған Батыс елдерінің білім жүйесіндегі басты мақсаттардың бірі - Тілдік күзірет пен коммуникативтік күзіретті қатар алып жүру. Бұл жазбаша және ауызша сөйленімдердің мәнін түсінуді, коммуникативті сәтсіздіктердің негізгі себептерін анықтап, түсіндіре білуді, өзінің және басқалардың сөйлеуін дәл, орынды бағалауды, болашақта өз ойын айқын да анық жеткізе білетін ауызша да, жазбаша да сауатты ұрпақ қалыптастыру мүмкіндігін береді. Бұл мақсатқа жету үшін ең алдымен, тілдің бірліктері мен категориялары туралы ғылыми білімді қалыптастырып, кеңейтіп, қатаң орнықтырып алу қажет. Тіл деңгейлері мен бірліктерінің өзара байланысын, тіл білімінің негізгі ұғымдарын игеру арқылы тілдің грамматикалық негізі мен коммуникативтік мақсатын ұштастыру мүмкіндігі туады [3].

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау.

Бүгінде көп жылдар бойы үйретіліп келген дәстүрлі грамматикада тілді зерттеу, жүйелеу тәсілі жеткіліксіз. Тілдің табиғатын толық ашу үшін оны сипаттап, жүйелеумен қоса, оның әрекет ету, жұмсалу құрылымын да қарастыру қажет. Бұрын қолданылған жаттанды ережелер мен жаттанды мысалдар ана тілінің жүйесін толық тануға мүмкіндік бере алмайды. Мен бұл тұста өзім тәжірибеден өткізген *жұмсалымды грамматиканы* ұсынамын.

Жұмсалымды грамматика - «Жұмсалымды грамматика тіл жүйесін «мағынадан құралдық көрсеткішке» қарайғы принцип бойынша қарастырады. Тіл білімінде мұны ономазиологиялық (атаулық) бағыт деп атайды. Бұл бағыт Ю.С.Масловтың аспектологиялық зерттеулерінен бастау

алып, оның шәкірті А.В.Бондарконың көп жылғы ізденістерінің нәтижесінде қазіргі тіл білімінде жұмсалымды грамматиканың жетекші мектептерінің біріне айналып отыр» [4]. Бұл бағыт тілді оқытуда да, тиімді нәтиже бере бастады. Мысалы, жаңа бағыттағы қазақ тілі оқулықтарының авторы, профессор З.С. Күзекованың еңбектерінде «мағынадан - тұлғаға - функцияға» жүйесі арқылы тіл жүйесінің (92 Хабаршы. Филология сериясы. №4 (168). 2017) Тілді зерттеудегі лингвистикалық бағыттардың ерекшеліктері концентрлік моделі құрылып, тілді түрлі аспектілері бойынша жан-жақты ашу өз жемісін бере бастады. Осы бағытпен бірнеше оқулықтар мен оқу құралдары жарық көрді. Себебі, жұмсалымды грамматика сөйлеуді зерттеу нысаны етіп алады да, оны адамның ойлау әрекетімен бір ғылыми кең астастықта қарастырады.

Жұмсалымды грамматика балаға мектепте алған білімін басқа кез келген ортада қолдануға жетелейді. Мектепте коммуникативтік дағды қалыптастыру дегеніміз осы. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін коммуникативтік синтаксистің бүгінгі жетістіктеріне сүйенбеске болмайды. Мәселен, адамдар сөйлеу кезінде тілдегі, жүйедегі бар сөздермен, морфемалармен, фонемалармен ғана шектеліп, осы деңгейдегі тіл бірліктерін жаңадан ойлап, тауып қолданбайды. Керісінше, олар сөйлеу әрекетінде бұрын айтылмаған, жазылмаған мыңдаған жаңа сөйлемдерді қолдануы мүмкін. Бұдан тілдің шығармашылығы осы синтаксистегі сөйлемдерден көрінетіндігі байқалады [3].

Өз тәжіриемнен нәтижелі қолданған мына әдістерді ұсына аламын:

1. Сұрақ-жауап әдісі. Сабақта осы әдісті жиі қолдана отырып, оқушының ойлау жүйесін дамытуға болады.
2. Суретті пайдалану. Сурет арқылы сөз, сөйлем құрастыруға дағдыландыру өте тиімді әдіс. Әсіресе әр тақырып бойынша іріктеліп жиналған, тақырыптық топтама суреттердің берері мол.
3. Аударма. Сұранысқа ие халықаралық тілдерді жанамалай оқыту.
4. Сөзді және сөйлемді толықтыру.
5. Мәтін бойынша сабақ өту әдісі.
6. Қайталау.
7. Сөздікпен жұмыс істеу.
8. Жаттығу әдісі. Жаттығу жазбаша және ауызша өткізіледі.
9. Мәнерлеп оқыту.
10. Әңгімелесу.

Бұл әдістерді оқытудың қандай форматында да қолдану белгілі бір нәтижеге әкеледі. Кешегі қашықтан оқыту кезінде қарапайым мессенджерлер Wats App пен Телеграмм арқылы да еркін қолдандым.

Қазақ тілін оқыту барысында қазақ тілінің қыр-сырын, табиғатын таныта отырып, ертең өмірден өз орынын таба алатын, өзіне сенімді, нағыз ұлтжанды, парасатты ұрпақ тәрбиелеу үшін педагогиканың озық үлгілерін

жаңашылдықпен пайдаланып, тәжірибені байыта түсу- бүгінгі таңның басты мәселесі [5]. Жаңартылған білім беру бағдарламасында ынтымақтастырып оқыту жүйелі жолға қойылып, насихатталады. Бірлескен іс-әрекет қашанда жемісті.

Бірлескен іс-әрекетке негізделген оқытуды тиімді пайдаланған жағдайда келесі нәтижеге қол жеткізуге болады:

- оқушының оқуға деген қызығушылығының артуы;
- іскерлік дағдысының дамуы;
- өзіне деген сенімділігінің қалыптасуы;
- өздігінен оқып негізгі түйінді ойды анықтап алуы;
- мақсатқа өз бетімен ұмтылуы;
- ойлау белсенділігінің артуы;
- шығармашылық дағдысының қалыптасуы;
- өзіндік пікір айтуы [2].

3. Қазіргі заман талабы – жан-жақты дамыған, функционалды сауатты тұлға тәрбиелеу. Ол үшін оқыту әдістеріне өзгерістер енгізіліп жатыр. Алдымен, тілді үйреніп, сол тілде ойлап, сол тілде сөйлейтін азамат даярлау - басты мақсат. Тілді оқыту оңай іс емес екені айқын. Оқушы сүйсіне отырып, құлшыныспен оқуы үшін тиімді, қызықты, жаңашыл әдіс-тәсілдерді қолдану қажет. Жаңартылған оқу бағдарламасы бойынша **оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым** дағдыларын дамыту оқушылардың алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік береді.

Тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен қарым-қатынас дағдыларын дамытатын табиғи тілдік орта құру, оқушыны қызықтырып, ішкі уәжін ояту қажет. Мұғалім әр сабағын жоспарлағанда бүгін нені үйретем? оны қалай үйретем? не арқылы үйретем? не үшін үйретем? деген сұрақтарды басшылыққа алып, мақсатына жетуде әдіс-тәсілдерінің ең тиімдісін қарастырып, оқушының назарын өзіне аударуға бар күш-жігерін жұмсауы керек.

Демек, Оқушыларға қазақ тілінен тілдік дағдыларды қалыптастыруда ең алдымен айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым әрекеттеріне баса назар аудару керек.

Оқушылардың тыңдалым және айтылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- тыңдауға, мазмұнын түсінуге түрлі стилдегі мәтіндерді ұсыну;
- мәтінді қайталап тыңдау, негізгі ойды анықтау;
- тыңдалған мәтін бойынша сұрақтар қою;
- мәтін бойынша жоспар құру;
- тыңдалған мәтіннің белгілі бір бөлігін өз сөзімен айтып беру;
- мәтіннің мазмұны бойынша қарама-қарсы пікір айту, дәлелдеу
- мәтінді өз қиялымен өзгертіп аяқтау;

- мәтіндегі оқиғаларды, іс-әрекеттерді салыстыра талдай алу;
- ұсынылған тақырып бойынша сұхбат алу немесе сұхбат беру және нәтижесі бойынша ауызша есеп беру;

Оқушылардың оқылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- көз жүгірте, шолу жасай отырып оқу;
- мәтіннің тақырыбы мен бастапқы бөлігіне сүйене отырып, оқиғаның дамуын болжау;
- мәтіннің негізгі ойы мен бөліктерін анықтай отырып оқу;
- «ақпаратты табу үшін оқу, қызығып оқу және өз көзқарасын айту үшін оқу, мәтінге ауызша және жазбаша шолу жасау»;

Оқушылардың жазылым дағдыларын дамытуға ықпал ететін тапсырма үлгілері:

- оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;
- сөздердің орфографиясын меңгертуге арналған тапсырмалар;
- газет-журналдарға шағын хабарлама/мақала жазу
- белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау;

Айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым дағдыларын дамыту арқылы оқушыға тілді еркін игеріп, қрым-қатынасқа оңай түсе алуға мүмкіндік береміз. Бұл дегеніміз алған білімін өмірде қолдануға бейімделудің алғышарты.

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінен тілдік дағдылардың қалыптасу қағидалары

- Оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қағидасы
- Ортақ тақырыптар аясында пәнаралық байланысты жүзеге асыру қағидасы
- Оқу әрекетін қалыптастыруды оқушы дамуының басты шарты ретінде қарастыратын дамыта оқыту қағидасы
- Оқушылардың қимылдық, әлеуметтік, танымдық, қатысымдық белсенділігін және өз беттерімен жұмыс істеу біліктерін дамыту қағидасы [6].

4. Білім беру жүйесіндегі басты мақсат – Қазақстан Республикасының бүгінгі білім сапасының деңгейі мен болашақ бағытын анықтай отырып, әлемдік өркениетке жетудің жолын іске асыратын білімді де мәдениетті, білікті де саналы дара тұлға тәрбиелеу. Бұл – ұлттық мұраны жете меңгерген; ана тілінің сөздік қорын жетік игерген; адамзатқа ортақ рухани құндылықтарды білетін; өз ұлты мен тілін қастерлейтін, жері мен елін қадірлейтін; Отанын сүйетін, дүниетанымы кең, ізденгіш, іскер, еңбекқор, білімді де білікті зиялы ұрпақ қалыптастыру деген сөз. Мұндай тәрбиелі ұрпақтың негізі – бүгін, қазіргі білім беру мен оқу үрдісінде қаланады. Сапалы білім беру жүйесінің нәтижесінде қалыптасатын дара тұлға – қазіргі заман талабына жауап беретін, халықаралық стандартқа сай білімді меңгерген, өз ана тілі мен өзінің тарихын жетік білетін, коммуникациялық қарым-қатынасты емін-еркін жүзеге асыра алатын, Қазақстандық

полиэтномәдениеттің ең асылын бойына сіңірген, әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан жан-жақты қалыптасқан ұрпақ. Осындай тұлға қалыптастыру – мәдениетаралық қарым-қатынасты іс жүзіне асырудың, әлемдік өркениетті игерудің, өзің мен өзгені танудың да жолы. Жалпы білімді де білікті дара тұлға қалыптастырудың көзі, арнасы адам мен адамды, ұлт пен ұлысты түсінісуге, пікірлесуге жетелейтін тіл болып табылады [6].

Тіл – қай ұлттың болмасын тарихы мен тағдыры, тәлімі мен тәрбиесінің негізі, қатынас құралы. Тіл болмаса сөз болмайды. Сөз болмаса адамзаттың тірлігінде мән-маңыз болмайтыны белгілі. Демек, тілдің, сөздің орны ерекше [4]. Орынды пайдаланған оқыта-үйрету ойындар мен топтық, жұптық жұмыстар қазақ тілі сабағында оқушылардың сөйлеуіне мүмкіндік туғызады. Егер әр педагог өзі таңдаған әдістемелік жолын тың идеяларға негіздей алатын болса, жаңашыл педагогтар шеберлігі арқылы оқушылардың оқуға деген ынтасы мен қызығушылығы одан әрі артатыны сөзсіз. Осыдан мұғалім өзіне қорытынды жасауына, өзіне баға беруіне болады.

Баяндамамды қорытындылай келе мен барлық әріптестеріме мынадай ұсыныс тастаймын. Жалпы, әр оқытушы өз жұмыс барысында

- оқушыларға қалай оқу керектігіне бағыт-бағдар беріп, өздігінен білім алудың жолын көрсетсе;
- оқушының өзінің біліміне өзі жауапты екенін мейлінше ұғындырып, өзін-өзі бағалай алуға, сыни тұрғыдан ойланатын әлеуметтенген жеке тұлға болып қалыптасуына жетелесе;
- оқушылар мұғалімнің қолдауымен емін-еркін қарым-қатынасқа түсіп, алған білімдерін өмірде қолдануға бейімдесе;
- оқушының өз-өзіне деген сенімділігін оятып, өзіндік көзқарасын білдіре алатын дамыған тұлға қалыптастыруға қызмет жасуға шақырамын.

Сонымен қатар алдымызда отырған оқушылардың Отанының қасиетін сезініп, оның алдындағы ұлт жауапкершілікті сезінулеріне баулысақ, еліміз міндеттеген, ұлт болып күтіп отырған саналы ұрпаққа қол жеткізе аламыз.

Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов: «Қазақ тілін ұлтаралық тілге айналдыруды балабақша мен мектептен бастаймыз» деп тамаша ой тастаған болатын. Бұл баастама мемлекеттік деңгейде қолдау тауып, Тіл комитеті білім министрлігіне берілді. Бұл қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ беретін филолог мамандарға екі есе жауапкершілік жүктейді деп санаймын. Тіл маманы ретінде біз филолог ұстаздар бұрынғыдан да жүйелі, ынтымақты жұмыс жасай отырып, ана тіліміздің барлық деңгейде үстемдік жасауына үлес қосуға тиістіміз.

Демек, ұстаздық міндет пен бірге ана тіліміздің абыройын асқақтату міндетін алу мен үшін мәртебе. Мен өзімнің ұстаздық жолымда жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие бере отырып, ана тіліміздің мемлекеттік тіл деңгейінен халықаралық тіл деңгейіне көтерілуі үшін аянбай еңбек етемін. Және барлық тіл мамандарын өзіме қосылуға шақырамын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Елбасы Н.Әбішұлы Назарбаев «Ұлт жоспары – 100 нақты қадам» атты 2016 жылы мақаласы
2. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ, 2012.
3. Нұржанова Ж. Қазақ тілін тиімді оқыту жолдары. – Алматы, 2001.
4. Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. Алматы: Дайк-Пресс, 2012 2-кітап. – 830 б.
5. Жұбаева О.А. Байтұрсынұлы – қазақ тіл біліміндегі когнитивті лингвистиканың негізін салушы. www.adebiportal.kz
6. «Алаштың» тілдік мұрасы: Мақалалар жинағы / Құрастырған: С. Шүкірұлы, Е. Тілешов. – Алматы, 2006 – 364 б.
7. ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
Қазақ тілі мен пәнін қашықтан оқыту: алғашқы қадамдар мен кездесетін кедергілер
Әлия Мыңбаева
Сайрам ауданы, №31 Бәйдібек ЖОМ

Ғаламды шарпыған індеттің елімізге дендеп енуіне байланысты қашықтан оқыту қанатын кеңге жайғаны баршамызға аян.

Қашықтан оқуға еш дайындықсыз кірсе де ұстаздарымыз халық, ұрпақ алдындағы міндеттерін лайықты атқаруда. Алдағы уақытта да қашықтан оқытудың тәсілдерін меңгеріп, ғаламтордың шексіз мүмкіндіктерін игеріп, сабақты балаға қызықты етіп беруге тиіспіз. Бүгінгі педагогтің шығармашылығы оның виртуалды аудиторияда оқытуды ұйымдастыру шеберлігінен көрінетін болады. Бұл жұмыстар мұғалімдердің ақпараттық сауаттылық бойынша таным көкжиегін кеңейтеді. Ақпараттық сауаттылық пен тәжірибе – жан-жақты дайындықты қажет ететін күрделі үдеріс. Дәл бүгінгідей цифрлы төңкеріс заманында оның мүмкіндіктері шексіз. «Үйренгені бардың үйретері бар» демекші, мұғалімдеріміз қашықтан оқыту бойынша біліктілік курстарынан өтіп, оны практикада қолданатын болады. Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасымен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы 2020 жылдың 27 шілдесінде Қазақстан Республикасы педагогтеріне арналған қазақ және орыс тілдерінде «Қашықтан оқытуды үйренемін» атты курсы өз жұмысын бастап кетті.

Онлайн-курс бағдарламасы интернет-сервистермен жұмыс істеу дағдыларын үйретуге бағытталған. Осы курстан ақпараттық сауаттылықтың сан қырын меңгердім.

Қашықтан оқытуды жүзеге асыруда кездескен техникалық қиындықтарды қоспағанда, оқушылардың бойындағы әлеуметтік құндылықтар кеміп, тәжірибелік дағдылар төмендеп кетуі мүмкін. Бұл, әрине цифрлық білім беру ресурсы мұғалімді алмастыра алмайтынының дәлелі. Осы кезеңде педагогтің міндеті – оқушының тапсырманы өз бетінше орындауына қолдау көрсету, бағалау жұмыстарын басқару. Осыған орай педагог түрлі сервистер мен интернет тұғырнамаларды пайдаланады. Дәл осы міндетті жүзеге асыруда аталған курстың мәні жоғары болды. «Үйренгенді желге ұшырмай іске асыр» деп Ж.Баласағұн бабамыз айтқандай, бұл дағдыларды іске асыру практикамен келетіні сөзсіз.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің оқытылу жағдайына келетін болсақ, оқытудың синхронды және синхронды емес түрлерін үйлестіре отырып, оқытамыз. Вице-министр Ш.Каринова үй тапсырмасы емес, оқу тапсырмасы деп түйіндегені өте орынды, себебі қашықтан оқыту жағдайында отырған баланың тапсырма орындауға кеткен уақытын тиімді беру маңызды. Құжаттамаға (ҚР БҒМ №126 бұйрығына) сәйкес қазақ тілі мен әдебиетінен орындау уақыты 10-30 минутқа шақталған. Ең бастысы, оқу мақсатына сай тапсырманың орындалуы. Осы орайда ата-анаға түсіндіру жұмыстарының көп болуы маңызды. Оқу тапсырмасы баланың болашағына салынған инвестиция екенін түсінген абзал. Дәл бүгінгі тапсырмалар арқылы бала бойында ақпаратпен жұмыс сауаттылығы, сыни ойлау, жаһандық құзыреттілік т.б. дағдылар қалыптасады. Үй жағдайында отырған баланы қызықтырып тапсырма орындату қиындығын ата-анамен бірге еңсергенде ғана құнды болады. Әдетте өз бетімен орындай алмайтын тапсырма жақсы тапсырма болып есептелмейді. «Бағалау тапсырмасын әзірлеу және сараптау» тақырыбындағы мұғалімдердің біліктілік арттыру курсы жүргізу тәжірибемде осы мәселеге көп назар аударамын. Тапсырманы балаға қалай қызықты беруге болады? Оларды не қызықтырады? Жас ерекшелігіне, деңгейіне сәйкес пе? Тіпті грамматиканың өзін өмірмен байланыстырып, жағдаят арқылы берсе, анағұрлым тиімдірек болады.

BilimLand, iMekter.kz сайтындағы интерактивті сабақтарды зерделеп қарайтын болсақ, контент негізінде қарапайым деңгейден, орта, жоғары деңгейге дейін тапсырмалар бірнеше нұсқада беріледі. Бала өз бетінше таңдап, мүмкіндігінше орындайды және дұрыс жауаппен өзін тексереді. Аудио, видео нұсқалары да беріледі, себебі «оқытуда сыртқы сезімдердің іске қосылуы, көру, есту, сипап сезу мүшелердің қатысуы анағұрлым септігін тигізеді» деген М.Жұмабаев қағидатына сәйкес деп түсінген жөн. Қарапайым чаттағы сабақта ең болмағанда сурет, таныстырылым көрсетсек, бала тезірек ұғады. Қасында мұғалім жоқ әрі оған кері байланыс уақытында берілмей қалған жағдайда бала тапсырманы ең болмағанда, дұрыс жауаппен тексеріп алса, қанағаттанады. Сондықтан білу, түсіну деңгейіндегі тапсырмаларды орындап болысымен, дұрыс жауаппен өзін өзі тексеріп алса, тиімді

болатынын айтқым келеді. Осы орайда оқушыларға берілетін кері байланыстың оларды шабыттандыратындай берілуі маңызды деп санаймын.

Қазақ әдебиеті бойынша көркем шығармаларды оқыту оңай емес. Оқушының шығарманы тұтас оқуы қадағаланады, алайда бұл деңгейге барлық оқушының қол жеткізуі қиынның қиыны. Кітап оқуға ынталандыру маңызды. Қазіргі оқушылар мотивациялық кітаптарға қызығатындықтан, мотивациялық сөздер әсер етеді деп ойлаймын. Мысалы, «кез келген оқырман лидер емес, керісінше кез келген лидер оқырман», «әлемдегі ең бай адамдар оқырмандар» т.с.с. Алдымен, шығарма аннотациясы, таныстырылымы, қызықтыруы мықты болуы керек. Сосын бөлімдер бойынша оқуға беріп, оны мазмұнын тексеру тапсырмаларын жауаптарымен дайындап қою маңызды. Егер жұмыстары арнайы дұрыс жауаппен тексерілсе, оқушының оқуға деген жауапкершілігі оянады. Содан кейін берілген оқу мақсаттарына сәйкес талдаулар чатта жүргізіледі немесе басқа да ақпараттық оқыту сервистерінде жүргізіледі. Ең бастысы, мұғалімдер қауымдастығының бірлескен әрекеті, әріптестердің тапсырманы бірлесе құрастыруы, ұйымдастыруы оқытуда өз нәтижесін беретіндігі тәжірибеде дәлелденгендіктен, осы үдеріс әр мектептің мызғымайтын тұғыры бола білуі тиіс деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. NISTamyzConf2021
2. Педагогика және педагогикалық технологиялар, (оқу құралы) Ақтөбе, 2001 ж.
3. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.
4. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санат баспасы, 2007.

Білім берудің жаңа парадигмасындағы оқушылардың оқу сауаттылығын арттыру

**Туребекова Алтынай Аскаровна
Келес ауданы №2 Ө.Жәнібеков
атындағы мектеп-гимназия
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі**

Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үдерісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды. Әрбір күні өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде замана көшінен қалып қоймай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ жас ұрпақты білімді етіп тәрбиелеу ұстаздарға зор жауапкершілікті жүктейді. Ол мұғалімнен үздіксіз ізденуді, өз білімін үнемі жетілдіріп отыруды талап етеді. Өйткені еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Оқушылардың функционалды сауаттылығын, құзыреттілігін қалыптастыру жолдары, мәселелері тек қана білім мазмұнын жаңартуды жүзеге асырып қана қоймайды, сондай-ақ оқытудың педагогикалық жаңа технологиясы мен әдістерін қолдануды көздейді. Яғни бүгінгі күні мұғалімдердің алдына қойылып отырған басты міндеттердің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияларды меңгеру. Бүгінгі күні әлемдік қауымдастық қатарында өзіне лайық орнын белгілеген біздің мемлекетіміз үшін қазіргі заман талаптарына байланысты өзіндік көзқарасы, саяси түсінігі бар, білімді әрі жоғары білікті жас ұрпақ тәрбиелеу қажеттігі туындап отырғаны сөзсіз. PISA халықаралық зерттеуінде функционалды сауаттылық басты назарға алынады. Қазіргі заман балалардың функционалды сауатты болуын талап етсе, соның бірі - оқу сауаттылығы.

Функционалды сауаттылық түрлері:

- Оқу сауаттылығы;
- Математикалық сауаттылық;
- Жаратылыстану-ғылыми сауаттылық;
- АКТ сауаттылығы.

Оқушының сөйлеу тілін байытуда, алдына берілген мәтін арқылы өмірлік жайттарды таразылауда, талдап-талқылауда, ойлау стратегияларын дамытуда оқу сауаттылығы ерекше орын алатыны мәлім. Әсіресе, орыс тілді сыныптарда оқушылардың оқу сауаттылығын көтеру – күрделі мәселелердің бірі болып табылуда. Оқу сауаттылығы:

- Ақпаратты табу;

- Мәтінді интерпретациялау;
- Рефлексия және бағалаудан тұрады.

Оқу сауаттылығы – қарапайым тілмен айтқанда, бала өзі оқып отырған ақпаратты толықтай қабылдай біліп, ішінен негізгісін ала білуі. Оқу сауаттылығы «Оқушылардың білім жетістіктерін бағалау» бағдарламасы бойынша (PISA) енгізілген. Оқу сауаттылығы адам баласының қоғам өміріне араласу үшін жазба мәтіндерді түсініп және оған рефлексия жасай білуін, оның мазмұнын өз мақсаттарына пайдалана алуын, білімі мен мүмкіндіктерін дамытуын білдіреді. Оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қазіргі кезде түрлі технологияларды пайдалануға болады. Сондай технологиялардың бірі – оқу және жазу арқылы оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту технологиясы болса, сонымен қатар білім беру мен білім алудағы жаңа әдістер болып табылады. Сын тұрғысынан ойлауды дамыту технологиясының негізгі ұстанымдары топтық жұмысқа, еркін ойлауға, жазбаша, ауызша ой алмасуға, мәтін мәнін ашуға, автор іріктеген сөздер мен сөз тіркестерінде жатқан ұғымдарды түсінуге, әрекеттестікке негізделген. Оқу сауаттылығы түсініп оқудан басталып, сөздер мағынасына, грамматика және тілдік, мәтіндік құрылымдарға талдау жасауды қамтиды. Оқу сауаттылығы бойынша оқушылар мектеп аясында және мектептен тыс уақытта нені оқитынын, қандай мақсатпен оқитынын білуі қажет

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруға, орыс мектептерінде оқушылардың қазақ тілінде сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда, соның ішінде мәтінмен сауатты жұмыс жүргізе білуге үйрететін бірден-бір құрал – түрлі жаңа технологиялар, әдістер мен тәсілдер. Бұл жұмыста оқушылардың оқу сауаттылықтарын қалыптастырудағы белсенді оқыту әдістерінің рөлі мен маңызын ашып көрсетпекпін. Осылайша, орыс тілді сыныптарда сабақ өткізу барысында мәтінмен жұмыс жасауға, оқушылардың оқу сауаттылығын арттыруға тиімді келесідей белсенді әдіс-тәсілдерді сабақта түрлендіріп қолдану туралы ұсынымдар берілді:

- Мәтінмен жұмыс барысында белсенді оқыту әдістерін түрлендіріп, күрделендіріп беру;
- Мәтінмен жұмыс барысында оқушыларға дайын сұрақтар беріп қоймай, сұрақтарды оқушылардың өздеріне құрауға мүмкіндік беру.
- Мәтінді мұқият оқу дағдысын бақылауға бағытталған тапсырмаларды жиірек дайындау.


Оқу сауаттылығын қалыптастыру мен арттыруда берілген мәтіннің мазмұны қаншалықты маңызды болса, сол мәтінге байланысты тапсырманың айқын да анық болуы да жоғары маңыздылыққа ие. Оқушыны тапсырма орындауда әуелі мәтінмен емес, орындауға тиіс тапсырманы мұқият түсініп алуға дағдыландырған жөн. Келесі бір мәселе – оқу сауаттылығын қалыптастыру үшін қандай жанрдағы мәтіндерді таңдау қажет? Жалпы, мәтіннің мынадай түрлері бар:

- Тұтас мәтін;
- Тұтас емес мәтін;
- Аралас мәтін.

Тұтас мәтін – тұтас сөйлемдер мен абзацтардан тұрады. Тұтас мәтінді оқу және түсіну, тұтас мәтін бойынша тапсырмаларды орындау мәтіннің басқа түрлеріне қарағанда өте оңай. Тұтас емес мәтін – тізім, кесте, диаграмма, график, каталог, тб кескіндерден тұрады. Тұтас емес мәтінмен жұмыста оқушы логикалық ойлау дағдысын іске қосады. Аралас мәтін – жартылай сөйлемдерден тұрса, жартылай кескін-диаграммалардан тұрады. Күнделікті сабақ барысында оқушы мәтіннің қай түрімен де тапсырма орындап дағдылануы тиіс. Сонымен қатар, мәтіндерді оқу барысында оқылым стратегиялары да назарға алынуы тиіс. Оқылым стратегиялары:

- Көз жүгіртіп оқу;
- Зерттеп оқу.

Көз жүгіртіп оқуда мәтіннің мазмұнына тұтас енудің қажеті жоқ. негізгі ақпараттарға, объект етіп алынған немесе белгілі бір сөз таптарына байланысты сөздерді теріп оқып, берілген тапсырманы жылдам орындап, қойылған мәселені түсініп алуға болады. Зерттеп оқуды бірнеше әдіспен іске асыруға болады. Атап айтқанда, қиғаш оқу, төменнен жоғары қарай оқу, оңнан солға қарай ирек із қалдырып оқу, оңнан солға қарай оқу, қарама-қарсы бағытта оқу.



Оқу сауаттылығын қалыптастыру арқылы оқушы келесідей білім-білік дағдыларын меңгереді:

- Оқылым стратегияларын тиімді қолдану;
- Ақпаратты түсіну, оны жүйелеу, сұрыптау, сыни көзқарас білдіру;
- Мәтіндегі негізгі ойды, оның құрылымдық бөліктерін анықтау;
- Мәтіннің стилі мен типтерін анықтау;
- Оқыған мәтіннен синтаксистік және лексикалық құрылымдардың (тіл құралдарының) қолданылу мақсатын түсіну, интерпретациялау;
- Түрлі дереккөздерді салыстыру, талдау, бағалау.

Мәтінмен жұмыс барысында келесі белсенді әдістерді пайдаланған тиімді:

Мәтін мазмұнымен танысуда:

- «Кластер»
- «Категориялы топтастыру»

- «Болжамды оқу»
- «Инсерт»
- «Тірек жазба»
- «Жарнамалық мәтін»
- «Баспалдақ», тб.

Мәтінді талдау кезінде:

- «Топтық жоба қорғау»
- «Жуан-жіңішке сұрақтар»
- «Ішке-сыртқа»
- «ТИ»
- «Аквариум»
- «Жылдам дебат»
- «Ол кім, бұл қандай?»
- «Дәл жіктелім», тб.

Мәтінді қорытуда:

- «Фишбоун»
- «Егер, онда, өйткені»
- «Эссе»
- «Шиыршық»
- «Кейіпкерге хат»
- «Қар үйіндісі», тб.

Оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыруда, мәтінмен сауатты жұмыс жасауға жетелейтін белсенді әдіс-тәсілдерді орынды, сауатты қолдана білу – әр педагогтың міндеті. Ендеше заман ағымынан қалмай, түрлі жаңа технологияларды меңгеріп, оқытудың интербелсенді стратегияларын үздіксіз түрлендіріп қолдану арқылы ғана жақсы нәтижелерге, көздеген мақсаттарға қол жеткізуге болады. Жоғарыда аталған әдістерге тереңірек тоқталып өтсек.

«Жылдам дебат» әдісі бойынша бүкіл сынып екі шағын топқа бөлініп, 1 - топ мақұлдаушы пікірді жақтайды, 2-топ қарсы пікір дайындайды .
 Дескриптор: - Терминдерді орынды қолданып, диалогке қатыса алады; - Өз ойын анық жеткізе алады. Қалыптастырушы бағалау ауызша жүргізіледі (өз көзқарасыңды нақты дәлелдей алдың, терминдерді орынды қолдандың, диалогке жақсы қатыса алдың, ойыңды жинақта, толықтыр, өз ойыңды жеткіздің, т.б.) Бұл тапсырма жалпы сыныпқа беріледі.

«Жарнамалық мәтін» әдісі бойынша дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, жаңа технологияның бір өніміне жарнама жасау, ойын анық жеткізу [3]. Барлық оқушы тапсырманы орындаса да, олардың нәтижелері әр түрлі болады. Мысалы, «Жаңа технологиялар» тақырыбы бойынша сабақта «Жарнамалық мәтін» әдісі арқылы берілген тапсырманы орындауда төмен деңгейдегі білім алушылар дайын тіркестер мен терминдерді қолдана алады. Орта деңгейдегі оқушылар дайын тіркестер мен терминдерді орынды қолданып, жаңа технологияның бір өніміне

жарнама жасай алады. Жоғары деңгейдегі оқушылар жаңа технологияның бір өніміне жарнама жасауда қосымша тың деректер іздеп, өмірмен байланыстыра алады. Мұндайда мұғалім тек «дұрыс жауап беруге» ғана мән бермеу керек, керісінше, оқушылардың мықты не әлсіз тұстарына қарай кері байланыс берген жөн. Себебі ең төмен деген оқушының өз артықшылығы болады. Диалог және қолдау көрсету: Кейбір оқушыларға тапсырманы орындауда жан-жақты көмек, қолдау қажет болады. Мұндайда ойланту үшін немесе бірқатар жауаптар алу үшін сұрақтар қоюға болады. Сөзбен қолдау, ынталандыру да маңызды рөл атқарады.

«Шиыршық» әдісі – жеңілден күрделіге әдісі. Мәтіндегі тірек сөздерді немес мәтіннен алынған кез-келген сөзді мәтінде көтерілген мәселемен және өмірлік жайттармен жан-жақты байланыстыру. Бұл әдіс арқылы оқушының оқыған мәтінді жан-жақты түсініп, түйін сөздің мәнін аша алу қабілеті артады.

«Дәл жіктелім» әдісі мәтін бойынша грамматикалық тапсырмаларды орындауда таптырмас әдіс. Мәтіндегі белгілі бір сөз таптарына байланысты сөз қиындыларын өз қобдишаларына орналастыру немесе жалғау мен жұранқ қиындыларын өз қобдишаларына орналастыру ретінде қолдануда артықшылығы басым.

Қорыта келе, Міржақып Дулатовтың «Жалғыз сүйеніш, жалғыз үміт – оқуда. Теңдікке жетсек те, жұрттығымызды сақтасақ та, дүниедегі сыбағалы орнымызды алсақ та, бір ғана оқудың арқасында аламыз. Жақсылыққа бастайтын жарқын жұлдыз – оқу. Надан жұрттың күні – қараң, келешегі – тұман» -деген сөзін бүгінгі күннің арқауы етіп алуымыз тиіс. . Өркениетті дамудың өзегі білім, ғылым, тәрбие екендігіне ешкімнің таласы жоқ. Кезінде ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы: «Мұғалім қандай болса, мектеп хәм сондай болмақшы, яғни ұстаз білімді болса, ол мектептен балалар көбірек білім алып шықпақшы. Солай болған соң, ең әуелі мектепке керегі – білімді, педагогика, методикадан хабардар, жақсы оқыта білетін ұстаз» – деп айтқан болатын. XXI ғасыр – ғылым ғасыры. Мақсатты білім беру – тұлға дамуын жүзеге асыратын мәселе. Ал осы жалпы еуропалық стандартқа сай жаңа білім беру – жеке тұлғаның жан-жақты дамуына әкелетін бірден-бір жол!

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. NISTamyzConf2021
2. Педагогика және педагогикалық технологиялар, (оқу құралы) Ақтөбе, 2001 ж.
3. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.
4. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санат баспасы, 2007.

Білімді ұлт – тұрақты даму кепілі

Керимбердиева Камила
Келес ауданы, №2 «Келес» жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

Білімді ұлт – тұрақты даму кепілі. 2021-2022 оқу жылының басты тақырыбы.

Тұрақты даму дегеніміз – қазіргі уақыттың қажеттілігін қамтамасыз ете отырып, келесі ұрпақтың өзінің қажеттілігін қамтамасыз етуіне қауіп туғызбайтындай даму. Демек, еліміздің экономикасы қарыштап дамып, көркеюіне ешбір жағдай, яғни, әлемді жайлаған пандемия, басқа да бүкіләлемдік проблемалар кедергі болмауы керек. Осы арада білімді ұлт жанашыры, патриот ұрпақты тәрбиелейтін бізге, мұғалімдерге, артылатын жүк жеңіл емес екенін білеміз.

Қашықтықтан білім беру кезінде сіз бен біз небір қиын жағдайларды бастан кешірдік: Ғаламтордың қолжетімсіздігі өз алдына, әсіресе, оқушының оқу сауаттылығын дамытатын тіл мамандарының алдында арнайы оқу жүйеленген оқу жоспарының әлсіздігі, білім беру платформаларының шарттарына жауап беруде цифрлық сауаттылықтың жетіспеушілігі (кейбір әріптестеріміздің қарапайым ноутбукті пайдалана алмауы, оқушының жіберген жауабына қашықтықтан кері байланыс бере алмауы т.б.с.с.)

Кез келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. ХХІ ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Қазақ даласы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен және сол жолда зор құрбандықтарға душар болып, өз тәуелсіздігін жеңіп алды. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы білімді де білгір жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де жастардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер. Сіздер жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деген сөзі мемлекетпен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды. Жасыратыны жоқ, республикамыздың барлық өңірлерінде жастар белсенділігі күшейіп келеді. Жастар әлеуметтік және қоғамдық өмірдің белортасынан табылып келеді. Елбасының Қазақстан жастарына деген сенімі жоғары екендігін, бүгінгі қыз-

жігіттеріміздің интеллектуалдық белсенділігін жоғары бағалайтындығын білеміз.

Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің қолымызда, яғни жауапкершілігінде. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беру керек. Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ. Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы- оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындағын аңғартады. Статистика агенттігінің жүргізген мониторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі болашағы жастардың бүгіннен бастап, қандай тәрбие алуы мен отан сүйгіштік қасиеттің дамуы аса маңызды.

Ендігі кезек- жастарда. Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге әзір. Сол себептен жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге атсалысу – басты парызымыз. Жастар – жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры. Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық пен адамгершілік сезімдері жан-жақты жетілгенде ғана патриотымыз парасаты асқақтай түспейме? Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғандығы тарихтан мәлім. Жастарды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жасампаз үлгісін жаңғырта беру мақсатында жаңа ғасырғы еліміздің интеллектуалдық элитасын қалыптастыруға, мемлекетіміздің басты игілігі болып саналатын этносаралық келісімді, татулық пен бірлікті қорғауға шақыруымыз керек.

«Біз күш-қайратымызды, жастық жігерімізді тәуелсіз Қазақстанның дамуына жұмсаймыз. Ұлттық мүдде қағидасын сақтау мен ұлттық экономиканы – көтеру басты мақсатымыз»

Заманның заңғар тұлғаларының бірі - Мыржақып Дулатов: «Алыстан алаш десе, аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын», - деп айтқанындай арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастарымыз жаңа идеяларды жүзеге асырып, өміршең істердің бастауында тұрғанда бүгінгі жас ұрпақпен әрқашанда мақтанамыз. Халық, ел жастарға сенеді. Ал ол сенімді бүгінгі жастар қалай ақтауда? Әрине, бес саусақ бірдей емес, олай болса жастардың барлығына кінә тағуға болмайды. Десе де бүгінгі жастарға рухани байлық, таза ой, терең білім, адамгершілік, адалдық, қайрат, қала берсе, денсаулығымыз да жетіспейтін секілді. Біз бір қоғамның азғындау жолында тұрған сияқтымыз. Ойланып көрейікші, бізді қазіргі уақытты не қызықтырады? Елбасымыздың Халыққа Жолдауында ХХІ ғасыр білім ғасыры делінген. Олай болса, елімізді өркендету үшін білімді жастар керек,

жақсы оқып, жан-жақты білім мен ғылым алуымыз керек. Ел ертеңі – біздердің, келер ұрпақтың қолында деп айтып та, жазып та жатыр. Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу-біздің борышымыз деп білем. Ел боламын десен, бесігіңді түзе,-дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек қой. Ал барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында. Елбасымыздың Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр,-деп , жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын қылайық.

Қорыта келгенде бүгінгі жастарға айтарым, әрбір жас жүрек өзінің туған Отаны - Қазақстанның жанындай сүйіп, танып, оған табынып өсуі қажет. Сонда ғана жас ұрпақ бойында патриоттық сезім ұялап, келешегіміз кемелдене түспек. Елбасымыздың Халыққа Жолдауында: Біздің ұрпақ алдында бабалар қол жеткізген игілікті сақтау, қайта қалпына келтірілген мемлекетімізді нығайту және дүниежүзілік қауымдастық талаптарына сай жаңа сапалық деңгейге көтерілу міндеті тұр,-деп , жастарға зор сенім мен үміт артып отыр. Сол сенімді ақтап, болашағымызды жарқын қылайық.

Сапалы білім беру үздіксіз ізденумен тығыз байланысты. Үздіксіз іздену – бүгінгі таңда ұстаздарға қойылып отырған басты талаптардың бірі. Барлық ізденімпаз мұғалім өз сабағында жаңаны көрсетуге, танытуға ұмтылуы тиіс. Әрбір мұғалім Л.Толстойдың: «...Мұғалімнің өзі неғұрлым көп оқитын болса, әр сабақты жан-жақты ойластырса және оны оқушының шама-шарқымен салыстыратын болса, онда оқушыға оқу соғұрлым жеңіл соғады» деген сөзінің мәні жойылмағанын түсіну керек.

Оқушыны оқыта отырып, қабілетсіз оқушы болмайтынын, оқушылардың дара қасиеттерін танып -білуге мүмкіндігі шектеулі әдістеме барын ұстаз түсінеді және өзінің жас ұрпақ бағбаны болатындығын сезінеді. Сондықтан, ұрпақ болашағы – ұстазға байланыстылығын түсінеді.

Мұғалім алдынан бір-біріне ұқсамайтын, әрқайсысының өзіндік ерекшелігі бар мыңдаған шәкірт өтеді. «Балам деген жұрты болмаса, жұртым дейтін бала қайдан шықсын», - деп А.Байтұрсынов айтқандай бала – біздің болашағымыз. Жаңа әлем болашағын даярлайтын мұғалім атағына өз білімін табандылықпен жетілдіріп, тапсырылған іске адалдықпен, сүйіспеншілікпен қарайтын, жоғары моральдық қасиеттері бар мұғалім ғана лайықты бола алады. Мұғалім қазіргі өте алғыр балалардың бойындағы дарындылықты таба алады және тұтанып тұрған отты мезгілінде үрлеп , маздатып дұрыс бағыт-бағдар беріп, талабын қанағаттандыруды асқан шеберлікпен жүзеге асыра білуі қажет. Мұғалім жеке көзқарасы бар және соны қорғай білетін жігерлі тұлға болуы қажет. Зерттеушілік, ойшылдық қасиеті бар мұғалім жалтақ болмайды. Өз ісін жетік біліп, қызметін табанды жүргізетін мұғалім

ғана түпкі нәтижеге қол жеткізе алады. Ондай мұғалім әрбір күніне есеп беріп отырады, азаматтық ар-ожданын үнемі қорғай алады.

Мұғалім педагогикалық, психологиялық білімін жетілдіріп үйренумен қатар, сол білімін күнделікті ісінде шебер пайдалана білетін болуы керек. Дүние жүзінде ғаламдану үрдісі жүріп жатқандықтан, ақпараттар ағыны көбейеді. Мұғалім қай пәннен сабақ бермесін, ол баланың өмірдің әр саласына қатысты кез-келген сұрағына жауап беруге даяр болуы керек. Бүгінгі таңда еліміз бен әлемде болып жатқан экономикалық – әлеуметтік дамулар білім беру саласына өзіндік ықпалын тигізуде. Қазақстанның болашақ дамуына арналған «Қазақстан - 2030» бағдарламасында тәуелсіз мемлекет құруда еліміздің әрбір азаматы өзінің қоғамдағы алатын орнын саналы түсінуі және ел экономикасын бүгінгі сұранысына жауап бере алатын тәрбие, білім алуы қажеттілігіне баса назар аударылған. Келешек ұрпаққа білім берудің міндеттері мен мәні, мазмұны мен түрлері жан- жақты қайта жаңартылып, инновациялық білім негізінде жаңа сапаға жету міндеті көзделуде. Білім мазмұнын анықтауда, толықтыруда, оқу - әдістемелік тұрғыда жаңалауда педагогикалық жолмен дидактикалық міндеттерді белгілеуге тірек болады. Алдыңғы қатарлы педагогикалық іс – тәжірибеде шәкірттердің жалпы білімдік біліктілігі және дағдысымен қатар креативтіліктің де қалыптасуына назар аударуды қажет етеді. Жас ұрпақтың саналы да сапалы білім алуының бірден-бір шарты – мұғалімнің жаңашыл болуы. Себебі, еліміздің болашағы бүгінгі жасұрпақтың білім деңгейімен өлшенеді. Сондықтан сабақты жаңаша құрып, инновациялық түрлі тәсілдерді, педагогикалық білімдерді жетілдіре отырып, оны дер кезінде қабылдап, өңдеп, нәтижелі пайдалана білу әрбір ұстаздың міндеті болуы керек. Жаңару жолындағы Қазақстанға жаңаша ойлайтын, өмірге көзқарасы тың, ақыл-ой және шығармашылық әлеуеті қалыптасқан, рухани-адамгершілік мәдениеті жоғары шығармашыл ұстаз қажет. Қазіргі қоғамдағы мұғалім – шығармашылық дамуға, ұшқыр ойлауға қабілетті, мемлекеттің даму бағыттарын терең түсінетін маман бола алатын, мақсат қойып және жемісті еңбек нәтижесіне ұмтылатын тұлға. Ең алдымен, мұғалім – адамгершілігі өте жоғары адам. Заман талабына сай қазіргі педагог педагогикалық, психологиялық ғылымның озат идеялары мен ғылыми теорияларын өз іс- тәжірибесінде сыннан өткізіп, талдап, оны тәжірибелік тұрғыда қолданып, әр күн сайын толықтырып отырумен де ерекшеленеді. Біртұтас педагогикалық үрдістегі креативтілікті дамыту, біріншіден , педагогикалық идеяларды жүзеге асырудан басталады. Озат тәжірибелерді зерттеп, жинақтаудың кез келген түрінде жетістікке жету тікелей педагогтың ғылыми теория- лық білімдарлығы мен шығармашылығына байланысты. Сонымен қатар оқушылардың мектеп бағдарламасындағы материалдардың негізгі бөлімдердің толық көлемде игеріп, әрбір тақырыпты, өзгелерге түсіндіре білу, өз ойын жеткізе білу, яғни сөйлеу мәдениетінің жоғары

болуының маңызы зор. Атақты Аристотель сөйленер сөздің үш элементтен құралатынына – яғни шешеннің өзі, ол тілге тиек етер негізгі нысан және тыңдаушылар екеніне ерекше мән берді. Бүгінгі таңда шешен ретінде – мұғалім, тыңдаушы ретінде – оқушы, ал тілге тиек етер нысан – пәндік бағдарлама, оқулық мазмұны болмақ. Шынында да оқытудың сан алуан құралдары ішінде оқулықтың орны ерекше. Оны мектептегі білім- тәрбие беру қыз- метінің бірегей педагогикалық, әрі оқыту, әрі оқу құралы деп түсінеміз. Мұғалімнің кәсіби шеберлігі алған білімінің көптігімен емес, сол білімді практикада қолдана алуымен маңызды. Мұғалімнің басты мақсаты – тұлғаның жеке дамуына негізделген, жан-жақты зерттеліп, сараланған білім беру үлгісінің басым бағыттарын айқындау, нәтижесінде еліміздің өркениеті негізделген білім саясатының стратегиялық мақсаттарын жүзеге асыру. С.Пейперттің пікірінше: «... оқытудың көп бөлігі қазіргі оқыту технологиясы немесе білім саласына компьютерді пайдалану арқылы берілгенмен мұның барлығы дәстүрлі оқыту әдістері мен жаңаша жаңғырту әдістерінің бірігуін көрсетеді». Қандай да болмасын әдіс - тәсіл қолданған мұғалім үздіксіз іздену үстінде болса, сол мұғалімнің жаңашылдыққа деген талпынысы.

Қазіргі жаһандану кезеңінде сандық технология тілін жетік меңгеру – заман талабы.

Пандемия білім беру контентін цифрландыру бағытының жүзеге асуын тездетті. Білім беру саласын цифрландырудағы негізгі мақсат – жаңа заман көшіне ілесу, бәсекеге қабілеттілікті арттыру, оқу-тәрбие процесін тездету оңайлату. Бүгін білім беру жүйесінің маңызды бөлігі дамыған цифрлық инфрақұрылым болып отыр. Цифрлы сауатты, жаңашыл педагогтің іс-әрекеті педагогикалық процестің тиімділігін біршама арттыратын әдістермен, толықтырылып отыруы тиіс деп ойлаймын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама
2. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы
3. Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» стратегиялық даму бағдарламасы
4. «Рухани жаңғыру» - жарқын болашақ, кемел келешек» Білім және ҒЫЛЫМ...

Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған тапсырмалар жиынтығы

Момаханова Рабиға Мұзаппарқызы
Т.Әлімқұлов атындағы №14 мектеп
интернат-лицейінің қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі

Қазіргі таңда білім беру жүйесінде болып жатқан елеулі өзгерістің бірі – қашықтықтан оқыту форматы. Қашықтықтан оқыту – оқушы мен ұстаздың жанама немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық технологияларды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту. «Онлайн» режиміндегі оқу сабақтары білім алушы мен педагог арасындағы асинхронды тілдесудің оқу іс-әрекеті үдерісін қарастырады. Қашықтықтан оқыта отырып, оқушының алған білімінің нәтижесін бағалау немесе күнделікті оқушы қандай деңгейде білімге қол жеткізіп жатыр деген сауал әрбір адамзатты толғандырары сөзсіз.

«Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушылардың білім сапасын арттыруға бағытталған тапсырмалар жиынтығы» тақырыбындағы баяндаманы жазу барысында көп іздендім. Бұл тақырыпты теория жүзінде ғана емес, практика жүзінде іске асыруға тырыстым. «Оқулықтағы тапсырмаларды қалай түрлендіруге болады?», «Тапсырма беруде оқушыны қалай қызықтыру қажет?», «Күнделікті сабағымды қалай түрлендіруім қажет?», «Сызба-кестелер арқылы оқушының ізденімпаздығын арттыруға бола ма?», «Неліктен тапсырма оңай не қиын болды?», «Қашықтықтан оқытуда қандай тәсілдерді қолдану тиімді?» деген сұрақтарға күнделікті жұмысымнан жауап іздедім.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқушылар үшін қолайлы әрі тиімді бірнеше әдіс-тәсілдеріммен бөлісуді жөн көрдім. Өзім көбінесе тақырыпқа сәйкес қызықты әрі танымдық тапсырмаларды бергенді ұнатамын. Ол оқушының оқуға деген құлшынысы мен қызығушылығын арттырары сөзсіз. Оқушыларға кері байланыс жасауда, қалыптастырушы бағалау қоюда қолдануға қажетті смайликтерден басқа, сабақтың тақырыбына сай түрлі бағалау белгілерін өз бетімше жасап шықтым. Баланы іздендірмес бұрын, өзіміз де шығармашыл, ізденімпаз, креативті ұстаз екенімізді байқатуымыз керек. Сонымен қатар, қашықтықтан оқыту кезінде тапсырмаларды беруде нақты орындалу мерзімін көрсету қажет.

Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы баланың ойлау қабілетін дамыту, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызу болып табылады. Қалыптастырушы бағалау – күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі. Ол күнделікті сабақта жүйелі

түрде, үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді. Қалыптастырушы бағалау шынайылыққа бағытталады. Ол кездескен қиыншылықтарын қалыпқа келтіруге оқушыға мүмкіндік береді. Мұнда оқушының жұмысын бағалау алдын-ала ұсынылған критерийлерге негізделеді. Оқушы нақты не мақсатта жұмыс істеп отырғанын біледі, өзінің білімділік деңгейі анық байқауды.

Жаңартылған бағдарламаның мәні – баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер, яғни біздер, тынымсыз еңбектенуіміз қажет. Сонда ғана мемлекетіміз дамып, алға жылжи алады. Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жаңаша білім мазмұнымен бірге түрленіп, соған бейімделуіміз керек.

Білетініміз, біздің бәріміз жақсырақ қоғамда өмір сүргіміз келеді. Алайда қоғамда керемет өзгерістер болу үшін, мұғалім көп қызмет етуі қажет. Себебі біз – елдің жүрегіміз. Жүрек жұмысын тоқтатса, не болары бәрімізге белгілі. Қорыта айтқанда, біз оқушыға берілетін тапсырмаларға кеткен ақ парақтарды, тапсырма құрастырып, қысқа мерзімді жоспарды бар ықыласымызбен жазуға кеткен уақытты уайымдамауымыз керек. Неге десеніз рухани байлық, білім қашан да материалды байлықтан жоғары тұрады. «Не ексек, соны оратынымызды» ешқашан естен шығармайық!

Сабақтың тақырыбы: Сөйлеу мәдениеті. Амандасу, қоштасу.

Қосымша тапсырма №1

Сандықшадағы сөздерді пайдаланып, мәтін құрастырыңыз. Дыбыстар жүйесіне, емлеге, үндестік заңына назар аударыңыз (60-70 сөз).

Сиқырлы сандықша



Тірек сөздер

Сәлемдесу, сыйластық, қонақжайлылық, отбасы құндылықтары, отбасындағы тәрбие, үлкенді сыйлау, туыстық қарым-қатынас, қонақ күту, адамгершілік қасиет.

Бағалау критерийі:	Дескриптор:
- Берілген сөздер негізінде мәтін құрастырады - Үндестік заңын, дыбыстардың жүйесін, емлені ескереді, орфографиялық норманы сақтайды	- берілген сөздерді қатыстырып, мәтін құрастырады; - ережелерді ескереді; - орфографиялық норманы сақтайды.

Сабақтың тақырыбы: §12-13. «Қазақтың ұлттық киімдері».

Жазылым тапсырмасы №7 (үй жұмысы /23-бет)

Төмендегі сызба-кестені толтырыңдар.

к/с	Ұлттық киім атауы	түсіндірме	Сипаты, ерекшелігі
Бас киімдер			
1	Тымақ	ерлердің қысқы бас киімі. Оны аңның, малдың терісінен тігеді. Түрлері түлкі тымақ, елтірі тымақ, сеңсең тымақ, пұшпақ тымақ.	биік төбелі, маңдайы, екі құлағы бар, желке, жотаны жауып тұратын артқы етегі бар жылы бас киім. Сыртын берік, қымбат матамен тыстайды. Екі құлағына ызбалы бау тағады. Ол қасиетті бас киім. Оны айырбастауға болмайды, оған аяқ тигізбейді.
2	Сәукеле	ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем бас киім.	Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар тағылады. Екі құлақ тұсына омырауға жететін құлақша тоқылады. Сәукеленің артқы жағына ұзындығы жерге жететіндей ақ желең тағылады.
3	Бөрік	Қазақтың ертеден қалыптасқан ұлттық <u>бас</u> киімі, оны бағалы <u>аң</u> терісін ен және жас төлдің елтірісінен тігеді	Бөріктің сырты мақпал, пүліш, барқыт сияқты қымбат маталардан тігіледі. Оның жазғы, қысқы түрлері де болады. Жиегіне қымбат бағалы аң және мал терілері ұсталады. Көмкерілген тері түрлеріне қарай кәмшат бөрік, сусар бөрік, түлкі, күзен бөрік деп аталады. Бөрік үш, төрт немесе алты қиықтан құрылады. Бұл бас киімді ерлер де, қыздар да киеді. Төбесіне үкі, жиегіне моншақ, шашақ, оқа, зер, күміс тағылады.
4	Сәукеле	Ұзатылған қыз	Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен

		киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем бас киім.	қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар тағылады. Екі құлақ тұсына омырауға жететін құлақша тоқылады. Сәукеленің артқы жағына ұзындығы жерге жететіндей ақ желең тағылады.
5	Тақия	ер де, әйел де киетін жеңіл бас киім.	Биік, тегіс және үшкір төбелі түрі бар. Сәнді түрлерін «мүйіз», «шырмауық» сияқты өрнектермен кестелейді. Әйел бас киімінің тігілу тәсілі күрделі және сәндік жағынан өте бай. Әрі қазақтың сұлу қыз - келіншектерінің нәзік те көрікті жүзін ажарландырып тұрады. Әйел тақиясын алтын, күміс теңгемен, моншақ, құлпырма таспен әшекейлеген. Тақияның мұндай түрлерін қыз - келіншектер ойын - тойға киіп барыпты.
6	Қалпақ	Ақ киізден немесе қалың матадан тігілген, биік төбелі ерлердің бас киімі.	Негізгі материалы – <u>киіз</u> . Қиынды төрт сайдан құралып, күмбез пішінді, етегі қайырылатын болып тігіледі. Екі жақ күнқағары айыр болып тігілгендерін айырқалпақ деп атайды. Оның бір жағы – байлық, келесісі – билік деген мағына береді.
7	Жаулық	ақ матадан жасалатын әйелдердің ең негізгі бас киімі.	Жаулық - қазақ әйелдерінің ары, ажары, беделі мен көркі.
Сырт киімдер			
1	Тон	қойдың терісінен тігілетін қыстық жылы киім	үшін теріні шелінен арылтып, әбден илеп, оны қынамен, талдың қабығымен, томар бояумен бояйды. Осы теріден жүні ішіне қаратылып тон тігіледі. Тонның ең әдемі, жылы, қымбат бағалы түрі – қамқа тон.
2	Жақы	ертеректе ауқатты адамдар киген, қазір өте сирек кездесетін жағалы, әрі асыл киімдердің бірі.	Ол тек жылқы терісінен тігілетіндіктен құлын жақы, тай жақы, құнан жақы деп бөлінеді.

3	Шапан	қазақтың ежелгі әрі кәделі киімі.	Ол арасына жүн немесе мақта салынып, сыртын шұға, барқыт сияқты әдемі әрі мықты матамен қаптап, ішін астарлап тігетін киім. Шапан тігілу әдісіне қарай сырмалы, қаптал, тік жағалы, қайырма жағалы, шабу және жарғақ шапан деп бөлінеді. Сырмалы шапан – ішіне жүн тартып тігілген жылы киім. Шабу шапан – етек жағы енді, бел жағы еңсіз етіп тігілген түрі. Жарғақ шапан құлынның терісінен өрнектеліп тігілген сәнді шапан, бұл шапанмен әдетте жас жігіттер салтанатты жиын - тойға шығыпты.
4	Шекпен	тек қана түйе жүнінен тоқылатын жаздық сырт киім.	Шекпендік матаны иіріп, оны өрмекпен тоқып, шапан үлгісінде пішеді. Күзеп алынған түйе жүнін шаң - тозаңнан арылтып, қолмен майдалап түтіп, шүйке жасайды. Осы шүйкеленген жүнді ұршықпен иіріп, терме тоқитын өрмек аспабында тоқиды. Осылайша тоқылған матадан шекпен тоқылады. Шекпеннің ең әдемі түрін шидем деп атаған. Шидем шекпен жас тайлақтың жүнінен тоқылған. Тайлақтың жүні әрі майда, әрі жеңіл болғандықтан, одан тоқылған шекпен де әдемі. Ол жауын - шашында су өткізбейді. Керісінше, су тиген сайын ширап, қалыңдап, мықты, төзімді болады
5	Ішік	сәнді, әрі жылы киім.	Мұның сыртын берік матадан, ішін аң, мал терілерінен тігеді. Ішік ұзын, әрі мол пішіліп тігіледі, жағасы тік болады. Ішіне салынған терісіне қарай ол күзен ішік, қасқыр ішік, бұлғын ішік, түлкі ішік, қарсақ ішік, зорман ішік, жанат ішік деп аталады.
6	Күпі	қазақтың ертеден киіп келе жатқан киімдерінің бірі.	Ол ішіне қойдың, түйенің жабағы жүнін салып, бидай шүберекке сырып, сыртына берік бір түсті матадан тігілетін жылы киім.
7	Қамзол	әйелдердің жасына қарай қызыл, көк,	Барқыт, пүліш, мақпал сияқты қымбат матадан тігіледі. Көбіне атлас, шағи, торғын секілді маталармен астарланып,

		жасыл, қара түсті барқыт, шұға, мауыты т. б маталардан әсем безендіріліп тігілетін, көйлек сыртынан киілетін киім.	екі өңірі мен етегін айналдыра оқа басып, зерлейді. Кейде құндыз бен түлкінің қара пұшпағымен әдіптейді. Бойжеткендер мен жас келіндер киетін қамзол өте сәнді тігіледі. Екі өңіріне алтын, күміс жалатқан қозалар, шарбақ түймелер, меруерт, маржан, кей жеріне күміс теңгелер жүргізілген.
8	Қазақша көйлек	әйелдер киімі	Түсі ашық жақсы маталардан тігіледі. Етегінен жоғары бір немесе екі қатар бүрмелеп қосымша маталар тігіледі.
Аяқ киімдер			
1	Саптама етік	қазақтың ұлттық аяқ киімінің ертеден келе жатқан түрі.	Сап тама етіктің ішіне тізеден асып, сыртына шығып тұратын киіз байпақ салынады. Кейде киіз байпақтың орнына шұлғау оралады немесе мәсі киіледі. Бұлардан басқа, қайқы тұмсық, көк сауыр, күмістелген тап - таурын сынды түрлері болған.
2	Шоңқайма етік	сән үшін киілетін биік өкше киім	Оны сері жігіттер жиын - тойда киіпті. Ол былғарыдан, таза құрымнан тігіледі. Қазақтар алғаш рет оң және сол аяққа арналған қалыптарды етіктің осы түрлерін тігуге қолданыпты
3	Жай етік немесе көн етік	Мұндай етікті малшы - саятшылар киген.	Жай етіктерді ірі қара терісінен тіксе керек. Тігісі ішіне қаратылып, тұзу табанды келетін етіктердің пішілуі де, тігілуі де қарапайым. Оның атқа мінуге қолайлы, жеңіл, табаны жұмсақ түрін жұмсақ табан, иге салып, түгін түсірген түрін көн етік деп атаған
4	Кебіс	мәсінің сыртынан киюге арналған, былғарыдан тігілген қонышсыз аяқ киім.	Кебіс мәсіні шаң - тозаң, ылғалдан қорғаған. Тігілуіне, жайпақтығына қарай көксауыр кебіс, шоңқайма кебіс, шекшек кебіс деп атаған. Жайпақ кебісті ер адамдар киген. <u>Көксауыр</u> , <u>шоңқайма</u> , <u>шекшегібар</u> кебістерді қыз-келіншектер киетін болған. Бұрын кебісті <u>галош</u> орнына киген.
5	Бұйық	киіз байпақтың	Оны алыс жолға шығарда етіктің

бір түрі.

сыртынан жылылық үшін киіпті.

Дескриптор:**Білім алушы:**

- Ұлттық киім аттарын жазады;
- Түсіндірме жасайды;
- Ұлттық киімдерге сипаты мен ерекшелігіне тоқталады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Т.Н.Ермекова, Ж.К.Отарбекова, Р.Н.Мұнасаева «Қазақ тілі: жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған» -Астана: Арман-ПВ баспасы, 2017 ж. -114 бет.
2. «Қазақ тілі» (оқыту қазақ тілінде) пәнінен тоқсандық жиынтық бағалаудың спецификациясы
3. «Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы» /қазақ тілі 5-сынып/

**Білім берудің жаңа парадигмасындағы оқушылардың оқу
сауаттылығын арттыру**

**Конысбаева Акерке Иманкуловна
Мақтаарал ауданы
Қ.Сәтбаев атындағы №6 жалпы орта мектебі**

Қазіргі кезде білім беру саласында оқушылар үшін терең білімнің де, соған сәйкес тәжірибелік дағдылардың да тең дәрежеде маңызды екендігі туралы тұжырым қалыптасты. Заманауи оқыту тәсілінің негізгі ерекшелігі оқушылардың білімді тек меңгеріп қана қоймай, оны іс жүзінде орынды қолдана білуіне басты назар аударуы- талап етілетін дағдылардың мән - маңызына ие. Бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеуде, оның жан-жақты дамуына түрткі болатын, ой салатын, креативті ойлай алатын, өз бетінше шешім қабылдай алатын дағдыларды бойына сіңіру – басты парызымыз. Білім беруді жетілдірудің жаңа парадигмалары соңғы уақытта қоғамда жиі айтылып, ұстаздар арасында талқылануда. Білім беруді жетілдірудің жаңа парадигмаларына модульдік сабақ жатады. Ерекшелігі мынадай:

Біріншіден, оқушыларға мұғалім алдын-ала дайындалған сабақтың жоспарын таратып береді. Онда сабақтың әрбір элементінің нақты мақсаты көрсетіледі. Сонда оқушы өзінің не істеу керектігін, яғни, сабақ соңында нені біліп шығуы керектігі жөнінде мағлұмат алады.

Екіншіден, ұжым болып жұмыс істеу дағдысы қалыптасады. Онда оқушы өз пікірінің дұрыстығын дәлелдеп, қателігін мойындап, ұжымдық шешім қабылдауға үйренеді:

Үшіншіден, жеке басының қабілеті мен мүмкіндіктерін таниды.

Төртіншіден, әр оқушы тапсырманы да өз деңгейіне қарай алып отырады. Олай болса, парадигма дегеніміз не? «Парадигма» - латынның үлгі, мысал, алгоритм, нобай деген сөзінен шыққан. Бұл білімнің концептуалды моделі ретінде пайдаланылады. Білім беру парадигмасы – білім берудің тұжырымдамалық нобайы. Бұл ұғымды Колесникова енгізген. Парадигма 1991 жылы мұғалімдер бастамасымен енгізілді. Осы күнге дейін өзектілігін жойған емес. Білім парадигмасының көп тараған түрлері аз емес.

Олар:

1. Дәстүрлі – консервативтік (білім парадигмасы)
2. Феноменологиялық (гуманистік парадигмасы)
3. Рационалдық (тәртіптілік парадигмасы)
4. Технократтық
5. Эзотериялық

Әрбір парадигма «не үшін тәрбиелеу керек, оқушыларды қандай мақсатқа дайындау керек, не үшін өмір сүреміз» деген сұрақтарға жауап береді.

Дәстүрлі білімдік парадигмада білім берудің басты мақсаты: «Білім, білім, қандай жағдайда да тек білім», яғни өркениет пен мәдениетті ұрпақтан – ұрпаққа жеткізу негізгі мақсаты болып саналады. Осы тұста «Білімдінің күні жарық» деген аталы сөзіміз түсінікті болары анық.

Феноменологиялық – гуманистік парадигмада жеке тұлғаның ішкі дүниесін дамыту, оны ерікті, рухани жеке адам ретінде тану және адамдармен тіл табысуында ерекше қабілеттерін қалыптастыру. Мұнда оқушы мен мұғалім арасындағы қарым-қатынас: ынтымақтастық, жауапкершілік. Ұраны: «Таным – күш!» Адамға өзін – өзі шындықты тануға деген жолды көрсету.

Рационалдық (әрекеттік амал) – басты назарда білім емес, әрекет ету, ортаға бейімделу. Оқушыға білімнің түрлі тәсілдерінің тиімді жағын, оның ойы, сезімі, іс – әрекетімен санасу, меңгерту. Мұндағы басты қағида: «Мектеп – фабрика, оқушы – оның шикізаты». Мектеп – ортаға бейімдейтін білім беру механизмі. Мектеп мақсаты – оқушы бойында қалыптастыру. Негізгі әдісі: тренинг, тестік бақылау, жекелеп оқыту және мәтінді түзету.

Технократтық парадигманың негізгі мақсаты – дәл ғылыми білімдер. «Білім – күш!» адамды бағалау, оның білімі, мүмкіндіктерімен анықталады. Адамның қасиеті, оның білімі, тәртібі және оны тасымалдаушы ретінде танылады.

Эзотериялық парадигма – оқушының табиғи күші. Оқушы дамуындағы мұғалімнің адамгершілік, психологиялық, физиологиялық функциялары

ерекше ұғым болып табылады. И.Колесниковтің пікірінше, адамның қоршаған әлеммен іс – әрекетінің жоғары деңгейі басым көрсетіледі. Мұнда адамның ақиқатқа мәңгілік өзгермейтін қатынасы көрінуі тиіс.

Қазіргі кезеңдегі білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында жеке тұлғаның шығармашылық бағыттылығын қалыптастыру – оқушының оқу – танымдық іс – әрекеттегі шығармашылық қызығушылығына тікелей байланысты. «Бала дамуының ең шарықтау шегі – бұл тіл мен ойдың шығармашылығы» деп Л.С. Выготский айтқандай, бала ойын тіл арқылы жеткізіп қана қоймай, ойын ұштастыра алады. Осы арада бізге тағы да «жақын арадағы даму аймағы» көмекке келеді. ЖАДА – оқушының өз бетінше орындай алатын «өзі реттейтін әрекеттер» аумағы. Бұл түсінік адам өз бетімен игере немесе көрсете алмайтын, бірақ біреудің көмегімен үйренуге болатын барлық білімдермен дағдыларды қамтиды, яғни, Л.С.Выготскийдің айтуынша, даму балаға берілетін көмек шамасымен анықталады. Мен өз тәжірибемде оқу сауаттылығын арттыруда осы әдісті қолдандым.

Шығармашылық қызығушылық тұлғаның ізденімпаздық қабілет сапасын дамытудың негізгі өзегі болып табылады. Себебі, өмірдегі құндылықтардың барлығы да жаңашылдық бағыттары арқылы ғана іс – әрекетке, шығармашылық қызығушылық нәтижесінде танылып, болашақта өміршең дамуына мүмкіндік алады.

Білім берудің жаңа парадигмасындағы оқушылардың оқу сауаттылығын қалыптастыру - тапсырма ретінде берілген мәтіндердің маңызын ашу. Оны біз оқылым – графикалық таңбалар арқылы қағаз бетіне түскен сөздер мен тіркестердің мағынасы мен мазмұнын, ой мен сананың нәтижесінде қабылдай отырып, одан қажетті деректі түсініп, сұрыптап алу негізінде оқу сауаттылығын қалыптастыра аламыз. Оқылым бөлімінің негізгі құрылымын анықтайтын ең басты көрсеткіші – мәтін. Оқу сауаттылығы – жазбаша мәтіндерді түсіну және оны қабылдай алу, оның мазмұнын түсіну мен мақсаттарына қол жеткізу, білім мен мүмкіндіктерді дамыту, қоғам өміріне белсенді қатысу үшін пайдалану қабілеттерінің негізгі саласы болып табылады.

Қорыта келе, жаңа қоғамға жаңа адам қажет. Мұндай адамды қалыптастыру – қазіргі заманғы білім беру жүйесінің алдында тұрған басты міндет. Мұғалім еңбегінің бүгінгі нәтижесі қандай болса, елдің, қоғамның ертеңі, болашағы сондай болмақ. Бүгінгі күнде оқу сауаттылығының маңыздылығын уақыт көрсетуде. Оқушы тек сауаттылықты арттырып қана қоймай, әр түрлі маңызды міндеттерді шешу үшін алған дағдылар мен білімді пайдалану қабілетін қоса шынықтыра алады. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктілігі арқылы қалыптасады, дамиды. Нәтижеге бағытталған білім моделі мен басқарудың жаңа парадигмасы аясында жекелеген ұғымдар мен нормаларды, тиімді педагогикалық әдістерді меңгеру – уақыт талабы. Олай

болса, білімнің сапалы да саналы түрде берілуі білім беру жүйесіндегі сіз бен бізге байланысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Білім беруді жетілдірудің жаңа парадигмалары» ғаламтор.
2. «Мұғалімге арналған нұсқаулық» 2016 жыл.
3. «Жаңа білім беру жүйесі» - Уикипедия.

Қашықтықтан оқыту: педагог көзімен

Алиева Зылиха

**Шардара ауданы, С.Кәттебеков атындағы жалпы орта мектебінің
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Қазіргі уақытта білім алудың ілгері даму мүмкіндігі зор тәсілдерінің бірі – заманауи телекоммуникациялық технологияларды, атап айтқанда интернет желісін қамтамасыз ететін мүмкіндіктерді қолдана отырып, қашықтан оқыту.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен.

Ал тұңғыш Елбасы Н.Ә. Назарбаев жолдауында: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет» деген. Мінеки, қазіргі заман талабы – білім беру жүйесіндегі оқыту үрдісінің технологиялануы, жаңашыл педагогтардың іс-тәжірибесіне, мектеп өміріне қашықтан оқытудың енуі.

Жалпы қашықтан оқыту әлемдегі коронавирустық инфекциясының таралуы, яғни санитарлық-эпидемиялық жағдайға ғана байланысты туындап отырған дүние емес. Ерте ме, кеш пе, еліміздегі мектептер дәстүрлі оқытумен қоса қашықтан оқытуға көшері анық еді. Мысалы, дамыған елдерде араластырып отырып оқу «Blended Learning» әдісі жақсы дамыған екен. АҚШ-та 95%-дан астам мектептер осындай жүйемен оқытады. Ал ешқандай мектепсіз толығымен виртуалды оқыту дамыған елдерде 3 пайызға дейін жетеді екен. Мінеки, бізге де жеткен жұқпалы індеттің оң әсері осы қашықтан оқыту процесін тездетті.

XXI ғасыр – ақпараттық-сандық ғасыр. Бұл ғасырда қашықтан оқыту ұстаздар қауымын уақыттан оза шауып, дағдыларын кеңейтуге, тәжірибе

алмасу арқылы онлайн-коммуникацияларды дамытуға, оқушылармен қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеруге, жаңа байланыстарға ие болуға жаңа серпін береді деп ойлаймын.

Алаш ардақтысы Мағжан Жұмабаев «Қазақтың қаны бір, жаны бір, жолбасшысы – мұғалім» деген. Міне, қашықтан оқыту – мұғалімдер үшін жол бастайтын жаңа тәжірибе, жаңа дағды әрі тың мүмкіндік. Сондай-ақ, ұстаздарымыздың цифрлық технологиялар мүмкіндіктерін барынша пайдалану кезеңі. Мұндай білім беру ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың көмегімен жүзеге асырылатыны бәрімізге аян. Әлемнің қай түкпірінде болса да, ауқымды желі болған жағдайда өз бетінше білім алуға жаңа бағыт, жаңа мүмкіндік беретін, талмай ізденуді қажет ететін ерекше жүйе «Қашықтан білім алу» жүйесін мінеки, қарыштап дамуды көздеген еліміз де қолға алды.

Біз, соның ішінде, Түркістан облысы Шардара ауданы Алатау батыр ауылы Сырбек Кәттебеков атындағы жалпы орта мектебінің ұстаздары да қашықтан білім беруді сәйкесінше жаңа заманауи форматта ұйымдастырып, белгілі «Күнделік», «Bilimland», «mekter.online» сынды платформалардың, сондай-ақ «Балапан», «Ел-Арна» көгілдір экрандарының бейне-сабақтарын қолданып, «Kundelik.kz» электронды журналы және WhatsApp арқылы жүзеге асырған болатынбыз.

«Қашықтан білім алу» жүйесі әр оқушының өзіндік қажеттілігін ұғынуына, өзіне қажетті білімді іздене отырып үйренуіне мүмкіндік береді, оқушылардың заманауи білім негізі қаланады. Олардың жан-жақты білімділігі, әлемде болып жатқан өзгерістерден сырт қалмауы, ауқымды желіге қосылу, қажетті ақпараттарды іздеп табуға дағдылануы, ақпараттарды қажеттілігіне қарай қолдана алуы қалыптасады.

Осы жоғарыда айтылған бағдарламаларды қолдана отырып, білімді оқушыларға түрлі әдіс пен тәсілдерді пайдалану арқылы білім нәрін септік. Осы кезеңде байқаған бұл бағыттағы оқытудың тиімді тұстарын айтсам. Жетінші сыныпқа әдебиет пәнінен Мұхтар Шахановтың «Нарынқұм зауалы» поэмасын өткен сәтте оқушыларға үйге өз ойларын жинақтап эссе жазуға бердім. Махамбет туралы ізденген шәкірттерім көлемді эссе жазып шықты.

Сонымен қатар ұстаздардың бақылауынан, оқушылардың көзқарасынан қысылатын кейбір балалардың қашықтықтан оқыту кезінде сабақ үлгерімі ілгерілеген. Себебі, ол көп нәрсеге көңіл аудармай сабақ процесімен ғана әуре болады. Түрлі сылтаулармен сабақтан қалатын оқушылар да қашықтықтан оқыту кезінде еріксіз сабақ оқи бастағаны айқын. Оқушылар ауырып қалған жағдайда да смартфон, компьютерін қосып түрлі тапсырмаларды орындай беруіне ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан, қашықтықтан оқыту оқушының ұзақ уақыт ауырып қалған кезінде де немесе мектепке бара алмау жағдайында да жалпы оқушылар арасында қалып,

мектеп бағдарламасымен оқуға көмектеседі. Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімді жақтарын санамалап көрейік:

Оқуға дайындалу, тапсырманы орындау уақытын оқушы өзі белгілейді. Еркіндік пен шығармашылық ойлау дами бастайды. Оқушы өзін қаншалықты дамытқысы келсе де, креативті ойларын жүзеге асырса да ешкім кедергі емес.

1. Қол жетімділік – оқушы үйде отырғанымен оған барлық нәрсе қол жетімді. Көрнекілік, қажетті құралдар т.б. Тек өзінің тәуелсіздігін тиімді пайдалана білгені дұрыс.

2. Ұтқырлық — мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланысты тиімді жүзеге асыру оқу процесінің табысты болуының негізгі талаптарының бірі болып табылады.

3. Технологиялық тиімділік — оқу үрдісінде оқушы мен ұстаз ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялардың соңғы жетістіктерін қолдану.

4. Әлеуметтік теңдік — білім алушының тұрғылықты жеріне, денсаулығының жай-күйіне, элита мен материалдық қауіпсіздігіне қарамастан бірдей білім алу мүмкіндігі бар.

5. Шығармашылық — оқушының шығармашылық ойын дамытуға, жетілдіруге қолайлы жағдай.

Әрине, кез келген оқыту түрі біржақты бола бермейді. Яғни, оның өз артықшылықтары мен кемшіліктері де болады. Орын алған кемшіліктер де болды. Қазақ әдебиеті бойынша көркем шығармаларды оқыту оңай емес. Оқушының шығарманы тұтас оқуы қадағаланады, алайда бұл деңгейге барлық оқушының қол жеткізуі қиынның қиыны.

Біздегі басты кемшілік ұстаздар мен оқушыларда емес. Басты қиындық туғызғаны интернет желісінің баяу болуы, сол арқылы бағдарламалардың ақау беруінің дау тудырған еді. Қашықтықтан оқыту ұйымдастыру мен тәртіпті талап етеді. Мысалы, бастауыш сыныптағы кішкентай балалар үшін қашықтықтан өз бетінше білім алу қиын. Олар үнемі ата-ананың, ұстаздың бақылауын қажет етіп тұрады. Дәстүрлі оқу кезінде үйде де, мектепте де оларға арнайы көңіл бөлінеді. Ата-ананың орындай алмайтын кейбір функциясын ұстазы орындайды, ал ұстазы жеткізе алмаған нәрсені ата-ана іліп алып кетіп отырады. Ал қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныптарда оқитын балаларға эмоция, кері байланыс жетіспейді. Сондықтан, жоғары сыныптарға қарағанда бастауыш сыныптарға қашықтықтан білім беру тиімсіз. Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімсіз тұстарын тізбелеп көрейік: Оқушы мен оқытушы арасында толыққанды байланыс болмауы. Яғни, жеке көзқарас пен білімге байланысты барлық сәттер алынып тасталады. Егер жақын жерде білімді эмоционалды түрде бояйтын адам болмаса, бұл айтарлықтай минус.

Бірқатар жеке психологиялық жағдайлардың қажеттілігі. Қашықтықтан оқыту үшін өзін-өзі ұстау қатаң талап етіледі, оның нәтижесі оқушының

дербестігі мен санасына тікелей байланысты. Ақпарат көздеріне үнемі қол жетімділіктің қажеттілігі. Жақсы техникалық жабдықтар қажет, бірақ оқығысы келетіндердің барлығы бірдей компьютер мен интернетке қол жеткізе бермейді. Әдетте, оқушылар практикалық сабақтың жетіспеушілігін сезінеді. Оқушыларға үнемі бақылау жасалмайды және жасау да қиын.

- Үйірме жұмыстарына кері әсерін тигізеді.

- Қашықтықтан оқыту жағдайында оқытудың негізі жазба түрінде жасалады. Кейбір оқушылар үшін өз білімдерін жазбаша түрде жеткізу үлкен кедергі болуы мүмкін Дүниежүзілік пандемияға байланысты, төртінші тоқсанда амалсыздан бастадық бұл жағдай барлығымызға мәлім. Өздеріңіз білетіндей, онлайн сабақ беруге ауыл-аймақтардағы интернеттің дұрыс істемеу мәселесі кедергі болған еді. Бірақ осындай жолмен басталса да, біз қашықтан білім берудің берген пайдасына көз жұмбауымыз керек. Мысал келтіретін болсақ, кей мұғалімдер интернетті пайдалануды, компьютермен, Google classroom сияқты түрлі бағдарламалармен жұмыс істеуді білмейтін. Осы уақыт аралығында біраз адам өзінің электронды білімін толықтырды. Бұл ата-аналарға да қатысты. Олар үйде балаларына сабақ бере отырып, мұғалімдердің қадірін біліп, білім берудің күрделі процесс екенін түсінді деп ойлаймын. Өзім үшін де бұл жоба үлкен тәжірибе болды. Жобаға қатысқан бәріміз камера алдында сабақ беруді үйрендік. Бастапқыда, «мектепте отызқырық баланың алдында сөйлеп жүрген адам қалайша қателеседі» деген мәндегі сындар естідік. Өз басымнан өткерген адам ретінде айтарым, оның аурасы мүлде бөлек болады екен. Бір нүктеге қарап отырып, қозғалмай сөйлеу үйренбеген адамға біршама қиындық тудырады. Біз, мұғалімдер, негізінен оқушымен тікелей қарым-қатынасқа, арадағы сұрақ-жауапқа үйреніп қалғанбыз. Ал жансыз камераға сабақ түсіндіру, ар жағындағы оқушы оны қалай қабылдайды, сабақты дұрыс өтіп жатырмын ба деген толқыныс бар, қателесіп кетпейін деген ой бар, соның барлығы өз әсерін тигізеді. Бірақ алғашқыдай емес, екі-үш сабақтан соң біртіндеп бой үйренеді екен. Осының өзінен айтарлықтай тәжірибе жинауға болады. Тағы айта кетерлігі, бұрын интернетте білім саласындағы қазақ тілді контент өте аз болды. Болған күннің өзінде, көбі сапасы жағынан сүрініп жатты. Бір тақырыпты іздей қалсақ, көбіне ағылшын, орыс тілдеріндегі мәліметті табатын едік. Ал енді осы Online Мектеп жобасының аясында түсірілген сабақтардың бәрі Youtube платформасына салынды. Іздеген адам кез келген уақытта қарай алады. Бұл да білім саласына өзіндік пайдасын тигізіп отыр.

ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтің өзі де онлайн оқыту, қашықтан оқытудың мектептегі сабақты толықтай алмастыра алмайтынын айтып кеткен еді. Бұл оймен толықтай келісемін. Өйткені, мектепте мұғалім мен оқушы тікелей қарым-қатынас жасайды. Оқушы сабақты түсініп жатыр ма, білімі қай деңгейде, мұғалім бір көзқараспен-ақ бәрін сезіп отырады. Сонымен қатар, мектеп арқылы қоғамға бейімделеді,

қоршаған ортаны танып біледі, өзге сыныптастарымен байланыс жасап, адамдармен араласуды үйренеді.

Қорытындылай келе, қашықтықтан оқыту ерте ме, кеш пе бізге жететін еді. Өйткені бұл – заман талабы. Ақпараттандырылған ғасырда озық технологияның үздік жемістерін пайдалану – дамыған елдердің шешімі. Сондықтан еліміз үшін бұл да бір жаңа белес, жаңа шың! Ендеше, барша әріптестеріме «қашықтықтан оқытудан» қашпауға кеңес беремін!

Қашықтан оқыту – заман талабы. Оқытудың бұл жүйесі сын сағатта халқымыздың ертеңгі сенімін арттырып, дүрбелең кезеңдегі қабылданған дұрыс шешім деп білеміз. Оқушыларымыз бен ата-аналарымызға дұрыс насихатталуына, заманауи білім алуға жауапкершілікпен, бастысы біртұтастыққа, түсіністікпен қабылдауына күш салудамыз. Ұрпағымыз үшін жасалып жатқан ұлағатты жұмыс өз жемісін береді деп сенеміз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. NISTamyzConf2021
2. Педагогика және педагогикалық технологиялар, (оқу құралы) Ақтөбе, 2001 ж.
3. Кішібаева Д.Ж. Жаңа педагогикалық технологиялар. Оқу құралы. Түркістан А. Ясауи атындағы ХҚТУ, 2010.
4. Манабаева А.Ш., Абылайхан С.М., Алшынбаева Ж.Е. Қазіргі білім беру технологиялары. Оқу-әдістемелік құралы. Қарағанды, Санат баспасы, 2007.

ТАЪЛИМ СИФАТИНИ ОШИРИШДА ЎЗБЕК ТИЛИ ВА АДАБИЁТИ ФАНИ ЎҚИТУВЧИЛАРИНИНГ ФАН ВА ТИЛ КОМПЕТЕНЦИЯСИНИ РИВОЖЛАНТИРИШ

**Мусаева Махбуза Октамовна
«Өрлеу» БАҰО АҚФ Түркістан облысы және
Шымкент қаласы бойынша ПКБА институтының
аға оқытушысы, халықаралық дәрежедегі тренер**

Таълим соҳасида ҳар йили ўзгариш ва янги ланишлар рўй бермоқда. Замонавий талаблар юқори сифатли таълим ва кенг касбий маҳоратли мутахассисларни кутмоқда. Замонавий мутахассисни баҳолаш мезони уларнинг маҳорат даражасидир. Маҳорат–олинган билим, кўникма ва тажрибани амалиётда тўғри қўллай олиш. Замонавий мутахассис

"алмаштириб бўлмайдиган мутахассис" бўлиш учун асосий компетенциялар мужассам бўлиши лозим. Шу сабабли ҳам малакали мутахассислар тайёрлаш ва таълим сифатини ошириш кун тартибиги асосий масалалардан бири бўлиб қолмоқда.

Қозоғистон Республикаси Президенти Қ. Тоқаевнинг 2019 йил 2-сентябрдаги "Конструктив жамоатчилик мулоқоти – Қозоғистон барқарорлиги ва фаровонлигининг асоси" Йўлланма ижтимоий янгиланишнинг янги босқичи бўлимида "Мамлакат бюджети икки асосий мақсадга иқтисодий ривожланиш ва ижтимоий муаммоларни ҳал этишга қаратилган бўлиши кераклиги таъкидланган.

Биринчидан: Таълимни такомиллаштириш. "Диплом билан - қишлоққа" дастури кўламини кенгайтириш ва янги савияда иш фаолиятини давом эттириш,шунингдек, дарслик сифати,ўқувчиларни юқори сифатли дарсликлар билан таъминлашдир.

Иккинчидан: Оила ва бола институтини қўллаб-қувватлаш, инклюзив жамиятни яратиш.

1. Қозғалыс ойындары – М., Дене-шынықтыру және спорт, 1986
2. КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ А. А. Б«2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ТУРАЛЫ» ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТ Нұр-Сұлтан 2021
3. «ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ СПОРТ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ САЛАМАТТЫ ӨМІР САЛТЫНА ТӘРБИЕЛЕУ» Оқу құралы «Тараз университеті» баспасы Тараз, 2017
4. Дене шынықтыру және спортты оқыту әдістемесі. Алматы 2016 ж.
5. Бондарь Н.И.В // Мектептегі дене-шынықтыру. 1983 ж.
6. Дубогай А.Д., Хрущев С.В ишаева ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ОҚУЛЫҚ Мәскеу «Академия» Баспа орталығы 2017

**«АӘТД сабақтарында АКТ қолдана отырып патриоттық тәрбие беру.
Қашықтықтың оқыту жағдайында сабақтарға бейнероликтер
дайындау».**

**Түлкібас ауданы С.Бреусов атындағы жалпы орта мектебінің АӘТД
пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы
Сулейменов Мейрбек Сеиткалиевич**

«Адамзат үшін ХХІ ғасыр – жаңа технологиялар ғасыры болмақ, ал осы жаңа технологияларды жүзеге асырып, өмірге енгізу, игеру және жетілдіру – бүгінгі жас ұрпақ, сіздердің еншілеріңіз... Ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында» (Н.Ә.Назарбаев)


Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін - өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға . Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Мұғалімдерге қойылатын талаптардың бірі – оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Осындай аса қажетті технологиялардың бірі – ақпараттық - коммуникациялық технологияларды (бұдан кейін АКТ) пайдалану. АКТ - ны игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін қажетті шартқа айналды. АКТ - ның дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді шәкірт тәрбиелеу мұғалімнің басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан - жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

«АКТ құралдары» дегеніміз – микропроцессорлық және жаңа АКТ негізінде қызмет атқаратын, ақпаратты таратудың жаңа құралдары мен жүйелері, ақпаратты жинақтау мен олардың қорын жасау, сақтау мен өңдеу, оларды жан - жақты таратуды, одан қалды компьютерлік жүйелердің ақпараттар қорына енуді қамтамасыз ете алатын программалық, программалық - аппараттық және техникалық құралдар мен құрылымдарды айтамыз. АКТ - ға жататындар: дербес компьютерлер, жергілікті есептеу жүйелері, мәтіндік және графикалық ақпараттардың құрылымдары, көлемі үлкен мұрағаттық ақпараттарды сақтау құралдары, аудиовизуалдық ақпараттарды бақылайтын құралдар мен құрылымдар, машиналық графика жүйелері, программалық кешендер, жергілікті желілер, әлемдік деңгейде ақпарат алмасуын қамтамасыз ететін қазіргі кездегі байланыс құралдары.

Алғашқы әскери дайындық сабақтарында АКТ - ны, электрондық оқулықтарды және интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік береді. АКТ - ны

сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Сонымен қатар АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында мектеп оқушыларының оқуға, білім алуға деген ұмтылысының артуы АКТ құралдарымен жұмыс істей алу жаңалығымен ғана емес, сонымен берілетін оқу тапсырмаларын қиындық деңгейі бойынша реттей алу мүмкіндігінен, тапсырманың дұрыс нәтижесі үшін марапаттай алу қызметінен де байқалады. Заманауи АКТ құралдарымен жұмыс істеу оқушыларды ұқыптылыққа, нақтылыққа, берілген тапсырмалардың нәтижелі орындалуына, басты мәселеге назар аудара білуге баулиды, сондай - ақ, АКТ құралдарымен жұмыс істеу барысында оқушылардың өзінің жеке іс - әрекетін дұрыс жоспарлауға, дұрыс шешім қабылдай алуға тәрбиелейді. Қазіргі дүние жүзінде болып жатқан пандемия жағдайында қашықтықтың оқытуда АКТ ны қолданудың маңызы арта түсті. Оқушылармен синхронды түрде сабақ өткізу үшін қазіргі кезде көбіне «ZOOM» немесе Microsoft Teams бағдарламаларын қолданып өткізу ыңғайлы.




«ZOOM»
бағдарламасы

бейнеконференцияларды тегін бір мезгілде 100 адамға дейін өткізуге мүмкіндік береді. Жұмыс істеу тәсіліне кішкене тоқтала кетсек. Бағдарламаны ұялы телефон немесе ноутбук, планшет, дербес компьютер арқылы қолдануға болады. Бұл бағдарлама арқылы сабақты алдын ала жоспарлап, сабақтың сілтемесін оқушыларға тарату арқылы онлайн түрде оқушымен бетпе бет отырып тапсырмаларды орындай аласыз. Алдын ала дайындалған презентацияларды, бейнематериалдарды, тест тапсырмаларын бірден экранды бөлісу батырмасы арқылы оқушыларға көрсете отырып орындауға мүмкіншілік береді.



Microsoft Teams бағдарламасы «ZOOM» ға қарағанда күрделірек. Бірақ мұнда барлық мүмкіндіктер топтастырылған. Сыныптарды құру арқылы сабақтар өткізіледі. Онлайн бейнесабақтар немесе дыбыстық жазбалар, чат арқылы оқушылармен байланыс жасалады. Бағдарлама күнтізбесі арқылы сабақтарды алдын ала кестеге енгізіп жоспарлап қоюға болады. Сонымен қатар ватсап, телеграм бағдарламалары сияқты кез келген құжатты, дыбыстық жазбаларды, тапсырмаларды жібере аласыздар және де мұнда бір құжатты бір мезгілде барлық сынып оқушылары қолданып өзгерістер енгізе алады. Бір сөзбен айтқанда оқушылармен синхронды түрде сабақ өтуге қолайлы бағдарлама. Алайда интернет желісі әр жерде әртүрлі болуына байланысты сабақты синхронды түрде өткізуге мүмкіндік бола бермейді. Осы орайда көбіне кеңінен таралған ватсап мессенджерін қолдана отырып асинхронды түрде сабақ өткізуге тура келеді. Бұл кезде оқушымен тікелей байланыс болмағандықтан сабақты алдын ала дайындалған бейнесабақтарды, презентацияларды, фотосуреттерді жібере отырып өткіземіз. Бүгінгі баяндама барысында сіздердің назарларыңызға бейнесабақты ұялы телефон арқылы қалай тез әрі оңай жасауды көрсеткім келіп отыр. Былтырғы оқу жылы барысында бейнероликтер жасайтын бірнеше бағдарламалармен жұмыс жасап көрдім. Атап өтсем youcut, kinemaster, inshot бағдарламалары. Осылардың ішінен inshot бағдарламасын қолдана отырып бейнесабақ жасау жолын көрсетіп өтейін. Ұялы телефондағы appstore немесе play market арқылы көшіріп аласыздар.



Бағдарламаны ашқанна кейін бастапқы бетте 3 батырма болады: видео, фото, коллаж. Осының ішінен видео батырмасын басамыз. «+» белгісінің үстінен баса отырып осы сабаққа қатысты суреттер мен бейнероликтерді таңдаймыз. Мысал ретінде 11 сыныптың 1-ші Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі – Әскери қызметті өткеру қажеттілігі. Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттері туралы заңдары атты тақырыбын алайық. Келешек

§ 1. Әскери қызмет – Қазақстан Республикасы азаматтарының мемлекеттік қызметінің ерекше түрі

Тақырыпты оқу нәтижесінде:

– Қазақстан Республикасы Заңдарындағы азаматтардың әскери міндеттері туралы негізгі ережелерді.



Әскери қызмет – мемлекеттік қызметтің ерекше түрі. Оның мәні азаматтардың әскери міндеттері орындалуы болып табылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет міндеттерін орындау күнделікті жауынгерлік дайындықты, даярлау мен оқудың басы да түрлерін, жауынгерлік кезеңшілікті, ішкі және гарнизондық қызметті атқаруды, жауынгерлік іс-шараларға тиелмей қатысуды көрсетеді. Әскери қызметтің негізгі міндеті Қазақстан Республикасының тұтастығы мен конституциялық құрылымын қорғау және оған тұрақты өрі мақсатты дайындау жүргізу болып табылады. Әскери қызмет міндеттерін орындау және орындау азаматтардың әскери міндетін қарама-қарсы белгі ретінде Қазақстан Республикасының заңдары және басқа да нормативтік құқықтық актілерімен қатаң түрде реттелген.



электронды оқулығынан алынған суреттер мен бейнелерді құсбелгіні басу арқылы бір жерге жинақтаймыз. Осы кезде бағдарламаның

төменгі жағында мәзір пайда болады. Осы мәзір арқылы бейнероликтің қажет жерін кесіп алып, қажет емес бөлігін өшіру арқылы жұмыс жасаймыз. Суреттермен жұмыс жасау үшін қажетті суреттің үстінен басып таңдаған соң мәзір арқылы суретке берілген уақытын ұзартып қысқартуға, суретті бұруға, көшіріп қайта қоюға немесе өшіруге болады. Суреттерге түсіндірме беру үшін өз дауысыңызды қосу мүмкіншілігі бар. Барлық қажетті жұмыстарды жасағаннан кейін бағдарламаның оң жақ жоғары бөлігіндегі сақтау батырмасын басамыз. Осы кезде бейнені қандай сапада сақтау жөнінде ұсыныстар шығады соның біреуін таңдай отырып сақтайсыз. Осымен қашықтықтан оқытуға арналған алғашқы бейне сабағыңыз дайын.

ТИПТІК ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖҰМЫСТАРЫН ЖОСПАРЛАУ

Тұрғанияз Нұрдаулет Әбдімажітұлы
Түркістан облысының әдістемелік орталығы
«Практикалық дене тәрбиесін дамыту»
бөлімінің басшысы

Жаңа 2021-2022 оқу жылы қарсаңында Сіздерге Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы әзірлеген «Оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» дәстүрлі әдістемелік нұсқау хатты және **ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен** бекітілген (2021 жылғы 25 наурыздағы № 125 бұйрықпен енгізілген өзгерістерімен және толықтыруларымен) 2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығына сәйкес бекітілген) үлгілік оқу жоспарлары ұсынып отырмыз. Үлгілік оқу жоспарында былтырғы жылдан өзгеріс жоқ.

Биылғы оқу жылының ерекшеліктерінің бірі

1. Мұғалімнің жүктемесі 18-ден 16 сағатқа азайтылды. Сабақ ұзақтығы 45 минутқа қайтарылды. Білім алушылардың оқу жүктемесі төмендетілді. Білім беру ұйымдарына қысқартылған оқу жүктемесімен Үлгілік оқу жоспарларын таңдау мүмкіндігі артты. Өткен оқу жылында оқу жүктемесі төмендетілген үлгілік оқу жоспарларымен жеті жүз мектеп жұмыс жүргізіп, тәжірибе жинақтады. Осылайша мектептердің академиялық таңдау еркіндігі артты. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңын және «Кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңын іске асыру аясында орта білім беру ұйымдары педагогтерінің бір аптаға нормативтік оқу жүктемесі 16 сағатқа дейін төмендетілді.

Бір пән бойынша бос лауазымның 16 сағатын педагогтер арасында бөліп беруге рұқсат етілмейді. Қажет болған жағдайда оқу жылының басында бос лауазымға (16 сағат) қосымша педагог қабылданады.

Бос лауазымның сағаттары 15 сағаттан кем болған жағдайда бөліп беруге рұқсат етіледі.

Мұғалімдердің оқу жүктемесін тарифтеу оқу процесін жоспарлаудың негізгі параметрі болып табылады.

Осы бағдарламаны таңдау үшін 2018 жылдан бастап қолданысқа енгізілген үлгілік оқу жоспарлары ұсынылады (ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы (2021 жылғы 26 наурыздағы №125 бұйрықпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілген).

2. 2021-2022 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2020-2021 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР БҒМ 2021 жылғы 27 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген:

1) 2021-2022 оқу жылының басталуы – 2021 жылғы 1 қыркүйек;
2) оқу жылының ұзақтығы: 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы;

3) оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:

1-11 (12) сыныптарда:

күзгі – 7 күн (2021 жылғы 1-7 қарашаны қоса алғанда),

қысқы – 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсаннан бастап 2022 жылғы 9 қаңтарды қоса алғанда),

көктемгі-12 күн (2022 жылғы 19-30 наурызды қоса алғанда);

1-сыныптарда: қосымша каникул – 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпанды қоса алғанда).

2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы – 45 минут. Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: қыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ, қазан айынан бастап Санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 45 минуттан өткізіледі.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі таңдап алынған Үлгілік оқу жоспарлары негізінде жүргізіледі.

2021-2022 оқу жылының басты міндеті – білім алушылардың өткен оқу жылындағы білімін толықтыра отырып, жаңа оқу жылының бағдарламасын жүзеге асыру.

Білім беру ұйымдарындағы оқу процесі екінші жыл пандемия жағдайында өтуде. Шектеу шараларына байланысты оқушылардың білімінде туындаған олқылықтардың орнын толықтыру өзекті міндетке айналды. Әрбір педагогке шәкірттерінің білімін толықтыру бойынша арнайы жұмысты ойластыру және тиімді жүргізу қажет болып отыр.

2021-2022 оқу жылының басында мектеп әкімшілігіне барлық пәндер бойынша білім алушылардың біліміне бақылау жұмыстарын жүргізу ұсынылады.

- Бақылау нәтижелері бойынша білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру үшін әрбір педагогтің және мектептің жұмыс жоспары әзірленеді.
- Білім олқылықтарының орнын толықтыру жұмысы жүйелі түрде жүргізіледі.
- Оқу пәндері бойынша білім алушылардың білім сапасына жүйелі мониторинг жүргізіледі.
- Білім олқылықтарының орнын толықтыру бойынша мектеп жұмысы алгоритмінің үлгісі ұсынылады

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың негізгі көрсеткіштері:

- 1) пәннің оқу бағдарламасы бойынша біліміндегі олқылықтар;
- 2) оқу-танымдық іс-әрекетіндегі олқылықтар;
- 3) оқуға қажетті өзіндік жеке қасиеттерінің даму деңгейінің жеткіліксіздігі;
- 4) эмоционалды қолайсыздық

Үлгерімі төмен білім алушылармен жұмыс жасау алгоритмі:

- 1) бірнеше педагогтің сабақтарды, оқыту процесін бірлесіп жоспарлауы (олқылықтардың орнын толықтыру үшін оқу материалын қайталау, бекіту, оқу тапсырмаларының минимумын орындау, қателерді талдау және жою бойынша оқу әрекетін реттеу және т.б.);
- 2) оқу іс-әрекеті барысында қолдау көрсету және кеңес беру;
- 3) бірінші сыныптың білім алушылары мен осал топтың балаларын психологиялық бейімдеуді қамтамасыз ету;
- 4) оқу іс-әрекетін ынталандыру (көтермелеу, табысты жағдаяттарды туғызу, оқу процесіне белсенді қатысуға ынталандыру және т.б.);
- 5) оқушының оқу іс-әрекетінің және оқу жетістіктерінің мониторингі (білім алушыларға жүйелі сауалнама жүргізу, оқу тапсырмаларының орындалуын тексеру, кері байланыс, өзін-өзі бағалауда белсенділікті арттыру және т.б.);
- 6) қосымша сабақтарды және өзара көмек беруді ұйымдастыру;
- 7) білім алушыға қолдау көрсету бойынша ата-аналармен жұмыс;
- 8) өздігінен орындайтын тапсырмалар үшін қашықтан оқыту жүйесін пайдалану.

Барлық білім беру ұйымдарында мазмұнды оқу контенті (жетекші мұғалімдердің сабақтары, қарқынды оқытуға, жаттығулар, тестілер және т.б. арналған виртуалды зертханалар) бар цифрлы платформаларға қолжетімділік қамтамасыз етіледі.

Білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды толықтыру жұмыстарында:

педагогке:

- білім алушының артта қалу себептерін, оның оқу жетістіктерінің деңгейін және біліміндегі олқылықтарды анықтау;
- жеке қолдау көрсету үшін білім алушының қажеттіліктерін зерделеу;
- жеке тапсырмаларды таңдай отырып, оқытудың жеке жоспарын әзірлеу;

- жүйелі кері байланысты ұйымдастыру ұсынылады.

Педагог оқушылардың білім алу қажеттіліктерін және жеке даму жолын ескере отырып, пән бойынша білім алушылардың білімін толықтыру алгоритмін дербес әзірлейді. Мысалы:

- өткен және ағымдағы оқу жылдарындағы оқу пәні сабақтарының тақырыптарын, оқу мақсаттарын кіріктіру;
- пәндер бойынша өткен оқу жылының материалдарын жаңа оқу жылының барлық кезеңіне бөлу;
- жаңа тақырыптарды және оқу мақсаттарын меңгертуге дейін бұрынғы оқу материалдарын қайталау;
- білім алушыларға қиындық тудырған тақырыптар бойынша қосымша сабақтар өткізу;
- білім алушыларға күрделі тақырыптар/оқу мақсаттары бойынша жеке және топпен консультациялар өткізу;
- өткен оқу материалы бойынша оқу пәнінен олимпиадалар ұйымдастыру;
- каникулдық сабақтарды және жазғы мектепті ұйымдастыру;
- формативті бағалауда өткен оқу жылындағы оқу бағдарламасы бойынша тапсырмалар әзірлеу және енгізу;
- өткен оқу жылындағы материалдар бойынша зерттеу және жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру сабақтары үшін Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компонентінің сағаттарын пайдалану;
- білімдегі олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында қосымша білім беру ұйымдарының мүмкіндігін барынша пайдалану;
- білім беру платформаларын қолдану.

Негізгі оқу пәндерінен білім алушылардың біліміндегі олқылықтардың орнын толықтыру бойынша ұсынымдар әдістемелік-нұсқау хаттың *«Орта білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері»* атты 3-бөлімінде беріледі.

ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚУ-ТӘРБИЕ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ НЕГІЗГІ НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІЛЕРІ

2021-2022 оқу жылында білім беру ұйымдары білім беру процесін ұйымдастыру кезінде «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарын басшылыққа алуы және оқу-тәрбие процесін келесі нормативтік құжаттар негізінде жүзеге асыруы тиіс:

«Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» (бұдан әрі – МЖМБС) ҚР БҒМ (бұдан әрі – ҚР БҒМ) 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы (өзгерістермен және толықтырулармен 2020 жылғы 28 тамыздағы №372 бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800017669>;

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын

бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығы (өзгерістермен және толықтыруларымен 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496с бұйрық) <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>;

– «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық тасымалдау құралдары тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2021 жылғы 10 маусымдағы №286 бұйрығы);

– «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР БҒМ 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы;

– «Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы;

– «Арнайы білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 бұйрығы;

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жан басына нормативтік қаржыландыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2017 жылғы 27 қарашадағы № 596 бұйрығы (өзгерістермен 2018 жылғы 21 қыркүйектегі № 477 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрығы (өзгерістер мен толықтыруларымен 2017 жылғы 29 желтоқсандағы №662 бұйрық);

– «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығы;

– «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы;

– «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығы;

– «Қашықтықтан білім беру технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 28 тамыздағы № 374 бұйрығы;

- «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ міндетін атқарушының 2008 жылғы 16 мамырдағы № 272 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 2 сәуірдегі №125 бұйрығы;
- «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы;
- «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы
- «Педагогтік қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 17 наурыздағы № 110 бұйрығы;
- «Үздік педагог» атағын беру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 12 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 23 сәуірдегі №157 бұйрығы);
- «Үздік педагог» атағын иеленушіге сыйақы төлеу қағидаларын және оның мөлшерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі № 204 қаулысы;
- «Тәлімгерлікті ұйымдастыру қағидаларын және тәлімгерлікті жүзеге асыратын педагогтерге қойылатын талаптарды бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 160 бұйрығы;
- «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2009 жылғы 13 шілдедегі №338 бұйрығы (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 30 сәуірдегі № 169 бұйрығы);
- «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы);
- «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы;

Дене тәрбиесі - салауатты өмір салтының, дене шынықтыру мен спорттың, дене бітімін жетілдірудің құндылығын, өз денсаулығына жауапкершілікпен қарау құндылығын қалыптастырады.

Орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлері (*футбол, волейбол, баскетбол, гандбол, футзал, ұлттық спорт түрлері: асық ату, тоғызқұмалақ, қазақ күресі*) бойынша мектептік спорт лигалар желісі мен спорт секцияларын кеңейту маңызды. Ұлттық және бұқаралық спорт түрлері бойынша ұлттық спорт лигаларын, қысқы және жазғы спорт түрлері бойынша оқушылар спартакиадасын дамыту қажет.

«Дене шынықтыру» пәнінің әрбір мұғалімі қосымша ақы есебінен үш спорттық секция жүргізеді.

Дене тәрбиесі міндеттерінің бірі – білім алушыларды республикалық көпдеңгейлі балалар-жасөспірімдер турнирлері мен жарыстарына,

халықаралық жарыстарға (қысқы және жазғы Дүниежүзілік Гимназиада) қатысуға белсенділіктері мен мүмкіндіктерін арттыру.

5.1. Жоспарлау жұмыстарын ұйымдастыру

Жас ұрпақтың жалпы дене қуатын дамыту үшін, үлкен өмірге, еңбек етуге, Отан қорғауға дайындау үшін, олардың мектепте оқыған кезеңдерінде мынандай негізгі міндеттерді орындауымыз керек:

- денсаулықтарын нығайту, мүсін түзулігін қалыптастыру, ағзаларын дамыту және шынықтыру;
- негізгі қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды әр түрлі өмір жағдайында қолдана білу шеберлігіне үйрету;
- жігер-күш, дене қасиеттерін дамыту, жеке және қоғамдық гигиена дағдыларына үйрету.

Барлық міндеттерді орындаудың негізгі амалы - дене тәрбиесі жаттығулары мен теориялық білім. Ол амалдар дене тәрбиесі сабағында, оқу күні ішіндегі дене тәрбиесі-сауықтыру шараларында (сабаққа дейінгі гимнастика, ұзақ үзілістердегі қозғалмалы ойындар мен дене жаттығулары, сергектік сәттер) және сабақтан тыс уақыттардағы сыныптан тыс жұмыстар кезінде орындалады.

Дене тәрбиесі міндеттерін дұрыс түсінген мұғалім жеке оқушылардың таңдап алған спорт түрлерінен жоғарғы жетістіктерге жетуін ғана емес, барлық оқушылардың денсаулықтарын нығайту, қозғалыс ептілігі мен дағдыларын қалыптастыру арқылы оларды үлкен өмірге дайындайды.

Дұрыс ойластырылған барлық жұмыстар келісілген жоспар, жүйелі, тиянақты жұмыс тудырады.

Жалпы білім беретін мектептердегі жоспарлау құжаттары: жалпы дене тәрбиесі және спорт жұмыстары жоспары және дене тәрбиесі сабақтарының жоспары деп екіге бөлінеді.

5.2 Дене тәрбиесі және спорт жұмыстарының жалпы жылдық жоспары

Оны дене тәрбиесі мұғалімі оқу жылының басталуына дейін құрастырады. Жалпы жылдық жоспар мынандай бөлімдерге бөлінеді:

1. Ұйымдастыру жұмыстары.
2. Оқу жұмыстары.
3. Күн тәртібіндегі дене тәрбиесі - сауықтыру шаралары.
4. Сабақтан тыс уақыттардағы спорттық - көпшілік жұмыстары.
5. Үгіт-насихат жұмыстары.
6. Дәрігерлік бақылау және тазалықты тексерулер.
7. Шаруашылық жұмыстары.

5.3 Дене тәрбиесі жұмыстарының құқығы мен міндеттері

- спорт түрлері секцияларында, жалпы дене дайындығы топтарында жаттығу, жарыстарға қатысу;
- дене тәрбиесі ұжымы кеңесіне сайлану, комиссия жұмыстарына қатысу;

- мектептің туристік, спорттық құрылыстарын, құрал-жабдықтарын пайдалану.

Дене тәрбиесі ұжымының міндеттері:

- дене тәрбиесімен, спортпен тұрақты шұғылдануды және мектептегі білім алуды қатар ұштастыру;
- өзін тәрбие мен спорттық этика талаптарына сай ұстау;
- дене тәрбиесі ұжымының жұмыстарына белсенді қатысу, кеңестің шешімдерін орындау, ұжымның намысын қорғау, мәртебесін көтеру;
- өз жасына сай Президенттік сынама нормаларын тапсыруға дайындық, орындау;
- мектептің барлық спорттық-сауықтыру шараларына белсенді қатысу;
- мектептің спорт құрылыстарын, спорттық құрал-жабдықтарын, құрама командасының спорт киімдерін ұқыпты пайдалану, спорт құрылыстарына, құрал-жабдықтарды жөндеу жұмыстарына белсенді қатысу;
- дене тәрбиесін, спортты туризмді насихаттау;
- өз ағзасының дамуын бақылау және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау, мектеп медбикесінің нұсқауларын орындау.

5.4 Ойын және жарыс әдісі

Ойын әдісі - Дене тәрбиесі үрдісінде спорттық және қозғалмалы ойындардың элементтерін қолдану – ойын әдісі деп аталады. Ойын әдісінің мынандай өзіне тән ерекшеліктері мен белгілері бар:

1. Белгілі бір мақсатқа (жеңіске) жету үшін ойынның жоспары және тәртібі арқылы ойнаушыларды ұйымдастыру.
2. Ойын әрекеттері кезінде ойнаушылардың бәсекелестік, жеңіске деген ұмтылысының, көңіл-күйлерінің көтерілуі.
3. Ойын барысында жаттығушылардың өз бетімен қимыл-әрекет жасауға шешім қабылдауы (ойынға қатысушы жүгірудің, секірудің, лақтырудың жолын өзі таңдайды).
4. Қимыл-әрекеттердің алуан түрлілігі, олардың ойын барысында, әр түрлі жаттығуларда кенеттен пайда болуы.
5. Ойын барысындағы ойынға қатысушылардың әр түрлі қарым-қатынастары.

Ойын әдісінің көмегімен дене қасиеттерін (күш, төзімділік, шапшаңдық, ептілік) кешенді дамытуға, бұрын үйренген қимылдарды жетілдіру және оқушылардың өзіндік қасиеттерін тәрбиелеуге (батылдық, тапқырлық, ұйымдастырушылық, өз бетімен шешім қабылдаушылық), бұдан басқа да көптеген мақсаттарды жүзеге асыруға болады.

Жарыс әдісі - Дене тәрбиесі жаттығуларын жарыс, бәсеке түрінде орындауды жарыс әдісі дейміз. Жарыс әдісінің ең негізгі белгісі – біріншілікте қарсыласыңды, команданы, топты жеңу үшін бәсекелесу, күрес, күш сынасу жағдайында жоғарғы көрсеткіштерге жету. Бұл әдіс әр түрлі мақсаттарды орындауға пайдаланылады. Мысалы, адамгершілік, жігерлілік,

дене қасиеттерін тәрбиелеу, күрделі жағдайда қимылдың ептілігі мен дағдысын жетілдіру. Жарыс әдісі адам ағзасының мүмкіншіліктеріне жоғарғы талаптар қояды да, оның ары қарай тез дамуына ықпал етеді. Бұл жарыс әдісінің міндетті түрде орындалуы үшін керекті шарт: жарыс, бәсеке жаттығуларына оқушылар өте жақсы дайындықпен келулері керек, ол болмаса берілетін үлкен қарқынды жүктемелер олардың денсаулығына зиян келтіруі мүмкін.

Сонымен қатар бұл әдіс оқушылардан жаттығуды орындау кезінде пайда болатын міндетке өз шешімін тез қабылдауын талап етеді (өйткені, мұғалімнің, жаттықтырушының ақыл-кеңесін жарыс кезінде ести қою мүмкіндігі өте аз).

5.5 Дене тәрбиесі пәні мұғалімдеріне арналған әдістемелік ұсыныстар

1. Бастауыш, орта, жоғарғы сыныптарда және әр түрлі типтегі мектептерде дене тәрбиесі сабағын жүргізу әдістемесі

1.1 Бастауыш сынып оқушыларының дене тәрбиесі

Бастауыш сынып оқушыларының қатарына I-IV сыныпта оқитын 6-10 жастағы оқушылар жатады.

Бастауыш сынып жасындағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- денсаулықты нығайту, шынықтыру, жан-жақты дене дамуына көмектесу, жалпақ табандылықтың алдын алу, бала ағзасының жағымсыз сыртқы орта әсеріне қарсылық күшін қалыптастыру;

Таза ауада дене тәрбиесі жаттығуларымен айналысу, ойнау, секіру, лақтыру, шаңғы тебу, жүгіру баланың бұлшық еттерін дамытады, жүрек-қан тамыры жүйесін, тыныс алу жүйесін, сүйек-тірек аппаратын т.б. ағза жүйелерін нығайтады, шынықтырады. Баланың мүсін, тұлға түзулігі қалыптасады. Сондықтан мектептің міндеті – балаларды дене тәрбиесімен жүйелі, белсенді шұғылдандыру;

- дене тәрбиесі жаттығулары, гигиеналық дағдылар, күн тәртібі туралы арнайы білім беру. Ол білімдер: дене тәрбиесі жаттығуларының ағзаға пайдалы әсері, гигиеналық ережелер. Тамақтану, демалу, жұмыс тәртіптері;

- оқушылардың өмірге керек қозғалыс ептілігі мен дағдысын қалыптастыру, оларды жаңа қозғалыстарға, қимыл-әрекеттерге үйрету. Бағдарламада берілген барлық негізгі спорт түрлерінің жаттығуларын дұрыс орындай білу;

- бастауыш сыныптарда қимыл үйлесімділігі, ептілік, икемділік қасиеттерін дамыту;

- оқушыларды бастауыш сыныптардан бастап Президенттік сынама сынақтары жаттығуларын меңгеруге, орындауға дайындай бастағанымыз жөн;

- оқушылардың дене тәрбиесі мен спортқа деген ынтасын, қызығушылығын оятып, оларды спортпен тұрақты, жүйелі шұғылдануға дағдыландыру керек.

1.2. Бастауыш сынып оқушыларымен дене тәрбиесі сабағын

жүргізудің әдістемелік ерекшеліктері

Оқушылар көп қимылдағысы келеді. Біркелкі, ұзаққа созылатын ойындар оларды жалықтырып жібереді. Сондықтан да ойындар, жаттығулар әр түрлі, қысқа демалу аралықтарымен болса жақсы. 1-сынып оқушылары шыдамсыз, өздерін тоқтата алмайды, зейіні тұрақты емес. Бірте-бірте оларға жаттығуларды кеңістікте орындау түрінде бергенде ойланып, еске сақтап орындауға қызығып, ықыластана бастайды. Бастауыш сынып оқушыларына денені дамыту жаттығуларын бергенде, ұл балалар мен қыз балалардың дене дамуы ерекшеліктерін ескеру қажет.

Дене тәрбиесі сабағын жүргізудің төмендегідей ерекшеліктері бар:

1. Бастауыш сынып оқушыларына негізгі үйрететін жаттығулар тобы табиғи қимыл-әрекеттерді жетілдіру түрінде болып келеді. Олар: жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу т.с.с.
2. Бір сабақ кезінде оқу материалын меңгеру және жетілдіру үрдісінің 2-3 міндетін ғана орындаса жеткілікті болады.
3. Сынып төмен болған сайын табан бұлшық еттерін нығайту және түзу тұлға қалыптастыру жаттығуларын беруге айрықша көңіл бөлу қажет.
4. Әрбір сабақта міндетті түрде қозғалмалы ойындар ойнату керек. 3-4 сынып оқушыларымен сабақ өткізгенде ойын жаттығулары сабақтың 50% уақытын алса дұрыс болады.
5. Оқушыларға негізгі жаттығулардың техникасын үйреткенде, оны дұрыс және нақты орындауға көп көңіл бөлу керек. Оқу үрдісі кезінде жаттығуды үйрету және жетілдірумен бірге дене қасиеттерін дамытуға бірдей көңіл бөлген дұрыс.

Қимыл-әрекетке үйрету әдістерін қолданғанда көбінесе толық орындау әдісін пайдаланамыз. Жаттығуды бөлшектеп үйретуді анда-санда ғана, қосымша түрде қолданамыз.

Қозғалыс тапсырмасын берген кезде балалар дұрыс түсінуі үшін нақты не істейтінін, қалай істейтінін айту керек. Мысалы, ұстау, жетіп алу, допты ойыншыға тигізу және т.с.с. 2, 3 сыныптарда қимыл жиілігін дамыту жаттығуларын көбірек берген дұрыс болады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің міндеті:

- бағдарлама бойынша сапалы, әдістемелік тұрғыдан дұрыс сабақ өткізу;
- дәрігерлік бақылауды дәрігерлермен бірге өткізу, бақылау қорытындысын жұмыста пайдалану;
- сабақ өткізу кезінде санитарлық-гигиеналық жағдай жасау;
- оқушылардың бәрі қолайлы спорт киім кигенін қадағалау;
- сыныптан тыс дене тәрбиесі жұмыстарына қатысу, оған барлық оқушыларды тарту;
- ата-аналар арасында тұрақты түрде дене тәрбиесі мен спорттың маңызы туралы әңгіме өткізу;
- балаларды дене тәрбиесі мен спортпен тұрақты айналысуға қызығушылығын арттырып, ынтасын ояту;

2. Орта сынып оқушыларының дене тәрбиесі

2.1. Орта сынып оқушылары дене тәрбиесінің міндеттері

Орта сынып оқушылары қатарына 5-8 сыныптарда оқитын 11-14 жастағы оқушылар жатады. Осы жастағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- негізгі базалық спорт түрлері жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар, шаңғы спорты, суда жүзу жаттығуларын ары қарай үйрену, жетілдіру;
- дене қасиеттерін, кеңістікте үйлесімді, епті қозғалуды, жылдамдықты, күш-жылдамдығын, күшті, төзімділікті, икемділікті әрі қарай дамыту;
- негізгі спорт түрлері, жарыстар, снарядтар мен құрал-жабдықтар, сабақ кезіндегі техника қауіпсіздігі және жарақат алған кезде алғашқы көмек көрсету туралы мағлұматтарды тереңдете оқыту, іскерлік дағдысын қалыптастыру;
- таңдап алған спорт түрлерінің жаттығуларымен өз бетімен күнделікті дене тәрбиесі жаттығуларымен тұрақты, жүйелі айналысу әдеттерін тәрбиелеу;
- сабақ бөлімдерін, жарыстар, әр түрлі жаттықтыру жұмыстарын жүргізудегі төрешінің, команда капитанының, спорт нұсқаушысының ұйымдастыру іскерліктерін қалыптастыру;
- өзінің дене мүмкіншіліктерін бағалау біліктілігін қалыптастыру;
- тәртіптілікті, жауапкершілікті, дербестікті, ынталықты тәрбиелеу;
- психикалық үрдістерді дамыту, психикалық өзін-өзі реттеу негіздеріне үйрету.

2.2 Дене тәрбиесі әдістемесінің ерекшеліктері

Орта мектеп жасындағы оқушылармен дене тәрбиесі сабақтарын жүргізу әдістемесі негізгі базалық спорт түрлерінің (жеңіл атлетика, гимнастика, спорттық ойындар, шаңғы спорты, суда жүзу) жаттығуларын тереңдете үйрету, жетілдіруге бағытталған.

Орта сыныптарда оқушылардың жеке қасиеттері айқындала бастайды. Олардың дене қасиеттерінің даму деңгейлері, қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктері, психикалық қалыптары мен қасиеттері, ағзаларының физиологиялық даму деңгейлері әр түрлі болып келеді. Дене тәрбиесі мұғалімі, спорт бапкері осы ерекшеліктерді жақсы білуі, балалардың бойынан осы қасиеттерді көре, тани білулері қажет. Өздерінің сабақ, жаттықтырулар жүргізу барысындағы жаттығулар техникасын үйрету, жетілдіру, дене қасиеттерін дамыту кездерінде осы ерекшеліктерді ескере жұмыс жүргізу керек. Әсіресе, дене дайындығы жоғары және төмен оқушылармен жұмыс жүргізгенде жекелілік, даралық әдістерді, қағидаларды қолдану қажет болады.

Орта мектеп жасындағы оқушылармен жұмыс жүргізудің тағы бір әдістемелік ерекшелігі – олардың жыныс ерекшеліктерін ескеру. Қазіргі кезде ол ерекшеліктерге өте жоғары деңгейде мән берілуде. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 21 маусым 2002 жылғы №

506 бұйрығында: «5-сыныптан бастап дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен ұлдар арасында бөлек жүргізілуі керек», - деп жазылған министрліктің осы бұйрығы орындалуда.

3. Жоғары сынып оқушыларының дене тәрбиесі

3.1. Жоғары сынып оқушылары дене тәрбиесінің міндеттері

Жоғары сынып оқушылары қатарына 9-11 сыныптарда оқитын 15-17 жастағы оқушылар жатады. Осы жастағы оқушылардың дене тәрбиесі міндеттері төмендегідей:

- денені мақсатты түрде жан-жақты, үйлесімді дамыту; дене тәрбиесі жаттығуларын, гигиеналық және сыртқы орта әсерлерін денсаулықты нығайтуға қолдану іскерлігін, қобалжуға (стресс) қарсылық мүмкіншіліктерін қалыптастыру; жоғары денсаулық деңгейінің, жан-жақты дене дайындығының қазіргі қоғамға да, өзі үшін де қажет екенін саналарында қалыптастыру;
- дене қасиеттерін, күшті, күш-жылдамдығын, төзімділікті, икемділікті, қозғалыс әрекеттерін тез басқара, құра алу ептілігін, ағзаның тез қалпына келе алу қабілеттілігін т.б. қасиет, қабілеттерді ары қарай дамыту;
- дене тәрбиесі жаттығуларымен, өздерінің айналысып жүрген спорт түрлерімен тұрақты, жүйелі жаттығу әдеттері мен дағдыларын қалыптастыру; бекіту;
- өнегелік, көпшілдік, өмірге дұрыс көзқарас, өзін-өзі бағалай білу қасиеттерін қалыптастыру, алдыға қойған мақсатқа ұмтылушылық, өзіне сенімділік, шыдамдылық, ұстамдылық, сабырлылық қасиеттерін дамыту;
- тұлға ретінде психикалық және өзіндік қасиеттерін ары қарай дамытуға көмектесу, психикалық өзін-өзі реттеу негіздеріне үйрету.

3.2 Дене тәрбиесі әдістемесінің ерекшеліктері

Жоғары мектеп жасында дене тәрбиесі сабақтары қыздар мен жас жігіттер арасында бөлек жүргізіледі. Олардың ағзаларының анатомиялық, физиологиялық және психологиялық өзгешеліктері, ерекшеліктері дене тәрбиесі жаттығуларын үйрету, дене қасиеттерін дамыту амалдары мен әдістерін әр түрлі түрде таңдауды, жүктемені әр түрлі беруді, сабақты бөлек ұйымдастыруды талап етеді.

Жоғары сынып жасындағы оқушылармен өткізілетін дене тәрбиесі сабақтары көбінесе жаттықтыру түрінде жүргізіледі. Жаттығуларды ойын әдісімен орындаулар азайтылып, сабақтарда көбінесе жарыс әдістері қолданылады.

Осы жас кезеңінде олардың дене құрылымдарын, дене және техникалық дайындықтарын ескеріп, жеке тапсырма беру әдістерін көбірек қолданамыз

4. Әр түрлі мектептердегі дене тәрбиесі

4.1. Аз комплектілі ауыл мектептеріндегі дене тәрбиесі

Аз комплектілі мектептер дегеніміз -сыныптардағы бала саны толмауы, аз болуы. Сондықтан мектеп басшылары сыныптарды екі-екіден, кейде үш-үштен қосып оқытады. Олар бір кешенді, екі кешенді деп аталады. Бір

кешенді кезінде бір мұғалім үш сынып оқушыларын, екі кешенді кезінде екі мұғалім үш сынып оқушыларын қосып оқытады.

Дене тәрбиесі сабағына байланысты ерекшеліктер:

1.Спорт зал болмауы мүмкін, онда сабақтар көбіне таза ауада мектеп ауласында өткізіледі.

2.Сабақтарды ұйымдастыру күрделілігінде. Сабақтар аралас түрлерде, көбінесе ойын түрінде жүргізіледі. Дене тәрбиесі сабақтарын ұйымдастыру кездерінде бұрыннан қолданып келген әдістер, көбінесе айналмалы, топтық, жеке дербес тапсырма беру әдістері қолданылады. Мысалы: дене деңгейіне байланысты бөліп жаттықтырғанда, кіші шеңберде әлсіз оқушылар, үлкен шеңберде күшті, мықты оқушылар жасайды. Сапта оң жақ қатарда үлкен сынып, одан кейін төменгі сынып оқушылары тұрғызылады. Кіріспе бөлімінде жалпы бой қыздыру жаттығулары бірге жүргізіледі. Негізгі бөлімде сыныптар бойынша топтарға бөлініп, оларға мектеп бағдарламасындағы материалдар бойынша спорт түрлері, жаттығулары беріледі. Мұғалім барлық топтарға барып қателерін түзеп, әдістемелік нұсқаулар беріп отырады.

Сабақтан тыс уақыттарда сынып, мектеп спорт белсенділерін, мұғалім көмекшілерін дайындауға күш салу керек. Дене тәрбиесі үйірмесінің сабақтары жетісіне 3 рет бір сағаттан өткізіледі. Үйірме сабақтары оқушылар оқу бағдарламасындағы спорт түрлерінің негізгі жаттығуларының техникасын жетілдіру, дене дайындығының деңгейін жоғарылату және сынақ жаттығуларын орындауға дайындайды. Басқа барлық жұмыстар дене тәрбиесі мұғалімінің тапқырлығымен, білімділігімен, біліктілігімен, ұйымдастыру белсенділігі және шеберлігімен үлкен мектептердегі жұмыстарға ұқсас жүргізіле береді.

«2020-2021 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫ БОЙЫНША КЕЗДЕСКЕН КЕМШІЛІКТЕРІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ»

**Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы
«Облыстық қосымша білім беруді дамыту орталығы»
КММ спорт бөлімінің меңгерушісі
Оразбай Кидирбаевич Оспанов**

Қайырлы күн құрметті әлеумет! Сіздерді келіп қалған 2021-2022 жылғы жаңа оқу жылымен құттықтағым келеді!, осы жыл барлығыңызға табысты жеңісті жыл болсын дей келе өткен 2020-2021 жылғы іс-шараларға тоқталғым келеді.

Республикалық «Айбын-2020» әскери - патриоттық жастар жиынына Арыс қаласының «Барыс» клубы қатысып, II орынға ие болған. Осы жоғарыдағы жарыс жеңімпаздарын 2020 жылдың 10 желтоқсанында Түркістан қаласының Жастар орталығының базасында марапаттау рәсімі болды.

Республикалық Ұлттық мектеп лигасының 2020-2021 оқу жылында 4 кезеңі өтуі керек еді, бірақ пандемияға, санитарлық шектеулерге байланысты лига өткен жылдың іріктеу қорытындысы бойынша спорттың 10 түрі бойынша өткізілді. Осы кезеңде 48 жарыс өткізілді, оған 475 командадан 4244 оқушы қатысты, оның ішінде: 2003 қыз және 2 241 ұл. Ұлттық мектеп лигасын өткізу барысында 144 кубок, 1307 медаль сарапқа салынды, оның ішінде: 434 алтын, 444 күміс және 429 қола медаль.

Түркістан облысы Ұлттық мектеп лига ойындарына облысымызда 16 ауданнан 6486 оқушы қамтылды, Облыстық кезеңде – 1062 марапатталды. Республикалық кезеңге 317 оқушы қатысып, оның ішінде 226 оқушы жүлдеге ие болды. Беделді спорт клубтарынан шақырту алған оқушылар саны-16. Республикалық кезеңде: I орын- 9, II орын- 5, III орын – 5, жалпы - 19 жүлде. Республика бойынша Түркістан облысы I орында. Облысымыздың 5-11 сынып оқушыларынан құралған 38 команда Республиканың 10 қаласында өткен Ұлттық мектеп лигасының жарысына қатысты. Республикалық ұлттық мектеп лигасында облысымыздың 19 командасы жүлделі орыннан көріне білді, Республикалық рейтингте 1-ші орында тұрмыз.

ҰЛТТЫҚ МЕКТЕП ЛИГАСЫ: ФУТБОЛДАН "БЫЛҒАРЫ ДОП" ЖЕҢІМПАЗДАРЫ АНЫҚТАЛДЫ "Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығының" ұйымдастыруымен Шымкент қаласында 5-6 сынып оқушылары (қыздар) арасында Ұлттық мектеп лигасы аясында футболдан "Былғары доп" жарысы өтті. Жарыс нәтижесінде үздік үштік:

1-орын Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Б.Момышұлы атындағы жалпы орта мектебі;

2-орын Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Еңбек жалпы орта мектебі;

3-орын Шымкент қаласы, А.Назарбеков атындағы №87 жалпы орта мектебі;

Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан мектеп оқушылары арасындағы "Ұлттық мектеп лигасы" ойындары жалғасын табуда. Алғашқы кезеңде волейбол жарысынан сынға түскен оқушылар бұл жолы баскетболдан жарыс жолына шықты. Жарыстың ашылу салтанатына қатысқан облыстық адами әлеуетті дамыту басқармасының басшысы Рахымбек Қуатбекұлы Жолаев шараның мақсаты мен міндеттеріне кеңінен тоқталып, бұқаралық спортты дамыту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарды атап өтті. Сонымен қатар, Рахымбек Қуатбекұлы алғашқы ойындарды тамашалады. Жарыстың шымылдығын қыздар арасында №8 Н.Төреқұлов атындағы жалпы орта

мектебі мен С.Рахимов атындағы жалпы орта мектебінің бұрымдылары ашса, ұлдар арасында №17 Ататүрік атындағы мектеп-гимназия мен №13 Ә.Науаи атындағы мектеп-гимназияның оқушылары бақ сынасты Айта кетерлігі, "Ұлттық мектеп лигасы" наурыз айының аяғына дейін жалғасады. Алда әлі қол добы, кіші футбол турнирлері күтіп тұр. **ЧЕМПИОНДАР МЕКТЕБІ!!!** Ұлттық мектеп лигасы аясындағы сайыстарда ерекше көзге түскен жас спортшылар білім алатын Ж.Еділбаев атындағы №18 мектеп-гимназиясы қос жарыстың чемпионы атанды. Адал еңбек, маңдай тердің жемісі жеңіс екеніне жарқын дәлел - Ж.Еділбаев атындағы №18 мектеп-гимназиясының Ұлттық мектеп лигасындағы қос жеңісі. Түркістан қаласындағы 30 жылға жуық тарихы бар №18 мектеп-гимназиясының шәкірттері байрақты бәсекеде облыс намысын қорғап, білім ұясының мәртебесін асырып, ұстаздардың үмітін ақтап қос жеңістерімен қуантып отыр.

Республикалық «Ұлттық мектеп лига» жүлдегер командаларының жетекшілері

№	Аты-жөні, тегі	Спорт түрі	Аудан/Қала	орын
1	Шектибаев Нуржигит Атеневич	Волейбол 9-11(қ)	Түркістан қаласы	1
2	Сапарбекова Турсунай Уразбековна	Баскетбол 7-8(қ)	Түркістан қаласы	1
3	Акимбаев Кадырхан Отегенович	Асық ату 7-8	Шардара ауданы	1
4	Айтбаев Наурызбай Калаубаевич	Асық ату 9-11	Шардара ауданы	1
5	Леспеков Самат Алибекович	Футбол 5-6 (қ)	Түлкібас ауданы	1
6	Мамедов Анатолий Геннадиевич	Гандбол 7-8(ұ)	Мақтарал ауданы	1
7	Сарбасов Нуржан Ергалиевич	Футбол 5-6(ұ)	Түлкібас ауданы	1
8	Ботабай Әуелхан Аманұлы	Волейбол 7-8(ұ)	Ордабасы ауданы	1
9	Мамедов Анатолий Геннадиевич	Гандбол 9-11(қ)	Мақтарал ауданы	1
10	Абиев Ержан Досымханұлы	Волейбол 9-11(ұ)	Созақ ауданы	2
11	Карабаев Алмас Онласынович	Асық ату 5-6	Түлкібас ауданы	2
12	Айтқұлов Мәдияр Мұхтарұлы	Тоғызқұмалақ 5-6	Түлкібас ауданы	2

13	Айтқұлов Даулен Аятулы	Тоғызқұмалақ 7-8	Түлкібас ауданы	2
14	Кошқартаев Тулқинжан Сайдазимович	Волейбол 5-6 (ұ)	Сайрам ауданы	2
15	Анартаев Анварбек Гулманович	Баскетбол 5- 6 (к)	Сайрам ауданы	3
16	Есембекова Сымбат Кенжетаевна	Бес асық 5-6	Кентау қаласы	3
17	Турдалиев Дархан Даниялулы	Футбол 9-11 (к)	Төле би ауданы	3
18	Кененханов Шерхан Махсатович	Бес асық (9- 11)	Бәйдібек ауданы	3
19	Асырауов Ербол Абдиманапович	Гандбол 5-6 (ұ)	Түлкібас ауданы	3

**Мектеп бағдарламасындағы ұлттық ойындар үйірмесі:
«Асық ату», «Бес асық» ойындары**

**Шардара ауданы
Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта
мектебінің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
Акимбаев Қадырхан Отегенович**

Ұлы ғалым, философ Әбу Насыр Әл – Фараби: «Адамға ең бірінші білім емес, тәрбие керек, тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы, ол келешекте оның өміріне қауіп әкеледі», - деген екен. Баланың өмірге қадам басардағы алғашқы қимыл-әрекеті ойын арқылы байқалады, сондықтан да оның мәні де ерекше болып табылады. Этнограф-ғалымдардың зерттеулеріне жүгінсек, қазақтың ұлттық ойындары аңға, малға байланысты, алуан түрлі заттармен ойналатын, зеректікке, ептілік пен икемділікке, батылдыққа баулитын ойындар деп бірнеше түрге бөлінеді. Қайсы бір ғалымдар қазақ халқының ұлттық ойындары түрінің жүзден асып жығылатынын айтады. Мұның өзі қазақ халқының ежелден-ақ айрықша дарынды білімді болғанының дәлелі. Тағы бір ерекшелігі, ұлттық ойындардың, әсіресе, жасөспірім балаларға арналған түрлері әдетте өлеңмен «өрнектеліп» те отырған.

Ертеде Атырау мен Алтайдың арасындағы ұшы-қиырсыз сары даланы мекендеген бабаларымыз кезекті жорыққа аттанар алдында соғыс тактикасын, стратегиясын тақта тастың үстіне асықтарды шашып жіберіп түсіндірген екен. Соның әсері шығар, қазақтың баласы ес біліп, етегін жабар-жаппастан асық ойынына ден қояды. Әбден машықтанған соң, жерде тізіліп

тұрған асықты көздемей-ақ атып түсіреді. Көпті көрген көнекөздердің айтуынша, қазақ баласын «көңіл мергендігі» ашылсын деп асық ойнатыпты. Қазақтар секілді, түрік ағайындар да асықтың ең жақсысын «Алтын сақа» деп қастерлейді екен. Ал «Асық ойнаған азар» дегені бабаларымыздың бұл өнерден безгені емес, күнұзақ үй бетін көрмей ойын қуған мерген – ұлдың ойынпаздығына бір ескертпесі деп түсінуіміз керек.

Асық ойыны біріншіден – түгелдей қозғалыс. Баланың он екі мүшесі, бұлшық еттері толық қозғалысқа түседі. Ойыншы бала еңкейеді, сәл ғана ұмсынады, оң аяғын қатты серпеді. Бір мезетте осынша қимыл – қозғалысқа түсіретін бір де бір ойын жоқ. Сақаны жіберіп қалған соң бала қарап тұрмайды, жүгіреді не сақаның не жүлделі асықты орнына қоюы тиіс. Екіншіден, көздің көрегендігін арттырады. Жерде тізіліп тұрған асықты дәл көздеу, қашықтықты дәл межелеу арқылы ойыншы көз бұлшық еттерін жаттықтырады. Және де асықты ұстап оны жиі шертудің арқасында қолдың ұсақ маторикасы жақсы дамиды. Жиі қозғалыс барысында дене бұлшық еттері толығымен дамуына соның ішінде аяқ бұлшық еттерінің қатаюына жақсы серпін береді.

Үшіншіден, асық ойыны баланың миын шынықтырады. Яғни, бала асықты атпас бұрын ойланады. Қай тұстан, қалай атса дұрыс тиетінін және қарсыластарының келесі қадамын болжап ойша сал мақтайды. Сөйтіп, өзінше есептеп, қорытынды шығарту арқылы асық баланың ақыл – ойының жетілуіне себепкер болады.

Төртіншіден, ең бастысы, асық ойыны баланы жеке тұлға ретінде мықты тәрбиелейді. Асық ойнау арқылы бала бәсекелестікке үйренеді, бойына көшбасшылық, лидерлік қасиет қалыптасады. Бүгін ұтылған бала ертең ұтуға тырысады, сөйтіп– ер мінезі шындалады.

Ал қыздар арасындағы «Бес асық» ойының тәртібі төмендегідей болып белгіленді: әр ойыншыда бес асықтан болады. Асықтың салмағы (гр.) кем болмауы керек, ал жоғары болуына рұқсат. Асықтар сіңірінен жақсылап тазартылған болсын. Төрт асық бір түспен, хан басқа түспен боялады. Түстерді таңдау ойыншының өз еркінде. Ойыншының киім нысаны спорт үлгісін де немесе ұлттық үлгіде болуы шарт. Ойын кезегі асықтарды иіру арқылы анықталады. Асығы алшысынан түскен ойыншы ойнау кезегіне ие болады. Бірінші ойыншы ойынның ережесін бұзғанша ойнайды. Кейін ойынға екінші, үшінші ойыншы өз кезегімен кіріседі. 6 ж., 7 ж., 12 және ұпайдан басқа ойындар бір қолмен ойналады. Ойыншы жерден (кілемнен) асықтарды алғанда, асық алатын қолы басқа асықтарға тимеуі және кілемде жатқан ойын асықтары бір-біріне тимеуі керек, екінші қолы тізесінің үстінде болуы шарт. Әр жаттығудан кейін ойынды бекіту. Әр жаттығуда хан бірден алынады, басқа жағдайда ойын кезегі келесі ойыншыға өтеді. Егер ереже бұзылса, кезек келесі ойыншыға беріледі. Ойын жалғасы әрекеттің бұзылған жерінен басталады.

Біздің Шардара ауданында орналасқан күй атасы Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы мектебімізде «Асық ату», «Бес асық» ойындары дұрыс жолға қойылып, үйірме түрінде де жүргізілуде. Аталған үйірмеге 63 оқушы қамтылған. Алғашында спорт залының ағаш едені мен бетон алаңшаларда ойнаған оқушыларымыздың қызығушылығын ескерген аудандық спорт бөлімдері асық федерациясының талаптарына сәйкес арнайы кілемдер мен құлжаның сақаларын алып берді. Қолдаушысы бар ойыншылардың жетістіктері болары сөзсіз. Алдыңғы оқу жылы облыстық кезеңінің «Бас жүлдесін» жас ерекшеліктерне сәйкес бөлінетін алты командамыз да Республикалық кезеңіне жолдама алды. Карантинге байланысты Республикалық жарыс онлайн түрінде өткізіліп, «Асық ату» және «Бес асық» жарыстарында 7-8 сынып оқушыларынан құралған ұлдардың «Асық ату» командасы Республика чемпионы аталды. Былтырғы оқу жылында да асықшы оқушыларымыз аудан, облыстық іріктеу жарыстарына қатысып, 7-8 және 9-11 сынып оқушыларынан құралған екі командамыз Республика жолдамасын ұтып алып, ағымдағы жылдың 17-21 мамыр аралығында Көкшетау қаласында өткен ақтық сайысында «Бас жүлде» алған екі командамыз да Республика чемпионы атанды.

Қорыта келгенде, еліміздің асыл мұрасы болып сақталған «Асық Ату» ата-бабамыздан қалған аманат, аманатқа қиянат – күнә. Демек «Асық ату» ойынын дамытып, ұлттық ойынымызды өркендетіп биікке жеткізу, әрі ертеңгі ұрпаққа ұластыру бірнеше азаматтың ісі емес. Қайта барлық қазақтардың парызы болып саналады. Жат жұрттың жылтырына көзімізді жаутаңдатпай, өз ұлтымыздың рухын асқақтатып, еңсесін көтеріп, қазақтың «Асық ату» ойынына үкілі қолдау көрсетіп қастерлейік ағайын!

Ұлттық ойынымызды елеусіз қалдырамыз деп, ертеңгі күні өзге елдің қолына өтіп кетіп, әттеген-ай деп өкініп қалмайық қазағым! Қолымызда бардың қадіріне білейік!

Онсызда талай ұлттық құндылығымыздан да айырылып қалғанымызды ұмытпайық!

Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін жетілдіру

Манат Атимтаева
Түркістан облысы, Кентау қаласы.
әл-Фараби атындағы №14 мектеп-гимназиясының
бастауыш сынып мұғалімі

Егеменді еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне - өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты - білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз - жеке тұлғаны

дамытып, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру. Қазіргі заманғы ғылыми - техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан - жақты жетілген, ақыл - парасатты, ой - өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу - қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді. Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін жетілдірудің негізгі факторы олардың білімі мен дағдыларының дәрежесі ғана емес, сонымен бірге, баланың маңызды психикалық қызметтерін, ақыл - ой жұмысының тәсілдерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін оқу процесін жолға қою керектігі саналады. Оқушының шығармашылық қабілеті де оның ойлау мен практикалық әрекеттері арқылы ғана дамиды.

Білім негізі бастауыштан басталатыны белгілі. Бастауыш сынып оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан - жақты іздене отырып, өз алдыма мынандай мақсат қойдым: «Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін жетілдіруді айқындап көрсету». Әр сабағымызды қызықты, өзгеше өткізу үшін, әр пән бойынша көптеген жұмыстар жасауға тура келеді.

Танымдық белсенділік дегеніміз - оқушының оқуға, білімге деген ынта - ықыласының, құштарлығының ерекше көрінісі. Ал, «таным - ойдың білмеуден білуге қарай дәл емес, білуден неғұрлым толық дәл білуге қарай ұмтылатын ой - өрісінің күрделі үрдісі». Танымдық іс - әрекеттің өзге әрекет түрлерінен ең басты ерекшелігі - оқушының үнемі «жаңа дүниеге енумен», әрбір жаңа әрекеттерді оқушының оның бірінен екіншісіне ауысып отырумен байланысты. Сондықтан, оқу үрдісінде оқушының білім алуға, өз бетімен әрекет етуге деген құлшынысын оятуға, ақыл - ойының дамып, жетілуіне түрткі болатын танымдық іс - әрекетті ұйымдастырудың тиімді әдіс - тәсілдерін іздестіру өзекті сипат береді. Мұғалім мен оқушы арасындағы бірлескен қарым - қатынастың маңызы ерекше. Оқушының ой - пікірі мен бастамасы, ұсынысы мен тапсырманы орындау шеберлігі, сөйлеу мәдениеті мен ой тұжырымы, пайымдаулары, талпыныстары мен ізденістері, қызығушылығы мен байқампаздығы, іскерлігі мен дағдысы, іске батыл, сеніммен кірісуі жүзеге асады, мұнда бағыт - бағдар беру, істің дұрыс - бұрыстығын анықтау педагог тарапынан болуы шарт. Оқушының танымдық процесін жетілдіру, оған сенімділік таныту - оның мінез - құлқында тұрақтылықты, өзін - өзі бағалауды, ерік әрекетінде батылдық пен табандылық, ұстамдылық пен сабырлықты, өзіне - өзі талап қоя білуді, т.б. үйретеді.

Оқушылардың танымдық процестері оқу үрдісінде қалыптасады. Оқушының белсенділігі, негізінен, екі түрлі сипатта болатындығын айтты.

Олар: сыртқы және ішкі белсенділік. Сыртқы белсенділік дегеніміз - оқушы әрекетінің сыртқы көріністері (белсенді қимыл - қозғалыстары, практикалық әрекеттері, мұғалімге зейін қойып қарауы, т. б.). Оқушының ішкі белсенділігіне оның белсенді түрде ойлау әрекеті жатады. Белсенділік жеке басқа тән, маңызды бір қасиет болып саналады. Бұл қасиетсіз адамның қандай да болсын жұмысы нәтижелі болуы мүмкін емес.

Қазіргі кезеңгі қоғам талабына сай оқытуда жаңа технологияны пайдалана отырып, оқушылардың оқу - танымдық процестерін жетілдіру шығармашылық әлеуетін көтерудің маңызы зор. Жаңа педагогикалық технологияны қолдану оқушылардың оқу - танымдық белсенділігін арттырып, өзін - өзі тәрбиелей алатын жеке тұлға ретінде қалыптасуына мүмкіндік береді. Егер баланың қызығушылығы жайында жүйелі мәлімдемелер түсіп отырса, баланың даму үрдісі шапшандайды. Біз бұл жерде Л. В. Занковтың идеясын негізге алдым. Ол баланың қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарымен еркін араластыру керек, әртүрлі баланың дамуы үшін туындайтын шегіністерден қашпауымыз керек, керісінше, баланың дамуына қандай дәрежеде ықпал еткенін айқындай отырып, жүргізу қажет деген ұсынысын зерттеуімізге басшылыққа алдық. Тарихи ескерткіш мұраларға жүргізілген саяхат - сабақтар мен экскурсиялар баланың танымын қалыптастыруда негізгі орын алатынын практика барысында айқын байқадық. Әртүрлі жүргізілген саяхат жұмыстары бастауыш сынып оқушыларының ынтымақтастығын жетілдіре түседі. Оқыту мен тәрбиенің негізгілерінің бірі ретінде баланың идеяларын қолдау арқылы оның барлық кезде міндетті түрде өзімен өзін салыстырып отыру қажет. Мысалы: «Маратқа қара, ол қалай жақсы оқиды», деп айтпай. «Кешегіге қарағанда бүгін сен тапсырманы жақсы орындадың», «сенің қабілетін жетеді» тағы басқа осындай мақтауларды пайдалану қажет. Бұл оқушының ішкі танымдық іс - әрекеттері мен сыртқы даулы жағдайды шешуге көмектесетін оқу - тәрбие принципі. Оқыту процесінде өзіне мақсат қойып, оны орындауға тырысады.

Қорыта келгенде Тәуелсіз мемлекетіміздің ертеңі ұрпақтың рухани байлығы, мәдениеті, саналы ұлттық ойлау қабілеті мен біліміне, іскерлігіне байланысты. Осыған орай мектептегі оқу үдерісінде оқушылардың танымдық процестерін жетілдіру, дамыту болашақта білімді өз бетінше жинап алу қабілеттерін дамытуда жетекші рөл атқарады және пәндерді оқыту барысында көзделетін білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттерді жүзеге асыруда оқушылардың танымдық процестерін жетілдіру және қалыптастыруда сабақта әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданудың тиімділігіне көз жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1.А. Аманжолова, Р.Ш. Абитаева Мектепалды және бастауыш сынып оқушыларының психологиялық және педагогикалық диагностикасы. Жезқазған, 2004 ж.

2. Жас ерекшелік психологиясы. Қарағанды 2005ж.

Бастауыш сынып пәндері бойынша бағалау тапсырмаларын әзірлеу жолдары

**Ордабекова Эльмира Жанабайқызы
Ордабасы ауданы, Қ. Бектаев атындағы жалпы орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі**

Жаңа дәуірдің күн тәртібінде тұрған келелі мәселелердің бірі – білім беру, ғылымды дамыту, жан –жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Ал бұл істің қайнар көзі – мектеп, мектептің жаны – мұғалім. Олай болса ел сенген мектеп мұғалімі: «Оқыту дегеніміз – екі есе оқу» деген қағидаға сәйкес болуы шарт.

Қазіргі таңда мектеп пен мұғалім арасында тұрған мәселе «Баланы оқуға, ойлануға қалай үйрету керек?», «Балаға нені үйрету керек?» Өйткені балаға білім негізі мектептен қалыптасады. Сондықтан мұғалім оқушыға пән материалдарын меңгертіп қана қоймай оқушыларды жүйелі ойлануға, оқу негізін түсінуге, өзін – өзі оқытудың қажеттілігін мойындауға, өзгені үйрете отырып өзінің үйренуін қалыптастыруы қажет. Осы Бағдарлама құзырлы мұғалімнің алдына оқушының жан дүниесін жақсы түсіне білу жөнінде нақты міндеттеме қойып отыр. Құзырлы оқытудың маңызды факторы оқушының тақырыптың мәнін өз бетімен меңгеруін түсіну мен бағалай алуы болып табылады. Мұндай тәсіл бұл үдеріске оқушының өзінің де қатысуын талап етеді. Осылайша, оқушы да өзінің оқуы үшін жауапты болады. Оқушы мұндай жауапкершілікті көбіне сабақ беру барысында мұғалім қалыптастыратын ортада сезініп, қабылдайды.

Оқушылардың оқуына ықпал етуде бағалау маңызды рөл атқарады. «Бағалау» термині жақын отыру дегенді білдіреді, бұл кездейсоқтық емес, себебі бағалаудың негізгі сипаты бір адам басқа адамның не айтып, не істейтінін немесе өзін –өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін немесе тәртібін бақылауы болып табылады. Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою жолымен бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысанның артында объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін-өзі бағалау, қабілеттілік және күш –жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатады.

Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәсілі көптеген шет елдерде кеңінен қолданылады және бұл технология барынша шынайы,

нақты және валидті болып табылады. Бұл тәсіл, ең алдымен, процестің барлық қатысушыларына оқу материалын игеру деңгейін түсінуге мүмкіндік беретін кері байланысты жүзеге асыруға көмектеседі.

Тәжірибе критералды бағалаудың практикалық маңызы мен артықшылықтарын көрсетеді, өйткені мұнда:

- оқушының жеке тұлғасы емес, оның орындаған жұмысы бағаланады;
- оқушының жұмысы оларға алдын ала белгілі бағалау критерийлері бойынша бағаланады;
- оқушылардың нені оқығаны бағаланады, себебі бағалау критерийлері нақты оқу мақсаттарын сипаттайды;
- оқушылардың оқуға және өзін-өзі бағалауға деген ынтасы артады.

Оқушылардың оқу жетістігін критералды бағалау тәсілі олардың игерген білімін белгілі бір кезеңде меңгеруге тиісті білім көлемімен салыстыруға мүмкіндік береді. Мұнда мұғалім оқушының қандай оқу мақсаттарына қол жеткізгенін, ал қандай оқу мақсаттары оған қиын болғанын бағалайды, қандай тақырыптар бойынша қосымша жұмыс жасау керектігін анықтайды. Осылайша оқушының дербес бағыты, өзіндік оқу жетістіктері бағаланады.

Жиынтық бағалау мұғалімдерге, білім алушылар мен ата-аналарға ұсыну үшін балл, баға қою арқылы оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар, белгілі бір оқу кезеңі (мысалы, оқу тоқсаны, триместр, оқу жылы, орта білім беру деңгейі) аяқталғанда өткізіледі. Бұл белгілі бір кезең бойынша оқушылардың оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеру деңгейін анықтауға, тіркеуге, жоспарлау, түзету, оқу процесіне талдау жүргізу үшін жиынтық бағалау нәтижелері бойынша алынған ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді.

Мен өз баяндамамда оқушылардың білім сапасын анықтауда жиынтық бағалау жүргізу үшін, мұғалімнің бағалау тапсырмаларын дұрыс әзірлеу жолдарын көрсетпекпін. Пән бойынша тест сипаттамалары белгіленген құрылым бойынша тест сұрақтарын әзірлеуден бастап, ұсынылатын жауаптарды (кілт және дистракторлар) құрастыруға дейін барлық талаптарға сәйкес жасалады. Тест сипаттамалары зерделенген тақырып немесе бөлім бойынша нақты деректерді көрсетеді және оқу мақсатын немесе дағдыларды бағалауға бағытталады.

Бағалауға арналған тапсырманы әзірлеу барысында құрылым мен өлшеуге арналған компоненттерді сақтау маңызды.

Бағалауға арналған тапсырманы әзірлеу барысында ең алдымен бөлім бойынша берілген оқу мақсатына және ойлау дағдыларының деңгейіне баса назар аударылуы қажет. Бенджамин Блум таксономиясы бойынша танымдық саладағы оқу мақсаттарының жіктелімі бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу және сараптау процесінде кеңінен қолданылады. Бастапқы және өзгеріс енгізілген Блум таксономиясы оқуды күрделілік деңгейінің өсуі бойынша алты танымдық деңгейге бөледі. Әрбір

жоғары деңгей алдыңғы деңгейде меңгерілген дағдыларға негізделеді. Оқу мақсаттарын Блум таксономиясы негізінде жіктеу үшін бағалау критерийлерін құру барысында мұғалім басшылыққа алатын зат есім мен етістіктерді дұрыс қолдану маңызды. Етістік таңдаған танымдық санатқа (деңгейге), ал зат есім оқушының меңгеріп, көрсетуі тиіс тапсырма түріне бағытталған болуы керек. Тапсырма әзірлеу кезеңдері

1- кесте. Кезеңдердің сипаттамасы

Кезең	Сипаттамасы
Жоспарлау	Бағалауға арналған тапсырманы әзірлеу мақсаты мен міндеттері анықтау, қажетті құжаттарды анықтау
Құрастыру	Оқу бағдарламасын, спецификацияны қолдану, бағалау критерийлерін белгілеу, тапсырма құрастыру
Сараптама жасау	Тапсырманың сапасын талдау, материалды қайта қарау, өзгерту енгізу
Қолдану	Тапсырманы белгіленген уақыт пен жағдайға сәйкес қолдану
Талдау	Нәтижеге шолу жасау, кері байланысты ескеру, өзгеріс енгізу

Тапсырма түрлері. Жабық тапсырмалар

Оқу мақсаттарын дәл тұжырымдап, үнемі есте ұстау аса маңызды; оқу мақсаттарының негізінде тиімді және мәнді практикалық тапсырмалар әзірленеді. Тапсырма жабық түрдегі немесе ашық түрдегі тапсырма (жабық тапсырма, ашық тапсырма) болуы мүмкін. Тапсырманың әрбір түрі нақты оқу мақсатына жету үшін қажетті және өзекті болып саналады.

Жабық тапсырмаларды құрастыру оңай және олар оқушылардың түсінуіне жеңіл болады.

Практикада жабық тапсырмалардың бірнеше түрі кеңінен қолданылады:

- Жауабында көп таңдауы бар тапсырмалар: бір дұрыс жауабын таңдау немесе бірнеше дұрыс жауабын таңдау тапсырмалары;
- сәйкестендіруге арналған тапсырмалар;
- реттілікті анықтау тапсырмалары;
- тұжырымның шындық немесе жалған екенін анықтауға арналған тапсырмалар (ақиқат немесе жалған тапсырмалары).

«Шындық/Жалған» тапсырмасы – бұл тұжырым түрінде берілетін жабық тапсырма, оқушылар берілген тұжырымның ақиқат немесе жалған екенін анықтауы қажет. Басқаша айтқанда, әр сұрақтың тек екі мүмкін жауабы болады, оқушы сол екеуінің біреуін таңдайды. Мұндай тапсырмалар білу және түсіну дағдысын тексеруге қолайлы. Оқушылар тапсырманы тез түсініп, тез жауап беруі мүмкін; осындай тапсырманың көмегімен үлкен

мазмұнды қысқа уақыт ішінде қамтуға болады. Мұғалімге мұндай тапсырмаларды құрастыру оңай және тез болады. Сондай-ақ тексеру мұғалімнің пайымдауына байланысты болатын тапсырмаларға (ашық тапсырма) қарағанда, мұндай тапсырма барынша объективті, ал қойылған балл көбіне сенімді болады.

Көп таңдауы бар тапсырма – оқушының жауабы ұсынылған тізімнің көлемінде шектелген, дәйекті жауабы берілген сұрақ түріндегі тапсырма. Мұндай тапсырма екі компоненттен тұрады: *тапсырманың мәтіні* және *жауап нұсқалары*, мұндағы дұрыс жауап

– тапсырманың *кілті*, ал дұрыс емес жауаптары *дистракторлар* болып табылады.

Тапсырманың мәтіні барынша қысқа болуы және сұрақтың мазмұнын анық көрсетуі тиіс. Тапсырманың сауатты құрастырылуы аса маңызды. Тапсырма мәтінінің күрделі түрде берілуі білім алушының тапсырманы түсінуін қиындатады. Тапсырма орфографиялық және грамматикалық ережелерді сақтай отырып құрастырылуы тиіс.

Қолдану деңгейіне берілген тапсырмалар– өте маңызды тапсырмалар. Олар өте қысқа және қарапайым немесе, керісінше, бірнеше әрекеттен тұратын күрделі практикалық тапсырмалар болуы мүмкін. Мұндай тапсырмалардың басты мақсаты – оқушыға жаңа білімді қолдану қажет болатын өмірлік жағдайға сәйкес келетін балама/шынайы жағдаят тудыру. Мұндай тапсырмаларды бірнеше жауап нұсқалары бар қарапайым мәтін арқылы ұсынуға да болады. Бұл тапсырмалардың басты ерекшелігі – нақты жағдаятты сипаттау және бірнеше әрекеттің арасынан өмірде орын алуы мүмкін жағдаятты таңдау.

Ашық тапсырма әзірлегенде нені ескеру керек?

Оқушылардың қателесуіне себеп болатындай күрделі немесе шашыраңқы тапсырмаларды бермеуге тырысыңыз. Мысалы, «Жақсы ұсынысыңызды атап көрсетіңіз». Сондай-ақ мәтіннің тілін тапсырманың күрделілік деңгейіне әсер ететіндей аса жеңілдетудің қажеті жоқ.

Оқушының жағымсыз әрекетін туындататын тұжырымдардан аулақ болыңыз. Қажетінше жауаптар көлемін шектеуге тырысыңыз. Егер тапсырмада жауап көлемі нақтыланып шектелмесе, оқушы жауабының қаншалықты толық болуы қажеттігін білмейді. Жауаптар жауап үлгілерінде ұсынылған көлемнен артық немесе кем болуы мүмкін.

Тапсырмалардың мазмұны оқушылардың көңіл күйіне әсер ететіндей болмағаны дұрыс. Тақырыптарды таңдаған кезде отбасылық қиын жағдайлар, әлеуметтік және діни мәселелер, табиғи және техногендік өзгерістер, соғыс және терроризм, нашақорлық, ауыр науқас және т.б. мәселелерге арналған тақырыптарды таңдамаған дұрыс.

Ашық тапсырмалардың бірқатар артықшылығын атап өтуге болады, мысалы:

- Тақырып мазмұнының басым бөлігін қамтуға мүмкіндіктің болуы;

- Шығармашылыққа, жүйелі және қалыптан тыс ойлауға, оқушының білім, дағдысы мен қабілетін түрлі тәсілдер арқылы көрсетуге мүмкіндік болуы;
- Дайын өнім құруға мүмкіндіктің болуы;
- Дәлелді жауап беру арқылы оқушының өзін көрсетуге мүмкіндіктің болуы.

Сонымен қатар кемшіктері де бар: жабық тапсырмалармен салыстырғанда мұнда тапсырмаға дескриптор, балл қою кестесін құрастыру қиынырақ. Тапсырманы бағалау барысында балл қоюда субъективтілік көрініс табуы мүмкін. Ашық тапсырманы орындау және оны тексеруге біршама уақыт қажет және т.б.

3 сынып білім алушыларына «Математика» пәнінен 1-тоқсанға арналған жиынтық бағалаудың тапсырмалары

Тест тапсырмаларын орында

1. Үш жүз екі санын цифрмен көрсет

- | | | |
|--------|--------|-----|
| а) 322 | б) 302 | |
| ә) 312 | в) 332 | [1] |

2. Жүз алпыс алты санын цифрмен көрсет

- | | | |
|--------|--------|-----|
| а) 166 | б) 169 | |
| ә) 106 | в) 116 | [1] |

3. 322 және 166 сандарын салыстыр.

- | | | | |
|------|------|------|-----|
| а) < | ә) > | б) = | |
| | | | [1] |

4. Дұрыс жауаптарын сәйкестендір .

- | | | | |
|-----------|-----------|-----|-----|
| 546 – 183 | 734 | | |
| | 246 + 488 | 363 | [1] |

5. Шамаларды салыстыр.

- | | |
|--------------------|-----|
| 18 000 кг * 1800 т | |
| 54 кг * 5 400 г | |
| 550 ц * 55 т | [3] |

6. $C = \{1, 2, 3, 4\}$ және $D = \{3, 4, 5, 6, 7\}$ жиындары берілген. C және D жиындарының бірігуі мен қиылысуын жаз.

$C \cup D$ $C \cap D$

[2]


7. Амалдардың орындалу ретін көрсет. Өрнектің мәнін тап.

$$48 : (15 - 3) \cdot 5 = \quad [4]$$

8. Есепті шығар

Зообаққа барлығы 6 бала кірді, бұл үлкендерге қарағанда 8 есе кем. Зообаққа неше үлкен адам кірді?

Балл қою кестесі

№	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
1	Б	1	
2	А	1	
3	Ә	1	
4	$546 - 183$ $246 + 488$ 	1	
5	$18\ 000\ \text{кг} < 1800\ \text{т}$	1	
	$54\ \text{кг} > 5\ 400\ \text{г}$	1	
	$550\ \text{ц} = 55\ \text{т}$	1	
6	$C \cup D = \{1,2,3,4,5,6,7\}$	1	
	$C \cap D = \{3,4\}$	1	
7	48: (15-3) *5	1	Амалдардың орындалу ретін көрсетеді
	2) 1) 3)		
	1) $15 - 3 = 12$	1	
	2) $48 : 12 = 4$	1	
8	Балалар – 6 а. 8 есе кем	1	Білім алушылар есептің сызбасын сызуы да мүмкін.
	Үлкендер -? а.		
	$6 \cdot 8 =$ $= 48$ (а) немесе (ү.)	1	
Барлығы		16	

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Үшінші базалық деңгей. III басылым. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДБҰҰ, 2012.
2. А. Әлімов *Интербелсенді әдістемені мектепте қолдану. Оқу құралы- Алматы, 2015ж.*
3. А. Әлімов *Табысты оқу жоспарын қалай құруға болады? Алматы, 2018ж.*
4. «Критериалды бағалау» Мұғалімге арналған нұсқаулық, оқу әдістемелік құрал «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДБҰ ПШО. 2016ж.

Қашықтықтан оқыту кезіндегі бастауыш сынып оқушыларының оқылым дағдыларын дамыту

Таймырзаева Махабат Төлегенқызы
Түркістан облысы, Отырар ауданы, «Темір» жалпы орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі

2020 жылдың қазан айында Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде қазақ тілді мектептердегі «Қазақ тілі» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша педагог кадрларының біліктілігін арттыру курсы өткізілді. Бағдарламаға сай тілдік тілдік дағдылардың ішінде «Оқылым дағдыларын қалыптастыру үшін қажетті әдіс-тәсілдерді қолдану мен жоспарлау» тақырыбы мен мұғалімдер қашықтықта жұмыстар жүргізді.

1. Оқылым әдіс-тәсілдері үш кезенді қамтиды. Оқылым алдындағы кезеңде оқушылар мәтін мазмұнын терең ұғыну үшін, сонымен қатар оқылымды барынша тиімді қолдануға көмектесу үшін суреттерді, тақырып атауларын және басқа да элементтерді қалай пайдалану керектігін үйренеді.

2. Оқылым барысында оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін, соның ішінде оқу жылдамдығын қалай арттырып, бейтаныс сөздердің мәнін қалай ажырату керектігін үйреніп отырады.

3. Оқылымнан кейінгі кезеңде – оқушылардан қайталап оқуды, белгілі бір ақпаратты табуды және қорытындылауды сұрауға болады.

Қашықтықтан оқыту барысында оқушылар оқылым дағдысы арқылы мәтінді және оның мазмұнын мен мақсатын құрылымдық бөліктерін, мәтіннің стилі мен типін анықтауды, оқылған мәтін негізінде сұрақтар құрастыруды әртүрлі дереккөздерден қосымша ақпаратты табуды және мәтіндерге салыстырмалы түрде сараптама жасауды меңгереді.

Пән мұғалімдері қашықтықтан оқыту барысында түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқылымның танымдық, ізденімдік, зерделік, көрсетімдік түрлерін жіктейді. Оқылымға берілген материалды түсініп ұғу ғана емес сонымен қатар ондағы әрбір тілдік – қатысымдық тұлғалардың мағынасын білу, қалпын тану және оны тілдік қарым-қатынаста кеңінен пайдалану керектігінің маңызды екендігіне баса назар аударады. Оқылым дағдысы арқылы білім алушының танымы кеңейеді, ойлау жүйесі дамитын болады.

Қашықтықтан оқыту кезеңінде оқушының оқу дағдысын қалыптастыруда бірнеше мақсаттар ұсынылған. Мәтіндерге салыстырмалы анализ жасау мақсаты арқылы оқушы тек мәтін мазмұнын меңгеріп қана қоймай, сол мәтінді жазу арқылы автордың сол мәселеге байланысты қандай көзқараста екенін, оқырманға жеткізу үшін қолданған тілдік бірліктерін

саралап, сараптама жасау дағдысын қалыптастыратынын талқылайды, әрі бағамдайды. Оқылым оқудың сындарлық теориясына негізделеді. Оқушылар жаңа ұғым туралы сын тұрғысынан ойлана отырып, оның мәнін, мағынасын ұғынады, оны бұған дейінгі біліммен байланыстырады. Сондықтан қашықтықтан оқытуда мұғалімнің басты міндеті – бастауыш сынып оқушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыруы қажет.

Қашықтықтан оқыту кезінде оқылым процесін 4 компонент арқылы жүзеге асыруға болады. Олар ойлау мүшелері, көру, тілдердің таңбалық жүйесі, коммуникативтік қарым-қатынас. Оқылымды жақсарту ол жағдай оқудан тұрмайды. Оны жақсартудың жүйеленген әдіс-тәсілдері бар. Солардың ішінде біз жаңарған білім беру бағдарламасы аясында оқылым әдіс-тәсілдерінің 3 кезеңді: «Оқылым алдындағы кезең, мәтінді оқыған кезең, оқылымнан кейінгі кезеңді қамтитынын қарастырып жүрміз. Екінші кезеңде оқушылар Блум таксономиясының жоғарғы деңгейлі тапсырмаларын орындайды. Оқушылар маңызды ақпаратты қажет емес бөліктерінен қалай ажырату керектігін үйренеді. Оқу жылдамдығы қаншалықты артатынын және таныс емес сөздерге қалай түсінік берілетінін үйренеді. Болжау, талдау тапсырмаларын қалай шешу жолдарын қарастырады. Қашықтықтан оқу кезеңінде балалар оқылған мәтін мазмұны бойынша пікір алмасады, сұрақ-жауап жүргізеді, әңгімелейді. Оқылым дағдыларын тиімді пайдалану педагогтың өз шеберлігінде. Мұғалім оқушыларға мәтінді салыстырмалы түрде анализ жасау дағдысын да үйретеді. Оқушы берілген тапсырманы құр оқып қоя салмай түрлі тапсырмалар арқылы мәтінді толықтай түсініп шығуына жетелеу қажет. Берілген мәтінді дауыс ырғағына сай оқыту, немесе шапшаң оқыту, түсініп оқу, мәнерлеп оқу сияқты тапсырманы дұрыс бере білу қажет.

Түрлі әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып оқыту өте тиімді.

- мәтінді толық оқу
- мәтінді бөлімдерге бөліп оқу
- мәтінді дайын жоспар бойынша оқу
- мәтін бойынша жоспар құру
- абзац бойынша оқу
- мәтінді жартылай дауыстап оқу
- мәтінді рольге бөліп оқу
- мәтінді оқып мазмұндау
- мәтінді қысқартып оқу
- мәтіндегі негізгі ойды білдіретін бөлікті тауып оқу
- ертегілерден қиял мен шындықты бейнелейтін үзіндіні түсініп оқу.

Оқушының мәтінді саналы түрде түсініп оқығаны мына белгілерден көрінеді. Егер оқушы дұрыс оқу мен оқығанының мазмұнын жақсы меңгерген болса, онда оқушы да белгілі бір өмір, зат, құбылыс, адам, оның іс-әрекеті жөнінде өзінді көзқарас қалыптасады.

Бастауыш буынында оқылым дағдыларын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілсе, оқушыларға болашақта кәсіби сөйлеу тілінің дамуы мен қалыптасуы арқылы білімге, ғылымға, туған жерге деген сүйіспеншілігінің артары сзсіз. Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттар ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, оқушының қабілетін талантын дамыту біздің алдымыздағы басты міндетіміз.

Бастауыш мектепте қашықтықтан оқытудың оқылым дағдыларын қалыптастыруда әртүрлі әдіс-тәсілдерді қолдана білу – мұғалімнің өз шеберлігіне байланысты.

Мұғалім-түрлі әдіс түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың оқылым дағдылары арқылы білім алушылардың ой белсенділігі мен тіл байлығын арттыра түсуге түрлі әдістер мен шеберліктерді меңгеру арқылы қол жеткізуге болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Бастауыш Мектеп журналы
2. MEDIABILIM.KZ-Республикалық білім журналы сайты
3. Ғаламтор
4. Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша әдіс-тәсілдер

Бастауыш сынып оқушыларының қабілеттерін деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыту

Шампанова Каламкас Абилкайровна

**Түркістан облысы, Сарыағаш аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімі
№10 Қ.Сәтбаев атындағы мектеп-гимназия интернаты
бастауыш сынып мұғалімі**

Қазіргі таңда білім берудің әлеуметтік құрылымы маңызды элементтердің біріне айналып отыр. Дүниежүзінде білімнің рөлі артып, әр елдің өзіндік білім беру жүйесі тағайындалған. Бірақ, ол әлем халықтарының білім берудегі тәжірибесімен, бағыт-бағдарымен деңгейлес болуы қажет. Қазақстан Республикасындағы үлкен өзгерістердің білім беру саласында қамтылуы маңызды іс-шара болып табылады. Осы орайда білім беруді дамыту тұжырымдамасы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытудағы маңызды құжат екендігі сөзсіз.

Білім беру жүйесінің басты – міндеті ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды

қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологиясын енгізу, білім беруді ақпараттандыру.

Міне осындай маңызды мәселелерді шешуде жас ұрпақты сапалы да, саналы ой еңбегіне тәрбиелеуде деңгейлік тапсырмалардың алатын орны ерекше.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алғалы бері еліміздің рухани өмірінде көптеген өзгерістер болды. Бұл оң өзгерістер болашақ жастарды тәрбиелеуде жаңа мақсат-міндеттер жүктейді. Қазақстан жастарының рухани кеңістігін қалыптастырудың алғышарты бастауыш мектепте жасалынады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болуы мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру мұғалімнің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани және басқа да көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруына көмектеседі.

Мектеп табалдырығын аттаған оқушыларға берілетін білім мен дағдының ең бастыларының бірі – сауаттылыққа тәрбиелеу. Басқаша айтқанда, оқушының сауатты жазып, өз ойын сауатты жеткізе білу қабілетін қалыптастыру – бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеті. Сондықтан да бастауыш сынып мұғалімі әліппе, математика, қазақ тілі секілді пәндерден сабақ беру барысында оқу жоспарын осы міндетті орындау мақсатына қарай құрастыруы керек. Осы мақсатта сабақта оқытудың заманауи технологияларының әр түрі қолданылады. Сондай технологиялардың бірі – деңгейлік тапсырмалар беру технологиясы.

Деңгейлеп-саралап оқыту технологиясы дегеніміз - оқушының туа біткен ақыл-ой қабілетінің жеке даму жан-жақтылығына негізделген білім беру жүйесі. Деңгейлеп оқыту оқылатын ақпараттың азаюы арқылы емес, оқушыларға қойылатын талаптардың әр түрлілігі арқылы жүзеге асырылады. Бұл технологияда бірінші орында оқушы тұрады және оның өз бетімен білім алуындағы белсенділігіне баса назар аударылады.

Деңгейлеп оқыту әр оқушыға өз мүмкіндіктерін барынша пайдалана отырып, білім алуына жағдай жасайды. Әр түрлі категориядағы балаларға бірдей зейін аударып, олармен саралай жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Деңгейлеп –саралап оқыту технологиясында жұмыс міндеті 3 деңгейлік қосымша шығармашылық деңгей талаптарынан тұрады.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқушылардың тілін дамытып, сөздік қорын молайтуға мүмкіндік бар. Деңгейлеп оқытудың ерекшелігі: оқушылардың сабақ үрдісінде бірнеше деңгейде жұмыс жүргізе алатындығында. Деңгейлік тапсырмалар арқылы мұғалім оқушының нені білетінін, нені меңгергенін, нені меңгермегенін біледі, соның нәтижесінде оқушыларда намыс оты оянып, басқалардан қалып қоймауды ойлап өз мүмкіндігіне қарай дайындық жасайды, әрі тырысады.

Деңгейлік тапсырмалар дегеніміз – балаға шамадан тыс жүктеме беру емес, керісінше оқушының біліміне, мүмкіндігіне, сұранысы мен қабілетіне сәйкес дайындалған сатылы жұмыстар жүйесі. Деңгейлік әдістің маңыздылығы – оқушының шығармашылықпен белсенді жұмыс істеуін дамытады, әр оқушыны өздігінен үйренуге баулиды, тақырыптарды жүйелі игеруге дағдыландырады, ой еңбегімен айналысуға жетелейді, яғни оқу - танымдық күзiреттілігі қалыптасады.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту бастауыш сынып оқушыларының ойын дамыта оқыту әдістерінің ең маңызды бөлімі. Деңгейлік тапсырма барысында оқушы үнемі мұғалімнің зердесінде тексеруінде болады. Сондықтан мұғалім оқушының сөйлеу, жазу, оқу нормаларының өлшемдерін жоспарлап отырады. Деңгейлік тапсырма оқушыны ізденгіш, іскер, еңбекқорлыққа тәрбиелейді. Оқыту процесінде сөйлеу-жазу, оқу, ойлауға тәуелді.

Деңгейлік тапсырмалар арқылы оқытудың:

- **Өзектілігі:** Тапсырмалар тақырыпқа қатысты мазмұнды, басты ой тұжырымды қамтиды. Әр деңгейлік тапсырмалардың ортақ өзегі, кілті басты сүйенетін тақырыбы бар.
- **Жүйелігі:** Барлық тапсырмалар логикалық байланыста болып, олар бірін – бірі толықтырып отырады, тақырыптың қоршаған ортамен байланысы ескеріледі.
- **Түсініктілігі:** Тапсырмалар пайдалануға түсінікті, қолдану мүмкіндігі кең, ықшам баланың білім деңгейіне сай, теориялық материалдардың мазмұны оқушының өздігінен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы және қызықты мазмұндалуы қажет.
- **Тиімділігі:** Оқушылар деңгейлік тапсырмаларды орындау арқылы алғашқы алған білімдерін тереңдетіп, бойындағы жеке қабілетін дамыта алады. Сонымен бірге оқушының өз бетімен жұмыс жасауына, жан – жақты дамуына игі әсер етеді.
- **Тәжірибеге жарамдылығы:** Тапсырмаларды бастауыш сынып оқушыларыда, оқытушы да алдына қойған мақсаттарына сәйкес түрлендіріп, өзгертіп қолдана алады.

Деңгейлік тапсырмалар (мысалға)

Математика

I-деңгей

Сан	1	2	3	4	5	6	7	8	9
4 ке қос									

II-деңгей

$$40+5=$$

40-5=
 30+5=
 30-5=
 20+5=
 20-5=
 10+5=
 10-5=

III-деңгей

18+2 ... 13+7
 20-13 ... 30-25
 17+8 ... 14+6
 38-20 ... 14+5
 15+5 .. 25-5
 44+6 ... 74-23

Деңгейлік оқытуда оқушылардың қабілетін дамыту барысында қолданылатын әдістер

«Баяндау әдісі», «Дамыта оқыту әдісі», «Әңгімелесу әдісі», «Жалқылау», «Жалпылау әдісі», «Проблемалық әдісі», «Көрнекілік әдісі», «Сұрақ – жауап әдісі», «Экскурсия әдісі», «Бақылау әдісі»

Сонымен, қазіргі кездегі сапалы білім беруге бағытталған деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту – оқушының ақыл-ойын дамытуға арналған теориялық әдістерді қолдана отырып, бағдар алған оқыту жүйесі. Оқушының оқу бағдарламасына сай оқытылатын оқу материалдарын белсенді, өзінің ізденімпаз күш қабілетін іске қоса отырып, меңгеруін ұйымдастыру – ақыл-ой қызметінің біртіндеп өз бетімен шешім шығаруға дағдылануын қалыптастыратын тиімді жол. Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту оқу материалдарын меңгерудің маңызды орны, оқушының алдына қойылған проблеманы дұрыс шешуге ғана емес, келесі жол сол проблеманы аз уақытта оптималдылықпен сапалы шешу жолын үйренуге жетелейтіндігінде.

Қорытынды

Деңгейлік тапсырмаларды құруға мұғалімге қойылатын талаптар:

- Мұғалім деңгейлік тапсырма құрылатын сыныптың бағдарламасын, мемлекеттік стандартты, базалық оқу жоспарын толық білуі тиіс;
- Оқушылардың басқа пәндерден алған білімдері ескеріліп, пәнаралық байланыс жүзеге асырылады;
- Тапсырмалар біртіндеп күрделене келіп, оқушының жеке тұлғалық қасиетін қалыптастыру мақсатына сай мазмұны терең, жан – жақты болғаны жөн.
- Оқушының психологиялық ерекшелігі, қабілеті білім деңгейі назарға алынған жөн.

- Деңгейлік тапсырмалар қызықты, көркемдігі жоғары, тілі түсінікті болуы қажет.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кобдикова Ж.У. Оқыту процесін технологияландыру. Алматы – 2000, 95б.
2. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. Алматы – 2005, 12 б.
3. Баймаханова С. Деңгейлеп саралап оқыту//Қазақстан мектебі журналы, 2004-№10, 63-67 бб.
4. Кемелжанова М. Деңгейлеп оқыту//Бастауыш мектеп журналы, 2005-№9, 45-46 бб.

Оқушылардың мәтінді түсініп оқу дағдысын арттырудағы белсенді оқыту іс-әрекеттері

Кульбаева Айнур Увалихановна

Төлеби ауданы, Ленгер қаласы

Ш.Уалиханов атындағы №2 жалпы орта мектебі

бастауыш сынып мұғалімі

Балаларды дұрыс, жылдам, түсініп, мәнерлеп оқуға үйрету-бастауыш білім берудегі басты міндеттердің бірі. Бұл міндеттің мәні ерекше. Өйткені оқи білу адамның ілім алу, тәрбиелену және даму процесінде үлкен рөл атқарады. Оқу арқылы күллі әлемді, соның ішінде өз ішкі әлемін де көріп, танып, біледі. Оқи білу және оған машықтану баланың тілдік және ой қызметін дамыту үшін де, оқу пәндерін игеріп, сыныптан тыс және мектептен тыс түрлі жағдаяттарда жол табу үшін де қажет. Осыған орай, әрі жылдам, әрі түсініп, әрі көркем мәнерде дұрыс оқу машығын сыныптан сыныпқа көшкен сайын жетілдіру, дамыту бағытында жүйелі де, мақсатты түрде жұмыс жүргізіп отыру керек.

Оқу-жазуға үйретудің алғашқы кездерінен бастап-ақ балалар түсініп оқитын болуы керек.

Түсініп оқуды жүзеге асыру үшін, алғашқы кезде балалар жеңіл және өздері түсінетін мәтіндерді оқиды. Мұндай мәтіндердегі сөздер балаларға таныс заттардың қимыл-әрекеттің аттары болуы керек. Ал, сөйлем құрылысы жағынан -балалардың жас ерекшеліктеріне сай болуы керек.

Тұтас мәтінді түсініп оқу үшін оның ішіндегі әрбір жеке-жеке сөзге түсініп қою жеткіліксіз. Өйткені бала жеке –жеке сөздің мағынасын түсінгенмен әңгіменің желісіне шығарманың негізгі идеясына түсінбей қалуы мүмкін.

Оқушыны түсініп оқуға төселдірудің бір жолы- алдын ала дайындық өткізу болады. Мұғалім балаларды оқылатын шығарманың ішінде кездесетін ұғымдармен және әңгіменің ішіндегі оқиғаның жағдайымен алдын ала таныстырады. Әсіресе, таныс емес шет елдер немесе тарихи деректер туралы әңгімелерді оқығанда, алдын ала әңгімелеудің маңызы өте зор. Осы кезде мәтін мазмұнына сай әр түрлі суреттер, шағын бейнежазбалар көрсету тиімді болады. Сондай –ақ көрсетілген сурет, бейнежазба бойынша бала өз пікірін әңгімелеуге, сұрақтарға өз беттерінше жауап беруге үйренеді. Осылайша оқушылар саналы түрде түсініп оқуға дайындалады.

Түсініп оқуды жүзеге асыру үшін шығарманы оқып шыққаннан кейін де біршама жұмыстар жасалу керек. Бұл жұмыс қорыту әңгіме деп аталады. Қорыту әңгімеден көзделген мақсат түрліше болады:

- қорыту әңгімеде оқылып талданған шығарма түгелінен қорытылады;
- оның ішінде оқиға, әрекеттерге баға беріледі;
- шығарманың кейіпкерлеріне балалардың қалай қарайтындығы анықталады;
- оқылған шығарманы қазіргі шындық өмірмен байланыстырады;
- шығарманың идеялық мазмұны айқындалады.

Сонымен қатар оқушылардың мәтінді түсініп оқуына ықпал ететін белсенді оқытудың бір түрі – ойын түрлері.

Осы орайда мен мәтінді түсініп оқу дағдысын қалыптастыруда өз іс-тәжірибемде қолданып жүрген бірнеше белсенді іс-әрекет түрлерін көрсеткім келеді.

1) “Әдебиет лотосы” ойыны

Ойынның мақсаты:

Мәтінді түсініп оқу арқылы мәтіндегі деректерді анықтау.

Шарты:

Бұл ойынға барлық оқушыларды қатыстырамыз. Әр оқушының қолына түрлі түсті қалам мен толтыруға арналған кесте парақшасы таратылып беріледі. Оқушылар мәтінді оқи отырып, әр түрлі түспен белгілеуі қажет. Тақырыбын-қоңыр, авторын-көк, деректерді-сары, әрекеттерді-жасыл, мәтіндегі негізгі ойды-қызыл түспен белгілеп, берілген кестені толықтырып шығып, дұрыс жауаппен тексереді. Мәтінді оқып, түспен белгілеуге 10 минут, кесте толтыруға 10 минут, дұрыс жауаппен тексеруге 5 минут беріледі.

Мәтін тақырыбы	Авторы	Деректер	Әрекеттер	Негізгі ой

2) «Түсін мені» ойыны

Мақсаты:

Мәтіндегі күрделі сөздердің мағынасын өз беттерінше түсіну және түсіндіру

Шарты:

Топтарға мәтін беріледі. Мәтінде асты сызылған сөздерді балалар өз беттерінше оқып шығып, сол сөзді бір-бірлеріне сиппаттай отырып, мағыналарын түсіндірулері керек. Оқушылар сиппаталған сөздерді табады.

3) «Бірлескен оқу»

Мақсаты:

Мәтіндегі ой бөліктерінің мазмұнын бөліп түсіндіру.

Шарты: Оқушылар үш топқа бірігеді. Берілген мәтінді үш бөлікке бөліп үш топқа ұсынамыз. Әр топ өздеріне берілген бөлімді оқып бір- бірлеріне түсіндірулері қажет.

4) «Маймылды қоректендіру» ойыны

Мақсаты:

Берілген сөздердің немесе сөйлемдердің мағынасын ашу

Шарты: Үш қатар банан жинаудан жарысады. Банандардың артына сөз, сөйлем немесе мақал-мәтелдер жазылады. Оқушылар бананда жазылған сөйлемдерді оқып, мағынасын түсіндірулері қажет. Егер дұрыс түсіндіре алса, маймылды қоректендіре алады. Түсіндіре алмаса келесі оқушы көмекке келеді. Қай қатар маймылға көп банан жинап берсе, сол қатар жеңімпаз болады.

Осы ұсынылып отырған ойындар оқушылардың түсініп оқу дағдыларын дамытып, оқуға деген қызығушылықтарын арттырды. Өз ойларын жүйелі жеткізе білуге септігін тигізді.

Оқушылардың түсініп оқу дағдысын дамытуға бағытталған тиімді әдіс-тәсілдерді, ойындарды, жаттығуларды сабақтарымда үздіксіз қолдана отырып мынадай нәтижелерге қол жеткіздім деп айта аламын:

- Сыныпта нормадан төмен оқитын оқушылар саны азайды.
- Оқушылар мәтін түрлерін ажыратуды, оларды бөліктерге бөліп, әр бөліміне ат қоюды, қойылған сұрақтарға дұрыс жауап бере алуды, оқылған мәтіндерін жүйелі түрде жеткізе алуды үйренді.

Қорытындылай келе, аталған жаттығулар оқушының оқу жылдамдығын арттырып, оқуға деген дұрыс көзқарасын қалыптастырады. Оқу процесі кезінде зейін қоюды және берілген материалды жеңіл қабылдауларына көмектеседі.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. С.Рахметова. Қазақ тілін оқыту методикасы. Алматы: Ана тілі.1991ж
2. Ш.Сәтиева. Оқушылардың оқу техникасын дамыту.
3. Р.Сыздықова, Т.Қордабаев. Оқыту методикасының негізгі мәселелері Алматы 1980.